

Талжанов
84/300/64
7/16

САҲДИЛ ТАЛЖАНОВ

ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

1



СӘЙДІЛ
ТАЛЖАНОВ

3 ТОМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

бірінші том

“Ер-Дәулет”
Астана
2007

ББК 84 (Қаз) 7-44
Т 16

Редакция алқасы:
жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері
Әбіш Кекілбай,
филология ғылымдарының докторы, профессор
Мырзатай Жолдасбеков,
жазушы, этнограф-ғалым
Ақселеу Сейдімбек,
Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология
ғылымдарының докторы, профессор
Рымғали Нұрғалиев,
ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың иегері
Қойшығара Салғараұлы.

Талжанов С.

І том. 3 томдық шығармалар жинағы.

Т 16 /Құрастыр. Е. Қажыбек -Астана: Ер-Дәулет, 2007. - 400 бет.

ISBN 9965-436-52-5

Филология ғылымдарының докторы, белгілі қаламгер, аудармашы Сәйділ Талжановтың туғанына 100 жыл толуына орай жарық көріп отырған 3 томдық шығармалар жинағының 1 томына "Ұлдай кегі" мен "Сейфулланың Сәкені" атты хикаяттары енгізілген.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

4204000000
Т -----2007
00 (05)-07

ББК 84 (Қаз) 7-44

ISBN 9965-436-52-5

© Талжанов С. 2007
© "Ер-Дәулет", 2007

С.Талжанов тәлімі

Сәйділ аға жүргенде әр адымын санап басатындай сабырлы, сөйлегенде әр сөзін ойланып айтатын салихалы, біреудің әңгімесін тыңдағанда салмақты, күлгенде еріксіз елпілдемейтін, ашу сәтінде аузынан дөрекі сөздер шыға қоймайтын, талайға жұғысты қадірі мен қасиеті бар жан еді. Онымен алпыс жасы шамасында республика Ғылым академиясының Тіл білімі институтында қызметтес болдық. Сол жылдардағы әсеріміз осындай пікірге жетелейді.

Оған дейін бұл кісінің есімі бізге, оның баласындай ұрпаққа, бейтаныс-ты. «Ана жақта» 17 жыл болғанын кейін естігенде таңдандық. «Халық жауы» мынадай болса, сол халықтың досы қандай болмақ?» дейтінбіз. Бұрын да көркем әдебиет саласында шығармашылық бағын сынап көріпті. Кеңестік кезге саясат жағынан да, көркем сөздің қызметі жағынан да әлдебір зияны, қарсылығы болмапты. Демек, қазақ әдебиетінің ғана емес, жалпы кеңес әдебиетінің дамуына ат салысуға тырысыпты.

Сөздері айқын, астарлы мағына, біреуді-біреумен жауластыру пиғылы еш байқалмайды. Көз алдымызда сондай, үлкендердің айтуына қарғанда, бұрын да сондай көрінеді.

«Бақсақ, бақа екен» демекші, бүкіл саналы ғұмыры мен талантын әдебиет пен қоғамдық қызметке арнаған, кеңес өкіметі жолында «азап вагонында» қиянаттың неше түрін бастан кешкен, қазақ үкіметінің басшысы, халқының еркесі Сәкен Сейфуллин сол өкіметтің тоталитаризмінің қанды қолына іліккенде, Сәйділ Талжановтың «халық жауы» болуы үшін оның Сәкен ағасына туыстық, жерлестік жағынан ғана жақындығының өзі жетіп жатыр екен ғой.

Туған елімен көзі тірісінде қуанышпен қауышып, таңдаған мамандығы бойынша саналы қызметін атқарып жатты. Бұған да шүкіршілік дейік. Өткен жылдардың олқылығын толтырардай еселей еңбектенді. Екі тілді еркін игергені соншалық – орыс тіліндегі көркем шығармаларды – қазақ тіліне, қазақ тіліндегі шығармаларды орыс тіліне аударды. Олардың ішінде М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов сияқты классиктердің де түпнұсқадағы туындылары бар. «Сейфулланың Сәкенін» орыс тілінде жазса, «Ұлдай кегін» қазақ тілінде

жазды. Көптеген ғылыми, шығармашылық басқосуларда өзекті ойлар айтып жүрді. Жасының егде тартқанына қарамастан, докторлық диссертациясын ойдағыдай қорғады.

Ғалым-жазушының еңбекқорлығы сырт келбетінен де аңғарылатын. Кең маңдайдағы іздер қиындығы мол өмір жолдарының куәсі болғанымен, қалам-қарудың тынымсыз қозғалысынан да елес берер еді. Алпыстың айналасында ақ қырауға беріле қоймаған қою қара шашқа қарап, бұл азаматтың оңай шағыла қоятын жаңғақ еместігіне риза боласыз. Өткір қос жанар әңгімелесушінің өңменінен өтетін жарық емес, жақсылықтың нұрын құйып тұрғандай. Бір қарағанда, қатаң көрінгенімен, күлкіге көп берілмесе де, өзіне жақын тартатын жылы шуағы жаныңызды жібітеді. Әсіресе, жұмыс арасында сәл шаршап кеткенде немесе үзіліс кезінде қысқа қайыратын әңгіме айтқанда бұған көз жетеді.

Біздің бөлімде Е.Н.Шипова дейтін ғылым кандидаты, аға ғылыми қызметкер істеді. Ленинградтан білім алған орыс қызының жүріс-тұрысы, сөз саптауы мәдениетті болатын. Салқын қанды адам. Жөнсіз қалжыңды ұната қоймайды. Қатары болған соң ба екен, Сәйділ аға оған жеңіл әзіл тастай сөйлеуші еді.

Бірде ағамыз:

– Меніңше, әйелдер ер адамдарға жақсы көріну үшін әдеміленіп жүреді, – деді.

Біз күлдік те, сұрақ қойылған әйелге, неге екені белгісіз, жалт қарадық. Ол бір сәтте бетіне қан жүгіріп, сәл ыңғайсызданып қалды.

– Сіз мені дұрыс түсініңіз, тура сізге қаратып айтып отырғаным жоқ, – деп Сәкең түзету енгізді.

– Кімге қаратып айтсаңыз да, әйтеуір, әйел затын жағымпаз дегіңіз келеді-ау, шамасы. Мен, әрине, ыңғайсызданамын.

– Әлі түсініңкіремей отырсыз..., – деп еді, ғалым әйел аса бір шыдамдылықпен, сәл езу тарта отырып, сөзін әдемі жалғастырды:

– Сұлу таранып жүрген жігіттерді қыздарға жағымпазданғандар десем, өкпелейтін сияқтысыз...

– Қалай болғанда да, қыздар мен келіншектердің айнаға қарап, сыланып, сипаланулары көбірек...

– Солай-ақ болсын. Біздің институтта қанша әдемі қыз-келіншектер бар. Олардың басым көпшілігі тұрмыс құрып отыр, балалы-шағалы әйелдер кімге жақсы көрінуге тырысуы

мүмкін? Ал, айналамызда өздері сұлу, әрі иістері де тартымды нәзік жанды адамдардың жүргені жаман ба?

Мұндайда жеңілгенін мойындап, езу тартып, құшырлана темекісін сорып отырғаны өзіне жарасушы еді. Қайткенмен оппонентін жеңуді, одан асып түсуді мақсат етпеген тәрізді.

Біреудің жақсылығын айтқанда Сәйділ аға барынша беріле және шешен сөйлейтін. 1967 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті болып қырық жастағы геолог Шаһмардан Есенов тағайындалды. Дәстүр бойынша жаңа президент Ғылым академиясының барлық институттары мен бөлімшелерін аралап, танысты. Тіл білімі институтына келіп кеткеннен кейін үлкеннің де, кішінің де әңгімесі жаңа президент туралы болды. Сондағы Сәйділ Омарұлының эмоциялық сөзі бәрімізді желпілтіп тастаған еді.

– Сендер Шаһмарданның келбетіне назар аудардыңдар ма? – деп айнала қарап алды да, жауабын өзі берді. – Бұл жігіттің өзі бар ғой – қазақта сирек құбылыс па деймін. Анау бұйра шаш, анау кең маңдай, анау екі жігітті көтеретіндей иық, анау бой – осының бәрі бір ұлы адамды еске салып тұрған жоқ па?

Бұл да сұрақ сияқты көрінген соң, арамызда бір жас жігіт: – Қаныш Сәтбаевқа қалай ұқсайды?! – дегені.

Шамасы, Сәйдағаның ойынан шыққан болуы керек:

– Міне, міне, – деп балаша қуанып кетті. – Осы геолог дегендеріңіз бір-біріне ұқсас келе береді-ау деймін, Абдулаев Айтмұхамед дейтін танылып келе жатқан талантты геолог та Қаныш ағамыздан аумайды.

– Жақсы, – деді Сәкен, – ұқсай берсінші, менің айтайын деп отырғаным басқа, – деді де, ойға кетті.

– Айтыңызшы, қызығы сол шығар, – дедік жарыса.

– Әрине, қызық. Қызық болмағанда... қалай деп ойлайсың? 17 жастағы жап-жас жігітке сол кездегі Қазақ кен-металлургия институтының геология факультетіне түсуге данышпан Қанекеннің өзі ақыл беріпті. Ал ол институтты 1949 жылы бітіргенде, Жезқазған геологиялық барлау партиясына қызметке баруына Қаныш Имантайұлы тағы ақыл қосыпты.

– Және, – дейді қолын жоғары шошайтып, – бірден бастық етіп жібермей, сол партияның барлық қызмет баспалдақтарынан өтіп, бас инженерге дейін өседі. Одан соң бірден Геология министрі болмай тұрып, оның алдында министрдің орынбасары қызметін атқарды. Бұл – геологияны практикалық жағынан да, ғылыми тұрғыдан да бес саусағындай игерді деген сөз. Міне, лайықты кадрды осылай даярлап,

кадрдың өзі де осындай жолдардан өтуге тиіс. Нағыз маман сонда танылады. Мен талантты тани білудегі Қанекеңнің тәжірибесіне қайран қаламын, – деп отырушы еді.

Сәкеңнің бір әдеті – қандай да бір кемшілікті байқап қалса, сол сәтінде жөнделуін қалайды. 1967 жылы болу керек, Бас поштаның қасындағы Қазақ мемлекеттік университетінің бас ғимаратында үлкен мәжіліс залы толған адам жиналып, басқосу болып жатты. Орыс тілі кафедрасының меңгерушісі Х.Махмудов өзіне тән шешендікпен сөйлеп тұрған. Күтпеген жерден реплика естілді:

– Жаңағы бір сөзді орыстардың біразы қате айтуы мүмкін, Хайролла, сен қалайша қателестің?

Көпшілік алдында әрдайым еркін сөйлейтін Хайролла Хабиболлаұлы кілт тоқтай қалды да:

– Жолдастар, залда орыс тілін жетік білетін Талжанов отыр. Сәйділ Омарұлының ескертпесі үшін рахметімді айта отырып, қателігімді қайталамауға сендіремін, – деп, сөзін жалғастырып кетті.

Біздің түсінігімізде бұл, біріншіден, білгірліктің, екіншіден, турашылдықтың көрінісі еді.

Сәйділ ағаның адами болмысынан аздаған елес бергеннен кейін, оның шығармашылығына қатысты қысқа да болса ой бөлісудің артықшылығы бола қоймас.

Алғаш сүрлеу салу, классик аталу әркімнің пешенесіне жазыла бермесе керек. Ұлы адамдарды ғасыр тудырады, асқақ тұлғаларды тарих өмір сахнасына шығарады. Оларды мақтан тұту, мадақтау – қашанғы салтымыз. Десек те, көркем әдебиет сияқты халықтың рухани қазынасының ту ұстаушыларының қалың ортасында жүрген, бойындағы бар білімімен күш-жігерін, таланты мен қайратын осы игілікті істі дамытуға арнаған жандарды да елеусіз қалдырудың еш қисыны жоқ. Бұл санатта Сәйділ Омарұлы Талжановтың есімі аса бір ілтипатпен ауызға алынуға тиіс.

Сәкеңнің көп қырлы талантын сөз еткенде, бірінші кезекте аударма проблемасы тұруы заңды. Әрине, аударма шаруашылығының да сан-салалы екені белгілі. Бұл кісі сол мәселелердің барлығына араласты.

Сәйділ Омарұлының аудармашылық өнерінен біраз жайды аңғаруға болады. Біріншіден, ол – қазақ және орыс тілдерін еркін меңгерген білгір: жастайынын зерек өскен ол бұл екі тілді еш уақытта бір-бірінен бөліп қараған емес, екеуін де екі ананың ақ сүтіндей қадірлеп, қастерлеп, ынтыға үйренумен

болды. Екіншіден, аудармашы өте талғампаз; кезеңдік, дәуірлік мәні бар, көркемдік, тәрбиелік қуаты мол классикалық дүниелерді туған халқына тезірек жеткізуге тырысады. Мұның өзі, бір жағынан, оның патриоттық сезімінен туындап жатса; мұндай құбылысты, екінші жағынан, уақыттың күн тәртібіне қойып отырған талабымен санасу деп ойлаған жөн. Шынында, Ф.М.Достоевский тәрізді әдебиет әлеміндегі алыптың туындыларын (мәселен, «Бейшаралар» повесінің қазақ тіліндегі бірінші басылымы) тәржімелеудің маңызы өзінен-өзі түсінікті болса керек. Ұлы Шоқанның досы – қазақ халқының да шынайы досы. Оның ар жағында, әлеми беделге ие болған мұндай сөз зергерлерінің шығармаларын өз халқының да рухани байлығы етіп таныту ісі тек қана ризашылық сезімін тудыруға лайық.

Ал А.С.Пушкинге келетін болсақ (С.Талжанов ұлы ақынның таңдамалы шығармаларының қазақ тілінде тұңғыш жарық көрген үш томдығының бірінші томын аударуға қатысты), оның туындыларының сол – 30-жылдары тәржімеленуі тегін емес.

Бұлар Еуропа, орыс әдебиеттерінің үлгілері болса, «Кәлилә мен Димна» Шығыс әдебиетінің інжу-маржаны. Біздің дәуіріміздің үшінші ғасырында жазылған «Панчатантра» одан бұрын дүниеге келген әйгілі «Махабхаратаның» он екі кітабынан алынған-ды. Үнді тіліндегі «Панчатантра» кейінірек «Кәлилә мен Димна» деген атпен кеңінен тарап кетті. Домалақ жер шарындағы халықтар әдебиеттерінің ішінде мұның әсер етіп, ықпал жасамағандары кем де кем. Сол кезден бүгінге дейін ұлы эпос көптеген тілдерге аударылып, Шығыс пен Батыс елдерін түгел кезіп жүр.

Әділіне келгенде, «Кәлилә мен Димнаның» қазақшалануы С.Талжановтың жеке тәржімелік табысы ғана емес, ұлттық аударма өнерінің тарихындағы елеулі құбылыс болып табылады.

Аудармашының қабілеті барынша мол. Әңгіме мынада: аударма жасаушылардың көпшілігі, тіпті түгелге жақыны десе де болғандай, тек қана бір тілден екінші тілге тәржімелеуге икемді келеді де, керісінше аудармаға батыл бара алмайды немесе қарымы жетпей жатады. Дәлірек айтқанда, орыс тілінен қазақ тіліне аударушылар жиі кездеседі. Бұл, әрине, жақсы. Бірақ, қазақ тілінен орыс тіліне тәржімелейтін қазақ қаламгерлері аз ұшырасады және олар орыс тілінен қазақ тіліне аударма алмайды. Осы бір олқылықты толтыруға Сәкеннің

мықтап бел байлағанын аңғару қиын емес. С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуінің» аудармасы бұған дәлел болады. И.Шеголихинмен тізе қоса еңбектенуінің арқасында қазақ топырағында жазылған нақтылы дерегі мол тұңғыш шығарма орыс тілі арқылы Одаққа, одан тыс жерлерге мәшһүр болып, көпшіліктің сүйсіне оқитын көркем дүниесіне айналып отыр. Өзі жазған «Сейфулланың Сәкені» повесін де Сәйділ Омарұлы орыс тіліне өзі аударысты.

Белгілі аудармашының практикалық мол тәжірибе жинақтауы оның осы саладағы теорияның жай-жапсарымен шұғылдануына бірден-бір себепші, түрткі болғаны сөзсіз. Оның үстіне, қазақ филологиясында аударма ахуалының кешендеп сөз болғанын, бертінге дейін бұл саладағы жүйелі зерттеулердің көріне қоймағанын ескермеске болмайды. Ендеше, Сәкеннің бұл бағыттағы ізденістерін ғылым мен әдебиеттегі мұқтаждықты өтеу ниетінен туған маңызды іс деп бағалауға хақылымыз.

Әрине, сәл кешеуілдеу болса да, аударманың әр түрлі зәру мәселелері хақында қалам сілтеген мамандар болады және қазір де көп зерттеушілер еңбектенуде. Дегенмен, ондай еңбектердің мол ауқымда жазылмай, кей кездерде күнделікті қажетті өтеу мақсатында, ағымдағы шараларды жүзеге асыру барысында орындалып жататыны жасырын сыр емес. С.Талжанов болса, тәржіме жайларын өз жұмысының негізгі жоспары етіп алып, бірегей, тынымсыз, үзіліссіз зерттеді. Пікірімізді дәлелдеу үшін оның «Көркем аударма туралы» (1962), «Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері» (1975) атты монографияларын, сондай-ақ мерзімді баспасөз бен ғылыми басылымдардағы мақалаларын, талай конференциялар мен симпозиумдардағы сөздер мен баяндамаларын келтірсек жеткілікті болар. Бұл бағыттағы еңбегінің нәтижесінде 1962 жылы филология ғылымының кандидаты, он жылдан кейін – 1972 жылы филология ғылымының докторы деген ғылыми дәрежелерге ие болды.

Ғалым аударма проблемасын кең мағынадағы әдеби байланыстар тұрғысынан зерттейді. Әдеби құбылыстарды халық өмірімен, халық тіршілігімен, сол тіршілік еткен ортамен, этикалық жайлармен тығыз байланыста алып қарастырады. Көрші немесе территориялық жағынан қашық болса да, экономикалық, мәдени қарым-қатынастарда болған халықтардың арасындағы ауыс-түйістердің нәтижесінен әдеби байланыс мәселелерін сабақтап шығарып отырады. Жалпыға түсінікті осындай бірауызды принципті басшылыққа ала

отырып, көркем әдебиеттегі ұқсас ситуацияларға сақтықпен қарау қажеттігін ескертуі орынды.

Ауыз әдебиетінің осындай әрі шағын, әрі тез түсінуге икемді, әрі тағлымы зор түрінің тарихына шолу жасау арқылы ғалым ондағы аудармаға жатпайтын ұқсас жайлар мен аударма болатын тұстарын ашып, ажыратады. Мәселен, бақа мен өгіз жайлы мысал біздің дәуірімізге дейін өмір сүрген Эзоп пен Аристофанның, I ғасырдағы Федр мен II ғасырдағы Бабрийдың шығармаларында, III ғасырдағы «Калилә мен Димнада», XIII ғасырдағы Сағди мен XIX ғасырдағы И.А.Крыловтың шығармашылығында кездеседі. Сөйтіп, «біздің Абайға, Көбеев пен Өтетілеуовке жеткенше талай заман өтіп, талай теперішті көріп келген мысалдар неше алуан саққа жүгіріп, жонылып-жөнделіп, екшеліп, талай кералаң дәуірлердің дәмін татқан тәрізді, – дейді де, одан әрі С.Талжанов былай деп жазады. – Осы арада біз тарихи хронологияны айтып отырмыз. Алайда, осы тұлғалар бәрін түгел бірінен-бірі алып пайдаланды деуден аулақпыз». Әңгіме Абайға дейін саналғандар хақында болып отыр, өйткені алдыңғылардың талайларында ұшырасатын мысалдарды зерттеуші аудармадан тыс мысалдар, тек ұқсастықтары бар дүниелер деп қарайды. Осы мысал арқылы айтар түйіннің барлық шығармаларда да бір болғанымен, олардың оқиғаларында аз да болса айырмашылықтардың бой көрсетуі және бір ел ішінде әр нұсқа түрінде жайылуы емес, әр елде таралауы ғалымның, әлгіндей бір-бірінен алынған шығармалары емес, ой ұқсастығынан туған, таным-сенімнің кейбір сәйкес жақтарын аңғартатын бір-бірінен өзге шығармалар деуіне мүмкіндік береді.

Ауыз әдебиетінің үлгілері ғана емес, жазба әдебиет туындыларының басқа ел әдебиетіне, кейінгі сөз шеберлеріне игі әсері туралы ойланғанда да, зерттеуші осы басты кредосын-ұқсастықтың бәрін ауысып келген белгілер деп талғамсыз қабылдай бермеу керек деген тұжырым ұсынып, әділетке шақырады. Кейбір сыншылар Н.В.Гоголь стилінің қазақ жазушыларына ықпалын сөз ете отырып бірталай ғибраты мол ойланарлық жайларды әдебиетшілердің назарына салып отырды. Әйтсе де, ұлттық ерекшеліктерді ескермеуден, әйтеуір, салыстыруға келетін жай болса, әсер деп насихаттау тәсілі де орын алып жүрді. Айталық, қайсыбір әдебиетшілердің ойынша, «Ботагөздегі» Итбай мен атаман Шайтанов, «Теміртастағы» Қасқырбай, Түлкібай, «Өмір мен өлімдегі» Сойдақтіс, тағы осы сияқты жағымсыз есімдер – Гогольдің үлгісінде алынған

кісі аттары. Әрине ұлы сатириктің қазақ әдебиетіне пайдалы әсерін жоққа шығару шындықпен мүлде кереғар болар еді. Мұны С.Талжанов та қолдайды, бірақ ол – Сәбиттің Итбайы С.Көбеевтің «Қалың малынан» алынуы мүмкін деген жорамал айтады. Тағы бір кейіпкер жөнінде Сәйділ Омарұлы былай дейді: «Ұқсағанның бәрі «шеттен» келген бұралқы нәрсе болмауы кәдік. Өмір ұқсастығынан шығуы мүмкін. Ал атаман Шайтанов – болған кісі. Ол бұдан («Ботагөз» романын айтады. М.С.) әлдеқайда бұрын жарияланған Сәкеннің «Тар жол тайғақ кешу» романында бар. Ендеше С.Мұқанов болған кісінің өзін алуы ықтимал». Енді бір әдебиетшінің М.Ақынжановтың «Ыбырай Алтынсарин» пьесасындағы Берікболмен Серікболдан Гогольдің Бобчинскийі мен Добчинскийін көріп, солардың әсері болуы керек деген ойына қарсы С.Талжановтың пікірі нанымды көріне береді: «...Мұндай ұсақ-түйек, некен-саяқ дүниені үзіп-жұлып ала бермей, тереңірек зерттеу қажет тәрізді. Егер осы бетпен тартсақ онда баяғы «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырындағы Қарабай мен Сарыбайды да, ескі фольклорда ұшырайтын Бекбикелер мен Токбикелерді ұқсатуымызға болады. Бұлар жырланған заманда Гоголь дүниеге келмеген де болатын».

С.Талжановтың зерттеуші ретіндегі бір ұтымды қасиеті – сөз етіп отырған мәселесін әр қырынан қозғауы. Айталық, осылайша, Н.В.Гоголь мен қазақ жазушылары жайлы салихалы ой айтып отырып, туған әдебиетімізге басқа классиктердің әсерін де әсте кемітпейді, қайта, бұл мәселеде терендей түседі. Б.Майлинге А.П.Чехов әсерін жекелеген әңгіме, повестерді талдау барысында көз жеткізіп отырса, Ғ.Мүсірепов шығармасының белгілі белесі болып қалған ана туралы шығармалар топтамасын жазуда ұлы Горкийдің әсерін жеріне жеткізе дәлелдейді. «Ғабитте арқалаған жүк көп, – деп жазады С.Талжанов. – Онда көп автордың әсері бар. Биязы әзіл-сықақ, ащы мысқыл, келемеж-кекесінге қазақ жазушыларынан Ғабит алдына жан салмайды». Мұны ол тәуекелмен айтып отырған жоқ: тілге тиек еткен дәлелдері, шүбәландырмай бас шұғытатын шығармалар тізімі мол, оларды салыстыра талдауы көңілге қонады.

Қазақ әдебиетіндегі Гоголь әсері дегенде, ғалым біреу жазушының туындыларын талдаумен тынбайды және бір жақсысы сол – көбінесе ондай әсерді классикалық шығармалардың табиғатынан тауып отырады. Мәселен, М.Әуезовтің кезінде өзіне үлкен әсер еткен жазушы И.С.Тургенев екенін өз аузымен, өз қолымен жазғаны мәлім. Әрине, М.Әуезов

сықылды ұлы жазушының әйгілі туындылары бір ғана тұлғаның ықпалымен дүниеге келді деу ақылға оншалықты сыйымды бола қоймас. Сондықтан оның шығармаларының сюжеті мен композициясынан, сөз кестесінен Гогольдің әсерін көрсететін сенімді мысалдар келтіруі тағы қисынды.

Кәнігі аудармашының көзіне шалынбаған мәселе жоқ десе де болады. А.С.Пушкиннің афоризмін сәл өзгертіп айтсақ, «мәдениетті бір елдің екінші елге тасымалдап жеткізетін почтасы» аталатын аударманың үлкен маңызына тоқталғанда да, Сәкең ойлы, зерделі сөзбен ақылға қонымды ете сөйлейді.

Көркем әдебиеттің аудармасы жайында сыр шерткенде, ана тілінің байлығы жайындағы, әсіресе, ана тілі мен басқа туыс немесе көрші тілдердің қарым-қатынастары жайындағы ой-топшылаудың белең беріп отыруы ешбір артықшылық етпегені былай тұрсын, тіпті керек те. Қазіргі аудармашыға қойылатын міндет пен талап қай кездегіден де жауапты әрі ауыр болса да, ол, әсіресе оның /аудармашының/ ой-өрісіне, біліміне тікелей қатысты. Бүгінгі күн деңгейінен қарағанда, тілдің байлығын толық меңгермеген, тілдің тарихынан бейхабар аудармашы өзінің құрметті атына толық сай емес деп есептеледі. Керісінше, әдебиеттің тарихы мен теориясын білумен бірге, тілдегі ауыс-түйісті де саралай алатын, тіліміздің бауы жолында басқа тілдердің игі әсері болып отырғанын пайымдай алатын аудармашы жоғары мәдениетімен көзге түседі және ісі де жемісті болары даусыз. Бұл мәселе де аудармашы-ғалымдардың ішінде С.Талжановтың еңбектерін оқу үстінде ойға оралады. Тегінде, Сәкең осыған қатысты жағдайларды сөз ету арқылы өзінің тағы бір қырын танытады. Айтқалы отырғанымыз – С.Талжановтың тілге тікелей қатысты ойлары.

Тіл тарихының беделді маманы болмаса да, ғалымның қазақ тілі мен шығыс тілдерінің қарым-қатынастары турасындағы болжамдары қызғылықты. Академиктер В.Радлов, А.Н.Самойлович, Ф.Е.Корш, В.В.Бартольд, КСРО Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі С.Е.Малов, сондай-ақ қазіргі шет елдік және отандас түркологтардың еңбектеріне сүйеніп, соғдиян /иран/, монғол, араб тілдерінің ана тілімізге еніп, бұл күнде сіңісіп кеткен талай сөздерінің тізімін жасап, этимологиялық талдауға алады. Автор көп жағдайда өзіндік толғамдарын білдіріп отырады.

Сәйділ Талжанов – көрнекті ғалым болумен бірге, бірнеше прозалық шығармалар жазып, көркем әдебиеттің дамуына өз мүмкіндігінше үлес қосуды мақсат еткен жазушы.

Прозаик С.Талжановтың қай туындысын алсаңыз да, жақсылықты үлгі ету, жамандық атаулыдан жиіркендіру тәрізді сезімге баулитынын байқау қиын емес. Әрине, барша жазушы аты бар қаламгерлердің қай-қайсысының да мұраты осы екені шүбәсыз. С.Талжанов болса, өзіндік оқиға, өзіндік шешімімен тартып отырады. Оның шығармаларының басым көпшілігі елеулі, салихалы ой тастарлық өмір құбылыстарына құрылған.

«Сейфулланың Сәкенінде» қазақ совет әдебиетінің негізін қалаған, революционер, мемлекет қайраткері дәрежесіне жеткен абзал адамның ұлағатты өмір жолының жанға жағымды әсер берер белгісінен хабардар қылады. Шығарманың «бірінші кітаптың соңы» деген сөздермен аяқталуына қарағанда, автордың алдына үлкен жоспар қойғаны аңғарылады.

Шығарма Сәкен Сейфуллиннің ұзақ үзілістен кейін сүйікті халқы мен оқырмандарына қайта оралған кезімен шамалас жарық көрді. Сондықтан әуелі автордың өзінің сүйкімді жазушысын ғана емес, елінің адал ұлының асыл бейнесін жасауға асығыс құмартқанын тек қана құптауға тиістіміз. Осы асығыстықтың ізі болу керек, композициялық жағынан, кей тұстарда шашыраңқы, шұбалаңқы соғып жататын, кейде басы артық кейіпкерлер араласып жүретін жайттар кездеседі. Ең бастысы сол – повесте туған халқының сәулетті болашағы үшін жаулармен бітіспес күреске дайын азаматтың толыққанды бейнесі сомдалған.

«Сейфулланың Сәкенінен» жаңа заманды орнату жолындағы болашақ күрескерді көрсек, басқа шығармаларында Сәйділі Омарұлы С.Сейфуллиннің бейнесін басқа қырларынан суреттеп, оның жан-жақты сом бейнесін мүсіндеуді мақсат еткен тәрізді. Мәселен, «Ұлдай кегі» повесінің идеясы басқа бола тұра, онда да Сәкен кірістірілген. Мұндағы Сәкен – күрескер. Демек, мұнда біршама әзірліктен өтіп, абыройы мен азабы көп іске қатынасып та қалған. Бірақ, ол – әңгіме тыңдаушы ретінде, бөгде адам түрінде көрініп отырады; өзінің Сәкен екенін жасырады; оны қолдаушы күш әзір азшылық, солай болғандықтан жаулардың қолына түспей, аз уақыт тасада жүр, сырт бейнесі де жұпыны. Ал «Есен толғауларында» бүкіл өмірі мен талантын кеңестік дәуірді жырлауға арнаған, жаңа заман әкелген табыстарды шабыттана жырға қосқан ақынды естелік түрінде бейнелейді. Мұнда да Сәкен тұлғасы көз алдыңызға елестейді. Міне, көркем туындыларының көпшілігінде жазушы С.Талжанов Сәкентануға өз әл-қадірінше бірталай үлес қосты деп айта аламыз.

Ғылыми еңбектерінде сын-сықақ шығармаларды көбірек зерттеу объектісі етіп отыратын С.Талжанов өзінің шығармашылығында да кейбір кемшіліктерді әжуамен өткір шенейді. «Қайып толғаулары» деген атпен топталған әңгімелері – осының нақты мысалы. Белгілі халық ақыны Қайып Айнабековтің шешендік, тапқырлық талантынан туып, ел арасына кең тараған, келте қайырылып, қысқа түйінделіп отыратын әдеби дүниелерін әдеби өңдеуден өткізіп, қалың оқырманның назарына ұсынғаны білініп тұр.

Сол шағын әңгімелерде езу тарттырарлық юмор мен ашу-ызаны келтірерлік сатира аз кездеспейді. Осы топтамадағы «Түсте» діни әдетті сынайды. Бұл – біреуге ақыл беру ыңғайында емес, көлденең күлкілі әңгіме ретінде баяндалады, сонысымен тартымды. «Бас балгерде» тапқырлығымен қарсыласын сөзден жыққан қарапайым шаруаның кейпі бейнеленеді; мұнда да күлмеске шараңыз қалмайды. Осылайша Сәкеңнің сатиралық қабілетін танытатын шығармалары тізіле береді. Бірақ, прозаик С.Талжановтың бүкіл шығармасына тән ортақ жай – жеңіл мысқылдан гөрі, оқырманын ойға қалдыратын, толғандыратын салмақты сатира, салихалы ой тастау деп білеміз.

Бұл ретте «Ұлдай кегі» аталмай тұрмайды. «Ұлдай кегі» – жазушы өмірінің соңғы жылдарында жарық көрген көлемді туындысы. Тақырыбы біршама тарих қойнауына бойлап, революцияға дейінгі қазақ әйелдерінің теңсіздігі мәселесін көтеру болып табылады. Автор әдебиетімізде бұрыннан белгілі соқпақты қайталамайды, яғни жас қыз бен жігіттің бір-біріне ынтықтығын, армандарын жүзеге асыра алмай, ішқұса болған күйлерін бейнелеуді басты мақсатына алмайды. Әрине, Ұлдай да өзінің сүйгеніне, өз теңіне тұрмысқа шыққысы келеді, бірақ жазушының оқырманға айтайын деп отырғаны ол емес. Жазушының айтпағы – сондай бас бостандығы жоқ заманның өзінде, тіпті жүрек қалауынсыз, өзі ұнатпаған кәріге тигеннің өзінде, өзінің намысын, өзінің өр қасиетін сақтай білетін қазақ қызының романтикалық, асқақ бейнесін алға тарту арқылы оқырманға ой тастау. Біздіңше автордың алға қойған ниеті орындалған.

Повестің бас жағындағы Балатай қарияның әңгімесіне құлақ түрсек, Ұлдай – талай жігіттің көзін сүріндірген сұлу да ақылды қыз болып өсіпті. Кейін – байдың тоқалы атанса да, еті тірі, ойындағысын бүкпесіз жеткізетін, ашық, өткір әйел болғанын көреміз. Осы екі аралықтағы талай қайғылы да, күлкілі де жайларға қанық боламыз. Шығарманың соңында

Ұлдайдың бір ауыз сөзіне бола, оның келінінің күтпеген жерден сойылға жығылып, қан тамған қылыштан қаза болғанына ішіңіз удай ашиды. Осы бір детальды автор дәуірдің опасыздығын, әділетсіздігін жанға батыра сездіру үшін әдейі алған болуы керек.

Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпаны» мен С.Талжановтың «Ұлдайының» үндес келіп жатқанын айта кеткен артық болмас. Әрине, Ұлпан мен Ұлдай бір-бірінен өзгеше адамдар ретінде қабылданады: екіншісінің суреттелуі жағынан да, бейнесінің сомдалу ауқымы жағынан да біріншімен /Ұлпанмен/ тең тұра алмайтыны хақ, сөйте тұра жалпы идея жағынан жақындас екені рас. «Ұлдай кегі» – С.Талжанов шығармасындағы көлемді, ысылып қалған шебердің талантынан туған көркем дүние.

С.Талжановтың қаламынан туған бірталай шағын әңгіме баршылық. «Гәп адамда...» атты әңгімесін оқығанда, арамызда әлі де болса қарапайым жандардың өтініш, тілегін жүре тыңдайтындардың бар екеніне сенесіз. Тұрмыстағы, үй ішіндік тіршіліктегі өзара тілтабыса алмаушылықтың кесірінен от басының берекесі қашатын көңілсіз көріністерді де / «Қайырлы кеш»/ күлдіре отырып, түйрей жазады. Өз ісіне мығым, дәрежесін аспандатып тұрған атақтары болмаса да, тапсырылған міндеттерін абыроймен орындап жүретін адамдардың кейбір атақ-дәрежесі бар адамдардан да зор беделге лайық бола алатындарын «Әрине, үндемеген артық» деген әңгімесінде келісті суреттейді. Мұнда да, автор салыстыру әдісін ұтымды пайдаланады: соның нәтижесінде ілтипатындағы қаһармандардың бейнелері тұлғалана түседі. Сөйтіп, Сәкеңнің көркем проза саласында оқырмандардың кәдесіне жарарлық біраз дүние қалдырғанын көреміз.

Қолыңыздағы жинаққа эссеист, публицист С.Талжановтың туындылары енгізіліп отыр. Эссеист С.Талжановтың бір ерекшелігі – қайсібір қаламгерлердей, басты арқау етіп алған жазушы немесе өнер қайраткерін жеке-дара қарастырмай, оның өмір материалдары мен шығармаларын ғана тізбей, сол қайраткердің өскен ортасын, ізденіс жолын, өсу барысындағы даралық белгілерін табиғи байланыста баяндайды. Туған әдебиетімізді талай көркем шығармаларымен байытып, мәдениет саласында көптің ілтипатына бөленген жазушылар мен өнер тарландары І.Жансүгіров, М.Әуезов, Ғ.Мұстафин, Ғ.Мүсірепов, С.Бегалин, А.Жұбанов т.с.с. туралы естеліктері мен эсселері осыған дәлел болып табылады.

Күнделікті газеттер мен журналдардың беттеріндегі сан алуан мәселелерді көтерген мақалаларынан, очерктері мен қолжазбаларынан Сәйділ Омарұлының публицистік талантын да аңғару қиын емес. Айталық, жазушылар бригадасының Қарағандыға сапары немесе Теміртау металлургияларының еңбектегі ерліктері мен тұрмысы, жаңарған Жаңаарқа еңбеккерлері жайлы жазғандары осы тұрғыдан бағалануға тиіс. Ал ана атты қасиетті жандарды дәріптейтін, оларға деген асқак сезімді насихаттайтын туындысы осы саладағы еңбектерінің ішінде үлкен шабыттан туған шығарма ретінде әсер береді.

Мерзімді баспасөзде шыққан шағын дүниелерінің бәрінде де автор кеңестік дәуір әперген табысты, адамдардың шатшадыман тіршілігін зор дауыспен, кеудесін мақтаныш кере белсене насихаттаушылардың бірі болды. Ендеше, С.Талжанов архив қазынасын ғана ақтарып, тыныш өмір аңсаған кеңсе ғалымы емес, таса жерден орын тауып, тек дайын шығарманы аударумен ғана айналысқан тәржімеші емес, осылардың бәрін атқара жүріп, республика өмірімен араласа білген, замана ағысын ойлы көзбен бағалай алатын, жай ғана сырттай байқау емес, көңілге түйгендерін көркем шығарма түрінде қағазға түсіре жүретін жазушы да еді ғой.

Бұл жинақты құрастырудағы басты мақсаттың бірі әр кез әр түрлі басылымдарда жарияланып, бірақ жеке кітап түрінде жарық көрмеген материалдардың басын біріктіру болғандықтан, Сәйділ Омарұлының ғылыми мұрасынан да бірлі-жарым еңбектер енгізілді. Мәселен, көне дәуір ақындары жөніндегі, Шортанбай, Ф.М. Достоевский туралы, аудармаға қатысты мақалалары, рецензияларында ғалымның құнды-құнды пікірлері бой көтереді.

Осындай қысқаша шолудың өзі ғана көркем әдебиет пен ғылым саласында С.Талжановтың аз уақыттың ішінде ауыз толтырып айтуға тұрарлық бірталай тындырымды іс атқарғанын көрсетеді. Сәкең жасының егде тартып қалғанына қарамастан, еңбектен бас тартуды білмейтін еді. Қайта, ілгеріде айтылған бар салада енді-енді шыңдалып, әсіресе, ғалым ретінде кең аудиторияға, одақтық көлемге таныла бастаған шағында дүние салды.

Өмірге құштар жан еді ол. Алдында тау-тау арман болатын. Сол арманның алға жетелегені де сөзсіз. Өзінің айтуына қарағанда да, талай істер әлі алда еді...

Қайсар ғалым, қажырлы жазушының өзінен кейін қалдырған мұрасы да талай уақыт тілге тиек етіп, талайға үлгі тұтуға жарарлық.

Жазушының үш томдық жинағы мынадай ретпен ұсынылмақ:

I том. Повестер. Ұлдай кегі. Сейфолланың Сәкені.

II том. Аудармалар туралы зерттеулер. Кәлила мен Димна.

III том. Очерктер. Мақалалар.

Мырзатай СЕРГАЛИЕВ,
Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым
академиясының академигі 1979, 2007.

БІРІНШІ БӨЛІМ

Ұлдай

кегі

ХИКАЯТ

ЖАЛҒЫЗ ЖАЯУ

(Балатай әңгімесі)

1

Баянның батыс жағында, Сарыадыр шоқысының түбінде төрт үй отыр. Осы шағын ауылдың ортасында алты қанат еңселі киіз үй – Балатай үйі. Кіші бесін әлетінде әлгі үлкен үйге қарап жалғыз жаяу беттеп келе жатыр.

Қыстаудан жаңа ғана жылжып қонған кез. Көктемгі қара қатқақ, өкпек жел солтүстіктен соғып тұр. Бұл 1919 жылғы көктем – кәдімгі арқаға мәлім “жылқының” жұты.

Жапан түзде жалғыздық пен жаяулықтың зарын шеккен жан аяғын мамырлай басады. Үдере жүріп, табаны тиген, алыстан ноқаттай болып көрінген жаяу жақындаған сайын зорая берді. Таяғына сүйеніп ілбіп келеді, ауылға да келіп қалды.

Киімі жаманға ит өш – қылыш құйрық бөрте қаншық домалана қарсы жүгіріп, шабалана үрді. Мына қаншықтың шәуілдеген дауысынан жалғыз жаяу елең етіп, сәл қымсынды. Ауызын кіжіне қисайтып, ернін тістеп таяғын кезеді. Ашуланып айбат шеккенде қара ала көзі шатынап, әлсіз дене шиыршық атты, шымырлана түсті. Кезерген ерніне де, сұрқай бет-ауызына да қан жүгірді. Ұзын мұрты тікірейіп кетті, өзгеше бір өң кірді.

Қажырлы жігіт ата жауына қан майданда кезіккендей сезінді. Мына қанден қаншық Колчактың тіміскер, шәуілдек солдатты тәрізді. Кібіртіктемей, тайсалмай ұмтыла басты. Сертті кезеңде душарласқан жауы бөрте қаншық енді қыңсылай дыбыс шығарды, құйрығын ішіне тығып, қаша ұрыспақ болды, кейіншектеп, төрт тағандап шабаланды.

Есік серпіліп ашылды, қара шапан жамылған ақсұр қыз сылаң етіп үйден шыға келді. Иесін арқаланған қанден өршелене шәуілдеді, құлазыған тым-тырыс төңіректі бір сәтте басына көтерді, жан кіргізді, “күшім, күшім” деп қыз дыбыс бергенде құйрығын бұландатып, басын қисандатып, қара тұмсығын жоғары көтеріп еркелей жаутаңдады. Үріп өз міндетін атқарған қаншықтың енді жаяу жігітте бұйымтайы болмады, иесінің аяғына орала берді.

Қиырдан келген “құдайы мейман” үйге кіргенде әдеппен сәлем берді, төрге шығуға қорынып, оттың басына отыра кетті.

Үстінде қырық жамаулы ләнке шапан, тері шалбар, бұзау бас сірі етік, көнетоз қоңыр бешпент. Осы жұпыны киім өндірдей жас жігіттің сұрын қашырып, қайыршыға ұқсатып тұр!

– Сәлемші болсаң жоғары шық, шырағым, – деді Балатай, аса елей қоймады, ерні ғана жыбыр етті. Қонақ кәдесін істеді де, төмен қарап әлде неге шұғылдана берді.

Алты қанат қоңыр үйдің сыртынан іші әдемі. Төрдің алдына жүк жиналған, астында қызыл ала кебеже, оның үстінде тең-тең кілемдер, қызыл жағылан сандық. Оған таяу бітеу ақ шымылдық, төбесіне жағалай желбіршек салған. Артында оюлы тұс киіз, осы шымылдықтың ішінде әлгі Жәзирә бойжеткеннің болыскей ақ кереуеті, оның бергі алдында көк ала адал бақан, оған оқалы, үкілі кәмшат бөрік қыстырылған. Шағын үйдің шаршы дәулетін аңдатады, ішіндегі дүние-мүлік аяққа құйған астай.

Шидің алдында жасамыс сары қарын әйел түйенің қызғылт жүнін қылшықтай түтіп, қопсыған жерін алақанымен аялап, басып-басып қояды. Бұл Балатайдың сыралғы досы, жар қосағы Жанғаным. Әйелінің оң жағында бурыл сақалды қарт Балатай қамшы өріп отыр. Сегіз таспалы бұзау тіс дойыр қамшы өріліп бітуге таяу, сары жез оралған әдемі қызыл тобылғы дайын жатыр, заты, Балатай қарт қамшыны саптауға асығып отырған тәрізді. Шағын үйдің өзіне сай шағын кәсібі осы.

Жәзирә әке-шешесінің артына барып, кереуеттің аяқ жағына отырды да қол сандығын ақтарды. Желбегей жамылған қара барқыт шапан иығынан сусып түскенде, кереуетке сүйеулі тұрған үкілі ақ домбыраның ішегі дыңылдап дыбыс берді. Қонақ жігіт елеңдеп карағанда қыздың назары қиырдан ұшырасты. Болар-болмас жымығандай болды да қыз бетін аударып әкетті, қырындай берді. Белі қыналған қызыл барқыт камзол, көкке боялған қос желбіршегі бар меткел көйлек, екі иығына асылған қос қара жыландай ұзын екі бұрым, он алты сомдық шомбал шолпы – бәрі де біріне бірі жарасып, қосыла сұңқылдайды.

Жәзирә келген қонаққа қырындай қарады. Шырамытқандай болды. Сандықтан суырған төрт бұрышты мұқаба қағазға үңіле берді. Қолына айна ұстап отырған сияқты. Осы жаяу жігітті Сәкенге ұқсатуда. Төрт бұрышты шар айна Сәкеннің Шайбайға өткен жылы сыйлаған суреті тақыл етті.

Жүрек құбылысын сыртқы қимыл еріксіз паш етсе керек, қыздың бетінде осы ойлардың ізі жатыр. Бір мезгілде: “Кім біледі, ол емес те шығар!” деп толғанды қыз, ойы бір арнаға әлі құйылмай отыр. Көңіліне келгенін ірікпей айтатын ерке сұлудың дауысы оқыс шықты, бәрі де селт еткендей болды, біріне бірі қарасты. Алайда, әдепті аттай алмай кідірді, әдет-ғұрыптың шырмауында булықты Жәзирә.

Әңгіме тиегі ағытылмады, үйдің ішін елегзу басты, төрт адам төрт таған ойға шомды.

Балатай басын кенет көтеріп алды да бәйбішесіне аңырая қарады.

“Осы мен кімді танымай отырмын, әлден-ақ қартайып алжастым ба екен, сенің көзің жетсе, айтшы, бұл кім өзі?!” дегендей сұрақ белгісі Балатайдың бетінде сайрап тұрды, оны неше алуан ой биледі:

“Қыстан жұтап шыққан елдің бір қу аяғы болып, жер соқтырып кетпесе игі еді! Әлде кісі өлтіріп қашып жүрген

біреу ме?.. Құдайы мейманды қуалау қиын, жыланды да үйден ақ құйып шығарады”. Осындай тоғыз жолдың торабына кезігіп Балатай қарт дал болды.

Бір кезеңде күйеуін көп күдіктен құтқарғысы келген Жанғаным түтіп отырған жүнін бір қопсытты да көзін жігітке сығырайта қадады, соның артынша “қайдам” деп ернін сылп еткізді. “Осының өзі ұры болса болар, баукеспе кезептен өзге тірі жанның жаяу жүрер мезгілі емес, тіпті қиығы жоқ”, – деп топшылады Жанғаным. Осылайша толғанған сайын денесі түршікті. Балатайдың ойын дәл тапты, соның өзін де бір үлкен медет көрді бәйбіше...

“Жаза баспасам осы отырған жұпыны жігіт мына суреттегі Сәкеннің дәл өзі ғой”, – деп Жәзирә тағы түйіле қарады, бірақ ол мұнда неғып жүр, мұндай күйге ұшырауы мүмкін бе? Жігіттің сұңқары, жүйріктің тұлпары, сертінен таймайтын әділ де батыр жан десетін, әсіресе Шайбай ағамның ауызының суы құрушы еді. Заты, бұл жігіт Сәкен емес шығар, әшейін адамға адам ұқсайтын болар” – деген ұзын-сонар ойлар Жәзирәні әлдилей берді...

Жаяу жігіт өзінше толғанды:

“Қолчактың абақтысынан қашып шыққанымды, ажал ауызынан әрең құтылып, Татарканы басып Шот (Славгород) қаласына қаңғып барғанымды айтсам, Шоттан жаяу салпақтап, көктемгі көк соқтаны кешіп Кереку (Павлодар) келгенімді баяндасам қайтер еді? Қазіргі өкіметтің қарғыс таңбасы басылған қашқынмын десем мұның арты немен тынбақ?..

Мүмкін, адал жүрегімен аяп, бауырына басар, сыңсып жылар да!.. Мүмкін, ертең-ақ өкіметтің қолына қауіпті қашқынды ұстап беріп, содан алатын олжасының мөлшерін есептеп қуанар, сөйтіп, өтірік сыйлап жақсы қонақ асын да берер, кім білсін!..”

Ендеше мұндай қиын қыстауда шындықты ақтару – атылу ғой. Аңқаудан шыққан адал сөз түпке жетер. Көрнеу дұшпаннан сақтануға болады. Іш құрттай тауысатын

– бітеу жара бұқпантай ғой. Қонақ жігіт осы ойға бекінді де:

– Менің атым Дүйсенбі, ұлы аталарым Сейтен, Тайжан осы Баян тауынан шығыпты. Оларды сонау сығыр заманда Шорманның Мұсасы аттырып, айдатса керек. Сейтеннің бел баласы менің әкем қашып барып Омбыға паналапты. Ертістің жағасында Қаржас ауылы бар, мен сонда туыппын. Елу жылда ел жаңарады, ер туған жеріне барады деседі, сол дақыртқа елігіп мен де елімді іздеп келем. Мүмкін, ер емес, ез шығармын, немесе әуелден құт дарымаған, күн шалмай сор шалған атаның ұрпағы болармын, сондықтан еш нәрсеге көзім жетпейді... – деп қамыға сөйледі жаяу жігіт.

– Е, шырағым, жолың болсын, өзіміздің бала екенсің ғой, енді дем ал, барар жеріңе жеткізіп салармыз, таяқ тастам ел ғой, – деп сүйей салды Балатай. – Ернің кезеріп кетіпті, балам, сусындай алмаған екенсің ғой. Із өкшең Жасыбай көлінен шыққандай, дәл жолыңда дуанбасы Боштай ауылы отыр еді, соқпадың-ау, сірә! Мына Тоқа шоқысындағы ауыл көшіп кеткен шығар, иесіз қыстаудан не өнеді? Әй, қатын, түрегел, балама сусын жұтқыз! – деп енді ол таяна сөйледі.

– Әлгі өзіңіз айтқан Тоқа шоқысы кімнің жері, неге олай аталған? – деп кілт сұрау қойды жалғыз жаяу. Бір тостаған айранды жұтып жібергенде көзі шырадай жанды.

Көне қарт қонақ жігіттің бетіне оқыс қарады. Уыты қайтқан кәрі көздің жетім қоламтасы жарқ етіп бір көрінді де сөне қалды. Балатай тұғыжыңдап таспаларын жинастырды да етегін қақты.

Шалының жайын жақсы білетін бәйбіше түтілген жүнді шүберекке орап, іргеге қарай ысырды, еңбектей қозғалды. Екі қолымен жер тіреп шұбатыла түрегелді. Тізесі ұйып қалыпты.

– Жәзирәжан-ай, қас қарайып барады ғой, үйге от жақшы, мен қазан көтерейін, ана даладағы қой-қозыңды қотанға иірсеңші, – деді Жанғаным.

– Апа-ау, әбігерленбеңізіші, өзім де от тұтатып берген соң далаға шығып малды жайғамақпын. – Жәзирәнің дауысы жат жігітке өте жылы естілді, енді ол қызға қызыға қарады. Алғашқы көргенде желімдей жабысқан қыздың ашқарақ назары қазір солғындау екен. Елеусіз де ескерусіз, алайда оның үнінен қоңыр іңірді әлдилей тербеткен әдемі сарын есіп тұрды.

“Сұлу сымда перне әуені,
Перне әуені, жыр айтар,
Көңіл ашар тербеу әні,
Тербеу әні сыр айтар...”

Жәзирә түгіл Жанғаным дауысы да жігіттің құлағына сүйкімді тиді. Ботасына боздаған мейірімді енесінің әуеніндей үзіліп шықты. Сүйген жүрек көңгіш те сезімпаз...

Отты маздатып жағып берді де қыз далаға шығып кетті.

Балатай отқа жақындай отырды. Ошақты оттың үстіне тігіп, Жанғаным қазан асты. Жаяу жігіт жадырағандай, сонда да әлде нені ұмытқан тәрізді құлазуда. Әлде нені іздей береді. Не жетпей отырғанын өзі де түсінген жоқ.

– Дүйсенбіжан, қырықтың бірі қыдыр деуші еді, жақсы келдің. Біз жалғызілікпіз, өлмелі кемпір-шал, сүйенішіміз әлгі бала, оның өзі де аты арықтап жатқан жолаушы ғой. Жиырма-отыздай қойымыз, бір айғыр үйіріндей жылқымыз бар. Жер аяғы кеңіп, жарқырап жаз шыққанша бізге қолғанат болсаң ауырсынбаймыз. Зеріксең мына кербестіге мініп жылқыға барарсың, Баян тауын арала, – деді Балатай. Жалғыз жаяуды бауырына тарта сөйледі, әлгідегі оның әдемі ойын бұзып та жіберді, өзгеше бір әуенге беттетті.

– Балаеке, бұл қалай? Бұрын алыста жүргенде жер сауыры сұлу Баян деп естуші едім, бүгін сол Баян сүреңсіз

сұмырай көрінді. Ойда жүрген сұлу мүсін көз көргенде өзгеріп кете ме? Атақ пен аброй тек алыстан ғана әдемі көріне ме екен? Түсіне алмадым. Аты шулы дуанбасы Боштай ауылына таянғанда иттері ақтың офицеріндей арсылдап жолатпады, қорыққанымнан аялдай алмадым. Адамдары өзге түгіл өзіне де сенбейтін сұғанақ па, қалай? Жұрт мақтайтын Жасыбай көлінің суы татымал саумал тәрізді. Ішкенде сусыным қанбады, суканым сүймеді. Шығысында тұрған Ақбет тауы, ала келе жатқан эзирейіл тәрізді елестеді. Түстік жағындағы Қапар мен Жамбақы асулары қарауытып үстіңнен басатын алып қара құстай томсара төніп, тымырсықтанды. Кешкірген мезгілдің кескінсіз сиқы зәремді алды. Арканың бұлтын арда емген сұлу Баян дегенге мен енді сенер емеспін, – деді Дүйсенбі.

– Е, е, шырағым, тілің балдай, ойың удай екен, бірақ, адал жүрегіңді қаймықпай, бүкпей айтып отырсың. Ашыққан жан әдеміні, әсемді сезінбейді ғой. Әңгіме баста емес, қарында болса керек. Ораза-намаз тоқтықта демей ме? Сұлулықты сүйер сияғың жоқ. Үстіңдегі мына киім өзіңдей өндіріс жігіттің сұрқын алып, Имантаудың қайыршысына ұқсатып тұр ғой. Көктемгі сылпылдақта толарсағыңнан су кешіп жалғыз келе жаттың, жұтаған даланы көрдің, қожыраған көнтақа көтерем саулықтай мыжырайған лашықтарға кезіктің. Осының бәрі діңкелетіп, тұраң таусылған кезде Жасыбай көліне жеттің. Ендеше, бұйра шашты әдемі ақ қайыңы мен сүмбідей тіп-тік біткен қызыл қарағайдың қадірін қайдан білмексің? Өрімдей бұралып, кербез сұлудай ырғалған көк талы мен көк қалпақты сары қарағайдың сиқырлы сыбдырын ұға алармысың? Бусанған қара жердің жасаң иісі таза ауаға жұпарын бүріккенде, соның хош иісі сусынды қандыратын уыз қымыздай емес пе екен? Байқамадың-ау, қалқам, байқайтын мезгілің де емес қой, саған кінә жоқ, – деп Балатай ауыр күрсінді. Жаяу жігітті аяғандай қамыға сөйледі...

Балатай үйіне келгелі бірнеше күн өтті. Адам жылқы мінезді, жаяу жігіт көбеңсіп тез қунады. Шаршағаны басылғанда іші пыса бастады. Керген төстіктей жарау кербестіге мініп жылқының күзетіне шықты. Түннің жуан ортасында жылқыны иіріп әкеп ауылдың үстіне жусатты. Қотанның шетінде, жібектей жұмсақ көгалдың үстіне текемет төселген. Жәзирә қой күзетіп отыр. Иығында қара шапан, қолында шешен ақ домбыра, ырғалтып ән салады.

Қар басар Әуілдектің қамыстарын,
Айтады әркім көрген қасірет-зарын.
Түседі қайғылыға қара тұман.
Білмеймін оның қашан ашыларын... –

Артын соза түсіп, үзілтіп өксіп отыр. Домбыра әнмен ілесе шертіліп күңірене күйлейді. Бұл бозторғайдың шырылдауы ма, ботасын жоқтаған саулы інгеннің зарлауы ма? Алқымдасып аласұрып сүйіскен жарынан еріксіз айырылған, құмары қанбай қаңғырып қалған сорлы сұлудың күйзелуі ме? Неше алуан ой еліктіріп, шар тарапқа сүйрелей береді, осы бір сәтте кербестіні қаңтара тастап жаяу жігіт Жәзирәнің қасына келіп отырды. Кербез ән кідіре қалды.

– Домбыраң шешен екен, қарындасым, маған берші енді, шерлі дыбыстан көрі, сергек бірдемені шертіп байқайын, – деді ол.

Домбыраны алып шертіп-шертіп жіберді де майда қоңыр әнге басты, бұл татардың “Тәфтиляуі” еді:

“...Досыңмын деп ант береді
Жем іздеген жанама.
Жем таусылса жалт береді,
Сенерлік дос санама...”

Ырғалта күйлеп, соңғы екі жолын қайталап қайырды. Домбыра лепілдек көтеріңкі дыбыспен басталса да ақырғы қайырмада еңсесі түсіп күйзелгендей... Осы жұпыны жігіт домбыраға қосып өзінің жүрегіндегі мұңын шаққандай.

Бұрын бұл өңірге таралмаған ән естілді, сөзі де соны. Өмірдің ыстық-суығын кешкен, әрбір қыл көпірден өткенде достың талай оңғақ мінездерін біліп түңілген адамдар жете түсінердей ырғақ бар – ол өмір ырғағы. “Жаяу жігіттен” жанды тебірентер сөз ағытылды. Жапан түзде жалғыз ауыл ұры-өтіріктен елегізіп отыр еді. Ай сүттей жарық.

Той десе қу бас домалайды, ол кездегі думан шырқалған әнде. Сергек ұйықтайтын қарт Балатай орнынан түрегелді.

Қойдың шегіне қомақтанып жұрт жинала бастады.

– Қарақтарым, орта толсын, қымсынбай айта беріндер, біз де жас болғанбыз, – деді Балатай. Дүйсенбінің жанына келіп отырды.

– Дүйсенбіжан, мына өлеңің де, сөзің де ұнады маған, өзің шығарсаң да, үйреніп айтсаң да, заты, сен тегін адам емессің-ау!.. Сандықтың түбінде сақталып қалған жібектің қикымы боларсың!.. Түбіміз Тоқадан шықса да Сейтен, Тайжанның кім екенін естуші едік. Көгеннің жетім бұршағын ағытшы, қалқам, кеудеңде көп зар-күй жатқандай, Жәзирәм да айтарын тауысқан жоқ шығар, бітіп қалған құлағымның құлығын аршындар бүгін... – деді шал, екі аяғын ілгері созып.

“...Жарқ етпес қара көңлім не қылса да,

Аспанда ай менен күн шағылса да,

Дүниеде сенен жақсы маған жар жоқ,

Саған жар менен артық табылса да...”

– Балеке, бұл Абай сөзі ғой. Әшиін сіз келген соң айтып жатырмын, – деді де әлгі жігіт домбыраны Жәзирәға ұсынды, Жәзирә іркілместен әнге басты.

“...Мен неге ұмытайын, сәулем, сені,
Сүймеймін алыстауға бір-екі елі,
Су құйса сөнбейтұғын өрт жанғанда,
Жүрекке жанның іздеп тапқан емі”, –

деп келді де екінші бір ырғаққа тез ауыса жөнелді.

“Салмаймын салдықпенен балағымды,
Ораймын ақ торғынмен тамағымды.
Далада иттей ұлып біз отырмыз
Әлде кім ермек қып жүр қарағымды”..,

Әкесінің көзін алдап, ойын арбап отыр. Үйренгенін ғана айтатын, сөзіне мән бермейтін балаша Жәзирә әкесінің алдында іркілмей сөйлеп отыр. Жігітке де тез таяна қоймай алыстан орағытады.

Өлеңнің сөздері жігітке үлкен ой түсірді. Жәзирәнің жақсы көретін жары бар екен деп толғанды. Қыздың қулығы жігіттің емешесін құртып, қылғындыру еді. Алыстаудың жақындатуға себі тиеді. Бірақ осы бір сәтте Жәзирә да мүлде құлап кеткендей. “Сен кім болсаң ол бол, мен өз ойымдағыны сүйем, мейлің Дүйсенбі-ақ бол, мен жүрегімде тұрған аяулымды сүйем” – дегендей елжірей көз тастады. Балатай қарт еш нәрсені аңдаған жоқ. Жұрт шоғырлана берді.

Енді біраз тыңдап отырды да шал кие сөйледі:

– Дүйсенбі балам, әлі осында боласың ғой, талай күн, талай түн бар, домбыра да тартылар, өлең де айтылар, жата-жастана бәрін де естірміз. Мына кәрі-құртаң үш шал, заты біз үйге қайталық, жастар, өздерің еркін ойнап-күле беріңдер, қымсынбандар.

“Жолдастық, сұхбаттастық бір үлкен іс,
Оның қадірін жетесіз адам білмес,

Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас,
Артынан бір ауыз сөз айтып-күлмес”, –

Деп әкелерің Абай тауып айтқан болар. Орынды қылықтың бәрі жарасымды. Әй, Тоқмағамбет, Жетімек, үшеуіміз де табанды жалтыраталық. Түн ортасы ауып барады, ұйқымызды қандырып алалық, тегі, бізге сол олжа, – деп түрегелді Балатай.

Үш шал үйді-үйіне барып кіргеннен кейін әлгіде құлаққа ұрған танадай тына қалған жастар тағы дуылдаса бастады. Ұсақ балалар да даурығысып ойнап жүр.

Жаяу жігітті қалың ой қамады. “Әлде кім ермек қып жүр қарағымды” деген қыздың сөзі күдікке бөледі, шеше алмай титықтады. Жетелі қарт Балатай айтқан Абай өлеңі екінші бір үміт тудырды. Сонда да қиялай тартты, қаңтарулы тұрған кербестіге қарап:

“Мөлдір көз, алтын айдар, жібек жалым,
Бүгілген құмырысқа бел, ерке жаным,
Досыңа неге жарқын қарамайсың
Көк шыбық, алма қызыл, серке саным?” –

деп жігіт көмекті енді сырттан сұрады, шалқая түсті. Өзінің атымен сырласып отыр. Бойжеткенге бой ұрар тәрізі жоқ. Сыйына сый, сырасына бал ұсынды. Жәзирә төмен қарап қалған екен. Осы бір сәтте жігіт серпілгендей болды да домбыраны шерте отырып көлденең сүрлеуге бетін бұрды:

“Далада жазғытұры тостым желді,
Кезгек жел саулап есіп жетіп келді,
Гүл шешек көгал шөптің басын сипап,
Көркейткен киіндіріп қара жерді
Күлімдеп гүл шашақтар басын иді,
Құшақтап майда ескен жел беттен сүйді,

Қуаныш сырын айтқан ғашығымдай
Сол желдің жүрегіме лебі тиді...”

– Өніңізден сөзіңіз сұлу екен, – деді Жәзирә, күлгені ме, кекетуі ме белгісіз, кескіні жадыраңқы. Арқаның ақ аруы енді домбыра бетінде ойнақтаған он саусакқа наздана үнілді. Қарымжысын қайырғысы келді білем. Қыздың сыңайын ұғынған жігіт домбыраны өзіне ұсынды. Жәзирә әнге басты:

“Асау жел саулап жаттап кетті сарнап,
Аралап Сарыарқаны кезіп шарлап,
Ән салдым қырда отырып көкірек кернеп,
Кім білсе желдің тілін соған арнап...”

Әлгі өлеңді де, осыны да Манап – Шәміл шығарып еді ғой. Шайбай ағам жақсы көретін, сіз де жатқа біледі екенсіз, – деді Жәзирә. Жалтарар жер қалдырғысы келмеді. Сөйтіп, арбап өтті де тағы бір бөгде әнге ауысты.

Жаяу жігіт атымен сырласса, енді Жәзирәнің домбырамен сырласқысы бар:

“Көкіректе қайнаған кек оңдыра ма?
Көңілді бір орынға қондыра ма?
Түнерген кара қабақ жадырасын,
Ән салып, күй күйлейін домбыраға.
Аршадан кертіп, жонып тиек салдым,
Ызаны тарқатуға домбыра алдым,
Күңіrentіп, көтеріле қанат сермеп,
Домбырам, айтшы бәрін біздің хәлдің!...”

“Гүлбаршын” әні осылай шырқалды. Жәзирә “әннің, дауыстың ырғағына ертіп домбыраны да шырқатты... Жаздыкүні жырлаған боз торғай, жерден ұшып қалықтап, шырқап-шырқап, мың құбылып, дауысын құйқылжытып, көкке өрледі. Қалтыраған, сылдыраған дауыспен бірге

қанаттарын қағып, биік шарыққа көтерілді боз торғай. Бір уақытта төңкеріліп, ұйтқып төмен құлады. Бір мезетте шарқұрып серпілген үнмен қайыра көкке шықты.. Көкте жүріп шыркөбелек айналып, тағы мың құбылып жырлады. Бір мезгілде дөңгеленіп тұра қалды, қанаттарын қалтыратып, әдемі, зарлы сұлу дыбыспен жырды үзілтіп, түйдек-түйдек тізбектеді. Боз торғайдың жырын жер мен көк те тындады. Міне, сол бозторғайша Жәзирә да дауысын қалтыратып, неше түрлі ойнатты, әнді ұйтқытып әкеп төмен қалықтатты...” Кенет тоқтай қалды. Артықтың бәрі арзан, дер кезінде үздіктіріп, тындаушының емешесін құрытып домбыраның сұңқылын жаяулатты. Жігіт “тағы да, тағы да!” - дегендей қылғынды. Кең дүниені ұмытып кетті ол. Қыздың жыға танығанын енді сезді. Бірақ кінәсіз жанды “шетін” жағдайға куә еткісі келмеді, досын тар кезеңде сақтау ер жігіттің міндеті. Сонда да ишараттап жүректің мұңын шақпауға мұршасы келмеді. Ұйқылы-оюу кісіше домбыраны әрең алды. Ұсынған қолдың меселін қайыра алмады. Домбыра кібіртіктеп сақау сөйледі. Саусақтар да ұйып қалған. Ойнақы үн естілмеді. Әлде не уақыттан кейін жігіт үн шығарды, енді ол әнді қойып тақпақтап кетті.

“Ән мен күйге түйе де
Шаттанар хайуан десек те,
Сезбейтін оны адамды,
Салпаң, құлақ есек де!...” –

деп бір түйіп қойды. Ауызы сараң жігіттің Жәзирә әніне берген сыбағасы осымен тынды.

Қыздың әлгіде айтқан сөздеріне ашығырақ жауап беруге белін байлады:

“Жігіттің болмаса егер жан жолдасы,
Емес пе мұнды ғаріп ғазиз басы?”

Қайғысы, қасіреті кімге батар,
Сел болып ақсадағы көздің жасы?
Ешкім жоқ шер тарқатып көңіл ашар.
Жүректің күйіп-жанған дертін басар,
Мұңымды жұртқа айтпаған саған шақтым,
Жүрек – от, көңіл – дария, халім нашар!..” –

деп күмілжіді.

– Ойнасақ та бірталай жерге жетіп қалыппыз ғой. Таң да атқан екен, ағай, енді “көбейсек” қайтеді?

“Ұқпас сөзді ақпа надан?
Су тоқтай ма елекке?
Ұғар сөзді байымды адам,
Тұрмай ма су шелекте? –

деген ғой. Шығар күнмен таласып ән шырқау ыңғайсыз шығар. Әбес нәрсе әдемі емес. Жұрттың ұйқысын түнде әлдиледік, олар ән естіді... – дей бергенде, Жәзирәнің сөзін бөліп:

– Біз өлең арқылы айтылған әр алуан ойды да естідік қой, түсініскен болармыз... Жусаған жылқы өрістеп кетіпті. Мен өз жөніме барайын, – деп жігіт кербестіге мініп желе жөнелді.

3

“Ескі сөз, ежелгі аңыз қартта қалған,
Жазылып кейбір кезде хатта қалған
Бүгінгі кешегі өмір жалғасы ғой,
Елеп ал, керектерін артта қалған”.

Тал түсте ауыл адамдары Балатай үйіне жиылды. Қыдырып қымыз ішу ежелгі салт, рулы елдің әлі бөліспеген еншісі. Жетімек, Тоқмағамбет екеуі де Балатайдың қоныстас туысы, үзеңгі жолдастары. Осы үш шал қымыз ішіп отырғанда Дүйсенбі сәлем беріп кіріп келді.

“Балам, жоғары шық, жоғары шық!” – десіп жылы шырай берісті.

– Өзің, өлеңші екенсің, балам.

– Маған домбырасы ұнады.

– Бәрінен де сөзін айтсаңызшы, – деп Балатай тамсанды. Осылай әркім өз түйгенін сөйлеп біраз жадырасып алды. Іс тігіп отырған Жәзирәға Жанғаным бір қарала тостаған қымыз ұсынды. Бұл тостаған Дүйсенбіге арналған, оны осы үйдің қолды-аяқты баласы Жәзирә апарып беру керек. Айтылмай істелетін ереже бұл.

– Қарап отырғанша әңгіме болсын, – деп бастады Балатай. Мен бір шерменденің шерлі сырын шертейінші. Бұл әңгімемді мыналар біледі, қонағым, бүгін саған айтам. Ең әуелі таныстыра кетейін: осы арада отырған кәрі-кұртаң үш шал бармыз. Үшеуіміз кездессек-ақ өткенді сөз етеміз. Сүйегіміз бөлек болса да етіміз, ниетіміз бір. Мына қутыңдаған кәртәміс, сенің домбыра тартуыңды ұнатқан Тоқмағамбет баяғы төленгіт Құдайбергеннен қалған қу жалғыз. Шешесі кірме қыпшақ - балықшы Сүгірдің қызы Сәуле. Құдайберген өмір бойы Сапақ байдың жылқысын бағып өткен жан. Мен де Құдайбергеннен туыппын, бірақ, екеуіміздің әкеміз бір де, шешеміз бөлек. Мен балықшы Тоқабайдың қызы Ұлдайдан туған кенжемін. “Күндестің күлі күндес” - дейді ғой атамыз қазақ, бірақ, менің шешемді әкеміз Құдайберген алғашқы әйелі Сәуле дүние салғаннан кейін алыпты. Ендеше олар күндес таласпаған. Сондықтан біздің де арамызда ылғал жоқ. Ал, мына кісі ортамыздағы үлкеніміз, руы Нұрбай, аты шулы бай Байсақалдың қызы Ағыжандай арудан туған Жетімек. Мұның әкесі Сапақ байдың тұңғышы Қошан екен. “Менің мойнымда Жетімектің қарызы көп, тіршілігімде өтей алмаспын... Сапекең өлгеннен кейін “Тәңрі аттасқа” тиіп көрген қызығым, жалғызым сен едің. Ұмытпашы, осының алдынан шықпашы, сорлы Ағыжан жазықсыз өлгенде қырқынан шықпай бауырымда қалған Жетімегім еді”, – деп шешем Ұлдайдың күйзеліп айтқаны әлі құлағымда.

Баяғыда мыңды айдаған Байсақал Қаратауда талан-таражға ұшырапты, Құланөтпес пен Нұра бойын жайлайтын Тоқаның құты - он сегіз мың жылқы айдаған Сапақ бар малынан бір күнде айрылып құрып кетіпті. Әрине, өткеннің бәрі ұмыт. Жетім-жесір қалған біздей бейбақтардың басынан талай қара күндер кешіпті. Кеше өзің жолда көрген Тоқа шоқысы біздің алғашқы қонысымыз. Сонау бір қарбаласта жұрт аударып, кәсіп іздеп осы Баян тауын шырғалаппыз.

– Біз көбінесе Жетімекті аға деп атаймыз, ал кейде “аузы қисық болса да байдың ұлы сөйлесін!” – деген қалжыңдар да аралас жүреді. Әкесі Қошанның қызығын көрмесе де тели саламыз, – деп бір бұралқы сөзді қыстырды Тоқмағамбет, бәрі де азырақ жымығандай болды.

– Жылқының жұты елдің еңсесін түсіріп кетті, – деп сөзін білтеледі Балатай. – Көп ауыл ақ сүйек болып қырылып қалды. Жарқырап жаз шығып есімізді енді жинадық. Өз баламыз болсаң да, біз әлі өзінді де танып жеткеміз жоқ, – деп ежелгі шораяқ жайуат айтты, бірақ, алыстан орағытты. Көлденең көк атты жаяу жігітті де таяна танығысы келді, алайда “құдайы қонақ” тіл қатпады, тыңдай берді.

– Шешем Ұлдайды өзім өте жақсы көрдім, жұрт оған көп өсек таңады, бәрін де білем, бірақ, біреуіне де сене алмаймын. Өйткені мен шешемнің өз аузынан естігенмін, ол қандай тепкіге түссе де қажыры қайтпаған, мойып можа болмаған жігерлі ана, төгілген арын, жүрегіне шөгірдей қадалған кекті ұмыта алмаған, сол кектің қарымжасын қайыру үшін қолындағы барын да, кеудесіндегі жанын да бәйгіге тіккен, ешнәрседен тайынбаған қажырлы ана Ұлдай ғой, – деп айналасын шола қарады қарт Балатай.

4

– Мен шешен жан емеспін, артық-кемін өздерің өлшей беріңдер, тек шешем Ұлдайдың толғана шерткен кебін

жеткізем сендерге, – деп ойын соза тартты қарт. Сиқырлы сөз тыңдаушысын әлдилей берді:

– Бір жылы, – деп бастады ол. – Сапақ байдың ауылы жайлауға көшіп бара жатыр. Он сегіз мың жылқы жерге сыймайды, бір жұртта Сапақ екі-үш күннен артық аялдай алмайды. Сонау Байғұл, Тоқты тауынан аттанып Қара Нұраға құлағанша аттың жалында, түйенің қомында теңселеді.

Кеше бір түнеп Сарыала көлден “қамшы қалмаста” жүріп берді. Сапақ байға су аяғы кең, жиегі жайдақ айдын көл керек - ол Маржан. Сол Маржанда ғана төрт-бес күн аунап-қунап дем алмақ, жанын шақырмақ. Сапақтың жыл сайын дағдысы осы, мал иесінің бұл мінезін жылқышы Құдайберген де жақсы біледі.

Он сегіз мың жылқының алды Маржаннан су ішіп жатқанда арты Қара Нұрадан өтіп те үлгерген жоқ.

Қара Нұра мен Маржан көлдің арасы екі көш жер. Ортада тұрған ел тыныстайтын бекет осы Сарыала көл. Бұл көлдің төңірегі тоғанакты, жиегіне коқыр-соқыр қара лашықтар ерте келіп орнығады, балықшылар балық аулайды. Олардың жаздайғы кәсіптері ау құрып, көлдің суын сүзіп енбек істеу, заманына сай амалы.

Ала жаздай сөре-сөре етіп балықтарды кептіріп, қақтап жатады. Күн көргіші де, өмірден күтер үміті де осы балық айналасында.

Судан жаңа ғана шыққан жас балық уыстап ұстағанда сүліктей сусып алақанға тұрмайды. Артынша, тегештегі суға шоршып түсіп кеткенде – желбезегі желбендеп тұтқын сорлыға қайта жан бітеді – балық өз отанында ғана демін алады...

Балықшы Сүгірдің жалғыз қызы он жеті жасар Сәуле, мына қақыш қарт Тоқмағамбеттің шешесі, алабұғамен осылай ойнап, тегешке салып жуып жатқанда жылқышы Құдайберген, мына біздің әкеміз үйге кіріп келеді. Жүресінен жайбарақат отырған Сәуле сасқалақтап орнынан ұшып тұрады. Қос желбіршек салған ақ бәтес көйлегі, көнетоз

кызыл барқұт қамзолы біріне бірі жарасады. Қиылған қою қара қасы мен тұңғыық қара көзі жас қызды құлпыртып жібереді. Талдырмаш жас Сәуленің аш белі Нұраның жас талындай бұралады. Кепкен балықты қоламтаға көміп, суырып алып, күлін үрлеп түсіріп, аузына апыл-құпыл асап жатқан інісі Жеметті көреді де: – Ой қағынғыр, аштан өліп барасың ба? Отқа түсерсің сен, былай кетші!.. – деп Сәуле жақтан тартып жібереді...

– Сәулежан-ай, Жеметіңе бекер тиесің ғой, артыңнан ерген ат байларың емес пе? – деп Сүгір үйге сөйлей кіреді де: – Қонағыңа төрге киіз төсе, шешенді шақыр, балық ассын, барымен базар ғой, – дейді.

Жайғасып отырғаннан кейін жөн сұрасады.

– Шырағым Құдайберген, мен сені байдың мырзасы ғой деп қатты ұялдым, үйдің іші балық үлескендей шулап жатқан соң, соны басқалы кіріп едім. Біздің сіңбіруге де мұршамыз келмейді. Көлдің суын бөлісіп жатырмыз, әркім өз еншісіне тиген жеріндегі балықты ғана аулайтын болады. Қырық ру елміз. Әр қайсысы әр атадан, ынтымақтаса алмай шулаймыз. Міне бүгін ғана бір бас біріктірдік, – деп Сүгір мұңая қалды.

Осы мезетте оның екі ұрты суланып, бетінің әжімі айғыздана көрінді. Қабағы түйіліп, тұнжырай қарағанда алыстағы әлде нені көкसेгендей құлазыды. Жалаңаш етіне киген ысқаяқ тері тонның қаудыраған дыбысы да естілмей тына қалды. Кедейліктің сорабы қазылып түскен омырауы аңғал-саңғал үнірейіп тұр.

– Ақсақал, неге күйзелдіңіз, жасырмай-ақ айта беріңіз, мен де... – дей бергенде Құдайбергеннің сөзін Сүгір бұзып жіберді.

– Шырағым, айтпай-ақ қой, зерделі жігіт болсаң, сенің күнің менен де жаман. Мен кірмемін, бірақ, малай емеспін. Бағынсам да бас еркім өзімде, өз баспанам бар, екі қол, екі аяғыма сенем...

– Я, оның үстіне сіздің бағынып отырған байыңыз Лау мырза иман жүзді, қайрымды адам деседі ғой...

– Әй, шырағым-ай, өзің жаңа келгенде көрген де боларсың, біздің үйде екі ит бар, соның біреуін – ана үлкен сарысын “дүрегей” дейміз, тапалдау ақ итті “ақ күшік” деп атаймыз. Осы екеуін салыстырғанда біздің Жемет: “Ақ күшіктен дүрегей анағұрлым артық” – деп бағалайды, өйткені дүрегей жасамыс, жуас ит, көп үре бермейді. Әрине, Сапаққа қарағанда біздің Лау мырза да тәуір көрінер. Бірақ түптеп келгенде осылардың ындыны бір болса керек, заты, айырмасы да сондай-ақ шығар-ау! – деп Сүгір кілт кідіре қалды. – Мен енді жүрейін, біздің Тоқабай кәрия бағана тайлы-таяғың қалмай жиналындар деп еді, оның айтқанын екі ете алмаймыз... Сәулеш-ай, мына қонақ баланы шешең екеуің аттандырындар, бұл байдың кербез сылқымы емес, өзіміздің қолтума бала, – деп қалтарыссыз айтты да орнынан тұруға ыңғайланды.

– Ақсақал, мен де жүрем, дәмге қарамаймын, жылқының артын күтіп отырмын. Қазір байдың ерке ұлы Қошан да келіп дігерлейді ғой. Бірге шығалық, сонша асығардай не болды дейсіз? – деп Құдайберген қиялай тартты. Сүгірдің сөзі бейсеубет естілсе де өте бір маңызды уақиғаны мегзегендей, сондықтан Құдайберген қазан түбінен шеміршек дәмепіп отыр. Сүгірдің өрт сөндіргендей бет әлпеті көлденең кездескен бір суық хабардың барын аңғартқан тәрізді.

– Шырағым-ай, біздің маңдайымыз тайқы ғой, кедейлік ырыс емес, мына өткен түнгі екі жағдай адамның үрейін алады, – деп күрсіне сөйледі Сүгір: – Сапақ байдың есігінде Тоқабайдың тұңғыш ұлы Қарғаш жалшылықта жүруші еді. Сол Қарғашты кеше кешке бай жұмсапты. “Қарындасыңды ордаға алып кел!” – деп тапсырыпты. Сонда Ұлдай шешеміз он бес жасар қыз екен.

Өз үйіне бір барып шығуды, шешесінің ыстық құшағына кіріп кеудесін аймалауды көптен бері аңсаған Қарғаш еш нәрсенің байыбына бармапты. Ақылына айғыр салмаған жас бала, тордан құтылған қарлығаштай қанатын ебелектей қағып ұша жөнеліпті...

Қара лашықтың иісі жұпардай аңкиды, туған шешесі Қамқаның емшегі алтын бесік. Қарындасы Ұлдай да әкесі базардан келгендей арсалақтап қуаныпты. Екеуі де енесінің бауырына кіріп еркелеген күшіктей Қамқаның кеудесін алма-кезек аймалап асыр салыпты. Мейірбан ананың алпыс екі тамыры түгел иіпті. Осылайша әбден мауқын басқан соң Қарғаш өзіне-өзі келіп томсара қалыпты. “Жыл он екі ай жарғақ құлағым жастыққа тимей қойдың соңында жүрем, оның игілігін бай көреді. Менің аларым бір қой, бір серкеш, осы кімге тұтқа болады, апа? Енді мен қорлыққа бармасам қайтеді?” – деп Қарғаш шешесіне мұңын шағыпты. Сол күні үйде әкесі Тоқабай жоқ екен. Түн ортасы ауғанда Ұлдайдан жасырып шешесіне Қарғаш келуінің себебін білдіріпті. Қарғаштың әлгі назалы сөзінің ішкі мәнін Қамқа енді байымдапты. Уытты ана ызғарын төге сөйлепті: “Көзімнің тірісінде қаршадай Ұлдайымды көні қураған шалдың мазағына бере алмаспын. Бала үшін ажалдың аузына да ықтиярымменен кіруге дайынмын. Өттеген-ай, әкесі де болмады-ау үйде!.. Жорытқанда жолың болсын, жолдасың қыдыр болсын, еркек баласың ғой, қайда жүрсең аман жүр, Қарғашым, “қарындасымды көндіре алмадым”- дерсің, артын өзім көріп алармын... – деп бекінген Қамқа, елегізгендей де болыпты... Түн ортасында Қарғаш ізінше қайтып кетіпті.

Таң қараңғысында іргеге қол салған тықыр естіледі, қаршадай Ұлдайды оята келген Сапақ екен. Ояу жатқан Қамқа аттандап ауылды басына көтеріпті. Үрпек басты борсаңдап қашып бара жатқан Сапақты ауылдың адамдары киімінен таныпты... – деп Сүгір алқына демін алады.

- Сайқымазақ болыпты ғой, біздің бай, мұнда қандай ауыртпалық бар? – деп сүлесөк сұрапты Құдайберген. Шешесінің жанында көрпе жамап отырған Сәуленің саусағына ұрлана қарапты ол, сонда Сәуле сұқ қолының басындағы оймақпен инені артынан түртіп қалып, аржағынан жылт етіп көрінгенде, сумаңдатып, суыра

тартады, қимылына көз ілеспейді. Алғашқы көрінуінен Сәуле енді әдемі тәрізді.

– Сайқымазақ болу еш нәрсе етпес еді ғой, әңгіме насырға шапты. Егер ол Тоқабайды мазақтаса, Тоқабай оны мазақтаса, бұл уақа емес, қияметтік қарғыс таңбасы түспес еді, бірақ олай болмады-ау, балам, құлан иекте көшкен Сапақ аулының жерошағынан Қарғаштың сүйегін таптық қой... – дегенде Сүгірдің түсі бұзылып сала берді. Түтіккенде бетіне тікенек бітті. Құдайбергеннің де денесі түршікті, арқасынан суық жылан жорғалап өткендей қалтырады. “Жауыздықтың түрі де таусылмайды екен-ау!” деп салды.

– Оның рас, шырағым, Сапақ сотқарлығының талай сорақысын көрген соң айтып отырсың ғой, біз де алыстан естуші едік, алайда мынандай сұмдық ойымызға келген емес, біраз тай бітті деп қыруар елді басынуға болар ма?.. Құсырына жолықпай бетімен кете берер ме? Асқанға тосқан жоқ па?..

– Тегі, тірідей көмген сияқты, түтігіп қап-қара болып кетіпті. Топырақтың үстінен салған оттың ызғары бірте-бірте құрыстырып, қол-аяғы бүрісіп қалыпты. Міне, қарашығым, біз осыны да көрдік-ау!.. – деп Сүгір көзіне жас ірікті, білдіргісі келмей теріс айналып үйден шығуға беттеді.

Құдайберген қалың ойда қамалып отыр. Осы мезетте Алашекені ауыздығымен алыстырып Қошан жетіп келеді. Үйден булығып шыққан кекті Сүгір байдың ұлына бақан ала жүгіреді. Сәйгүлік Алашеке аспанға секіріп, көлденең көтерілген бақанның үстінен оскира орғып өтеді де үркіп ала жөнеледі. Жекей тымақ басынан ұшып кетеді, желбегей шапан аттың сауырын жауып көпсі көтеріледі. Үстіндегі Қошан комданып ұшуға айналған күшігендей болып көрінеді. “Құдайбергенші, Құдайберген” деген ысқаяқ дыбыс құлаққа талып жеткендей. Үйден Құдайберген асыға шығады да “Бекер болды-ау, орашалақ қимыл апатқа ұшыратпаса игі еді?” – дегендей бір тамсанып Сүгірге

салқындау қарайды, атына қарғып мінеді. Енді бір сәтте дағдарып қалған Сүгірге жылы ұшырағандай болады, “еш нәрсе етпес, әзірше осы да кектің қарымжысы шығар” дегендей бір жымыып езуін тартады. Осы қимылдың бәрі сөзсіз жасалады, нажағайдан да жылдам жарқ етіп өте шыққандай еді, жүре беріп жерде жатқан Қошанның тымағын аттың үстінен еңкейіп іліп әкетеді. Бай ұлының кегін алып, балықшының ауылын қыранжапқандай етіп аттанған батырша Құдайберген құйғыта шабады. Жылқышы Құдайбергеннің осы қылығын көргенде алдында күтіп тұрған Қошан қатты ырза болады... Иесі малайына мүлде сеніп қалады. Екеуі тізе қосып жүгірте жөнеледі. Құндызды сайынан өте бергенде қарсы алдынан аңыратып келе жатқан қос аттыны көреді. Қос атты аялдамай өте шығады.

– Әй, неге осынша асықтың, ауылды жау шапқаннан аман ба, не сені жын қақты ма? – деген Қошанның өктем сұрақтарына қос аттының, берген жауабы келте естіледі.

– Мен жаназашымын, байдың бәйбішесі дүние салды. Қошан боздап қоя береді. Шешесі көптен бері науқас екен.

– Айналайын, апам-ай! – деп Алашекенің жалын құшады.

Балатай тоқырай қалғанда Жетімек жаяу жігітке бетін бұрды да:

– Шырағым, бұл әкең әңгімені бүгін болып жатқандай жеткізеді, – деді.

– Оныңыз рас, бірақ, өз ойын ұстатпайды екен. Менің байқауымша, бұл Қарғаш өлімінің әлі қарымжысы емес, тек тоғыз жолдың торабында ұшырасқан кеселді кезең ғана ғой, заты, өзі қызықты болар, артын тыңдалық, аға, – деп сұрлана түсті Дүйсенбі. Осы бір минутте Жәзірә да ісін тастап жігітке тура қарады. Аңыра қалса да жігіттің ойын аңғарғаны бетінен білініп тұрды. Жанғаным тегенені сарқа құйып болды да кейін сырды. Қабағын бір шытып жүнін түте берді.

– Маржан көлдің басы иін тіреседі, – әңгімесін созды қарт Балатай. – Жаназаға жиналған жұрт құрттай қайнайды. Бесін әлетінде із өкшесі “Қара-өткел» жақтан Төстен жолынан бұрқырап шыққан шаң көрінді. Бұл Омбыдан шығып суыт келе жатқан жандарал. Қолында Петербургтен алған жарлығы бар. “Бұратана елді билеу үшін, өз ішінен, басшы сайла. Сарыарқада көшіп жүрген жұрттың ең байы, ең тентек-мықтысы керек. Он сегіз мың жылқының иесі Сапақ қолайлы. Ақмола дуанын соған билет! Дуанбасы сайлау үшін Сапақ байды сарайыма шақырғанымды білдір!” – депті патша ағызам.

Үш қара ат жеккен үлкен қара пәуеске Сапақтың ордасына келіп тірелді.

Айнала қоршаған нөкерлері енесіне еркелеген күшіктей арсалаңдайды. Жарамсақсудың неше атасын іштен үйрене туғандай, бірінен-бірі асыра қимылдайды. Біреуі оң жағына шықса, біреуі сол жағында ояқастайды, бет-ауыздарын жүз құбылтып, қабағын жедел қағады, күлімсірей қарайды. Өмірден өз үлесін алудың тұрлаулы әдісін жатқа білетін нөкерлер осындай қарбаласта көзге түседі.

Танауы таңқы, бұғағы салыңқы, ерні түрік, шүңірек көз, күрең жандарал еңселі жан. Пәуескеден қарғып түсіп, айнала бергенде ұзын мұртын сол қолымен кейін серпе ширатты. Осы бір дағдылы қимылы өзіне ерекше айбар бергендей. Сапақтың ақ ордасына сығырая қарап, жүзін жылыта түсуге қамданды.

Басынан тақиясын алып, қолын қусырып, еңкейе аяңдап келе жатқан қара сұр кісіні көргенде топ екі жарылды. Бұл жандаралға амандасқалы келген Сапақ екен. Кеше түнде Тоқабай үйіне Ұлдайды оятқалы барған сергек жүрісінен ол бүгін танған тәрізді. Жандаралды көргенде асау Сапақ жуасып қалыпты.

Екі енеге тел құлындай бүйірі бұлтиған күйлі жандаралдың қасында Сапақ уызға тоймаған жетім қозыдай түртіне қарайды.

Бірін бірі ишарамен сөз айтыспай түсінісіп жатыр. Өздерінен сырт тұрған бір тегеурінді қуат бұларды амалсыз итермелеп әкеп қосқандай, еріксіз икемделіп, себепсіз жылы ұшырайды.

Ақ патшаның жарлығы жандаралдың қолында. Дүмпу ондай үлкен жерден шықпаса ит арқасы қиянда жатқан Маржан көлге келер ме ол? Бұратанадан шыққан, қару-жарақсыз айдалада жайылып жүрген Сапақтың алдында басын иер ме?.. Күшті қолағаш киіз қазықты жерге қағып тұр.

Қойнындағы жары өлгеніне қамықпас еді-ау, Сапақты да қажытқан жағдай бар. Үйінен қаралы өлім шығып, жаназаға жиналған елдің жарым-жартысы сойыл алып келді. Олар Қарғаштың құнын даулайды. Тоқабай өлісуге белін бекем бұған екен. Сөйтіп, жаназа Сапақ ауылының үстінде төбелеспен тынғалы тұр. Мұның арты қанды жорық болса, абройы айрандай төгілуге қалды. Тоқаның басқа шонжарлары басын қосқанша, аяқ астынан мына көтерілген даңғаза балықшы тобыры мерт қылып кетсе шаңырағы ортасына түсуі айқын. Міне, Сапақты икемдеп, амалсыз көндіріп, белін бүктіріп тұрған күш осы еді.

Бір мезетте шаң-шұң көтеріле қалды. Төбелес басталып берді. Маржан көлдің басы ию-қию. Қару-жарағы сай жандаралдың жемдеттері іске кірісті. Издегенге сұраған жүлде алатын кезең өзінен-өзі туа қалды. Мылтықтың даусы шаңқ еткенде Сапақ селк ете түсті, алғаш естуі еді. Мылтықтың даусынан қорыққан бір шоғыр ел ығысып Нұрбай бұлағынан асып, Құндызды құлап кетіпті. Жарым-жартысы ұйлығып тоқырап қалыпты. Тоқабайдың інісі Бәлтірік оққа ұшқан екен.

Жаназа осылай тарары. Сапақ қонағын күтуде...

Ертеңіне жүрер алдында жандарал Ақ патшаның Петербургке шақырып жатқанын хабарлады – жарлығын берді, өзінің ырзалығын да білдірді, оң алақанын жазып, басын төмен иіп желкесін қырқа сипады. Мұнысы: “басым кара жерге жеткенше саған қызмет етемін, сені сыйлаймын,

жақсы көремін” деген ниетін аңғартуы екен. Сапақ бұл ишараны өзінше жорыды: “Алдап былай шығарып апарып, соңсоң басымды кесіп алғалы отыр”, – деп топшылады. Патшаның шақыртуына бармай қалды.

Сапақтың дуанбасы болмауына шүңірек көз жандаралдың орашалақ ишарасы үлкен кесірін тигізді. Артынан Керей Тұрлыбек дуанбасы болып кеткенде Сапақ та бармағын шайнаса керек. Ол өз қатесін елден көрді.

Қарғаштың өлімі анасы Қамқа мен әкесі Тоқабайға өшпес тауқымет, қияметтік қайғы шектірді. Ер көңілді, нар мінезді Тоқабайға туған інісі Бөлтіріктің өлімі де оңай тиген жоқ. Бір Ұлдайдың жолына екі жампоз садаға кетті. Осындай ауыртпалық Ұлдайдың да жер-жебіріне жетті. Оның кішкентай жүрегінде мәңгі өшпес үлкен із қалды, кешірмейтін кек түйіні осы арадан басталды. Жететін қаракшы әлі алыс, оған қалай барудың жөні көмескі, келешек күңгірт...

5

– Ағыке-ау, сіздің айтқаныңыз рас болса, Ұлдай апамызға жеткілікті жаза екен, – деп Жәзирә қабағын шытты.

– Балам-ай, үлкендердің сөзіне араласпай-ақ, ісінді тіксеңші, – деп Жанғаным зекіп тастады. Үнемі көне беруге дағды алған, “әйел жолы жіңішке”– деген қағида бойына әбден сіңген Жанғаным қызының өр мінезіне тыйым салуды мақұл көрді.

– Балеке, сіздің әңгімеңізден менің денем шімірікті ғой, осындай нахақ өлімді көзімен көрген Ұлдай ұмытып кетсе - ынжық әйел, көптің бірі болар... – деп жаяу жігіт өз пікірін білдірді, Жәзирәні де қорғады.

– Сендерді қажытып алдым білем, енді сергіткім келіп отыр, – деп бастады көпті көрген көне Балатай. – Бұл өмірде сүйіспеншілік, құштарлық әрбір адамның басында бола береді, әр алуан болады. Тіпті бір адамның өзі де әр

дәуірінде әр түрлі күй шертеді. Біз де жас болғамыз, жастық лапылдақ жалын, ол кейде сөніп, кейде жанады. Бүгін мұнда, ертең онда. Ертелі-кеш әлек салатын тұрлаусыз күш, күнде өзгергіш те кезі бар, – деді. Тыңдаушы жастарға ұпайын да сала кетті кәрі тарлан, бірақ таянбады, алыстан сермеді.

– Жиырма бестен жаңа ғана асқан Құдайберген уыздай жас Ұлдайды үздіге сүйді, – деп тебіренді қарт. – Көрмесе тұра алмады. Шіркін жас, албырт кезінде талай ендіркелеп, үдере ұмтылып, ынтыға қимылдайды ғой. “Қараша үйде сұңқар бар” – Тоқабайдың қызы Ұлдайды Құдайберген өз үйінде оң жақта көрді. Онда Сапақ алған жоқ. Аяқ астынан байдың бәйбішесі – Қошанның шешесі қаза тауып, үйі сынғаннан кейін, Сапақ байға Ұлдайды алып берген Құлымбет Лау мырза. Үзеңгілес жолдасы, тәтті ағайын, тұстасы, сыйласы Лау мырза Сапақтың бәйбішесі өлгенде бата қыла келіп көңлін жұбатады. Сонда “қатын өлді, камшының сабы сынды” десейші, “бәйбіше өлсе төсек жаңарады”, – деп мәтелдей сөйлеп, көп сөздер айтып, қаралы Сапақты жұбатады да “біздің Тоқабайдың бой жегіп отырған бір қызы бар, соны саған лайықтап келдім”, – дейді. Тоқабайдың түбі керей, Лау мырзаның көптен дәмдес-тұздас қоңсысы екен. Мырзаның аулын арқа тұтып, ес көріп, бірге көшіп, бірге қонып жүретін қарашысы.

Сөйтіп, томаға-тұйық, дөң сауда жасалып, Сапақ байдың қайын атасы Лау мырза өзі болып, Тоқабайды сырттан билеп-төстеп, “қарғы бауын” алып қайтады. Күйеуді шақырып та кетеді. Қалың малға “қырық жеті, отыз жетіні” айтысып, бата қылмай-ақ шоқ беріп алатын болады. “Ержеткен қыз даяр отыр, үйіңді ұстап тұра қалады” – дейді.

Кит, мінт, әлекей-шүлекейдің бәрін қысқартып, малдың күшімен бір айдың ішінде Сапақ Ұлдайды алып та үлгереді. Әңгіме былай болады: қалың малды топтап

айдатып жіберіп, күйеу өзі бармай, алып келуге сенімді жылқышысы Құдайбергенді жұмсайды.

– Өзіңіздің бармауыңыз ұят болмас па екен, қарашысы болғанмен есебі Лау мырзаның өз қызы ғой... – деп Құдайберген құлаққағыс қылғанда Сапақ долданып:

– Қызын маған бермейді, жылқыма береді, Лау мырзамен әңгіме әбден піскен. Керей кірме Тоқабайға барып түспе, Лауға барып түс, менің қайным сол, қалың малды да мен соған айдаттым, әрберден соң мен кірме Тоқабайды танығым да келмейді, – деп тойтарады. Сапақтың бұл сөзіне Құдайберген аса ренжімейді. Бірақ ішінен қуана тұрса да қынжылғандай түс көрсетеді.

Ауызы уәлі, сөзі дуалы бай сөйлегенде, айтқанының бәрі оң, бәрі орынды. Оны ешкім теріс дей алмайды. Алдына жан салмайтын жүйрік те сол, тауып айтатын ділмәр де сол, құдайшыл да, құраншыл да сол. Жиылған топ оның аузына қарайды, аузын ашса болды, айтпай жатып басын изейді. Кейде бай қағыс естіп өз бетімен отырып жымиса, қошаметші жұрт қарқылдап күледі. Аңшының ашқарақ итіндей байдың шашбауын көтермелеп, босқа қара тер боп жүретіндер де болады. Бұлар өте қауіпті, құлағы жоқ меңіреу, тілсіз мылқау міне осылар. Сөздің төркінін түсінетін, ындынды байқай алатын еті тірі жандардың қандас жауы да осылар. Құдайберген жүрер алдында соларға аярлық істеп қынжылышты. Расында, байдың екі көзін алдау оңай, мына телміріп отырған көп көзді алдау қиын ғой, айланың керек кезеңі де осы.

Әйтпесе көптен көңлін қосқан, аулақта кездескенде талай қызулы ыстық сөздер айтқан, ынтыққан жүректің құпия сырын талай қабат ақтара шерткен жан сол нақ сүйеріне оңаша емін-еркін кездесуге кетіп бара жатқанда неге қынжылсын. Өйткені Ұлдай мен Құдайберген бұдан бұрын да үш-төрт рет ұшырасқан екен. Сондай сертті мезгілдерде үндеспей, жым-жырт болып тына қалысып, сыбдырлаған тоғай ішінде шегірткенің шырылдаған үнін, қарасуда бақылдаған көлбаканың дөрекі дыбысын тыңдап

тұрып, емірене сүйісіп, ынтыға құшақтасып, самалды сағаттарды да бастарынан біраз кешірген. Қысыр сөз қандай қызықты болса да махаббаттың тегеурінді қуатын сұйылтып, қожыратып жібереді. Бұлар ұзақ сонар, ұзын сөзге бармайды екен. Сүйісу сөзге сараң ғой.

Адамның тұла бойында орынсыз біткен, оғаш тұрған, белгілі бір міндетін атқармайтын мүше болмайды. Жігіт жерінде, жекен суында. Әр қайсысының өз міндеті бар. Мысалы, қол мен аяқтың, көз бен құлақтың, еріндердің істейтін әрекеттерінің сұрапыл күшін адам осындай екі талай тар кезеңде, асығыста анық біледі. Олардың қимылы біріне-бірі ұқсаспайды, бірінің орнын бірі баспайды, алайда ілесе арпалысып, үндесе әуендетіп, ынтымаққа келіп, мақсатты қортындыға тіреліп тоғысқанда төрт көзі түгел шырадай жанады...

Бас-аяғы он күннің ішінде Ұлдайды уқан-суқан етіп Құдайберген алып келеді. Сапақ малының “қызығын” көреді. Құдайбергеннің жүрегін жібіткен де, Ұлдайды тебірендіре тербеткен де осы он күн. Екеуі оңаша қалып, түсінде көретінін өңінде көріп, дербес рахаттанады.

Ұлдай осылай түседі.

Егде тартып жетпіске аяқ басқанда Сапақтың қоңылтақ жүрегіне махаббаттың уытты ұшқыны түсіп кетеді. Киімнің ішінде адамның бәрі де жалаңаш жүреді ғой, сондай-ақ махаббат та жүректің бір түкпіріне жалаңаш паналайды. Түсінбеген жерде жорамал көп. Сапақтың жүрегін жалаңаштап ешкім көрген жоқ, алайда, махаббат албырт алаңғасарлықтың жемісі, жас ұлғайған соң ақыл-сана көбейіп, алаңғасарлықтың шеңбері тарылады деу қате екен. Бұл махаббат бұрынғыдан да баянды, терең із қалдыратын салмақты болып шығады. Қуаты билегенде жан-тәнінді түгел меңгере жөнелетін мылқау күш осы.

Жаңа түскен жас иіс, төсегін жаңғыртқан жас тоқал, кер маралдай керілген, жазық маңдай, мүләйімсіген кірбең қабак, күлгенде бетінің екі ұшы шұқырайып кететін, қырындай отырып, ұрлап карауды сүйетін,

Әңгімеге құлағын елеусіз тігіп, ептеп қана тамсанатын Ұлдай Сапақты дөңгелете билей жөнеледі. Әйелді сүю, әдемілікке табыну - адамзаттың зор табысы. Байдың сегіз канат ақ ордасында болсын, мейлі кедей сорлының лашық үйінде болсын бәрібір - махаббат өзара тең. Дүниедегі әдемінің бәрі де махаббаттан туған, соның жемісі. Сапақ Ұлдайды теткусіз сүйеді. Қартайғанда жанына жарық берген, жүрегіне от салған тоқал оңай ма?

Өмірге әбден піскен қарттың жүрегі аса ергіш алаңғасар болмайды. Оңғақ, аумалы-төкпелі құштарлыққа ол оңай ере де, сене де алмайды.

Қартайған жүрек күнде құлпыра бермейді, көпті көрген көне тоқырайды ғой. Сапақ Ұлдайды құлай жақсы көреді. Құшырлана, құмарлана береді. Суыған жүректің қайта қоздап жануы осылай болады. Бастапқы кезде Сапаққа үйрене алмай, бойлауықтық көрсеткен Ұлдай да енді кәріні аяды ма, немесе Құдайберген Сәулені алғаннан кейін көңлі суыды ма, кім білсін, әйтеуір Сапаққа шұғыл ойысқандай кейіпте. Құдайбергеннің жас жүрегі тоят тауып, Сәулеге барып паналайды.

– Аға, бұл әңгімеңіз әлгіден көрі әдемі көрінді, алайда артығырақ айтылған жері де бар ма, қалай?.. – деп күмілжіді Дүйсенбі.

– Шырағым, бұл әкең сөзді сұрыптамай айтады. Соқыр тауыққа бәрі бидай ғой, біздей кінәретсіз құлағын тосатын аға-інілеріне үйренген ағаң. Өзі бұзса, өзі түзейтін Балатай көпті көрген даңғылымыз, біздің басшымыз, – деп баяу бағдарлады да кілт тоқырап қалды Тоқмағамбет. Оның сөзін қостап Жетімек үнсіз басын изеді.

– Мұның әлі қызығы бар, әңгіме жеріне жетсін, асықпаңдар, – деп тамағын кенеді. – Бәрі де баяғы ғой, мен қасында болғам жоқ. Өтірік айтса елдің жаны шықсын. Бір күні түн ортасында бір жақтан келе жатып Сапақтың Сәулеге көңілі ауады. Сәуленің жаңа түскен жыңғылдай жас келіншек күні. Қырына келсе құр жібермейтін, сонсоң соңынан қырық жыл қыркылжыңы кетпейтін Сапақ бай өз

ордасына түспей қасындағы қарашысы Құдайбергеннің ... төрт қанат қара күркесіне келіп түсе қалады. Ауған көңілге тас салсаң баспайды. Күйеуі Құдайберген жылқының күзетінде жүр, Сәуле жалғыз елегзіп, төсекте дөңбекшіп ұйықтай алмай жатыр екен. Өзіне еңбегі сіңген жырынды жылқышы Құдайбергенге Сәулені өткен жылы Сапақ бай өзі айттырып, өзі алып берген. Сәуленің қыз күнінде Сапақ оң жақта оятып бос қайтқан екен. Оны өмірі ұмытпайды, Құдайбергенге әперуінің де бір үлкен себебі осы.

Түбі қыпшақ, бір кезде Торғайдан жер ауып келген жалғыз үй, көк шолақ аттан басқа үрерге иті жоқ кедей Сүгірдің қызы еді Сәуле. Әрине, панасыз жан ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетеді...

Он сегіз мың жылқының иесі, меселі қайтпаған Сапақ Сәуленің төсегіне дәл осы кеште де өктем басып кіріп барады.

Пәле үнемі аяқ астынан шығады, құланның қасынуына кездеседі Сапақ.

Сол мезетте Құдайберген де келіп қалады. Сасқан Сапақ кірерге көр таба алмайды. Сонда Сәуле жалаңаш Сапақты шидің ішіне енгізіп, етпетінен жатқызады да тай дүзген қара қазанды төңкере салады. Бұл аты шулы “тай дүзген” Сапақ байдың қара қазаны. Өз мүлкі иесіне қоруыш болады.

Құдайберген үйге кірген кезде оттың басында Сәуле сексіп түрегеп тұр екен,

– Неғып ербиіп тұрсың, үйде біреу бар ма, осы? Белдеуде тұрған ат кімдікі?

– Тани алмай қалдым, мезгілсіз келдің ғой, “тәңрі аттас-ау!” үйде кім болушы еді, ешкім де жоқ... – деген Сәуленің талдырмаш дауысы құлағына тигенде Сапақтың бүйірі бүлк ете түседі. “Реті келмей жүргені болмаса, шын ниеті кет әрі” емес екен-ау!.. Тәңрінің атын атап ант берді, енді сәті түсер” деп ойлады ішінен. Сәуленің “тәңрі аттас-ау” дегені Құдайберген деп күйеуінің атын атай алмай бұрып айтқаны. Сәуле күйеуін өзі жоқта “әлгі” дейтін де,

қатар отырғанда ылғи ойнап осылай атайтын, мұны Сапақ білмеуші еді.

- Тоңып келдім, Сәуле, от жақшы, – деді Құдайберген. Сапақтың жалаңаш денесін қазан қарып барады, дірдектей бастады, мұны тірі жан түсінбеді. Басына түспеген жан біреудің қайғысын жуық арада ұрына қоя ма?

Үстіне үйген күлді аршып, Сәуле ыстық қоламтаға жылқының қу тезегін үгітіп жіберді, қоламта азырақ бықсыды. Жалма-жан сиырдың кепкен ақ жапасын дөңгелете, тоқсыра қалады. Қысты күні қатты қардан ойып-ойып аққала жасағандай, бықсып жатқан қолампаны ептеп үріп жібергенде от дау ете түсті. Үйдің ішін оттың сәулесі сарғайтып, жарық түсірді.

– Әлі көңлім көншіген жоқ, Сәулеш, шидің ішін ашшы! – деді Құдайберген.

Ашулы өктем дауыс естілгенде енді “тықыр таянды” деп ұқты Сапақ.

Шоқша сары сақалы бар, жез мұрт Құдайберген төрдің алдында малдасын құрып отыр. Белін шешкен жоқ. Үстіне кигені шидем күпі, басында елтірі тымақ, аяғында саптама етік, бүлдіргесін білезігіне ораған бұзау тіс тобылғы сапты қамшысы қолында отыр. Бетінде ызғардың ізі жоқ. Жайдары қарайды, күлімсірегендей болады. Шиді есікке сырып ашып жіберді де, Сәуле ымдап, төңкерулі жатқан қазанды нұсқады. Екеуі де біріне бірі жымыды. Қазан асты мұны көрмеді.

– Енді шымылдығыңды түрші, – деді Құдайберген. Шымылдықтың ішін шолып өтті де:

– Апырым-ай, ә, менің көзіме шелей қаптады ма? Ерттеулі ат белдеуде тұр, өзім көріп келдім, Сапекеңнің аты, әлде біреу мініп келді ме, әлде өзі ме?.. Мүмкін емес. Жылтыраған тесік моншаққа Сапекең қызыға қоймас... Ыстық-суығы басылмаған жыңғылдай жас тоқалы Ұлдайдың көзіне шөп салар ма? Жоқ, бекер... Ендеше түсінбеймін...

– Ұлым да, қызым да сенсің. Ей, Сәулем, күнәні көп адам істейді, кешіретін кісі аз табылады. Шын сүйген жүрек, балауса құрақтай майысқақ келеді. Мен кешірейін, кешірдім, Сәулем, енді өзің шыныңды айтшы, осы үйде кім бар? Ол қай жерде отыр? – деп өтіне сөйледі Құдайберген. Дыбысын қатайтынқырап шығарды. Күлкі қысып булыққан Сәуле қазанға қарай бір аттады да, оттың басына ойысты.

– Ә, енді бір болса, сонау қара қазанның астында шығар. Көтерші, Сәуле, қазанды, – дегенде Сапақтың жүрегі тас төбесіне шықты.

Қазанның түп күйесі жұққан Сапақтың бет аузы әлем-тапырық. Өздеріңізге белгілі, шаршы топтың алдына алғаш шыққанда кейбір шешендер қолын қайда қоярға жер таппай сасады, бұл тосырқаудың, қымсынудың белгісі. Кенеттен қапаш-құпаш дүрбелеңге ұшырағанда Сапақтың алақанына күйе жұкса керек. Сол күйе бетіне тиген бе қалай, саусақтарының табы тұр. Өлімнен ұят күшті, жалаңаш Сапақ орнынан қозғала алмайды. Сәуле апарып байдың үстіне шапан жабады.

– Құтым қазаныма түскен екен ғой, мен кешірдім, Сәулешім, берген сертіме бекеммін, сөзіне опа қылмаған өзіне де опа қылмайды. Айттым бозқасқаны, әкел, Сәулем, қотанда жатқан Сапекеңнің бір тоқтысын, игілік үшін шалып жіберелік. Сапеке, енді киіне беріңіз, қымсынбаңыз, бір қате болған шығар, ештеңе етпес, ондай-ондай кімде болмайды, батаңызды беріңіз! – деді.

Сәуле үйден шыға жөнелді. Сапақ киіне бастады. Құдайберген енді шешінді. Бет-аузын қара бұзаушықпен жуындырып, төрдің алдына төрт қабат көрпе салып Сапақты Құдайберген өзі әкеліп отырғызды.

Сәуле жетектеп әкеп бозқасқа тоқтыны есіктен көлденең тартқанда Құдайберген қолын жайып Сапаққа қарады.

Болған іс – бастырылып көрген түстей шатастырды, мең-зең ұйқылы-ою отырған Сапақ өзінің не айтып, не қойғанын да біле алмай қалды:

– Үбірлі-шүбірлі болындар, қосағыңмен қоса ағар, қыдырым саған аусын, саған аусын, аллау әкпар! – деді Сапақ. Өз тоқтысына өзі бата қылып, жаза басып, “қыдырым саған аусын” деп салғанда, азырақ денесі шіміркенді. Бірақ амал не? Құдайберген мен Сәуленің өзара ақылдасып, алдын ала құрған қақпанын басты, алайда Сапақ осы сырды сезбеді.

Міне, осы әңгімеден кейін Сапақ Құдайбергеннен үнемі қымсынып отырады. Жалтақтап, қуыстанып, алдына түсе береді. Сапақтың бұл сырын жырынды жылқышы Құдайберген де біледі. Бірақ Сапақ Құдайбергеннен қорықпайды, қартайғанда алған тоқал, екіндідей еңкейіп, можа болған шалдың бауыр етінен жаралады, – деседі ғой, заты Сапақ “құдайдан қаймықпайды, Ұлдайдан қорқады...”

Расында Сәуле екеуінің арасындағы мына сыр Ұлдайға жетсе не болмақ? Болмашы нәрсеге ерегістіріп алса, сұмырай жылқышы жаяу хабарды жетектей барып Ұлдайға көрген жапасын шақса, арты насырға шаппай ма? Онда Сапақ құйрығына қалжуыр байлап алмай ма?

– Мен сенің шешеңмін, жалқы туған жалғызым сенсің. Бар тілегім сен артымда қалып менің жақсылығымды да, жамандығымды да жасырмай жеткіз. Мойныңа артқан аманатым, дүниеден жұмбақ жан болып өтпейін, жаным. Шынын айтсам Сәуле мен Құдайбергенге әлгі қулықты да өзім істеттім. Кек алудың басы осы еді. Қарғаштың кегі кетпей-ақ қойды. Соның бәрін орындау үшін еш нәрсені тандағам жоқ. Еркін өскен бай Сапақты қорғалатып, ашсам алақанымның аясында, жұмсам жұдырығымда ұстаудың алғашқы адымы осылай болды, – деп тебірене сөйлеген шешем Ұлдай кейпін ұмыта алмадым. Туған анам жөнінде артық-кем сөзім болса кешіріңдер, мен борышымды өтеп отырмын бүгін, – деп Балатай тұнжырай қалды...

– Ағеке-ау, менің әжем өзі күйкі адам екен ғой. Әрине сіз шешенізді жақсы көресіз, бірақ өз күйеуін қылмысқа итермелеп, күндесі Сәулеге кішіреюі аса ұнамай тұр маған, – деп ерке сұлу әкесіне басына айтты. Бөтен адамға кейбір шындықтарды ашпаса да болар еді-ау деген ойын кестелеп баяндады Жәзирә. Топты адам тоқырай қалғанда жаяу жігіт төтесінен килікті. Қызығып отырған әңгімесін қарт шамданып үзіп тастаса не болмақ? Содан сескенді.

– Қарындасым, тап осы жерде қателеспей отырсыз ба? Ойланыңызшы! Басына ауыртпалық түскен адам, кектескен адамнан кек алу жолында жер таңдай ма екен? Мақсатын орындау үшін өз қимылын өлшеп-пішіп отыратын жан қадау-шабыр ғой және көп ойлана беру ынжықтық емес пе? Оның үстіне өз шешесін әңгіме еткенде ылғи мақтай берсе тыңдаушы сенер ме еді? Меңсіз қара мысық дүниеге келген жоқ, сондай-ақ мінсіз де кісі көзімізге түспей жүр. Шынымды айтсам, Балекеңнің осы әңгімесінен өзім көп нәрсе үйреніп те отырмын. Заты, кулық-мекерлік әлсіздіктен барып қоздамай ма? Рас, бұл жетіскендік те, ірі де қимыл емес. Басқа жолын таба алмаған шығар. Жаяу жігіт арналы ойын осылай келте қайырғанда Жанғаным сөзге араласты.

– Шырағым, біздің көзіміздің ағы мен қарасы осы Жәзирә. Бетінен қайырмай өсірдік. Өктем мінезі өзімізге білінбейді, – деді.

– Жігітім аяғын әріден тастады. Рас, қалқам, бұл Балатай бармаған жер баспаған тау жоқ. Енді ғана күпі киіп, можа болып отыр. Ерді кебенек ішінде танығаныңа ырзамын, - деп Жетімек төтесінен қайырды.

– Баян тауының биік шыңына ұя салған, жақпар тастың ұшар басында жөңкеріліп отырған самұрық етегінде ойнаған бала-шағаға көрінбесе керек, – деп толғап өтті

Балатай. Ойының желісін бұзғысы келмеді, жалғастыра берді ол.

– Я, осылай екі тарау долы жел соқты, толастап басылған кезде, бір күні тағы әлгі Сапақ байдың аулында айта қалғандай екі оқиға жедел өтті. Оның бірі тұңғыш ұлы Қошанның үйі түсті. Нұрбай Байсақалдың қызы Ағыжан түсті. Байсақал аз үйлі, Нұрбай болса да мынды айдаған мыңғырған бай, ұлы жүздің күлшелі баласы, ал он сегіз мың жылқының иесі Сапақ Қара Токаның құты. “Бай – байға құйып, сай – сайға құйған” – сонау өткен сығыр заманда Сапақ пен Байсақал құда болған екен. Құдай десіп, құйрық-бауыр жесіп, қарғы бауын алып, қырық жетінің батасын қылып ырғап-жырғап Сапақ еліне қайтады. Артынан көп ұзамай Байсақалдар Сапаққа келіп, китін киіп, ту бие, түс ат, жылжыған жорға, жылмиған жүйріктерді жетектеп кетеді. “Қыздың құны қырық байтал” – дейтін сөз осы “қырық жетінің” батасынан туады, “қырық жетінің” түпкі мәнісі – қырық екі байтал, сегіз түйе болады. “Бай мен бай құда болса – жорға қатынасады” ғой, бұл “қырық жетінің” байлар қадағалап кейде дәл орындамайды. Байлығын, сыйлығын бірінен бірі асырам деп дарақыланып кетеді де, шүлен мырзалық етек алып өрбігенде қара нарлар, қалы кілемдер, нелер сәйгүлік аягөздер маталып жатады. Аузы тұшып құда болған, тұңғышы Қошанның қайнынан Сапақ тартынған жоқ. Бірақ мырза болып туған да жан емес екен ол. Тоқада Сапақты қайрымсыз бай, рахымсыз кескір, телі-тентек, содырлы сотқар деп атайтындар да бар. Жұрт не демейді? Байсақалдың момындығы ұнады ма, немесе “Сапеке, өзіңіз біліңіз” деп алдына түсіп мөнтендеуі, не айтса, соны екі қылмай қабылдай беруі ұнады ма?.. Әйтеуір Сапақ құдасына ырза.

“Айтқаныңызды екі қылмаспын, ал тілім емес, имандай шыным осы” деп монтаны Байсақал жорғақтағанда Сапақ та оның қу тілін түсінеді, бірақ сол жарамсақсуын өте ұнатады екен. Өзін мақтағанды жек көретін пенде болсашы!..

Қалың малға матаған жылқының ұшы-қиыры жоқ.
Сегіз-тоғыз жылдай ерсілі-қарсылы айдалған, жер
қайысқан малды кім санады дейсің?!

Сол маталып кеткен малдың қаруы бір күні қайтты.
Байсақал қырық түйені тоғанақтап арттырды, күміс
құйысқан, күміс өмілдірік салып, жаппай күміс шапқан
ердің қасына алтын жалатқан айшық орнатып, үстіне
шымқай қызыл жамшы жауып қос ат мінгізіп Ағызжанды
әкеп түсірді. Ағызжанның тақымына басқан екі аттың бірі
боз шұбар ат. Оны үнемі жылқышы Құдайберген мінеді.
Туған шешесі “құян” екен, сол ауруы ұстап келе алмай
қалған, сондықтан Ағызжанды алып келген тоқал шешесі
Ұмсындық. Ағызжан қос отаумен келді, шағаладай болып
екі отау тігіліп, ортасына әкеліп тай-тай жүкті үйіп,
жиырма-жиырмадан екі отауға қырық әбдірені бөліп
енгізіп үлгерген кезде келінінің әкелген жасауын көрсету
үшін ордан Сапақ пен Ұлдайды шақырды. Келіні Ағызжан
шымылдықтың ішінде жасырынып отыр. Әр әбдіренің
кілті бөлек-бөлек, шымылдықтың ішінен кілттерді
шылдырлатып Ұмсындық алып шықты да Жетісудан
келген, сондағы зергерлер безендіріп, әлеміштеп істеген,
кілтін бұрағанда әуендетіп ән салатын әбдірелерді жағалай аша
бастады. Ішіндегі жиһаздарын алдына жайып Сапақ
пен Ұлдайға көрсетуге кірісті. Түйтікіл болған жалғыз-
ақ нәрсе, оны Сапақ байқаған жоқ. Отыз тоғыз әбдіре
түгел ашылып, ішіндегі жиһаздары ақтарылып жатыр, екі
отаудың іші толған көл-көсір дүние. Бір текшелеу, сары ала
сандық ашылмай қалды; Ұлдай сол сандыққа шұқшиып-
ақ бақты. Ұмсындық кілтін таба алмай сасқалақтап,
Ағызжаннан сұратып жібергенде, жеңгесіне жүгіріп барып
келген кенже қайынысы Аққожа: “Жеңешем ол сандықтың
кілті үйде қалыпты, шешемнің омырау қалтасында ұмыт
қалыпты”, – деп хабарлады. Ешкім бұған мән бермеді.
Сапақ бұл кезде отадан шығып та кеткен екен. Осыны
Ұлдай көңіліне дық алды. Жүрегіне түйтікіл болып орнады.
Жегідей жеп, шемендей шанышты. Түкке тұрмайтын бос

сөздің өзін біреуге сыбырлап айтсаң, қалған жұрт ол сөзге елендеп, қандай таңсық, ділгер болады! “Ішінде тайтұяқ жамбы болмаса, зүбәр жат, лағыл, гауһар жатпаса ол сандықты неге ашпайды? Кілті үйде қалды деуі бекер. Келмей жатып тумағандығын істеп отыр ма екен келін!”... – деп түйді ішінен Ұлдай. Адуын ене мен ерке келіннің екі арасына түскен ылғал осы сары ала сандық болмаса игі еді?!

Түйіншек шиелене берді. Ұлдай іздеп жүрген сылтау табан астынан туды. Ішінде жылан өліп жатса да сырттай сыйласуға - шешеміз Ұлдай шебер болса керек-ті.

Ағыжанды Ақ келін деп асты-үстіне түсті. Қуаныш пен күйініш егіз ғой, көп ұзамай-ақ Сапақтың үлкен ағасы Қорыспай дүние салды. Тәңірбердінің бес берені атанатын, бес ағайынды кісі: Қорыспай, Қопа, Мықты, Жарқын, Сапақ еді. Сапақ Тәңірбердінің кенжесі, Қорыспай тұла бойы тұңғышы. Жасы сексен асқан Қорыспай көптен бері жел науқас. Өз заманындағы үлкен тәуіп, айтқаны бұлжымай келетін бала бақсы Алдажар Қорыспайдың тамырын ұстап көріп “бұл кісі жел науқас та емес, сал ауру да емес”, – деп жан-жағына алақтап шапыраштана қарады, жоғалтқан затының үстінен түскен кісіше үңіліп, төмен тұғжиды. “Сабаз-ай, нағыз әулие ғой, дәл тауып отыр-ау!” деп жұрт жамырай мекірөнді. Біреу шұлғып басын изеді, біреу тамсанып, біреу аузын ашып аңырая қарады, шаршы топ бала бақсының ақырғы сөзін күтті, әбігерге түсті. Осы топтың ішінде Қорыспайдың көңілін сұрай келген әр рудың шораяктары отыр. Қорыспайдың қадірлес достары Құлымбет Лау мырза, Сатыбалды руынан Телғозы бар, оның қасына ере келген түбі қалмақ Көбен сыншы, Айтқожадан шыққан жас жолбарыс Сырттанбай мырза - бәрі де тығырыққа тіреліп аңыруда.

Бала бақсы аурудың тамырын ұстаған күйі тұғжындап, ернін жыбыр еткізді. Не дегенін жұрт ести алмай қалды. Үйдің іші жым-жырт. Қорыспайдың кескіні қуаң тартқан, екі ұрты солып, көзі шүңірейіп ішіне кірген, жанарында

нұр жоқ, өлезіген бозғыл бірдеме, бет-аузын шарлаған жол-жол әжім, сонар күнгі сасық күзеннің ізіндей шимай-шатақ. Боз қырау басқан селдір шокша сақалы шәутиіп, кеңірдегі сорайып, кетеуі кеткен сілімтір шал шалқасынан жатыр. Ыңырсып, сарнап ыңқылдауды қойған. Кеше ықылық атып жатыр еді, бүгін диыл, сергек тәрізді. “Әй, сусын бер”... деген сыбыры естілді. “Ұлтабардағы тақия қарынға жабысқан әрекет, қақтырмай болмайды, екі енеге тел қысырдың қара жабағысын шалған жөн болар, соның көк талағымен қағып, жынына салып бұлаулап көрейін, бір шипа болса осыдан жаны қалады”... – деп шұбырта жөнелді бала бақсы.

– Айтам ба, бәсе, жарықтық жады болған екен ғой!

– Оның рас, кейде қиқылдап, шикылдап қалушы еді...

– Менің ойымша осы кісіде “түйнеме” ауру да бар. Әйтеуір ем болсын, әй, бірақ...

– Ұлын ұяға, қызын қияға қондырды, өзі жетпістен асты, бұл кісіде не арман бар дейсің?

– Көзі құрғыр дүниеге тоя ма?

Орда толған жұрттың арасында осындай біріне бірі қайшы түрлі толғаулар, сыбыр-күбір әңгімелер қоздап жатты.

Екі енені тел емген қара құлынды сойып, ішін жарып жіберіп, қарынға жабысқан көк талақты жылыдай сыдырып алып кеп шалқасынан жатқан Қорыспайдың жалаңаш кеудесіне былш еткізіп салып кеп қалды, бәйбішесіне басын көтерткізіп қойып, көк талақпен шыпылдатып арқасынан да бір-екі қабат шапалақтады. Сөйтіп бала бақсы өз міндетін орындап болып, көңілі әбден тынғанда талақты шаңырақтан тік көтере атып жіберді.

Елтірі бөркін баса кигізіп, түйе жүні күпісіне орап, қаусырындырған мезетте Қорыспайдың енді шалқасынан жатқысы келмеді. Елу жылдай отасқан күйеуінің мінезін Масаты айтпай түсінді.

- Шай қойдыршы! - деп тамсанғанда еріндері біріне бірі жабысып, кебірленіп, дауысы ысқаяқ естілді. -

Қошанжан-ай, бері келші, үйің түсіп, үлкен жігіт болғалы келіп бір көрінбедің ғой. Әрине, сенде кінә жоқ, әкең мен шешең жаман, олар үйретпейді, үйретпейді, – деп қулана сөйлеп отыр Қорыспай...

– Бала бақсының емі мың да бір дауа, әне айтам ба, бәсе. Отағасы қылаң ұрып, жазылып кетті...

– Бой жасап отырмаса, емнің қонғаны...

Алдында тізерлеп отырған Қошанның маңдайынан сипады Қорыспай.

– Шырағым Қошанжан, қосарыңмен қоса ағар, ата-анаңды ренжітпе, алдынан кесе-көлденең шықпа, енді біз қанша жүрерміз дейсің. Малдарыңды қайда, қалай бағуды мына есепші Лаудан сұра, топтан таңдап тұлпар мінгің келсе Көбеннен сұра, ел ортасы егер болып, дау-шарға түсетін кезеңге ұшырасаң, Абылай аспас сары белің, айыр көмей көк қасқыр анау отырған уытты сұрша бала Сырттан-баймен ақылдас, міне менің берер батам осы, аллау әкпар, – деп бетін сипады да Қорыспай сылқ етіп жантая кетті. Аздан кейін Лау мырза таянып келіп, тамырын ұстады да: “Уф” – деп үшкірді, Қорыспай жан тәсілім беріпті.

– Жаның жаннатта болсын, – деп күбірледі Лау, төңірегінде үймелеп қалған жұрттың бәріне де ол мағынасыз қарады, көзі бұлдырап кетті, ешкімді көрмеді. Масаты бетін жыртып дауыс қылды.

“Мінгенде атың дөнен кер,
Халыққа жетік кемеңгер,
Басы жұмыр пендесі
Не боламын демендер...” –

деп тақпақтай шұбырта жөнелді. Қосағын жоқтап отыр.

Өлген кісіні жоқтау сол мезгілдің бір үлкен шарты.

Жоқтаусыз қалу – атаусыз кетудей, бұл зор айып. Масаты мұны жақсы біледі. Қырық-елу жыл отасқан серігінен айырылу да оңай емес, шын күйзелді. Ақ орданың іші азан-қазан. Қара құлынның жылы-жұмсағын тай дүзген

казанға түгел салып, шек-қарнын аршып, кенеліп жатқан қараша үйдің қатын-қалаштары да ордаға қарай анталады. Ел әбігерге түсті. Дәл осы кезде жер-ошақтың басына ауыл-үйдің иттері үймелеп қалды. Ырылдасып біріне-бірі айбат шегісіп, таласып-тармасып, талапайға салып жүр. Бір сабалақ жүнді сары төбет құлынның басын ала қашқанда, енді бір-екі ит теріге таласып қырқысып жатыр. Басынан желегі түспеген жас келіншек Сәуленің көзі бұған елден бұрын түсті. Үлкен ауылдан айғай-шу шыққанда кіші ауылдың жастары осылай қарай беттеген еді. Сонда Ағыжанмен қатар келе жатқан Сәуле осыны көре салып, шынтағымен Ағыжанды түрткіп қалды.

– Иттерге де бір дес тиген екен, мынаны сенің кескір енең көрсе шашын жұлмай тынбас, – деді.

Кешікпей-ақ Ұлдайдың да шаңқ еткен даусы естілді.

– Сендерді сыпыра көк соқты ма, ана иттерді айырсаңдаршы, қырылды ғой, – деді.

– “Ағузы білләхи, мына шаятан...” – деп молда құран оқи бастағанда жұрт жым-жырт болды. “Ағузының” тартылуы жұрттың у-шуын тоқтатуға мың да бір дауа. Ол кезде толастамайтын жан болмайды. “Ясиннің”– үш “мұбиына” – дейін созып, көп уақыт оқыды. Орташалау кісі өлсе “Ғамма”, мен “Тәбәрәкті” оқып, нашардың біреуі өлсе “Құлһуалланы” үш қайыра салып, “қайырымен болсын – алла-әу әкпар” деп бетін сипайтын молда, атақты бай, алпамсадай Қорыспай өліп жатқанда құранның ең үлкен аяты “Қазірет Ясинге” жармаспай қалай тұрсын! Кішігірім аят бұған жараспайды.

– Өлгеннің артынан өлмек жоқ, сабырлы болыңдар, кетер Қорыспай кетті, енді алдынан жарылғасын. Масаты, сен де жылауды қой, қалған қарғаларыңның тілеуін тіле, солар аман болсын, Сапақ, сен де белінді бекем бу. Ат жетер жердегі елге кісі шаптыр, жаназасына ертең түс қайтпай жиналсын. Жаназа намазын оқитын молдалар, сүйекке түсетін кісілер бар – бәрін де реттеп соны қамдауымыз керек, – деді Лау мырза.

– Мырза, сөзіңіз дұрыс, кам істелу керек, бірақ жаназаға шақырылған жұрт ертең үлгере алмайды. Онан да бүрсікүні “бай дүйсенбі”, сол дүйсенбінің сәске түсінде сүйек үйден шықсын, жаназа намазы сонда оқылсын, бұл сөздің бітуанасы осы болсын, – деді Сырттанбай.

– Дұрыс, шырағым, сенікі дұрыс.

– Я, онсыз болмас, – деп уәделесті.

Сол күні кешке жақын Қошан отауына екі салт атты кісі келіп түсті. Қорыспайдың өлігін күзетуде еркектер қалып, әйелдер үйді-үйіне тараған кез. Сәуле мен Ағыжан отауда отыр.

– Кеш жарық! – деп кіріп келген Жәдігер екен. Басында құндыз бөрік, үстінде көк барқұт шапан, аяғында биік өкше саптама етік, қолында тобылғы сапты жеңіл қамшы, қара мұртты қаншырдай қара сұр жігіт. Оң жақта екі-үш рет қана көрген Жәдігерді шырамытса да Ағыжан танымай қалды. Екі әйел екеуі де орындарынан ұшып тұрды, Сәуле төрге көрпе жая бастады.

– Танымай тұрсың-ау, Ағыжан, мен Жәдігер емеспін бе? Ақмола дуанына суыт келіп едім, енді Түркістанға да суыт қайтып бара жатырмын. Байсақал ағамыздың азғана жоғалған малын іздеп, әкем Тәшкен, Қоқан кетті, Піспек, Тоқпаққа да кісі жіберілді, менің еншіме тигені Ақмола дуанын сүзу болды. Барғанда Бәкең “Балам аман ба екен?” – деп сұрайды ғой, ағаның базынасын арқаламау үшін әдейі амандасқалы бұрылдым, – деді де, ілгері бір аттап Ағыжанға құшағын жайды. Екеуі еріксіз айқаса кетті, өксулерін біразға дейін баса алмады. Қуаныш пен қайғының арасы алыс болмаса керек. Жат жерге ұзатылған қызға төркін ыстық.

Үйдің ішінде үн жоқ. Оттың жарығымен Сәуле шай құйып отыр, оң жағында Ағыжан. Жәдігер төр алдында, екі арада бір кісілік орын бар. Бұл, зәуі шайтан, келіп қалса күйеуі Қошан отыратын орын.

– Ұрлап кетті ме, жоқ барымта ма? Қанша малы қолды болды? Ағыкем күйгелек еді, қатты ренжіп күйзеліп

қалған жоқ па? Бұл уақиға апам осыдан қайтып барған соң килікті ме? – деген сұрақтарды Ағыжан үсті-үстіне жаудырды. Айтарын айтса да Жәдігер енді састы.

– Онша ойсыраған еш нәрсе жоқ, қалқам, оның үстіне рулы ел боп іздеп жүрген соң ауыртпалық біліне ме? Мал қолдың кірі ғой, – деп сүйей салды Жәдігер.

– Қосылған күйеуінді, бақытты өміріңді көргелі келіп едім, жаназаның үстінен шығып құтсыз қонақтай болып отырмын. Естуімше, жасы келген, ұлын ұяға қондырған адам көрінеді. Алдынан жарылғасын, – деп әңгіменің желісін аударып қалды. – Өзің үндемейсің ғой, бұрын тентек қарындасым едің, мінез де өзгереді екен-ау?! – деп түйіле қалған қабақты жадырата сөйледі.

– Асау мінездің бәрі үйде қалды ғой, аға, мен енді тыңдаушымын, айта беріңіз, – деп Ағыжан Жәдігердің бетіне жауаңдай қарады.

Шай ішіп, ет жеп болғаннан кейін Сәуле екі қонаққа төрге төсек салып берді де өзі Ағыжанның қасына жатты. Түндік жабылды. Жазды күнгі сүт пісірім таңды ағасы мен қарындасы кірпік қақпай өткізді. Ағытылмаған әңгіме, шертілмеген күй қалмады. Өте келте өткен түн осы.

Ертеңіне Жәдігер Қорыспай үйіне барып, Сапаққа сәлем берді. Көңіл айтты. Жоқ іздеп жүргенін білдірді де жүріп кетті.

Қорыспайды қойып келген түні, ағасы өліп, аза тұтқан Сапаққа бір қаға берісте Ұлдай тіл қатты. “Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан” – дегендей осы Ақ келіннің «аяғы құтты болмады-ау! Келмей жатып еліміздің арысына ауыз салды ғой. Ойыма келген соң сырымды сізге айтпағанда, кімге айтам? Әрине, өгейдің өті күйсін – деседі, менің қаймығатыным да сол “шикілігім” болар. Жұрттың бәріне аян, мен кедей балықшының қызымын, ол “мыңды айдаған азуы алты қарыс” Байсақалдың қызы, сіздің тұңғыш келініңіз. Ендеше, оған не істесе де жарасады. Тіпті мені басынуы да орынды шығар. Бірақ мен кімнің аяғында жатырмын? – деп жортақтады Ұлдай.

Сапақтың жүрегіне кектің қоламтасын байқаусызда тастап жіберді. Ұрымтал кезеңін тауып, нәзік жерінен түйреді, өсектің өткір найзасын қансырата шанышты. Байлықтың буы меңгере билеп, толғануды мүлде ұмытқан Сапақ ықтыжарды тыңдамады, алқым ашу керней жөнелді. Бүгін еліміздің қабырғасы қайысып Қорыспайдай жампоз өліп, жұрт күңіреніп жатқанда Ақ келіннің дауыс қылып жоқтамауы да зор кінә сияқты. Қойнында жатқан Қошандай жарын сыйлап осы үйдің отымен кіріп, күлімен шығатын күні бетімен кетуі де, бейбастақ Сәулемен қатар түзеп тойға келгендей жайдары жүруі де байқала қалды. Бәрінен ауыры “ағалап” асты-үстіне түсіп, оң жақта ойнап-күлген көз танысы Жәдігерді әлпештеп отауында қыз ойнақ жасауы, мүлде басыну тәрізді. Тіпті сары ала сандықты ашпауынан да, қапталына алмай менсінбеуінен де мына қылықтары сорақы екен. Жек көре бастаған жүрек ешкімнің жақсылық жағын көре алмаса керек. Өткеннің бәрін ине-жіпке тізіп Ұлдай шешеміз өр Сапақты ұраға осылай итеріпті.

7

Тап сол Қорыспай өлген күні Ұлдайдың әкесі Тоқабай күндіз күні бойы балық аулайды. Қаңырығы түтеп қатты сусайды. Өзеннің басында жүріп сусау, шөлде жүріп сусаудан басым. Ындының кеуіп жылымшы суды алғаш рет бір жұтқаннан кейін азырақ сусының қанғандай болады, бірақ артынан жиі-жиі ішкің келе береді. Бір жағынан кебежедей болып ішің суға толса, екіншіден күн өтіп кетсе, сатқақ болуың да ғажап емес! Осының бәрін бұрын басынан талай кешірген әккі Тоқабай өліп бара жатса Нұраның суын татпайды. Күзді күні Нұраны жағалап, қармақ салып, балық аулайтын жұрт көп болады. Осылардың жемді қармағына талай ілігіп, үзіліп кетіп, “шолп” етіп суға қайта түсіп құтылған ірі балықтар, әбден дағдыланған шортан, шорағайлар, алабұғалар жуық маңда

“қаба қоймайды”, қармақтағы “жемді” тиіп қашып, ептеп шегінен тартып сүйрете жөнеліп, қалтқыны қылт-қылт еткізіп, Тоқабайдың күні ұзын зықысын шығарады.

“Қан сонарда із кесіп, ақ тиін, сасық күзен аулаудан қызық нәрсе жоқ, қасқыр қуып, соғып алу да бір абзал дүние”, деп тамсанады екен, мына біздің әкеміз Құдайберген.

– Топтан таңдап мінген жарау боз шұбар ат астында жүрсе, әрине, қызық қой! – деп Балатайдың сөзін демеп қойды Тоқмағамбет.

Алайда, Қорыспай марқұм бұған қосылмапты, ол кісі былай деп толғайды екен: “Шіркін бүркіт, томағасын сыпырып алғанда қанатын қомдап, түлеп қоя берсе, аяқ бауынан босанған заматта шарықтап аспанға шыққанша азырақ аялдап тұрсаң, сонсоң ол шұқшия құйылып, түйіле сорғалаған жаққа қарай артынан арсалақтап құйғыта шапсаң, шекпеніңнің артқы өңірі аттың сауырын жауып, алдыңғы екі өңірің екі жаққа далбақтап жетіп келгенде, бүркіт алтайы қызыл түлкіні тыпырлатып бүріп жатса, міне бұдан қызық нәрсе бола ма?” - дейді екен ол. Ал мына біздің Тоқабай балық аулаудан қызық кәсіп бар деп өмірге түсінбейді. Балық аулауға ынтызары ауады да тұрады. Сонша еңбек сіңіріп кешке шейін қармақ салғанда, алып қайтқаны екі ит балық, он шабақ, бір шорағай болады. Қас қарая үйіне келіп, бір шәугім шайды жалғыз өзі ішіп, әбден қанып қатты ұйқыға кетеді.

Таң рауандап келе жатқанда шапқан аттың дүбірі естіледі. Мырзаның аулынан қос атпен жеткен жаназашы жігіт айғай салып өте береді.

– Қорыспай дүние салды, сүйек ертең түс қайта шығады, мырзаның өзі басы-қасында, ана құдасы Тоқабайға айта салыңдар, - деп асыға сөйлеп текіте жөнеледі.

“Құдасы Тоқабайға” – деген дыбыс шыққан кезде өзін елегеніне тебіреніңкіресе де, “айта салыңдар” – деген немқұрайды дауыс шымшып алғандай болды. Ұлдайы көз алдына келді. Ұлындай көріп, мәпелеп өсірген Ұлдайы

жалғыз лағы, көлдің шетіне бітетін көк майса әсие құрағы еді. ”Кедейліктің, жалғыз үй аздықтың салдарынан жанын пида қылатын сол Ұлдайын шырылдатып малға сатқан, алпыстан асқан Сапаққа тартуға тартқан, “ақсақ қыздың қайыр сәлеміндей” етіп, жылқышы Құдайбергеннің қанжығасына байлап жіберген, мына егіз екі оңбағыр Лау мырза. Қарғаның қарға көзін шоқысын ба? Тұстасына, тұрғылас досына еңбек істеді ол, қалың малын да өзі алды, дербес билеп-төстеді. “Әлі келген алып та жығады, шалып та жығады...” Кім көрінгенге жем болып осылай кеткеніміз ғой, – деген ұзын сонар ойларға шомып тұрып, күбірлей сөйлеп, алакеуімде лашығының сыртында Тоқабай қатты назаланды. Терезесі тең құдасы болса, елеп, арнап келіп, ең әуелі Тоқабайға хабарлар еді. Жүрегі құрғыр осыны түсінеді.

Қорыспайдың жаназасына кетіп бара жатқан көк ала байталды Сүгір үйдің сыртында көйлекшең тұрған Тоқабайды көріп бұрыла жүрді. Жалпы жұрт Нұрадан өтіп, Темештің Құм көліне қарай күнбатысқа беттеп сөгіле тартқанда, Сүгір кейінірек қалып, қиыстай жүріп, Тоқабай үйіне ойысты. Өзімен бірге ала кеткісі келді.

– Ассалаумағаликум, Тоқым мырза, неғып тұрсың? Қазаның қайырын берсін... Жүрмейсің бе?

– О, ғаликүмәссәләм, салаумағаликүм, – дейді Тоқабай, жасы үлкен Сүгір үй иесіне бұрын сәлем бергенде, жасы кіші Тоқабай жауапты осылай қайтаруға міндетті. “О, ғаликүмәссәләм” – үй иесінің жауабы, ал “салаумағаликүм” – деп қайталауы кішіліктің ибасы. Осы “салаулардың” – мағынасын екеуі де дәл түсінбейді, әйтеуір дағдылы жол-жора.

– Байдың туғаны да той, өлгені де той, ал мен кімге керекпін, мені Қорыспайға азаға салайын деп пе едіңіз? Қыз бір шіріген жұмыртқа, азасына Ұлдайым да татыр, мен сол азаны бұдан екі жыл бұрын салғам, мен емес оны Лау мырза жетектеп апарып берген. Көпке топырақ шашасың ба? Әйтпесе... – деп Тоқабай сөзінің ақырын булығып айта

алмады... Келеке еткені, менсінбеуі шымбайына батады. Кернеген ыза бұрқ етіп, сыртқа долдана шығады.

- Осы, Тоқабай, сен неге қынжылдың? Сен қызыңды ортадан ойып, Тоқаның құты, он сегіз мың жылқының иесі Сапаққа беріп отырсың, Ұлдайыңның қазір ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс, ауызынан жалын шығады, ал мен Сәулемді оның жылқышысы, былай айтқанда малайы, Құдайбергенге беріп те өлмей жүрмін ғой. Керек десең мен Қорыспайдың жаназасына барып, сүйегіне түсіп, басына байлаған қысырақтың үйірлерін айдап қайтқалы бара жатқаным жоқ, сол көзімнің нұрындай жауандаған “көкебегімді” көріп, маңдайынан бір иіскеп, мауқымды басып қайтқым келеді; Сәулемді көргелі барам, – дейді Сүгір. Тоқабай ширай түседі. Ауыздығы алулы көк ала байтал басын жерге салып, жұлып оттайды, екі аяғын тәлтіректей басып, тұқырып ілгерілей береді. Үстіндегі Сүгір баяу ырғатылады.

– Әй, Сүгір-ай, көп нәрсені кейде білмей де айта бересің-ау! “Ақ дегені алғыс...” болса ұзын етек үйсіннің қоңсысы аз үйлі Нұрбай Байсақалдың қызы келмей жатып басынар ма еді, ол менің Ұлдайымды – өзінің енесі ғой былай айтқанда, менсінбей кесірленіпті, сандықтарын аштырмапты, әкелген жасауын тығып, көрсетпепті. Ақ келін, көк келін деп дәсерсітеді жұрт сол көк айылды. Маған бір тиын күрешке қажеті жоқ, бірақ ішіңнен шыққан балаңның осындай кемдікте жүруі батады, – деп ойындағысын ірікпей ақтара салды Тоқабай. – Мен дүниеде не көрмедім, неге көнбей жүрмін. Кеше Қарғашымды Сапақ бай өртеп өлтірді, енді бүгін оның келіні Ұлдайыма жожаңдайды. Осының бәрі менің кедейлігім, сор үшін біткен тайқы маңдайым ғой. Көріп отырып білмегенсіп, енді сен де келемеждеуге беттедің бе? – деп Тоқабай тікенектей қадалды.

– Ауыл үйдің өсегі жата ма? Мұның шет-жағасын мен де естігем. Айтып тұрғаның әлгі сары ала сандық қой,

Әйелдердің арасындағы ұсақ сөз екеуімізге не керек? Сол сандықтың ішінде адамның жаны бар деп тұрмысың? Онда тай-тұяқ жамбы да, лағыл гауһар да жоқ, мен білем не барын, Сәулем маған бәрін айтқан, мін атыңа, қысыр әңгімені доғар, жүре сөйлеселік, – деді Сүгір.

Айтқанынан қайтпайтын бірмойын доғал Тоқабай бедірейіп тұрып қалды. Көк ала байталын екпіндете аяндатып, Сүгір бүлкілдей жөнелді.

– Шіркін-ай, менен бұ да артық. Құдайберген жылқышы емес, жігіттің төресі ғой, бұл өңірде теңін тапқан жалғыз қыз осы Сәуле. Соны біле тұра, “Құдайберген жылқышы, ол малай” деп қомсынған болып, өтірік аярлана қалуын көрмейсің бе?” – деп ішінен сұқтанды да, күндегендей де болды Тоқабай.

Әр мезгілдің өзіне сай ұлылы-кішілі жәйіті бар. Әйел әңгімесіне ол заманда “уақ-түйек”, “пыш-пыш”, “өсек-аяң” деп қарайды. Жесір дауы жер дауы, кісі өлтіріп құн тарту, барымталасқан рулардың арасындағы жанжалды шешу, – міне бұлар зор уақиғалар. Бұл әңгімелерге араласып, ел тағдырын жалғыз ауыз сөзбен шешіп тастау сол кездегі тақымы и, ауызы би болған шонжарлардың сыбағасы. Бұдан қағажу қалған, айтқан сөзі ем болмайтын тобыр көпшілік, озбырлықтың тегеурінді тепкісіне түсіп, жүнжіп жүрген сорлылар осындай “уақ” әңгімеге үйір болады. Қактыққан-соқтыққан “уақ-түйек”, жаяу хабарлар Тоқабай мен Сүгірдің құлағына да осы сарынмен келіп жетеді. Арты не болары әлі белгісіз...

Балатай дыбысы толастай қалды. Күн еңкейген кезде бәрі де тысқа шығып желпіністі. Беттеріне самал жел жібектей тиді.

8

– Әкеңнің әңгімесі біткенше осы кісілер тарай қоймас, Жәзірәжан, сен самауырын қой, шойынтаққа су құйып берсең, жеңіл-желпі тағам асайын, – деді Жанғаным.

Үйдің сыртында төртеуі отырып тағы әңгіме-дүкен құрды.

– Балатай, сен өз руыңды – Тоқаны мадақтай бермей, біздің нағашыға барып, Қаратау жағын сүзіп өтші, оларда не боп жатыр екен? – деді Жетімек. Келте қайырса да ұпайын сала тежеп өтті.

– Сырттай тыңдаушыға, Балекем туған шешесін даттап отырғандай естіледі, бірақ біздің ескі өмірімізде әйел жынысы кек алуды білмейтін. Бас еркін іздеген Баян сұлу да, Еңлік те, Жібек те қыршындарынан қиылған болатын. Ат құйрығына байланып босқа кеткен. Бәріміз де ардақты анадан тудық қой, мұндай жігер иесі әйелдің қайсар қылығына сүйсінбейтін адам – ынжық болар, – деп түйіп айтты Дүйсенбі. Балатай қатты ырзалығын білдіріп, жадырай түсті. Жас жігіттің кескініне үшеуі де үңіле қарады. Тоқмағамбет те жігіт сөзін өте ұнатқанын сездірді, қозғалақтап қалды.

– Жарайды ендеше, Байсақал ауылына барайын, онда не боп жатыр екен, – деп жымыды Балатай.

Ағызжанды кербез тоқал Ұмсындық құтты қонысына қондырып қайтты. Екі күн өткен соң Несібелді бәйбішесінің үйінен үлкен ауылдан шығып Байсақал кіші ауылына келді. Тоқалы жайдары қарсы алды. Ел көріп, жер көріп, нелер қызық думан-тойды өткізіп, бір жасап қалған секпіл бет, тарғыл тоқал бүгін өте сергек. Ұшып түрегеліп, төрдің алдына төрт қабаттап көрпе салды. Күбішектей жуан Байсақал жөңкеріліп отыра кеткенде Ұмсындық оның күпісін шешіндірді, сөйтіп күпіні жетім босағаға, тымағын апарып төрдегі адалбақанның басына ілді.

Таңертеңнен кешке шейін шыңырау құдықтан қауға тартып мың жылқыны бір астаудан суарған жанша әбден титықтаған бай ентіге ыңқылдап, екі қолымен жер тіреп, еңбектей көтерілді, ол сиыршылап тұрды. Әлгі жайылған төрт қабат көрпенің үстіне барып, малдасын құрып отыра

бергенде, тарғақ бет тарғыл тоқал артынан әкеліп жанат ішікті жапты. Басына сусары бөркін кигізді.

Үстіңгі ерні мен астыңғы ернінің жиегіндегі шашау шыққан сақал-мұртын тықырлап іскекпен жұлып басқан екен Байсақал. Алыстан қарағанда аузының айналасы көгілдір тартып, түбіттелген ешкінің шабындай болып көрінді.

Шидің ішінен бір тегене қымызды алып шығып, шығыршық ожаумен Ұмсындық сапыра бастады. Оң жақ қарының үстінен кимешектің етегін иығына қарай көтере серпіп, қабағын бір шытып, есікке қарай көзін сығырайта тікті. Көптен бері көрмей сағынған тоқалына мойнын бұрып, түкті қасын керіңкіреп, жадыраңқы жылы шыраймен емірене қарады Байсақал. Осы қарасында: “я, айта бер, мен тыңдауға дайынмын” – деген ниет сайрап тұрды. Ұмсындық түсіне қалды да:

– Ағызжанды аман-есен жылы орнына қондырып қайттық. Күйеу балаңыз Қошан жігіттің сұңқары. Ауыл-аймағына түгел жұлдызды, бәрі де аузынан тастамайды. Құдаңыз бес ағайынды кісі, бесеуі бес ауыл. Мыңғырып жатқан жылқы. Бәрінің байы Сапақ, кенжесі де, тентегі де, үлкен үйі кара шаңырағы да сол. Бірақ бәрін билейтін үлкен ағасы Қорыспай екен. Ол кісі көптен бері сырқат, біреу оны сал ауру, біреу жел науқас деседі, мен не екеніне түсінбедім.

Бей-берекет алыс, ит өлген жер. Шудан шыққаннан кейін бір ай жүріп әрең жеттік. Елінің салты бізден мүлде басқа. Ол жақта өрік, мейіз, қант, шай деген ныспы жоқ. Таңертеңнен кешке дейін құрт, ірімшік, май, бал қаймақ, піскен қаймақ, иіндеген қара саба, сапырылған сары қымыз, табақ-табақ ет, туырылып жатқан қазы мен қарта. Етке нан салынбайды, сондай бір сұмдық!.. Адам аусыл болады екен, тәтті жемеген соң. Тәтті емге ұшпайды...

Әйелінің сөзін тыңдап отырып езуін тартып күлді де:

– Шұбырта бермей сен өзің мынаны айтшы, – деп сақалын шошаңдатты Байсақал. – Құда мен құдағи келіннің

жасауына ырза ма екен? Сендер барғанда қай жерде екен, елі-жұрты жиналды ма? Қандай келелі сөздер болды? Кімі не айтты? – деп сұрады.

– Құда мен құдағи ырза. Ырза болмағанда қайтеді? Жиылған жұрт сырлы әбдірелерді көріп өліп кете жаздады, көп тамашалады. Құда мен құдағи өздері келіп, аралап, кілттерін ашқызып бәрін көріп шықты. Өрік пен мейізді білмейтін, жүн жеп жабағы күйсеген ел екен, бір кенеліп қалды-ау!.. Жалғыз-ақ жарасымсыз жағдай болды – сары ала сандықтың кілтін Ағыжан бермей-ақ қойды. Ол сандықтың ішінде келешекте туар баланың бесік саймандары мен жөргектерінен басқа түк те жоқ еді. Еркежанға айтып-ақ бақтым. Менің де түбім шикі, өгей деген атым бар ғой. Осыны адуын тоқал Ұлдай өте жақтырмады. Өзім Ұлдайды кіналай алмаймын, ол өз бастасым. Түбі осы әңгіме жақсы емес, – деп Ұмсындық күрсіне сөйледі. Байсақал елей қоймады, көп сөздің қосағында кете барды.

– Біздің алдымызда ғана бір Құмкөл деген көлге көшіп қонған екен. Ол жақта жолшыбай біз Шажағай, Сарысу, Құланөтпес деген өзендерді көрдік, – деп Ұмсындық саулата жөнелді. – Біз барғанда келген кісілері Лау мырза, Телғозы, Көбен сыншы, Сырттанбай дегендер. Лау есеп айтады – елі оған нанады. Ол биылдан көрі ендігі жылы қыс қатты болады, жұрт жұтығады десе қате кетпейтін көрінеді. Көбен сыншы адам мен малды сынағанда тап үстінен түседі, айтқаны екі болмайды. Телғозы тұйық адам, көп сөйлемейтін момын кісі, кішкентай шегір көз сары баласын ашамайға мінгізіп, қасынан тастамай ертіп жүретін көрінеді. Баласының аты Шоң, тегі, қырғыздар қойған ба, қалай? Тықылдаған бір ділмәр жас жігіт, өне бойы толған сөз, білмейтін бәлесі жоқ. Біздің осы елді де түгел таратып қаз қояды, сізді де біледі. Сапақ құданың қаймығатын кісісі өзінің жас тоқалы Ұлдай мен сол Сырттанбай-ау деймін...

– Өзің, тегі, Сырттанбайды жақсы көріп қалғаннан аманбысың? – деп Байсақал азырақ әзілге қарай бұра сөйледі. Токалын қытықтағысы келді. Мекерліктің мектебін бітірген Ұмсындық айылын жимастан көсіле сілтеді.

– Қойшы әрі, бет-аузында тұлдыры жоқ бір көсе, қызыл иек шақа баланы қайтем? Кім көрінгенге ие кететін сіз емеспін ғой... – деп бұртия қалды Ұмсындық.

Бұл зілді ашу емес, алайда, келешекте қайталамау үшін осындай кезеңде бет қаратпау керек, кәрі күйеуін бір тежеп алу керек, реті келгенде осылай ұпай салып, бәлені өзіне жауып, мойындатып қойса, жас тоқалға бұл үлкен тыныс. Күндес таласу көп айлаға, соны мекерлікке, монтаны аярлыққа үйретеді. Құяң бәйбіше Несібелді тұғырдан түссе де, Байсақал оны әлі жақсы көреді. Ол Ағыманның шешесі, көптен бергі сыралғы досы, жасынан қосылған қосағы.

Байсақалдың Ұмсындықты алуында үш түрлі себеп бар. Біріншіден: қой көбейді, қотан керек, екі қатынды екі жерге екі ауыл етіп қондырып, қойды екі қотан етпек болды. Екіншісі: Несібелдіден еркек бала көрмеді, ертең өле кетсе еңсіз жылқы иесіз қалмау керек, атын, орнын жоғалтпайтын мұрагер ұл керек болды. Үшіншісі: қос қатын алу елдің салты, байлықтың, барлықтың, қолы жеткен мықтылықтың айғағы. “Қазақ байыса қос қатын алады” дейтін кез. Осы себептердің үшеуі тоғайласып тегеурінді салмағын салып, ықтиярсыз көндіріпті.

– Ассалаумағалейкум, – деп кіріп келген Сұраншы батыр. Әлі қырыққа еркін жете қоймаған еңгезердей сом денелі, кеудесі шалқақ біткен, бет-ауызы күнге күйіп тотыққан, ерні жалақ, көсе кісі. Ағыманды ұзатып апарып салғанда, Ұмсындыққа жолдас болып, сүбелі құданың орнын жоқтатпай, Байсақалдың өзі жоқта сөзін сөйлеп, ел намысын жатқа аяқ асты қылмай, көлдің басын қорыған қызғыштай ара түсіп, аман-сау алып қайтқан осы Сұраншы.

– Бөле қайным келді ғой, енді сен сөйлеші, қызық әңгіменің көбін мен ұмытып та қалыпсын, – деп Ұмсындық алыс сапардан бірге барып қайтқан, күнде әңгімелесіп үйреніп қалған жолдасы Сұраншыға сүйене сөйледі. Байсақалға жымыып жылы қарады. Тап осы кезде Байсақал есікке көзін тігіп тесіле қалды. Қос ашпалы сырлы есікті Сұраншы кіргенде екі жағына шалқита қайырып кеткен еді, сыртқы киіз есіктің ергенегін сырыққа іліп, маңдайшаға қарай түріп тастаған. Есігі күншығысқа беттеп тігілген ақбоз үйдің алды қойдың қотаны, аржағы жазық дала. Ат шаптырым жерден қатарын түзетіп, айналасын сағым көтерген, етегі мұнарланып бозғыл тартқан, қос емшектей бұлтып, көгілдірленіп екі қоңыр шоқы көрінеді. Ақ селеу мен боз жусан араласа өскен жазық дала күн сәулесі құйылған кезде құлпырып, көздің жауын алады. Күзді күнгі жайқалып шыққан сұлының аңзындай әппақ. Күннің көзін бұлт басқанда бетін көлеңке жауып, әлгі құлпырған ақ селеулі шаңқан жазық томсара түнереді. Қара жусан мен тікенекті баялыш басқан, сиықсыз татырау сияқтана қалады. Ойды билеп, жанды тебірентіп, көздің нұрын сүйрей тартатын, алыстан қарағанда шалқар көлдей болып көлбеп жатқан сағым да лезде үшті-күйлі жоғалып кетеді. Табиғаттың осы құбылмалы көрінісі Байсақалды да қобалжытады,

– Шырағым, Сұраншы-ай, күннің ыңғайы жаман, биыл осы қыс қатты болмаса игі еді? Бір аңызғақ жел ылғи “қарсы алдынан” соғады да тұрады. Арқада қыс қатты болады деп Лау мырза айтса ол, әрине, қате кетпейді, мен Лауды көрген едім. Ол киелі адам. Ол кісінің шын аты Лау емес, Нұрғожа, – деп Байсақал тамағын кеней жөтеліп, азырақ тамсанып Сұраншыға бұрылады. Малдасын құрған екі тізесі кезек көтеріліп ілгері ұмтылатын кісіше қомдана түседі. Әлгі айтқан ойына тиянақ іздегендей себепсіз езуін тартып, Сұраншыға жадырай қарайды.

– Күн жаман болса айығар, ал адамның жаманы, пиғылдың жаманы айыға қоймас Бәке... – деп көңілісіз

күмілжиді Сұраншы. Шұбар ала тостағанға толтыра құйған қымызды іркілместен тарта салады. Әлде кімнен өшін алғандай болады. Астыңғы ернімен үстіңгі ернін қапсыра уыстап, қымқыра сорады, қылтанағы тікенектей қайратты мұртына айрандай ұйыған қою қымыздың ірімтік тамшысын жалап-жұқтап біраз отырады да әлдене уақыттан кейін шұбар ала тостағанын “аяқшы” балаға ұстата береді,

Көмескі естілген дүдәмал, желбуаз әңгіме Сұраншының мазасын алады, жанын жегідей жейді, жүрегі күпті, басы әңкі-тәңкі, ойы ұйқы-тұйқы.

– Бәке, мен ертең тауға көшем... – деді Сұраншы, аузы-мұрнынан шығып, шыпылдап толған тостағанды “аяқшы” баланың қолынан қос қолдап екінші рет алып жатып.

– Бөле қайным сусап отыр екен, тостағаны лықылдап, өте толып кетті ғой, – деп қабағын шытып тегенедегі қымызға үңіле қарады Ұмсындық. Тегененің түбінен керенау көтерілген саптыаяқ сопақ ожау қымыздың бетін жыбырлата бұлқынып шыға келгенде, тарғыл тоқал көзінің құйрығын ожауға бір, Байсақалға бір тастап арбап отыр еді. “Тостағанның толып кеткеніне айыпты мен емес мына ожау ғой”... деп аңғартқысы келеді. Мұндай ұсақ әңгімеге Байсақал онша көп мән бермейді, байқаған да жоқ. Байсақалдың ойы басқа жақта.

Осы тұста Балатай қиялай жорытты: – Осыған орай ойыма бір уақиға түсіп кетті, соны айтайыншы, – деді ол. – Баяғыда бір байы өлген жесір әйел, қатыны өліп, үйі сынған біреуге тиіпті. Алғашқы қосылған күннен бастап-ақ осылар “кезбас” болып, келісе алмапты. Сонда жұрт “Ой, бейшаралар-ай, өйтпей қайтсін, олар күндіз ғана екеу, түнде төртеу ғой” – деп аңыз қылады екен.

– Сондай-ақ осы үйде қымыз ішіп отырған үш адамның ойы үш салада жүріп жатыр. Сұраншы: “Мен ертең тауға көшем” – дегенде өзінің бұралқы кірмелігі, аз үйлі Нұрбай екені, іргелі ел Ұлы жүз үйсіннің көптігі келіп Байсақалдың есіне сарт ете түсті. Нағашы апасынан,

Нұрбай қызынан туған Сұраншыны іш тартып, бөле қайным” деп Ұмсындықтың туысқансырай сөйлеуі де сүйенудің белгісі. Үлкен ауылдың итінің де күйрығы қайқы болады. Ұлы жүз үйсін Торғауыт бидің тегеуіріні Байсақалға бұдан бұрын да қатты батқан екен. Ана бір жылы Бөлтірік деген кісі шаршы топта қалжыңдай отырып Байсақалға “құда болайық” депті. “Нұрбай атам баласынан ілгеріде де қыз алысып едік, тағы сүйек жаңғыртсақ қайтеді?” – деп сипай қамшылайды. Бөлтіріктің бұл сөзін “сен кірмесің, қаңғырған Нұрбайсың, байыдым деп көкіме, көзіңді аш”, – деген ишарасы деп ұғады, Байсақал жүрегіндегі бітеу жараның ауызы осылай ашылады. Кіді Байсақал морт сынады. “Ағыжаным әзір жас қой” – дейді. Бұл аз үйлі кірме Нұрбайдың биязы айтқан, жалтақтай сөйлеген “сөзбұйдасы” болып есептеледі. Байсақалдың ындынын, асқақтай сөйлеген байдың пиғылын түсінген Бөлтірікке бұл сөз оңай болмайды. Содан ішіне қан қатып “сені ме” деп жүретін Бөлтірік биыл жазды күні Торғауыт бидің ауылымен қанаттаса қонып, бірін бірі ерулікке шақырысып, шұрқыраса шүйіркелесіп, табысып қалады. Байсақалға бұл сыр мәлім болады. Үш жүздің баласынан иығы асқан Әділ би Торғауыттың аруағын күндеп, көре алмай қыңыр жүретін теріс азу Бөлтіріктің аяқ астынан ауыз жаласа қалуы тегін емес деп топшылайды. “Ұзыннан өші, қысқадан кегі бар” үлкен ауыл әуреке салар, қол жұмсар деп қорқып, он алтыға еркін толмаған Ағыжанды аттың жалы, түйенің қомында, тұтқиыл ұзатуы да осының салдарынан болады. Сұраншының “ертең көшем” деп көнекті сырттан сұрап отырғаны да сол белгілі “Қаратау”, баяғы қыр көрсету. Көзге шыққан сүйелдей етіп, Байсақалды жалғыз үй қалдыру, елдің шетінде, жаудың бетінде жападан-жалғыз қалса, сонау екі арасы айлық жол Арғын келіп, кегін әпергенше паналайтын бұтаның түбі де жоқ. Мына күнде барымталасып, қидаласып отырған қырғыздың Манабы Шәбден кісісін жіберіп, бар малын тік көтере айдап әкетсе кім ара тұрмақ?.. Міне, ұзын сонар

осы толғаулар титықтатқан Байсақал сонау көрінген қос қоңыр шоқыға әлі қадала қарап отыр.

Сұраншы мүлде басқа ойда. Кеше кешке жақын апақсапақта жұбайы Таңсықпен екеуінің арасында бір мөлқам болды. Көптен бері ашылмай жүрген сыр ашылды.

Ел орынға отыра бергенде Сұраншы кісесінің қынынан кездігін іздеді. Кездік жоқ боп шықты. Әңгіме осыдан туды. – Кездігім қайда, менің кісемді орнынан қозғаған қандай ант атқыр, – деп тарыла сөйледі Сұраншы.

– Отағасы-ай, тарылмаңызшы, кездік қайда кетуші еді! Табылар, бір жерде жатқан шығар, егер далада түсіп қалмаса... – деді де, Таңсық, аса шыжалақтап асыға қоймады. “Тарғыл тоқалдың үйіне тағы барғысы келіп отыр-ау”, деген ой Таңсықтың жүрегіне шық ете түсті.

– “Далада түсіп қалмаса?..” – деп сен осы неге нығызданасың?.. Не айтқың келеді, айтшы?.. – деп Сұраншы әйеліне шүкшиды.

– Бала-шаға, мал-жанды ойламастан үш-төрт ай ел қыдырып, су сыдырып қайттыңыз ғой, мүйізіңіз шықса, сұлу тоқалдардың қасына барғанда сізде ес қала ма, бір жерде түсіп қалған шығар, әйтеуір осы үйге келгелі мен ол кездікті көргем жоқ...

Көзі шатынап, қабағы түксиіп, екі ұрты суалып, астыңғы иегі теңселе қозғалып тұр. Тістерін шықырлата қайрап:

– Тағы айтарың бар ма? Доңғыз, дүнгене – нойыс... деді Сұраншы.

Әйелдің қызғануы – жақсы көруінің айғағы – деп бір сұрқия құрбысының айтқаны келіп, аңқау Сұраншының кеуліне қона қалды. Сұраншы оның сөзін құранның аятындай көреді екен. Қызғана сөйлегенде Сұраншының шоқтығы көтеріліп, жиби түсетінін машық білетін Таңсық тізгінін тежемей, ауыздығын шайнай жөнелді:

– “Ер туған жеріне...” деуші еді... Мекер тоқалдың шашбауын көтергенше, қымызын ішіп, етін жегенге мәз болмай, елден шығып, шошайып, біреудің босағасында жүрмей, ана шақырып отырған өз туыстарына, тауға неге

көшіп кетпейсің? – деп аузына келгенін аянбай айтып Таңсық далаға шығып, түндігін жапты. Ұзын сөздің қысқасы Сұраншы таңертең төсектен тұрғанда, жынын алдырған бақсыдай, кешегі барлық ашуынан айығып, тауға көшуді өзі қуаттап түрегелді. Қатынның тілін алу – ынжықтың мінезі, оны мойнына алғысы келмей, Сұраншы сыныққа сылтау іздеп, Байсақалға бір өкпе тастап кеткісі келіп отыр. Соны ойлап таба алмай дағдаруда.

Ұмсындықтың ой арнасы бұл екеуінен де кеңірек. Ол алыстан толғайды. Күндесі Несібелдінің таянышы, сырлас досы Таңсық. Екеуі бірін-бірі көрмесе тұра алмайды, кездесе қалса құяң кемпірдің ауруы да жазылып кетеді, алақандарына салып, сары майды жалай отырып, тамсанып қойып таңертеңнен кешке дейін бастарын шұлғысады, іреп-сойып отыратыны да осы Ұмсындық болады. Меруертпен шеттіктеген кимешегінің шажамайынан шанжағайлап шығып тұрған шаштарын сұқ қолымен сыра жымқырып, қылғына жұтынады: “Женеше-ау, әлгі бар ғой...” - деп көңірси жөнеледі, жерден жеті қоян тапқандай тағы бір соны әңгімені қоздатады Таңсық. Сонда сөзді кие жөнеліп: “Я, оның рас, айта берсең сөз көп қой” – деп бір түйіп тастайды да Несібелді әрі қарай созады, қосарлана орағытып, бір содырлы сөздің басын қылтита қояды. Құйрықтарын шипандатып, бастарын изесіп, бүгеліктен жасқанған жылқыша әуреге түседі; таңырқасып, іштерін де тартысып қалады. Сырттан шабынысып, әбден беткәрде қылып, тарғыл тоқалдан осылай өшін алады. Осы мезетте іштері босап, жандары да жай тапқандай болады. Әңгіме жалғана береді...

Осының бәрін үйде отырып білген Ұмсындық та қаруын қайырмай қалмайды...

Ауыл-үй отырған соң қатынаспау қиын ғой, күнде көрген бір беттен көңіл қайтып, соны хабарды аңсаған жүрек итермелей қуалайды. Еш нәрсені естіп білмеген кісіше монтаны Таңсық Ұмсындықтың үйіне де қыдырып келеді. “Келіншек-ау, осы сенің не арманың

бар, Ағыжандай қолғанатың аман болса, асықпа сен, әлі-ақ екі қолыңды жылы суға малдырады ғой...” – деп үйдің ішін жинастырып жүрген он алты жасар Ағыжанға карап, жарамсақсып өліп-өшеді. Үйелмелі-сүйелмелі төрт ұлы бар Таңсық бұл сөзді де жайдан-жай айтпайды: Ұмсындықтың жүрегіне шок түсіре, жігерін күм қыла, бетін қайтара сөйлегісі келгенде ол ылғи әңгімені баладан бастайды. Сөйтіп, азырақ қарпып, тежеп алғаннан кейін жадырайды. Үйінде отырғанда “бедеу дүзқара, байдан байды құртқан, қағынған без бүйрек...” – деп шалуаттап отыратынын ұмытып кетеді, енді Ұмсындықпен қосылып, ант-су іше сөйлеп, құяң кемпірді сыбайды...

Таңсықтың ауызы әңгімеден босамайды, оң жақ санына салып ұршықты сыпылдата иіріп жібереді, жігерлене түседі, ұршық шыркөбелек айналып зулай жөнеледі, сол кезде екі қолын көтеріп, аты жоқ саусағының сыртына жабысқан шүйкені жазып, шиыршық атып жоғары өрлей иірілген жіптің алдын аша береді, сөз толастамайды. Байсақалдың биязы шекпеніне бау таға отырып Ұмсындық та Таңсықтың сөзін ұйып тыңдайды. Ошақтың үстіне орнаған кара қазандағы қойдың сүті беті жыбырлай жиырылып, қаймақшып, көтеріле береді, мұны тасып төгілгенше екеуі де елең қылмайды.

“Егер Сұраншы көшіп кете қалса, Таңсықтай кер ауыздан, көк айыл долы қырсықтан құтылар едім” – деп торамжылайды Ұмсындық. Құяң кемпір жатқанынан тұрмаса, Таңсық тескен тау өтіп кетсе қандай жері кеңір еді?! Сонда он сегіз мың жылқының иесі Сапақтың бауыздау құдағиы да, Ағыжанның бұлтарағы жоқ туған шешесі де, Байсақалдың нақсүйер жары да бір өзі болар еді ғой. Бір тауда бір киік, дербес бәйбіше Ұмсындық, мырза Ұмсындық демес пе еді жұрт! Қой үстіне боз торғай жұмыртқалар еді. Міне, Ұмсындықтың жанын жегідей жеп, шаяндай шағып, меңгере билеп әкеткен осы түйіншектер.

Мосының үш бұтындай үшеуі үш ұдай ойға шомып, тына қалған кезде үйдің сыртына келіп тоқтаған аттың дүбірі естілді. Елең ете қалысты. Еріксіз қозғалысып, біріне-бірі қарап, құлақтарын сыртқа тікті. Сөйткенше болмай атын белдеуге байлай салып, бір жас жігіт суыт кіріп келді. Үшеуі де үрпиісе қалды. Келген жігіт те ойларыңды түсіндім деген кісіше езуін тартқандай, келемеждеп тұр, өйткені бұл жігіт “қоян жырық” Есен Шора екен. Жас күнінде оң жақ ұртын жегі жеп шұқырайтқан, аузы ырсыып тұратын, үндемей жай отырғанда да ыржақтап күліп тұрғандай, тістері ақсиып көрінеді. Міне, сол Есен Шора келіп, Байсақал мен Сұраншының қолын алды, төрге шығып отыра берген кезде:

– Жайшылық па, шырағым? – деп сүлесоқ сұрады да Байсақал жамағатына қарады, мұнысы “қымыз күй” деген ишараты екенін түсінді тоқал.

– Би ағам жіберді, сізді шақырып жатыр, – деп Есен Шора Байсақалға көз тастады.

Бөлтіріктің ауылы қайда? Өзі үйде ме? – деп сұрады Сұраншы.

– Бөлтекем сізге көшіп келсін деп көлік жіберді, олар да келе жатыр, - деді Есен Шора...

– Жүріңіздер бірге, енді мен сіздерді де, Байсақалды да Ұлы жүздің ордасына алып барайын, – деп қутыңдады қарт Балатай. – Бәрі де көрген жерім, дәмін татқан елім ғой, жаттығы жоқ.

Тікенекті баялыш, ойдым-ойдым көк ала көде, татырау жусан шығатын жазық жатқан жапан түз.

Арагідік кездесетін шоқырақ-шоқырақ құм төбешік, үзіліп, жылап аққан Шудың бойы. Батыстан соққан желдің ықтырмасы көлденең шөккен Қаратау, басын бұлт бүркеп томсара қарайды. Ауылдың түстік жағында қасқа маңдайы күннің шұғыласына бөленіп жарқырай түседі. Түкті қабағын қырау басқан, сақал, шашы ағарып можа болған кәрі шөңге қырғыздың Алатауы бұл. Жабырлай қонған қалың ит арқа, үш-төрт қанат керегені айкастырып,

ілдабайлап тіккен лашық үйлер, қара қостар, осылардың бәрі үдере көшкен жаппалы ауылдың баспанасы. Осы қара тобыр жапырайған лашықтардың ортасында атой беріп, жеті қанат ақ орда көрінеді. Төңіректей қонған көп лашықтың іші толған шиеттей жас бала, реңсіз, құнсыз шидем шекпен киген, астына тулақ төсенген кемпір-шалдар, жалаңаш етіне тері шалбар, тері тон киіп, беліне нокта буынған жейдесіз мойны ырғайдай сорайып көрінетін, кетеуі кеткен кескінсіз, кедейлік кеудесінен басып и қылып езіп жіберген, кілкін кескендей нелер көген көздер өріп жүр. Қатын-қалаш, қыз-қырқын, бала-шағаның көптігі адам айтқысыз. Ортаға тігілген ақ орда осылардың құтты ғана мешіті, сырттағы жаудан қорғайтын айбары тәрізді. Түркістан қаласының ортасына Ақсақ Темір көрегеннен алты-жеті ғасыр бұрын орнаған Құл Қожахмед Яссауидің мұнарасындай көрінеді. Бұл ақ орда бүкіл ұлыстың басшысы қара қылды қақ жарған әділ би Торғауыттың үйі. Айналасына анадай аулағырақ апарып матаған топ-топ ер-тоқымды аттар. Бараны мен қылаңы, күрені мен құласы, теңбілі, торысы, шұбары араласқанда көзіңе ала қозыдай бұлдырап, құлпырып көрінеді. Осынша көп аттардың үстіне салт мінген кісілер, далада келе жатқанда жер қайыстыратын ұлан-асыр топ, міне осылардың бәрін жұтып жіберген ақ орда үнсіз, тым-тырыс. Шашау шыққан дыбыс та, сөз де жоқ. Осы ақ орданың түндігінен тіміскілеп телміре қарап Алатау тамашалағандай. Күн бесіндіктен ауысып, намаздігерге қарай еңкейген кезде, ауылынан таң біліне шығып, үдере жүрген жолаушылар – Байсақалдар өктеп азар жетті. Аттарын матастыра салып, Байсақал мен Сұраншы екеуі бірге келіп кірді.

Шаршы топқа сәлем беріп Байсақал үйге кіріп келгенде аяқ жақта отырған екі-үш кісі сырылып орын берді.

Шидің жоғарғы жағында сусары тақиясын алшысынан киген ақсақалды қарт Торғауыт “әлик” алған болып, ернін жыбырлатады. “Сұраншы, былай келгін?” деп таяғымен

нұқып, өзінің алдына, бәйбішесінің аржағынан отыр деп ишараттады. Мұнысы Байсақалға қыр көрсету, жонын тосып сырт бергені, келген жерден ұпай салып, нысайын білдіруі.

Торғауыттың бетінен тозаңы шығады.

Қырғыздың манабы, Піспек дуанын билеп-төстеген датқа, Тәшкеннің жарты патшасы – жандаралдың табақтас досы Тоғалақ жіберген кісілерді өз аулына тастап, ара ағайын болып, екі елді егер қылмай бітістіріп, аброй-атаққа ие болу үшін, келелі іске мұрындық болғалы Ноғайбай ақсақал өзі келген екен. Өлгі жер қайысқан қалың топтың қолбасшысы осы Ноғайбай келгеніне екі-үш сағат өтсе де, сәлемдесіп, жай-жапсар сұрасып, бірінен-бірі озып кетпей, оқыс аттап, шоқ басып қалмау үшін, ұтылап, бірін бірі бағысып отырған жұрт, үлкендете кезегін күткен азаматтар, “нар баласы бақырмайды ғой”, даурығыспай, жамыраспай есендесіп әлі біткен жоқ еді. Амандасу аяқтап келгенде көгеннің жетім бұршағындай жалғаса Байсақал отырды. Қонақ асы беруге Торғауыт енді қам жасады. Бәйбішесі бүкеңдей басып, таяғына сүйеніп, сыртқа шықты. Сұраншы өз үйіндегі үйлесіп, шидің ішінен тегене толған қымызды алып шығып, алдына кенеп дастарқанды жайып жіберіп, бүйрек ожаумен қымыз сапыруға кірісті.

Бәйбіше далаға шығып бір жігітті өрістегі малға шаптырғанда, Сұраншы қымыз сапырған кезде жұрттың беті де жыли бастады. Ноғайбай бір ескі сүрлеуге түсе жөнелді. Құлашын алыстан сермеді.

– Тореке, “елдестірмек елшіден, жауластырмақ жаушыдан” ғой, мен халіс ағайын болып келдім, деп мәтелдеп сөйлей бастады. “Ел ағасыз болмас, тон жағасыз болмас” – Торы аға, өзіңізге келдім. Мен елшімін. “Ағасы бардың жағасы тозбас” – іні бола келдім.

– “Інісі бардың тынысы да бар” тастамай айт, тілің тәтті екен. Аяқ алысың түзу, “білген тауып айтады, білмес қауып айтады” ғой, сөйле, Ноғайбайым, – деп бір тежеп өтті Торғауыт, қуаң тартқан кәрі бет-аузына албыраған рең

кірді. Көзі нұрланып, жылы ұшырады. Қабағын көтеріп Ноғайбайға тура қарағанда Торғауыт бидің көз құйрығы Байсақалды да шарпып өтті.

- Айтсам айтайын, Торы аға, айтқалы келдім. Қоныстасымыз, түс шайыспаған тәтті ағайынымыз, - қырғыз елі, оның сорпаға шығары мына Тоғалақ манап жіберді, сізге салмағын салып отыр, ел сынасар да, ер сынасар да жерім осы. “Өз бетін аямаған, кісі бетін шиедей қылады” ғой... Ашынғандай тәрізі бар. Тентегін тыйсын, теңдігімді әперсін, қолымнан берген малымды ала алмай отырмын. Байсақалда аласым бар, – дейді, бұған не айтасыз? - деп мақта білтені қойып, Ноғайбай енді тура тартты. Желбезектен ала түсті.

Сөзінің ішіндегі ызғарын бүркеу үшін даңғыл Ноғайбай күлімсіреп, жайуат баяндады. Өрт сөндіргендей булығып, Байсақал қарайып кетті, жалаңаш етіне жыланның суық денесі тигендей мұздады. Орнынан қозғалақтап барып, өзін зорға ұстады.

Кеше қидаласып, біріне бірі алыстан қамшы сермесіп, дүрді араз болып жүрген Торғауыт пен Ноғайбай бірігіп кетіпті. Қалың жыныс орманның ішіне сыймай, елді бөріктіріп, шулығын лаң салып жүрген екі көкжал бүгін ауыз жаласа қалыпты. Көпке топырақ шашу қиын, көп аузы біріксе, бір ауыз жоқ болады. Жаяудың шаңы, жалғыздың үні шығар ма? Байсақал осылай толғап, тығырыққа тіреледі.

– Дұрыс айтасыз, Ноқа, елдестірмек елшіден... Бірақ “отты қузаған өшірер, қоңсыны қузаған көшірер” деуші еді, - деп Торғауыт биге торуылдай қарады Байсақал.

– Бұтаға қорғалаған торғай едім ғой, ең болмаса Тоғалақ өзіммен бір ауыз сөйлеспей тұрып, сарапқа түсуім батып отыр... Сонда менің оған қанша бересім бар екен? Қашан алған екем? Осыны айтыңыз, Ноқа? – деп түйіле сұрады.

– Жетім қозы түртіншек, түңілер де отығар” – деуші еді. Беттеріңіз ауса, өздеріңіз біліңіздер. Менің Тоғалақпен сауда дос болғаным рас, бірақ жегем жоқ, алдағам жоқ.

Имамағзам саудасын жасап, қонақтап жатып, сыйлас, меймандос ағайын болғаным рас, шұрқырасып дос болып, жыласып айрылысқан едік, ендігісін түсіне алмай отырмын, – деп Байсақал кілт тоқтап, тамсанатын кісіше аузын томпитып ойға шомды. Саусақтарын жыбырлатып, қамшысының бүлдіргесін шымшылап отыр. Қарсы алдына үңіле қарайды, сонда еш нәрсені көріп те отырған тақылетті емес. Үйдің іші жым-жырт, зәрені алатын қауыпты тыныштық орнағандай.

– Сүйенері бардың сөзі де солай болады ғой... – деп Бөлтірік отқа май құйғысы келген жанша бұландады. Торғауыт би аяғандай, қимағандай кейіпке түскен еді. Байсақалға жылы ұшырап қарап отырған. “Бұтаға қорғалаған торғай да аман қалады ғой” – деген сөзден бастап-ақ ұйыған еді. Қасындағы сын қарақтап, жолдасын жауға ұстап беруді намақұл деп түсінген-ді. Өзін жетім қозыға балап мүләйімсіген жаутаң сөз жүрегін қауып, алқынып та қалған Торғауыт би.

Екінші жағынан кеше жауласып жүрген Ноғайбайдың бүгін қырғыздың сөзін сөйлеп, сабытын сала, қыр көрсете келіп түсуі батып та отыр еді. Осы екі елеулі себеп икемдеді Торғауытты. Сөз жүйесін табуға жақындаған шақта Бөлтіріктің мына екіұшты сөзі даңғыл биді қайта ширатты. Араға бықсыған шаланы Бөлтірік тастап жіберді.

– Бәсе, Бөлтірігім, солай ма өзі?! – деп салды Торғауыт “сүйенері бар...” – деуі жүрегін шымшып өтті. Кеше Түркістанда, құл Қожахмед Яссауидің мұнарасына жиналған күні күллі ел болып Нұрбайдың тауқыметін тартып қайтқаны көз алдына елестеді...

Нұрбайдың аты аталғанда Торғауыттың күйка тамыры құрысты, денесі шымыр ете қалды.

9

Балатай әңгімесі осы жерге жеткенде қонақтарын Жәзирә шайға шақырды. Бәрі үйге кіріп жайғасқан мезгілде:

– Балеке, уақиға бірінен бірі өтеді, – деп бастады Дүйсенбі. – Адамға көп ой салады екен. Сіз дұрыс баяндадыңыз. Төңіректей қонған көп лашықтар мен ақ орданы салыстырдыңыз. Сонда мына Боштай ауылы, ана Шорман ауылы, осы сіздің ауыл көз алдымызға елестеді. Бірақ өз ішіңіз қай жағына бұрады, бізге бұл мәлім емес. Расына келсек теңіздің толқынындай тебіренетін зор күш, өз жігерін әлі түсініп жетпеген, меңіреу жатқан соны қуат еңбекші көпшілікте ғой. Анау ақ ордалар да сол сорлылардың келелі еңбектерінен, табан ақы, маңдай терінен жаралған емес пе? Осылай бағдарладыңыз да кейін серпіп жалт бердіңіз. Әлде мен сізді теріс ұқтым ба? Сіз өз шешенізден алыстап бара жатқан жоқсыз ба? – деп төте тұжырды жаяу жігіт. Өз ойына келгенін бұлтармай жеткізетін дағдысына басты ол.

– Балам, мен сенімен дауласпаймын, – деп кібіртіктеді қарт. – Өз керегінді іріктеп ала бер. Ілгері басқан жасқа, кері қайтқан кәрі кедергі жасамасын. Әңгімені ауызымен тыңдамай, құлағымен тыңдайтын бала екенінді мен келген күні-ақ біліп едім. Алайда, өзіңе де таянғым келмейді. Сырымды дауыстап айтам деп талай жерде тұрам таусылған шалмын! Осы астыңда жүрген кер бестінің өзі кейінгі жылдың ішінде барымтаға үш түсті. Зорлықты Шорман балалары талай жасады... – деп күмілжіді Балатай.

Қамыққан қарт көпке дейін тіс жармады. Шайды еселеп салып, аққұманды шокқа қойды да Жәзирә әкесіне тура беттеді:

– Ағыке-ау, ұмытып отырсыз ба, әлгіде мен шайға шақыра барғанда, “Торғауыттың құйка тамыры құрысты” – деген сөзіңізді естіп қалып едім, – деп ескертті Жәзирә.

– Нысанадан алыстап кеткенім де рас. Түркістанға бір барып қайтайын да өзіміздің елге оралайын. Ұлдай шешемнің өмірін баяндайын, – деп түйді Балатай.

Тоқмағамбет, Жетімек, Жанғаным үшеуі де осыны қостады. Дүйсенбі мен Жәзирә екеуінен басқасы тез аяқталуын тіледі. Жазылып, жадыраса қалды.

– Осының алдында ғана, – деді Балатай – ұлы жүз үйсіннің жақсылары бас қосқан бір үлкен мәжіліс өтті. Сол мәжілісте Торғауыт та болған екен. Кіші жүзден Алшын Әйтеке би келіпті. Барлық жұрт тайлы-таяғы қалмай жиналып, Құттығана мешітке әулиеге қол тапсырып, бірәдар болып шұлығысып қалады. Соңынан сыртқа шығып дүние жабдығына кіріседі. Қан базарда дүрлігісіп, үлкен тартысқа түседі, сауда-саттығын істеседі, бәрі де олжаға қарқ болып қайтады. Сатқан да пайдада, алған да пайдада, зиян тартқан тірі жан жоқ. Содан Алшын мәнәлләсіне жиналып, біреуді аңыра күтеді, тоң-торыс отырысып қалады. Мәжіліс Ұлы жүздікі. Бұған көлденең кездескен Кіші жүз алшын Әйтеке би, ара ағайын сыпайы қонақ. Әйтеке мен Торғауыттың бірінші кездесуі. Қара жігіттің шын аты Әйтеке.

– Жандарал келді, жандарал келді, – деген хабар жұртты өлгенше бөріктіреді. Түркістан көшесіне лық толған салт атты, қау бөрікті кара тобыр халық мәнәлләға қарай шұбайды. Үш ақ боз ат жеккен солқылдақ кара пәуеске Алшын мәнәлләсіне беттейді. Төбесін ашып, артына қайырып тастағанда ішіндегі қызыл сақтияны құлпырып, караған көзді қарықтырады. Бірешкеге жегілген екі аттың мойны сыртына қайрылған, көсірші қамшысын үйіргенде үздіге тартып шоқыта жөнеледі, ортадағы аттың қамыты ілгері итініп босанси береді, сонда да орта ат бөкен желістен танбайды. Жан-жағын қаусырмалап, қошеметтеп шауып келе жатқан қалың нөкер. Қылыш асынған, найза көтерген, мылтығын мойнына айқара салған ала қозыдай солдаттары аш бөрідей жалақтайды. Түркістанның аядай көшелерін алай-түлей шаң басады, біреуді біреу біліп болмайды. Аспан айналып жерге түскендей ыстық, анталай караған жұрт үйлерінің, дуалдардың төбесіне шығып, самаладай болып, иін тіреседі. Кім не үшін шапқылап, танаурап әуреге түсіп жүргенін жан біліп болар емес. Осы кезде Түркістанның күншығыс жағынан, із өкшесі Қаратаудан шыққан үш баран атты, жекей тымақты

адамдар да бұландатып суыт келе жатыр еді. Бұлар аз үйлі, Қармақшы айналасын мекендейтін Нұрбай датқалар.

Солқылдақ пәуескеден керенау түсіп жандарал жан-жағына қарамастан, үйге қарай жалқау аяндайды. Үрген қарындай доп-домалақ, бет-аузы шикандай күреңіте тершіген, сығыр көзін ұры итше жылтылдатып, кеспелтек жандарал аяғын зорға басады. Біразы алдынан ілесе еріп, оңды-солды торлап алған көп нөкері ортасында келе жатқан қасқабас жандаралға – аспаннан жаңа ғана келіп түсіп, жерге табанын енді тіреп, титықтап теңселіп келе жатқан тәңрісіне жаутаңдап табына қарайды да, төңірегіндегі таңырқаған жұртқа тымырсықтанып, тіміскілей төнеді.

Керсең бөксе, кеспелтек жандарал кең сарайға келіп кіргенде ішінде тірі пенде жоқ екен. Бұл сарай жандаралға әдейі арналып босатылған. Аздан кейін сарай аузы-мұрнынан шығады. Ине шаншар жер қалмайды.

Енді бір мезетте басында елтірі тымағы, аяғында биік өкше саптама етігі бар, үстіне ала биқасап шапан киген, қолында тобылғы сапты жез ораған, жеңіл қамшысы бар, қырықтың жуан ортасына келген, шоқша қара сақалды, қиылған қара мұртты, керген төстіктей шалқақ кеуде, өткір көз, қанын ішіне тартқан қара сұр адам келіп кіреді. Нұрбай датқа осы. Жиылған топ серпіле қоймайды, орын бермейді. Аяқ жактан отыра кетеді. Сонда Торғауыт би: “Нұрбайым, киімің қос етек қой... – деп езуін жияды. Нұрбай жұлып алғандай:

– Ұзыны ұлымдікі, қысқасы қызымдікі ғой, ешнәрсе етпес, – деп ұрт жауап береді. Әйтеке би Нұрбайға емірене қарайды. Торғауыт би түнеріп кетеді. Баласының жоқтығын ескерткені діңкесіне тиеді.

Кейбіреулер көзінің астымен ұрланып енді амандасады. Торғауыт ернін болар-болмас жыбырлатады да әлгі сөзін елемей аярлана қалады, көзін жандаралға қарай аударып әкетеді. Ұшқан шыбынның ызыңы естілердей бір сәт жым-жырт бола қалады. Түн жамылған, құлазыған қу моладағы жым-жырттық бұдан өтпес! Осындай үрейлі

пәлеге ердің ері, егеудің сынығы-ақ шыдайды. Бұған Нұрбай шыдайды...

Түркістаннан шақырту барғанда Нұрбай тұтқиыл бір сасып қалыпты. “Мұнысы несі, мұнысы несі...” – дей беріпті. Сонда он сегіз, он тоғыздағы қара бала Жәдігер тұрып: “ағыке-ау, саспаңыз, датқа болмауға шыдасаңыз, одан зор ештеңеге ұшырамайсыз. Осы жолы жан-сауғалап қымсынбаңыз, жасқанбай тура тартыңыз. Тәшкеннен келетін жандарал, қанша зұлым болса да ол орыс елінен, көп елден шыққан, етек-жеңі кең, сыйқаны білмейтін, турашыл адам, - деп есіттім. Сол жандаралмен бетпе-бет кездессеңіз өз ұпайыңызды жібермеңіз, кие-жара омыраулай сөйлеңіз. Күле сөйлеңіз. Ішіңіздегі ыза қысып, түтігіп тұрсаңыз да сыртыңыз бейбіт отырсын. Осы есіңізде болсын, тілмаш шіркін... жеткізе алмайды ғой, сөзіңізді сол бүлдірмесе... – деген екен. Әйелі Күлипа: “Осы балаң бірдене біледі, ел қыдырып, су сыдырып, бірнеше жыл дуандарда оқып қайтты ғой, жалғыз-ақ биыл ғана жолы болмай Петропавлдағы оқуға түсе алмай келгені болмаса, сонда шошқа тағалап жүрмеген шығар, осының тілін алсаң қор болмайсың...” – деп бір түйіп тастайды,

Жандаралдың алдында осы сөздер есіне түсіп, Нұрбай өзіне бір медеу, тиянақ тапқандай. Әшейін салғырт отыр. Тығырыққа тіреліп жұрттың ер тоқымы мойнына кеткен, торыққан мезетте арашашы болатын ауыздан шыққан әділ лебіз, егер ол лебіз сол қарсаңда өктемнен шықса, қамсау бола алады. Жұрт жадырап, жамырасып та кетеді, қоян-қолтық алысып, табысып та қалады.

– Градоначальник Нұрбай, тебе народ задает три загадки, отгадаешь, значит, останешься градоначальником, коль не отгадаешь то сдаешь свою должность другому... – деп төртбақ жұмыр жандарал тілмәшіне қос иығын қозғалтып, күдістене бұрылды.

Тілмәш Қарабай Дилдин орнынан ұшып кете жаздады. Бұл Дилдин бұрын Қоқан ұрысы Пәрімәштің атарман-шабарманы болған адам. Содан бір себеппен келісе

алмай шығып кетіп, Тәшкенде қаңғырақтап жүріп осы жандаралға кезіккен. Орыс тілін де жете білмейтін, түргінектеп нанын тауып жүрген осындай сорлы жанға келелі сөз кез болды. Сәйгүліктер бас қосқан бұл додадан алдырмай аман құтылу үлкен сын, амал не міндетін атқару керек, жандаралдың сөзін Нұрбайға жеткізу керек.

– Шәһәр басы Нұрбай, – дейді саған халық береді дейді, үш жұмбақ дейді, тауып алсаң онда қаласың, қала басы дейді, егер тауып алмасаң екіншіге тапсырасың – дейді, жандарал осылай айтады, – деп аяғына жеткенде даусын көтеріңкіреп, қол орамалын қалтасынан суырып алғанда аяғы талтиыңқырап кетті. Жандаралға қарап аңшының аш итінше танауын делбеңдетті.

Нұрбай ұзын ұрғасын түсінді де шынайы сорлыны қажағысы келмеді. Даңғыл жүйрік аржағын өзінше пішіп, былай жауап қатты:

– Я, таксыр, төреңізге құлдық, – деді Нұрбай, – халықтың беретін жұмбағын, сіздің жұмбағыңызды датқа болу үшін шешпеспін, бірақ әлім келсе аянбайын, айтыңыз, – деді. Нұрбайдың сөзін қостаған Әйтеке би ілгері ұмтылыңқырап отырды. Бетті кісінің өткір көзі ұшқын шашты. Кеспелтек жандарал шыдай алмай назарын бұрып әкетті. Дилдинге барып паналады. Өзін асырай алмай сескеніп тұрған Дилдин таяныш бола алмады, елбелектей жөнелді.

– Да, государь, вашему судейскому рабству, я ваш загадку города... – деп қылғынып түкірігін жұтып, сүрініп кеткен кісіше кілт тоқтай қалды. Неге екені белгісіз ыржиып күлімсіреді:

– Черт возьми, ничего не понимаю, что он болтает, болван, – деп түкіріп жіберді де жандарал төңірегін сүзе қарады. Дәл сол кезде есік жақта түрегеп тұрған талдырмаш қара бала аяғын ілгері басты. “Маған сөз беріңіз” деген кісіше қолын қусырып басын иді. “Жарайды, сен сөйлеші” – деген пиғылын білдіріп жандарал балаға жылы ұшырады – иегін көтерді, мәселе ымдаумен шешілді.

– Ваше превосходительство, я вашу загадку и загадку народа постараюсь отгадать не жалея сил, но не для того, чтобы остаться, именно градоначальником, – деп аударғанда жандарал Нұрбайға да, балаға да кезек-кезек жалтақтады. Дилдинге бетін бұрғанда екі ерні айқасып кетті.

– Пошел вон! – деп үйден айдап шықты. Баланы қасына шақырды. Әкесі Нұрбай жандаралмен сөйлескенде баласы Жәдігер арасына дәнекер болды. Нұрбайдың төбесі көкке аз-ақ жетпей қалды. Бүгін өлсе де арманы жоқтай. Өзінің бұрынғы кедейлігіне, баласының ең әуелде кісі есiгiнде жүріп барып, қалаға сiңiп оқу оқығанына қазір ғана ырза болды.

Әңгіменің шиеленісіп насырға шапқанын, Нұрбайдың еріксіз жеңетінін, оқыс мерт болғанын Торғауыт би енді сезді. Топты тастап шығып та кеткісі келді, қозғалып та, қомданып та байқады, бірақ жандаралдың тегеуріні тоқтатты. Зор ұлықтың, тілсіз жаудың алдынан рұқсатсыз шығу оңай тимеді. Оның өзі тілеп алған ауру ғой.

Жұрт Нұрбайға шүкшиюды доғарды. Әңгіме ыдырай бастады. Қаршадай баласы жандаралдың қасына барғанда Нұрбайдан ел торғайдай бұқты. Енді Нұрбай не айтса сол ем. Нұрбай датқа – датқа болды, кеспелтек жандарал арқасынан қақты. Жәдігер Тәшкен кетті.

Міне, Торғауыт би сол сапардан кеше келіп түсті. Өзі өз болғалы, көйлегі бөз болғалы Торғауыттың сағы сынған жолы. “Қаздың ашуын тырнадан алып”, Нұрбай руынан шыққан Байсақалға бидің қырындай отыруы да осы...

Өрістен жетектеп келген жігіт көк қасқа биені есіктің алдынан көлденең тартады. Ноғайбай бата қылады.

Көк қасқа биенің етін жеп болып, сорпа ішіседі. Дастарқан жиналар алдында би бір әңгіме шертеді. Жер өмірден бастап бір ұзын сүреге кірмей-ақ төтелей жортады:

– Шырағым Байсақал, қаза қайырымен болсын. Қорыспай құдаң дүние салыпты, иманды болғай, – деп

мұжып отырған ұзын омыртқаның өңешіне шынашағын сұғып жіберіп, жұлынын суыра бастайды. Нұрбай датқадан өшін алғандай тістеніп ұртын қимылдатады.

– Я, қайырлы болсын, иманы саламат болсын, – деп Ноғайбай да көңіл айтудың кәдесін істеп, ернін жыбырлатады.

Байсақал өрт сөндіргендей булығады. Қорыспайдың өлімі батқан жоқ, мына іргелі елдің итке салған сүйектей етіп, ескерусіз естіртуі батады. Өлген тірілмес, өшкен жанбас-ау, алайда Байсақалды тең көрсе осылай істер ме еді? Ноғайбайдың жолы болды. Торғауыт би інісінің меселін қайтармады.

– Ноғайжан, беттеп келіп қалған екенсің, сөзің орынды. “Ағаны бордан, ініні зордан” – дейді ғой, еркелеуге еркің бар. Байлықтың да елдіктің де тіпті бақыт-берекенің де түп атасы ынтымақ, сол ынтымақтан айырмасын. Тоғалаққа сәлем айт, қашанда ақысы бар алады, қарызы бар төлейді, сөзім сол-ақ, осыны жеткіз, – деді.

– Торекемнің сөзі дұрыс, енді қысыр кеңестің қажеті аз, – деп тойтара сөйлеп Бөлтірік орнынан тұрды. Жұрт шапандарын желбегей жамылып, үлкендері қолдарына құман алып далаға дәретке шықты, құптан оқымақ.

Байсақал бірге келген жігітін ертіп, түн қатып жүріп кетті. Суыт жүрді.

Таң рауандап атып келе жатқанда бір өзектен бұлаң құйрыққа салып өтеді де, ауылдың алдында иектеп тұрған кешегі өзі телміре қараған қоңыр қос шоқыға келеді. Ауылы құлазып көрінеді. Қотандағы қой әлі өрген жоқ. Шағын ауылдың аз ғана кісісі түгел далада өріп жүр. Атырабында жайылып жататын жылқы көрінбейді. Ұмсындықтың ақ ордасы бүрісіп қалған, төңірегіндегі қараша үйлер бұған үңірейе қарайды, есіктері аңғал-саңғал.

Шаршап келіп Байсақал аттан түскенде, Ұмсындық көк бестінің шылбырын өзі ұстап белдеуге байлады.

– Бәке, жылқыны жау айдап кетті, биені ағытқанда, қара басып ат ұстап қалмаппыз, түге. Тымақтарын жымқыра

байлаған ылғи боз аттылар ауылды қамап алды, тірі жанды шашау шығармады. “Пәрменешілеп!”-жылқыны ауылдың үстінен айдап өтті, “қоқилаған” да дыбыстар естілді, ың-жың, у-шу, ешкімді ешкім біліп болмады, жылқының беті Қырғыздың Алатауы, – деді таяғын беліне салып екі қарын қыстырып тұрған бүкір шал.

– Алжып тұрсың ба, Жалмақан-ау, әбілет басты ма сені?.. – деп ендікті Байсақал, екі иығынан демін алды. Мал ашуы – жан ашуы, жүрегіне шоқ түскендей шоршып кетті. Көк бестіге қайта мінді. “Аттан” салып шауып жөнелді. Қуып кеткен екі-ақ кісі...

Әңгіменің әсері бәрін де буып тастады. Тына қалған кезде шойынтоқты оттан түсірді Жанғаным. Буын бұрқыратып қамыр салған жылқының сүр етін қонақтардың алдына тартты Жәзирә.

Ет жеп, сорпа ішіп қолдарын жуды. Тындаумен шаршаған шалдар енді тарауға бет алды.

– Балатайым, бүгін ырза болдым саған. Тек қана Тоқаны мадақтамай менің нағашыларымды да жеткізе баяндадың ғой. Мына баламды ертіп ертең біздің үйден сорпа-суан ішіндер. Сөзінің төркінінде тиек бар, тегі, текті бала болар... – Жетімектің сөзін бігіртпей Тоқмағамбет іле жөнелді:

– Бүрсікүні біздің үйде болыңыздар. “Жаяу жігіт” атығып жүр, заты, Тоқа бала ғой, сөз әлпеті. Түбі бірге түтпейді, шырағым, қаймықпа бізден, өзімнің үйімде әңгімені өзіңнен есітерміз. Өткенді тындап құлағымыз сарсыды. Келешекті бағдарлау жастың сыбағасы. Біз де құр алақан емеспіз, Жәзирәміз бар. Сөз төркінін бұлтартпай ұғады ол, – деді.

– Азғантай етпен құтылып, Жанғаным ұтып шықты. Енді мүлде айттайтын болдық қой, – деп кеңкілдей күлді Балатай.

– Бірақ мына Жетекен, сарабал адам. Жеңгіміз киік желіп, тістей қатып сақтағаны кебезенің түбінде жатады; есебін тауып екі асасақ есеміз түгел...

Қалжыңдасып, жадырасып отырғанда қонақ күтуден қолы босаған Жәзирә әкесінің сол тізесіне таяна отырып:

– Ағыке-ау, би – әділ, батыр – аңғал деуші едіңіз, мына би Торғауыт та, батыр Сұраншы, Бөлтірік, Ноғайбайлар да – бәрі де теріс азу, телі тентектер ғой. Жалғыз ауыл Нұрбай датқаны қудалауы ақылды қылық тәрізді емес. Ақырында, ойлы, оқымысты жандар Нұрбай, Жәдігерлер жеңеді, оған жандарал тоқтайды, ал мына кісілерің алқым ашуын Байсақалдан алады, қарашысын жүндей түтеді. Шынына келсеңіз, әлгі кеспелтек жандарал адалдықтың, ақылдың құлы боп, шығады, бұлардан анағұрлым артық, рас па, осы? – деп бүріп өтті. Ағыжандай апасының намысын жыртты, Нұрбай, Байсақал, Жәдігерлер кемдікте жүрген қағажу жандар, соларды қорғап ара түсті, жынысына да тартты. Осы уақиғаның бәрі бүгін болып жатқандай күйзелді Жәзирә.

Жәзирәнің майда дыбысынан құсыры тарқамаған долы дауылдың салқын самалы есіп тұрды.

– Тока, балаңызға бағаны дұрыс беріпсіз, расында, қарындасым “сөз төркінін” түсіне жаздайды екен. Бірақ, – деп булығып қалды Дүйсенбі, – Балекем, себебін ашуды бізге тастап, өз білгенін бұрмай жеткізуші ғой. Сіздің түсінуіңіз дұрыс, ендеше, ақсақал өз мақсатына жетіп отыр. Ренжімесен, ұрт қарындасым, азырақ қосып айтқым келеді. – Біздің түбімізге жететін рушылдық болар. Торғауыттар ақымақ емес, жегідей жеп жатқан рушылдық. Байсақал малының барымтаға түсуіне де себеп болған сол. Рушылдық науқасынан әлгі оқыған Жәдігерің де, осы Балекеңнің өзі де – бәріміз де айыға алмай жүрміз. Әйел жынысында әзірге теңдік жоқ, ит жемеде қырылып жатыр. Өз еркіндігін көксеп қан майданға шығар күн әйелге туған жоқ. Осы әрекеттің арылатын мезгілі алыс па, жақын ба, кесіп айту қиын, бірақ қимылдың басталуы Ұлдай шешемізде, көктемнің тұңғыш қарлығашы тәрізді ол. Әлі естірміз, ол шешеміздің де үлкен сыбағаға қолы жетпес,

өйткені заманасы билер, көпке топырақ шаша алмас...
Сонда да...

Сөз арасында артық кеткендей жалтақтай қарады. Тыңдаушылар Дүйсенбінің бетіне қадалып қапты. Жанғаным да сүйсіне тыңдады. Әйел намысын жыртып, осынша таусыла тебіренетін жастың сөзін алғаш есітіп таңданғандай ол.

Қонақтар тарағаннан кейін Жанғаным мен Жәзирә мал жайлауға шықты. Оңаша отырғанда Балатай сөз бастады.

– Жігітім, сен менің қонағымсың, менің баламсың. Саған қастық істейтін бұл ауылда тірі жан жоқ. Шалшақпыттарды өзің көрдің. Талай тепкінің дәмін татқан жандар зорлық-зомбылық істеуге бармайды. Оның үстіне енді біреу саған арамзалық білдірсе ол жауым біреу деп ұқпайды, оған жау екеу болады. Олар – сен тағы мен! – осы ойын қарт нығыздай айтты да: – Бүгіннен бастап жылқыны бақпай-ақ қой, қалқам, өз қартыңды ойла, жүрегін мезгіліңді білдірсең жеткізіп саламыз: Сен Сәкенсің, Сейфулланың Сәкенісің, елдің Сәкенісің. Қайда жүрсең – аман жүр, жарқырап таңың атқанда, мендей қазақтың қақпыш шалын Сарыадырда көріп едім десең, соның өзі менің толық сыбағам. Мезгілсіз тудым, өз обалым өзіме, қанша оқысам да, ел кезіп жақсы-жаманның бәрін көрсем де ешнәрсеге қолым жетпеді. “Жалғыздың аты, жаяудың, шаңы шықпайды”. Жақсы-жаман қазақтың бәрін көрдім, некен-саяқ болмаса анда-санда” – дегендей түбегейлеп келгенде “тыныш жүргенді теріс көрмей” – осы арада бүркеніп жатырмын. Сырынды сыртқа шашпа, кім екеніңді айтпа. Көп ұзамай-ақ аттанғаның мақұл болар, оны қабырғаға кеңес! – деп төте айтып, қиыстай қайырды.

– Балеке, сіз мені келген күні таныдыңыз, сізден бұрын қарындасым Жәзирә қия бастырмады! Мен Сәкенмін, Колчактың тұтқынынан әрең кұтылып қашып барам. Аға, мен ажалды көзіммен көрдім. Қорқып жүргем жоқ, қапыда қолға түскім келмейді, дұшпанға әжуа болып, арымды

корламау өзіме берген сертім еді. Үш-төрт күннен соң елге жүрем, содан Бетбақты басып Әулиеата асуым керек, – деп жаяу жігіт – жалқы Сәкен жасырмай айтты.

10

Түс ауа Жетімек үйіне жиналды. Жанғаным мен Жәзирә да ере барды. Бүгін төрт үй түгел шақырылған екен. Жетімектің кемпірі Желбуаз жеңгей “екі қолға бір жұмыс” етіп бәрінен бір-ақ құтылмақ. Бұл кісінің шын аты Ақбура. Екі себеппен Жетімек оны Желбуаз атаған. Соның бірі - ауыл үйдің қаңқу сөзіне, біреуді екеу қылып көптіруге әуес. Жетімек осы мінезін жақтырмапты. Екіншісі – өмір бойы бала таппаған, оң жақта еркек-шора болып өскен жан. Ақбураның анасы көп құрсақ көтерген, бірақ балалары өле-өле осы кісі туғанда қайдағы бір жексұрын атты қойған, құдай да жақсыны алады ғой, соның өзін алдаған. Құтты аяқ Ақбурадан кейін жүремете үш қыз туған – олар да Айғыр, Бұқа, Теке атанған.

Жұрт жиналған кезде:

– Ал, Балатай, кешегі бітпей қалған әңгіменді – Ұлдай шешеннің шерін тарқатшы, – деді Жетімек. Үй иесі – ішіндегі ең үлкені сөйлеп кетті.

– Менің кешегі әңгімем өздеріңді жалықтырды-ау деймін. Бүгін мен азырақ ат туралы күй шертіп, қунатып алғым кеп отыр. Бұл аты шулы Ақбайпақ.

Жүген-құрық тимеген,
Жасынан нокта кимеген,
Алты жасар асауды
Ұстап міндім далада!..

– деген бір өлеңді Жәзирәм айта беруші еді, – деп бір қойды. Осы мезетте Дүйсенбіні де шолып өтті. Ешкімге байқатпады кәрі тарлан. Әкесінің Сәкенді танығанын

Жәзирә енді ғана сезді. Түйткіл жүрек жай тапты. Көптен бері күпті көңіл жаңа орнықты.

– Енесінен туғалы нокта, жүген көрмеген, сауырына желден басқа жан шықпаған алты жасар шу асау әлгі Ақбайпақ ат жылқыда жүр. Ен салынбай, таңба басылмай тағы өскен қашаған да, үркек те осы Ақбайпақ. Жылқышы атаның зоры, есік пен төрдей ұзын, он сегіз мың жылқының ішінде шоқтығы шығып тұратын, анадайдан оқшау көрінетін екі көзі баданадай келбетті жануар да осы қара сұр ат.

Бұл Ақбайпақ салпы ауыз қарагер айғырдың үйірін сағалайды.

Шұбалаң құйрық, сал бөксе, бір жамбас солтақ, кәрі қарагер айғырды Сапақ бай “құтым” деуші еді. Өйткені осы қарагердің үйірінен қысырақ матамаған жылы болған емес. Кейінгі он бес, жиырма жылдың ішінде байталы түгіл, тайы қысыр қалмаған, бауырындағы биелері ылғи ұрғашы табатын салпы ауыз қарагер айғырды Сапақ емірене жақсы көреді, көзіне ол оттай басылады. “Киелі жануарым, қыдырым, дәулетімнің ұйытқысы ғой” – деп отырады.

Малайларының ішінен ішіктің ішкі бауындай көретіні, көптен дәмдес-тұздас болған жылқышысы Құдайберген еді. Сол Құдайберген жылқыны амандап, қайта оралып ордаға келгенде Сапақ байдың үнемі айтатын сөзі біреу-ақ: “Қыдырым аман ба? Әлі қартайған жоқ па?” – дейді. Сыралғы Құдайберген Сапақтың бұл сұрауына машық.

Бүгін Сапақ әлдеқалай бір әңгіменің кезегінде: “Осы, Құдайберген, сен биыл қанша қысырақ матадың?” деп сұрады. “Сапеке, бұйырғанын матадық қой, соны кім санап жүріпті, әйтеуір екі-үш соқырдың¹ шамасы болар, бірақ бір ғажап нәрсе, мына “құтыңыздың” үйірінен биыл байтал өте аз болды, биелері қысырап жүр, себебін түсіне алмаймын, – деп салғырт жауап қайырды Құдайберген.

¹Соқыр – бір жүз. Алғашында түйе туралы айтылады екен.

Өлшеу, санау дегенді білмейтін, “есеп” кірсе қыдырдың шайқалғаны, қырсықтың шалғаны деп ұғатын Сапақ бай “кім санап жүріпті” деген Құдайбергеннің салақ қайырған жауабына мән берген жоқ, бірақ “биелері қысырап жүр, себебін түсіне алмаймын” деуі өрескел көрінді. Өңменінен өтіп кете жаздады. Мына оспадар малай Құдайберген тап осы арада “дарыған қыдыр, қонған бақтың” бетін кері бұрып, ұшан-теңіз дәулетін шайпағандай болды. Қиықтанып кара есекке теріс мінген Сапақ: “Қысырақты матайтын да өзің, алдыңнан шыққан емен, оның себебін сенен өзге кім біледі?” деп шұқшиғанда, мол денелі, атжақты, алпамсадай Құдайберген бүрісіп, кішірейіп кетті. Не дерін білмей қорғанды. Мысықтың шеңгеліне түскен тышқандай дірдектеп кіретін іншік іздеп жорғақтады. Әрине, қорқудың да мөлшері бар, шексіз қорқу ақылсыздық. Сондай-ақ мейірімділіктің өзі де шегінен шығып кетсе өрескел көрінеді. Ендеше, бәрін де тезге салатын сабыр. Ұшан-теңіз ақылды да сол сабыр билесе керек. Мысалы, жан түршігетін суық хабарды сабырмен жайуат естірткенде алғашқы зәрлі уыты бәсеңсиді ғой, міне тығырыққа тірелгенде Құдайберген осыны аңдай алмады. Қалайда бас сауғалау қажет болды.

– Заты, менің байқауымша әңгіменің тетігі Ақбайпақ атта ма деймін. Салпы ауыз қарагер қартайып та қалды ғой, Ақбайпақ оның өз үйірін өзіне билетпей жүр... – деп күмілжіді Құдайберген. Ақбайпақты сәуірік күнінде піштіріп жібергені есіне түсті. Бірақ дәл айтары бұл емес-ті, сасқан үйрек артынан сүңгіді. Қожасының шеңгелінен құтылу үшін құлдың тапқан жеңіл-желпі желеуі осы болды.

Қашанда болса, өтірік әдемі, дөрекі шындықты сұлу өтірік өңдеп жібереді. Қисынды болса өтірік қия бастырмайды, Сапақ ұйып қалды.

– Олай болса, жамандатқыр Ақбайпақты ертең ұстап әкеліндер, шекесін өзім мүжиын, – деп бай бұйрықты келте берді.

Өз үйірінде жүрген Ақбайпақты қарагер айғыр жақтырмаушы еді, Ақбайпақ кездесе қалса құлағын жымитып, айбат шегіп, құйрығын делдите көтеріп, теріс айналатын, тебетін тәрізді қыр көрсетуші еді. Баққан малын қас-қабағынан танитын әккі жылқышы кәрі қарагер айғырды аяды ма, жоқ болмаса көзге оқшау түсіп, оттай басылатын, жалы керегедей қара сұр аттың үстіне бір шыға алмай жігері құм болған Құдайберген Ақбайпақтан құтылып, көзінен таса еткісі келді ме, немесе осындай екі талай кезеңде үндемей қалу, кінәні мойынға алу болар деп ұғып, сасқалақтап тал қармады ма, кім білсін, әйтеуір осы бір сәтте екеуінің көз алдына да Ақбайпақ ат кесе-көлденең тұрғандай болды.

Қарашаның аяқ кезі, жылқы соғымын соятын мезгіл. Боқыраудан бастап қарашаның қары түскенше күздікке арналған қара мал сойылады, сол күздіктің жылы-жұмсағы біткен мезгілде жылқыны қырады. Сапақ бай жылқы соғымын ұстатуға кісі аттандырды.

Арты Қара Нұраның бойында, алды Құланөтпеске дейін созылған қалың жылқы. Құланөтпес пен Қара Нұра жарыса аққан қос өзен, екі арасы сексен-тоқсан шақырым. Долбармен он сегіз қосқа бөлінген, жер қайысқан он сегіз мың жылқы сол өңірді алып жатыр, бәрі Сапақ байдікі. Сапақтың соғым ұстауға жіберген жігіттері Құдайбергенмен ере келді.

Тілерсегінен төмен қарай шашасына дейін төрт аяғы да әппақ қара сұр ат, желге қарсы қарап қар теуіп тұр екен. Баданадай екі көзін төңкеріп, Құдайбергенге бұрылып, құлағын тікейтіп көзін бір алартты да елең құрлы көрмей, қымсынбастан қарды тебе берді. Тап сол мезетте Құдайберген де жүгіртіп келіп бұғалықты тастап жіберді. Құлақ шекесін қапсыра, мойнын қылқындыра оралған қыл арқаннан Ақбайпақ әзірейілдей қорқады. Ақбайпақ осқырына ата жөнелгенде, құрық қолынан сусып шығып кетеді де Құдайберген ұзын арқаннан ұстап, тізгінін тежеп, үзеңгіге шіреніп кейін тартады. Ақбайпақ

шыңғырып аспанға секіреді, ауызын арандай ашады, қою жалы дудырап қалақтай болып кейін серпеді. Алдыңғы екі аяғы тілерсегінен бүгіліп, шашасы шолтаңдап жүр, артқы екі аяғы талтиып кетіпті, Ертоқымы аттың мойнына қарай итініп Құдайберген түсіп қала жаздады, енді арқан да қолынан шығып кетті. Міне тірі қорлық осы болды. Құдайбергеннің салған құрығы мүлт кетпейтін. Ол желінің басында жаяу тұрып бұғалықты тастап жібергенде, талай шу асау биелер, қысырдың тайлары, екі енені тел емген қаракұлақ құлындар, шыңғырып тулақтай түсетін. Құдайберген құрық салса одан құтыла қою оңай болмаушы еді, бұл жұртқа мәлім. Мына тап сол белгілі Құдайберген Ақбайпаққа кезікті де меселі қайтты, ол түтігіп қап-қара боп кетті. Құдайберген атынан түсіп қайта ерттеді. Тартпасын тығыздап тартып, оның үстінен қыл шылбырмен қос қабаттап берік байлады, артқы айылын шабынан алып, жырымның жоғарғы тесігіне апарып айылбасын іліп жатқанда боз шұбар ат тықыршып шыр көбелек айнала берді, ауыздығын қарш-қарш шайнап, құлағын селтите тігіп, ұлы дүбірді талай көрген әккі боз шұбар колдәйекке тұрмады, жылқышылар да жиналып келіп қалды.

Сүйретілген қыл арқан Ақбайпақтың аяғына оралғы болды, оны қос-аяқтай тепкілеп әлекке түсті, қалың жылқыны айнала шапты. Не пәлеге душар болғанын Ақбайпақ ат та, бейбіт жайылып жатқан жылқы да түсінбеді. Қалың жылқы құлақтарын тігісіп, оқыранысып, одыраңдасып, біріне бірі тығылып, ойдым-ойдым болып иіріліп қалды. Ақбайпақ ат біраз айнала шапты да жылқыдан шыға жөнелді. Қашағанды қуып әбден төселген әккі аттар, қашаған кілт бұрылғанда бұлтартпайтын, ыңғайлы ұрымтал жерден бастырып мойнын бұрғызбайтын аттар болады, міне осындай ат-айғырға мініп жылқышылар Ақбайпақты жан алқымға алды, кес-кестеп алдын орады. Тұс-тұсынан қосылып аңдап кетті. Олар қан сонарда қасқырды да осылай ұтылап қуатын, сілесін құртып соғып

94

алатын. Үлпершегі майға бөккен, тұнып тұрған Ақбайпақ тез барлықты. Екі бүйірі солықтап, қиқынып аузын ашып, тұқырып барып омақаса құлады. Екі-үш жігіт аттан түсе-түсе қалып, сүйретіліп жатқан арқаннан ұстады. Тәлтіректеп, төрт тағандап, қиқынып тұрған Ақбайпаққа бірте-бірте таяна берді. Ақбайпақтың өне бойы дір-дір етеді. Екі жағынан екі әлеуетті жігіт жақындап келіп, Ақбайпақтың екі құлағына жабысты. Тұқыртып төмен басып тұрып, бұғалықтың ілмегін азырақ босатып тыныс алдырды. Алқымын қысқан арқан ағытыла бастағанда Ақбайпақ тағы бұлқынбақ болды. Әлгі екі-үш жаяудың бірі келіп астыңғы ернін қапсыра ұстап, қыл шылбырмен ілмектей бүріп төмен басты, ерніне шұрай салды. Ақбайпақ енді қозғала алмады...

Сөйтіп Ақбайпақты Сапақ бай ұстатып алдырғанда салпы ауыз қарагер айғыр мойнын төмен салып жіберіп, құлағын жымитып, үйірін жинады. Келген қырсық, төнген зәуліден ада-күде құтылды ол.

Сапақ та, Ұлдай да, Құдайберген де – бәрі де олжаға батты, бәрінің де көңлі көншіді.

Алғаш ордада болған әңгімеде Құдайберген Ақбайпақ атқа наразылығын білдірді, салпы ауыз қарагер айғырды жақтап сөйледі, сонда “менің ойымша әңгіменің тетігі Ақбайпақ атта ма деймін...” – деп күмілжіді. Осы бір асулы кезеңде Ұлдай қабағын наздана шытады, көзін төңкеріп Сапаққа керенау бұрылады. Махаббат ұшқыны жылт ете түскендей болады, уытты тоқалдың ашқарақ назары Сапақтың қажыры қайтқан жүрегіне оқтай қадалады, оттай шарпиды. Сапақ шыдай алмай “жамандатқыр Ақбайпақ атты ұстап әкеліндер” – деп бұйрықты булығып береді, сасып қалады,

Екі үлкен ауыртпалық басқа түссе, соның жеңілдеуін таңдайды ғой. Сәулемен екі арада болған уақиғаны жақсы білетін Құдайбергеннен сескенеді, Сапақ соны ырза қылады. Сұлу тоқалдың да қыбын табады. Ақбайпақты құрбандыққа шалады...

Ал, Ұлдайдың құлпыра қарауы өзінше бір жосық. Ұлдай Құдайберген сөзін жұмсартпақ: “Салпы ауыз қарагер қартайып қалды ғой, Ақбайпақ күн көрсетпей жүр...” дегенін ишара деп ұғады Ұлдай. Оқыс айтылған осы сөзге кәрі Сапақ не дер екен, осыны білмек болады. Ойыннан от шығып Сапақ Құдайберген мен Ұлдай арасындағы сүйіспеншілікті түсініп қойса, сөйтіп, екеуі ілінсе кетсе, өршітпей жуып-шаймақ екен.

Әйтеуір бәрі де ырза, орасан бейбітшілік орнайды... Қобландының Тайбурылы, Көрұғлының Көкаласы, Қоңтажының Қолқанжауыры, Қоранның Сандалкөгі, Төлегеннің Көкжорғасы, Ақан серінің Құлагері – бәрі де өз тұсында туған, адамның арманындай аттар. Сондай-ақ Сапақтың да тақымына басқан аты осы Ақбайпақ. Өздерінде де ат болды ғой, басында бар біледі, – деп тоқырай қалды Балатай.

– Бұл әңгімеңіз маған өте ұнады, өйткені мүлде дем алдым. Ішінде шытырман-шатағы жоқ, тек Ұлдай шешеңіз Сапақты титықтатудың бөдіретін алған әйел екен. Ұсақ нәрседі де, ірі уақиғаларда да ағасы Қарғаштың кегін ұмытпайды, жауын мерт қылуға әбден бекінген өте қайсар шешеміз, бетінен танбас ол. Өзім осындай мойымайтын қажырлы жанды ұнатам. Айта беріңіз, – деді Сәкен.

11

Бір айналдырғанды шыр айналдырады. Сапақтың көптен бері жолы болмай діңкесі құрып жүр. Осы Ұлдай түскелі басқан аяғы кейін кете береді. Мәнісін ұға алмай тұрасы таусылды.

Боз көлде өзінің туған ағасы Қорыспайға ас берді. Сол асқа тоғыз дуан ел шақырылды, бес жүз үй тігілді. “Қорыспайдың асында жорғаламағанда, атаңның басында жорғалаймысың” - дейтін мәтел бар. Сапақ бай жиырма бес атқа бәйге тікті. Бірінші бәйге үш тоқсан: тоқсан

торы ала ат, тоқсан ақ боз ат, тоқсан кара ала ат. Ең соңғы жиырма бесінші аттың бәйгесі - бес жүз ақ ауыз қой.

Бір жыл бұрын бір қыздың қалың малын беріп Ақмоншақ атты сатып алды. Оның ойы бірінші бәйгені өзі алмақ. Сөйтіп, атақ абройдың бәріне ие болмақ еді. Бұл астың шежіресін бәйгіден келген аттардың өмір баянын айтып сіздерді жалықтырғым келмеді, – деп бір түйіп қойды Балатай.

– Міне, сол Қорыспай асында, – деді ол, – Сапақтың атақты атпырашы Аққозыны кара басты, қыстай-жаздай жаратып баптаған есіл еңбегі далаға кетті. Ақмоншақ бәйгеге ілінбей қалды. Шілдесінде шық көрмеген қу кедей Мұрат Жортықтың торғасқасы бірінші боп келуі жебедей жерге тықты. Оның соңынан желқом астында өмірі өксіген, бапталмаған шобыр Елгелді Таубай қарт мініп келген кербестінің келуі де шымбайына батты. Бұл не деген сұмдық! Отыз үй Елгелдінің басынуын қайтерсің! Тым құрыса жиырма бес аттың біреуі боп Ақмоншақ іліксе де уақасы жоқ еді-ау! Жоқ жерден аяғы ақсады да Ақмоншақ жапан түзге тезек тере кетті. Байдың бойы осылай құрыстады, ол долы өксігін баса алмады.

Жығылғанға жұдырық, мына құл Көбен сыншы да, қаршадай бала Сырттанбай да басынды. Ағасының асын өзіне билетпей Лау мырза да тақымын батырды.

Келмей жатып Ақ келін енесі Ұлдайға сары ала сандықтың кілтін бермей қиғылықты салды. Әкесінің байлығын арқаланып, кеудесіне нан піскен ерке келін Сапақ ауылын баса-көктеді. Қорыспай дүние салған күні, ел болып күйзеліп қан жұтып отырғанда оң жақтағы көз танысын қонақ етіп, қыз-ойнақ жасауы аскандық-ау! Дер кезінде Сапақ түсіне алмай қапы қалды. Ертеңіне көңіл айта отырып Нұрбай датқаның баласы Жәдігер мұная сөйледі. Сөйтсе Байсақалдың барымтаға түсіп кеткен жылқысына сұрау сала Ақмола дуанын сүзіп қайтқанын баяндады. Әркім өз шерін шертеді. Бізді не қылсын, ол Байсақалдың намысын, күлімкөз қарындасы – Ағыжанның

жоғын жоқтап жүрсе керек... Әрине, тұла бойы тұңғышы Қошанның қайыны, ауызы тұшып сыйласқан құдасы Байсақалдың малын жау алып, сабасы керегеге ілінуі шу дегенде қатты батса да соңынан уақ-түйек жетім ойлар кеудесін кернеп, Сапақтың кежегесі кейін тартты.

Ұлдайдың туған әкесі, Қорыспайдың жаназасына да, асына да келмеді. Бұл Сапаққа батпаса да қызы Ұлдайға батады ғой, осының бәрін толғай-толғай Сапақ дал болды. Бәрі бітеу жара. Тоғыз жолдың торабына киліккен асау Сапақ кенет қитығып өзінің ата мекені Қара Нұраға көшті. Тірі жанға тіс жарып, сырын ашпастан шығанға шыға тартты.

Нұра өзені мен Тоқтамыс қарағанының арасында Қара тастақ деген төбе бар. Сапақ сорының батыс жақ құлағында. Осы төбенің түбінде азғана үйлі Сапақ ауылы отыр. Қауға тартып, құдықтан су ішеді.

Бұрын жеті ру қоныс аударған, құт дарымаған шөлейт дала. Төңірегі толған сор. Суы ащы, жерінің бетінен тозаңы шығады. Қара тастақтың төбесінде тұрып шығысына қарасаң жарқырап жатқан қос сор, оның терістігінде Жаулыбай шоқысы, түстігінде бұжыр-бұжыр төмпешіктер көрінеді. Мұны Қойтас деп атайды. Енді бір сәтте батысына көз жіберсең “мен мұңдалап” Жекедонғал адыры тұрады. Оған жалғаса көлденең сұлап жатқан Ақжал, бұл тау Тайжан сорына дейін созылып барады. Ақжалдың бергі алдында Өзенқараған, ал батыс иығында Бетқараған бар. Тоқтамысты мекендейтін елдің отыны осы ту қараған. Жуандығы балғын бармақтай, ұзындығы кісі бойы қол ұсыным. Қарағанның іші жарық-жарық, ат сүрінбей өте алмайды. Осы жарықтың іші құжынаған құрт, құмырысқа. Құрттың қорегі өлексенің қалдығы, ол соны жеп домаланып семіреді. Құртты жеген қой құйрығын көтере алмай шайлап қалады. Сондай бордақы қойлардың бал құйрығын сорған Сапақ та ешкімге сауырын сипатпайды, шу асау болып алады да қалың қара тобырдан суырыла шығып шет жайлайды.

Қара тастақ түбіндегі шағын ауылдың ортасында шағаладай шаңқиған Сапақ байдың ақ ордасы. Оң жағында Қошан отауы. Осыдан бір ай бұрын Ақ келін босанып ұл тапқан, сонда шүйінші сұрап келген кісіге: “Күнде туған ұлға не қылған шүйінші” – деп, Сапақ теріс айналса керек.

– Отағасы-ау, жаза баспаңыз, қысырақтың үйірін атайтын жеріңіз осы. Тұңғыш немеремді мен әлі өз бауырыма салып, емізікпен өзім асыраймын... – Ұлдайдың бұл сөзін естіген ел дән ырза. Ауыл-аймақ би тоқалдың мұндай мейірбан қылығына әбден тәнті болады.

Күздің қара басында есепші Лау мырза қыстың қатты боларын кесіп айтыпты, ол кісі көденің түбінен, сиырдың жапасынан, жылқының тезегінен, қойдың құмалағынан біледі екен. Күннің райын күнде бақылап жүретін Лаудың айтқаны қате кетпейді. Оның болжамы дүйім елге жайылып, Сапақ он сегіз мың жылқысын он сегіз қосқа бөліп Шуға айдатады. Боқырауда жылқыны шығарып салып Сапақ өзі Боранның сыртындағы Шелқұдықтан қайтқан екен. Жылқы соғымын қар бекірдің алдында алдырған. Сонда ұстап әкелген Ақбайпақ белдеуде тұр.

Біраз күн еткен соң Қошанды шақырып алып:

– Шырағым, жылқышыларға өзің басшы болғаның мақұл, елдің ындыны жаман, осы биыл Шуға өзің барып жылқыны қыстатып қайтарсың, – деді Сапақ.

Ыстық-суығы басылмаған жас келіншегі бар, жаңа туған жас нәресте әлі қырқынан шыққан жоқ. Үй иесі, дардай әке болған Қошан осы қызғылықты өмірін қия алмады. Сапақтың томырық мінезін де жақсы түсінеді ол. Осы екі оттың ортасында қысылған Қошан көбежектеп үндей алмайды.

– Балам, барғың келмей отыр ма? – деп тұтқиыл сұрақ қояды Сапақ.

– Жоқ, барамыз ғой, әшейін... – деп төмен қарап тұғжия түседі Қошан.

– Дұрыс, балам, жолың болсын, ертең сәске түсте аттан, астыңа Ақмоншақ аттың өзін мін, Ақбайпақ пен Бозшұбар осында қалса аяқ артып тұруға жарар. Түс әлетінде жүріп кетсең, Ақмоншақтың қолқасы аман болса, қонаға Құланөтпес жетесің, ал бүрсікүні Сарысу құлайсың. Жылқының арты Мұңлықұлыдан Тама тауына қарай өткен соң алдына түс те, қонатын, түстенетін мұғдарлы жерлерін өзің басқарып отыр. Созақ пен Шолаққорған арасын бетіңе ұстасаң, сонда Шудағы Қызылтас өткелінен түсесің. Балам, енді аландама, әкең мен де жылқыны сан рет Шуға қыстатып қайтып жүргемін, ештеме кеміген жоқ... – деп аңыра қалды Сапақ. Баласының сынайын байқады, айнып кете ме дегендей асыға сөйлеп, көксау әке алқына жөтелді.

Осы ескі науқасының салдарынан Сапақ қыстауға кірмей үнемі қысты киіз үйде өткізеді. Көксауға қысырдың қымызы мен салқын ауа мың да бір дауа, мұны өзінің пірі Бала Мағзұм айтады екен.

Әке насихатын түгел тыңдап болып Қошан үндемей тұра жөнеледі. Баласы киіз есікті иығымен ашып сыртқа шыққанда Сапақ Ұлдайға жылы ұшырай бұрылады. Бұрын осылай емірене көзін салғанда өкпесіне шаншу қадалғандай қабағын шытатын сылаң тоқалдың осы жолы мейірімді махаббаты бетіне теуіп, балбырай құлпырады. Меруерт шеттіктеген ақ кимешек қара сұр бетіне ерекше жарасады, оң жақ ұртына біткен кішкентай меңі де осы минутта өте-мөте ажар бергендей.

– Балаңыздың көңлі шаппай отыр-ау, заты, келіншегі мен жас нәрестесін қимайтын шығар... – деп күлімсіреді.

– Солай ма, әй тәйрі алғыр, жұрт болмас өзі... – деп Сапақ мырс-мырс күлді. Туған әке бала мінін көрмейді, оны өгей шеше ғана біле қояды.

Ойының зәрін күйеуіне жеткізе алмағанын сезіп енді ол тұнжырай сөйледі.

– Бұл өжет келін, ешкімге де ұпайын жібермес, тымырсықта бәле бар, Байсақалдың қызы ғой, әлі

балаңызды да, бәрімізді де бір шыбықпен айдар, – деп бір тежеп өтті.

– Сен не былшылдап отырсың, Байсақал құрып-суалған, соның жоғын жоқтап Жәдігер жыл он екі ай сүмендеп жүр. Ұлы жүз Үйсін ішіндегі бес үйлі кірме Нұрбай менің қай теңім еді. Мен Тоқаның құты Сапақпын. Малға сатып алған қатынның баламды билеуі сұмдық шығар!.. – деп өзінен өзі бүлінді, жұлқына сөйледі өр Сапақ.

– Дауысыңызды көтермей айтыңыз, үй сыртында да кісі бар, тағы өгейлігін істеп тоқалы бүлдіріп жатыр дейді ғой. Жаманаты маған келеді, менің келінге тіпті өкпем жоқ, әшейін сізге ішіме сыймаған соң айтам. Дәл түскен күні сары ала сандықтың ауызын ашқызбағанын да ұмытып кеттім. Өзіңізге белгілі мен сізден асып қайда барам? – деп мәntenдеді. Байының бойына удың зәрін әбден сіңіріп болған мекер тоқал, ел көзіне, ерінің көзіне шөп салып, кері серпіп отыр. Қай сөзіне нанарын ұға алмай Сапақ аңыруда...

* * *

Бітеу ақ шымылдықтың ішіне төсекті салып қойып маздап жанған қараған отының басында Ағыжан отыр. Қызыл іңір, тұмсасында туған тұңғышын баяу тербетеді Ағыжан. Сүтке тойған жас нәресте көзін ашып-жұмып жатыр. Отауға кіріп келгенде беті отқа қарап балбырап ұйықтауға айналған сүйікті перзентіне Қошанның іші-бауыры елжіреді. Бесікке таяна келіп отыра кетті де еңкейіп баласының тамағын иіскеді. Мұрты қытықтап баланың мазасын алды, жылы үй, жылы бесік, құрғақ төсек денесін балқытты. Қытығы арылмаған қулықтай Ағыжан да құлынынан көзін алмады, үстіне түсіп отыр.

Аздан кейін Ағыжан киіз байпақты, ұзын қоныш қима тақа қара етікті күйеуінің аяғынан шешіп алып, төсағашқа сүйеп қойды.

Іргесі жағалай шыммен көмілген ақ отау жұмыртқадай бітеу, іші жып-жылы көңірісіп тұр.

– Ертең түс қайта Шуға жүрем, тірлік болса, көктемде келем ғой... – деп қобалжыды Қошан.

Ағыжан алғаш рет аймалап, күйеуіне жақындай түсті. Айырылудың ауыр кезеңі туды. Сөз сөйленбеді, оңаша отауда ұзақ уақыт жым-жырттық орнады...

– Жолыңыз болсын, біздің үйге барсаңыз ағекеме, апатайыма сәлем айтыңыз. Жазды күні келіп қайтар. Мен сағынып жүргем жоқ, тек қана кейде түсіме кіреді... – дегенде Ағыжанның ыстық жасы Қошанның бетін шайды. Екеуі де босады, бірақ біріне-бірі білдірмеуге тырысты. Қолдан келер қайран жоқ, әке бұйрығы екі болмайды...

Боран алдындағы құрыстаудың құсырсы тарқамады,,

– Айтарында Балекең өз шешесін де аямайды, – деп салды Тоқмағамбет.

– Өтірік қоспаса, әр нәрсені өз атымен атау айып емес шығар, – деді Сәкен.

– Артықты артық деу мақұл болар, әр кімде құлақ бар ғой, – деп кірбеңдей айтқан Жәзирә еді.

– Қарындасым-ау, құлақтың бәрі бірдей естімейді ғой, – деп түйді Сәкен.

– Өз шешемді өзімнен жақсы көрер жан бұл үйде жоқ, жалықтырсам аздан кейін бітірейін, – деп Балатай қыдыра қарады. Жиылған жұрт тына қалды.

12

Күн құлақтана қызарып, жасыл ұшқын шашады, еңкейіп батып барады. Шұнақ аяз жалаңдап екі иығынан демін алады. Қалың қар төңіректі көмкере басып жатыр.

Осындай аязда мәу қақпайтын жоны таймаған семіз екі сәйгүлік белдеуде тұр. Олар – Бозшұбар мен Ақбайпақ.

Бесікті анда-санда бір қозғап қойып, аядай ақ отауда Ағыжан іс тігіп отыр. Қошанның жылқыға кеткеніне бүгін кәміл бір ай. Ағыжан қоңылтақсып әлдекімді сағынғандай құлазиды. Тұла бойы тоңып, дірілдегендей шіміркенеді.

Себепсіз елегзу басады. Жас жүрегі лүпілдеп, сергек сезім әлденеге алаңдайды.

Қас қарайып барады. Дәл осы мезетте Жемет отауға кіріп кетеді. Бұл Жемет Сәуленің інісі, Ұлдайдың осы күнгі қол баласы.

Ағыжан қауып отырған шапанды жинап тастап, орнынан асыға түрегелді. Осы қарбаласта Ағыжанның сұқ қолындағы жез оймақ суысып жерге түсіп кетеді. Жемет ойнап домаланған оймақты табанымен баса қояды. Жеңгесімен осылай ойнау ол заманда әбес көрінбейді, үйреншікті дағды.

Ала көлеңкеде жерді сипалап Ағыжан әлекке түседі, таба алмайды, оймақ үшті-күйлі жоғалады.

– Шайтан жасырып тұрмаса, қағынғыр-ай, сен алдың-ау, ә! – дегенде Жемет тұра қашады, оймақты іле жөнеледі. Сүрініп-қабынып Ағыжан қуа шығады. Бала зыр жүгіріп ордаға кіргенде бір шәйнек суды аяғымен қағып кетеді. Шәйнек барып ілегенге соғылады, суы ақтарылып қалады. Салдыр-күлдір дыбыс естілгенде Сапақ шырт ұйқыдан шошып оянады.

– Бұл кім өзі, не болды? – деп декбірей сұрайды.

– Не болсын, отағасы, ештеңе де жоқ! Әшиін ана келініңіз ғой, мына сұм баланы үйге қуып тыққан! Құдай мені сіздің алдыңызда алсын, көзіңіздің тірісінде бұлай басынады, өле кетсеңіз не болам? – деп қамығады Ұлдай.

– Былшылдамашы, тұлан тұтатындай саған сонша не күн туды?! – деп Сапақ тағы өзеурей түседі.

– Өз құлағыммен естімесем есек болар еді, сізден жасыра, жасыра тұрам таусылды ғой, кезегі келді, енді айтайыншы, сіздің атыңызды атап “соның төріне түгіл, көріне кірсең де қоймаймын” – деп тепсінді келініңіз, мына сорлы баланы осы үйге қуып тықты. Ілеген мен шәйнекке жан бітіп соқтығуы да осы жүгірмектің шалдуарлығынан. Бұл Жемет бишараның өзінде де бар, оймағын ала қашыпты. Бала ғой, ойнаған болар... Міне, естігіңіз келсе, – деп буына сөйлеп, Ұлдай шешеміз қабағын қарыс

жабады. Туған ағасы Қарғаш тап бүгін өлгендей долдана зарлайды.

Ыза қысқанда асау Сапақтың көзі қанталап түтігіп кетеді. Бет-ауызы өрт сөндіргендей. Мешеу ақыл аяғын манаурап басады, тентек ашу эзірейілдей аласұрып өз міндетін жедел орындайды.

Сапақ үйден оқтай атылып жүгіре шығады. Осындай екі талай кезеңде кәрінің жасарғаны анық сезіледі. Ақыра даурығып Әмір, Дәкін атты сенімді екі малайын Сапақ шақырып алады.

Сабасына қарай піспегі – иесінен малайлары айнамайды. Әмір, Дәкін екеуі де еңгезердей егіз туған жігіттер. Шүйдесі күдірейіп тұрады, бордаққа байлаған азбан тәрізді мойны бұрылмайды. Туа сақау, тілсіз мылқау жандар іспетті. Адамды бауыздау бұларға қой бауыздағаннан жеңіл. Әбден төселген, еті өлген, оны шыбын шаққан құрлы көрмейді. Бұлар – өнештің құлы. Жеген нанын ақтап жейді, қожасының бұйрығына құрандай сенеді. Бір заманда жер ошаққа тірідей көміп Қарғашты өртегендер де міне осылар. Бұлар тұрғанда Сапақ байдың қолына қан жұқпайды. Иесінің әмірін ойланбай орындайтын өте опалы, айнымас достар, қия баспайтын тіл алғыштар. Байдың атарман-шабарман жендеттері, міне осы екеуі Сапаққа іңір қараңғысында, орданың сыртында жолығысты.

– Екеуің қазір барып кіріңдер де, бесікте жатқан баланы өз үйіме көтеріп әкеліңдер, – деп Сапақ қиқына зіркілдеді. – Жас нәрестенің жазығы жоқ. Мейманасы асқан сайқал келін, салдақылық жасап балаға таласқандай болса, табан аузында дыбысын шығармай буындырып өлтіріңдер. Сөйтіп, Сапақтың төрін де, көрін де көзіне көрсетіңдер. Тайсалып тартынсаңдар, дәм-тұзыма салам, құдайдың да, адамның да алдында жауабын өзім берем. Мен Тәңірбердінің Сапағымын, тәңірінің сүйген құлымын, Қара Токаның құтымын, көзім тірісінде ешкімді басындыра алмаймын. Ал енді барыңдар, жарлығымды таптындырмай

орындандар! Қане, көрейін, қолымнан кім арашалап алар екен бұл күнді! Қысқарта айтқанда, жұмысын жылдам бітіріңдер де екеуің мына Ақбайпақ пен Бозшұбар атқа қоныңдар, сүйегін өңгеріп апарып сонау Бетқарағанның сыртындағы көк өзекке көміп қайтыңдар. Енді көзіме көрсетпендер, осы түннен шығармаңдар! – деп Сапақ көлемді ойын келте тұжырды.

Әмір, Дәкін отауға баса-көктей кіріп келгенде Ағыжанның денесі түршікті. Тұла бойы тоңғандай дірілдеп, қаны қашып, бет-ауызы бозғыл тартты. Ашу кернегенде ерні кезеріп, сілекейі сірне татыды. Бірақ сескенгенін сездірмеуге бекінді. Баласын емізіп, бесікке асылған күйі жайбарақат отыра берді.

Қожасының әмірін орындау жолында талайды жер жастандырып қанын ұрттаған сырғауылдай екі жендет әпжыландай ысқырады. Екі беті мәлік келген сиырдың талағындай ісіңкі. Көздері аусыл болған өгіздің көзіндей өлезиді. Еріндері көктемде жүндеген қара қайыс түйенің мойнақ терісінен аумайды. Маңдайлары қыртыс-қыртыс шала үйітілген сирақ тәрізді. Осы екеуінің бейнесінде қуаныш та, реніш те жоқ, тұлдануға дағды алған долы топастың кейпі көрінеді.

Адамның өзімен бірге туған үш досы болады, соның бірі Қуаныш, екіншісі – Бақыт, үшіншісі – Қайғы ғой. Қуаныш сорлы айнымалы оңғақ дос, келуі де тез, кетуі де жылдам. Бақыттың да өкшесінде бүрі жоқ ол резенке галоштай тайғанақ. Қырсық төне қалса желеуін тауып, жылжып кетіп отыратын алаңғасар-әнгүдік. Уәдесіне опа қылатын, берген сертіне берік жалғыз-ақ дос бар, ол – Қайғы. Туғанда бірге туса, өлгенде досының сүйегі сол қайғының қолынан шығады. Міне дос деп осыны айт!

Әмір, Дәкін болып бөлек-бөлек атануы бекер сияқты. Бұларда бір-ақ ат бар, ол - қайғы, тек егіз туған екен...

Жазықсыз жанның ышқына шыққан зары мұндай сазбеттердің құлағына енбейді, олар туа саңыраулар.

Осы қос жендет – Әмір, Дәкін бесікке кеп жармасқанда Ағыжан селк ете түсті, сілтідей тұнды. Күтпеген жерден үндемей қабатын итке душар болғандай. Жалқы туып ерке өскен Ағыжанды айласыз ашу қысты. Өлім оның ойында жоқ, өзі айыпсыз, уылжыған қыршын жас тап осы сәтте төніп тұрған ажалдан да қаймығар емес. Ағыжанда ес қалмады. Жаны түршігіп көзі шарасынан шығып кетті. “Құлынымды құлдың қолына ұстатпаймын!” – деген дыбысы шыңғыра шықты. Өзінің не дегенін Ағыжан аңдамай қалды. Лүпілдеген жүрек мүлде тоқтағандай, толғанар ой үркіп ай далаға безе қашқан, тек ызаның екпіні ғана билеген Ағыжан айтар сөзін өлшей алмады. Бір суынып, бір ысынып, үздіге сөйледі: – Иесін сыйласаң итіне сүйек сал, күйеуім ертең-ақ келеді, сонда не беттеріңді айтасыңдар, тас ошағыңды талқан қылмай ма?.. Маңыма жуымаңдар, мені басынбандар, жерден шыққам жоқ, еліріп есірмендер, Мекер тоқалдың тіліне еріп өз отауын ойран еткізердей жазығым бар ма екен, әтікем қайда, бұл не сұмдық?” – Ағыжанның жан дауысы талып естілді.

Ауызындағы сорып жатқан мәмесінен айрылғанда жас нәресте шырылдап қоя берді. Отау іші ың-жың, ойран-топыр, азан-қазан...

Ауыздықсыз ашу билеген Ағыжан оттың басында жатқан шымшуырды ала салып Әмірді беттен періп кеп жіберді. Сілтегенде оқыс тиіп шымшуыр оның оң көзін ағызып түсірді. Қара қан бұрқ ете қалды, бет-ауызын жауып кетті. Сортаң жерге кез болған сорлы Әмір жан ұшырып Ағыжанды бас салды. Дойыр күш нәзік жастың алқымына аш кенедей қадалды. Осы сәтте бесікті қос қолдай көтеріп, нәрестені шырылдатып Дәкін ақ отаудан сытылып шықты. Киіз есік сыртынан жабылғанда отаудың үні өшті, ызындап соққан жел де толастады...

Қос аттың дүбірі еміс-еміс естіледі, ұзап барады. Отау үнсіз, ауыл ұйқыда, түн ортасы. Ұрыс-керісті көп естіген тентек Сапаққа кезіккен долы Ұлдай алғашында аса абыржымады. Мынау қақаған аязда Сапақтың тыста

кешігуі, мезгілсіз шапқан аттың дүбірі елегізтті де бір сұмдықтың болғанын ол енді сезді. Апыл-құпыл далаға жүгіріп шықса қотандағы қойды торыған аш қасқырдай-ақ ауылдың сыртында Сапақ шоқиып отыр. Зәресі ұшқан Ұлдай отауға жанталасып кірді. Аудара қарап, ақтара төңкеріп Ағыжанды іздеді, түнектей қараңғы иесіз үйден еш нәрсе таба алмады. Ұлдай шашын жайып жіберіп, бетін жыртып жылап шықты. Сапақтың бойы алыстан қарауытып көрінді, ұзап бара жатқандай бұлдырады...

Емшектен еріксіз айрылған жетімге емізікпен сүт берді, тербете отырып Ұлдай сарнады.

– Жетімегім-ай, жетім қозым-ай! Мен жаза бастым, айыпсыз анадан өлтіртіп қанын жүктедім, күнаға белшемнен баттым. Қосан отауының шаңырағын ортасына түсірдім. Қара бет өгей шеше, салдақы тоқал атандым. Көрге өзіммен бірге түсетін, дыбысымды шығарып тірі жанға айта алмайтын сырымды саған шертейінші, шемендей шерден құтылып ішімді бір босатайыншы. Сәбиім-ау, кешір мені, Ағыжанның әруағы да қияметте кешіре көрсін. Шынымды айтсам, тап мұндай боларын білмедім ғой, мен бейбақ. Ақ келін мен сен сорлыда менің ұзыннан өшім, қысқадан кегім жоқ. Мені жегідей жеген басқа күйік...

– Әкем Тоқабай кедейліктің тақсіретін тартты, өзінің тұңғыш ұлы Қарғашты осы Сапақ байға жалға жүргізді. Ол менің туған ағам. Алпыстан асқан бай Сапақ менің қаршадай күнімде сөз айтқызды, Қарғашты жұмсады. Шешем Қамқа қасқыр кісі еді. Маған келген бәлені қағып, бастарын бәйгеге тіккен анам Қамқа мен ағам Қарғаш болды.

Қарындасыңды маған әжуалатпадың деп қитыққан Сапақ Қарғашты өртеп өлтірді. Сол жерошақ Сары ала көлде әлі бар. Міне, қыршын күнінде, мені сақтау үшін жазықсыз қаза тапқан бірге туған ағам Қарғаштың сүйкімді кескіні күні бүгін көз алдымда тұр. Оны ойлағанда мен өзімді ұмытам, не істерімді білмей есімнен адасам... Мен

Сапақты сүйіп келгем жоқ, Қарғаштың кегін алу үшін келдім. Кедейліктің осыған дәмін татқызсам болғаны, мен көнген кісі... Арманым әлі орындалған жоқ. Атқан оғым ылғи мүлт кетеді.

– Сары ала сандықты ашқызбады деп Ақ келінге өкпелеуім де тек сынықтан сылтау табу, оның ішінде жатқан “бесік сайманы” екенін Ағымның шешесі Ұмындық өзі айтып кеткен еді. Кеше сені бесікке салар тойда өз қолыммен ашып та көрдім, құдағидың сөзіне әбден сендім.

– Шіркін-ай, қапы кеттім-ау, аяғын шалыс басатын сорлымын-ау, – дей бергенде Сапақ үйге кіріп келді.

Орда үнсіз, ыңсыз-шыңсыз. Бесік жырын естіген Жетімек қазір қалың ұйқыда. Әлдилей тербету сүтке тойған нәрестенің жанына әбден жағады. Бай сесті, тоқал жан кешті, не болары әлі белгісіз.

* * *

– Ұлдай шешенің зұлым ғой өзі, – деді Жәзирә, – Ағымның жазықсыз өлімін естігенде біздің денеміз түршігеді, сонда мына атам қайтеді екен? – деп Жетімекті нұсқады.

– Кек алуда дұрыс-терісті өлшеу болмайды. Соғыста талай адам жазасыз қырғынға ұшырайды ғой. Балекем Әмір-Дәкіннің бейнесін дәл көрсетті. Байдың өзінен рахымсыз жеңдет жаман. Нәресте күнінде Жетімек атамыз түсінбеген болар, алайда Ұлдай шешеміз бар сырын өзіне тебірене тербетіп отырып-ақ жеткізе айтқан екен-ау! Әттеген-ай, ондай әйелдер әлі некен-саяқ ұшырайды-ау! – деп кіжіне күбірледі Сәкен.

* * *

– Енді азғана сабыр етіндер, – деп сөзін білтеледі қарт Балатай. – Таң ата жел көтерілді, ең әуелі жаяу борасын

басталып, бірте-бірте азынап соқты. Алай-түлей ақ боран, төңірек көзге түртсе көрінбейді, құбыладан сокқан долы жел аш қасқырдай ұлыды. Жер де әппақ, көк те әппақ. Кейде ішін тартып ұйтқып сокқанда қалың қар бұрқырап аспанға шапшиды, айнала аңырап жөнеледі, қамсау табылмайды. Сордың құлағында отырған аз үйлі Сапақ аулы ақ кебінге оранады. Қотандағы қой ығып сорға түседі, әрі қарай Қара Нұра құлап, оппыға жығылады, түп-түгел қырылады. Малға тірі пенде ие бола алмайды. Мал түгіл бас қайғы.

Әмір, Дәкін тәрізді қажырлы екі малай байдың малын рахымсыз жұттан арашалауға жанын пида қылады. Олар аянбайды, қоймен бірге ығып кетіп айдалада ұшып өледі, сүйектері де табылмай кетеді.

Ақ келіннің әруағы атты ма, жоқ, асқан Сапақ тосқынға кездесті ме, кім білсін, әйтеуір, сол жылғы аты шулы ақборан жеті күн, жеті түн тынбай зар күйін тартады. Ел басына әңгір таяқ ойнатады.

Әлгі ақборан тігерге тұяқ тастамайды. Сапаққа келген зауалдай, жалғыз Ақбайпақ ат аман қалады. Нұраның қалың тоғайына кіріп, боз талдың бүршігін қарбытып жүрген жерінен тауып алады. Тілен жартасының астындағы Кәрі көңге паналайды. Көзі кіртііп, өзі әбден арықтап құр сүлдері келеді. Кешегі жылқышы атаның зоры, жалы керегедей сом денелі Ақбайпақ ат бүгін шүнәмдай шобыр болып көрінеді, Ат арыса тулақ қой...

13

“Дегенде мені ұмытпа, жан жолдасым!

Сүйенді төсіме кеп сенің басың.

Сүйеге ерінге-ерін тиген шақта,

Бетіме тамды-ау аққан ыстық жасың”

С. Сейфуллин.

Қырсық бір айналдырса араны ашыла береді. Сапақтың он сегіз мың жылқысы Бетпақ шөлде. Күн құрыстап тұр,

құбыладан қызыл жел соғады. Арқада сонау Бетқарағанның сыртындағы Көк өзекке Ағыжан көмілген түні Бетпақта қоста жатып Қошан түс көреді. Сонда: “Ағыжан бұған қырын қарайды, кеудесінде кешірмейтін кегі бар тәрізді, түрі өте суық... Сол мезгілде Нұрбай датқаның Жәдігері тап болады. Қос арғымақ мініп Қара таудан әдейі келсе керек. Екеуі сағынысқандай құшақтаса кетеді. Жәдігер Ағыжанды алып қашады. Ағыжан үстіне қара жамылған, астындағы қара арғымақ аспанға ұшады, көзінен ғайып болады. Жас нәрестенің іңгәлаған дауысы естіледі. Ботадай боздап жылайды. Шошып оянады. Түннің жуан ортасы. Ар жағын ұмытып қалады, түс арнасы сөгіліп быт-шыт болып бұлдырай береді”.

Танертең Құдайбергенге Қошан түсін жорытады. “Мал аман, жұрт тыныш болады екен, түсінде жыласаң, өңінде қуанасың...” деп Құдайберген үйреншікті сөздерді айтады. Әйелдері Арқада қалған екі ай бойы бойдақ жігіттер - бәрі қызық-қызық түс көреді. Қуанышы қойнына сыймайды. Қалың жылқының алды Шуға құлағалы бес-алты күндей болған. Бұлар соңына еріп, көшіп келе жатыр. Бүгін әбден рахаттанып өздері кеш тұрып, ет асып жеп мәре-сәре. Арқаның аязынан құтылып, ұжмақтай жылы, шыбынсыз жазға килігеді, Шуға құлайтын күні жылқышылар тай сойып той жасайды. Көрген түстерін айтысып дуылдасуда. “Мал байдікі, жан құдайдікі” - олар малдың бетіне қарамайды, ежелгі ата кәделерін істейді. Жырынды жылқышы Құдайберген мұрындық болады.

Түс ауа көшеді, суыт жүреді. Ара қонып Шуға жетеді. Көп жылқыдан жалғыз тай да көрінбейді. Бұл қалай? Қиыс жайылып, шығып кетті дейтін бір қысырақтың үйірі емес, тым құрыса жүз, екі жүз, бір мың да жылқы емес қой, табандатқан он сегіз мың! Бұл айтарға ғана жеңіл: тіпті мүмкін емес.

Осындай ойлар билеп, топтанбай бөлініп-бөлініп, тұс-тұс жаққа іздей жөнеледі, Қошан Созаққа қарай беттейді,

Құдайберген Шолақ қорған тартады. Біразы Шудың бойын өрлеп Әулиеатаға дейін сүзбек, енді біразы төмен құлап Телікөл, Ұлытау барып қайтпақ. Жылқышылардың тағы бір екеуі артта қалған Мұңлықұлы тауына, Шажағай өзенін өрлеп Балхаш көліндегі Қашқан теңіз, Хантауына дейін барлап іздемек.

Жер қайысқан қалың жылқыны қандай жау тік көтере алып кетпек? Күн қатып, түн қатып қуа береді. Жаудың да, жылқының да дыбысы естілмейді. Бірнеше күн өтеді.

Үдере жүрістен Ақмоншақ аттың мойны қатып келеді. Қошан анда-санда көзін уқалап қояды. Жылқы дәл осы шоқының астында иіріліп тұрғандай көреді, үнемі тебініп ілгері ынтығады. Мал ашуы - жан ашуы.

Бір терең өзекке тіреледі, қақтығып қалған арық көк байталды ұстап алады. Жылқының сілеміне кезіккендей қуанады. Ноқталап жетектеп алып, тағы текіте жөнеледі. Мойны әбден қарысып, қажыған Ақмоншақ, сүрініп кетіп, омақаса құлайды. Көзі бозарып, тұяғын бір-ақ серпеді, арам катады...

Ер-тоқымын әрең сыпырып алады да көк байталды ерттеп мініп Қошан тағы шоқыта жөнейді.

Жұты шыққан арық көк байталға қарға адым жер мұң болады. Аяғын артуға да жарамайды.

Әбден сілесі қатып шаршаған, дүние-малдан тауы қайтып, түңілген Қошан түн ортасында көк байталды жетектеп Шудың бойында отырған Алшын Әйтеке үйіне өліп-талып азар жетеді.

Өткен өмірдің елшісіндей болып ақсақалды шал төрде отыр.

– Балам, жоғары шық. Алыс жердің жолаушысы екенсің, тымағыңнан танып отырмын, – деп жылы ұшырай, бейбіт әңгімеге кіріседі. Жөн сұрасады, әбден мән-жәйді біліп болған кезде ақ шұнақ шал әңгімені әріден құлатады.

– Қошанжан, Кіші жүз Қаражігіт би атанған адамың мен болам, кейбіреулер құрметтеп, “Әтина” деседі, өзіме азан шақырып, әкем қойған шын атым Әйтеке. Үш жүздің

баласын түгел білем. Арғын Шақ-Шақтың Қошқарынан туған даңғыл тентек Жантас менің досым. Қыпшақ Бала би, Досболды да талай кездестірдім, дау-шарда келелі әңгімеге кірісіп айтыстым да. Ұлы жүз Торғауыт би аға ғой, оған бетпе-бет қарсы келген емеспін. Бәріміздің де тоқтайтын түп қазығымыз, аса алмайтын асуымыз сол. Біз аға сыйлаған, әке тілін екі ете алмаған елдің баласымыз. Өз өмірімде жеңілген кісім қаз дауысты Қазыбек еді. Бір топта мен оған: “құда болсақ қайтеді? – деп қалжыңдадым. Сонда іркілместен Қазыбек отырып;

“Сен бір өскен шынарың,
Шағың жетсе сынарың,
Мен қалың ну тоғаймын,
Табылуға оңаймын”, –

деп қақ маңдайымнан періп кеп жіберді-ау! Шымбайыма батты. Тамағыма тас тығылды. Өзімде де бар, шырағым, өлетін жерімді білмедім. Қазыбек шындықты шертті – менің баламның жоқтығын, аз рулы Алшын екенімді білдірді.

Оның үстіне құда түсетін жерің бұл емес, орнын таппай оттама! – деді ғой. Аталы сөзге арсыз таласады – мен жеңілдім. Шіркін, сол ағалардың бәрі дүние салды, кейбіреуі осы мен тәрізді тұғырдан түсті, жожа болды. Өткен күнде белгі жоқ... Екеуімізде, шырағым, жалғыз-ақ айырма бар. Мен сонау өткен өзекті буынның ең жаманымын, ал сен осы күнгі өз замандастарыңның алдысың. Менен артықшылығыңды да, кемдігіңді де осы тұстан табасың. Балам, сенің әкең Сапақты да білем... Мен шілдесінде шық көрмеген кедеймін, бала жоқ қу бас та мен. Жылқыңды енді іздеме, үйіңе қайт! Әкеңе сәлем айт. Жылқыны айдап кеткен Қоқан ұрысы Пәрмәнәші, ол былтыр Байсақалдың да малын түгел әкеткен еді. Аяқ жетер

жер емес, тендік те бермейді. Әрине, дәтке қуат қой, сұрау салып ізденулерің керек шығар, бірақ Сапақтың жылқысы бұл өңірге сыймайды. Бұған тек Нұрбай датқаның Жәдігері кіріссе ғана бір саңылау табар ма еді, қайтер еді? Ол Тәшкендегі жандаралға ауызба-ауыз сөйлесе алады ғой. Әй, кім біледі, екі жылдай іздеп ет туысы Байсақалдың малын да ешкімнен өндіре алмай жүр емес пе? Шырағым, мал қолдың кірі, ер азамат аман болсын. Байлық мұрат емес, кедейлік ұят емес, – деп күрсінгендей леп шығарды Әйтеке.

Шай ішіп, ет жеп болғаннан кейін көне қарт үлкен ойға түскендей түнере қарады. Ел ақсақалына сыбағалы сөзін айтпау айып.

Азырақ аңырып отырды да:

– Балам, – деп бастады ол, – қарға тамырлы қазақпыз ғой. Сен маған жиенсің, шешен Алшынның қызы, біздің жақын қарындасымыз. Жиені жақсы болса нағашысы күндемейді, күйеуі жақсы болса, қайны күндемейді, – деседі. Осы рас, ал шын жақсы сабырлы да жігерлі болады. Ақыл осы екеуінен туады, ашуды да сол екеуі ауыздықтайды. Ер басына күн туса етігімен су кешеді, шырағым, ауыр болса да шыда, жұбайың Ағыжан дүние салыпты. Өзім де кеше естідім, – дегенде Қошан:

– Рас айтасыз ба? Ауру емес еді-ау, өз ажалынан өліп пе? Жоқ... Жас нәресте жетім қалды-ау! Атын да қойған жоқ едік... – деп төмен қарады, екі көзінен жас моншақтап ақты, дыбысын шығара алмай булықты. Күдік биледі, сүйген жарын өлімге кимады, ауызы да бармады...

– Сабыр қыл, шырағым, топырағы торқа болсын. Дүниеден бос келіп бос кетпеген жан екен, артында шырылдап баласы қалса, оның не арманы бар? Ертерек екені рас, бірақ өлмейтін жан болмайды, – деп көңіл айтқан кемпір Гүлсайран, өзінің шерін де шет-пұшпақтап білдіре кетті.

– Шырағым, баланың тууы қиын емес, оны тәрбиелеу ауыр. Бала өсіп ер жеткенше, сорлы әке-шеше арылмас азап шегеді. Ал егер бала болмаса, одан үлкен қасірет тағы жоқ. Мына шешен Гүлсайран жоқ іздегенін баяндап, өз мұңын шарып етті ғой, – деп жайып-шуып, төніп келген қара бұлтты ыдырата түсті Әйтеке.

– Аға, сізге ырзамын, ақылдасқым келеді. Мен мына көк байталды мініп елге қалай барам? Он сегіз мың жылқыны алдырып, әкеме не “бетімді айтам? Өгей шеше адуын еді, жастығы да бар, әкем өте тентек. Егер Ағыжан келініңіз көлденең кесапатқа ұшырап, жас бала шырылдап жетім қалса не істеймін?.. Естігеніңіз рас болса, ел ақ сүйек жұтқа ұрынса, кедейліктің зардабын тартып күңіреніп әкем отырса, он сегіз мың жылқыны жауға алдырып көк байталмен сүмеңдеп менің баруым торыққан әкемді тояттата алар ма?.. Шер үстіне шер жамалмас па? – деп Қошан ойын бітіре алмай зарықты.

– Шырағым, айыпқа бұйырма, мендей әкеңнің үйіне келіп шындықты естімей кетуің жараспайды. Әсіресе, ұятты мен арқалаймын. Сондықтан еліңнің жұтқа ұшырауын да, жиен келін – Ағыжанның өлімін де, одан туған жиеншардың жетім қалуын да бүкпей айтып естіртуім әкелік міндетім. Жаяу жүруің жарамас, өзің біраз күн осында тынық. Торғайдағы досым Жантас жіберген Торқасқа да аунап-кунасын. Әбден өзіңе-өзің кел де сол торғасқаны мініп еліңе жет. Шырағым, сен жассың, тепкенде темір үзер күнің. Ақылы жоқ жарым ес – кедей, денсаулығы кеміген дімкәс – кедей, осы екеуінен басқа тірі жан кедей емес, менің білетінім осы. Бұралқы жүруді жақтамаймын. Ар жағын өзің біл! Ұзын құлақтан естіген хабардың бәрі рас болмайды. Әкем тентек еді деп отырсың, мүмкін кезеңдіге ұшыраған шығар, мүмкін жиен келінге ажал тура құрық салған шығар... Жер шалғай, кімнің көзі жетеді? Толғанбай іс істеме!.. – дегенде Әйтекенің сол жақ ұрты бүлк-бүлк етіп тартып тұрды. Таң, сімерлеп келе жатқанда екеуі де төсекке жантайды...

* * *

– Келелі ойын ықшамдап ишаратпен жеткізетін даңғыл жүйрік Әйтеке екен. Жүйрік те, жомарт та бір өзі. Кедейлікті мойнына алса да, мойып отырған жан емес. Жантастай досы болудың өзі маған бір ертегі тәрізді, – деп күдігін білдірді Сәкен.

– Шырағым, бұған күдіктенбе, енді сол Торғасқаның мұнда келу себебін айтайын, – деп жалғастырды Балатай.

– Өткен күзде досын сағынған Жантас сонау Торғайдан Қаратаудағы Әйтекеге бір кісісін жібереді. Амандығын білмек болады. Жолаушыны он шақты күн жатқызып, аттанар сәтінде Әйтеке Жантастай досына мынадай сәлем айтады:

“Барсаң сәлем дегейсің
Қошқар ұлы Жантасқа,
Жеріміз шалғай, жан басқа...
Жүрісі менің сөзімдей,
Жуандығы өзіндей
Керек боп жүр торғасқа” –

дейді.

Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешетін даңғыл Жантас Торғасқа атты қыстың ішінде беріп жібереді. Досы сыйлаған сол Торғасқаны Қошанға мінгізіп, бұдан кедейінде де тойға барған жомарт Әйтеке жаяу қалады.

Кімнің ұтқаны, кімнің ұтылғаны белгісіз. Әйтеуір, Қошан өмір бойы атқа мінбегендей қуанады. Торғасқаны ауыздығымен алыстырып Арқаға тартады.

* * *

Сапақтың ауруы осы көктемде басталады. Бұрынғы көксаулығына көлденең науқас қосылады. Ішкен тамағын құса береді. Біреулер қыл тамақ деседі, енді біреулер тоқал жады еткен деседі. Біреулер мал қайғысы, біреулер жан

қайғысы деп өлшеп-пішеді. Толып жатқан торамжылар, ешкім дәл басып таба алмайды.

Сапақтың он сегіз мың жылқысы Қаратауда қолды болды. Көк байталмен Қошан қаңғырып кетіпті деген хабар дүңк ете қалады. Арқадағы ақборанға ұшырап бар малын жұтқа алдырады. “Қашқан да аллалайды, куған да аллалайды” дегендей, осы тәрізді ауыртпалыққа киліккен Сапақтан күн даулаушы көбейеді. Бәрі де аллаға сыйынады. Жесір дауы, жер дауы – неше түрлі пәлелердің басы қылтияды. Жығылып жатқан адамды ит қана қаппайды. Кейбір адам мұндайда әйенкестік жасап, сыбағасынан құр алақан қалуды, ақымақ болуды білмейді.

Дембі, Байыр келеді. Бұлар жұтқа килігіп қаңғырып өлген балаларына күн даулайды. Әмір, Дәкіннің әруағын тірілтеді.

Талай-талай істелген зорлықтар, бітеу жара боп, шор боп біткен сынықтар ашылады. Кедей Сапаққа жаманшылықтың бәрі жабыса береді. Ел нысайын алыстан түсінетін Ұлдай үйіндегі барын беріп аттандыруға дайын тұрады.

Жыл он екі ай сіңірген еңбегін сұрап атпыраш Аққозы да келеді. Ақмоншақ аттың бәйгіден келмей қалуын бұл Аққозы Ұлдайдан көреді. Сол бәйгеге дәл шабатын күні таңертең алакөбеде екі білем құйрық пен орта шелек биенің сүтін бергенін көзі шалады. Ендеше қырсықты өзі жасап, біреуден көруі батады. Ел алдында масқаралап, айыпты Аққозыға аударуы да оңай тимейді. Ұлдайдың елгезек болуы да осындай себептерден туады.

Кетпей жүрген қыркылжыңның зардабы ұрымтал жерде үдей түседі. Аққозы қадалған жерінен қан алады. Ескі достар, замандас сыйластар қолдың кіріндей қырын жүгіреді. Тауқыметтің бәрі кедей Сапаққа үймелейді. Жемтіктің басына күшігендер жиналады. Таласып, тармасып тұс-тұсынан жұлқылайды, бұтын – бұт, қолын – қол етіп ит сілікпеге салады.

Сонымен, әбден тұралаған Сапақ жалғыз үй қалады. Ауруға шалдығады. Ырдуанға жауыр қара сұр атты жегіп, Ұлдай екеуі Сарыала көлге әрең жетеді.

14

Баяғы Сарыала көл әлі өз орнында. Тоқабайдың қара лашығы жоқ, еңсесі көтеріңкі жеті қанат ақбоз үй болыпты. Балық аулау кәсібі пайдасын тигізгендей, тату-тәтті өмір сүрудің үлгісін көрсетіп, Тоқабай мен Қамқа тізе қосып қатар отыр. Табаға салған қып-қызыл шоқтың үстінде танауы желбеңдеп, ақұман шырт-шырт түкіреді, қақпағы бүлк-бүлк етеді, шоқ шыжылдайды. Сары жез самауырын күрсіне дем алады.

Оң жақта науқас Сапақ ыңырана ыңқылдайды. Ұлдай күйеуінің ауызына мақтамен май тамызады. Кеңірдегі сорайып, шалқасынан жатқан Сапақтың екі езуінен төгілген майды анда-санда Ұлдай сүртіп, құрғатады. Ауруы меңдеген екен.

Денесі суып бара жатқанын сезіп Ұлдай соңғы сөзін айтады, кешу алысады, “Кешір мені, ажалыңа ортақпын. Сен енді аттанатын қонақсың, саған тапсыратын аманатым бар. Ақыретке барғанда Қарғашыма сәлем айт. Әруағы ырза болсын. Қыршын күнінде жазықсыз кетіп еді. Бай кедей болды да оның ақылы сабасына түсті де! Алдына тірі жан шықпай әбден асқан бай ақтарылып төгілді де! Сол байдың аты бәйгеден келмей сорлы Жортықтың торғасқасы келді. Тап сол күні ала кеуімде тұрып, елдің көзін алдап, ұрланып жүріп Ақмоншаққа екі білем құйрық асатып тойдырған, биенің түн асқан сүтін беріп сусынын қандырған да өзім едім. Сол Ақмоншақ бәйгіден келмесе, байлықтың сағы сынатынын ұғатын едім.

Кеше Ағыжанды өлтірттім, тап сол сорлыда өшім жоқ. Оның сары ала сандықты ашқызбауы да өтірік болатын. Енді айтайын, осының бәрі жапқан жала, жаққан күйе.

– Мені дүзқара де, адал жарым еді деп аттанба! Менің кегім бітті, бүгін өлсем де арманым жоқ... Бірақ кегім сенде емес, байлықта еді... – дегенде Сапақ күбірледі:

– Жағадан алған жау байлық болса, етектен жұлмалаған қаншық сен екенсің ғой. Кештім бәрін, ақымақ мен... Жетімегім, Қошаным, – деп ойын бітіре алмай ықылық атты, оның қол-аяғы сіресіп қалған, көзі ашық жатыр. Тоқабай келіп суық қолын ұстады да аят оқып дем салды. Екі кірпігін айқастырып, көзін жұмдырды, бетін жапты. Сапақтың үзіліп кеткенін біліп:

– Тек сарнама! Өліктен кегінді алушы ма едің? Жап ауызыңды! – деп әкесі Ұлдайға зекірді. Сапақтың сандырағы анық естілді, жер-жебіріне жетті.

Қамқа міз бақпай отырып қалды. Ұлдай осы шешеден туған ғой. Құдайберген үйге кіріп келді. Сонда осы Тоқмағамбет үш-төрт жаста. Көп уақыт дәмдес болып едің, хош енді, – деді. Жылқыны жауға алдырғаннан кейін Сапақты көргені осы. Сәуленің өлгеніне әлі екі ай толған жоқ. Жаназада көп адам жылайды – әркім өз қайғысын ойлайды.

– Ұлдай, сен де берік бол. Жетімегінің тілеуін тіле, сол аман болсын, Қошан енді келмес, бұл маңды көрмес, сірә!.. – деп Құдайберген ойын аяқтай алмай солқылдады.

– Мен Сапақты өмір бойы жақсы көре алмадым. Бірақ бойым жетпеді. Енді өліп жатқанда кек алу ақылсыздық. Өліктен тірі кісі төмен тұрады, – деп ойын шағындап баяндады Құдайберген.

– Сапақтың өлердегі тілегі бар, мені Құдайменде өзенінің жиегіне қойындар деп еді. Оны қалай етеміз. Алыс жер ғой, кім барады. Міне, осыны ақылдасу жөн, – деді Тоқабай.

– Ол қиын емес, өзім барам. Мына Тоқмағамбетті Ұлдайға тапсырсам болғаны. Осы арадан Құдайменде мықты атқа күндік жер, тіпті ақырын жүргенде де ара қонып түсеміз. Осы жерде отырған шорқынды балықшыларға хабар айтыңыз, бәрі жиналсын. Елдік істесін. Кешегі Тоқаның

құты Сапақты біз айта қалғандай етіп жөнелтелік. Өңкей шонжарларға мерт болмалық, олардың белін сындыралық! – деп түйді Құдайберген.

Бұдан жаманында да тойға барған, тұрмыс тепкісін талай көрген балықшы ауылы бір жеңнен қол шығарып ынтымаққа келе қалды. Егеудей он шақты жігіт дайын тұрды. Сапақты теңге салып, қыл арқанмен шандып тастады, екі жағынан екі салт атты жігіт көтермелеп тақымына басты. Сүйретіп ала жөнелді...

Сапақтың үшін де, жетісін де, қырқын да, жылын да Ұлдай өз әкесі Тоқабай үйінде өткізді.

– Міне, Ұлдай шешеміз Құдайбергенге содан кейін тиді, – деп әңгімесін аяқтады Балатай.

Бір мезгілде көпті басынан кешірген даңғыл қарт жаяу жігітке толғана көз тастады. Жетімек пен Тоқмағамбет намазға ұйығандай тіс жарар емес.

– Балам, ертең жоқ бүрсікүні жүр, жолың болсын, кер бестіні тақымына бас. Сені келген күні танығам, – деді қарт Балатай, бет ауызы ажарланып сала берді. – Мен саған үш әйелдің, үш шерменденің әңгімесін баяндадым. Үш ардагер ананың мұңын шерттім. Есінде болсын, мұндай аналар әлі де бар. Солардың жоғын жоқтау енді сенің міндетің. Сен жассың.

– Байқадың ба, балам, мен осы ұзақ әңгімені айтып отырғанда мына екі шал мені екі жерде тосты. Бірінде мына Тоқмағамбет қақты: “Сәуле мен Ұлдай шешеніңді қайсысы артық еді - ашып айта кетіңіз”, – деді.

Ал, тап кеше Жетімек: “Ағыжан кім өзі? Ит жемеде өлді-ау”, деп бұлк етті. Осы екеуін де түсіндім, бірақ жауап бермедім, уақиғаның желісін бұзғым келмеді. Енді айтайын:

– Бұл әйелдерді салыстырудың қажеті жоқ. Үшеуі үш арнада. Түйенің жампозы - асқан жүйрігі желмая, жылқының шандозы – алдына жан салмайтын тұлпар. Ешқайсысы өз орнын бермейді.

– Шырағым, саған түсінікті болу үшін есімде қалған бір әңгімені ескертейін. Баяғыда мен Түркістан бардым. Жәдігерді тауып алдым. Ол мені өзі оқытты, Тәшкен апарды. Көп тәрбиеледі. Мен көп қаңғырған адаммын, қу кедейлік не істетпейді. Ел көрдім, жер көрдім, міне енді үйірімді тауып, көп нәрседен көңілім қайтып осы жерде отырмын. Заты, күрес адамы болып тұмаған соң, жалтақ мінезім биледі. Түкке түсінбедім де осы бетті мақұлдадым. Ақ патша тұсында да абақтының дәмін таттым, мына Колчак өкіметің де мойныма бұғалығын салып көрді... Я, қалкам, “түбінде тыныш жүргенді теріс көрмедім” дейді ғой Абай.

Сонда бір әңгімеде отырып Жәдігер ағай сөйлеп кетті, бұл Түркістанда еді.

– Мен бойдақ болсам, – деп бастады ол. – Сол үш әйелге қыз күнінде қалада кездесем.

Сәулені ертіп жиын-тойға именбей барар едім. Талай боздақтармен шаршы топта ойнап-күлсем де көңліме күдік келмес еді, оның шашасына шаң жұқпас еді, бірге барған жолдасы менің бетіме де шіркеу келмес еді-ау! Ол мейлінше адал жар.

Мысалы үшін айтамын, мені ердің құнына, нардың бұлына кесім айтатын ұлы дауға шақырса, соған қымсынбастан Ұлдайды апарар едім. Ел арасы егер болғанда, кектесіп кереғар отырғанда билікті сол Ұлдайға айтқызар едім. Шіркін, Ұлдай кескілесе де білетін, кезекті жерінде кешіре де білетін еді-ау!..

– Ал енді үйлену қажет болса мен Ағызжанды алам. Ол – бақыттың алтын бесігі. Адал сүйісуден өзге екеуіміздің арамызда ылғал жоқ, – деп ойын аяқтап еді.

– Ал, енді жер аяғы кеңіді, балам. Біраз күн дәмдес болдық. Жалғыз-ақ айтарым кәрі-құртаң қазақтың үш шалын алдап кеттім деп жүрме! Ішінде ат басындай алтын жатса, сақтай біл! Біз ырзамыз, сырына ортақ болып жаманат алғымыз келмейді. Арманда өткен апаларыңның

намысын жауға жіберме. Теңдікке жеткізу міндетің. Заманыңа қызмет істе! Сәкенді мен білем, білем! – деп қайталады Балатай.

ТОҒЫСУ

Кешегі жаяу, көңілі қаяу жігіт, бүгін атты, ашуы қатты, Сарыадырдан шығып, естекті бетіне ұстап Есенге тура тартты. Бұл Сейфулланың Сәкені, еліне бара жатыр. Жапан түзде жалғыз жорытқан жолаушы. Талайы көтеріңкі, жұлдызы оңынан туған жігіт. Кербесті гулей жөнелді, үсті салған төсектей. Ауыздығын қарш-қарш шайнап кейде ала қашады.

Жүрерде қолтығынан демеп аттандырып салған Жәзірә көкейінен кетпеді. Оның майысып, төмен қарап “жолыңыз болсын!..” деп сызыла шыққан дыбысы сыбызғының үніндей нәзік естілді, құлағында тұнып қалды.

Балатай қарттың бейнесі көз алдында. Әңгімесі есінен кетпеді. Әсіресе, үш әйел – қапасаға түскен үш тоты құс: Ұлдай, Сәуле, Ағыжан кескіндері сайрап көрінді. Түрлі-түрлі толқулар биледі, бәрі жиналып тоғыз жолдың торабында душарласты.

– Теңдік, теңдік керек! – деп күбірледі Сәкен. Таңдап табынатын тәңірім сол, менің жолым осы, – деп бекінді.

Баяғыда семинарияда оқығаны, алған білімі, ұстаздарының айтқан сөздері – бәрі келіп тоғайласты. Толғанды Сәкен:

Көз жеткісіз көне, сонау грек елінде Афинаның атақты патшасы Перикл мына Ғайса пайғамбардан бес жүз жыл бұрын болған ғой. Сол Периклдің мектеп досы Анаксагор мен тұстасы Сократтай философтар құдайды жоқ деп өлген екен. Ол кез – құдайлардың балшықтан жасалып өте көбейіп қадыры түскен, ойыншыққа, мазаққа айналған кезі-ау, сірә! Бірақ ғажап та емес, құдайды жоқ деуінің өзінде де бір нанымның нышанасы жатқандай! Мүмкін, олардың

кұдайы “нанбау” шығар. Өйткені, нанымы жоқ болса Сократ отқа өртеліп, Анаксагор айдалмас еді. Нанымы жоқ болса Шираздан шыққан ақын қыз Хурратылғайн эшафотқа еркімен барып ажал құшағына өзі кірмес еді. Хурратылғайнның да мұқылас мойындаған діні болған ғой.

Француздың Талейраны ұзақ уақыт құдайға нанбаған, осылайша эззілдің соңына еріп сексен үш жыл сергелденге түскен. Ақыры, сексен төрт жасында құдайды бар деп біліп, жанын жәннетке тапсырған екен.

Сонда француз жұрты: “мына сұм Талейран кеше сексен үш жылдай құдайды алдап келіп, жеме-жемге жеткенде албастыны да жер соқтырған ғой” – десіпті.

Я, Талейранның алдауы рас, өйткені құдайға нанудың негізінде де не алдау, не алдану бар емес пе. Мүмкін, Талейранның “нанымы” алдау шығар. Қартайып, можа болған ұры өзінің тақиясын өзінен ұрлап, жанбасының астына басып, соған жұбанып отырады дейді. Үйренгені ұрлық қой...

Сократ, Анаксагор заманында грек жұртында құдай епетеісіз көп болыпты, бәрі де тастан жасалыпты. Аполлон, Амур, Психея, тағысын-тағылар. Талейран тұсында құдайлардың саны үшеуге түсіпті – әке құдай, шеше құдай болыпты, Мариям ана Исаны тауыпты да қайта қыз болып кегіпті, ал Исаның өзі өліп қалыпты да қайыра тіріліп аспанға ұшыпты. Сондықтан ақылды Талейранның нанбауы да, алдауы да қиықты.

Әркім өз заманының жемісі, мен өз дәуірімде отырмын. Ескі адыра қалды, соқыр сенім күйреді, қара түн айықты, жарқырап таң атты, төңірек тегіс алақанның аясына түсті. Ғылым биледі, адам үстемдік алды - аэроплан жасалды. Алты айлық жол алты-ақ адым. Теңсіз телегей өсу кезеңіне кездестім. Заманамның тілегі коммунизм орнату, жалпыға бірдей теңдік дәуренін құру. Таңдап, талғап келгенде, өткен бұлдыр дүниені еске алғанда менің де табынатын тәңірім болу керек, оның аты – Теңдік. Мен кешегі көшпелі елдің,

мәдениеті мешеу, бұратана ұлттың ұлымын. Маған теңдік өзгеден бұрын керек, ендеше таңдағаным да, табынарым да теңдік.

Арманда кеткен, боранда ығып өлген Қошқарбайдың келінін жазам. Теңін тауып, мұратына жеткен Айшаны жырлаймын. Қалың қазақ әйелінің күндікте жүрген қалпын суреттеп, келешекке, әділдікке шақырам, теңдік үшін күреске баулимын.

Балатай қарттың барлық ойын қабылдамаймын, ол жалтақ, можа шал. Өзіме керегін алам.

“Болса да алыс қызыл күн
Шұғыласын шашты алтындап,
Ғашығым менің бостандық
Келді алдыма жаркылдап...”

Үнемдеп, өлшеп күн өткеру үшін тумай; дүниенің сасық байлығына жетуді мақсат қылмай, қырандай жер-көкке қанат жайып, дүние шетіне көз жіберген, асау тұлпардай қиырсыз алысқа құлаш керіп бақыт, махаббат іздеген жастар – сендерге арналды бұл әндер! Асауменен алысып жүріп салған әндер осы!

– Ұраным күрес, орнатарым теңдік! – деп күбірледі Сәкен.

Айдаланы дүбірлетіп шауып келеді кербесті. Уытты жас жігіттің тоқсан толғамы осылай тоғысты.

АС

(Мұхаммедия әңгімесі)

“Өзгеге ұғындырмас өзі бұзбай,
Сыншыдан сақта құдай сортаң тұздай.
Шатасқан шалдуардан жиіркенем,
Елімнің ескісінен сөз айтқызбай”.

Ілияс, “Құлагер”

– Еліміздің өткен өмірінде қиян-кескі ырылдасулар көп болыпты ғой. Ру-руға бөлініп алып, талай-талай өнімсіз дау-шарға кіріссе керек. Уақ-түйек іліктер зорайып кетіп, келелі апаттарға да килігіпті.

Азғана тай біткен байлар қарашысын қарақтапты, күштілер жалақтап әлсіздердің тұрасын тауысыпты.

Неше алуан қызық уақиғаларды тіршіліктің тепкісін көргендер тамсана шерткен ғой, біз солардан естідік. Ішкен мас, жеген тоқ, байлар мұндай қысыр әңгімені не қылсын?! Хатта қалмаған ежелгі өмірдің сүреңсіз сиқын қарттар жеткізеді, абайлап тыңдасаң, талай сергелдеңнің үстінен түсесің. Олар арман еткендей қызықтырып, қыздырмалап айтады, із тастап жалтарып та отырады. Өмірдің қитұрқысын жетік білген шораяқтар ғой, бір ауыз сөзін мыңға балап айта алады. Бірақ сұлу сыртына әуестенбей, ішкі сырын ұғалықшы, жылтырағанның бәрі алтын емес-ау, сірә!..

– Есінде болсын, қалқам, ақылдың да, ардың да иесі кедей сорлылар, олар өмірдің ыстық-суығын жетік біледі, неше түрлі нақылдарды да солар тудырған ғой, міне сондай сұңғыла жандар өлсе атаусыз кетті-ау, ал содырлы сотқар байдың біреуі өлсе ұлы думан ас беріледі, елдің аузында қалады, менің шымбайыма осы батады, – деп ауыр күрсінді қарт Мұхаммедия.

Арналы тарланның ырғақты үні, ойлы сөзі мені салған жерден билеп әкетті. Үнсіз тыңдай бердім.

– Бүгін мен де сені ежелгі сүрлеуге салып көрейін; балам, керегін өзің таңдап ала бер, – деп бір жымыып қойды қарт.

– Өзіңе мәлім, Мұхтар ағаң “Тобықты Бөжей асын Қазбалада – Шыңғыстау баурайында берді. Сонда жер қайысқан топ жиналды, май сайдан ақты. Сойылған малдың ұшы-қиыры жоқ. Желінбеген ет, ішілмеген қымыз қалмады.

Әр атаның ұлы осы асқа өз сыбағаларын әкеп жатыр. Бір атадан келіп Құнанбайдың Абайы да он үй тіктірді, сол он үйге түсетін қонағына арнап он ақ байтал, қысырдың

бес тайы, жиырма кой сойдырды, соның ішінен он қойды Абайдың туған шешесі Ұлжан үйттіріп, екі кебеже сүрді араластырды. Басқалармен бәсекеге түскенде Абайдың талайы асты.

Бөжей асына Қарқаралының Арғыны, Жетісудың Жалайыры, Семіз Найманы. Ылдидың Уақ Бурасы, Дағандының Керейі бар, талай үлкен рулар келді...”

“Табақ тартуға өңшең жорға аттарды сайлапты. Барлық ат күміс ертоқыммен ерттелген. Күтуші жігіттер бастарына тегіс жібек орамал байлапты. Ас ошағымен екі арада бұлар қос табактан алып, қатар ызғытып жөнелгенде өлке бойы жайнап кеткендей болады”.

“Бәйгеге жүз елу ат қосылыпты. Он атқа бәйге аталыпты. Бәйгенің бәрі де тоғыз-тоғыздан. Алдыңғы бәйге – түйе бастатқан тоғыз, екінші – жамбы бастатқан тоғыз. Ол жамбы кешегі Ұлжан әкелген кесек күміс “тай-тұяқ” екен...”

“Үлкен астың күресі де үлкен. Балуандар бәйгесі де тоғыз-тоғыздан”, – деп Мұхтар ағаң толғағанда, сендер үйде отырып тамсанасындар ғой...

Бөжей асына келген көпшілік бір түнеп тарқайды, екінші күнге алыстан келген ет жақындары – нағашылары ғана қалады.

Енді Ереймен тауында, Қусақ көлінің жағасында берілген Керей Сағынай асына баралық. Мұны Илияс ағаң жеріне жеткізе жырлаған болатын. Онда бәйгеге бір мың үш жүз ат қосылады. Ақынға артығырақ айтса да жараса береді ғой.

Осы Сағынай асында:

“Тәтті жал, қазы, қарта мая-мая,
Дамылсыз дастарқанды жүрген жая.
Еті - тау, қымызы - көл деуге болар
Айтқанда тартыңқырап астың сыйын”... –

деп тебіренеді ол.

Міне, қонақ асын осылай беріп болып, енді ақын Ілияс бәйгеге қосылатын аттарға ауысады, соның ішінен таңдап алып Ақан серінің Құлагерін суреттейді.

“Тәует бас, қамыс құлақ, қуарған жақ,
Құлан жал, бұлан мойын, қой жұтқыншақ,
Қоян жон, жазық жая, жауырынды,
Құс топшы, қос шынтағы қалыңқырақ.
Жер соғарлы, сіңірлі, аяғы тік,
Түлкі төс, тазы тізе, ит жіліншік...
Жүрсе де жаздай құры болмайды тоқ,
Кез жарым кесер баста кесім ет жоқ.
Қақпан бел, қалбағайлы, үңгір сағақ,
Шапса жел, мінсе жайсаң, тұрса селсоқ”, –

деп ауызынан суы аға сұқтанады, артынша бәйгеден оны келтірмей дымыңды құртады. Заты, “түлкі төс, тазы тізе, ит жіліншік” деп суреттеуіне қарағанда, тіпті, Құлагер бәйгеден келмейтін ат тәрізді. Мәстек пе, қалай деген сұрақ туады. “Өттеген-айы” күшті өкініш билейді. Біз сол аста жоқ едік-ау, Құлагер бәйгеден келе салса ешкімнің ешнәрсесі кетпес еді, бірақ, амал не? Алтай ішінде Мұрат руынан шыққан теріс азу, телі тентек, бай Батыраш Ақан серінің Құлагерін жазықсыз өлтіреді де, өзінің Көктұйғынымен бірінші “тоғызды” алады. Екінші ат Айтбақының күреңі, үшіншісі Шорманның Садуақасы әкелген шораяқ кәрі бурыл ат...

Сөз сөзден туады ғой, енді осы кезегі келгенде мына бір атты қоса айта кетейін, – деп көтеріле сөйледі Мұхаммедия. – Халқымыздың беделі, төрт аяғын тең басқан жорға – ақын Абай мынадай атты арман еткен:

“Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ;
Ауыз-омыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желке, үңірейген болса сағақ.

Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,
Қабырғалы, жоталы, болса күшті.
Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы,
Тояттаған бүркіттей салық төсті.
Жуан, тықыр бақайлы, жұмыр тұяқ,
Шынтағы қабырғадан тұрса аулақ.
Жер соғарлы, сіңірлі, аяғы тік,
Жаурыны етсіз жалпақ тақтайдай-ақ.
Кең сауырлы, тар мықын, қалбағайлы,
Алды-арты бірдей келген ерге жайлы.
Шідерлігі жуандау, бота тірсек,
Бейне жел, тынышты, екпінді мініп жүрсек.
Екі көзін төңкеріп, қабырғалап,
Белдеуде тыныш тұрса, байлап көрсек”,

дейді. Қосар сөз жоқ, мінсіз мүсін. Осы атты 1886 жылы Фабдулла Тоқай туғанда қырық бір жастағы Абай тәрізі ақын әкесі шүйіншіге тартқан сияқты. Жаңа туған нәресте ержетіп, түбінде Троицкіге келер-ау, сонда Қазанға қайтар жолына мініп кетсін, немесе жегіп кетсін деген үміті бар. Қырағы жан, ақын Абай алыстан көрген екен. Күтімі келіскен, көсем аяндайтын, әсем желетін жарау атты Тоқай 1907 жылы ләкшенкесіне жегіп Троицкіден шығып Қазанға жөнелді ғой:

“Жектіріп пар ат, Қазанға түп-тура кеттім қарап,
Шаптыра атларны кучер, соққалап та тартқылап” –

деуі тегін емес. Мына ортаға жегілген ат Абай сыйлаған “тықыр бақайлы, жұмыр тұяқ” тұлпар болса керек. Қазанға сол күні жетіпті ғой.

Абылай ханның торына түскен, қалмақтың сұлу қызын бостандыққа қарай алып жөнелген Керкөжекті айтайыншы. Мұны Сәкен ағаң былай толғады:

“Көжектей қамыс құлақ, сымпыс құйрық,
Бүгілген бадана көз, мінсіз сүйрік.
Алмайды қанатсызды қапталына,
Жүйткісе көз ілеспес сағым жүйрік,
Жетектеп, әлекедей көжек керді,
Серке сан, бота тірсек өжет керді
Шаужайлап аяндатып бір жас жігіт,
Тізгінін қатты қымтып тежеп көрді.
Секіріп, аузын ашып, көкке шапшып,
Көжек кер қобалжытты үстегі ерді.
Жұлқынып, ауыздығын қарш-қарш шайнап,
Тұқырып, құшырланып, тарпып жерді,
Шиыршық атып, билеп шырқ айналды,
Уытты екпінімен шарпып желді.
Жөнелді аузын ашып керше таңлақ,
Ырғыды құйын соққан бейне қаңбақ.
Не құмай, не бұлдырық, не қаңбақ деп,
Айтарсың қарамасаң әбден аңдап.
Сәйгүлік Қуандықтың арда кері,
Жорыққа Барақ батыр мінген таңдап.

Жас елік кетті босап тұтқын қолдан,
Жас құлан шықты ойнақтап түскен ордан.
Тұтқын қыз, Керкөжекпен кептер құсша,
Жытты енді босанған соң темір тордан”, –

деп ойын аяқтады.

Осы үш аттың үшеуіне де қызығам, шырағым, қолға түспейтін қанатты тұлпарлар ғой бұлар. Бәрі де сайдың тасындай сәйгүліктер. Алайда, Абай аты мен Ілияс аты белдеуде байлаулы тұр-ау! Көлденеңінен қарап аяңын да, желісін де, шабысын да болжап айтады олар, ал Сәкеннің Керкөжегі, оның бар қимылы көз алдында, Сәкен болжамайды, аяндатып та, желдіріп те, шаптырып та көрсетеді. Азамат соғысы кезінде жауға шапқан, қашса

құтылған, қуса жетіп дұшпанын күйреткен, бостандық әперген тақымына басқан аты болар-ау, сірә, – деп бір тежеп қойды Мұхаммедия. Осы үш атты салыстыра кетті де, енді әңгімені екінші бағытқа бұрып жіберді.

“Бақ туын тұрғанда ұстап бүгін қазақ,
Көңілі судай тасып, оттай маздап.
Ескі күн елім көрген енді ойласам,
Көрінер кейде қорлық, кейде мазак”.

Ілияс

Мен өзім білетін Қорыспай асын айтайын, сол аста бәйгеден келген кедей Жортықтың жауыр Торғасқасын баяндайын, бұл ас әлгі астардың бәрінен де бұрын берілген ғой, – деп үзілген ойын білтеледі қарт Мұхаммедия.

Қорыспайдың “қырқын” беріп, келесі жылы болатын асқа сауын айтылды. “Ошақ басына” Барғана, Айтқожа, Сатыбалды сияқты үш арыс ел жиналды, бәрі де жұмыла дайындалды. Аруақ атын атасып, құдай десіп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарысатын болды, тебіренісе сөйлесіп, іштері жібісіп уәделесіп тарасты.

Сөйтіп, елді ескі ережеге шақырған, ынтымаққа мұрындық болған әрі мерекелі, әрі азалы жиында сыбағалы бастарын мұжысып отырып, келелі әңгімелер айтысты, әлгі үш арыс елдің игі ақсақалдары Қорыспайдың асына тоғыз дуан ел шақырылсын деген пәтуаға келді. Көкшетау, Омбы, Кереку, Семей, Қарқаралы, Әулиеата, Торғай, Атбасар, Ақмола дуандары аталды.

Қонақтарды күту ошақ басындағы елдің мойнында. Екінші сөзбен айтқанда Қорыспайдың “ошақ-басын” билеген, Бесімнің әдемі тоқалы Дәулетбикеден туған: Барғана, Айтқожа, Сатыбалды отаулары. Кешегі Токаның үш отауы бүгін өсіп-өніп, үш арыс ел болғанда, соның бірі Айтқожаның сүбесі Қорыспай дүние салды. Күйзеліп қырқын берген жер мына Темештің Құмкөлі еді. Қорыспайдың қырқын өткізіп, үш отаудың ақсақал-

кара сақалдары уәделесіп тарағанына міне бүгін аттай бір жыл.

Осыдан бір ай бұрын Қорыспайдың “Ошақ майлары” болып өтті. Әр отаудың әкелетін үйлері де, соятын сойыстары да сонда белгіленді.

Қорыспай асына бес жүз үй тігілді. Сиырдың бүйрегіндей қырық ру алабажақ үйлер көлге үңірейе қарап, бірдемені үздіге күткендей, киіз есіктер шалқасынан түріліп, маңдайшаға ілінген екен.

Асқа келген бәйгі аттың бас-басына бір-бір үйді оңаша беретін елдің ежелгі ережесі. Үй кісінің санына қарап берілмейді, бәйгі атқа беріледі. Алтай – Тоқада осындай әдет бар.

Тамыз айының тымырсық шуақ күні, мезгіл бесіннен төмен түскен, көлеңке ұзара бастаған шақ. Боз көлдің айналасы қиқу, даң-дүң; күркілдеп үрген кәрі төбет, ұлыған қаншық, маңыраған саулық, жамыраған қозы, кісінеген бие, оқыранған айғыр, мөңіреген сиыр, боздаған інген, иін тірескен ел біреуді біреу біліп болмайды. Құлақты тұндыратын айғай-ұйғай да шығып жатыр. Қазылған жер ошақ, буы бұрқырап пісіп жатқан қазан-қазан ет, екі иығынан демін алып, бусанып тұрған сары самаурын, шайын демдеп, қампөркенің үстіне қойған ақұман, тап бір қос құлағын қайырып, құйрығын делдите киген есерлеу бозбаланың жекей тымағы тәрізді. Жер ошақтан самарқау көтерілген тезектің қою боз түтіні Ақбураның иір қобыз мойынындай бұрала созылып көкке ұшады. Аспан асты бұлыңғыр.

Шу өзенін мекендейтін Кіші жүз жеті болыс ел – таманың биі Ерубай осы асқа торы арғымақтың бел баласы бәйгі көкті алып келді. Шаршы топтан сурылып шығатын, алдына мал салмаған жануар екен.

Ерубай бастаған топ келіп аттан түскенде әр дуаннан шақырылған қонақтар, лек-лек болып, тұс-тұс жақтан аңдай бастады. Иіндеген сабадан ақтарылған қымыздай бәрі келіп Боз көлге құйылды. Телегей-теңіз ұлы тобыр

Боз көлдің жиегін көмкеріп әкетті, көлденеңі ат шаптырым айдын көл бір шағын шұңғыл тегенедей көрінді.

Әр отау алдынан шығып, еншісіне тиген, өз қонағын өзі түсіріп ала бастады.

Бағаналы найман Құнан қараның баласы қарагер атын алып келді. Бұл өткен күзде киік соққан аты шулы қарагер. Кіші жүз Мысықпай асында тоқсан шақырым жерден айдаған төрт жүз аттың алдында жалғыз келген қарагер ат.

Омбы дуанынан Бәсентиін Қазанғап жіберген боз арғымақ келді. Боз арғымақты жер бастырмай арбаға мінгізіп, әлпештеп әкеп түсірді. Бұл кәдуілгі төрт аяқтыға шалдырмайтын араптың көк мойыны.

Көкшетаудың Қарауылы “Көк бикешті” әкелді. Бұл – түрікпеннің теке-жаумыты екен.

Әулиеатадан Үйсіннің Желқұйыны, Керекудің Көгаласы, Семейден Тобықтының Дөңасары жетті.

Осы тоғыз дуан ел шақырылған, адам айтқысыз нөпір сойыс сойылып, ақ май сайдан аққан Қорыспай асына үш отаудың бірі отыз үй Елгелді шақырылмайды. Тамақ аяп, немесе араздық көрсеткендіктен емес, әшейін елеусіз ұмыт қалады. “Қорыспайдың асында жорғаламағанда атаңның басында жорғалаймысың...” – дейтін Арқаға аңыз боп тараған аты шулы ас осы.

Жер дауына, жесір дауына ұшырап, барымталасқанда, ата ұлына арнап сыбаға үлестіретін, сайлауға кіріскенде, қиқуласып шар басына түскенде “мынау өзіміздің Елгелді атам баласы, бет алғанынан қайтпайтын беделді атам баласы ғой!” десіп дәріптеп көтеріседі екен. Ал, мынадай қызықты думан-той, кәделі жиында “әлгі Балықты-Баятарда отыратын жатақ Елгелді, отыз желқом Елгелді” десіп қаңқулап күлісіп те алады екен...

Үш отаудың кенжесі Сатыбалды, сол рудың осы күнгі ұлы шаңырағы Телғозының ордасы, өзі әкелген жүз қаралы үйдің дәл ортасында тұр.

Барғана үйлерінің ортасында теңкиіп Самайдың үйі тұр. Үш отаудың дені Айтқожа, осы Айтқожадан келген үйлердің ішінде Сапақтың ордасы, оның оң жағында Қошанның қос отауы қос жұмыртқадай болып көрінеді. Сол жағында Сырттанбайдың үйі.

Сатыбалдының үйлерін асқа әкеліп, соған мұрындық болған Телғозы, өзінің сыйлы қонағын, құдасы Сармантай Азынаны күту үшін әйелі Келдібай бәйбішені ала келеді. Сонда Телғозының кәрі шешесі Күләш, он жасар ұлы Шоң да мерекені бірге көреді.

Үздіге жүріп, алыстан қаңырығы түтеп сусап келген жат қонақтарға қымыз беріледі! Қымыздан кейін жас бозбалалар атпен жүріп табақ-табақ етті тарта бастайды. Дәл осы кезде Сапақтың ордасына үш отаудың ақсақалдары тегіс жиналады.

Сәлемдесіп, жайғасып отыра бергенде асыға басып Қошан кіріп келеді, оның артын ала жылқышы Құдайберген сәлем береді. Баласының жеңілтектеніп кеткенін Сапақ жақтырмай қалады. Танауы делдиіп, екі ұрты суалып, қанын ішіне тартқан Қошанның кескініне қарағанда ауылдың желкесінен жау төніп тұрғандай. Жез мұрт сары Құдайбергеннің шикіл бет жүзі міз бақпайды: оның сөзі де, ойы да шашау шықпайды, сыртына теуіп көрінбейді. Буынып-түйінген күйі ықшам отыр.

– Қошанжанның асығыстығы жай емес қой, – деп тігісін жаттықтыра, Сапақтың көңлін аулай сөйледі Сырттанбай, – шырағым Құдайберген, сен айтшы, заты өзімізді жердегі Алтай баласы болмаса, бөгде қонақтар келіп болған сияқты, тағы ешқайдан кісі қара көрінбей ме? – де түйіле сұрады.

– Жәй әшиін, мына Күншығыс жақтан бір шоғыр келе жатыр, алдынан шыққан даяшылардың айтуынша Елгелді кісілері тәрізді,.. – деп тыңдаушылардың сыңайын байқау үшін азырақ аялдап, тостағандағы қымызын шайқап-шайқап жіберіп сіміре бір жұтты да, Құдайберген үстіңгі ернін жалап, селдір мұртын сорып отыр.

– Я, солай, ал сонсың мына Алтай кісілері сөз шығарып жатыр, бірінші бәйгені біз аламыз дейді, шаппай аламыз дейді, – деп аптыға сөйлеп, ойының аяғын бітіре алмады Қошан.

– Я, немене, Елгелді келе жатыр екен деп орнымнан ұшып кетейін бе? Келсе қайтейін, келе берсін, келмесе атамнан әрі, Елгелді ауыруым жоқ, ал енді Алтайдың сөзі не? Ол маған не істемекші? – деп булығып қалды көксау Сапақ.

– Сапеке, сіз азырақ сабыр етіңізші, Алтай сөзін де біліп қанармыз. Оған дейін, шырағым Құдайберген, мына Қошан екеуің атқа мініңдер, келе жатқан қонақты – Елгелдінің адамдарын осы Сапекең ордасына әкеп түсіріңдер. Тегі, асқа шақырмасақ та, “ошақ майларында” бірге болатын қиығы бар еді, Сатыбалдының бір баласы екені рас, алалағандай болыппыз, айып бізде, бар, қарақтарым, отырмандар! - деп бұйрықты тұжыра берді Сырттанбай.

Сапақ алқым ашуға басты, қаршадай бала Сырттанбайдың баса-көктеп сөйлеуі батты оған.

– Осы сен жорғақтамашы. Сырттанбай, менің жалпыштанарым жоқ. Елгелді бергенін өзі алсын, тіпті бар ма?.. – деп ендіге сөйлеп, сөзін бітіре алмай қақалып қалды. Шеке тамырлары шодырайып шығып кетті, шықшыты қимылдап, еріндері бүлкектей жөнелді.

Жер көктеген зымиян, кісінің сыңайын алыстан танитын Көбен сыншы сөзге араласты, үйірге жаңа түскен шақар сәурік пен егде айғырды шайнастырмай арашалау керек болды.

– Сапақжан, сөзің дұрыс, жарамсақсудың реті жоқ, бірақ, – деп аз мүдірді Көбен сыншы. Сапақтың жүзі жылынғанын байқап, енді Сырттанбайға қарай бұрылды, – ал Сырттаным, сенің айтқаныңа келейін, сірә, сен ел шарасын, жер шарасын топшылап айтып отырсың-ау деймін. Мына бөгде қонақтардың алдында Елгелді бүлік шығарса масқара боламыз деп қабырғаң қайысып отыр ғой. Рас, оның, мереке өзіміздікі, бүтіндік жақсы, Сапекеңнің

мерейі үстем болғаны дұрыс, ағасы Қорыспайдың асында Сапақ төбелесті өзі шығарды, өз ағайынын өзі жаулады деген лақап жайылмасын, ел тауқыметі ауыр болар, солай емес пе, Сапақжан? Ендеше, Қошаным, сен бөгелме, бар, әкенді сотқар атандырма, мейлінше майда бол, қонақтарды әкеліп осында түсір, – деді Көбен сыншы. Екеуінікі де дұрыс болып шықты, әңгіменің тігісі жаттыға кетті.

– Бәріңіз де дұрыс айттыңыздар, игілік өзіміздікі, ал мына Қареке, Мұрат, Аралбай, Сармантай кісілерінің сөзі қалай болады? Олар иісі Алтай болып бірігіп отыр, былтыр барымтаға түсіп кеткен Мұрат Жортықтың Торғасқасына бірінші бәйгіні шаппай берсін дейді, бұған не айтасыздар? – деп бір бықсыған шаланы ортаға тастай салды Құдайберген. Бірің өл де, бірің қал деген кісіше орнынан тұра бастады. “Ойда отыз сиыр бұзауласа, қырдағы қырық бұқаның несі кетеді”. Шонжарлар өз ара сілкілесе, қағажу жүрген сорлыларға сыбаға тиеді, басқа ауырлық жоқ қой.

– Оның бір жөні болар, шынында ақылдасу керек, бұл көппен шешілетін, ел оқпанын сарапқа салуды керек ететін әңгіме ғой, – деді тағы Көбен сыншы. “Солай емес пе?” дегендей Көбен жан-жағына жалтақтай қарады, жұрт аңырып қалды,

Қошан мен Құдайберген шығып кетті. Сапақ қалың ойға шомды.

2

Өткен жылы Ақмоншақ атты бір қыздың қалың малын беріп өзінің тұңғышы Қошанға арнап сатып әперген екен. Қошанның тұлан тұтуы, желбегей жортып, апыл-тапыл басып, әлекке түсуі де, ал Сапактың томсарып, қабағы қатып, қалың ойға шомуы да осы қысылшаң жағдай.

Бұларға батып отырған отыз желқом Елгелдінің өкпе-назы емес, Мұраттың Торғасқасы. Бұл Ақмола дуанын адақтаған, Көбен сыншы аузынан тастамайтын тұлпар

Торғасқа. Көңілден де жүйрік көкдөнен – кәдімгі қанатты Торғасқа...

Осы Торғасқадан өзге шілдебінде шық көрмеген сұр кедей Жортықтан да сескеніп отырған жоқ Сапақ. Мына құмырсқаның илеуіндей өскен ру – жиырма бес болыс ел – Алтайдан қорқып отыр. Оның үстіне Сырттанбай мен Көбен сыншы да көлденеңдеп мазасын алды.

Сапақтың көкірегін кернеп, жегідей жеп, тұралатқан бір арналы үлкен ой бар.

Ол ойы – ағасы Қорыспайдың асын айта қалғандай етіп өткізсе, бас бәйгесін Ақмоншақ атпен өзі алса, сонда атақ та, аброй да, мырзалық та – бәрі де бір өзінен табылмақ емес пе?

Бас бәйгісі үш тоқсан: тоқсан торы ала ат, тоқсан ақбоз ат, тоқсан қара ала ат.

– Шырағым, бұл Сапақ жылқысының қара аласы сендер білетін қара ала емес. Ол мүлде басқа, – деді Мұхаммедия.

– Сапақ бай жылына ақ патшаға жүз ат жібереді екен, солардың бір қыры көмірдей қап-қара, екінші қыры эппак, сүттей болады екен. Міне, бәйгеге тігілген үшінші тоқсан сондай қара ала аттар, – деп түйді кәрі тарлан. – Екінші аттың бәйгісі – тоқсан көк шыбық ат пен тоқсан ту бие, қалы кілем жапқан қара нар. Ең соңғы бәйге – жиырма бесінші аттың бәйгісі тоқсан ақ ауыз қой.

Ақмоншақ атты баптап жүрген аты шулы атпыраш

– Аққозы қулықтың сүтін ішкізіп, марка қозының балбыр құйрығын жегізеді екен. Желге, күнге тимей ақ отауда жеке тұратын Ақмоншақ бауырынан жарап қатып қалған, жүзiктің көзінен өткендей. Тіл, көз тимесін деп құйрығының түбіне, кекіліне шоқ-шоқ үкі қадаған Ақмоншақ шекесінен қарайтын секемал. Анда-санда суаруға жетектеп алып шыққанда шиыршық атып, аспанға секіреді. Төрт аяғын билей басып, ойнақшып, шылбырын ұстаған атпыраш Аққозының алды-артын орайды.

Сапақтың таудай талабын тұжырып, мына сірі тонды кедей Жортықтың Торғасқасы бірінші бәйгені алып кетсе не болмақ? Әрине, аяқ астынан мертігу осы.

Жау алып кеткен Торғасқа қайдан бар бола қалды? Рас, бәйгені ат алмайды, адам алады. Ендеше, жоғалған Торғасқа табылып отырған жоқ. Сармантайдың Азнасы, Қаракеңнің Таңшолғағы, Аралбайдың Тұрсынбегі бар болып отыр. Бұлардың бәрі Мойын Алтай болып түгел бірігіп кетсе Дәулетбикенің үш отауына үлкен салмақ емес пе? Ең болмаса үш отау басын қосып, ынтымақтасып та отырған жоқ. Дәулетбикеден тараған үш отаудың кенжесі Сатыбалды, сол Сатыбалдының бір баласы Елгелді ғой. Міне енді ала қойды бөле қырқып, бұлар сол өз туысы Елгелдіні елемей, итке салған сүйектей етіп, шақырмай тастапты.

Елгелді тобы ауылға жақындап келгенде, бұларды Сырттанбай, Сапақ, Көбен сыншы қарсы алды.

Таубай ақсақал бастаған отыз үй Елгелдінің түсі өте суық, беттерінен тозаңы шығады. Ағайынның елемегені Таубайға қатты батады. Үстіне желқом салып, жабулап мінген кербесті тықыршып, ауыздығын сүзе тартып, шыркөбелек айнала береді.

Көбен сыншының көзі кербестіге сүлікше қадалады. Арты биік, алды аласа, керген төстіктей жатаған кербесті қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ, омырауы алқа-салқа, жанарлы шүңірек көздері өңменіңнен өтеді...

Кербестінің үстіндегі Таубай ақсақал тұлан тұтып, түнеріп тұр. Қою біткен қас, ұзын селдір кірпік, бетін айғыз-айғыз етіп жатқан әжімдер, көденің түбін паналаған кесірткідей жортып, самай сақалдарының арасына барып бой тасалайды.

– Тауеке, бір жолғы ашуыңызды бізге берер деп, алдыңыздан шығып тұрмыз, қате бізде. Айыбымыз үшін Сапекеннің қара жорға атын ер-тоқымымен белдеуге байлап қойдық, – деді Сырттанбай.

– Айып ат-шапан емес пе, ер-тоқымның мәнісі қалай, Сырттанбай? – деп келте қайырды Сапақ.

– Ер-тоқым – туыстығы үшін. Шапанды ұмытып тұр Сырттанбай, өз ағасынан өзі қорыққанда аузына түспей

қалды білем, мен қосайын, кара жорға аттың үстіне шапан жабылсын, – деді Көбен сыншы.

Сапақ тіл қатпады.

– Біз айып алғалы келгеміз жоқ, ағайын-туыс елемеді-ау деген көңілге жетімдік кіргені рас еді, енді тарқап кетті. Ағайын өкпеге қиса да өлімге қимайды, бөгде дұшпандардың алдында біздің айып алып жатқанымыз ыраға жаман, айтқандарыңыздың өзіне де өсіп қалдық, сол да жетеді. Мерекеге келдік, ойнап-күліп қайтамыз, – деді Таубай ақсақал. Сапақ енді жадырады. Мал-бауыр еттен ғой.

– Білімнің ата-анасы бірлік депті ғой, – Тауеке, дұрыс айтасыз, енді Сапекеңнің ордасына барып түсіңіздер, – деді Сырттанбай.

– Бізге Қошанжанның отауы да олқы емес, тәңірі осы бірліктен айырмасын, тартындар солай, – деп шаршы топқа түйіле бұйрық берді Таубай ақсақал. Кербесті алды аяндап, арты желіп билей жөнелді. Көбен сыншы кербестіден көзін айырмады.

Телқозының ордасына Сармантай Алда, Жұманның Азынасы келіп түсті. Бұл Азына мен Телқозы былтыр құда болған. Телқозы өзінің бәйбішесі Қақсал қызы Келдібайдан туған бала Шоңға Азынаның қызы Әйімкүлді айттырған болатын. Қызуы басылмаған тәтті құдалар амандасып болғаннан кейін, Телқозы қонақасы берудің жабдығына кірісті. Қонақтармен әңгімеде қалған Сырттанбай, Сапақ, Көбен сыншы еді. Азына бай өзінің кешелдеп келуінің жайын айтты. Сынамайтынын, жақын екенін түсіндірді.

– Кешеуілдеген соң келмей қалар ма екен деп қауыптанып отырғанда келіп қалғаныңызға өте қуаныштымыз, – деп бастады Сырттанбай.

– Қарпық, Алтай туысқан ел едік. Біз Қарпық аға едік. Алтай кісілері Мұрат Жортық Торғасқасының бас бәйгесін шаппай бер деп қиғылықты салып жатыр, осы жағдай

булықтырып қамап отыр, мәнісі қалай болады, Азеке? – деп бір тежеп өтті Сырттанбай.

– Сырттанбай шырағым, дұрыс айтасың, бір жөні болар, елміз ғой. Біздің Таңшолақ пен Тұрсынбек не дейді екен? – деп жалтақтай сөйледі Азына.

– Дұрыс айтасың, Азынажан, мен олардың сөзін естіп әбден қанып келдім, – деп бастады Көбен сыншы.

– “Ағасы бардың жағасы бар” деген осы жолы Қарпық ағам баласы еркелігімді көтереді, кезеңдіге кез болып, барымтаға түсіп Торғасқа кетіп отыр, Дуан басы Бәсентиін Қазанғап ол дауды әлі сыяз құрып шешпей отыр, жер тар болып жатыр, сөйткенмен тұлпарыңның көзі жоқ деп бір жолға бізді қарайтпас, – деп еді Таңшолақ, сонда Байтоқаның Тұрсынбегі жұлып алғандай:

– Мәймөңкелемей қойшы әрі, Таңшолақ, бірінші бәйге Торғасқа тұлпардікі! – деп келте қайырды, булығып айтты, – деп естіген-білгенін хабарлады Көбен.

– Ел мен ер сынасар жері осы болса, шықсын бері, Алтайдың түте-түтесін шығарайын, көкиін деген екен, мына Аралбайдың Тұрсынбегі, – деп кіжінді Сапақ.

– Көзі жоқ атқа бәйге бер деу және бәйге беру қисынсыз-ақ, жалғыз Алтай, Қарпық ортасында болып отырған ас емес, бөгде ағайындар да бар, бәрінің де жаратып әкеп отырған дәмелі бәйге аттары бар, олар не дейді екен? Соның ішінде жеті болыс Тама, – қоныстас тәтті ағайын Ерубай би не айтар екен? Қарауылдың Көкбикеші бар, Бәсентиіннің арғымағы бар, Найманның Қарагер аты бар, Тобықтының Дөңасары бар. Осылардың бәрі де аты шулы бәйге аттар, әкеліп отырған иелері ежелден келе жатқан шораяқтар, солар не дейді екен? Өздеріңіз білесіздер ғой, әшейін тегін айтам, – деп сүйей салды Сырттанбай. Күләш әже қымыз сапырып отыр, қасында жантайып жатқан бала Шоң Сырттанбайға жалт қарады. Сонсоң әжесіне бұрылып:

– Әже-ау, осы жоғалып кеткен атқа бәйге бере ме екен? – деді.

– Үлкендердің сөзінде не жұмысың бар, жай отыр, – деп тойтарып тастады Күләш бәйбіше. Бала Шоң әлгі сөзді айтқанда Азына мен Сырттанбай бір ауыздан:

– Балам тауып айтты ғой, – десті. Сапақ пен Қошан да көтеріліп қалды. Көбен сыншы тіс жармады.

– Көзі жоқ атқа бәйге сұрау әбестеу екен, олай болса Мұрат Торғасканың көзін тауып әкелсе қалай болар еді, жер тар-ау, ә? – деп сұрақ қойды Азына. Халық аңырып қалды. Күйеуі бала Шоңның сөзінен жеңілді. Азына, екінші жағынан Таңшолақ пен Тұрсынбектен де аса алмай отыр. Сондықтан оның ойы ұйқы-тұйқы.

– Жарайды олай болса, біз соған көндік, көкем асына мал жетеді, Торғасканың көзін әкелсін, соны күттік, асқа келген ел тарамасын, – деді Қошан. Қорысбайдың өз баласы да Қошанды қуаттап басын изеді.

ЖАУЫР ТОРҒАСҚА

“...Ертеден шапса кешке озған,
Ылдидан шапса төске озған,
Томаға көзді қасқа азбан”...

Сырттанбай мен Азынаның ұйғарымы бойынша Жортық бастатқан Алтай Қарпықтың он шақты кісісі Омбының Ақмола жақ етегін жайлайтын ішкі Бәсентиін Қазанғап ауылына барды. Келіп түскен қонақтардың түсіне қарап, алыс жердің суыт жүрген жолаушысы екенін байқады Қазанғап. Қонақасын жеп болғаннан кейін мән-жайды түсіндірді Жортық. Иісі Қуандық болып бірігіп кеткеніне көзі әбден жеткен Қазанғап екі сөзге келмеді. Көптің қорқытатынын, тереңнің батыратынын анық біледі ол. Торғасканы іздете бастады. Торғасқа жерде де, көкте де жоқ. Төрт күн іздеп, бесінші күні – “түйеші шалдың астындағы жауыр торы шолақты байқаңдаршы, сол емес пе екен?” – деді Қазанғап, дәл үстінен түсті. Түйешіге жетіп

келгенде, Жортықтың көзіне Торғасқа оттай басылды. Аттан түсіп, ер-тоқымын алып жатып: “Бәсентінің бар малын берсеңдер де, Торғасқаны бермеңдер, мен әнеүкүні екі маралды бір күнде соғып алдым, – деп зарлады түйеші шал. Амалсыз Торғасқаны түсіп берді. Арқасы ошақтай жауыр, арық Торғасқаны Жортық жетектей жөнелді. Он үш күн өтіп, он төртінші күні Бозкөлге жауыр Торғасқаны алып келді. Қорысбайдың балалары Торғасқаны көріп, тынықтыру үшін енді үш күнге мұрсатана берді. Шілдесінде шық көрмеген жалғыз атты Жортықтың Торғасқасы бап іздемейді. Күл төкпе, тесік өкпенің өзі. Жиырма шақты күн қыруар мал, асқа жиналған тоғыз дуан елдің мың сан адамдары мошап жатқан Бозкөлдің басы тап-тақыр, шаңы аспанға шығады, көлдің суы қоймалжың май боп кетеді.

Тап ат шабар күні таңертең ел тұрмай Сапақ келіп, Көбен сыншыны оятып алды. Бірге далаға ертіп шығып, бәйгеге қосатын бес жүз атты түгел аралатты. Біреуіне де тоқтамады Көбен сыншы. Осы аттардың ішінде бір қыздың қалың малын беріп алған өзінің Ақмоншағы да, Омбы Керейінің арғымағы да, Көкшетау Қарауылының Көкбикеші де, Керекудің Көгаласы да, Тобықтының Дөңасары да бар еді. Енді бәйгеге қосылатын ат жоқ дегендей түс көрсетеді Сапақ, батып ешнәрсе айта алмайды. Бұл Көбен сыншы – қалмақ Толыбай сыншының баласы. Сегіз жасында жаугершілікте олжаға түсіп, Түркістан қазағының қолында тұрған Көбен сыншы. Содан Түркістанның құл сататын қан базарында Телғозының ұлы әкесі Жәңгелді би екі түйе беріп сатып әкелген Көбен сыншы. Сол қалмақ Көбеннің мына он сегіз мың жылқының иесі Сапақты басынып тұруы қалай?! Ең болмаса көңілін аулап, “Ақмоншақ ат бәйгеден келеді” – деп неге айтпайды бұл құл қалмақ!? Көбен сыншы Сапақ ауылына, Қошан отауына беттеді. Орта жолда, бір тақырда арқандаулы тұрған Жортықтың Торғасқасын көрді. Көбен сыншы Торғасқаны, үш айналды.

– Маңдайы жарылып тұр ғой жануардың, бүгінгі бірінші бәйге Торғасқанікі! – деп кесіп айтты Көбен. Жақтырмады

Сапақ. Жүріп бара жатып артына тағы қарады сыншы. Қошанның отауына таянып келгенде, өз ордасына қарай озыңқырап кетті Сапақ. Сонда отаудың сыртында үстін жабулап арқандап қойған Кербестіге көзі түсті, тұра қалды Көбен.

– Ол ат бәйгеге қосылмайтын Елгелді Таубайдың астына мініп келген шолағы, – деп зілдене айтты Сапақ.

– Қоссын, қоспасын, екінші бәйге бүгін шапса осы жануардікі, – деп тағы кесіп тастады Көбен.

Таң намазына тұрып жүрген Таубай осы сөзді естіп қалады. Көбеннің сөзі қамшы болып, он жасар Шоңды Кербестінің үстіне мінгізіп, “азар болса жануардың бір тері ғой”, – деп Қорысбай асына, ұлы дүбірге қосып қоя береді.

Таңертең қымыз ішіп, ет жеп болғаннан кейін ат шабар жарияланады. Қарақшыны бір жігітке ұстатып, Сапақ қара жорға атпен Жомарт төбеге қарай тайпалта жөнеледі. Енді бес жүз ат Бестауды, Баракбайды басып Қудың алдындағы ақшиден айдалу керек сияқты. Мұғдары алпыс шақырым жер. Жомарт төбе Бозкөлдің шығыс жағында қой өрісі жерде тұрады. Сапақ қара жорға атпен қарақшы ұстаған жігітті ертіп Жомарт төбеге шыққанда кісінің арты Бозкөлде еді.

Бозкөл мен Жомарт төбенің арасы қап-қара құрымдай, тоғыз дуан елдің кісісі тоғыз бөлек топ болып Жомарт төбеге жинала бастайды. Әрбір топтан бәйгеге қосылатын аттар бөлініп шығады. Бәйге аттар Жомарт төбенің күншығыс жағына жиналады. Жал-құйрықтары сүзілген, құйрығының дәл түбі мен кекіліне үкі қадаған, жүзіктің көзінен өткендей әдемі бәйге аттар бес жүз екен. Үстіне тоғыз, он жасар балалар мінген бәйге аттар аяғын ұшынан басып билеп жүр. Осы бес жүз атты Қудың түбіндегі Ақшиден айдайтын болып отыз екі жарамды атпен отыз екі кісі жөнелді. Бұлардың қолдарына ұстаған ұзын-ұзын айбалта, найзасы бар. Бес жүз атты айдап жөнелейін деп

тұрғанда, Құлымбет Лау мырза айғай салып, көптің атынан мынадай бұйрық берді:

– Аттар Қудың алдындағы Ақшиден айдалсын, отыз екі жігіт шашау шығармай айдап апарып сол Ақшиден жіберсін. Аттың бәйгесі мына айдаушы жігіттер келгеннен кейін берілсін. Аттар тартылмасын, – деді. Көпшілік бір ауыздан:

– Осы дұрыс, солай болсын, – десіп дүрлігісіп қалды.

* * *

Сөйтіп, Жортықтың Торғасқасы мен Ақмоншақ ат келіп қалың топқа кіргенде, соның артын ала Кербестімен кеспелтек ақсары бала Шоң да жеткен еді. Лау мырзаның сөзін Шоң анық естиді. Аттарды күн шықпай айдап жөнеледі.

Аттар кетісімен балуан күресі басталады. Әр дуанның балуандары шығып күресіп, бәйгені тоғыз-тоғыздан алып жатады. Шаңқай түсте балтырын түріп тастап, түйе жүні қызыл шекпеннің бір жеңін киіп, екінші жеңін белбеудің ішіне буып, еңгезердей қара жігіт одыраңдап шыға келеді. Бұл балуан күндікке булығып шыдай алмай отырған, томағасын жаңа ғана алып жіберген бүркіт тәрізді. Бұл кәдімгі ұлы жүз руынан шыққан атақты Сейтен балуан екен. Бұл Әулиеата дуанынан шығады. Енді бұған қарсы шығар балуан табылмайды. Жетісудың бұл балуаны тоғыз дуан елге мәлім. Бас бәйге осыған аталған. Бас бәйге тоғыз теңбіл ат. Сонда “мен өз келінім Жаманмен күресем”, – дейді Сейтен. Жаман Қарқабат батырдың жалғыз қызы. Қарқабат – Сатыбалды Жәметтің баласы, осы Телғозының әкесі Зейнетпен туысқан ол. Жаманды ел батыр қыз деседі екен. Ақмола балуандарын беттетпейтін Жаман тап мына қайнағасына қарсы шығуға именеді. Иісі үш отау болып мойнын салып тұрып алады. Көпшілікке көнбей отырған Жаманның ту сыртынан келіп Көбен сыншы:

– Тұр, балам, бетіңнен жарылғасын, жүрегіңді тоқтат, талайың жоғары тұр, жығып қайт, балам, көптің меселін қайтарма! – дейді.

– Қайын жұртыңмен сөйлесіп келдік, аталарың батасын беріп отыр, шықсын дейді, тайсалма, үш отаудың аруағына тапсырдым, жолың болсын, жаным, – деп батасын берген Лау мырза. Көптің оқпаны делебесін қоздырып көтеріп әкетеді. Жаман орнынан ұшып тұрады. Әсіресе дем берген Көбен сыншының сөзі. Үстіндегі киімін шешіп, балуандарша белсеніп жатпастан тұрып жөнеледі. Қайнағасының қасына барғанда, азырақ қырындап айнала береді, беті шыдамайды. Ожар қайнаға, балуан қайнаға келінінің сырын түсінбейді, тұра ұмтылады. Ұстатпайды. Қайнағасын Жаман үш айналады. Ер кезегі үшке дейін, түсінер, күреспес деп ойлайды. Айнала топ бірін-бірі басып кете жаздайды. Өлі аруақтардың аттары да аталып жатады. Жан-жақ ың-жың болып, даурығып кетеді. Тап осы кезде ұлы дүбірді талай көрген, ежелден топқа түсіп жүлде алып жүрген түйе балуан Сейтеннің делебесі қозады. Аруақтардың аты естілгенде, Жаманды оң иықтан шап беріп ұстай алады. Көз ілеспейді, жалғыз-ақ Жаманның оң қолын артына қарай серіпкенін жұрттың көзі шалады. Шарт ете қалады, Сейтен шалқасынан түседі.

Жаман Сатыбалды тобына қарай жүре бергенде, шаршы топтың күншығыс жағынан қара жорға атқа мінген бір қара жігіт келіп, Жаманды қамшымен тартып-тартып жібереді. Бұл Жаманның күйеуі, Сейтеннің інісі Көтен екен. Өлі аруақ орнынан аунап түскендей болады. Екі жақ қоян-қолтық алыса түседі... Сейтеннің ортан жілігі үзіліп кетеді. Неше алуан мәтелдер айтылып, жазым болса көжеге де тіс сынатыны ескеріледі. Оташылар шақырылады, жұрт дүрлігісіп оңалады, бітуанаға келеді...

Бәйге аттардың дүбірі естіледі, елдің беті солай төңкеріледі. Көз ұшында жалғыз келе жатқан баран көрінеді. Әркімнің өз аты көз алдына елестейді. Аруаққа сыйынған көптің дауысы Сарыарқаны дүрліктіріп басына көтереді. Осы бір сын сағатта әлгі баранға мінген баланың басындағы орамалын алу үшін төтесінен даяшы жігіт тұра ұмтылады. “Бегайдарлаған” баланың даусы мүкіс естіледі,

ол Торғасқаның басын тежеп тартады, денесі қызған жеке тұлпарға даяшы эзер жетіп, орамалды алып қалады. Енді бір мезетте бүктетіліп атып, құйысқанын сарт-сұрт ұрып, Елгелді Таубайдың Кербестісі жетеді. Үстіндегі бала Шоң “Дәулетбикелеп” келеді. Ұлы ананың аруағын аспанға шығарады. Басқа дуандар күңкілдей бастайды. “Бұл аттар орта жолдан қосылған, ұрлап қосқан аттар!” - деседі. Үшінші болып Көкшетау дуанының Көкбикеші келеді. Төртінші болып Омбының арғымағы келеді. Бесінші болып Найман Құнанқараның баласының қарагер аты келеді. Осы аста он шақты ат далада ұшып өледі. Аттың артын үш күнде әрең тауып алысады. Бір қыздың қалың малын беріп алған Сапақтың Ақмоншағы ақсап қалады. Екінші күні Бестаудан алып қайтады. Бәйге үлестіруді де Сырттанбай мен Лау мырза, Сапақ үшеуі билеп-төстейді. Бірінші бәйгені Жортықтың Торғасқасына арнап Қареке Таңшолақ би, Сармантай Азына бай мен Аралбай Тұрабектің алдына әкеп тартады. Сорлы Жортықтың атынан қанатты Торғасқаның аты көп аталады. Торғасқаның бәйгесін иісі Алтай болып бөлісіп алып жатады. Тоқсан торы ала ат, тоқсан ақбоз ат, тоқсан кара ала аттан Жортыққа бір тай да тимейді. “Қаз жегеніне емес, орғанына мәз”, деген өсиетті айтып, Таңшолақ би Жортықты ырза қылады. Ырза болмаған күнде де Жортықтың өресі жете алмас еді, үндемейді. Тап осы жолғы бәйгеден бір тайды алмаймын деген ойында да жоқ екен, тұтанып қап-қара боп кетеді. Екінші бәйгені Лау мырза атай бастағанда:

– Екінші бәйге ошақ басында, үш отауда қалсын, арғы жағын үлестіре беріңіз, мына жат елдерді аттандыралық,
– дейді Сырттанбай. Сапақ та: “Солай істей беріңіз”,
– деп қостайды. Лау мырза үндемейді. Басқа бәйгелерді үлестіре береді. Бәйгесін алған ел қауқылдасып, дүрілдеп тарай бастайды. Елгелді жігіттері ендіркелеп көтерілейін деп еді, Таубай қозғалмады, артын бақты. Өйткені астың бас кезінде жасаған тентектігіне көнген үш отау енді құйрықты сыртқа салып көнбей қойса, көпке топырақ

шаша алмайды. Кешегі күн бүгін жоқ, ас бітті, халық тарап жатыр.

Осы жағдайды толық түсінген Таубай ішінен тынды. Халық әбден тарап біткенше тұрған жерінен тебіренбеді Таубай. Бұл отыз үй Елгелдіні керек қылған тірі жан жоқ. Бәйгені үлестіріп болып, қайтуға бет бұрғанда, Лау мырза Таубайды көрді. Атының басын бұрып таянып келді де:

– Неге тұрсың, Таубайым. Үш отаудың баласысыңдар, бас сынса бөрік ішінде емес пе? Жүр, қайталық, – деді Лау.

– Дұрыс айтасыз, мырза, әшейін аттың аталмағаны болмаса, ел деп елемегені болмаса, қайтер дейсіз?! -деп сүйей салды Таубай ақсақал.

“Міне, қалқам, ішім бір босады ғой”.

– Мұқа-ау, сіздің әңгімеңіз Қорысбай асын, сонда бәйгеден келген аттарды қызықтау емес, неше түрлі зорлық-зомбылықтардың басын қылтиттыңыз ғой. Торғаска тұлпар мен Кербесті бәйгеден келгенде, олардың иелері Жортық пен Таубайдың нейбет қалуы сұмдық екен!– деп күдіктендім.

Осы бір сәтте менің бетіме үңіле қарады да аз кідіріп қалды.

– Шырағым, күдіктенуің орынды, Қорысбай, Сапақ заманы көз жеткісіз бұлдыр дүние ғой, – деп бастады Мұхаммедия. – Алысты доғарып, мен тап кешегі өмірді баяндайын, – деді ол. – Тап кеше 1928 жылға дейін болғанды айтайын, шет жағасын сен де білесің ғой. Біздің ауылда бай Тілепберген болды. Бір өзінің үш әйелі бар. Азғана тай бітті деп айналасын қуаштады. Кедей туысы Аймағамбеттің елеп үйіне барғанын сілет етуші еді. Сорлы Аймағамбет қарызданып-қауғаланып қой сояды, соның басын мүжіп отырып ілік шығарады. Тілепбергеннің теке көз, ботқа бет, былшық сары тоқалы танауын шиіреді, төңірегіндегі елді тап бір соның шаңырақ түйесіне мініп келген құлақ кесті құлындай көретінін қайтерсің! Қабағын шыта карағанда, жер-жебіріне жетеді. Біз осыны да көрдік.

Кеңес өкіметінің жолы – әділ жол, теңдік жолы. Олар түсіне алмай, тоғышарлық жасады. Шырағым, солардың көбі көрге түсті, тек сол кесепаттар өздерінде болмаса екен. Осында мен келгелі айдан асты, сенің қонақта болмаған күнің жоқ. Қатты айтты деп маған ренжіме, ертең-ақ кетем, жерің кеңиді, – дегенде Мұхаммедияның бетіне тікенек бітті. Өзіме өзім тілеп алған соң, шыдамау қиын екен. Өзекті аға өз міндетін атқарып ақыл айтып отыр.

– Шырағым, “тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық аздырар адам баласын”. Бүгін тыңдаушысың, ертең-ақ айтушы боласың. Соңыңнан ерген жастар сенен де өнеге алады. Байқа, қалқам. Ақырын жүріп, анық бас, еңбек істеуден жалықпа! Еңбек иелері: Абай, Сәкен, Мұхтар, Бейімбет, Илиястар өмір бойы өлмейді, – деп ойын аяқтады да Мұхаммедия әрі қарай жұмған аузын ашпады.

Бұл әңгімені 1936 жылы естіп едім, кеш жеткізгеніме кешірім сұраймын,

ЕСЕН ТОЛҒАУЛАРЫ

“...Күн көзіндей жарық бар,
Ботакөздің көзінде.
Телегей-теңіз тарих бар,
Ботакөздің сөзінде...”

Сәбит.

БІРІНШІ ӘҢГІМЕ

– Амансың ба, Бота? Адасып қалғанымызға көп жылдар өтсе де көзің өзгермеген екен...

– Шырамытып тұрмын, жаза басам ба деген қаупым да бар. Жолың үлкен ғой, жөніңді өзің айтшы, – деп жымия күлді Бота.

– Мен алғаш кездескенде сен де жас едің-ау, оған биыл кәміл қырық жыл...

– Аржағын айтпай-ақ қой, өзім де мұрныңды көргенде, дәу де болса сол Есен шығарсың деп едім...

– Кел ендеше, Бота, қорықпасаң құшақтасып амандасайық, - деп, Есен екі қолын созыңқырап ілгері аттай бергенде:

– Есен-ай, баяғы мінезің әлі қалған жоқ екен ғой, құшағыңды кеңірек ашсайшы! – деп күле сөйлеп, Бота қымсынбай айқаса кетті...

Есен мен Бота 1920 жылдан бастап Орынборда оқып еді. Жетісудан келген Есен үш жылдан кейін Ақмола кетті де, Бота Торғайда жүрді. Көп жылдарды араға салып, міне бүгін бұлар Алматыдағы Аманкелді Имановтың ескерткіші жанында ұшырасты.

Амандасып, мауқын басып болды да, ежелгі екі дос жұрттан шетірек барып бір орындыққа жайғасты.

Ботаның сол қолын екі алақанына салып аялап отырды да:

– Мен кеш үйлендім, төрт балам бар, әлі қызмет істеймін, өлең оқимын, – деді Есен.

– Сенің кәрі жыныңның басылмағанын мен амандасқанда-ақ білдім, “мұрныңнан таныдым” деуім қалжыңға сүйеуім еді. Салған жерден көзің өзгермеген екен деп, елуден асқанда сенен өзге жан айтпайды. “Қорықпасаң, құшақтасайық” деу де саған ұқсап тұр, – деп, сылқ-сылқ күлді Бота. – Бір-екі жасы кіші болсам да, елуге мен де жеттім. Өзіңнен озып та отырмын. Менің сегіз балам бар. “Ұлым ұяға, қызым қияға қонды”. Жолдасым Отан соғысында хабарсыз кетті, сол біраз қажытты, балаларға әке керек екен, солардың аңсауы жүдетті... – деп біраз мұңайды да, артынан есін жинағандай болып Есенге жалт қарады, жадырап сала берді: “Қазір мен – сенермін”, – деп мырс етіп күліп жіберді. “Пенсионер” деген сөзді әдейі бұра сөйлеп еді.

– Рас, Бота, өткен өмірдің көлеңке жағын сөйлесек мұңаятын да көп нәрсе бар шығар, бірақ тап бүгін екеуіміз жолығып табылғандай арсалаңдап, қуанып отырғанда күнгеі жағын көбірек еске алғанымыз жөн емес пе?

“Тыныс керек кейде жанға,
Кейде жанға ән керек.
Күй шертуге анда-санда,
Сырласарлық жан керек...”

Өмірі де, өзі де әдемі, кестелі, кесек сөзі де әдемі Сәкен ағаның осы өлеңін ұмыта аламыз ба? – дегенде, Есеннің сөзін аяқтатпай Бота бөліп жіберді:

– Айтпақшы, Есен, сен тұра тұр, мен ұмытып қалам, осы Аманкелдінің ескерткішіне әрбір жексенбі сайын бір

келем. Шынымды айтсам, сонда ең әуелі өз жолдасымды ойлап келем. Ол кісі Аманкелдіні көрдім деуші еді. Көз көрген қиын екен, біреуін ойласаң бәрі есіңе түседі. Сонда шаршы топқа кіріп, ұлы майданның додасына түскенде белі қайыспаған қажырлы Әліби, көркем сөздің бәсекелі бәйгесіне шапқанда суырылып озған Мырқымбай өмірінің айнасын бұлжытпай беріп кеткен Бейімбет, көсем сөздің иесі, келелі дауда ешкімге жол бермейтін айыр көмей – ділмәр Мырасбек, міне менің ойыма солар түседі, – деп даусын көтере, қызыңқырай сөйледі Бота. Осы минутта сұрғылт көздері ұшқын шашып, жылт-жылт етті. Өңі кіріп, баяғы жас шағына қайта оралғандай еді.

– Ренжімесең дауласқым келіп отыр, Бота, – деп бастады да Есен азырақ аңыра қалды. – Сен ылғи Қостанай, торғайлықтарыңды айтып өттің, осы елуден асқанша басқа адамдарды білмедің бе, әлде? – деп түйіле сұрау қойды. Сырты жайуат айтылса да, астарының ащы екенін түсінген Бота осы бір кезеңді жерде кідіре алмады.

– Білесің бе, Есен, сен ең алғаш мені Сейтқали үйінде көрдің. Ол кісі Кирциктің председателі еді. Мен сені “Деевский переулукта” тұратын Совнаркомның председателі Сәкен үйінде көрдім. Жақсыда жаттық жоқ, Сейтқали мені қызындай көруші еді де, Сәкен сені інісіндей көруші еді ғой. Тап сенің жетісулық екеніңді мен бүгін біліп отырмын... – деп, бір сәт мүдіре қалды да, сөзін тағы жалғастырды. – Мен Сәкен ағаны әлі ұмытқам жоқ, – деп бастады. – Қиылған қою кара мұрт, маңдайдан тура түскен мінсіз қыр мұрын, күлімсірегендей қадала қарайтын жанарлы өткір көз, қазбауыр бұлттай эппақ, уылжыған жұмсақ жұмыр мойын, жүйткіген ұшқыр ой мен нәзік сезімнің паналайтын алқабы тәрізді тынысы кең кеуде, бұғақты бұлбұлдың сом біткен мінсіз мүсіні әлі көз алдымда. Бұл әрине, менің сырттай көргенім ғой. Оның ішкі сырын жақсы білетін Сәбит, Ғабит, Тауандай жолдастары болмаса, жақын жүрген өзіндей інілері

білмесе, мен қайдан білейін. Алайда Сейтқалидың кейбір үзік-үзік сөздері есімде қалыпты. Ол кісі: “Осы Сәкен кейде, мейірі түссе, жылы ұшырайтын жайдары жігіт, кейде ызаланып түйіле қалатын долы бүркіт тәрізді... Бірақ өтірікпен өштесіп туған жан, алдауды, қылтың-сылтыңды білмейтін, шындықтың шымыр белгісі... Қызмет бабында кейде келіспейді, үзе тартатыны да бар. Әйтеуір ойында арамдық жоқ, үкімет басшысы, Совнарком председателі деген орын, бұрынғы ақын Сәкенді әлі өзгерте алатын емес...” - деп отырушы еді. Қоңыр үнмен сүйсіне сөйлеп, биязы айтып отыратын осы сөздері қамшы болып, бері келе мен де Сәкенге арнап талай өлең жаздым ғой. Оларымды ешкімге көрсеткен де емеспін, міне енді оңаша саған ғана айтып отырмын. Қарашы өзің, оларда ауылдық, рулық салт бар ма еді? Солардың үлгісін көрген біз де тар шеңберден шығып кеттік қой, – деп түйді Бота.

– Бота-ау, ғапу ет, қытықтай отырып шыныңды айтқыздым ғой. Мен өлеңді жақсы көрсем, сен ақын екенсің. Сәкен, Сейтқали Меңдешевтердің ауыл шеңберінен ұзап кеткенін де дәл тауып айттың. Әйтпесе:

“Қызыл желдей гулеткен
Сөзді сенің қаламың.
Ұлы ұранға күй шерткен
“Домбырасы” даланың.
Шап, жүйрігім “Тұлпарым”,
Шапсаң куант халқыңды!
Шырқа, “Қызыл сұңқарым”,
Салшы көкте саңқылды!..”

деп Жетісудың жүйрігі Жансүгіров Сәкенді өзі иеленбес еді ғой! Сонсоң кейінгі жастың бірі Қасым Аманжолов та:

“...Сен ақын: “Қызыл сұңқар” қанат қаққан,
Сен ақын: “Қызыл тұлпар” өрге шапқан.
Сен ақын: “Экспресс” екпініндей,
Дүбірі дүниені солқылдатқан.

Сен ақын: “Сыр сандықты” аша білген,
Сен ақын: “Сым пернені” баса білген.
Сырыңды күйге қосып, мың құлпыртып,
Өмірге жыр ұрығын шаша білген...”

деп, туған ағасын жырлап отыр емес пе? Ендеше, бұлар бүгін республикамыздың бетке ұстары. Я, Ботакөзім, менің баяғы жас кезімде үйренген атыммен атауыма рұқсат етерсің, өйткені “қорқатыныңнан” – жар қосағыңнан ерте құтылыпсың ғой, – деп әзілдей күлді Есен.

– Құтылғаным рас, корку басыңнан кетпесін, қарғысым қабыл болсын, “аллау әкбар! – деп, Бота бастырмалата айтқанда осы үннен кәрден шынының таза дыбысы естілгендей еді. Екеуі де әзілдесіп тағы біраз жадырасып отырды.

– Сенің есінде ме, Ботакөз, Сәкеннің қоңыр кенеппен тыстаған тапал машинасы болды ғой, – деді Есен.

– Я, ондай машина Сейітқалида да болды, осы екеуінен басқада жоқ еді. Ал, Сәкен Орынбор ішінде көбінесе боз арғымақ жеккен солқылдақ күйме мініп жүретін, – деп, жауап қайырды Ботакөз.

– Менің ойымша сол Сәкен бақытты екен, Владимир Ильичтей данышпан әкенің өзімен бірге отырып қызмет істесті. Ұлы сапарда дана ұстазынан үлгі алып революциялық идеяға шынықты, Ал, Абай, Ыбырай, Ақан сері тәрізді ақын ағалары әсерін тигізіп, ақындыққа бекінді, – деп ойын Есен түйе сөйлегенде, Ботакөз:

– Оның рас, бірақ, сол Сәкеннен енді біз бақыттымыз. Сен күлмей-ақ қой, Есен. “Өлі арыстаннан тірі тышқан артық” деген мағынада емес, шын ойым осы, өйткені

олар тапшы өмірдің тақсиретін тартты, ал біз қазір сол Сәкеннің арманын орындап жүрміз. Сонау бір кезде қазақ республикасында екі машина болса, қазір ол кімде жоқ?

“Біз қаладық қиындықпен
Кең сарайға іргені,
Біздің тілек сол сарайға
Кейінгілер кіргені...”

Негізін сап қызыл сарай
Жүрміз міне қаласып,
Ауыр тасын әлі талай
Қойысармыз таласып...”

деп, Сәкен бізге айтыпты ғой. Олар қызыл сарайдың негізін ғана қаласа, біз түгел бітіріп болдық та, ішіне кіріп рахаттанып отырмыз. Жер шарының үштен біріне “қызыл сарайды” орнатып бітіріп, Коммунист партиясы айға да апарып отауын тікті. Ендеше, біз бақыттымыз, оның үстіне соларды көрген егде ағаларымыз әлі тірі, кәріліктің өзі бізден алыс тұрғандай...

– Ал, Есен, мезгіл кешке айналды, көптен көріспей кездестік қой. Әңгімені қызықтырып тұр, өзің қорықпасаң менің қымсынар түрім жоғын байқадың білем. Егер қолың тисе, ендігі әңгімені балаларымыз да естісің, жүр, біздің үйге барайық, сонда кең отырып әңгімелесейік, – деді Ботакөз.

Екеуі қолтықтасып “Мир” көшесімен жоғары өрледі.

Ботакөз бен Есен үйге кіріп келгенде сұр вельветка киген, тар балақ шалбарлы, сида бойлы, шашы үрпиген жас жігіт:

– Мама, мен бүгін драмтеатрға екі билет алдым, шай қайнап тұр, сағат сегізде басталады, кешігіп қалмайық, асығыңызшы... – дегенде Ботакөз Есенге бұрылып:

– Міне, танысыңыз, Есен, 1943 жылы жарық көрген ең соңғы романым. Құлыншағым, Ербулон-ау, сен үлкен кісіге неге қол беріп амандаспайсың? Бұл Есен, әкеңнің жолдасы, Отан соғысында бірге болған кісі, – деді.

Ербулон қысыла жымиып, Есенге екі қолын бергенде:

– Бақытты бол, шырағым, атың қандай әдемі, театрда не қойылмақ екен? – деп балаға таяна сөйледі Есен.

– Гамлет...

Қонағын жоғарғы үйге кіргізіп, Ботакөз даяр столға шай жасай бастады.

– Өттеген-ай, билет алып қойғаның жарамаған екен, қонақ келіп қалды, мен бара алмаспын...

– Мама-ау, Гамлет қой...

– Шырағым, мен бүгін төл Гамлетіміздің әңгімесін тыңдамақпын. Шекспирдің Гамлетін талай көргем, өзің бара ғой, – деді Ботакөз.

Бала шығып кеткеннен кейін, қонағына бұрылып:

Бұл баламның атын әкесі хат арқылы қойып еді. “Ербулон” деген сөздің әрбір әрпінде мағына бар. Бұл Белоруссия, Украина, Ленинград облысы, Недич (қала) деген сөздердің бастапқы әріптерінен құралады. Фашистерден осы айтылған жерлерді Қызыл Армия құтқарып алған күні Ербулон дүниеге келіпті. Бала туғаннан кейін бір ай өткен соң, әлгі хатты алдық та, сонда барып атын қойып едік, – деп, езуін тартты Ботакөз.

– Мен Еркебұлан екен десем...

– Сәкеннің Еркебұланын айтасың ғой, жүрегімізде сол тұрғаны да рас, екінші жағынан мына тарихи себеп күшті әсерін тигізді. Әркім қалағанын алар, Ербулоным тірі болса, бәріне де төтеп береді, – деп, шын мейірбан аналық сезімін білдірді Ботакөз.

“...Аяныш емес ердің қара басы;
Аяныш емес және жар-жолдасы.
Дүниеде ең аяныш естен кетпес
Тамшылап сорлы ананың аққан жасы...”

дегенде Сәкен сені айтқан екен-ау! Саған бүгін Отан үшін құрбандыққа барған еріңді ұмыттырып отырған осы Ербулоның емес пе? Соның табанына қадалған шөгір өз маңдайына қадалса да, ренжімес едің ғой, ә?! – дегенде:

– Бұл рас, бірақ Сәкен тек мені ғана ойлаған жоқ, дүниедегі барлық ананың тағдырын жырлаған ақын. Осы өлеңін ол 1919 жылы Колчактың абақтысында жүріп жазыпты... Білген, білген ол!.. – деді Ботакөз.

Сағынысқан екі дос, егде тартқанда ұшырасып ақтарыла әңгімелесті. Біріне бірі сандықтың түбінде сақтаулы жатқан жібектің қиқымындай құлпырып көрінді. Жастық шақтың әуенді күйі ұлғайған тамырларды қайта тербеткендей болды. Көптен бері тотығып тоқыраған көңіл осы сәтте көтеріле бір серпілді де, желпіне жаңғырықты.

– Мінезі де сом еді-ау Сәкеннің! Әлі есімде, енді мен саған жадымда қалған екі әңгімені айтайыншы, – деп бастады Есен, – сен де ұмытпаған шығарсың. Сәкен 1922 жылдың басынан 1924 жылдың аяғына дейін Совнаркомның председателі болды ғой. Талай қызықтар бар, бәріне бірдей уақыт та жетпес, кешігіп те қалармын. Ұлық болғанда тасып төгілмеген, түсіп қалғанда қамығып қабағын шытпаған жан Сәкен еді-ау! Өзінен төменге қайқандамайтын, орны жоғарыға байпаңдамайтын нағыз адам сол! Адал дос болса одан айырылысу, не оған жәбір жасап ренжіту дегенді білмеді. Қызметтен түсіп кішірейіңкіреп қалған күнде де ол жолдасына бұрынғыдан бетер жақындап, именбей ақтарыла сырласатын жан еді...

1923 жылы Қызылжар келді. “Совнарком келе жатыр, Совнарком Сәкен Сейфуллин келе жатыр” дегенді естігенде Қызылжар теңселді. Алдынан шықпаған жан қалмады. Поезд онда мезгілінде келе бермейді. Иін тірескен халық вокзалды екі күн күзетті. Әрбір кеңсенің өз тізімі бар, арнаулы адамдары болады, олар алда жүреді. Губерниялық милиция бастығы Шәріпжан Тотаев тәртіпті күзетеді. Осы қарбаласта сол Тотаевтың аяғы сынып та қала жаздады.

Ол Сәкенді жақсы көрді ме, жоқ Совнарком деген атына сыйды ма, ол арасы маған белгісіз, әйтеуір мертігуі рас.

Оқып жүрген жас кезім, мені кім елейді, екі күндей вокзалдың маңайына да бара алмадым...

Екі-үш күннен кейін Сәкенді мен Әлімбек Еркінұлының үйінде көрдім. Бұл Әлімбек жер бөлімінде істейтін ұсақ қызметкер. Алдынан шыққан елеулі тізімнің ішінде де жоқ. Алдынан шығуды ол ойлаған да кісі емес. Мен сол үйде жатып оқимын...

Үстінде қара барқыт “толстовкасы” бар, шашын иір қобыздап қайырған, қою қара мұртты - өзіміз Орынборда көрген баяғы Сәкен. Енді шынымды айтайыншы, елдің, екі күндей дүрлігуіне қарағанда Сәкен өзгеріп кеткен шығар десем керек.

Қасына отырғызып, арқамнан сипады да, қалай оқып жүргенімді Әлімбектен сұрастыра бастады. Мені осында жіберуінің себебін түсіндіре сөйледі.

Біраздан кейін Әлімбек екеуі Ақмолада жас кездерінде болған бір қызық уақиғаларды шертісіп, күлісіп отырды.

Аздан соң ақсандай басып Шәріпжан кірді. Жесір кемпір Парашаның үйі – Әлімбектің пәтері. Аядай төргі үйінде кішірек стол, оң жағында темір кровать, сол кроватьның бас жағында бұрышқа ілінген “Айсаның” суреті. Ауыз үйде Параша екеуіміз жатамыз, төргі үйдегі кроватта Әлімбек әйелімен жатады. Міне, Сәкен осы төргі бөлмеде отыр.

– Әй, Әлімбек, мынауың не? – деді Шәріпжан “Айсаның” суретіне үңіле қарап.

– Бұл ма, бұл Айсаның пайғамбардың суреті, біздің Парашаның сыйынатын құдайы ғой, – деді Әлімбек жымыя күліп. Шәріпжанның түсі суып сала берді, шын күйініп отырған кісіше кижіне сөйледі.

– Мұсылман құдайын құрта алмай жүргенде, сен енді “крестиян” құдайына табынып, бас жағыңа іліп қойғаның қалай? Оқыған адамсың... – деді Шәріпжан алқымдай

¹Белбеулі сырт көйлек.

сөйлеп, біресе Айсаға, біресе Әлімбекке қарап қойды. Үстінде сары ала милиция киімі, белінде “алты атары” бар, қожан-қожан, етеді. Сәкенге төрелете қарап қояды. Дүниеде толып жатқан діндер бар, соларға қарсы болудан бұрын жете білу керек екенін Әлімбек те айтып көріп еді, оған Шәріпжан ұйымады. Сәкен тындай берді.

Дау кішкене толастаған кезде:

– Коммунист болу, жалғыз ғана құдайды жоқ деуде емес қой, оны жоқ деу үшін білу керек. Владимир Ильич Москвада тұрады, сондағы ескі шіркеулер әлі бар. Солардың, бәрін өртеп жіберу бір күннің ісі, көп ақыл да керек емес.

Ал, күллі Россия ше? Оның ғасырлап бойына сіңген сана-сезімі бір күнде жойыла ма? Көшеде, әне жүгіріп жүрген баланың қолында кэмпиті бар, сен милицияның начальнигісің, барып сұрашы, саған ол бала кэмпитін бермейді. Ал енді, сен оның қолына шоколад ұсыншы, ана кэмпитін өзі лақтырып жібереді де шоколадты алады. Міне, дін мәселесі осындай. Әлімбектің осы суретті сүйреп тастауға әлі келеді, кемпір түгіл бұл Әлімбек сенен де күшті! Бірақ, осы Қызылжардағы басқа үйлерде тұрған суреттерге не істер еді? Олар құрымайды ғой. Сонда Әлімбектің бітіретіні халықтың наразылығын күшейту болады. Бұл коммунист партиясының саясатына қарсы “ақымақ достықтан” туған қастық болып шығады, – деді Сәкен. Шәріпжан құлаққа ұрған танадай болды. Сөздің ішкі мәнісінен көрі, кімнің аузынан шыққанын ол жақсы аңғара білуші еді. Жылдам түсінді. Сәкеннің баяу айтқан осы бір сөзі жүрегімде қалды...

Екінші көруім 1925 жылы Қызылжар бақшасының жанындағы Ярулиннің үйінде. Сәкен Совнаркомнан түсіп, Бурабайда демалып, Қызылордаға қайтып бара жатыр екен. Милиция начальнигі Тотаевтің үйінде отыр едім. Күн жексенбі, сағат он екі кезі. Шытыралы шылиясы бар, есік пен төрдей қарагер ат жеккен солқылдақ күймемен келіп түсті де, Тотаев маған қарап:

– Шырағым Есен, сен барып Сәкенді қонаққа шақыршы! Ұзақпай, Жағыпар, Нұрғалилер кәзір осында келеді, солармен бірге болсын! – деді. Ағаның сөзін екі етпей, жүріп кеттім...

Кучерді есік алдына тастап, мен үйге сәлем бере кірдім. Оң аяғын сол тізесіне айқара салып, шалқия отырған Сәкен ілгері ұмтыла көтеріліп менің ұсынған қолымды алды да, қасындағы орындықты нұсқады.

– Сен орысша оқығалы бірталай болды, әлі күнге Европа мәдениетіне үйренбепсің. Біздің ескі ғұрып бойынша үлкенге кіші қолын береді, ал мына Европа елінде кішіге үлкен қолын ұсынады. Мысалы, мен қазір сенің қолыңды алмай қойсам қайтер едің?.. Ал, елдегі шалдарға біз өзіміз сәлем береміз, олай істеуіміз жөн, сол ортадан шықтық үзе тартуға болмайды. Бір күнде барлық мәдениет, салт-сана жаңғырып қалыптаса да қоймайды, – деп Сәкен кідіре қалды. Бойы талдырмаш, аққұба әдемі қыз Сәкеннің қарсы алдында отыр екен, енді ол сол қызға қарай бұрылып орысша сөйлеп кетті, заты, мені таныстырып жатыр-ау деймін.

– Тыста кім бар? – деді Сәкен өзін қонаққа шақыра келгенімді білген кезде.

Шай құйып отырған қызға кучерді үйге кіргіз дегендей ишарат істеді. Кучер келіп менің қасыма жайғаса бергенде, әлгі қызға виноның аузын ашқызып, кучердің алдына қойдырды. Үйіне келген кісіге Сәкеннің арақ құйып бергенін, не өзінің ішкенін көрген емеспін.

Осыдан кейін Сәкеннің бізде жұмысы болған жоқ. Әлгі ақ сұр қызбен бір ұзынсүре әңгімеге кірді де кетті. Жас шақтағы естіген сөз, көрген кескін ұмытылмаса керек. Сол сұлудың үлбіреген жалаңаш мойынында алтын алқасы бар, киген көйлегі “декольте”. Төңкеріле қарап күйкылжып та отырған жоқ, тойған қозыдай маңғаз, бұғақты сұлу айналасына елеусіз көз тастайды. Ол өзі бөгде бір қалың ойға шомғандай томсаруда. Алайда, көлденең кезігіп отырған маған сол арудың:

Мүшесі ақ бөкеннің жүйрігіндей,
Тұңғиық сыры судың иіріміндей.
Аппақ ет, алқызыл бет, тісі меруерт,
Саусағы жас қоғаның сүйірігіндей.

Жұқа ерін сүттің тәтті қаймағындай,
Ауызы зерігердің оймағындай,
Алқымы аппақ аққу мамығындай,
Құлпырған көркі жаздың сағымындай...

екен. Артық-кемі жоқ маған осылай әсер етті.

Бұйымтайымызды айтып болғаннан кейін, біз енді Сәкеннің қашан баратынын күте бердік. Жауабын алмай кете алмадық, ескертуге бата алмадық.

Сағат тура бесті соққанда қыз да, Сәкен де орнынан тұрды. Далаға шыққанда кучер маған қарады, сол кезде мен Сәкенге қарадым. Ойымызды бет-бейнемізден түсінген Сәкен:

– Ал, қайта беріндер, бақшаға кетті деп айта барындар!

– деді де, ағаш тротуарды қара ала таяғымен тықылдата түртіп сұлудың соңынан жүріп берді...

Арада екі-үш күн өткен соң мен Сәкенді Әлімбек үйінде тағы көрдім.

Шақырмай-ақ өзі жалғыз келді. Сонда әңгімелесіп отырып Әлімбек:

– Сәкен-ау, мұның қалай, әдейі шақырғанда Шәріпжан үйіне бармауың дұрыс емес қой; ол аңғал жігіт арамдық қолынан келмейтін бір жақсы адам емес пе? Маған оның ақымақтығы да ұнайды, өйткені өтірік айтпайды,
– дегенде:

– Оның рас, ақ көңілдігі маған да ұнайды, бірақ үлкенге табынғыш, өте жарамсақ жан. Былтыр мен келгенде алдымнан шығам деп аяғын қиратқан Шәріпжан, биыл мені шақыртып мына қаршадай баланы жіберіпті. Ендеше, ол былтыр Совнаркомды сыйлаған, ал биыл мен Совнарком

емеспін, бірақ Сәкен екенім өзгерген жоқ. Ендеше, ол ит неге өзгере қалды? Менің ойымша, ол ұлық болсаң шыр айналып алды-артынды орап жүргізбейтін соқыр тауық.

Шырқ айналар шіркін тауық
Жемің болса қолыңда.
Қайдағысы сені тауып,
Топырлайды жолыңда.

Досыңмын деп ант береді,
Жем іздеген жанама,
Жем таусылса жалт береді,
Сенерлік дос санама...

– Я, Әлімбек, сол жем іздеген тауықтың нағыз өзі, Шәріпжан! – деді Сәкен. Осы минутта қынжыла қалған Сәкеннің сұрғылт кескіні әлі қарсы алдымда тұрғандай...

Есен сөзін бітіргенде...

– Өлеңді тек оқып қана қоймайсың өзің де ақынсың ғой деймін. Қыздың бейнесін жеткізіп-ақ айттың-ау! Сен Галинаны суреттеп отырсың, ол ақылды да, кескінді де адам еді. Сыртынан талай жігіттер өліп-тірілгенде Сәкен оған жолдас деп қарады. Соңынан Галина Мәскеуге оқуға кетті, – деді Бота. – Шіркін-ай, Сәкеннің мінезі де сом еді-ау! Совнаркомнан түскенде де ренжімегенін білуші едім, оның кесек мінезіне дұшпандары да сүйсінетін. Ал мына Шәріпжанның доғал қылығы ақынның нәзік сезіміне қатты қаяу салған екен. Сәкеннің тағы бір оқшау жері, ол кейіпкерді алыстан іздемеген ғой...

– Я, осы сөзің рас, әлгі айтылған өлең “Сыр сандықтың” кейіпкері осы Шәріпжан, – деп бекітті Есен, – Сәкен атын атамай-ақ жеткізген екен. Осы күні сіздер бірдеңе жазатын болсаңыздар творчестволық командировка аласыздар, ал Сәкеннің бар өмірі творчестволық командировка ғой. Сіздер қойшының басына обязательно тымақ кигізесіздер. Шын өмірде қойшылар қазір шляпа киіп жүр. Әңгіме

киімде ме? Мысалы, Сәкеннің Айшасына Толстойдың Наташасының киімін кигізіңізі, бәрібір ол Наташа болмайды. Шолоховтың Аксињьясын қалай киіндірсең де ол не Наташаға, не Айшаға ұқсамас еді ғой. Міне, жаңалық сөз! Ал, жазушының біреуі өзіңсің, сіздер қалай жазасыздар? – деп тік сұрақ қойды Есен.

– Біз әліміз келгенше жаңалыққа ұмтыламыз. Жастар еліктейтін жағымды кейіпкер іздейміз. Үлгі етіп тартуымыз, тәрбиелеуіміз керек, – деп жауап қайырды Ботакөз.

– Я, сіздер іздейсіздер, ойларыңызда арамдық жоқ, бұған сенем, бірақ сіздер көбінесе мезгіл шындығын әдемілеп айнаға түсірудің орнына, құрғақ қиялдарыңызды шынайы өмірге айналдырғыларыңыз келеді, сондықтан сағымдай әдемі бұлдыр келешекте, ұлы ұрым-бұтаққа нақыл үйретесіңіздер. Міне, гәп осында. Ал, Сәкендердің жазғаны уақыт шындығы, көрген-білген өмір құбылысы, тарихи кезең. Сол Сәкен суреттеген ұлы дәуір өмір бойы өлмейді, ендеше соны айнаға түсірген еңбек те еш болмас. Сонсоң барлық әңгімені киім мен лауазымға тіреудің қажеті не? Жақында оқыдым, осында бір ақын: “Аннаның үстінде сұр гимнастеркасы бар, ол ақымақ Сергейден ақылды Ахметті жақсы көреді”, – дейді. Осы тек Аннаға тән сыпат па? Ақымақтан ақылдыны тәуір көру ерекшелік емес қой, – деп қыза сөйледі Есен.

– Кей жерін дұрыс басқаныңмен сен кейде ұшқары ойлайсың, жазушының өз приемы бар. Сәкеннің “Советстанын” енді біз жаза алмаспыз да, өйткені оны дәуір туғызады ғой, – деп Ботакөз іркіле қалғанда:

– Я, “Советстанды” дәуір туғызды, сөзің рас, бір-ақ сол Советстан бір дәуірдің ырғағын, тынысын түгел беріп тұр ғой. Әңгіме тіпті атында емес, ол тек Сәкенге ғана ұқсайды... – деді Есен. Олай болса тетік костюмде емес, адамдық кейіпте, екі түсті шапан киген бір Сәкенге екі адам деп қарау жалғыз Шәріпжанның ісі ме?..

Ежелгі екі дос осы әңгімеде отырып мезгілдің қалай өткенін де білмей қалды. Шай ішіп, ет жеп болғаннан кейін жүрер алдында:

– Әй, Есен, міне біздің үй осы, енді әйелінді алып, әдейі қонаққа кел! Ақаусыз тәтті айырылысқан достар, теткусіз қайта қосылатыны рас екен. Сәкеннің жақсы мінездерін, шын ақындық жүрегін сен ақтардың ғой, ал мен бір күлдіргі мінезін айтайыншы, – деп жымия күлді де, Ботакөз сөзін соза тартты:

– 1920 жылы, өзінің жек көретін адамы Төлеубай Нұралин Мәскеуге кетіп бара жатқан Сәкенге шалбар әкеп бер деп тапсырады. Сонда: “Шалбарное место закрыто” – деп Мәскеуден Сәкен телеграмма соқса керек. Осы бір сырт қарағанда ұсақ көрінетін қылығы да маған қатты ұнайды, өйткені ол мінезді тек Сәкен ғана көрсете алады. Жек көруін әйгілеп айтудың үлкен үлгісі осы, – деп ойын түйді Ботакөз. – Сонау 1925 жылы үйінде кереуеті болмай Ташкенге хат жазғанын да білем. Дүние жиюды құнттамаған жанның, ежелгі революционерлер рухында тәрбие алып өскен, табанды коммунистің тиянақты бейнесін Сәкендерден іздеу керек тәрізді...

– Рас, Ботакөз, ол шын революционер, дүние жинау оның ойына кірмеген нәрсе. Жаңа дәуірді орнатқанда қажеті көп болды да Сәкендер неден, қалай бастауды алдына қоя білді, соны орындауға кірісті. Бұрын үкіметі болмаған өгей елге ұлт теңдігі тигенде соны басқаратын кісілер керек болды. Ол үшін жастарды оқыту, жеткізу бірінші міндет. Совнарком председателі Сәкеннің үйі оқу іздеген жастардың жатақханасына айналуы да осыдан. Сәкеннің жетектеуімен оқуға түсіп, ер жетіп үкімет иесі, ақыл иесі болып отырған талай адамдардың көзі әлі тірі. “1922 жылы Орынбор қаласында бірінші рет кездескен Сәкеннің Рабфакқа түсуге білімім жетпеген мені күштегендей алдырып, оқып кетуіме жол ашып бергені рас; 1922-1924 жылдары “Еңбекші қазақта” редактор болып тұрғанда, көптеген өлендерімді жариялап, әдебиет майданына алғаш жол ашып бергені рас, сол кезде мені де талап жегісі келген ұлтшылдардан қорғаштап, әдебиеттік ойым өскенше пана болғаны рас...” – деп Сәбит ағай да тегін айтпайды; сол

замандары оқу іздеген жастарға жәрдемін тигізуі айрықша еді ғой. Сәкен шын мағынасында революцияшыл адам. Ол, әсіресе, кедей табынан шыққан кем-кетіктерді қорғаушы еді. Әрбір губерниядан оқу іздеп келгендердің көпшілігін Сәкен үйінен табушы едік. Таңертең тамаққа тойып алып, Сәкеннің бір жапырақ қағазын қалтасына салып қара домалақ балалар әрбір мектепке тарап жататын. Мен соның жуан ортасында болдым, – деді Есен,

Сәкеннің өтірік сөз айтпауына достары түгіл дұшпандары да күдіктенбейтін. Сәкен әркімнің мінезіне қарай мінез істейтін. Паңсынғандарға өте паң көрінетін, кішіпейіл жандарға “бетегеден биік, жусаннан аласа” жан еді. Карта ойнау, арақ ішу, шылым тарту Сәкенде жоқ мінез. Байларды иттің етінен жек көретін ол.

1921 жылы Ақмолада Сәкенді Көшербай үйі қонаққа шақырды. Сол қонаққа Сәкеннің атқосшысы болып бардым. Кедей, өзі шешен Көшербайды Сәкен жақсы көруші еді.

Көшербай үйі толған кісі, қымыз сапырып отырған қара шұбар қарт Көшербай емес, сол пәтерге түскен Нілді болысының бір байшікеші екен. Қонақтар Сәкен кіргенде орындарынан тұрып, жабыла амандасып төрге отырғызды. Менің есімде қалған қонақтар: Арғынғазы Жұмағұлов, Көжебай Ерденаев, Әбдікәрім Сатпаев, Нығмет Сырғабеков, Асығат Сайдалиндер болды. Аздан кейін қымыз берілді.

Қымыз сапырып отырған бай Сағындық Сатылғанов сөз бастады:

– Сәкенжан, мына бір Байсалықов, Беков деген атышулы кезеп ұрылар күн көрсетуді қойды. Қит етсе қоқандап “қырам да жоям” дегенді шығарды. Ел арасына іріткі салып жүр, әбден ығыр болдық. Бұл жәйтті маған нанбасаңыз әкеңіз Сейфулладан сұраңыз... Мұңымызды, Сәкенжан, саған шақпағанда кімге шағамыз, – деп мұңая сөйлеп, көзіне жас ірікті.

Қолына ұстаған қызыл кәрден кесені үстелге қайта қойды да, Сәкен орнынан тұрды. Бет-аузы суып кеткен екен. Сатылғановқа көзін сығырайта тікті де:

– Көзі ашық азаматты балшықтан жасай алмай жүргенде, сіздердей жатып ішерлер үшін, сіздердің қымыздарыңыз бен еттеріңізге сатылып, Нұрмақ Байсалықов пен Орынбек Бековтарды ұстап беру түгіл ренжіте де алмаспыз... – деп Сәкен жүріп берді. Оқыған азаматтардың бәрі Сәкеннің соңынан ере жөнелді. Қонақтар осылай тарады. Соңында келе жатқандардың бірі: “Біз Сәкеннен мұны күтпеп едік...” – деп те күңкілдеді, соны айтқан кісінің кім екені жадымда жоқ. Сәкен артына қарамастан ілгері тарта берді. Міне, Ботакөз, Сәкен ағаның осы бір қылығы да есімнен кетпейді, – деді Есен. – Рас, Ботакөз, Сәкеннің істеген ісі түгел мүлтіксіз еді демеймін, заманында, жас шағында мүлт басу адамның бәріне де тән ғой. Бірақ негізінен алғанда, өзінің революциялық бетінен таймай өткен жан – Сәкен. Бұған кәміл сенем.

Ал енді тағы талай кездесерміз, Сәкен ағаның әңгімесі біздің өмірімізге жетеді.

Мен, сірә, шын шаттанбай билеуші ме ем?
Жыр шертіп шын күйленбей күйлеуші ме ем?
Көргенде жан қайысар қиындықты
Қабакты қара бұлттай түймеуші ме ем?

– деген ақын Сәкеннің өлеңін айтты да, Есен Ботакөзбен қоштасып, түнгі сағат онда үйіне қайтты.

ЕКІНШІ ӘҢГІМЕ

Алматының күзді күнгі әдемі кешін суреттеуге тіл жетпес. Ол сырлы да сиқырлы ғой. Қапырық ыстық та емес, үскірік аязы да жоқ, ақырын ескен самал желі бар,

жанға жайлы кеш. Ішінде тұрған адам айқын сезіне алмаса керек. Қолда бардың қадыры аз.

Осындай бір сүйкімді сұлу кеште Есен бақшада отыр еді. Серуенде жүрген жас жігіт бұрылып келіп сәлем берді. Есен оны тұтқиылда танымай қалды.

– Мен Ербулон ғой, – деді ол.

– Ә-ә, шырағым, мамаңның дені сау ма? Баяғыда Ботакөз атанған сабаз еді, қартайып қалған екен. Кеше көп әңгімелестік, соны көтере алмай бүгін үйде отыр-ау! – деп баланы өзіне үйірліре жылы сөйледі Есен.

– Мен кеше сахнада Гамлетті көріп кешірек қайттым, келсем сіз кетіп қалған екенсіз. Мамам сіз туралы да, Сәкен аға туралы да көп әңгіме айтты. Менің мамам қызық адам. Оның болжауынша Гамлет әйенкес жан, үнемі толғана беретін, ешнәрсеге батылы жетпейтін жас сияқты, ал шешесі Гертруда сезімнің құлы – көрсе қызар жеңілтек болып көрінеді. Сәкенге келгенде ауызын ашып, көзін жұмады. Батыл да, батыр да, берік, қара қылды қақ жарған әділ де сол Сәкен аға екен, жолдасын жауға бермейтін, от басынан бүлік шығармайтын адал жан да сол. Мүмкін, замандасы сіздерге солай шығар, революцияның – өскелең жаңа дәуірдің өзі тудырған, талай тар кезенді кешіріп шындалып шыққан ардагер аға болар. Жастар көрген жоқ қой, түсіндіріңізші, аға, біз кім деп танимыз Сәкенді? – деп қиялай сұрау қойды Ербулон.

Шешесі үйретті ме, жоқ, баланың өз көзі жетті ме, түсіне алмай дағдарып қалды Есен. Сұрағы орынды, бірақ өте сом. Қай жағынан кертіп бастауды ұғына алмай кідіріп еді.

Азырақ үнсіз отырды да:

– Мен Сәкен ағаны жас күнімде көрдім. Қасында қатар отырып сырласқан емеспін. Сыртынан қызыға қарап, “өзімнің ағам” деп мақтану сезімі ғана билегендей. Бұл – 1918 жыл еді...

Бері келе көз тоқтатып жақынырақ көрдім, бұл 1921 жылы Ақмолада еді. – Онда да бойым жеткен жоқ, Сәкен

“тастаған сүйек маңдайыма тиген емес”, – деп езуін тартып жымығандай болды ол.

Жас өсті, шырағым, мына 1937 жылдан 1956 жылға дейін рухани дәмдес-тұздас болдым, үзеңгілес досы, жарты мейізді жарып жескен жан жолдасы деп те жорып жүрді. Сәкеннің басына қара бұлт төнгенде мені тапты. Ал мына 1957 жылдан бастап күні бүгінге дейін басқа достары табылды да мен “көн қатса қалпына” дегендей өз жайыма кеттім, бірақ інілігімді ақтаудан әлі ажырағам жоқ...

Көргендісі болмаса құр көргенім кімге керек? – деп күрсіне сөйледі Есен.

Жан сөзі құлазып сағынғанда, не қорқып ышқынғанда шығатын тәрізді, қалқам. Әрине, айта берсең таусылмайды. Сондықтан мәңгі жас Сәкен аға, өзінің қыршын күнінде кейінгі үрім-бұтаққа, сендерге қалай сенді, не айтып кетті, соны жеткізгім келіп отыр.

Ойлаған ойын күлтелемей төтесінен тура түсіретін, адамды адастырмайтын Сәкеннің сөзі құлағыма әлі анық естіліп тұрғандай. Шын тыңдасаң жансыз бейне де бірталай сыр шертетін тәрізді. Қарашы өзің, мынау Сәкен ғой, – деп қалтасынан бір суретті суырып алды Есен. Осы бір шағын суретке үңіле қарай отырып сөзін білтеледі ол:

– “Сендерге, қарындастар,
Сендерге, інілер,
Сендерге арналды бұл әндер!
Дүниенің құлдық шынжырын
Қиратып, әділдік, теңдік іздеген,
Тұрмыстың таршылық зынданын
Бұзып, еркіндік, кеңдік іздеген,
Көкіректері жанып бақыт іздеген, жастар,
Сендерге арналды бұл әндер...”

деп тап өзіндей жас буынға әдейі арнап айтып еді.

Өз ортасынан суырылып шыққан ардагер ағаны, қорлық көрген халықтың туын ұстап, әділдік жолын іздеп,

соны сапарға белін буып, ашынып аттанған жігерлі ағаны ұмытқан жас інілік борышын аяққа баспас па еді?

“Керуен көшер, керуен қонар
Үйреншікті әңгіме,
Бізден қалар талай белгі
Кейінгіге мәңгіге...”

– дегенде Сәкен аға өзінің істеген еңбегіне де, оны бағалай білетін кейінгі ұрпаққа да қатты сенген-ді. Ол туғанда атын Садуақас қойыпты. Елжіреп, емірене сүйген тұңғыш ұлын мейірбан анасы Жамал “Сәкенім” дейді екен. Содан атығып кетіп, ел жұрты да Сәкен дейтін болыпты.

1917 жылы Октябрь революциясының ұлы ұраны әлемге естілді. Сәкен Ақмолада еді. Ленин туын жоғары көтерді, Совдеп ашты, қызметке белсене кірісті.

“Күнге жайып құшақты,
Шақырып бері шаттандық.
Қуантуға ел-жұртты,
Асығып тез аттандық”.

Жау жағадан, бөрі етекпен алды, адам айтқысыз ала-сапыран күн туды. Ұйықтап жатқан қазақ даласында ежелден орын тепкен ескілік, тегеурінді жаңалыққа оңай көнбеді, кірпідей жиырылды. Шешінген соң судан тайынбады ол. Өзін өзі ұмытты, “Манап-Шәміл” деген бүркеншік атпен майданға шықты, анасы сүйіп қойған сүйкімді аты Сәкеннен де қол үзетін шақ туды. Дауылдатқан долы күрес басталды:

“Залымдық пен Әділдіктің
Алысқанын айтайық!
Жер жүзінде Бай мен кедей

Шабысқанын айтайық!
Кедей сүйер,
Байлар күйер
Ауыздан от шашайық...”

– деген ұран тастады. Өңгіме насырға шапты, енді “Манап-Шәміл” де қорғаныш бола алмады, тіміскер жау біліп қойды. Абақтыға Сәкеннің өзі түсті, – “Манап-Шәміл” айдалада босқа қалды:

“Отырмын күзет - қамауда,
Дұшпаннан тәнім жеңілді.
Жене алмас бірақ еш пенде
Асау еркін көңілді”.

Бұл 1918 жыл еді.

Басынан талай қара күндер кешті. Тәні тұзақта жатқанда, өзіне өзі күш беріп:

“Қажыма, ер көңілім, бәрі де өтер,
Сан азап бір күнгідей болмай кетер,
Қара түн басып тұрса алды-артыңды,
Жарқырап ататын таң әлі-ақ жетер”.

– деп болашақ бақытты өмірге үлкен үміт артты. Бұл сөздерді атаман Анненковтың “азап вагонында” отырып айтты,

Артынан 1919 жылы қылышынан қан тамған Колчактың абақтысынан қашқанда көзі соқыр, аузы қисық “Дүйсенбі” болды. Бұл “Дүйсенбінің” игілігін көрді, елге аман келді. “Дүйсенбі” әрі қарай іске жарамады, үйренген ауыл-аймағында “Сәкен” айтыла берді. “Ел құлағы елу”, паналау қиын болды. Көрінген бұтаның бәрі жау, кету керек...

Күрең дөненге мініп “Жұмақас” болып Әулиеатаға сапар шекті. Онда совет өкіметінің, орныққанын естіген еді.

Жапан түзде, қашқын Сәкен қажығанда сүйенетін қара табылмады. Үзеңгілес, сырлас достары өлгені өліп, тірісі Қолчактың абақтысында, темір торда қалды. Олар: Бәкен Серікпаев, Абдолла Асылбеков, Нұрғайын Бекмұхамметов, Захар Катченко тағы басқалар еді...

Қорлық көрген халықтың намысын жыртып, соны сапарға белін бекем буды, әділдікті іздеп, асығып аттанды.

Жастарды күреске шақырды, теңдіктің ұранын алдарына тартты.

“Азамат, жүнжіме, жүрме бос,
Қол ұстас, бірігіп тізе қос!
Ту ұстап дұшпанға барайық,
Теңдіктің ұранын салайық,
Тізесін батырған залымнан
Күн туды - біз теңдік алайық!”

Емешесі құрып күткен әдемі келешегі, аңсаған өмірі бүгін көркейді, көксеген тобы көбейді. Артында ержеткен інілері, бойжеткен қарындастары тұр, ұлан-байтақ, телегей-теңіз “Оянған өлкесі” бар. Көктемде қаулап өсетін жауқазындай жаудыраған көген көздер отыр. Үміті орындалғандай.

Ал енді жас Сәкеннің алдында кім бар еді?

Қарбаласта жүріп кезінде байқай алмай, бүгін енді көз жіберсек ыдыраңқы, аз да болса оның алды жалаңаш емес екен. Ертіс пен Сырдың арасын алақанының аясында ұстап, Сарыарқада - татыраулы ащы, қау көде, қу баялыш өсетін сортаң құмда ыдырай көшіп, киікше босып жүрген көшпелі елдің қуанышы мен қайғысын Шығыстың алабындай кең кеудесіне сыйғызып, томағасын алған қыран бүркітше түйіле қарап Абай отыр.

Көкше мен Қашқардың, Омбы мен Петербордың арасына жол салып, бұқараның мұңын жоқтап, арамза чиновниктердің апшысын қуырып, ұлт туысқандығының

дәнекері болып, орысша, қазақша бірдей сөйлеп, самардай қақсап, кәделі ойын қаймықпай айтып Шоқан отыр.

Жалпақ жатқан қазақ даласына ғылымның есігін ашып, қоңырау қағып, елді надандық ұйқысынан оятқан, өз еліне орыстың тілін үйретіп, жалықпай ұстаздық етіп, екі елдің арасындағы дәнекері болып Ыбырай отыр.

Өз заманында талай дойырлардың тепкісіне ұшырап, Ақтоқтыдай жарынан, Көк Жендеттей қыран қаршығасынан, Құлагердей тақымына басқан қанатты тұлпарынан айрылып, осы қауырт келген ауыртпалықтың біріне де мойымай домбырасын шертіп, ән салып Көкшені тебіrentіп Ақан сері отыр.

Мінеки, шырағым, Сәкеннің жел жағындағы ықтырмасы – ардагер ағалары, тиянақты төрт босағасы осылар екен ғой.

Қалқам Ербулон, сен білмес деген ой билеп әдейі айтпай отырмын, әйтпесе, есінде болсыншы, Сәкеннің ең үлкен ағасы, күрескер батыр да, батыл да, екі жүзді наркескен өткір жан, заманынан ерте туып еңіреп өткен ағасы Махамбет болатын. Әрине, Сәкеннің ағалары бұдан да көп, түгел танымауы да кәдік. Себебі, ол ес білгенде аттың төбеліндей бай мен мырзаның шылауында, шолақ билердің емеурінінде, жоталы жуан болыстың тегеурінінде жүрген қазақ елінің қалың кедейін көрді. Бойындағы алып қуатын сезінбеген, сарапқа түсіп сыналмаған соны балуандар, жарлы-жақыбайлар еді, кара күштің қолындағы қолшоқпары болып жүрді. “Айран көз үй тентек” атанып, от басында бірімен бірі жағаласа түрегеліп, жер-жебіріне жеткен, титығына тиген жетім өмірдің тақсіретін тартып, нағыз жауын таба алмай, соның өшін өздерінен алатын да солар болды.

Ру таласын қоздыратын телі тентек, бұзақы Төрбек еді, бәле жауып, піргеуір жасап, мөр басатын, кектескен кедейін Өскемен, Жайсаңға жер аударатын болыс Кәкен

болды, жалшы кедейді, сорлы бұратананы борсықша сорған, “ырысы шайқалмаған ұйытқылы бай” Еркексары тұрды. Міне, Сәкен осы ортадан шықты. Алдындағы ағаларын ерте тануға осылар да кедергі жасаған тәрізді. Алайда, ел қамын - еңбекшінің қамын жеген озат ойлы әлгі ағаларынан үлгі алуы даусыз сияқты, өз заманындағы озбыр болыс, оңаза би, содырлы сотқар байлардан да көп нәрсені ұқты. Өнегені өнегесізден де үйренеді. Зорлық-зомбылықтан жиренді де әділдікке бет бұрды.

– Орыс елінің мәдениетінен нәр алды Сәкен. Учительская семинарияны орысша бітірді, сондықтан әлгі ортадан сытылып шықты.

Революцияның дауылпаз жаршысы Максим Горькийді оқыды. Маяковский, Серафимович, Гладковтармен танысты. Сөйтіп 1921 жыл туды:

“Мінеки, енді тілеген
Қызыл күнге жеттік біз...”

деді.

Революционер-ақын Сәкен Ленин жолына қалтқысыз сенді.

“Шам-шырағы ақиқаттың
Жанған.
Айқын жолы адамзаттың
Шаңқан.
Алтын сәуле күннің нұры
Ол таң.
Қара албасты түннің соры -
Шолпан, –

деген сертін 1923 жылы берді. Жүрегінің адал сырын ақтарды. 1925 жылы Советстан сегіз жасқа толғанда:

“Советстан аждаһадай айбары,
Әділдік пен жауыздықтың майданы.
Жауыздықты
Ауыздықтап,
Езіп мықтап,
Борсылдатып ит келмеске айдады!..”

– деп ашып та, ашынып та айтты. Жарқырап жаз шықты,
1926 жылы тыныс күйлерін шертті:

“Сұлу сымда перне әуені,
Перне әуені жыр айтар,
Көңіл ашар тербеу әні,
Тербеу әні сыр айтар”, –

деді.

Жаңа өмірде жалқы туғандай, төңірегі ыдыраңқы жадау кезде, іргелі ағалары ерте өліп, олардың басқан ізі, игілі істері күңгірт, көмескі мезгілде, сендерге көгеннің жетім бұршағындай көрінуі де мүмкін. Енді айталық, ол жалғыз емес еді. Жалғыздың аты, жаяудың шаңы шыға ма?

Ал, 1932 жылдары республикамызда асыра сілтеу бел алып, халық шаруашылығы күйзелгенде ышқына сөйлемеуге коммунистік ары шыдатпады ғой. Батырлығының да, батылдығының да, адал, әділ, қайсарлығының да бір белгісін осы арада көрсетіп еді-ау, Сәкен!..

“Бізден қалар белгі толық,
Кейінгілер көрерлік,
Апасы мен ағасының
Ісіне құн берерлік...”

– дегенде, еңбекті бағалай білетін өскелең ұрпаққа
– сендерге қатты сеніп еді. Асау тұлпарға мініп асығып аттанды. Бірақ ұшқыр атша бір суырылып шығып, артынан

карқындап қалған сияқты емес. Көрсө қызарлық жасап, оңғақ мінез көрсеткен жоқ. Енді міне, коммунизмді құруға белсене бет алған тарихи XXII съездің тегеурінді ұраны Сәкен құлағының құрышын қандырғандай. Көкей кесті арманы орындалды ғой.

Суретін көрген сайын Сәкен аға менің ой-сезімімді осылай тербетеді.

Айтқанының бәрі рас, оған тарих куә. Сәкен жастарға өте сенген, өзі жас күнінде көрініп, көсіле тартқан жүйрік.

“Ағасы бардың жағасы бар” деген еліміздің ежелгі мәтелі. Бірақ ағаның да ағасы болады. Әр қайсысы өзінше әдемі, біздің қуанышымыз сол, міне, сондай ағаларымыз кәзірде де бар, бәрін де көрдік, көріп те отырмыз.

Бізге ол әлі жазылмаған романның ашылмаған беті тәрізді тұңғық терең сыры бар жан. Сол Сәкендей ағаның сегіз қырлы қылығы, терең сырлы мінезі, арамызды уақыт бөліп тұрса да, бізге әлі ыстық,

Табанды революционер, коммунистік идеяға иманындай ұйыған әділ де алғыр аға еді. Бірақ ол жалғыз біздің ғана ағамыз емес, оған бәріміз де ортақпыз. Мынау алдымызда отырған – сақал, шашын қырау басқан, осы күнгі бетке ұстар ағаларымыздың да ағасы сол Сәкен. Келешектің иесі – кәзір қаулап өсіп келе жатқан, коммунизм дәуірінің іргесін қалап жүрген жеткіншек жастар, сендердің де сүйсінетін ағаларың сол Сәкен.

Біз Сәкен ағаны әлі ұмытқамыз жоқ, өйткені ол ұмытылар аға емес еді ғой. Біз түгіл оны еңбегі сіңген отаны, сол еңбегінің игілігін көрген үрім-бұтақ ұмытар аға емес,

“Ескерткіш орнаттым мен қолдан келмес,
Ел ізі оған салған суи білмес...”

– деп Пушкин айтпақшы, Сәкеннің ескерусіз қалмағанын енді сіздер де көріп отырсыздар, – деп сөзін бітірді Есен.

Іші бір босап қалғандай әлгі суретті қайыра қалтасына салды да:

– Шырағым Ербулон, бүгін шаршаған шығарсың, кәрі адам көп сөйлейді, өйткені оның көрген-білгені мол ғой, енді осы тойғаныңмен үйіне қайт, Ботакөзге сәлем айт!

– деді ол.

– Құлағым сізде, мен жалыққам жоқ, айта беріңіз, аға! Рас, ол біздің Сәкен екен. Жалғыз Гамлет емес, Павка Корчагин де, тағы басқалар да бір өзінен табылатын сегіз қырлы, бір сырлы адам ғой ол, – дегенде Ербулонның сөзін бөліп Есен қайта көтерілді.

– Қарағым-ай, тауып айттың-ау, Сәкен сенікі.

“Көкіректе қайнаған кек оңдыра ма?

Көңілді бір орынға қондыра ма?

Түнерген қара қабак жадырасын

Ән салып, күй күйлейін домбыраға” -

деп еді ол 1919 жылы.

Совет отанының ардақты ақыны Сәкен, батыр Сәкен, революционер Сәкен, ақын Сәкен, нашардың қамын жеп ауылынан ерте аттанған Сәкен, Ленин жолын – әділдік жолын, коммунизм жолын қуған асыл Сәкен аға еді.

Қияның “Қызыл сұңқары”, қырдың “Асау тұлпары”, бақытты Совет елінің жел маядай жүйткіген екпінді “Экспресі”, қазақ Совет әдебиетінің ірге тасын қалаған, жаңа дәуірдің жарқырап жанған қызыл жұлдызы, заманының қырағы жыршысы, Адам да, аға да сол еді.

– Долы бүркіттей қиырға қадала қарайтын тынысы терең кең кеуде, долы дауылдай бетіне жанды қаратпаған, сара жолынан қайтпаған, Октябрьдің адал ұлы Сәкен аға еді.

Қуанғаннан жүрек жарылмайды екен. Сәкен ағаның туып өскен Сарыарқасына, бүгінгі түлей құлпырған

Жаңаарқасында, Ор, Аба, Есен, Нұра атанған жеріне, бәріне бір сәлем.

Сәкеннің ағаларына, інілеріне, апаларына, қарындастарына, барлық Қазақстан азаматтарына, Қарағанды жұмысшыларына жаппай сәлем.

“Талантты қазақ халқының мақтанышы, Қазақ совет әдебиетінің ірге тасын қалаған ұлы жазушы, майталман ақын, нағыз адал жанды Сәкен Сейфуллинмен жақын дос болғанымды өзіме зор мәртебе көрем.

Жазушының ең жақсы сыншысы – уақыт. Сол уақыт сынынан Сәкен сүрінбей өтті.

Сәкен Сейфуллиннің аяулы бейнесі ақтық демім біткенше менің жүрегімнен өшпейді” – деп тебірене сөйлеген осы күнгі жазушымыз Галина Серебрякованың сөзі үрім-бұтақтың бәріне де ортақ. Одан артық айтуға тіл жетпес, шырағым, – деп орнынан тұрды. “Тағы талай көрісерміз, қалқам...” деп Ербулонмен қош айтысты Есен.

ҮШІНШІ ӘҢГІМЕ

– Тыңдаушым азайып тотығып қалыппын, шырағым, – деп бастады сөзін Есен. – Мен қартайған адаммын ғой, өзіңнің керегінді сұрап қақпалап отырмасаң, сыңар езу атша қиыстай шауып кетуім де кәдік. Ұялма, Ербулоным, құлазып отырғанда келгенің жақсы болды, бірақ, жаза бассаң да торуылсыз шыныңды айт, – дегенде танауы желбеңдеп, жас ұлан тұрып:

– Есен аға, кеше мамам Сәкеннің “Сыр сандығын” татардың “Тәфтиляу” әніне салды, соңынан Тоқайды сөз етті. Біраздан кейін Мұхтарға көшіп, әнші әйел Әйгерімді де есіне алды. Сізді де бірталай нәрсеге куә ете сөйлеп, көп әңгімені сол кісіден сұра дегендей ернінің емеурінін білдірді. Сондықтан бүгін өзіңізге әдейі келіп отырмын, – деді Ербулон.

– Дұрыс, балам, сен шешеннің де қартайғанын сездірдің маған. Бота да бір сөзден бір сөзге көшіп өзінді әбден шатастырған екен ғой, азар болса мені де сол Ботаның сыңары дерсің, сонда да білгенімді бергенім мақұл болар саған, – деп Есен ұзын сонар әңгімені соза жөнелді. – Ұмытпа, жаным, Бота сенің қолыңа шылбырдың ұшын ұстатыпты, ұшығына жетуді өзіне тапсырыпты. Абайдың жары Әйгерімді айтса, ардақты ананың беделін көтер депті. Тоқайды, Сәкенді, Мұхтарды сөз етсе сондай абзал анадан туған адал ұлдардың үлгісін алуыңды ескертіпті. Міне, Бота қателеспепті. Шіркін, ана ғой ол!.. “Күнсіз гүл өспейді. Сүйсіз бақыт жоқ. Әйелсіз сүйеу жоқ. Анасыз ақын да болмайды, батыр да болмайды...” – дейді Горький.

Адамзаттың бәрі анадан туған. Ұлттық шеңберге сыймайтын дүниежүзілік ардақты ананың орны өзгеше. Баяғы өткен бағы заманда да: “Алып анадан туады”, “Анасын көр де қызын ал!” десті.

Әділдіктің жаршысы, асқақ ойлы ақындар шықты, туған анасының ақ сүтін ақтап, намысын жырты. Сөйтіп, батыр Қарлыға, дана қыз Құртқа, адал жар, уәдені бұзбай өзін құрбандыққа шалатын Гүлбаршын, Баяндарды тудырды. Замананың өнегелі адамдарын жырлады. Олар ақындардың арманындай әйелдер еді.

Бері келе мезгіл ауысты. Ақшаға табынған дәуір баса-көктей кірді, бар ізгілік айырбасқа – базарға түсті. “Қыздың құны кырық байтал” болды. Әруақты ананы күндікте ұстаған мал иесі аз ғана топ осылай көңірсіп жатқанда, әділдік жолын қуған өзекті ұлдар шықты да, қайсар ананың көркем бейнелерін жасады. Ғайни, Қамал, Ғайша, Қамар, Сұлу шаш, Раушан коммунист, Айша, Ботакөз, Зере, Ұлжан, Әйгерімдер туды. Осыларды бір заманның жыршылары бейнелесе де, өздері әр заманның елшілеріндей елестейді маған. Бәріне ортақ жалғыз-ақ мінез бар: бұл әйелдердің, басым көпшілігі тиген күйеуінің тілеуін тілейтін, қара басының дербес мақсатын жоқтай

алмайтын қарусыз жандар, озбыр дәуірдің шеңберінен шыға алмайтын әлсіз әйелдер бейнесінде көрінуші еді.

Сөзім дәлелсіз болмасын, Ербулоным, мысалы ақын Абай, қазақ әдебиетінің ардагер атасы әйел бейнесін былай суреттеді.

“Қақтаған ақ күмістей кең, маңдайлы
Аласы аз, қара көзі нұр жайнайды.
Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын
Ақша жүз, алқызыл бет тіл байлайды.

Жұп-жұмыр ақ торғындай мойыны бар,
Үлбіреген тамағын күн шалмайды.
Етіндей жас баланың білегі бар
Ажымсыз ақ саусағы іске ыңғайлы”, -

деді. Осы мрамордан жасалған мүсін емес пе? Сұлу-ақ әйел ғой. Шебер Абай өз заманында көргенін айтқан. Бірақ қимыл-әрекет жоқ, тек құштарлықтың алтын бесігі – әдемілік қана бар.

Әлгі айтылған әйелдердің ішінен біздің дәуірге сай келетін үшеуін ғана бөліп алсақ дер едім. Олар: Айша, Раушан, Ботакөз ғой...

– Осы айтқандарыңызды мен ұйып тыңдадым, Есен аға, – деп Ербулон қарттың сөзін бұзып жіберді. – Сәкенді сіз жеткізіп айттыңыз, Мұхтарды да мейлінше суреттеп өттіңіз, бәрін де құмарта тыңдадым, енді Ғабдулла Тоқай туралы әңгіме шертінгізші. Әлгі көні қурап қалған аналар жөнінде толғауыңызды түсіне алмадым. Қандай байланысы барын айқындай кетінгізші.

– Әй, балам-ай, солардың бәрі асыл анадан туды ғой. Үзілмес әуен, өшпес күй ғой олар! Осы жақында Еділ, Кама бойынан, Орал тауынан, сонау Қазан қаласынан татар әдебиеті мен өнері, театры келе жатыр дегенді естіп қатты қуандық.

“Театр күлдіреді, ойнатады,
Өмірді өткендегі ойлатады...”

– деген Ғабдулла Тоқайдың сөзі есімізге түсті. Бір кезде құмарта тыңдап, құлақтың құрышын қандырған “Ғалия Бану”, “Қазан сүлгісі”, “Тәфтиляу”, “Қара орман” әндерін елегзи күттік. “Тойдың болғанынан болады дегені қызық”. Жас күнімізден оқып, әсерінен өмір бойы арыла алмай қойған жез таңдай, бұлбұл ақын Ғабдулла Тоқайдың сөздерін татар туыстарымыздың өз ауызынан естуге ынтыға бердік.

Рас, шырағым, бұл күндер Алматы толған тамаша мейрам сияқты болды.

Ояну дәуірінде мәдени-шаруашылық жағдайы мешеу ел – мәдениеті күшті көрші елден көп сыбаға алады. Алға ұмтылу кезеңінде осы бағытты басынан кешірмейтін халық болмаса керек.

Өткен XIX ғасырдың орта шенінде қазақ даласына үш ұдай леп келді. Ең әуелі Батыстан соққан самалдың аңқыған жұпар иісін Шоқан Уәлиханов еркін сезінді. Ол Достоевскиймен достасып, Потанинмен бірге оқып, біте қайнасқанда Тоқай туған жоқ еді. Ыбырай Алтынсарин екі кітабын жазып шығарғаннан кейін жеті жыл өткенде Тоқай туды.

“Пушкин менен Лермонтовтан өрнек алам,
Бірте-бірте жоғарыға өрлеп барам”, –

деп, Тоқай тегін айтпаған ғой “ақыл ауыс, ырыс – жұғыс”.

Осы қарсаңда екінші тарау жел құбыладан соқты, Анығын айтқанда, Бұқар мен Тәшкен арқылы көне шығыстың – араб, персінің мәдениеті ауысты. Бұл леп классикалық марғау бағытпен манаурай басып, ислам дінін арқалай кірді. Бастарында сәлдесі, ауыздарында “алласы, ағузысы” бар кожа, молдалар келді, дін үйретті. “Кімнің

жерін жерлесе, соның суын сулады”, бұл әсер өзбек елімен іргелес отырған өлкедегі қазақ-қырғыз халқында көбірек орын тепті.

Үшінші тарау леп солтүстіктен – Қазан мен Уфадан шығып, сахараға қарай есті. Сауда-саттық жүрді, кездемеден киім кидік. Мешіт пен медреседен молдалар ағытылды. Сонау алыста адыра қалған жетінші ғасырдың сілімтір сергелдеңін алдымызға әкеп тартты. Жаңа дүниеге жан-тәнімен жау Мұса Бегеев бастаған діндарлар осы әрекетті жасап жатқанда, революцияшыл-демократтық идеяның жаршысындай Ғабдулла Тоқайдың өлеңдері де жедел жетті.

Бертін келе Сұлтанмахмұттың Тоқайдан әсер алып жазған өлеңдерін де оқыдық. Сәкен Сейфуллиннің 1916 жылы Кәрім Муксинов дейтін татардың үйінде отырып, гармон күйін тыңдағанын, “татар күйі күйікті” деген сондағы сөзін де білетінбіз. 1925 жылы Бурабайда жатып “Сыр сандықты”, “Тәфтиләу” ырғағына салып жазғанын құлағымызбен естідік. “Тәфтиләудің” бұрынғы сөзі Тоқайдікі ғой.

Біздің жазушы-ақындарымызға туысқан татар әдебиеті бірталай әсер етті. Бұл жағынан келсек, Торайғыров, Майлин, Сыздықовтарды атамай кету қиын.

Революцияның алғашқы кезінде Ғалымжан Ибрагимов “қазақ қызын” суреттеді. Ал, Тоқай қазақ даласына келіп демалып жатып, Троицкіде болды. Сахараның жұпар ауасын жұтып қайтып бара жатқанда:

“Жектіріп пар ат, Қазанға түп-тура кеттім қарап:
Шаптыра аттарды кучер, соққалап та тартқалап”.

– деген өлең жолдарын қалдырып еді.

Шіркін-ай, сол желдей ескен дарынды ақын Тоқайдың “Государственная думаны” сонау бір кезде сөгіп, быт-шытын шығарған өлеңін де оқып едік. Уыты жайылып

тамыр-тамырды кеулеп кеткен мұсылман дініне жапа-жалғыз шабуыл жасауы, бүкіл байлық-бақыттың кілті болған алтынға қарсы лағнат оқуы қандай күшті, қандай жігерден туған десеңші! Сол кезде отызға да жеткен жоқ кой! Міне, шырағым, мен оны тек қана жақсы көрмеймін, ғашықпын...

Бір сөзден бір сөзге кетті деп сөкпе, жаным, қиығы келіп тұрған соң айтуым дұрыс болар. Осыдан бірнеше ай бұрын Алматыда өзбек әдебиетінің он күндігі болып өтті. Онда да өзімізбен бірге туысқан көрші елдің өнерімен жақын танысып, серпілісіп, мәре-сәре болып қалып едік. Мұндай достық пікір алысу, бет көрісу соңғы жылдарда тамаша дәстүрге айналғандай... Жаңғырып құлпырған игілі жемістерімізді, сонымен қатар кейбір кемістерімізді де айқын көріп, екінші бір соны сатыға көтерілгендей боламыз.

Ербулонжан, сен білмейсің, жассың ғой, революцияның алғашқы кезінде Ғалымжан Ибрагимов “Біздің күндер” деген роман жазды, артын ала Сәкен Сейфуллиннің “Тар жол, тайғақ кешуі” жарық көрді. Бұл екеуінен соңырақ келіп өзбектің ірі жазушысы Абдулла Қадири (Жұлқынбай) “Өткен күндерін” жариялады. Бұлар туысқан үш республиканың – татар, қазақ, өзбек совет елдерінің дәуір тудырған шығармалары. Бұлар үндес шығармалар, өмір бойы өлмейтін мұралар. Осындай ұлы еңбектің иелеріне ажалдың да әлі келмейді.

Шырағым, менің ойымша ақымақ ажал аяғын ылғи шалыс басады. Ол құлағы жоқ керең, тілсіз мылқау, алатын адамын танымайды! Құрығын теріс ұстайтын шалдуар, қасиетсіз сұғанақ ол! Еңбектің иесі – ері өлсе ел күйзеледі, еңсесі түседі, қабырғасы қайысады, сонда әлгі ажал қаншықтың құмары қанатын болса керек. Бірақ күйзелген ел ашынып сол ажалмен күресетін алғыр азаматтарын қайта тудыратынын білмейді-ау!

Ажал кеше Л. Н. Толстойды алды, сонда не бітірді? Ол әлі өлген жоқ, өлмейді де – Михаил Шолохов, тірі ғой. Ғабдулла Тоқай өлсе Фатих тірі қалды.

Сәкен, Мұхтар өлсе, Сәбит, Ғабиттер тірі. Абдулла Қадири (Жұлқынбай) өлсе Абдулла Қаһхар тірі.

Елі өлмесе оның ері де өлмейді, қалқам, советтік қазақ елі бар, артынан ерген иін тірескен ерлері – інісі, қарындастары бар ақын Сәкен мен сөз зергері Мұхтар неге өлсін! “Құмырысқаның да сауыры болады” дегендей, әр ұлттың ажалға қимайтын ұлы болады. Соның бірі тап кешегі Қаныш аға еді. Ол – жапанда жалғыз жортқан жампоз атандай, алып анадан жалқы туғандай Қаныш аға болатын. Сондай ағаны мезгілсіз алған ажал соқыр емей кім? Бұлар бізге тек қана жасы үлкен ағалар емес, өзімізді өзімізге танытып кеткен дана жандар. Советтік қазақ елін дүние жүзіне әйгілеп өткен ұлы адамдар.

Қарағым Ербулоным, мен қызыңқырап кетсем, сөге көрме. Олар маған әлі ыстық, бірақ тірі күндерінде еш қайсысына жарамсақсып жалынған жан емес едім, енді өлгенде де табынғалы отырғам жоқ: тек шындықты шерттім, жақсы ағаны тірі күнінде сыйлаудың керек екенін енді білдім. Ажал соқыр – соны анық ұқтым.

Біз бақыттымыз, шырағым, сыйлай білсек солар сияқты ағаларымыз әлі де бар: Сәбит, Ғабит, Ғабиден тағысынтағылар толып жатыр. Мына мен сияқты “түстен кейін маңырамай” кезінде сыйлай біл!

Я, біз бақыттымыз, қазақ совет республикасын айдай әлемге танытқан, сол ағалардан қалған мол байлықтың мұрагеріміз ғой, – деп Есен сөзін аяқтады.

– Рас, бар болса, ажал соқыр екен, – деді Ербулон.

ТӨРТІНШІ ӘҢГІМЕ

“Минут сайын өмірден бір тыныс кеміп отырады, Айналып қарасаң азайып та қалғанын көресің”.

Сағди. “Гүлістан”.

– Естігеннің қоспасы көп, мен көргенімді айтайын, – деп бастады Есен.

– 1952 жыл еді. Аспаны сұрқай, ұшпа бұлты қоймалжың, Батыс Сібірдің қоңыр күзі. Ит арқасы қиянда, сонау Омбы өзенінің жиегінде, Чумаково атты шағын село бар. Бараба даласының солтүстігінде, Тайга тоғайының қойнауында тұрады. Михайлов ауданының орталығы осы Чумаково.

Аудандық тұтынушылар одағының бас бухгалтері Иван Лазаревич Зоновтың қарамағында 1949 жылдан бастап қызмет істеуші едім. Үнемі бірге жүрген соң “әкей-үкей” болып достасып кеттік. Осы Иван Лазаревич бір күні “Абай” романын орысша оқып шыққанын баяндай отырып: “Әуезов өзі қазақ па?” – деп тұтқиыл сұрау қойғаны бар емес пе?

– Я, мынау бір соны сұрау екен, сонда сен қалай жауап бердің? – деп сөзге килікті Бота.

– Оны бізге көпсініп отырсыз ба? Мұхтардан жүз жыл бұрын Шоқан Уәлиханов шықты, алты жүз беттей орысша кітап жазып, отыз жасқа толмай қыршын күнінде ана дүниеге мезгілсіз сапар шекті. Орыс елінің ілгергі буыны, адамзаттың тамыршысы Достоевскийдің, Чернышевскийдің досы сол Шоқан еді. Мұхтар Әуезов нағыз қазақ. Өзі айтпақшы “Басының қасқасы болмаса, көңілінің басқасы жоқ”. Мен оны 1923 жылдан бастап білем, – деп мақтана жауап қайырдым.

Күтпеген жерден көлденең тартылған ой буып тастағандай Иван Лазаревич аңыра қалды. Аздан соң: Өзіңіз айтқан соң оқыдым, әйтпесе бөгде тілден аударылған кітаптың бетін де ашпаушы едім, – деп сөзін енді баяу бастады ол. – Ана бір жылы Карамзинді оқып түсіне алмай түңілгенім бар. Адамдарының әрекет-қимылдары орысқа ұқсамайтын тәрізді, оның үстіне Эраст пен “сорлы” Лизаның арасындағы күйреуік махаббат біздің дәуірде болған да жоқ қой. Заты, енді оқитын шығармын, – деп маған бір жақсылық, істейтіндей сілет қыла сөйледі Иван Лазаревич. Сәл бөгелді де енді оқыған кітабы туралы айтуға ойын қайта білтеледі: – Мына Абайдың әкесі Құнанбай

сахараны жеке меңгерген жалғыз көзді жалмауыз екен ғой, ал баласы Абай адамшылығы зор ақын да, әділ жан екен. Мен түсінсем, Әуезов осылай бейнелепті. Енді сіз анығын айтыңызшы, осы романдағы уақиғаның бәрі де рас па? – деп күдіктенгендей түйіле қарады ол.

– Иван Лазаревич-ау, бұл роман біздің ардақты ақынымыз Абай туралы жазылған. Ол кісі өлгенде Мұхтар сегіз жаста, әкесі Омархан Абайдың үзеңгілес досы. Ал, Абайдың аты аталғанда делебесі қозбайтын қазақ елінен тірі жанды таба алмайсыз, оның сөзіне ешкім шүбәленбейді. Өз әкесі Омарханның жақын досы Абайды Мұхтар көзімен көрген ғой, ендеше өтірік айтуға бара алмаса керек, – дей бергенімде сөзімді бөліп:

– Дұрыс айтасыз, бірақ қазақ елінің атақты бұлбұлы, ұлы ақыны Жамбыл емес пе? Біз осылай түсінеміз. Тағы бір сұрағым бар: – Ақын Абай Октябрь революциясына дейін Пушкин мен Лермонтовты аударарды, сонда тоқсан проценті хат танымайтын көшпелі елде осындай адамның болуы мүмкін бе? – деп енді қуа сөйлеуді доғарды да, алдымды орап буа сөйледі. Түксиген қабағын жазыңқырап жылы ұшырағандай кескінін көрсетті, тегі, менің ұлттық намысыма - қытығыма тигісі келмеді білем.

Азырақ үнсіз отырды да;

– Сізбен дауласудың қажеті жоқ сияқты, өйткені сол замандағы ет жеу әдеті өзіңізден әлі қалмапты. Алдыңызда дайын тұрған қасық пен шанышқыны тастай беріп, қолыңызбен қимылдайтын дағдыңыз бар, – деп жеңіл келемеждеп, бір түйреп өтті де: – Сол Құнанбай, Абайларға сонша көп қатын неге керек болды екен? Бұл салт па? Жоқ, мақтаныш па? Осы әйелдер төбелеспей, ұрыспай қалай сыйысқан? Ділде мен Әйгерімі бар, ана бір Тоғжаны мен Салтанаты да қосарланып қалмайды. Алмағанымен солар да Абайдың әйелдері-ау, сірә, – деп жымыды Иван Лазаревич. Күлбілтелеп айтылса да, қыңырау әзілдің көлеңкесі көрініп тұрды.

– Әл келсе көп әйел алу кемшілік емес қой. Қолыңыз жетпеген соң күндеп отырған боларсыз, – деп кезекті жерінде мен де қалжыңға кірістім, – Абайға екі әйелді көпсінесіз, ал орыс елінің князі Владимир “Солнышко” тоғыз жүз әйел алған екен, мына Үндістанның патшасы Шадирам он алты мың қатын алған сияқты, бұған қалай қарайсыз? – деп атты мүлде алысқа айдадым.

– Рас болса, сұмдық екен, бірақ кезек үшін емес, “есеп” үшін шығар, – деп шүбәленді де бастапқы ойына қайта оралды:

– Сіз мені шытырман шырғалаңы мол қиырға сүйретпеңіз, оларыңыздан менің хабарым да жоқ, мына өз еліңіздегі бәйбіше, тоқалдың татулығында қандай себеп бар, соны ашып айтыңызшы, – дегенде, мен тұрып:

– Ділдә мен Әйгерімде тәтті татулық болған емес, болуы мүмкін де емес, “күндестің – күлі күндес” дейді қазақ елі. Ендеше олар сырттай тату, ал іштерінде талай әбжылан арбасып жатыр. Бірақ бәйбіше, тоқал күндес таласқанда айқай-шу шығара алмайды, өйткені мұсылман діні тыйым салған. Екінші бір тежеу тағы бар – ол феодализм дәуірі, онда еркек қожа, әйелдің басында билік жоқ, ол қалың малға сатып алған күң есебінде. Осының бәрін Мұхтар Әуезов, баттита баяндамайды, сұлулап суреттейді де оқушысын еліктіре сүйреп отырады, ернінің емеурінімен ұқтырады, – деп енді бұралқы сөзді қойып турасына көштім.

Иван Лазаревич үндемей қалды. Әлдене уақыттан кейін әлгі үзілген әңгімені мен қайта жалғастырдым:

– Біраз қалжыңдастық қой, енді шын жауап беретін екі сұрауыңызға келейін. Жамбыл туралы айтқаныңыз дұрыс, бірақ оны Абаймен салыстыруыңыз қате, өйткені Абай жазба әдебиеттің сом тұлғасы, ал Жамбыл ауыз әдебиетінің бұланайы (Гималай тауы) ғой, екеуі де дәулер, адам аспас асқаралы шың. Абай орыс әдебиетіндегі Пушкинге жақын,

ал Жамбыл болса сонау “Игорь жасағы жайлы жыр” (“Слово о полку Игореве”) жазылған замандағы авторлар сияқты. Екінші сұрауыңыз тоқсан проценті хат танымайтын елде Абайдай ақын болуы мүмкін бе? дейсіз. Бұл ойыңыз да жаңсақ, өйткені Пушкин, Лермонтовтар тұрғанда Собакевич пен Ноздревтер де өмір сүріп жүрді ғой, сіз осыны ескермей отырсыз. Вольтер туғанда француз елі де түгел хат танып, шекесі шылқып, мәдениеті шеңберінен асып кетті деп ойламаңыз! Тарих олай болған емес, “жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шықпай ма?” Әлгі айтқаныңызға орай менің сізге қарсы сұрақ қойғым келіп отыр, ол мынау: өзіңіз әдебиетті танитын адамсыз, ендеше дүниежүзілік күллі туындылардан “Абай” романы артық па? Немесе қазақ елін білмегендіктен “кеңшілік” (скидка) жасап отырсыз ба? Осы “Абай” романын оқып таңырқауыңыздың себебі неде? Есіңізге сала кетейін, алғашқы орыс туындыларына Европа адамдары да таңырқаған-ды, олардың ойы үстірт еді. Сол заманда-ақ атақты Некрасовтай ақынымыз: “Белинский мен Гогольдерді орыс мұжығының базардан сатып алып келе жатқанын көретін күн болса” деп арман еткен ғой. Олай болса, мәдениеттен кенде қалған қазақ елінің мұң-мүддесін лениндік совет дәуірі ақтаған болар да халық таланттарының бітелген көзін ашқан шығар, – деп ең әуелі шұқшия сұрақ қойып, артынан жадырата айтып, сипай қамшыладым.

Сонда Иван Лазаревич: – Мен Толстойдың “Соғыс және бейбітшілік” романын, Достоевскийдің “Қылмыс пен жаза” (“Преступление и наказание”) атты шығармасын, тағы толып жатқан дүниелерді оқыдым. Соның бәрінен “Абай” артық еді демеймін, алайда кем емес екенін байқағандаймын, – деді. Қысылмай, байсал баяндады, сондықтан ойында бүкпенің жоқтығын түсіндім.

– Я, “шеру оты қаралас, тұяқты тұяқ жібермейді” – деген қазақ елінің мәтелі бар. Сондай-ақ талантты талант түсінеді, солармен қарайлас отырса, қара үзіп қалмаса,

мезгілдің тілегі орындалса болғаны, бұл бәрімізге де мерей ғой, – деп сәл кідірдім де: – Ал мына “Абай” романы сізге қазақ елін танытыпты, өзіңізді бөтен елдің әдебиетін оқуға баулыпты, сөйтіп, Мұхтар Әуезов екі игілікке жеткізген екен, мен осыған қуаныштымын, – деп кілт тоқтадым. Әрі қарай ежіктеуге Иван Лазаревич ұмтылмады, күн де кешкіріп қалған екен. Тек қызметтен шығар алдында маған шұғыл бұрылып:

– Айтқаныңызды түгел түсіндім, дауласуым – ұғыну үшін еді, ал енді Құнанбайдай қатал әкеден Абайдай биязы жорға ақын туған-ау, біз білеміз бе, рас та шығар! Мына Мұхтар да өте шебер жазушы ғой, бұрын естіп едім, тегі қазақ елі үлкен ел екен! – деп сөзін келте түйді.

Иван Лазаревичтің соңғы айтқан байламы мені қатты қытықтады, тіпті өзімді мақтағандай қысылып, азырақ арқам шымырлағандай сезіндім. Бөгде ағайынның аузынан тұтқиыл шыққан, қалтқысыз айтылған адал ойы жоғары көтерді, жүрегімді қобалжытты. Алайда ол сөздің ішінде азырақ күдіктену де тұрғандай естілді. Мұхтар түгіл Абайдың қазақ екеніне кәміл сенбейтін сияқты және оның Құнанбайдан тууына да дауласатындай нысайын сездім. Бұл арада үндемей қалу маған қиынға соқты. Сонда – жалғыз олар емес, мәдениетіміздің арнасы кең дегендей желіні алыстан тарттық. Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсариндарды айтып Абайдың алдын орадым. Кейіннен шыққан сом адамымыз, әлемге мәлім академигіміз Қаныш Сәтбаевты жеріне жеткізе суреттеп өттім. Сөйтіп шеңберді сомдап соқтым. Алды-артын түгел қамтығым келді де сүбелі жазушыларымыз: Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафиндерді көсіле мақтай жөнелдім. Ардақты артистеріміз Күләш Байсейітова, Қалибек Қуанышбаевтарды көзінен тіздім. Кешегі елеулі революционерлеріміз Аманкелді Иманов, Әліби Жангелдиндерді де басыңқырап баяндадым. Қыза-

қыза барып жаңа шыққан жас әншіміз Роза Бағланованы да қосып қойдым (От басындағы, ошақ қасындағы кемістіктерді алыста жүрген адам көрмейді ғой). “Біздерде мынадай бар, мынадай бар” дейтін Сұлтанмахмұт Торайғыровтың сөзін дәл осы арада ұмыта алмадым. Кішкене үзілістен кейін: – Иван Лазаревич-ау, мен сізге әлі айтпаппын, – деп бастадым, – Абайды Мұхтар Әуезов үш салада көрсетті ғой. Соның бірі – қазақ елінің асыл қазынасына ие болған жан, екіншісі – күншығыс әдебиетін сарқа білген адам, үшіншісі – орыс мәдениетінен нәр алған Абай ғой, Пушкин, Лермонтовтарды аударуы былай тұрсын, солардың үлгісімен өзі өлең жазып, еліне сыбаға үлестіргендей. Тағы бір мықты жері – бұл Мұхтар жасаған образдардың шындығы, оның ішіндегі әйел образдары қандай көз алдында тұрады.

Орыс елінің революцияшыл демократтары мен жандарал, майорларын жарыса аққан қос арнадай етіп, әр қайсысын өз орнында жіліктеп, суреттей білген! Сіз Құнанбай образын дұрыс айттыңыз, ал Дәркембай, Базаралы бейнелері де ешкімнен осал соқпайды ғой. Өзіңіз де білесіз, біздің кейбір азаматтарымыз ұзақ-ұзақ романдар жазады. Солардың кейіпкерлері де өз тілінде сайрап-ақ тұрады, бірақ дауыстары естіледі де нағыз бейнелері көбінесе көрінбейді. Әлгі кейіпкерлер қорқу-үркүді де білмейтін бір батылдар. Қиындықтан қиындыққа өршеленіп шапшып жатады, алайда ойдан туған құр сұлделер сияқты, тірі жанға ұқсамайды. Біздің дәуірде туған кесек образдар толып жатыр, өзіміз күнде соларды көріп отырмыз. Ендеше, сол бүгінгі ұлы бейнелерді бере білу керек емес пе? Жанды тебіренгіп, бүгінгі ұлы қайраткерлерді суреттеудің орнына құйқылжыған қуаң, сумандаған сұйық сөздерге тұншықтырып, көміп тастайды-ау, түге! Ешнәрсе елестемейді. Бір кезде, сонау классицизм дәуірінде Сумароковтай трагедияшыл ақын:

“Шыбын жаным, тамұққа еніп,
Мәңгі сонда болса тұтқын.
Айдай әлем күйреп-сөніп,
Бірге өзіммен кетсе-ау, шіркін!”

– деп үздігіп, күйзелгендей айтқан ғой, бірақ соңынан В. Г. Белинский шығып: “Бір қасық судың бетіне дауыл тұрғызып, жұртты тұншықтырғысы келген екен”, – депті.

Міне, Мұхтар Әуезов бұл жағынан келсеңіз бетіне бедер түскен көне бейнелің өзін құлпырта суреттеп көз алдына қаз-қалпында алып кеп тартқандай емес пе? Кешегіні бүгінгімен астастырғанда, тап осы күнгі өмірді жырлап отырғандай сезінесің. Мұхтардың шынайы абыздығы осында, - дедім.

– Я, дұрыс айттыңыз, біраз кітаптарды мен де оқыдым, алайда, біз сыншы емеспіз ғой, – деп Иван Лазаревич езу тартты да, орнынан тұрды.

– Өзі өлсе де, сөзі өлмейтін, орны үңірейіп тұратын ағаларымыз болыпты, солардың бірі Мұхтар Омарханұлы Әуезов екен. Бетін топырақ басқалы бүгін үш жыл толса да оның жоқтығы әлі білініп тұр. Көзі барында елемеппіз. Күнделік тіршіліктің әуеніне еріп, оның көлеңкесі зор ұлы тұлғасын байқамаппыз. Өледі деп ойламадық та ғой. Ердің елеулі екенін бөгде жұрттың ішінде жүрген жан жақсы білсе керек. Сондай-ақ Мұхтардың аруағы күшті асыл аға, қиядан керетін қыран аға екенін мен сонау бір шекеде, Батыс Сібірде жүргенде, Иван Лазаревичтің әлгі сөзін естігенде ғана анық түсіндім. Өз еліндегі ұлы ағаның айбар екенін байқадым. Міне Мұхтарды сонда ғана танығандаймын, – деп сөзін аяқтады Есен.

– Тілің балдай екен, Есен, мен де сені бүгін танығандай болдым. Көп жылдай бірімізден біріміз адасып көз жазып та қалдық, сөйтіп сырт буын болып кеттік қой. Ана бір күні Сәкен туралы сөйлескенде құлағымның құрышы қанса да, үнемі күдіктенуге дағдыланған жүрек бір жерге

тоқырап дауаламап еді. Біреуді жақсы көрсе мақтайтын, біреуді жек көрсе даттайтын тұрлаусыз көптің біріндей сезіну айықпай қойды. Жасырмай айтайыншы, бүгін сол күдіктен ада-күде ажырап отырмын. Сенің жаның адал, жақсының бәріне жалғыз өзің сияқтысың!.. – деп, ойын аяқтамай күмілжіді Бота.

– Тап кеше Ұлы Октябрь таңы атты, бұрын зомбылықтың шеңгелінде тұншығып қансыраған қазақ еңбекшілері қара албастыдай басқан қалың ұйқыдан оянды, – деп екпіндете бастады Есен. – Қараңғылық серпіліп жарық дүниенің сәулесіне қарай құшағын жайып қуана аттанды, үлесін алатын ұлы майданға белсене шықты, оған бүгін тура қырық жеті жыл толды.

Талай аласапыранды бастан кешірдік. Баяғыда Сәкім деген кісі батырлығын айтып мақтанғысы келгенде “Біз не көрмедік, шырағым, өлген қасқырдың үстінен де шауып өттік қой”, – деп лепіруші еді. Сондай-ақ біз де азын-аулақ көрдік.

Кейде аспанды темірдей қара бұлт торлап, нөсерлі жаңбыр шүмектеп құяды, нажағай ойнап, әзірейілше төнгенде зәре-құтың қалмайды. Шыбын жан шүберекке түйіледі. Артынан айығып ашылады да, жадырап күн көрінеді, жердің беті тобарсиды да құлпыра түседі. Жан-жануардың бәрі жадырайды. Сөйтіп өткен ұмытылады. Сондай-ақ бір кезеңде ұшыққан жара да жазылып кетеді. Сонау бір мезгілде Сәкеннің “Қызыл аты”, Ғабиттің “Шұғыласы”, Бейімбеттің “Талтаңбайы” жарық көрді. Ірі қалам қайраткерлерден осындай зор мұралар қалды да сол кезеңді мүлде ұмыттырмай қойды. Шын суреткер жазушының тегеурінді қуаты да осында.

Енді өрмектің жүзі ауды, жер ортасына да, ел ортасына да келдік. Бастан кешкенді шерте өтіп, шола кету мезгілі де туған сияқты.

Ержетіп есейген сайын бұрын көрген-білген азаматтардың біразын аңсайды ғой. Бірақ жасы үлкеннің бәрі бірдей сый-құрметке бөлене бермейді. Ердің ерін,

188

егеудің сынығын көксейді. Игілі еңбектің иесіне ажалдың да әлі келмесе керек.

Баяғыда Пушкин өлгенде Лермонтов әлемді тебірентті. Бальзак өлгенде Гюго жұртты теңселтті, Гоголь өлгенде Тургенев дүниенің қабырғасын қайыстырды, ана жылы Мұхтар Әуезов өлгенде көңіл күйін Ғабит те жеріне жеткізе шертті. Халықтың сай-сүйегін сырқыратып, жаны елжіреп, осындай шын күйіне сөйлеулер күнде бола бермеуі кәдік.

Мен Мұхтар Әуезовтың терезесі тең сырлас досы болғам жоқ, елеусіз інілерінің бірімін. Үлкен ағаны пір тұтып, айтқан сөзін көлденең отырып тындаушымын, – деп ойын бір түйіп өтті Есен.

– Сен қымсынбай-ақ, айта бер. Сәкен мен Мұхтардың үзеңгілес достары едік десек те екеуімізге ешкім нанбас. Шынайы достарының сыбағасына қол сұқпалық. Жасымыз да, біліміміз де олармен қанжығаласа алмайды, – деп бір тежеп қойды Бота.

– 1923 жылдың бас кезінде Мұхтар Ташкенге келді, – деп сөзін әрі қарай созды Есен. – Ол заманда қазақ азаматтарының фамилиясын, әкесінің атын атау түйеден түскендей естіліп, түрпідей тиетін, түптеп барғанда әдепсіздікке саятын.

Сквердің алдынан күншығысқа қарай “Москва” көшесі тартады. Ол көшеде трамвай жүреді. Оңтүстігінде азырақ қиыстай барып, Салар өзеніне беттейтін “Қойлық” көшесі бар. Сквердің қақ қасындағы осы мүйісте Қазақстанның өкілдік үйі тұрады. “Түрік республика атқару комитетінің жанындағы Қазақстанның “хұқықты өкілдігі” (орысшасы: “Полпредство Казахстана при турцике”) болып атанады. “Хұқықты өкілдігі” – деп әдейі айтып отырмын, өйткені 1922 жылдың бас кезінде “Ақ жол” газетінде “Топпақ” деген бүркеншік атпен Сұлтанбек Қожанов Сәкен Сейфуллинге қарсы мақала жазды, сол мақалада “Қазақстанның хұқықты өкілі Сәкенге болысты” дейтін сөз бар. Ал Қазақстанның сол кездегі дербес өкілі Әшім Омаров, оның орынбасары

Иван Федорович Киселев болатын. Атын атамай әлгі “Токпақ” сол Омаровты соғып өткенді. Ол дәуірдегі аударма әдісі де осы тектес еді. Ол заманда Түрік Республикасына Тәжікстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғыз, Қарақалпақ елдері, өзіміздің Сырдария, Жетісу губерниялары кіретін.

Сол “өкілдік” үйіне Қазақстан азаматтары үнемі келіп-кетіп жүрді. Әшім Омаров Орта Азияның мемлекеттік университетінде, оның “фон” (факультет общественной науки) деген факультетінде, екінші курсында оқиды. Полпред болып қызмет істейді. Үлкен бір бөлмесі бар, терезесі скверге қарайды. Осы бөлмеде үш ағаш кереует (тапчан) тұрады, бір кесек кигізбен ортасынан бөлінген, сөйтіп тағы бір “олжа” бөлме шыққан, сонда мен жатушы едім. “Сұлтанбек Қожанов қатар тұрады, оның кішірек екі бөлмесі бар, ауыз үй ортақ. Ол кездегі қазақ коммунистерінің үйінде дүние-мүлік деген болмайды. Совет ақшасы (“совзнак”) миллиондап саналады, өзі үйіліп жатады. Мен қырғыз-қазақ институтының (киринпростың) төменгі даярлық (младший подготовительный) класында оқимын.

Сол бір қарсаңда Бағаналы Найманнан – осы күнгі Ұлытаудан Мұхтар Жылқайдаров деген кісі келіп Әшімнің үйінде жатты. (Ұмытпасам ол кісі Өзбекстанға ауысқан өз елінің бір жылқыларын іздеп келіп жүрді).

Демалыс күні жұма болатын. Үстінде қара көк мауыты пальтосы бар, соған сай қара көк кепке киген, қайырған қаршығадай дембелше қара жігіт кіріп келді. Әшім орнынан түрегеліп, құшақтасып көрісті, өзінің әйелі Зурәмен таныстырды да, Мұхтар Жылқайдаровқа бұрылып: – Бұл сізбен аттас Мұхтар Әуезов қой, – деді.

Мұхтар Әуезов шешініп отырды. Дыбысы құлаққа майда естіледі, сөйлемі де, сөзі де ауыр, шұбалаңқы шығады. Алғаш сөйлегенде тамағын кенеп, жөтеле түсіп, кібіртіктеп отырады да бірте-бірте көсіледі. Мінезі салмақты, ойы өте терең жатқандай. Кейбір орысша сөздері маған түсініксіз (орысша әліпбиді оқып, 1921

жылы май айында Салық Айнабековтен тұңғыш рет сабақ алып едім, сондықтан Мұхтар Әуезовтың кітаби тілі маған түсінікті болуы мүмкін де емес шығар, сірә). Қою қара бұйра шашы шашау шығып ербиіп көрінбейді. Бәрі өз орнында жарасып, көлденең қараған жанды магнитше тартады. Ойлы көзі тереңдей қадалатын, әдемілеп сөйлеуге аса тырыспайтын адам екен, бірақ салдыр-салақ та емес. Кедір-бұдыр, үзік-үзік айтса да естіген құлақты табындырып, үйіріп әкетеді. Кере қарыс маңдайына қарап көзің тояды. Сөзінің арасында “интеллектуальный, герой, образ” дегендерді қолданып отырады. Бір мезгілде: – Абайды жеңгелері “Телғара” – деп атаған екен, – деп қалды. Осыдан былай әңгіме Абайға көшіп неше алуан саққа жүгірді. Абайды жақсы көрдім бе, жоқ Мұхтарды жақсы көрдім бе, білмеймін, әйтеуір сөз арасында оқыс айтыла қалған осы бір “Телғара” жадымда сақталды. Мұхтар онда шылым тартушы еді – мені жұмсағанда “Селимді” (“Селим” – папиростың аты, сыртына латынша жазылатын) әкел деп қадағалап тапсырды.

Артынан осы екі Мұхтарды айыру үшін біреуін (Әуезовты) “Телғара Мұхтар”, екіншісін (Жылқайдаровты) “Ерғара Мұхтар” деп атайтын болдым. Естіп жүрсе де олар мұны елемеді. Міне бүгін, көп заман өткеннен кейін бала күндегі шалдуарлықтың көлеңкесі ретінде мұны саған ғана баяндап отырмын ғой...

Әбден әңгімелесіп, тамақ ішіп болған мезетте Мұхтар Әуезов киіне бастады да: – Мен бүгін кешке қырғыз-қазақ институтында (киринпроста) баяндама жасамақпын, әдейі соны айтқалы келдім. Сұлтанбек те, Тұрар да барады, сендер де келіндер, Әбубәкір Диваев та болады, – деп кідіре қалды Мұхтар жабырқау пішін білдіріп: – Сол Әбубәкір Диваевтың тапсырмасы еді, қыруар жұмысым да жатыр, “Заман еркесі” атты романым да әлі бітпей қойды... Ұйқым да қанбайды, – деді Мұхтар аға. Салақтау айтты, жүрдім-бардым сүйей салды.

– Я, сенің ұйқың қанбайтыны рас, бойдаксың ғой, замандасың Аққағаз Досжанова Орта Азия мемлекеттік университетінің (САГУ-дың) дәрігерлік факультетін бітіріп отыр. Оған зор мән беріліп, Түркстанның Орталық атқару комитеті (Турцик) қаражат шығарыпты. Бұл бүкіл күншығыста жоғары оқуды сарқа бітірген тұңғыш әйел екен. Аққағаздай қыздың тойында бір көсілмексің де көрінбексің ғой, сірә. Әрине, Әбубәкір Диваевтың жетпіс жасқа толғаны, қазақ халқына отыз бес жыл еңбек сіңіргені де осал емес, міне шаршайтын мезгілің жеткен болар, – деп Әшім қарқылдай күліп, қалжыңдады да:

– Мұхтар, сен қапы қалма, мына екі той осы жақын арада жедел өтпек, – деді.

Кешке жақын әлгі Мұхтар айтқан мәжіліс қырғыз-қазақ институтында (киринпроста) болды. Әбубәкір Диваев басқарды. Қырғыз елінің “Манас – Сәметей” атты эпосы жайында екен. Кеудесі балғын жұмыр, сирақ жағы ашандау кара сұр жас жігіт – Мұхтар сол кезде-ақ “Манасты” зерттей бастағанын сөйледі. Президиумда ұмытпасам үш-ақ кісі отырды. Әбубәкір Диваев председатель, оның оң жағында Тұрар Рысқұлов – Түрік Республикасының Совнаркомы, сол жағында – Сұлтанбек Қожанов – Түрік Республикасының Атқару Комитетінің орынбасары, Ағарту комиссары, “Шолпан” журналы мен “Ақ жол” газетінің редакторы.

Адам жас кезінде естіген сөзін ұмытпайды ғой, сонда Әуезов қырғыз елінің ұлы эпосы “Манасты” бұдан алпыс-жетпіс жыл бұрын Шоқан Уәлиханов зерттепті. “Манасты” ол “Сахараның Илиадасы” деп атапты. Біздің елдегі батырлар жыры Қобыланды, Ер Тарғындар, махаббатты шерткен лиро-эпостар: Қыз Жібек, Айман-Шолпандар бар, Шағатай тілінде жазылған “Көрұғылы Сұлтан”, “Зарқұм”, “Салсалдар” бар, міне осылардың бәрін зерттеу керек, халық қазынасының тотын тазартып, асылын аршып алуымыз мақұл, – деп ойын түйді. Тыңдаушы азаматтарға көп нәрсені жүктегендей болды, келелі

пікірін алдарына тартты. Қарыздар болғысы келмеді білем, мәжілістің соңғы шенінде Сұлтанбек сөйледі. Ол кісінің “с” дыбысына келгенде тілі алдыңғы күрек тістеріне тіреліп, қосқыртыстанып, қоюлана түседі екен: тілін шайнап алардай шолжың естіледі. Сұлтанбектің бұл табиғи кемістігі, бірақ соны әдемі ерекшеліктей көріп еліктейтін адамдарды да кездестірдік. Аттыға тай мінсе де жарасады. Атақ біткен жан мінсіз.

– Бізге ағылшын ғалымдарынан не пайда, өзіміздің төл мамандарымызды, байырғы жастарымызды өсіруіміз керек. Мезгіл туды, жастардың ержеткеніне қуанамыз, жәрдем береміз, – деп сөзін аяқтады Сұлтанбек. Зерттеуші Мұхтар өзінің салмақты бір қырын дәл осы жерде көрсеткендей болды. Сол мәжілісте қазіргі қырғыз елінің аты шулы ақын-жазушысы Алы Тоқамбаев та болды-ау деймін. Өйткені, соңынан “Шолпан” журналында “Құрманбек батыр” (“қырғыз халық әдебиетінен”) деген үлкен мақала шықты, соның басында: “Ілгергі өткен заманда. “Ыстық” көл деген жерде “Еламан” деген бай болған, һәр түлікке шай болған, алтын, күміш, асыл бұйымдарға жетік болып, жалғыз кемшілігі қырықтан ашып елуге жеткенше баласы болмаған. Елу жасқа толғанда бір еркек балалы болған. Еламан батыр той қылып, елі-жұртын жиып, отыз күн ойын қылып, таң-тамашамен өткізеді. Ат шаптырып, палуан күрештіріп, ер сайыштырып жырғалды тойды өткізіп, қалың халық балаға “Құрманбақ” деп ат қояды”, – деп жазды.

“Шолпан” журналы – қырғыз, қазақ еліне ортақ журнал. Екі тілде жазылады. Әлгі мәжіліс 1923 жылдың январь, февраль айларында өтсе, дәл сол 1923 жылдың март, апрель, май айларында жарық көрген номерінде Алы Тоқамбаев жоғарғы айтылған мақаланы жариялады. Тағы сол журналда “Байқаған” деген бүркеншік атпен бір қырғыз азаматының “Есің барда етегіңді жап” (қырғыз азаматтарына) атты мақаласы басылды. Сонда “өзі біз менен бірге туышқан қазақ жұртының ошы беш жылдың

арасын да халық ағарту жағынан нем башқа жақтарында көп жұмыш іштеді. Ана тілінде мәктәптар ачылып, кітаптар басылып, чықып жатады. Ошы күнде “Сәметей - Манасты” айта тұрған бүтін қырғызда жашы сексенге жеткен жиырма уш чал қалған. Былинадан салмақты орын алған атақты “Сәметей - Манас” атты былинабыз жоғалуға жақын қалған”, – деп жариялады. Қырғыз халқының ауыз әдебиетін, ескі мұрасын зерттеу жөнінде Мұхтар Әуезовтың әлгі баяндамасы көп көмегін тигізгендей. Игілі іске мұрындық болғандай. Міне, зерттеуші ғалым Мұхтарды осылай көріп едім, – деп сөзін бітірді Есен.

Тыңдаушыны зеріктіріп алдым ба дегендей ол кілт бұрылып Ботаның бетіне бейсеует көз тастады. Осы бір тілсіз жеткізілген тылсым ойды тез түсіне қалып: – Айта бер, досым, үндемеуім тыңдамағаным емес. Біз Мұхтар Әуезов деген атты естігенде ең әуелі суреткер жазушы деп ұғамыз. Сен мені соны дүниеге әкетіп отырсың, білмегендігіме назаланам, өйткені оқудан көрі жазуға көбірек үйренсек керек. Есен, құлағым сенде... – деп томсара түсті Бота.

– Сөзіңнің жаны бар, Бота, ол сәуегей суреткер, теңсіз телегей ойы бар орасан зор жазушы. Айтпақшы... – деді Есен, – сол бір кезеңде Мұхтардың екі әдеби бүркеншік аты болды. “Жаяусал”, “Қоңыр”. “Шолпанның” әлгі номерінде “Қыр әңгімелері” басылды, авторы “Жаяусал” еді. Оның екі тарауы бар, бірі “Сыбанның моласында”, екіншісі “Текшенің бауырында”, “Заман еркесі” атты роман жарық көрді. Романның эпиграфы ақын Абайдың 8 жол өлеңі еді. Бұл романға “Мұхтар” деп қол қойды.

“Заман еркесін” оқып шығып, енді “Қыр әңгімелеріне” кіріскенде Әшім Омаров кенеттен:

– Әй, мына “Жаяусалың” да өзіміздің “Телғара” екен ғой, – деді.

– Я, егер түнді жамылып жорыта жөнелсе, меңіреу махаббатқа тіл бітіріп үздіге сөйлесе, тамсана білсе ол Мұхтар болмай кім болады? – деп қалды Әшімнің әйелі

Зурә. Ол кезде газет-журнал аз шығады. Үш айда бір рет жарық көретін қазақ-қырғыз елінің жалғыз журналы “Шолпанды” басынан аяғына дейін кеміретінбіз.

Үлкендердің арасында жазушы “Телғара-Мұхтар” туралы болған әлгі қақтығыстан кейін мен де үңіле кірістім.

“Заман еркесі” былай басталады екен: “Қоңыр күздің мезгілі. Сентябрьдің бас кезі еді. Ел орынға отырған уақытта жарық айлы, тыныштығы мол түнде қалың таудың ішінен үш салт атты келе жатты...” – деп толғайды Мұхтар.

“Қыр әңгімелерінің” бірінші тарауы “Сыбанның моласында”, оны Жорытар батырдың атынан баяндайды. “Түн көзге түртсе көрінбейтін тастай қараңғы еді. Қысқы ат құлағы көрінбей тұрған ақ боранда, жазғы тұнжыраған меңіреу кара түнде адасу дегенді білмеуші едім”, – деп шертеді.

Екінші тарауы “Текшенің бауырында” деген әңгімені Сүлеймен ақсақалға сөйлетеді. “Бүгінгі түн жарық айлы, қалғып тыныс алған майда түн еді. Көңілге әлдеқайда тоғайлы, ұйқылы маужыраған сайда күбірлеп сөйлесіп, бұралып сүйісіп, махаббат, сағыныш қызуымен, бір тоңазып, бір ысынып, сұлдер құрып, үздігіп тұрған күндерді еске түсіргендей еді. Түн сондайлық махаббатты дем алыстың, бақытты сағаттың түні-ау!

Шіркін сұлудың сондағы тілі тәтті еді-ау! – деген әлсіз арман ойға түсуші еді” – деп тебіренеді “Жаяусал”.

Осыны оқығанда мен де әлгі аға-жеңгемнің ошақ басында отырып айтқан пікіріне қосылдым, “Жаяусалдың” – “Телғара - Мұхтар” екенін тани кеттім.

Мұхтардың қырық жыл бұрын жазған жас кезіндегі әңгімелерінде де Абайдың әсері сайрап тұр ғой. “Абай” эпопеясындағы Тоғжанмен ұшырасатын тоғайдағы сахна сонау дәуірде із тастағандай. “Желсіз түнде жарық ай” атты Абай өлеңінің түгел сөзі осында бас қосқандай. Реті келгенде айта кету жөн, қиядан көретін қырағы Мұхтар Абай қадірін ерте түсінген екен. Себебі Абай, Ыбырай,

Шоқандар былай тұрсын, Пушкин, Лермонтовтарды да өзіміз көпке дейін жатырқап келдік қой. 1933 жылы Михаил Кольцовтың “Пушкин Динамо техникумында” (“Пушкин в Динамо”) деген фельетоны газетке басылды. Сонда әдебиет оқытушысы Пушкинді аузына алғаны үшін қызметтен қуылғанын, бір шәкірттің Пушкин өлеңіне еліктеп қабырға газетіне өлең жазғаны үшін оқудан шығарылғанын әшкерелеп еді. Михаил Кольцовтың бұл фельетонын қазақшаға аударып, тап сол жылы “Лениншіл жас” газетіне бастырдым. Міне осындай кезеңдер де болған. Сол мезгілдің өзінде де қаймықпай, қасқия тартқан, әдебиетке дауылдата кіріп, зор бейнені алыстан көрген, түбегейлеп дәлелдеп шыққан жас “Телғараны” ұмыту оңай емес қой!.. Ақын Абайды ерте таныған Мұхтар да үлкен ақын болса керек. Оның үстіне Мұхтардың Абайдан айырмасы зор – мұның алған білімі ұшан-теңіз, жүрген ортасы – бір күні бір жылға татитын өркендеу-өсуі бар ұлы совет дәуірі. Езілген ұлты азаттық алып, ұлы сапарға белсене беттеген кезең. Сондықтан да шама-шарқы шағын, қысаң мезгілде қорданың арасынан жылтырап бой көрсеткен Абайдың түгел тұлғасын айшықтап ашуға соның ғана әлі келгенде, заманы да көмек бергендей...

Есен аңыра қалғанда, Бота шытынғандай ойлы көзін тігіп төтесінен сұрақ қойды:

– Сен суреткер Мұхтарды ерте-ақ таныған екенсің. Бәрі дұрыс, трибунаға шыға қалсақ, біз де осылай толғармыз. Бірақ қазір екеуара жеке отырмыз ғой. Шыныңды айтшы, Есен, сен сол Мұхтарды ылғи жақсы көріп жүрдің бе? Жоқ, ана шет жайлап жүргенінде, Иван Лазаревичің айтқан соң таныдың ба? Сағынғанда сыйладың ба? – деп, Бота бүкпесіз бүріп, желбезектен ала түсті. Есен ойланып қалды, мұндай сұрақты күткен жоқ еді.

– Сөзіңнің сырты тәтті де іші қатты-ау, Бота! Ауылдағыны сыйлай алмайтын әдетіміз мені де билегендей, біреуді жақсы көрсек екінші жанды жек көруді міндетімізге алғандаймыз ғой. Заты, екі жақсы қатарымен

мандайымызға сыя қоймайтын да болар-ау! – деп енді түнере сөйледі Есен.

– Ойнасаң да ойыңдағыны айттың, мен шын жауап берейін, – деді ол. – Біз де жер ортасынан астық, үнемі жаза басу мандайымызға жазылған жоқ шығар. “Өлгенді мақтамасаң, даттама” – депті көне латын елі, “өлгенді қадірлемесең, жәбірлеме” деп мәтелдейді өзіміздің қазақ елі. Осы ойлар да маған көп жүк артқандай. Ал, екіншіден, әлгі Сәкен, Мұхтарлар мына біздің жас кезімізде биік шыңның басында тұрған тұлғалар сияқты, етегінде жүрген бізге көрінбеуі де ғажап емес. Көрмесек танымыз ба? Міне, енді сол шыңнан алыстаған сайын биіктегі тұлғалардың бойын енді анық көруіміз де заңды, – деп толғады Есен.

– Мен сөзіңе қанағаттандым, – деп бастады Бота. – Шешендігіңе емес, шындыққа тоқтадым. Торуылсыз әңгімелесейік, көптен көріспеген соң сағынған жүрек лепіріп есімнен адасқандай шай да қоймаппын. Мен қазір етті де асып қояйын, бүгін демалыс қой, кең отырып сөйлеселік, сен әлгіде Аққағаз Досжанова деген қазақ қызының университет бітіргенін айттың да басқа әңгімелерге ауысып аяқсыз қалдырдың, менің жынысым әйел, сондықтан қыздардың атақтысы, ардақтысы туралы тыңдауға делебем қозып тұрады, сол кепті шертші, – деп өтінді Бота.

Шай ішіліп, ет жеп болғаннан кейін әңгіме қайта жаңғырды.

– Аққағаз Досжанованың тойы Сұлтанбек үйінде өтті, – деп сөзін жалғастырды Есен. “Жоғарғы басқыш мектепті, САГУ-дың медицина факультетін бітірген Күншығыстың тұңғыш қызы” – деп тойлады. Осы мәжілісте де екі-үш кісіден кейін Мұхтар Әуезов құттықтау сөзін айтты. Бұйра шашты, кең мандайлы, сүліктей жылтыр қара сұр жігіт, сөзін марғау бастады, тұтығыңқырап, кібіртіктей аяңдады, тер шыққанда ғана бауырын жазып, көсіле тартатын бәйге атша қыза жөнелді. Мұның бәрін сырттан көрдік. Сұлтанбектің іштен (қорадан) кіретін есігі терезелі

болатын. Үйдің ішінде біздей балалар отыратын ине шанышар жер жоқ. Біз есіктің сыртынан телміре қарап тұрдық.

Ресми мәжіліс өткеннен кейін Мұхтар ойын бастады. Жас Мұхтар көп қыз-келіншектердің ішінде қаздай қалқып, үйректей жүзіп жүр. Сол тойдағы қыздар: Аққағаз Досжанова, Мағрипа Қойайдарова, Мәдина Қасымова. Мүбәрәк (фамилиясын білмеймін, өзі өте сұлу болатын, ана қыздардың бәрінен де жас еді, оны кейін юрист – Жүніс Қияқов алды), тағы басқалар. Жас келіншектерден Рабиға Сералина (Санжар Асфандияровтың әйелі), Күләндәм Мұңайтбасова (Сұлтанбектің әйелі), Гүләйім Байгурина (Әлжан Байгуриннің әйелі), Сара Қапина (Сабыр Қапиннің әйелі) т. т. болды.

Бір күні біздің үйге Мұхтар келді. Әшім Бокльдің "Цивилизация Англии" деген кітабын оқып отыр еді, Шешінбестен Мұхтар тура әңгімеге кірісті:

– Мен Шпенглердің "Закат Европы" атты кітабын түнде оқып бітірдім, қызық екен, айтқан пікірлері өте соны, оғаштау да жері бар. Заты, декадент Мережковскийдің "Европа сөніп барады" – деп байбалам салуы, сөйтіп пайғамбарды күншығыстан іздеуі, ал мына біздегі кейбір ақынның соған еліктеуі – бәр-бәрінің түп тамыры Шпенглердің осы кітабына тіреледі екен; – деді Мұхтар. Көңілі көтеріңкі көрінді, төгіле түйдектетті. Сонда Әшім тұрып:

– Ақындар арындап та, сарындап та бөсе береді. Орыс әдебиеті Мережковскийді "король цитат" деп атайды. Декаденттер өзінше "ысқырмайды", үнемі еліктеп солықтайды, ол бағытты марксизм мансұқ етті ғой. Сен мына Бокльді оқышы. Бұл кісі жиырма жасында кітапханаға кіріпті. "Цивилизация всего человечества" деген тақырыпты жазбақ болыпты. Он жылдан кейін әлгі тақырыптың ауырлығын ұғып айныпты да енді "Цивилизация континентальной Европы" атты кітап жазбақ болыпты. Содан тағы бес жыл өткен соң мұршасы

келмейтінін сезіп, өзі туберкулез ауру екен, ақырында “Цивилизация Англии” деген осы екі кітапты жазып бітіріп, қырық жасында дүние салыпты, – дей бергенде Мұхтар оның сөзін бөліп:

– Өзі не айтыпты? – деп төтелей сұрақ қойды.

– Мен қазір бет ашарын ғана оқып бітірдім, – деді Әшім.
– Тарихшылар, тегі өз жанынан соқпайды ғой...

– Ендеше, өзің бітірген соң Бокльді маған бер де, сен ана Шпенглерді алып оқып көр. Декаденттер түгіл Шульгин, Аверченко тәрізді махровый монархистарды да марксистер оқып білуі жөн болар, – деп түйреңкіреп айтып, түйіле қалды Мұхтар.

Соңынан жадырасып, қарапайым әңгімелерге ауысты, қалжыңдасып күлісіп отырды. Айтқан сөздерінің негізін, жат елде болған кісілердің аттарын мен тап ол арада түсіне қойғам жоқ. Мұхтар кеткен соң, сұрап алып ұғындым.

Кешікпей Әбубәкір Диваевтың жетпіс жасқа толғаны, қазақ халқына (өзінің ұлты башқұрт екен) отыз бес жыл еңбек сіңіргені тойланды. Баяндаманы полпредствоның секретары профессор Александр Всеволодович Счастниев орысша жазды, оны кириппростың директоры оқып өтті.

Өз тойында күлдіреуіштей иіліп, “еңкейіп екіндідей күйі кеткен” егде қарт өзі сөйледі.

– Мен жиырма бес жасымда “Чиновник особого поручения” деген қызметімнен өзім арыз беріп босандым. Сөйтіп Қаратаудың Шу өзені жақ беткейіндегі қазақ елінде жүрдім. Шымкент, Әулиеатаға дейін бардым. Осы бір кезеңде қазақ елінен мақал-мәтелдерді жинадым. Не бәрі қырық бес мақал етіп, Тәшкенге апардым. Генерал-губернатор Кауфманның “қолжазба ретінде бес жүз дана етіп басу керек” деген рұқсатын әрең алып, 1900 жылы бастырып шығардым”, – дегенді айтты.

Кейін Мұхтар құттықтағанда Әбубәкірдің әлгі айтқанын өз сөзінің өзегі етіп алды да кәрі ғалымды жеткізе мақтады. Еңбегін жұртқа өнеге етіп тартты. Мұхтар аға қай кезеңде не айтарын білуші еді, келістіріп, қиюластырып жіберді.

Шешендік көп сөйлеуде емес, көзін тауып айтуда ғой. Ол әрқашан өзіне ғана ұқсайтын.

Сол жылы майдың аяқ шенінде Қазақстанның дербес өкіліне Қазаннан телеграмма келді. Ақын Бернияз Күлеев өзін-өзі атып өлтіріпті. Бернияз Күлеев Татар республикасында қызмет істейді екен. Бұл қайғылы хабарды туған апасы Аққағаз Досжановаға, қалыңдығы Мағрипаға естірту керек болды. Естірту сөзін жасы үлкен Сұлтанбек бастады. Аққағаз бен Мағрипа жылап қоя бергенде Мұхтар аға іле көңіл айтып, қамыққан жүректерді басуға кірісті. Қазақ елінің көне бір ертегісін шертті. Ақырында: “өлмейтін жан болмайды, бірақ мезгілсіз екені де рас” – дей келіп, “шамамыз жеткенше заманымыздың бұлбұлы Сұлтанмахмұт пен жас ақынымыз Бернияз өзімізбен бірге өмір сүрмек”, – деп қалды.

– Сөзінде ақау жоқ, күдіксіз сеніп отырмын, бірақ кей кезде өз ағанның жақсылығын шет жұрт мақтағанда барып ұғасың. Мұхтар Әуезовты көне заманда көріп, есімде сақталған осы бір мінездері мына Иван Лазаревич Зонов сөз қозғағанда ғана қайта жаңғырған сияқты, – деп қулана жымыды Бота. – Ал, мен өзім Мұхтар отырған жерде сөйлеуге қымсынушы едім. Өйткені оның білмейтінін білу қандай қиын болса, ал білетінінің ұшығына шығу мүлде мүмкін емес сияқты көрінетін. Осыдан қырық жыл бұрын Абайды – “Телғара” деуінде үлкен мән бар екен. Оны екі енені тел емген құлын етіп суреттеген ғой. “Абайдың екі арнасы бар, бірі Шығыс, екіншісі Батыс” – деп кейінірек айтып жүрген сөздері сонау бұрынғы теңестіруінен туған-ау! Абайдың өзі нәр алған ұлттық ауыз әдебиетіне даусыз шындық есебінде қараған болар, – деп қорытты Бота.

– Айтқаның рас, Ботакөзім, Мұхтар Омарханұлы Әуезов он тоғызыншы ғасырда туып, жиырмамыншы ғасырда еңбек етті. Совет елі Мұхтарды тірі күнінде танып, еңбегін бағалап Лениндік сыйлықтың лауреаты атағын берді. “Бізге Мұхтар Әуезов шығыстың Шолоховы, ал Қазақстан

үшін ол екінші Абай ғой”, – деп еді марқұм Погодин. Бұдан артық айтуға әліміз де келмес, сірә Мұхтар Әуезов өскелең дәуірде туа да білді, дер кезінде игілі еңбегін бұрқырата істеп, еншісіне тиген өз ғасырына үлкен үлесін қосты. Олай болса, екі енені тел емген теңдесі жоқ “Телғара” дәл осы Мұхтар Әуезовтың өзі екен ғой! – деп ойын аяқтады Есен.

Көп уақыт көріспеген екі дос осылайша сыр ақтарысып тарасқан еді.

БЕСІНШІ ӘҢГІМЕ

“Ескіге, ертегіге ертер үшін,
Тамырын тартып шердің шертер үшін,
Қолқалап “Боз іңгенді” сұрағанда,
Былайша бастайтын шал ертегісін...”

Ілияс, “Күй”

Былтыр Ақмоладан Қарағандыға қайтып келе жатып “Қарамойыл” колхозында тұратын Есен қарттың үйіне түстім. Әдейі сәлем бергелі бардым. Ағаға соқпай өте шығу әдепсіздік. Жолымнан жығылып, үлкеннің өкпесін арқалағым келмеді.

Бұрын оқымысты, пысық та әділ Есен атанған азамат қазір еңкейіп можа шал болған екен, өзі пенсияда отыр.

Сәлем беріп кіріп барғанда, қутыңдап қуанып қалды, байғұс. Сөйлесетін адам таба алмай құлазып отырған, баратын үйі азайып қоңылтақсып қалған қарт ажарлана түсті.

Шырағым, қазір түс ауып кетті ғой, күн еңкейіп екіндіге жетті. Қонатын шығарсың, шешініп отыр, – деді Есен аға. Жасы жетпісті қаусырса да өзі әлі тың екен.

– Ырысжамал, орныңнан тұр, көптен бері зарығып күткен балам келді ғой, қара марқаның бал құйрығын

жейтін иесі осы. Бұл бала өзің талай дәмдес-тұздас болған Тәшімнің туған інісі. Сары самауырын иығынан демін алсын, құлагер шай құйылып жатсын. Жылдам қимылда, қатын! – дегенде, әйелі маған бұрылып:

– Қалқам, аман-сау жүрсің бе? Келін, бала-шағаларың күйлі ме? Танымай қалдым, өзіміздің бала екенсің ғой, – деп орнынан марғау түрегелді. – Енді асықпай әңгімелесе беріңіздер, айтылған сөз орындалар, – деп маған жылы ұшырай қарады да, шығып кетті Ырысжамал.

Әйеліне әмірі жүретінін байқатты Есен, әлі тұғырдан түспегеніне ырза тәрізді.

– Көптен бері көре алмай жүруші едім, жақсы келдің, – деп бастады Есен. Сөзін бұзбай, ойын бытыратпай тез жеткізуге тырысып асыға сөйлегенде тұтығып та қалады екен. Басына бақ, бойына атақ сіңбеген жанның сөзінде салмақ жоқ қой. Бірақ, жұрттың айтуынша, революцияның алғашқы жылдарында Есеннің тасы өрге домалапты. Есенгелдінің Есені атаныпты. Аузынан жалын шығыпты. Табаны таймайтын бедерлі, белін бүкпейтін қайсар, беделді болыпты. Астында қара жорға ат, үстінде қара барқыт желбегей шапан, басында кәмшат бөрік. Су төгілмес қара жорға тайпалғанда, күміс өмілдірік жарқ-жүрқ етеді. Шаршы топтың алдында омырауын ашып тастап, Есен теңселіп келе жатады. Үйдің сыртына келіп тұра қалғанда, ауыл-аймақ жамырасып алдынан шығады, аттан көтеріп алады. Алақанына салып аялайды.

Ол бір кезде Есенге жету арман. Есен басы артық сөз сөйлемейтін, аузы сараң жігіт екен, ел айтпай түсініп, оның ойы орындалып жатады екен. Есен тереңнен суырады, жұрт осылай түсінеді.

– Есен аға, сәлем беруден басқа суыртпақтар бұйымтайым жоқ. Сонау заманда қашқылықты-құрылықты әңгімелер де артыңыздан еріп жүрді. Сөз жақсыға ереді ғой. Ол бір аласапыранда не болмады? Адасқанның алды

жөн. Бірақ, мен сізді жүрегі адал адам деп ұғушы едім. Қателеспегеніме әлі де ырзамын, – деп қартты қытықтап, көңілін көтергім келді.

– Сейілбегім, тілің тәтті екен, қайда жүрсең аман жүр. Сенен жасырарым жоқ, рас, бір кезде “езілген болып, сезілген болып” дүйім елге бүйідей тидік. Үкімет кедейдікі – бәрі өзіміздікі болды, күлшелі бала атандық. “Сексен күн серке болғанша, сегіз күн теке болдық”. Енді айналып артымызға қарасақ, жас екенбіз, піспеген шикі екеміз. Соның сазайын да тарттық, өзің де біліп отырсың, несін қазымырлай берейін, – деп күрсінгендей болды Есен қарт.

Мал сойылып, қазан асылып, ақ түтін шыққанда ауыл жинала қалатын әдеті ғой. От басы тоғанакты еді. Елден бұрын келіп, әңгіме тыңдаған Есеннің құрдасы Құламерген шал сөзге араласты. Шәпеті денелі, сақал-шашы сирексіп қалған көсе кісі. Тоқал ешкі тәрізді елгезек шал, ынтықпай, ентікпей әңгімесін баяу бастады.

– Қарағым Сейілбек, мынау аған бұрынғыдай емес, ылғи өткенді айтатын болды. Мен де келешекте не боларын ұғына бермеймін. Заты, біздің өмір де мына күннің жүрісі тәрізді-ау! Бір мезгілде шаңқай түс еді, енді міне намаздыгерге таянды. Баратын үй де, сыйласар дос та қадау шабыр. Іш пысады. Жастарға көрген-білгенінді айтсаң, мылжың атанасың. Сондықтан кейбір кезде осы екеуміз кездессек-ақ қаужаңдасып қаламыз, – деп азырақ тыныс алғандай, ойын жинақтағандай аңырды да, Құламерген сөзін соза түсті:

– Баяғыда, шайтан мен теке дос екен, күйек айында текенің сақылдап жүрген кезінде шайтан келіп сәлем беріпті, сонда: “Уа, текем, бұл қойың кімдікі десе деген екен, кімдікі десе деген екен?” Сол арада текенің аузынан жалын ата жауап қайырыпты; “Бұл қой менікі десе деген екен, менікі десе деген екен?” – деп өршелене сөйлепті. Бұл

күзді күнгі күйек айы. Ал жазғы тұрым, қой қоздап, ешкі лақтап жатқанда, теке “сасай” болып, қойдың соңында өз мүйізін өзі көтере алмай, есеңгіреп келе жатады, сол шақта шайтан тағы тап болыпты: “Уа, текем, бұл қойың кімдікі десе деген екен, кімдікі десе деген екен? – деп үш қайырып, өзеурей сұрапты. Сонда теке: “білмеймін десе деген екен, білмеймін десе деген екен!” – деп басын шайқапты да дел-сал оттап жүре беріпті. Енді шайтан ескі досын табалай сөйлепті: “Уа, текем, басың жаңа сасыын десе деген екен, десе деген екен”, – депті. Сондай-ақ Сейілбекжан, бұл Есен ағаң бір кезде қой бастаған серке еді. Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болды. Енді міне бүгін можа шал, өткені ұмыт, келешегі күңгірт, білуден білмеу жақсы екенін әбден түсінген, дәл сол кезеңіне килігіп отырсың ғой деймін... – Тілі өткір, ойы ұйтқылы Құламерген сөзін бітіргенде езуін тартып жымығандар да, азды-көпті түнергендер де болды.

Көпті көрген Есен елемегендей, талай тығырықта титықтап, бірде бүгіліп, бірде сүрініп өткен даңғыл қарт құрдасының сөзіне мән бермей көлденең сонарға кірді.

– Сейілбекжан, бұл Құламерген құрдасым ғой, – деп бастады Есен, – артық-кем сөз құрдастарда бола береді. Оның сөзі балаусыз. Сондықтан оған соқпай басқа бір әңгіме айтайын. 1922 жылы күзді күні біз Ақмоладан салт атпен шығып Түркістан тарттық. Жолай шөлде отырған Алшын Отыншының үлкен баласы Сыздықтың үйіне түстік. Бізді Сыздық бай үлкен әйелінің ордасында қабылдады, бір көк қасқа биенің есіктен әкеп басын көрсетті. Мырзағұл бата істеді. (Бұл кісі елден бірге шыққан ақсақалымыз еді, әзіретке қол тапсырып, бірәдәр болып, Түркістаннан қайтпақ).

Екінші күні Сыздық екінші әйелінің үйінде қара марқа сойып қонақ етті. Барлық не істетпейді? Үшінші күні тоқалы Ажаркүл отауында қара құлын сойды.

Төртінші күні бізді шығарып салды. Сыздық келе жатып сол жақта отырған бір ақ ауылды көрсетті:

– Мынау, менің кенже інім. Бұрыс демесендер сонда барып түсіндер, қонақ болып аттаныңдар. Әкемнің қара шаңырағы осы Тоғайда. Ал, жолдарыңда анау отырған Бұралқының ауылы, ол да әкеміздің өз баласы, бірақ тоқалдан туған. Оның да шаршы дәулеті бар, – деп сөзін бітірді Сыздық.

– Сыздықжан, саған көп рахмет, қанаттас отырған – сыйлас ағайынбыз, бір омыртқа сатусыз сыбағамыз ғой. Қонақасы жағынан еншіміз әлі бөлінген жоқ. Жас та болса, бастай Есенжан білсін, – деп Мырзағұл сүйей салды.

“Жол қарызы жүрумен өтеледі” деген менің бір ауыз сөзім қамшы болды да біз барып Бұралқы үйіне түсе қалдық. Бұралқымен екеуміз құшақтасып көрістік. Қой сойып қонақасы берді де дәл жүрер мезгілде бір күрең атты алып келді. Жоны астаудай құр ат екен. Сол күрең атты көлденең тартып тұрды да;

– Есен, сенің жолың бұл емес еді, мені биыл мына бәйбіше балалары енші бергенде өте “шағындап” жіберді. Екі жүз елу-ақ жылқы тиді, қазір сексен-ақ құлынды бием бар. Әйтпесе, саған қысырақтың үйірін айдату да көп емес қой, – деп қынжыла сөйлеген сол Бұралқының сөзі әлі құлағымда.

– Ол да бір мезгіл екен ғой, – деп сөзін жалғастырды Есен. – Қазір осы ауылда менен байы жоқ. Екі құлынды бием, бір бұзаулы сиырым бар, тоқты-торым уақ тұяқтарым да, шүкір, қонақты аттандыруға жетеді. Сен кеткеннен кейін құр алақан қалмаймын, – деп көтеріле сөйледі.

“Дұрыс айтасыз, Есаға, ол заманда Бұралқының кедей екені рас. Сыздықта үш мың жылқы, Тоғайда бір жарым мың деп отырсыз, оның өлшеуіші солар. Қазір біздің заманда байлық малда емес, оқуда, ғылымда қалды. Мен де өз сырымды айтайын. Кешегі Сәкен, Мұхтар, Қаныш

тәрізді ағаларды көрдік, сондай кісілеріміз әлі бар, міне солардың қасында отырған шақта өз біліміміздің шағындығын байқап өте күйзелеміз. Олар дария, біз бір көлшімекпіз. Міне, Бұралқының аяғын құшып, өз кедейлігімізді осындай кезеңдерде сезінеміз, – деп мен де бір қыстырылып қалдым.

– Өзіміз сені Алатаудай көреміз, арқа күзеу етеміз, егер сен олай дейтін болсаң, онда білгеннен білмеген артық болар, – деп мырс-мырс күлді Құламерген.

Әңгіме осылай созыла берді, шай ішіліп, ет желінді. Бейсеубет қыдырып келген ауыл-үйдің адамдары тарай бастады. Көген түпте үшеуміз-ақ қалдық.

– Енді оңаша үшеуміз-ақ қалдық қой, мен шынымды айтайын, – деп бастады Есен. – Осы бір кейінгі аласапыранда елден сырт жүргеніме ренжімедім. Көп елді көрдім талай сәйгүліктермен бірге болдым. Әр елдің әдет-ғұрпы басқа-басқа екен. Жылан етін, ит етін жақсы көріп жейтіндер де бар, Камчатка адамының балықтың шикі етін аңсап тамсанғанын көргенде көп толғандым. Дүниенің бәрі үйрену, дағдыланудан екенін ұқтым. “Бір топ құсты жалғыз ит жеңе алмаса, сондай-ақ жалғыз саусақпен битті де ұстай алмайсың” деген мәтел мына Мадагаскар аралындағы мальгаштар аузында жүр. Оларша дүниеде болмайтын нәрсе “ешкінің жұмыртқасы”, орысша дүние жүзінен “ақ қарға” табылмайды деседі. Біздің қазақта “жылқыда өт, құста сүт жоқ” қой. Міне мен осыларды көрдім. Әр ел өзінше ұғынады екен, – дегенде, Есеннің сөзін құрбысы Құламерген бұзып жіберді:

– Әй, сен өзің бұрын бізге айтпайтыныңды бүгін айттың-ау! Ауылда жүріп қадірің жоқ екен, енді тежемей тоғыта бер, құлағымның құрышы қансын! Тұнжырап іркілме, жабықпа, өрге өрле. Құлашты алысқа серме, байғұсым! – деп құрдасының талайын көтере түсті. Есеннің делебесін коздырғысы келді.

Осы мезетте менің де сыңайымды бақылағандай азырақ үнсіз отырды да, ойын әрі қарай созды Есен қарт.

– Ойнасақ та біраз жерге бардық қой, менің қара тырнағыма іркілген кірді көруге Құламерген өте шебер, – деп бастады Есен. Сөзі ойнақы, жүзі жадыраңқы, дыбысы зілсіз, естіген құлақ шамданбайтын етіп жүйткі сөйледі. – Мен көсемге жегіліп ілгері тартқанда, белсенді болып бағым артқанда, шашбауымды көтеріп соңымнан ерген осы құрдасым Құламерген болатын. Бұл мен қатты күлсем қатты, ақырын күлсем ақырын күлетін жанашыр досым еді бір кезде. Қарта ойнасақ та, арақ ішсек те үнемі менің ұтқанымды, менің ішкенімді тілеп, кебеп болушы еді. Шіркін, сондай бір қызық заманда дәурен сүрдік. Бері келе, менің басыма бұлт айналды, “тәңірі сақтаған тоқтыны бөрі жемейді” – дегендей, Құламерген аман қалды. Мен даналығымнан кеткен жоқпын, құр қосақ арасында бос жүріппін. Менің айыпсыз екенімді өзімнен де, елден де бұрын түсінген осы Құламерген болыпты. Бұл менің бала-шағама қамқорлық істеп, әйелімді өзі алып, асырап-сақтапты. Шын дос болмаса “халық жауының” үйішіне көз қырын кім салады? Құламергеннің осы бір игілі қылығына дән ырза болдым да, аман-есен келгеннен кейін мұның тастаған әйелін – мына Ырысжамалды мен алдым. Сөйтіп, екеуміз бажамыз. Мал-жанымыз аралас. “Біздің малды жау алды, жаудың малын біз алдық, мұның түбі бір айғай” деп Шалабай айтпақшы, екеуміз сүттей ұйып дос болып жүрміз, абысын тату болса ас көп, – деп Есен даусын көтере күлді. Құламерген мұрнын бір пыс еткізді де, кескінін өзгертпеді.

– Өткеннің бәрі салауат емес пе, сен қынжылардай не болды? Қазір неден кеміп отырсың? – деп Есенге жарқын кейпін көрсете, өткір көзін тіге қарады Ырысжамал, өз күйеуін осылай бір мытып өтті де, енді Құламергенге бетін бұрып, жүзін жылыта сөйледі:

– Бұл кісіде айып жоқ, мені ол бала таппадың деп тастады, қойша қоздап отырған сенің сұлу Жәмиләнді үш баласымен алды, оларды сүйіп ауызы тұшыды, мұның қандай айып-шамы бар? – деді Ырысжамал, – Бірақ құдай қарғаса, адамның аяғанынан ешнәрсе өнбейді екен. Жәмилә сұлу бұған барғаннан кейін бала көтермеді. Қартайғанда саған тиіп Кәрібозды көрдім, қазір ол сегізге келді, екеуіңнен де бақыты жанған мен болдым. Ендеше, қажасуды қойып, мына Сейілбек балам тыңдайтындай келелі әңгімелер айтып отырындар. Өткен келмейді, өшкен жанбайды, опық жемендер, – деп ойын тұжырды да, Ырысжамал үйден шығуға беттеді. Тағы бір рет шай бермек бетін білдірді.

– Кім қателеспейді, бірақ қатені кешіретін кісі табылмайды демекші, Ырысжамал сөзді бәрімізге де жеткізе айтты білем, ендеше қайымдасуды қоялық, ауыл-үйдің өз шаруасы өзінде қалады ғой, шырағым Сейілбек, сен тыңдасаң бөгде әңгімеге көшейін, бұл оқиғаны құрдасым Құламерген де естімеп еді, – деп Есен екеуімізге де кезек-кезек көз тастады.

“Айта беріңіз, құлағымыз сізде” дегендей үй иесіне ұмтыла отырдық.

– Өмірде жүрген адам не көріп, не естімейді, бірақ соның бәрі бірдей жүрекке із тастай бермейді ғой. Баяғыда “Үлкен үйдің” бір бөлмесінде 1949 жылы жиырма шақты кісі бірге отырдық. Кейде кеңдіктен тығыздық артық, адам біріне бірі жақындаса түседі, оның үстіне өмірдің көлеңкелі жағы шәу денені шынықтырады ғой. Қырық рудан құралғанбыз...

Осындай тар кезеңде бір жұмбақ жанды кездестірдім, оның екі бетінде қазылып түскен тыртық бар. Қылыш па, пышақ па, кім білсін? Ескі жараның орны тәрізді. Сол жақ бетін сопақша сойып өткен, оң жағында қиғаш тілік. Танауы таңқы, қасы қою, шүңірек көзі өткір адам.

Тура қараған жан тайсалақтап теріс айналмаса, іш тартып жақындасар түрі жоқ. Анда-санда төңірегіне төңкеріле көзін тігеді, назары ешнәрсеге тоқырамайды, жылдам жылжып өте береді. Қалың ойдың талай соқпағын шарлап, із кескендей, індете алмай тоғыз толғанып, тоқсан құбылуда. Мен оны сыртынан бағып отырдым. Кейде ол жымыып езу тартқандай болады, жадырай түседі, ал кейде ыза кернегендей бетіне түк қаптайды. Нәзік жүректің тылсым қуаты қандай пернені басып, қай күйді шертетінін ұғыну оңай емес екен...

Сонау жас кезінде, албырт шағында сүйген жарынан қапылыста айрылғаны есіне түсіп отыр ма? Жүйрік сезім өткеннің елесін күшейтіп, әуреге салып, тұла бойын кеміріп жатыр ма? Әрине, ойды да, бойды да ауыздықтап өзіне табындыратын зор күш – махаббат қой. Немесе, кешегі ұлы шайқаста ішінен шыққан баласы жаудың қолында кетіп, соның шырылдаған дауысы бүгін құлағына естіліп жігері құм болып отыр ма?.. Кім білсін?! Әйтеуір, өзінен өзге дүниені ұмытып, өз ойын әлпештеп, үнсіз тұншыққан осындай бір жұмбақ жанды мен 1949 жылы әлгі “он алтыншы” үйде көрдім. Ол – Федор Васильевич Мочан еді, – деп Есен тебірене толғанды.

Есеннің дыбысы қырық құбылады, ол қобалжып сөйлегенде тыңдаушыны еріксіз елегізітіп ынтықтыра береді. Мол қазынаға киліккендей құмарта тыңдадық. Ол бізге өткен өмірдің елшісіндей, келмеске кеткен келелі сырдың көршісіндей елестеді. Қасымызда отырған күйкі шал Есен енді зорайып барады. Құрдасы Құламерген де оны бүгін көргендей ауызын ашып, аңырая қарайды. Есіл-дерті әңгіменің аяғын білу. Үйдің іші құлаққа ұрған танадай – дыбыс естілмейді, сарылып тыңдауда. Кейде жым-жырттықтың өзі үлкен қауып төндіреді, адамның жүрегі лоблып, аузына шығады, әлденені күткендей құлазып отырады, міне, осы минутте естілген майда

қоңыр дыбыс әлдилеп демей түседі, ұзын-сонар бұлдыр ойларды ыдыратып жібереді. Әп-сәтте ауырлық серпіліп, бой сергіп сала береді.

– Үйдің іші ала көлеңке – іңір әлеті еді, – деп Есен үзілген ойын жалғастырды, – күнұзын томсарып отырған Мочан: “Ғапу етіңіз” – деп күбірледі, дыбысында діріл де, күдік те жоқ, нығыз сөйлей жөнелді. Өзіне өзі тетқусіз сенетін, жігерлі үн естілді.

– Әділетсіздіктен туып, қоздап жатқан құрғақ ойлар қалжыратты ғой, Есен, сол тауқыметтен сені де, өзімді де құтқарғым келіп отыр. Қазір сен әлдекіммен таласып қызара бөртіп отырсың, жеңіп, шықпақсың, дәлелің күшті-ақ, өйткені шындық сен жақта – айыбың жоқ. Бірақ ол қысыр толғақ қой, Есен, қарсы күш сенен басым, бұл бұғаудан жылдам құтыла алмайсың. Тілерсекке түскен қыл бұрау оңай үзілмейді, мойынға ілінген көгеннің бұршағы шиеленіп қалса оны ағыту қиын. Мұның ең жаманы – тірі жан сенімен дауласпайды, шындықты олар да түсінеді... Осында жиырма шақты кісі отырмыз, соның көбі жаны ауырған соң құдайын қарғайды. Барлық пәлені “мұрттан” көреді, ал мен мына “қырттардан” көрем. Революция кезінде қан кешкен, патша заманының тепкісін тартқан, ұлы көсемімізден өнеге алған “мұрт” өз еліне содырын бұлай тигізбесе керек”. “Жақсы төсекте жатсаң жақсы түс көресің” – демей ме халық... Осылай толғап келді де Мочан кілт кідіре қалды. Менің бетіме үңіле қарады, ойымды тінтіп отырғандай ол.

– Сіздің сөзіңізден ойыма түсті, баяғыда баласы карта ойнап ұтылып келгенде әкесі ашуланып: “Шырағым, осы сенің түбіңе жететін “жиырма бір” ғой, соны қойсайшы енді”, – дегенде баласы тұрып: “Жоқ әке, қате айтасыз, мені құрытып жүрген “жиырма бір” емес, жиырма екі ғой” – депті. Баласы “күйіп” кететінін сездірген екен. Сондай-ақ, бізді құрытып жүрген “анау” емес, “мынау” дейсіз. Бірақ... – деп кібіртктеп тұрып қалдым.

Есен осы сөзін айтқанда Құламерген шыдай алмады:

– Есен-ау, өзіңнің ойыңды қойып, бізге ана досың Мочан сөзін жеткізші. Сені біз талай естігенбіз, – деп түйреп өтті.

– Мені иландыру үшін Мочан бір мысал келтірді, – деді Есен. – Шығыста бір атақты хан – абыз екен. Ол түнде дұға оқып жын-шайтандарды шақырып алып, таң атқанша билетіп, күй тартқызып сауық-сайран құрады екен. Таң сімерлеп атып келе жатқанда тағы дұға оқып, оларды таратып жібереді екен. Әкесінің осы зікірін баласы үйреніпті. Күндерде бір күн хан жолаушы кетеді. Баласы зікір салып жын-шайтанды шақырады. Олар түні бойы ойнап асыр салады. Енді таңертең қайтаратын дұғаны баласы ұмытып қалады, заты, ойын-сауық баланың бойын билеп кеткен тәрізді. Таң атып кетсе, бала жынданады. Албастылар зікіршінің өзін басады екен.

Осындай қысылшаң мезгілде әкесі келіп баласын өлімнен құтқарған ғой. Ендеше, мына “қырттарды” – қызметке шақырып алып, енді соның уытын “Мұрт” өзі қайтара алмай, құтыла алмай отыр ма деген ойға сен қалай қарайсың? – деп сұрады Мочан.

Ол менен жауап күтіп отыр, түсінсем де тіс жармадым, Меніреуліктің пайдасы барын бұрын білгем, өз өмірімде ойымды дауыстап айтатын жан едім, сол даңғаз мінезімнен талай жерде таяқ та жегем. Өйткені аузыңды ашсаң айтасың, айтсаң опық жейсің. Іште жатқан сырды сыртқа шығармасаң оған өзің қожасың, ал егер аузыңа ие бола алмай айтып қойсаң ол саған қожа ғой. Сорлылық тап осы арадан басталады екен.

Еңбек істесең қателеспей қоймайсың, харекетсіз жан мінсіз. Сондықтан бойым балқыса да, ойымды өрістетпей, жанды жусатып салып, тек қана сергек құлақты күзетке қойып, тырп етпей сілейіп отыра бердім.

Мочан әлгі сұрағына жауап іздеп ежіктемеді, өз ойын әрі қарай соза берді. – Мен 1919 жылы жас едім, – деді

ол. – Бұдан бір жыл бұрын партияға кірдім. Әкем 1905 жылдан коммунист. Ол Владимир Ильичтің соңынан ерген досы. Орджоникидзе, Дзержинский, Фрунзелермен тізе қосып революция жолында қызмет істеген адам. Ұлтымыз латыш, әкем дивизияның командирі, ал мен ротаның командирімін. Сол 1919 жылы Дон бойындағы “ақтардың” екінші армиясымен қан майданда қидаластық. Қыршын жас кезім, оттан да, судан да қайтпайтын албырт шақ қой...

Түн ортасы ауған кез, аспан айсыз, тастай қараңғы, көзге түртсе ешнәрсе көрінбейді. Командирден бұйрық келді. Шақыру тығыз болса екі аяқ дедек қағады. Әскер тәртібі мәмлеге көнбейді, жарлық екі болмайды. Жай отырғанда мейірімді әкем еді, бүгін қызмет бабында аузынан ол от шашады, бетіне қаһар біткен, жаның түршігеді. Әлгіде ғана әскери мәжіліс болып өтіпті...

– Рота командирі Мочан, келдің бе? – деп салқын дыбыс берді әкем бетіме қарамастан. Мен қаққан қазықтай қалшыып тұра қалдым.

– Дон өзеніне салынған зәулім көпірді бүгін түнде барып қиратып қайтуың керек.. Тапсырма осы, – деді ол. – Сенен басқаны жұмсау революцияны сатумен бара-бар, өйткені бұл міндетті орындау тек сенің ғана қолыңнан келеді. Әскер басы елін билеу үшін өзінің әділдігіне солдаттарын мойындатуы жөн. Әкелік ыстық сезімді қазір ақыл билеп тұр. Өлім мен өмір егіз, шырағым, сертті кезеңде сескенбе. Жауды аясаң жаралы қаласың, ал өзінді аямасаң дұшпанның бетін шиедей қыласың. Бұғып жүріп жүз жыл өмір сүргенше, топасқа тізе бүкпей бір минутте адал өлу керек. Ұжданыңа ауырлық түсірме, бетіңе шіркеу келтірме, кідірмей аттан қазір, жолың болсын, сақтық та керек, балам, – деп орнынан түрегелді де, мені бауырына басты. Қасымызда тірі жан жоқ. Әкемнің қамығып, өксуін сезбедім, ол қайсар жан еді. Сондағы әкемнің құшағы жылы төсектен әлдеқайда артық көрінді.

Ақтың офицерінше киіндірді. Қалтамда ақтың армиясынан алған құпия документім де бар. Заты, қолға түскен біреудің киім-кешегі, қару-жарағы болса керек.

– Қоштасар жерде де әкем босаған жоқ, теріс айналып: “бар, балам, жолың болсын, кешікпей қайт, өзім күтіп отырам”, – дей берді... Әкемнің сол секундтегі жүрек толқынын өзім әке болғанда ғана білдім.

– Таң қараңғысында көпірге таяндым. Атымды қаңтара тастап еңбектеп ілгері жылжыдым. Осы көпірді бұзу “ақтардың” тас ошағын талқан етумен тең. Жолын кесіп, тамырына балта шабу екен. Бекінген жау бейбіт емес, күзетшінің қарасын да көзім шалды. Қиыстап барып бомбаны тастап-тастап жібердім. Көпір быт-шыт болды. Әкемнің тапсырмасын орындадым. Міне, көрген-баққаным осы-ақ! – деді Мочан... Ойын бітіре алмай мамырлады.

Қабағы түксиіп томсара қалды. Уақиғаның жайсыз кезеңіне жеткендей бет-аузы қарауытып, тұнжырап отыр. Өткір қылыш тіліп-тіліп кеткен беті айғыз-айғыз. Талай сайыстың ізі сайрап жатыр. Қаһарлы ашу қалқып бетіне шықты. Бір кезде қанқұйлы жауына семсерін сермей алмай қалған өкініші де белгі бергендей.

– Федор Васильевич-ау, неге үндемей қалдыңыз? Құлағым сізде, уақиғаның нағыз қызық жеріне жаңа жеттіңіз, баяндай беріңіз, я, соның арты немен тынды?

– деп өршелене сұрақ қойдым.

– Мен енді Мочанның қасына жақындай отырдым, – деді Есен. Тұтқындағы жандар көлденең сөзді, көрші сөзін тыңдамайды. Әркім өзімен өзі әлек. Айнала ызың-ызың, сыбыр-күбір, мұнда баяу күлкі де, күрсініп өксу де – бәрі де еміс-еміс естіліп жатады.

– Оның несін сұрайсың, Есен, мен сол түні жаудың қолына түстім ғой, – деп булығы сөйлеп кетті Мочан.

– Сен басыңа ат теппеген жансың, тек біреу сені күндеп көрсеткен, сонымен шырмалып жүрсің, әрине, бұл бұраудан

түбі құтыласың. Жалғыз-ақ өтінішім бар, сен жассың ғой, мен олай-бұлай бола кетсем ұмытпашы, тар жерде жолдас болдық. Мені сен түсіндір жұртқа, – тарих жолы осы. Шын коммунистпін. Әкемнің жолын құмай, жаза басу қолымнан келмейді. Әуелден-ақ бекінген сертім осы. Дүниеде ауыр нәрсе өтірікті мойынға алу, жан сауғалау, шырақ... – деп ауыр күрсінді Мочан.

– 1919 жылы ақтардың зынданына түстім, неше алуан тергеуде болдым. Төрт қазық қағып керіп тастап дүреге де жықты. Ісіп-кеуіп кеттім. Ыстық темірді жалаңаш тәніме шыжылдатып басты. Құлындағы даусым құраққа шықты. Қайнаған суға малшып денемді қарыды. Соңынан мұздай суға салып дірдек қақтырды. Өткір бәкімен бет-аузымды тілгіледі. Қылышпен шапқылады. Дарға да асатын болды. Атуға да бұйырды. Үкім шығарды, құлағыммен естідім. Не көрсетпеді, құр шыбыным жүрді. Қу сүйек болдым. Нәр татқызбай ашықтырды, арықтаған адамның терісі қағаздай жұқарады екен. Шіркін адам ит жанды ғой, шыдай береді. Бірақ өлтірмеді, жау өз керегін іздеп жүр. Кейде мәпелеп асты-үстіңе түседі, майлы тамақ береді, шылым тартқызады, менің қыршын жастығымды айтып мүсіркейді.

Сол азаптаған тергеушінің аты Сұлтан, мұрты ұзын, қаны қашқан, ұрты суалған қара сұр кісі. Жан алғыш әзірейілдей түнеріп зәреңді алады. Ол кавказдық, мен Балтық бойындағы латышпын. Сонау долы дауылда Дон өзенінде кездестік. Аумалы-төкпелі өмірде ұшырастық. Дүние екі жарылғанда қан майданда екі таптың намысын жыртып қоян-қолтық алыстық. Жұлқыласа бердік. Қадалған жерден қан алатын сұр жыланды ысқырады, сонда да жыға тани алмай діңкесі құруда. “Сен Мочан емессің бе?.. – деп те сұрап қояды. Соның артынша: “Қызылдың әскері қай жерде, оның қандай қару-жарағы бар, күші қандай, басшысы кім?” – деген сұрақтарды жаудырады.

– Шырағым Есен, енді айтайыншы, бәрі де өтіп кетті ғой, өлімнен қорықпайтын адам болмайды. Әркімнің өз жаны өзіне тәтті. Кейде өте майысып та отырам. Жастығым билейді, алдауға көнем. Бәрін айтып құтылуды ойлаймын, босанғым келеді. Сол заматта әкем есіме түседі, ішінен шыққан жалғыз құлынын ажалға айдағанда: “өлім мен өмір егіз, сертті кезеңде сескенбе. Бұғып жүріп жүз жыл дәурен сүргеннен әділдіктің жолында өлу артық!”.. деп еді. Осы сөзі құлағыма анық естіледі де қайта бекінем... “Мен Дон бойындағы ақтардың екінші армиясында қызмет істейтін офицермін, Василий Ивановичпін” – деп қақсай жөнелем. Әкем берген өтірік документтің ішіндегі сөздерді пысықтаймын. Жазалау, дүреге жығу қайта басталады...

Қандай керемет, қандай тағдыр кезікті, оны білмеймін, бір күні көзімді ашсам құла түзде көп өліктің арасында жалғыз жатырмын. Айналамда қырғын тапқан адамдардың көбі киімшең қалған. Аударыспақ дәуір ғой, қай кезеңіне кезіккенімді өзім де ұға алмадым, әйтеуір тірімін...

Итшілеген өмірдің қайсы бірін айта берейін, шырақ. 1920 жылы Мәскеуге келдім. Владимир Ильичтің алдында болдым. Ол кісі мені ВТУЗ-ға оқуға жіберді. Содан оқып шықтым да Воронеж қаласындағы бір үлкен тресте бас инженер болып қызмет атқардым. Аузым аққа тиді, мұратқа жеттім. Арман орындалды. Сүйген жарға қосылдым, одан бір ұл, бір қыз көрдім. Бір аштың бір тоқтығы болады, ұжданым таза, қызық дәурен сүрдім. Сен енді қинамашы, Есен, ар жағын айтпай-ақ қояйын, – деп кілт тоқтай қалды Мочан.

– Айта беріңіз. Сіз нағыз революционер адамсыз. Осы жолда қан төккен ер екенсіз. Бұл жағдайға қалай киліктіңіз? Менің жөнім қосақ арасында бос кету болсын, ал сізге үйлеспейді ғой. Бұл қалай, әлде пара алдыңыз ба, немесе басқа бір қылмыс істедіңіз бе, мұндай күйге қашан душар болдыңыз? – деп ежіктей сұрадым.

Мочан көп уақыт дыбыс бермеді, кірбендей жымыды, жұдырығы жұмылып кетті. Шықшыты қимылдап, тісін шықыратты, түгі сыртына теуіп реңі сұрқай тартты. Тітіркеніп, тұла бойын билей алмай ырғатылды. Мочан қомданып та, қозғалып та қойды. Электр шамы күңгірт сәулесін төгіп, бет-аузын түкситіп көрсетті. Қабағын тігіп, ол әлденеге тебірене ұмтылғандай үңілді. Өзі өте жүдеу еді. Әлсіз жан, қажыған адам сәуегейлікке сүйенеді, ол құмалаққа да, көрген түске де, елеске де сене береді. Осылай отырды да Мочан:

– Сен айдауға кетесің, бос жүресің, ал мен жиырма бес жылға жазаланам, абақтыда отырам, жап-жаңа түс көрдім, – деді. Мен қатты састым. “Есі ауған шығар ауырған болар”, – деп топшылады. Олай емес екен, аздан соң тағы толғанды Мочан.

– Шіркін, әкем, жалғыз баласын жауға аттандырып қайтып келеді деп екі көзі төрт болып әлі күтіп отыр-ау! Немесе сонау қанды жорықта жер томпайтты ма? Екеуінің бірі. Сабырлы ақыл әкені өлімге қияды, бірақ асау сезім көңгісі келмейді, әлі тірі жүргендей көреді... – деп Мочан сау адамның сөзін сөйледі.

– Өмір жолы иір-иір шытырман, шырағым. Кітапта айтылғанның бәрінен де мұның арнасы кең. Осы өткен отыз екі жылдың ішінде үдермелі ұзын сапарда жүрдік. Жаңалықтан жаңалыққа аяқ басып, әлі тартып келеміз.

Өлімнен өзгенің бәрін көрдім, көсем де, шешен де атандық. Енді қырықтан асканда артымызға айналып қаралықшы, Есен! Өзіміз өстік, оқыдық, үлкен білім алдық. Еліміздің көркейгенін де көрдік. Сонда бізге не жетпей тұр, осыны түсінбеймін... – дей бергенде Мочанның сөзін бөліп жібердім,

– Бізге жетпей тұрған нәрсе – Владимир Ильичтің жоқтығы ғой деймін, Федор Васильевич, егер біздің бақытымызға ол өлмесе, мұндай болуы мүмкін емес. Ол

қатені қылмыстан айыра білді. Талайды түзу жолға салды. Ол тірі жаннан қаймыққан да жоқ, неге қымсынсын! Ол коммунист партиясының әкесі, мемлекеттің басшысы, ұлы елдің өз баласы – Владимир Ленин ғой. Кімнен тайсалады? Қит еткен жанды тұтқынға алу, жазалау, тегі, қорыққанға қос көрінуден туған құнсыздық-ау! – деп қыстырылдым.

Мочан ойланып қалды.

– Бұл сөзіңнің дұрыстығы да бар шығар, бірақ ешнәрсені кесіп айтпа, көп біле берме, жассың ғой, – деді ол.

Күзетші-надзиратель зілдей темір есікті ашты да ішіне итеріп жіберді. Ине шаншар жер жоқ, бұлыңғыр бу аспанға шығады. Алпыстай адам аядай бөлмеде тұншығып отыр. Есік жабылып қалды, мен босағада тұрмын. Оң жақ қабырғадағы сәкінің үстінде ұзын мұрты түксиген біреу маған үңірейе қарады да:

– Е, Мочан екенсің ғой, аманбысың? Төрлет, неге жатырқап тұрсың, бұл өз үйің емес пе? Мені әлі таныған жоқсың ба? – деп шұқшия сұрады. Шырамытсам да жыға танымадым. Күтпеген жерден килікті. Кекете күлгенде бар денесі қозғалды. Артынша бар зәрін бойына жиған жыланша түсін суыта сөйледі. Тісін шықырлатқанда шықшыты бүлкілдеді.

Мен Сұлтанмын, туған жерім Кавказ тауы. Баяғыда Дон бойындағы ақтардың екінші армиясында қызмет қылған офицермін. Енді таныған шығарсың. Кімнің қателескенін сезіп тұрған боларсың. Есінде ме сені тергеген мен едім ғой, бірақ өзінді анық танысам көзіңді сонда-ақ жойып жіберген болар едім. Ол уақытта мен қолыңа түссем сен де соны істер едің. Жау едік. Міне біз қазір доспыз.

Мочан, мен сені Гитлердің концлагерінде де көрдім. Онда да мен жақсы тұрдым. Власов армиясымен өткен едім. Мойының ырғайдай болып жүдеп жүргенде сені тани тұрып қасыңа баруға арландым. Оның үстіне шет елде сорлы өмірде жүрген сені келемеждеу пасықтың ісі. Қан

майданда кескілеспей ұрланып пышақ салу ұсақ ұрының қылығы.

Менің мойнымда сенің қарызың бар, Мочан. 1919 жылы сені өлтіруім керек екен, онда мұндай сергелденді көрмес едің-ау!

Осымен үш кездестік, жолдаспыз ғой, сорлы-ау, енді достық ақылмды тыңда, мойныңа ал, мен де айыбымды мойныма алдым ғой. Көп сөзді доғар, сен бүгіннен бастап жаусың. Доспын деген бос сөзіңе менен басқа ешкім нанбайды, нандыра да алмайсың. Мен саған куә болмаймын... Гитлердің пленінде болғаның рас. Ит жемеді өлесің. Онан да жаумын, отанымды саттым десең, өлмей қаласың, азар болса жиырма бес жыл аларсың.

Мені тергеуші ақ нан беріп, майлы шұжық жегізіп күтеді, өйткені, ол: “Кеңес өкіметіне жаумысың?” – деп сұрайды, мен, “жаумын” – деп жауап қайырам. Ақтың офицерімін деймін. Власовпен бірге жау жаққа өттім деймін. Болғанды бұлжытпай айтам. Ал, сен сорлы алдайсың. Бұлар түгіл жауың біздің қолымызға түскенде де қасарысып болмағансың, кеше Гитлерге де көнбегенсің, рас, сен оны да, бізді де алдай алдың.

– Бар өшін алғандай, жүрегіндегі улы жуындыны төгіп тастап, ішін бір босатқандай жадырады. Менен жиіркенді білем, теріс айналды. Өкініш те жоқ, үн де жоқ, босағада сілейіп тұрмын. Шіркін өмір, ойы-қыры мол-ау! Дүниеде ауыр нәрсе өзінді түсіндіре алмау. Қарғыстың ең алды досыңның дұшпан санауы екен. Амал не? Бұдан қайғылы уақиғаны басымнан кешіргем жоқ. Қандас жауым Сұлтан камерада отырып семірді. Ол өз үйіндей ойнақтап жүрді. Тамағы тоқ, әлді адам Сұлтан, жұрттың бәрі соның сөзін тыңдайды. Шолақ сәудегерше шолтандайды ол. Қара қайыстай қатып, инеліктей имейіп, көтеремше әрең қимылдап құр сұлдерім жүр. Тұтқында отырғанда қолдан не келеді, бар бітіргенім арам қатсам да оған бас имеуге бекіндім.

Міне, Есен, мен осыны басымнан кешірдім. 25 жыл алып осында келдім, одан кейін Сұлтанدى көргем жоқ...

– Сіз сол Сұлтанға қалай қарайсыз? – деп сұрадым.

– Ол қанқұйлы жауым, бірақ ақымақ емес, табанды, жігерлі дұшпан, қан майданда қарысып тұрып, кескілесетін анық жау! Онымен келісу қиын, ендеше кешіру де мүмкін емес, – дегенде қажымайтын қайратты күрескер, келешектен күдерін үзбеген, шын революционер Мочан көз алдыма келді.

– Мені баурап әкетті, азырақ қажытып та алды.

– Есен шырақ, сен мойып қалма, өмірің алдында. Тепкенде темір үзетін күнің емес пе, осының бәрі де әлі-ақ өте шығады, коммунизм идеясы өмірі өлмейді. Сол жолға кәміл сенем.

Әңгіме аяқталды да жатып қалдық. Жүрер алдында қоштасып тұрып, Есен:

– Балам, қайда жүрсең де талабың жоғары болсын. Мочанды тірі көрсең менің сағынған сәлемімді айт! – деп Есен, қолымды қатты қысты.

ҚАЙЫП ТОЛҒАУЛАРЫ

КЕЗДЕСУ

1

Халық ақыны Қайып Айнабековты мен баяғыдан білетін едім, өйткені менің үлкен әкеммен Айнабек өз тұсында дос болыпты. Бұл әңгімені бір кезде ел аузынан еміс-еміс естігем. Ескі жайды жақсы білетін өз әкем де ерте өліп кетті, сөйтіп Қайыппен бетпе-бет кездесіп, тізе қосып отырып сөйлесуге мүмкіндік болмай-ақ қойғаны ғой. Әрі мен елден ерте қол үзіп кеткем-ді.

Анығырақ айтқанда, 1925 жылы оқу іздеп кеттім. Содан міне биыл 1947 жылы 29 декабрь күні ескі Қарағандыдағы қарт ақын Қайып Айнабековке сәлем бергелі кеп отырмын.

– Ассалаумағалайкум, – деп кіріп барғанда ол маған қолын ұсынды да, бетіме үңіле қарады. Танымай отырғанын түсіндім, өйткені ортада жиырма екі жыл аралады, бір кездегі қыршын жас енді өзгеріп кетсем керек. Баяғы мен көргенде қырықты қусырып жүрген егде Қайып, аса көп өзгермепті. Оның үстіне мен іздеп келіп тұрмын ғой...

Жөнімді айтқан кезде, орнынан ұшып түрегеліп, құшақтап көрісті де:

– Баяғыда, – деп бастады қарт, азырақ алқынып жөтеліп қалды, – Шортанбай ақын мен мына біздің Алагөшек Сәттібай екеуі дос екен. Солар бір жылы үш айдай бірін-бірі көре алмай сағынысып қалыпты. Ол кезде үш айдың өзі де көп уақыт болса керек қой, – деп бір толғап өтті.

Мен тындап отырмын, ымырт жабылған кез, үйдің іші ала-көлеңке. Бибіжан жеңгей амандасып болып, ауыз үйге шығып кетті, заты, тамақ істеп жүрген сияқты.

– Бір күні Шортанбай мен Сәттібай екеуі бір қылтадан шыға келіп, оқыс кездескен достар аттарынан түсіп құшақтасқан екен, сонда Шортанбайға: “Тіліңнің желі, аузыңның ебі бар еді, сен осы кездескенімізге бірдене деші”, – депті. Сонда ақын Шортанбай жұлып алғандай:

“Бай да өлген, батыр да өлген, патша да өлген,
Өлмей тірі қалған жоқ ажал келген,
Ұжмақтың кілтін ашып көрген жан жоқ,
Дүниенің ең қызығы тірі көрген...” –

деген екен. Шырағым, аман-есен көріскеніме қуанған соң осы бір сөзді айтпауға болмады. Я, – деп барып, күллі денесі селкілдей қозғалып, еңтіге жөтелді.

Мән-жайды сұрасып болғанша ет те пісті. Дастарқан жайылып бір табақ ет келіп ортаға орныққан мезетте, сақал-мұртын қырау басқан, сеңсең тонның жағасы шаңғытқан аппақ шал кіріп келді.

– Жоғары шығыңыз...

– Ой, мынау өзіміздің Қасым ғой...

– Жолыңыз болсын.

– Я, отыра қал, жамандамайды екенсің, дер кезінде келдің, шешін, ет же!... – деген танымал кісіге айтылатын жылы сөздер қайталанып жатты.

Бұл Қасым мына Қайыптың жақын туысы, момын кісі. Қайып ауырып, төсек тартып жатқалы көп болыпты, көңлін сұрауға келген беті екен...

ТҮС

2

– Мына Қасымды көрген соң есіме түсіп отыр, осы кеше мен түс көрдім, – деп бастады Қайып. – Түсімде өзім өліппін. Әрине, өмір бойы намаз оқып, құлшылық қылмаған мені құдай аясын ба, дозаққа апарып тығып жіберіпті. Дозақта отырып, бір саңылаудан сығалап қарасам ұжмақ пен дозақтың арасында тілі салақтап, төрт көз екі сары төбет жүгіріп жүр. Ұжмаққа барса қақ бастан бір салып қаңсылатып қуып шығады, арсалақтап дозаққа келсе де көрген күні сол. Бұл не хикмет екен деп қатты таңырқадым. Ол екеуінен менің халім әлдеқайда артық тәрізді. Соларды аяп, тесіктен телміре қарап жыласам керек. Көзім бұлдырап кетіпті... Бір кезде байқасам қарсы алдымда салбырап сен тұрсың. “Ой, Қасым, сен неге дозаққа келдің? Бейшара-ау, жазығың жоқ еді ғой...” деп сұраймын. Сонда сен: “Тонқандап намаз оқығаның кімге керек, туысқаның ауырғанда көңлін сұрамапсың деп айыптап жатыр мені”, – дейсің. Иегің кемсеңдеп, екі ерінің илікпей булығысың, сақалыңнан жас тамшылап ағады. “Қой енді, сабыр ет, жылама, бірге болсақ өлмейміз, күн көрерміз”, – деп мен сені жұбаттам...

Біраздан кейін етің үйреніп уанасың да, маған күле қарайсың. Әй, Қайып, ана төрт көз екі төбетті танымасың? Олар әлгі сенің құрдастарың – қос Құсайын ғой... ұжмақ; “арақ іштің” – деп айыптаса, мына дозақ “намаз оқыдың” – деп қуалап жүр, қайда барса күн жоқ, олардан мен артықпын”, – деп шүкірлік қылып, лепіре сөйлейсің... Намазбен де, арақпен де, ақшамен де бақытқа жету, ұжмаққа кіру қиын екен! Асылы, адал ындын, әділ жүрек керек! – деп самарадай қақсап тұрсың. Қасым-ау, сенің икемге келіп қалғаныңды көрдім де, қуанып ояндым... – деді Қайып.

– Көңіліңді кешірек сұрағаныма ренжіп көрген түсің екен ғой. Осы өтірік түсіне сен шын ойынды сыйғыздың, бірақ, менің бір тілегім бар: енді бұл түсіңді ешкімге айта көрмеші! – деп өтіне сөйледі Қасым. – Ұжмақ пен дозактың да жарылқары шамалы көрінеді. Мен де сенімен біргемін... – деді. Көкпекті совхозына жүрмек болды. Менің де сол совхоздың директоры Сәбиге жолығатын шаруам бар еді. Декабрь айында Қарағандының суығы қатты болады, оның үстіне сырма боран соғып тұр. Күн құлақтанып батқан, құбыладан соққан үскірік жел темірдей тиеді.

Үстімізге қаптал тон тауып киіп, жайдақ шанаға отырып, совхозға тарттық. Қаптал тонның жарасын қайырыңқырап қойып, бетін бізге қаратып ашты да, Қайып әңгімеге кірді...

“БАС БАЛҒЕР”

3

– Қайқа, әңгімеңіз өте қызықты екен. Біз де, мына балалар да тыңдап, әбден рахаттандық. Айта беріңіз, – деді Сәби.

– “Айта беріңіз, айта беріңіз” дегенше өзің неге айтпайсың? Қайнағаны шаршаттың ғой, түк білмейтін бозымсың-ау, ә?! – деп Жаңыл өз күйеуін бір түйреп өтті. Сәби үндемеді, оның үйренген сөзі тәрізді. Отасқалы екі-ақ жыл толған, егде Сәби өзінің жас келіншегі Жаңылды өте еркелетуші еді.

“Бозымсың-ау”, – деген ұрт айтылған ерке сөзді естігенде біз Қайыпқа да, Сәбиге де жалтақ-жалтақ қарасып қалдық. Балаусыз айтылған бөгде “бозым” көп нәрсені еске түсіргендей. Сәбидің кәрілігі де, көп жыл отасқан қосағы өліп жаңа алған жас тоқалдың өктемдігі де, екі баланың жетімдігі де көз алдымызға көлденеңдей берді. Мұндайда

ешкім өз үйін ойламайды да, өзінен өзгеге басалқы айтуға шебер ғой.

Түйіле қалған осы кезеңде де даңғыл жүйрік – кәрі тарлан керек екен. Алғашқы қалпынан өзгерместен қарт Қайып үзілген ойын сабақтай жөнелді. Ешбір оқшау әңгімені естіген де, сезген де жан тәрізді емес.

Әңгіменің желісін аудара қағу үшін тақпақтай тартты.

“...Тәтті дәмнің иісін,
Адамнан бұрын ит білер.
Құлқын құмар кейбіреу
Тіміскілеп итшілер.
Мақтанғысы келгенде
Итшілеп жүріп итше үрер.
Ит – мен итпін демейді,
Ит екенін жұрт білер”, –

деп, бір толғап өтті. Қасындағы балаларға айтып отырғандай жымия күліп, соларға емірене үңілді.

Аңырып біз отырып қалдық. Ежелгі шораяқ біздің ындынымызды шенеді ме, жоқ келінін түйреді ме, бұл арасын ашпады. Әркім өзінше түсініп, сыбағасын үлесіп алып жатқандай.

Дәл осы бір сәтте Қайып:

– Баяғыда Отырар жерінде бір шал болыпты. Сол шалдың жас әйелі бар екен. Екеуі моншаға барыпты. Моншаға жаңа ғана түсіп жатқанда иесі келіп хабар беріпті; “Моншаны босатыңдар, ханның бас балгері келе жатыр”, – депті. Осындай әділетсіз қылыққа қорланған келіншек моншадан амалсыз шығып, киініп жатқан күйеуіне қарап: “Әй, құрысқан шал, ендігі жұмаға шейін ханның бас балгері болмасаң мен сенен айрыламын”, – деп, үзілді-кесілді ант беріпті...

Екінші жұмада моншаға тағы келіпті. Бәлеге не кезікпейді десейші! Монша иесі тағы да хабарлапты: “Ханның бас балгері келе жатыр, моншаны тез босатыңдар!..” – депті.

Шал екі оттың ортасында қалыпты. Балгер болайын десе “балдан” дым білмейді, ал балгер болмаса нақ сүйер жарынан айырылады. Не істеу керек? “Былай тартса өгіз өліп, былай тартса арба сынып” көп дағдарады да, ақыры шал ажалға басын байлайды. Моншадан жалаңаш суырыла шығып, көшені бойлай жүгіре жөнеледі... Жан ұшырып келе жатса, хан өзінің үй ішімен бас қосып, лапастың астында көлеңкелеп, шай ішіп отыр екен. Есеңгіреп келген шал ханды жағасынан сүйреп лапастың астынан суырып алып шығады. “Іс оңаларда жел оңынан соғып”, лапас құлап ортасына түседі... Ханның үй іші түгел қырылады. Сонда өз тірлігіне шүкіршілік еткен хан: “Әй, қаңсыған шал, сен менің өлім аузында тұрғанымды қалай біліп келдің?” – деп сұрапты. Реті келген жерде шал да қара жаяу болмаса керек: “Тақсыр-ау, мен өнімде де, түсімде де сіздің тірлігіңізді ойлаймын. Бал ашатын да өнерім бар еді...” – депті, Хан тұрып: “Ендеше ертеңнен бастап, сен менің бас балгерім боласың”, – деп жұртқа жариялайды.

Балгер болғанына он күн өтпей-ақ ханның қазынасы ұрланады. Хан шақырып алып, жоғалған қырық сандық алтынды “тап!” деп бұйырады.

Хан зіркілдеп отыр, алтынды таппаса басы кетеді, табуға мұршасы жоқ бал ашуды ол білмейді... Дағдарған шал қырық күнге мұрсатана сұрайды. Ондағы ойы бүгін өлгеннен көрі, қырық күннен кейін өлуі дұрыс тәрізді.

Хан қырық күн мұрсатана береді. Шал қаңғырақтап жүріп базарға барады, өрік сатып алады...

Үйіне келіп қалтасынан бір өрікті суырып алып әйеліне айқай салады: “Қатын, қатын, мына бір кішкенесі қолыма түсті...” – деп сандырақтайды. Қатыны аң-таң...

Ұрылар да қарап жатпайды, ханды өлім аузынан құтқарған бас балгердің ізін аңиды. Соңына түсіп, күзетіп жүрген біреуі, балгердің әлгі айқайын естіп тұра қашады. “Мені біліп қойды, “мына бір кішірегі қолыма түсті” – деп, әйеліне сыбырлағанын құлағым естіді. Енді

мен бармаймын, өздерің барындар”, – деп әлгі бала ұры безек-безек етеді...

Содан кейін ұрылар қуыстанып кезек-кезек аңдатын болады. “Құланның қасынуына, мылтықтың басуы кез келіп” бәрі де ылғи: “мынасын ұстадым, анасын ұстадым” деген сияқты үрейлі сөздерді естиді. Жанын қоярға жер таппай аласұрып жүрген шалдың “ұстағаны” қалтасындағы өрік екенін ұрылар аңғармайды...

Ақырында ұрылардың басшысы: беті бұжыр, мұрны пұшық кеспелтек қара кісінің өзі жансыз келіп тыңдайды. Сол күні шалдың қалтасында өрік таусылып, бір құрт жеген тастай қатты, түйіртпек біреуі қалған екен. Соны суырып алып: “Қатын, қатын, мына бір бет-ауызын құрт жеген, тастай қатты, шағалдақ біреуін ұстадым...” депті. Осыны естіген ұры үйге кіріп, шалға қарап: “Қазынаны ұрлаған біз едік, ханның алтыны қаланың сыртында, көп қорымның қасында көмулі жатыр, енді бізді сен көрме, сені біз көрмейік”, – депті де, жүріп кетіпті. Ақылынан шатасқан шал есін жиып, ханның алтынын тауып беріпті. Кездейсоқ таңылған ұлы атақтың қуатын ол сезбесе де керек.

Біраз күннен кейін, ашқан балына өте риза болған хан бір күні балгерін қаланың сыртына серуенге ертіп шығыпты. Бір көгалға келіп, аттан түсіпті де, хан отырып дем алыпты. Бір шегірткені шөптің арасынан уыстай ұстап алып, саусақтарын жұмып, қолын жоғары көтеріпті де: “Балгерім, тапшы, осы жұмырығымда не бар?” – депті.

Хан жарлығы екі болмайды, таппаса басы кетеді. Осы ойлар билеген сорлы шал өз мұның шертеді: “Бейшара-ай, бір секіріп едің, құтылып едің... екінші секіріп едің, тағы құтылып едің, ал үшінші секіргенде, дәу де болса, тұтылған шығарсың...” – деп зарланады (біріншісі – моншадан қашуы, екіншісі – ханның алтынын табуы, үшіншісі – осы жағдайды айтып тұр ғой). Сонда хан: “Әй, бәрекелді-ай, балгерім балгераксың-ау, мұның шегіртке екенін қайдан

біле қойдың, оны менің екі секіріп, үшінші секіргенде ұстағанымды қайдан білдің?..” – деп қарқ-қарқ күледі.

Қарттың ишарасынан көрі әңгіменің өз желісі билеп кетті де, бәріміз мәз болдық. Ой-өрісін қысыр сөздің мазмұны меңгеріп әкеткендей боп еді. Ешкім ешнәрсені дық көріп, ішіне түйген де жоқ, жаяу әңгіме осылай жәйуат аяқталды.

“КЕШЕ ДЕ АЛМАСПЫН”

4

– Менің он бес-он алтыдағы күнім, Сәрібай қарттың қасына еріп Қараөткел бардым, – деп бастады Қайып: – Жолшыбай Тайтөбенің түбінде Нысан батырдың моласы бар екен, соны көрдік. Нысанның моласын көргенде сексеннен асқан шал Сәрібай мынау әңгімені толғап еді:

– ...Бұл Нысан менің туған ағам. Дүниеге келіп, қанға тоймай өткен Кенесарының туысы Ержан өлтірді оны... – деп бастады қарт.

Нысанның тақымына басқан Жекейторы жер баспаушы еді. Қашса құтылып, куса жететін желаяқ, қамыс құлақ, бөкен қабақ, бота тірсек, көзі тостағандай, омырауы аяқ қаптай сәйгүліктің өзі еді. Ержан осы атқа қызығады екен.

Нысаннан өзі сұрап ала алмайды да, ханның алдына шақыртады. Бұл сырды маған ол айтқан емес-ті. “Кенесары шақырып жатыр” деген хабарды естігенде мені де ертіп жүрді. Жаңа талап жас пері кезім болатын.

Ханның ордасына кіріп, сәлемдесіп отырған кезде: “Нысаным, аман жүрмісің? ... Жекейторың жесірлік ат деседі. Осы жолы ел сынасатын да, ер сынасатын да жерім ғой...” – деп хан ойын түймей кідірді де, біздің бетімізге қыдыра қарады. Кенесарының беті қызарып, көзі қанталап кеткен екен. Нысанның бетіне біткен қызыл қаны тап осы арада Кенесарыға қотарылып құйылғандай. Ол қызара

бөрткенде Нысан ағамның бозарғанын көріп мен аң-таң болдым.

Сырты сұлу сөздің ішкі зәрін ол кезде түсінбесем керек. “Жекейторы “сырты түк, іші бок” бір мал емес пе, тәйірі, оны жауға кім шапса, сол мінеді ғой, бірақ өз еліңізбен, өз еріңізбен сынасуыңызға түсіне алмадым”, – деді Нысан. Сөзі келте, дыбысы тентек шықты. Бет ажарында бағынудан гөрі басыну бардай. Ол кісі оқыс бұрылушы еді ғой.

Осы бір мезетте, Кенесары қомданып, қозғалақтай берді. Жүзі құбылып сұрқай тартты. Қамқа тонын қаусырына түсті де:

– Я, Нысаным, солай де!.. – деп мақұлдағандай да, кекегендей де екіұшты үнмен босаға жаққа көзін сығырайта қадады. Қожайынның көзі түскенде босағада отырған Ержан құлша қорынып, құрдай жорғалап, орнынан ұшып кете жаздады. Шыдай алмай Кенесарыдан назарын аударып әкетті де, ол енді төрдегі Нысанға кіжінгендей тістене төнді. “Мені қойшы, өз қолыңдамын, ана сұмырайды ауыздықтаңыз!” – дегендей рай білдірді. Осы арбасулардың бәрі сөзсіз айтылып жатты. Әңгіменің насырға шапқанын мен де байқап қалдым. Аз мүдірді де Кенесары бізге беттеді:

– Я, Нысаным, солай де.. – деп қайталады. – Осы сен көмекті сырттан сұрайды деседі. Маған айтар өкпе-назың бар ма, әлде?.. Немесе?.. – деп, ойын ашқысы келмей Кенесары тоқтай қалды. Осы “немеседе” көп салмақ жатыр еді.

– Кенеке, шынымды айтайын, ешбір өкпем жоқ, – деп шешіле сөйледі Нысан; ханның жылы сөзі аңғал батырды ерітіп әкетті білем. – “Көңіл кірі айтса кетеді, көйлек кірі жуса кетеді”, азырақ назым да бар еді. Оны айтпастан бұрын бір уақиға есіме түсті, соны шерте кетейін, – деді Нысан. Осы арада өңі жадырап, көсіле сөйледі.

– Біздің елде Жәнгелді қарт ертеде Қаратауға кіре салады екен. Сол кісінің “Жалпылдақ” деген бір қара

атаны болыпты. Ботасынан бірге өскен Жалпылдақ қартайыпты. “Үлкен қоянның” жұтында көтерем қара атан өлуге айналыпты. Оны бауыздауға батылы бармай Жәңгелді басында жүресінен отырып кешу алысыпты: “Сен, Жалпылдағым, серігім едің, мына қаһарын төккен кәрлі “Қоян” қартайған сені жұтқалы тұр. Көп жолдас болып едік, талай жерде тілім де, қолым да тиген шығар, қош енді, кеш енді!..” депті. Сонда көзі бозарып, төрт аяғын жантая серпіп жіберіп, сұлап жатқан Жалпылдақ тілге келіпті. “Жәке, бәрін кештім, баяғыда Бетпақ шөлден үдере көшіп өттік қой. Сусыз, отсыз құт дарымаған құба жонда қалжырап жығылдым. Мені аямай басқа тепкілеп тұрғыздыңыз. Сонау арғы атам “Ойсылқарадан” бері қарай құлата балағаттадыңыз, міне мен соны да кештім... Тағы бір жылы өзіміздің “Мойынқұмнан” өтіп бара жатып, тайып жығылдым. Онда да сау-тамтығымды қалдырмадыңыз. “Жалпылдағым” дейтін жылы сөзіңізді қойып, кекеп, мұқап, “Көсеуқара” атандырдыңыз, осының бәрін кештім. Ежелгі ием, ескі ием едіңіз, Жәке. Енді ақыретке ала кетпейін, ақаусыз айырылысайық, шынымды айтайын, қош бол, бәрін кештім... Бірақ есіңізде болар, осы биыл Түркістаннан қайтып келе жатқанда “Қатынқамалдың” асуына жете беріп менің бұйдамды көк есектің құйрығына апарып байладыңыз, осы қорлықты кеше алатын емеспін, – деп булыққан қара атан жан тәсілім беріпті... – деді де, Нысан Ержанға шұқшия қарады. Көк есек көз алдына келгендей жиіркенді. Кенесарыға бұрылды да, Ержанға қайыра түйілді. Нысан ағам өз назарымен Кенесарының назарын еріксіз ертіп апарып, көк есекті нұқып көрсеткендей болды.

– Шыным осы, Ханеке, менде өкпе жоқ, ел ездің артынан ермейді, ердің артынан ереді... – деп, іші босағандай құлазып қалды Нысан.

– Ия, елдің езі Ержан болған да, ері Нысан-ау, сірә?.. Сонда Кене кім? Күлді көсеу үшін сендейлерді “ер”

атандырған ханның өртеуге де мұршасы келмес пе?.. Ойда орыс, қырда қырғыз тас ошағы талқан болғалы тұр, сен сол Кенеге салмақ бола аласың ба?.. Әттегене, үйіме келіп үйдей бәледен құтылып отырсың-ау, ә... – деп, хан түтіге теңселеді. Ержан жер шұқып отыр.

Біз жүріп кеттік. Артынан он шақты күн өтпей-ақ аулымызды жау шапты. Нысанды әлгі Ержан өлтірді. Кеудесінен шанышқан найза арқасынан сорайып шығып тұрды. Қайта суырып ала алмай қашқан екен...

Туған бауырыңның осылай өлуін, нахақ кетуін көру оңай нәрсе дегенге нанбағайсың, шырағым! Не болғанымды білмедім... Ауыл азан-қазан... Осы қарбаласта Жекейторыны жайдақ мініп жалғыз қудым. Жетуін жетсем де, жайдақ ат күш бермейді екен. Ат үстінен найзаласқанда ілгері-кейінді кете бердім. Оның үстіне жалғыздық та жаман болды. Ауыл түгел жаяу қалған, артымнан келер жан жоқ, жылқыны жау айдап жүре берді.

“Не ексең соны орасың” деген ғой. Әншиін мына туған бауырым Нысанның моласын көргенде сонау қаралы күн есіме түспей қалмайды, – деп қуарған шал көзіне жас ірікті. Үлкен адамның жылағанын көру қиын екен, мен де босадым... Үндемей келе жатты да: “Кесе алмаспын, бірақ кеше де алмаспын!” – деп күңкілдеді Сәрібай.

Аздан соң Ақмола көрінді. Сәрібай сығалай қарады. Бадырайып көрінген, сорайып тұрған ақ шіркеуді ол ажырата алмай сығалады. Мен сонда сексендегі шалдың “көзім көрмейді” деген сөзіне нанбап едім. Адам басына түспей білмейді екен, қазір мен де осы Қарағандының тау-тау болып үйіліп жатқан “породаларын” алыстан әрең айырам. Мен әлі алпысқа да жеткенім жоқ, кәзір сол Сәрібайды көрсем кешірім сұрар едім де, ат, шапан айыбымды алдына тартар едім, – деп Қайып жымиғандай болды.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

*Сейфулланың
Сәкені*

ХИКАЯТ

Сыр сандықты ашып қара,
Ашып қара, сырласым!
Сым пернені басып қара,
Басып қара жырласын.
Сұлу сымда перне әуен!
Перне әуені жыр айтар.
Көңіл ашар тербеу әні,
Тербеу әні сыр айтар...
(С. Сейфуллин)

БІРІНШІ ТАРАУ

ТАБЫСУ

I

Май айының орта шені. Ел жайлауға беттеген. Есен өзенінің жиегінде отыр. Екі жақ шеті қараша үйлі ауыл, екі қанатының ұшында қара қауырсыны бар әппақ шағалаға ұқсайды.

Суаттан сусыны қанып шыққан жылқы шаңқай түсте мамырлай басып желі басына келді. Көп жылқы топтанғанда ортасы шүп-шұңқыр көрінді. Шашау шығармай тасқаяқтай қағыстырып иіріп жүрген елтірі тымақты тарғыл бет қара жігіт. Қысты күні ойдым-ойдым болып үсіген беті енді күн қағып, тобарсып түлей бастаған. Астында қар суымен семірген жалдас жарау қара айғыр. Құрықты көлденең ұстап, қамшысын үйіріп, тақымын қысады, қара айғыр ауыздығымен алысады. Қашаған күрең қулық қара жігіттің торып жүргенін сезіп, басын жерге салмай шеттей береді. Андыған жауынан сескенеді. Одырандап үркіп жүр.

Жаяу жігіттер құрықтап ұстап, нокталап байлаған құлындар ұзын тартылған желіге қаздай тізілді. Ноктаға үйренген жуас құлындар артында тұрған енелерін сезіп еркелегендей, құйрықтарын күлтелендіре түседі. Өзгеден өз құлыншағын қызғанып ұялы құйрық шабдар бие қатар тұрған шалғасқа биімен тебісіп те қалды.

Айбат шегіп, алара қарап, сауыры сыдырылған шегір «Күйген жал» үйірін ықшамдап, желіге қарай қайырып келеді. Әлгіде ғана өзеннің басында «Шақар торымен» таласып арқасын алдырған. «Шақар торы» құйрығын делдитіп, ішін босатып, анадай жерден атой береді. Жерді иіскелеп, басын енді жоғары көтеріп, құлағын тігіп қыр көрсетеді. «Күйген жалға» көзі түссе-ақ шатынай қалады. Бұл екеуі аңдысқан жаудай өш.

Бұрын нокта көрмеген күрең қулықтың қара құлақ құлыны басын кекжитіп, кейін шегініп шыңғыра шалқалайды, артқы екі тірсегі бүгіліп кеткен. Асау құлын желіден шошиды, ноктаны жатырқайды, бұлқынып енесін іздейді.

Әрине, «алушыны аңдушы жеңеді». Салғырт келе жатып бір қалтарыста әлгі қара жігіт күрең қулыққа құрықты тастап-ақ жіберді. Жырынды жылқышы мүлт кетпеді, қылта мойыннан дәл түсіріп, бұрап-бұрап жібергенде қылқынған қулық тыпыр етпеді. Асау қулықты еріксіз көндіріп, құлынының қасына әкеліп, алдыңғы екі аяғын тұсап тастады. Күрең қулық дірдек қакты...

Шағын бойлы, шымыр денелі қара жігіт, енді құрығын қарына іліп, тізгінін қыта ұстап, тақымын қысты. Қара айғыр ауылға қарай беттеді. Алдында кесе көлденең тұрған Шақар торыны бастырмалата қуып, сауырынынан қамшымен осып-осып жіберіп, желіге қуып тықты. «Күйген жалдың» кегін алды білем. Көзі кіртиген жүдеу, осы жауырынды қара жігіт, күзеттен келген жылқышы Сейфулла еді.

Сейфулла әкесінен бір жарым жаста, шешесінен бес жаста жетім қалды. Жұрттың өсек-аяңынан қорықты ма, жоқ ізгілігі жеңді ме, кім білсін, інісі Оспаннан қалған Сейфулланы Мақажан қолына алып асырады.

Уытты жас жігіт ағасының малын бақты. Жас күнінде қозы қайырған Сейфулла, өсе келе жылқының күзетіне кетті. Жалшылар тобында жүрсе де ол көп қойшы, түйешінің бірі болмады, отыншы-сушы да емес еді. Сейфулла жылқыны аманында бағып, ұры алғанда көзін іздеп табатын «жырынды жылқышы» атанды. Қансонарда із кесетін аңшы да, ақ боранда адаспай жөн табатын жершіл де осы Сейфулла болды. Жетім Сейфулла масыл емес, Мақажанның қолқанаты еді.

Жылды қуып жыл осылай өтіп жатты, он алтыдан он жетіге қарады, «өз қолы өз аузына жетті» дегенде Мақажан Сейфуллаға қалыңдық айттырды. Қысқы мекені шалғай болса

да жаз жайлауда қанаттас отыратын Алтай Тышанбайдың қызы Жамалды атастырды.

Сол жылы «ақ сүйек» жұтқа ұшыраған сусыны тапшы Тышанбай, «қырық жетінің батасын» сұрап, шіреніп отыра алмады. Бұйырғанын алып, кергітпей қызын берді. Жамал бойжеткен қыз, биыл кәміл он сегізде, енді ары қарай «он жақта» отыруға болмайды – «кәрі қыз» атанады.

«Шіркін, ел ағасы Мақажан ғой, өлген інісі Оспанның орнын жоғалтпады, кісі-ақ екен», – деп жұрт шулады. Әрине, ел оқпанын Мақажан алдын ала біліп, оның үстіне қалың малын да көп беріп ойсыраған жоқ, істің сәті келе кетті, «екі жеп биге шықты».

II

Келесі жылы күзекте ауыл Аққұдықтың басында отыр. Бие ағытқан кез еді. Қалың жылқыны құдыққа жауып, науалы астаудан суарып жатыр. Маңдайдан сорғалап көзіне тамған ащы терді кірлі жеңімен сыпыра сүртіп, жеделдете қауға тартып тұрған кеспелтек қара жігіт Сейфулла еді.

Дәл осы минутта дүниеге жаңа келген құтты қонақ жас нәресте – Садуақас «інгәледі», үш күндей үдере толғатып, тұңғыш ұлын аман-есен тапқан ана қиналғанын енді ұмытып та кетті, жылы дыбысты еміркене тыңдады.

Дәл осы мезгілде отауда кәде жасалды. Ата-ененің жоралғысы, елдің дәстүрі бойынша Жамалдың басындағы желегін сыпырып алып, кимешек кигізді. Он тоғыз жасар Жамал ақ кимешек киіп, жаңғырып шықты. Кешегі жас келіншек бүгін ардақты ана қатарына кірді.

Жаңалыққа жаңалық ұласты, Мақажан да тұтқиыл бір жаңалықтың шетін көрсетті. Кеше «ит басына іркіт төгіліп жатқанда» Сейфулланың бір өзін ауырлаған жоқ еді, енді бұлар үшеу ғой. Ауыз көбейді, ауырсынды ма, қалай? Әйтеуір ептеп қана еншісін беріп, Сейфулланы бөлек шығарды.

«Туа сала әкесін құлдықтан, шешесін күндіктен құтқарды. Ұл туғанға күн туады ғой, жыңғылдай екі жас әлі-ақ құралып кетер» – деп, қуанысқандар да болды.

«Тумай жатып сүттей ұйып отырған Мақажан мен Сейфулланың арасына жарықшақ түсірді, ыдыратып екіге бөлді, бұл жақсы ырым емес қой...» – деп, ішін тартқандар да табылды...

Сиыр мен түйені ол кезде байлар мал орнына санамады, түйенің етін жемеді, сиыр етін асса, қонақ өкпелеп аттанды. Ал, жер қайысқан қалың жылқы, коралы қойдан Мақажан шетке шығарып Сейфуллаға бір құлынды бие, бір ат берді. Бұған қосып екі бұзаулы сиыр, екі түйені «дұшпан көзі» етіп еселей салды. Еншіге берген бар малы осы алты тұяқ еді.

Енші алып бөлек шыққанда Сейфулланың отауы «кіші үй» атанды. Басында үлкендер «кіші екем» үйі десті де, бері келе «шекем үйі» болып кете барды.

«Бай ағайынның «баласы» болып, қысы-жазы салпақтап жылқысын бақтым. Қыстың қызыл шұнақ аяздарында, үсірік дүлей борандарда бет-аузымды үсітіп қара қожалақ болып жүрдім, шыжыған шілденің ыстықтарында қап-қара боп күнге күйдім. Ал оның өзінен туған балалары елдің ардақтысы, еркесі сияқты. Олар тек үрген тұлыптай көрінеді, сырлы ақ үйлерде, қызыл кілем, барқыт көрпелердің үстінде, бес тиындық еңбек қылмай, қазы, қарта, бағлан еттерін шайнап, сапырулы сары қымызды күні-түні ішіп, ерігіп қана жатады. Ойына келгендерін істейді.

Ал, сонда менің олардан қай жерім кем? Бәріміздің арғы атамыз бір емес пе, еді?! Ендеше бұл қу малдың қорлығы ғой... Қу кедейлік, қу тапшылық, қу жетімдік не істетпейді?» деп, кейде өзінің итарқасында отырып Сейфулла назаланушы еді. – «Жоқ, енді талпынуым керек ...» – деп, қатая түсетін.

«Үріп ішіп, шайқап төккен байлар, жоқшылықтың дәмін татпаған жандар, ынтымақтың қадірін қайдан білсін, қос қатын, бес қатын алатын «батырлар» жар қадірін қайдан білсін! Ерлі-зайыпты адамның татулығы таршылықта - өмір күресінде күшейеді. Жар қосақтың қос жүрегін жалғап тұратын, көзге ілінбейтін жіңішке жіп бар, сол жіпті ширататын екінші бір дәнекер – ол бала. Садуақас туып үшеу болды – қам көбейді, Жамал мен Сейфулла арасындағы сүйіспеншілік ұлғайды. Бойдақ күнінде «мал байдікі, жан құдайдікі» деп, үлкен үйге сүйеніп, Мақажанға сеніп, алас ұрып-айдаһалап жүрген сергек жігіт су сепкендей басылды. Енді ол қашағанды ұстайтын оңтайлы жігіт, жырынды жылқышы Сейфулла емес, өлген әкесінің орнын басқан үй иесі еді. Бала туды, өзі әке болды, шаруа бақты. Біреуді екеу қылып, тең-құрбысынан қалмаудың қамына кірісті.

«Алқызыл көрінеді қашқан түлкі,
Жігіттің қайда қалмас жиған мүлкі.
Төменнен жоғарыға қол сермеймін,
Болсын деп шіркін көңіл көтеріңкі...» -

деген өлеңді ол көп айтады, сірә, бұл өлең оның сол кездегі алдына қойған талабын аңғартатын сияқты.

Былтыр түскен жас келіншек Жамал биыл кексе әйел. Садуақас бесікте жатыр.

Садуақасты Жамал елжіреп сүйеді, емешесі құрып өліп-өшеді, сүймейтін жерін қоймайды, айтпаған сөзі де қалмайды. «Ботам, марқам, қозым, құлыншағым» – дейді, «бөкенім, көкебегім, Сәкенім», – деп сүйеді. Қытығы келіп кішкене Садуақас шалқалай түсіп, сықылықтап күледі.

ЕКІНШІ ТАРАУ

ТОЛҒАНЫСУ

I

Көктем күліп туды. Көк шықты, жер құлпырды. Ауыл қыстаудан жылжып жақындағы көгалға қонды. Қыстай теңде жатқан үзік, туырылықтар қағылып, сілкінді. Таң сімерлеп атып келеді. Күн сәулесі тарамданып көгілдір аспанның беті қызғыл тартты. Бозторғай шырылдап төңірекке жар салды. Таза ауаға көктің хош иісі сіңген, иіскесең мұрныңды жарады, сусының қанады. Жердің беті жасыл кілем төселгендей.

Қотаннан мал өріп барады. Қотанның төріндегі сегіз қанат ақ орда аққудың жұмыртқасындай теңкиіп көрінеді. Оң жағында алты қанат оюлы ақ отау қараған көзді қарықтырады. Кестелі дөдеге алабұртып, құбылып тұр. Екі үйдің арасында керме бар, кермеге байланған, таң асқан Сарыбауыр ат шекесінен қарайды. Битабардың тақымына басқан аты. Мақажанның еркелеткен ұлы, алшаңдаған мырзасы Битабар отауында әлі ұйықтап жатыр. Сарыбауыр аттың қасында ақсақалды қарт тұр. Иығына жамылған желең қара шапаны бар, қолына құман ұстаған Мақажанның таң намазына тұрған кезі.

Осы бір еңселі ауылдың шет жағында мыжырайған «итарқа» ішінен қыстың ызғары әлі арылмағандай. Ұзақ түнді әр алуан ой үстінде ұйқысыз өткізіп ерте тұрған жас келіншектің

қабағы қатулы. Сыртқа шығып ол итарканың киіз есігін түре қайтты, үй іші ала көлеңке, төр жақтағы жер төсекте, қызыл шұбар шыт көрпеге оранып жатқан күйеуі әлі оянған жоқ, ол жылқы күзетінен түн ортасы ауа қайтқан-ды. Күйеуіне көзі түскен келіншек ауыр күрсініп, «өмір бойы біреудің малын бағып, күндіз-түні күйбендейді де жүреді. Қабағының селт еткен кезін де көрмеймін... Сорлы-ай, шаршаған болар», – деп аяғын ақырын басып келіп, шелектегі суды қара шәугімге құйып, шәй қоюға ығайлана бергенде, жас баланың жылаған даусы естілді.

«Ботам, құлыншағым, шырылдамасайшы, ағаң сорлы оянып кетер, дем алсын», – деп күбірлей сөйледі де, төсектің алдында құрақ көрпе жапқан ағаш бесікті тербетті. Оған бала уана қоймады. Жас келіншек бесікке жанасалай отырып, құрақ көрпенің бас жағын сырғытып ашып еді, аппақ борықтай балғын Сәкен бусанып, өңі қызарыңқырап қалыпты.

«Жаным-ау, тербеткенге көнбеуін қарашы өзінің, әлде жасыңнан-ақ қиқар болғың келе ме? Жоқ, менің құлыным қиқар болмайды, менің жаным...» – деп мәмесін шығарып, баланың аузына тосты, оның жұқа еріндерін бүлкілдете сорғанына қызыға қарап отыр. Шөлдеген баланың таңдайына ана сүті тигенде маңдайынан тері шып-шып шығып, қара көздері жайнай бастады. Оған құмарлана қараған ананың көңілінен тағы бір ой дауылы көтерілгендей болды, нәрестесін көріп жадыраған қабағы қайта түйіліп төсек жаққа бұрылды.

Әлгі бір кезде шырылдаған бала даусынан Сейфулла да оянған еді, оның даусы тынғаннан кейін көзін қайта жұмғанды. Ашық жатқан кеудесінің тыныс алысында сергектік бар. Күнге күйіп, жел қаққан қара сұр өңі де ояу көңілінің ой үстіндегі пішінін білдіріп жатыр. Оның бұл жағдайын сезген Жамал, көптен бері көкейінде жүрген сырын осы жолы жалбызбалап жеткізгісі келгендей:

– Сәкеннің әкесі-ау, – деді, сыбырлай сөйлеп, – биыл жайлауға көшпесек қайтеді? Бізден басқа да көп ел осы маңайда қалатын көрінеді. Біреудің босағасына паналағанша, үй салғанымыз жөн емес пе? Екеуіміз сия берер едік-ау, енді мына Сәкен бар ғой...

Алагеуімде шырт ұйқыдан оянған Сейфулла, келіншегінің сөзін жақтырмады ма, қалай, ірге жаққа қарай аунап жатты. Әйелдің тілін алу әбес. О, бір заманда «қатынның тілін алған еркек – қарын» – деседі, «қатын билеген ауыл қараң қалады...» Осы ежелден келе жатқан қағида Жамалдың да бойына сіңген

бұзылмас заң тәрізді. Сейфулланың өзіне де осы жақында бір әңгіменің кезегінде: «жаманның үйі түссе миы түседі», – деген көне мәтелді Мақажан да бір рет ескертіп өткен. Содан бері Сейфулла қатын тілін алмау жөн деп қорытқан. Бірақ осы Жамал Сейфулланың қамын, Сәкеннің қамын жеп отырған жоқ па? Үй салайық дейді, дұрыс-ақ емес пе, мұның қандай сөкеттігі бар? Қыстаусыз – баспанасыз біреудің босағасын паналаудың қасиеті қанша?! Осындай әрқилы толғау билеп Сейфулла теріс қарап жатса да ұйықтай алмады. Жанын әлдилеп, денесін маужыратқан әлгі тәтті ұйқы енді серпіле бастады. Сейфулланың сергек жатқанын Жамал сезді де қызыл ала құрақ көрпемен Сәкеннің бетін жауып, бесігін ептеп бірекі шайқады, сөйтіп нәрестені ұйықтатты да төсекке от жақтан кіріп қайта жатты. Көздеген ойына Сейфулланы көндіргісі келсе айтудың жөнін білетін Жамал күйеуінің арқасын сипап:

– Жатақта қалғыңыз келмейді ғой, сірә, – деп мәймөңкелей сөйледі: – Жарайды менің тілімді алмай-ақ қойыңыз, өз дегеніңіз болсын. Мен әшейін Сәкенім көзге түрткі бола ма, деймін. «Би әткем» мен «кербез енем» қабағын шыта қоймас, бірақ Ділмәр қайнаға мен Жылтыр жеңгей бірде бие, бірде түйе ғой. От басынан ұрыс шықса көл қорыған қызғыштай шыжалақтайтын көлденең көк аттылар да көбейер, сонда өзіңіз жақсы көретін мына Дарылдақ қайнаға мен Сәкенімнің кіндік шешесі Зырылдауық жеңгей де отқа май құймас па екен?.. Аумалы-төкпелі адамдар ғой...

– Әй, оттай бермей, қысқартшы өзін, – деп өктемдігін білдіре, даусын көтеріңкіреді Сейфулла. Ұйқыдан жаңа оянған кісі тәрізденіп, керіліп-созылып от жаққа қарай бұрылды. Дырылдақ ағай мен Зырылдауық жеңгейдің аты аталғанда бұрнағы жылғы бір оқиға көз алдына елестеді.

Ауыл «қамшы қалмас та»¹ көшіп жатыр. Киіз үйлер жығылып қалды. Түйелер шөгеріліп, жігіт-желеңдер екі-екіден тізе қосып сыбана кірісті. Қыз, келіншектер шалбар бешпет киіп, белдерін буып алды. Олар да жігіттерден қалыспай түйеге әбдірені, кебежені тендеп артып жатыр. Екі жағынан арқанды біріне-бірі құлаштай лақтырысады, белдерінен орап алып, аяғын теңге тіреп шалқалай шірене тартады. Шандып орап, мықтап байлап жатыр. Осындай бір аласапыран әбігерде қашағанды қуып Сейфулла да әлекке түсті. Жылқыны ауылдың үстінен топтап айдап келіп иіріп қойған еді.

¹Таң сәріде, құлан иекте, алагеуімде.

Битабар кешке мінем деген соң, саяқтың ішінде жүрген қашаған Сарыбауыр атқа Сейфулла құрықты салып кеп жіберді. Үркек ат шошынып, құрықты ала жөнелді. Бұрын өзі талай ұстаған сыралғы Сарыбауыр ат қапылыста құрықты қолынан алып кетті. Сатырлатып сүйрей қашты. Аттылы-жаяу жан-жағынан қамалағанда, Сарыбауыр ат қорғалап жүк артып жатқан Дарылдақ пен Зырылдауықтың үстіне төніп келіп қалды. Екеуі де сасқалақтап, белдесіп тартып тұрған арқанын босатып жіберді. Жанын қоярға жер таппай жүрген Сарыбауыр атты кері қайтару үшін бір ауыздан:

– Най! – десті.

– Жамандатқыр бұл қайтеді?..

– Кісі өлтіре ме, түге?!

Төңірек у-шу, азан-қазан. Шөккен түйе де шошынып орнынан түргелді. Түйе түйешілеп тұрды. Ілгері ұмтылып артқы аяғын шоңқая көтергенде байланбаған арқан сусып кетті, теңдеулі кебеже лықсып барып түйенің мойнынан аса құлады, ақтарылды да қалды. Кербез енейдің мейіздей болып кепкен сүр еті – жал-жая, қазы-қартасы түгел шашылды, рәсуа болды. Жылы-жұмсағының бәрі осы кебежеде еді. – Жайратты ғой, шөгерсейші ана жайрағырды. Зырылдауық-ау, саған не болған? Ұстасайшы, Дарылдақ! – деген Ақбөпе бәйбішенің даусы ышқына шықты.

Келіндері «кербез еней» дейтін Ақбөпе бәйбіше қабағын шытқанда, ауыл-үйдің адамдары торғайдай бұғатын. «Би әткенің» өзі – мына Мақажан да қарсы келмейтін. «Апам ашуланса ауылдың апшысын қуырады...» деп баласы Битабар да жел беріп, көтермелеп қоятын.

– Тіздеп байламаған екенсің, ақшелекті, әй, қайта шөгерші, құртты ғой, – деп Дарылдауық дабдырлады да қалды.

– Әй қағынды келгір, қу жетім, мынау екен ғой, – деп Зырылдауық жеңгей қашағанды қуып келе жатқан Сейфулланы оқты көзімен атты. «Қаз ашуын тырнадан алды». Осы кезде Сейфулла жарау кербестімен Сарыбауыр атты алқымдап қалып еді, Дарылдақ пен Зырылдауықтың күжілдеп, шәңкілдеп қосыла шыққан дыбысына жалт қарады. Оңтайлы кербесті кілт бұрылып, жерошақтан қарғып кеткенде, Сейфулла аттан қалай түсіп қалғанын білмеді... Ертоқымын бауырына алып кербесті де пәле тигендей сатырлатып қаша жөнелді. Ауыл бүйі тигендей үрікті, у-шу болды.

Кигіз үйлер жығылған жұртта әр ауылдың аттылы-жаяулы кісілері, самаладай болып көрінді. Бәрі де көлденең кездескен

үлкен оқиғаға көздерін тікті. Мақажанның ауылын жау шауып жатқандай-ақ біреу тіксіне, біреу қуана қарады. Біреу сүйсінгендей, біреу мүсіркегендей болды.

Жекей тымақты, Құлақасқа атты біреу құрығын көлденең ұстап, кербестіге тура салды. Бұл екінші бір қанаттас ауылдан шыққан қуғыншы. Алыстан ұмтылып, бауырын жазып келген құлақасқа кербестінің мойнын бұрғызбады. Кекілік ілген тұйғындай бүрді. Құрық мойнына ілінісімен-ақ жуас кербесті құлаққа ұрғандай тұра қалды. Жан ұшырып жеткен Сейфулла кербестіге жармасты. Асығып жүріп жөпбелдемеде байқамап еді, кербестіні құрықтан босатқан кезде жымып күліп тұрған Бәтимаға көзі түсті. Өмірбектің еркекше киініп жүретін ерке қарындасы. Бүгін жылқының күзетіне барып қайтқан беті еді. Құрбылас Сейфуллаға ол батыра әзілдеп:

– Өлін білмес әлектің кері ме, бұл қалай?.. Сіздің жерошаққа аунап жатқаныңыз менің арқама аяздай батты ғой, құрбым-ау! – деп, Бәтима құла қасқаның мойнын бұра бергенде, кержорға атты Мақажан тобылғы сапты, бұзау тіс қамшысымен Сейфулланы тартып-тартып өтті.

– Өй шірік ит, қыз екеш қызға күлкі болдың ғой. Жасыңнан атқа мінгізіп малға баулыдым, сондағы жетіскенің осы ма? Табан алдында екі атты бірдей босқа сабылтып, ауылымды ұятқа қалдырдың... – деп, Мақажан сыздана сөйледі. Сөздері Сейфулланың өңменінен өтті. Бір жеріне жара шыкса айналаңның бәрі соған тиіп, ауыртып тұрғандай болады. Сейфулланың жүрегінде беріш болып қатқан жара - жетімдігі де осы арада есіне түсе кетті.

Мақажанның ұрысқаны бір бұл емес, бұрын да мал ішінде, малшылардың арасында талай ұрысқан-ды, оны кектемеуші еді. Бірақ бұл жолы Бәтиманың алдында «малға баулыдым» деді-ау! «Мен сені малшы етіп едім» деген сөзі ғой деп ұқты. «Екі атты бірдей сабылттың» дегенін: «кісі малына ұрықсатсыз неге тиесің?» – деген сөз деп білді. Әсіресе жанына батқаны осы сөздерге Бәтиманың куә болғаны еді. Бәтима бөтен ауылдың баласы және өзімен құрдас, қалжындасса бетің бар, жүзің бар демейтін еркек шора қыз еді.

Міне, осы әңгіме бұрнағы жылы көктемде Аққұдықта болып еді. Мұны жұрт басында қауырт өсектесе де бірте-бірте басылып, ұмытып та кеткен. Дәл бүгін итарқаның ішінде «Дарылдақ» пен «Зырылдауықтың» аты аталғанда, сол бір көне оқиға Сейфулланың көз алдына күні кешегідей болып қайта оралды.

Онда Зырылдауықтың «ку жетім», – деген сөзінен көрі, Бәтиманың алдында айтылған Мақажанның сөзі Сейфуллаға қатты батып еді, ал бүгін Зырылдауық жеңгейдің «ку жетімі» құлағында ызындап тұрып алды. Баспананың қамын істемей, бөтен үйдің босағасында жүрсе мәңгі болып қалатындай сезінді.

– Рас, Жамал, өз шаңырағынан түгін шығармай жігіт қатарына қосылмайды екен. Жарайды, үй салайық! Менің көргенімді Сәкенім көрмесін, – деді Сейфулла.

Осы кезде Жамалдың өңіне де жылылық жүгіріп, «бәрі Сәкеннің қамы, ерік өзіңзде ғой...» – деп күбірлей сөйлеп, күйеуінің омырауын аймалады.

II

Өзінің жас кезінде әжесі айтқан бір қызық әңгімені де Жамал өмірі ұмытпайтын. Баяғы заманда баланың атын: «Өзенбай, Қамысбай, Қойлыбай, Қасқырбай, Кездікбай, Қайрақбай», – деп қоя береді екен. Сол кезде осындай қайнағалары бар ауылдың жас келіншегі суға бара жатады. Бір мезетте өзеннің арғы жиегінде өскен қамыстың бер жағындағы қойға қасқыр шабады, осыны көріп сасқалақтаған келіншек «пышақты қайраққа жанып-жанып әкеліндер де, қойды арам өлтірмей бауыздап алыңдар» – деген сөзді айтпақ болады. Сонда:

«Сарқыраманың ар жағында,
Сылдыраманың бер жағында,
Маңыраманы ұлыма жеп жатыр;
Қынамадағы жаныманы
Сүйкемеге сүйкеп-сүйкеп әкеліндер...»

– дейді. Тапқыр келіншектің кестелі сөзін ауыл түсініп болғанша, қойды қасқыр қырып та болады. Атын атамай сыйлағаны үшін келіншекке қайнағалары да риза, қойды жеген қасқыр да риза болыпты – деп, әжесі сөзін бітіргенде, Жамалдың шек-сілесі қататын. Қайта айтшы деп сұрайтын...

Бұрын қазақтың қарапайым сөзінен алып қоя салған аттарды икемге көндіру оңай еді. Қасқыр ұлиды, қой маңырайды, ендеше солардың дыбысына лайықтап «ұлыма», «маңырама» деу қандай жеңіл.

Енді мұсылман діні араласып, күрсіге мініп құран келді, ежелгі жабайы аттар «жаңа келген қонаққа» орнын берді:

Мұхамет, Омар, Оспан, Сейфулла, Кәкен, Мирасбек, Битабар, Мұстафа, Мақажандар көбейді; Хадиша, Айша, Бану, Разия, Зағипалар шықты. Бұл аттарды мүлде ойға сақтау қиынға соқты.

Жамал да көп ойланды. Елдің нысайын аңдыды, мінез-құлқын бақты. Ауылдағы адамдардың беделіне, малына, қызметіне қарай аттарын лайықтап қоюға кірісті. Өзінің атасы би болған Мақажанды – «Би әткем» деді. Ақбөпені – «Кербез енем» деді. Мақажанның үлкен баласы Битабарды – «Ділмар қайнаға» деді. Битабардың әйелін – «жылтыр жеңгей» деді. Ірбіт шапқан Мұстафа – «саудагер әтке», баласы Кәкен – «болыс қайнаға», оның әйелі – «сұлу жеңгей» атанды. Сейфулладан жасы кіші Мирасбекті – «тентегім» деді.

Жамал жаңа түскен кезде Ұйтқыбектің төрт қанат лашығы мен Сейфулла «итарқасының» арасында үй жоқ еді. Таңертең малды өргізетін шал Ұйтқыбек алагеуімде үйдің сыртында айғайлап Жамалға ұйқы бермеді. Құлағы мүкіс күйеуіне бірдемені естірте айтып, Жадыра да шөңкілдеді.

– Осы қайнаға дарылдай береді, жағы сенбейді, ана жеңгейдің де зыр жүгіріп зырылдаудан аузы да, аяғы да дамыл таппайды, сірә, ағаңызға жеңгеніз сай-ау, – дейтін Жамал Сейфулламен әзілдесіп отырып:

– Тауып айттың, Жамал, Дарылдаққа Зырылдауық – іздегенге сұраған, – деп қостай жөнелді Сейфулла.

Тоқа ішіне сіңіп кеткен кірме Ұйтқыбек пен оның әйелі Жадыраға да бұл аттар үйлесе қалды. Жұрт аузында осылай аталып жүре берді.

Ат қоюдың енді бір түрі кезікті. Бұлар иесінің еркек әйел екенін таптырмайтын, жынысын білдірмейтін будан аттар: Жамангет, Шомыт, Қаңсық, Таңсық, Тырық, Жырық... – дегендер болып шықты. Бұл аттардың көпшілігі бала тұрмай жүрген үйлерде болды. Мұсылман діні бойынша адамды құдай алады, құдай да таңдап тәуірін алатын сияқты. Сондықтан аттың ең жексұрынын қойып құдайды адастырмақ болады. Далбасалап жүріп қайдағы оңбаған аттарды қояды. Бұл аттардың иелеріне де Жамал келіншек амал тапты: «Аттеріс қайнаға», «аттеріс еней» – дей салатын болды.

Шебер келін — тапқыр Жамал ешкімді де ренжітпеді. Алайда, алғашқы кезде Жамал аңғырттық та істеді. Ұйтқыбек пен Жадыраның қалтықсыз адал, тетігі аузында, өсек-аянды білмейтін, ақ көңіл жандар екенін түсінбеді.

Келесі жылы Сәкен туғанда Жадыра жерден көтеріп алып кіндігін кесті. Сонда да Сейфулла мен Жамал онша жіби қоймады. Кіндік кесердің кәдесіне де жарытпады. Өмір осылай оза берді, Жадыра мұны да елемеді.

Бір күні Сәкенді әлдилеп отырып: «Осы Сәкенім өр туған жаным ғой, ертең менің Матайым осыған атқошысы болса да арманым жоқ», – деп Жадыраның нәрестеге айтқан сазды сырын Жамал үйдің сыртында жүріп естіп қалды.

Бала ыстық қой, Жамалдың іші ереді. Өзінің қатесін мойына алғандай болып, үйге күлімсірей кіріп: «Жеңеше-ау, оныңыз рас, осы Сәкенімді өзім де өр болады ғой деп ойлаймын, өйткені сілесі қатып шырылдап жатқанда да көзінен жас шыққанын көрген емеспін» – деді. Біраз кідірді де:

– Кешіріңізші, жеңгей, сізге қойған атыма осы күні өзім де ұялам, – деді.

– Ой, сұм балам-ай, атта не тұр? Әңгіме ыңдында ғой, – деді Жадыра жадырай күлімдеп.

Жамал мен Жадыра өмір жолында осылай кездесіп, осылай ұғынысты.

III

«...Төртеу түгел болса,
Төбедегі келеді...»

(Мәтел)

Әппақ қайың, сұр терек, мықыр қара ағаш араласа өскен, иттің мұрны өтпейтін бітеу қорық – «Қара шілік». Осы «Қара шіліктің» батыс жақ шетіне Сейфулла қыстау салмақ.

Төңіректі қоршап тұрған Аба тауы етегінде тоқырайған таз Аба, батысында «Үлкен Аба», шығысында жөңкеріле шөккен «Әулие тас», терістігінде сорайып көрінетін «Құс мұрын», оған жалғас «Төр ақшоқы», «Босаға ақшоқы», «Ақ белдік» – адырлары. Арқада осылардың бәрі «тау» атанады. Әлгі аталған «таулар» самаладай болып Қара шілікті жан-жағынан қамап тұр. Төңірегі түгел ықтырма «Қара шілікте» қатты жел соқпайды. Қысты күні түтеген дүлей боранда жылқымен бірге ығып жүріп, осы «Қара шілікке» Сейфулла талай паналағанды. Ақ боран алақаншықтап ашылған кезде Сейфулла да жадырайтын. Күн ашылғанда көңіл де ашылады. «Шіркін осы

«Қара шіліктің» шөбі шүйгін ғой, жайылған малдың түгін тартса майы шығады. Үй болып енші алсам, осы жерге үй салам», – деп ішінен арман етуші еді...

Ақбелдіктің сырты ойпаң жазық. Жаман өзен қуалай ағады. Ақбелдік пен «Үлкен Абаның» арасы ашық. Өзен жиегінен Қар шілік көрініп тұрады. Қиялап Ақбелдікке шыға келсең анадайдан «мен мұндалап» Ор тауы көрінетін. Ордың батысында кәдімгі адырайған алабас адыры, оның етегінде «Аюлы қойтас» сұлап жатады.

Көктемнің нысайына қарай қыстаудан ел кейде ерте, кейде кеш шығады. Биыл Есен өзені қатты тасыды да су қайтып арнасына түскенше аялдап қалды. Сөйтіп ел жайлауға май айының аяқ кезінде көшті. Сейфулланың «итарқасы» мен Ұйтқыбектің лашығы жұбын жазбастан Жаман өзенінің жағасында қалды. Айналасындағы қара-құра азайып, құлазып тұрған қос күрке жұртта қалған үйілген тезек тәрізді.

Жадыра жеңгей азырақ елегзігендей ентелей басып, тысқа шықты. Бірдемені ұмытқан адамша қайта үйіне кіріп, босағада тұрған ақ таяқты ала берген кезде, Ұйтқыбек кеңкілдей күліп:

– Ой, қатын, ұйқысырап жүрсің бе, сен неге шатастың? Таяқты орнына қой, күндегідей үркітіп қуалайтын үйездеген жылқы жоқ. Қоңылтақсып жүрсің-ау, бәтшағар, – деді. «Бәтшағар» Ұйтқыбектің үйреніп кеткен сөзі еді. Оны «Ағашаяқ» молдадан естіген, мәнісін түсінбесе де кез келген жерде айта береді. Зілсіз қалжың тәрізді көруші еді.

Жадыра жеңгейдің енді есіне түсіп: – ауыл көшіп кеткен екен ғой, шіркін малға үйреніп қалғандық жаман-ау! Қолым алдыма симағандай боламын да тұрамын, – деді.

– Тағы да байдың жұмысын көкसेп тұрсың ба, оларға отыз жыл телмірдік, ақырында жұртына тастап-ақ кетті ғой. Бұралқы иттей де көрген жоқ, – деп булығы сөйледі Ұйтқыбек. Ол өзі таң намазына дәрет алғалы шыққанда көштің соңына көзі түсіп, көңілі бұзылып, далада біраз сілейіп тұрған еді. Сонда өткен өміріне өкінгендей де болған, үміттеніп әлде неге дәмеленіп те қойған. Әбден күдер үзіп, түңілген жан өкпелемейді. Дәмелену ширатады да, жұбатады ғой. «Сатайым тірі болсын, менің итшілеп өткен өмірімді енді сол көрмесін, мүмкін біз әлі...» – деп Ұйтқыбектің көңілі ежелгі арманының есігін қаққандай болған еді.

Жатақта қалғанына Сейфулла да көп қынжылмады. «Қыстау саламын, бөлек үй боламын. Жер жыртып, тары егіп, оны Нілдіге апарып сатып, поселкенің мұжығынша

дүрілдеп байып кетемін. Сонан біраз қоңайып алған соң, Спас зауытындағы ана бір кара шұбар саудагерше кіре тартсам...»

– деп, неше түрлі ұзын сонар ойға шомып, төсегінде балқып жатыр еді.

Итарқаның кигіз есігін сыртына қайырып, далаға шықты да, Жамал күннен көзін көлегейлеп төңіректі шолды. Жаман өзеннің бас жағынан бес-алты жылқыны ақ тонды Матай айдап келе жатыр. Төрт-бес сиыр Ақбелдіктің етегінде, өзеннің аржағында жайылып жүр. Кісенін шылдыратып, қос аяқтап секіріп оттап жүрген Бозшолақты көрді. Енді күн батыс жаққа қарай бетін бұрды да сескеніп:

– Әй, Сәкеннің ағасы, – деп, айғайлап жіберді. Жамалдың шошынған дауысы Ұйтқыбектің үйін де дүрліктірді, барлығы далаға шыға-шыға келді. Елегзіген адам дыбысты жылдам естиді. Алыста келе жатқан шоғырға үңіле қарап Ұйтқыбек тани кетті:

– Әй, балам-ай, бекер қорықтың-ау, жапан түзде жау бұлай жүрмейді. Бұлар әлгі өзіміз тәрізді сорлы жатақтар ғой, әр ауылдың жұртында қалған бұралқылар емес пе? «Бәтшағарлар», бізді кара тұтынып, ес көріп келе жатыр-ау!..

– деп жадырай сөйледі, қалжыңды да араластырып мұртынан күлді. Көпке үйренген жан қоңылтақсып тұрғанда көрінген қараны медеу тұтады.

Осы арадан жайлауға көшкен қыруар ел, бірнеше атаның ұлы еді. Солардың жұртында қалған арық-тұрықтар бірін-бірі кара тартып Жаман өзенге құйылып жатыр. Дүңкілдеген тұяқтың дыбысы, тістің арасына түсіп күрсілдеген қияқтың дыбысы басылып, құлаққа ұрған танадай құлазыған жаға тағы жандана бастады. Малдың дүбірінен адамның үні басым. Бұл жағада тоғысқандар енді бірден шүңкілдесіп, шүйіркелесіп, амандасып, жөн сұрасып, жылдам-ақ шұқырасып, ішкі сырларын, тілектерін ұғынысып жатыр. Жаман өзеннің жиегі сол күні-ақ қомақтанып, шоғырланып қалды. Күркелер, итарқалар, төрт қанат үйлер таяу-таяу тігіліп жатыр. «Әрі қайыр, бері қайыр» – деп ырылдасқан ащы дуыс естілмейді.

Желкесінен келіп қонған ауылға ерулік беру керек. Осы кәдені орындау үшін Сейфулла мен Ұйтқыбек ақылдасты да, Жадыра мен Жамалды шақырды.

– Ұйтқы-еке, келініңіз де мұндайдан тартынбайды, – деп бастады сөзін Сейфулла, – кебеженің түбіндегі барын Жадыра жеңгейге апарып берер, ерулік сіздің үйде болсын, итарқа тар ғой.

Шамажайы кестелі, көкке бояп жуған ақ кимешек, белін қынап тіккен көнетоз қызыл барқыт камзолдың екі түймесі жылтырап тұр, қос желбіршек салған көкала шыт көйлек, ақ шұлық, шегірен мәсі, аласа өкшелі былғары кебіс киген Жамал орта бойлы, тығыз денелі әйел еді. Маңдайы керіле біткен, көз жанары ұшқын шашып тұратын, ұзын да емес, аса келте де емес, ақсұр бетіне үйлескен әдемі қыр мұрын, езуін тартып күлгенде жұқа еріндерінің арасы ашылып кетсе меруерттей ұсақ кіршіксіз ақ тістері көріне қалатын да, жайдары жүзіне әдемі рең беретін.

Жадыра жеңгей кейде өз үйінде жібсіп, шәй ішіп отырып:

– Шіркін, Жамал келіннің күтімі жоқ болып жүр ғой, «ағаш көркі жапырақ, адам көркі шүберек емес пе?» егер жаңа киім кидіріп қойса нағыз топ жаратын сұлу ғой... – дейтін.

– Онан да сен мына «қу жетім» бақытты десейші, «қараша үйде сұңқар бар – ораздыға кездеседі». Бағына қарай Жамал кездескен Сейфуллажан тегін емес қой, – деп, әйелінің сөзін Ұйтқыбек те қостайтын.

Рас, бұл «қу жетімнің» маңдайына біткен қаспақ бес елі, егер әкесі Тышанбай жұтап қалмаса, Жамалды бере қоюы екі талай еді... – деп Жадыра қалжың, шынын араластырып қутындап сөйлейтін.

Жадыра жеңгей сұңғақ бойлы еңкіштеу әйел. Еріндері жұқа, маңдайы қушық біткен. Бадырақтау көзіне ылғи теріскен шығып жүретін. Көзін айналдырып баланы қорқытып тұрған кісі тәрізді, қызарып көрінеді. Мұрыны таңқылау, сөйлегенде үріккен ешкінің танауындай делдиіп, желбеңдеп кететін.

Жамал мен Жадыра бұлардың қасына жедел келді. Үлкен кісіден именіп Жамал қырындай тұрды. Жадыра аузымен тыңдайтын адамша аңырайа қарады.

– Келін шырағым, менен ұялма, «әзілің жарасса атаңмен ойна» – деген, – деп Ұйтқыбек сөзін бастай бергенде, Жадыра оның сөзін бөліп:

– Енді келініңмен ойнасайшы, сол қалып еді, онанда келінді ұялтпай-ақ айтатын жұмыстарыңды тез айтпайсыңдар ма бізге?! – деді.

– Ой, бәшағыр-ай, сен өлуге де асығарсың-ау, – деп, Ұйтқыбек кемпірін бір қағытып өтті де, – я, біз Сейфулла екеуіміз кәзір бие байлауға барамыз, эне, Матай жылқыны айдап та келіп қалды, желкемізге өзіміздің бастастар келіп қонып жатыр, соларға бүгін кешке ерулік беру керек. Жамал келін екеуің соны реттерсіңдер.

Ұйтқыбек сөзін аяқтады да, желіге қарай жылжыды. Сейфулла итарқаның алдында жатқан құлындардың ноктасын құшақтай көтерді де, Жамалға күңкілдеп бірдемені тапсырғандай болды. Ол сөзін Ұйтқыбек естіген жоқ, бірақ ішінен сезді.

Екі үй бірігіп, ынтымақпен отырып ерулік берді. Кербез енесі ауыл көшіп жатқанда қолтығына қысып әкеліп, Жылтыр келінінен жасырып тастап кеткен бүйенге тыққан жеңді білектей күрең шұжықты Жамал Жадыраға апарып берді.

– Жеңгей-ау, Кербез енемнің қымқырып бергені осы, Жылтыр абысынымыз кесіп алса қан шықпайтын кісі, сонда да болса түбі бірге түтпейді ғой, оның бергені де мына бір белдеме омыртқа мен бір сүйем қарта, осыны ерулікке асып беріп, бар мәзір, жоқ жайыңызды айтып қонағыңызды жөнелтерсіз, – деді Жамал.

– Жамалжан-ау, мынауың көп ет қой, жазғытұрым жыл шығып тұрғанда біздің үйден бұдан молды кім дәметеді? – деп қатты риза болғанын білдіріп, батасын берді де, – менің тістей қатып сақтап жүрген бір бұғанам, екі кесек етім бар. Бұл бұғана қысты күні соғым сойғанда Ділмар қайнымның Матайға ұстатқан «кол кесері» еді. Белдеме омыртқа мен ана қартаны өз үйіңе апар. Етті сағынған кезде күйеуіңе бір ащылатарсың, мына шұжығың да жетеді, қалғанын өзім қосайын. Кешке Сәкенінді көтеріп келіп, қонақты бірге отырып жөнелтерсіңдер, – деді.

IV

Ерулікке жиналғандар өзара сыр шеше шүйіркелесті. Сөзді бастаған Ұйтқыбек сол кезде елуді қусырып жүрген кәрі шөңге еді, өзінің үзеңгілес бастасы қыли Ахметке назарын аударып:

– Ахметім, мына мен өзімнің ақымақтығымды бүгін біліп отырмын. «Жоқтық ұят емес», – дегенге енді сенбеспін, тапшы өмірдің қасіретін тарта беру біздің ғана маңдайымызға жазылған жоқ шығар, ойланатын да мезгіл жеткен болар...

– Оныңыз рас қой, Ұйтқы-еке, бірақ сіз мұны бүгін жұртта қалған соң, соған налып айтып отырсыз ғой деймін, ал ертең Мақажан жылы ұшырап, маңдайыңыздан сипаса тағы ұмытып кетерсіз... – деп ізін бағып, алыстан торып, кекете сөйледі.

Бұл белгілі сотқар атанған Ахмет. Сондықтан да ел мұны бұрын «қыңыр Ахмет», – деп жүрді де, бері келе «қыли Ахмет» дейтін болды, өйткені байдың үйінен қымыз

ішкенде бір көзінен аса қарап, бір көзін баса қарап отыратын. Жайшылықта көзі тұзу Ахмет осы қылығын ана жылы үзеңгілес досы Ұйтқыбекке айтып бір күлдірсе керек, сонда: «оң көзімді тостағаннан асыра қарайтыным, байқаусызда байдың ындынын білгім келеді, сол көзімді қымызға баса қарайтыным саған қандай сордың көз жасы тамды екен деп, соны үңіліп көргім келеді», депті.

Ахметтің шанша сөйлеген сөзіне Ұйтқыбек қытықсыз жауап қайырды.

– Тілің балдай-ау, бәтшағар, рас бір кезде Мақажанға итаршы болып, талай жұрттың көңілін де қалдырған шығармын. «Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң» – деп бастаған сөзін Ахмет бөліп:

– Үйіріңізді өзіңіз тауып отырсыз ба, жоқ құдайдың жазуына ықтиярсыз көніп отырсыз ба? – деп сөзін бүркемей өз ойын аңдата сөйледі.

Отырған жұрт аңырып қалды, біреуі күлімсірегендей, біреуі күңкілдегендей болды. Ұйтқыбектің сол жағында отырған Сейфулла екі тізесін қозғап қойды. Оның сөйлеуге белгі бергенін байқап, Ұйтқыбек «атының басын» тежей қалды.

– Менің өз басым өтірік сөйлеуден меңіреу болғанды жақсы көрем, ал, шынымды айтсам: зорлық істеп, нашарды жылатып тапқан дүниеден, өзің еңбек қылып табан ақы, маңдай теріңмен күн көрсең сол абзал ма деймін, – деп өзінің кең ойын келте қайырды Сейфулла.

– Бұған да қосылам, ашуым да бар шығар, бірақ енді Ахмет өзің айтшы, менің қандай игілі ісім зая кетпеді? – деп шұқшия сұрады Ұйтқыбек. – Мен ерлік істесем – даңғаза, әпербақан атандым, мырзалық істесем – ысырапқор болдым, тіл алғыш болсам – қорқақ деді, шешен-ақ едім – көк малта, «мылжың», деді. Заты, осының бәрі кедейлігімнен, қолдың қысқалығынан ғой деп білдім. Қысқасы, барға ісің түссе, мына дәмдес құрбың кедейліктің кім екенін сонда анық танысың, – дегенде, жұрт ду күлді.

– Міне, тауып айттыңыз. Біз де жетісіп жүрген адам емеспіз. Ұйтқыбек қожайынынан, Сейфулла туысқанынан іргесін айырса, біз бірге болғалы келдік. Түңілген өкпелемейді, бізде өкпе жоқ. Сендер де солай ма екен деп азырақ тамырларыңды ұстап сөйлегім келді. Енді түсінгендей болдым. Хаир, жарайды, бұралқылар бірігіп еңбек істейік. «Алтау ала болса ауыздағы кетеді. Төртеу түгел болса төбедегі келеді», дейді

ғой, ынтымақ пен түгелдік – үлкен байлық, – деп сөзін түйді Ахмет.

– Бәрекелді, жарайсың, Ахметім! Әй, бәтшағыр-ай, білуден қап саумайсың ғой, әттең шіркін қолың қысқа, – деп, Ұйтқыбек оның пікірін мақұлдады. Басқалары да бас қосуды, іргелі ел болуды көксейтін көңіл сырларын ортаға салды.

Өмірдің қызығын еңбектен іздеген кедейлер, ең алдымен Жаман өзен жағасында ірге теуіп, ұйымдасып үй салуға сөз байласып тарасты.

V

Сейфулланың үйін салуға Ұйтқыбек үме жариялаған күні осы ауылдың адамдары ерте қимылдады. Олардың сергек көңілін, сесті серпінін қоштағандай, көкжиектен күн де күлімдей көтеріліп келеді. Оймақтай бұлтсыз көгілдір аспан да, жасыл торқа жамылған Жаман өзеннің бойы да ерекше бір нұрға бөленгендей. Сылдырап аққан өзен суы, оның жағасында судыраған жас құрақ, ақырын ескен жел лебімен тербетілген жас жапырақ, тіпті айналасындағы табиғаттың барлығы да Сейфуллаға ерекше әсер етті. «Енді біз алдағы үлкен өмірдің күйін бірге шертеміз...» – деп тұрғандай еді.

«Я, енді біз осы өзеннің жағасында...» – деп өзінен-өзі күбірлей сөйлеп келе жатқан Сейфулла, межелі жерге жеткенде, иығындағы тесесін қолына алып, жарқабақтың сарғылт топырағын қопара бастады.

Сейфулланың тесені құлшына сермегенін анадайдан көріп, Ұйтқыбек іштен сүйсінді: «өмір бойы өзге арнамен аққан күшің, өз аясын енді тапқан екен. Көтере соқ, жаным, көтере!..» - деп естірте айтты. Көңілі тасып, айналасына шола қарағанда, қасқа тістерін ақсита көрсетіп, өзен бойына қарай қаптай шұбаған көршілеріне де көзі түсті. Олардың өңшырайларынан өмір қуанышының ізі сезіледі. Ауылдан соң шықса да, жамырай жүгірген балалар Сейфулланың қасына барлығынан бұрын жетті. Олардың қалтқысыз кескініне көзі түскенде Сейфулла «менің Сәкенім осылардай болып, қашан жүгіріп жүрер екен, қашан ер жетер екен... шіркін бала, үлкен өмірдің үміті сендер ғана... барлығы сендер үшін...» деген ой үстінде толқыған жүрегін әрең тежеді.

Осы кезде кішкентай Сәкенін құндаққа салып көтерген Жамал да жетті. Оны Сейфулланың киімінің үстіне жатқызып, мөлдіреген қара көздеріне құмарта қараған ана, «Сен не

білесің, біз саған үй саламыз...» деп, маңдайынан иіскеп, басын көтерді, баласының өңіне емірене үңіле қарады, оның жаңа жапырақ жарған гүлдей үлбіреген еріндері жыбырлап бір сыр айтып жатқандай көрінді. Ол қандай сыр?..

Аз уақыттан кейін Жаман өзеннің жағасы еңбек мерекесіне айналды. Қарулы жігіттер бірнеше жерден ұра қазып, енді бір тобы қазылған топыраққа су құйып жатыр. Ортадағы үлкен ұраны Сейфулланың боз шолақ атына мініп ақ тонды Матай бастырып жүр. Басқа ұраларды балтырын түріп алып, екі-екіден түсе қалып, жас жігіттер жаяу бастыра бастады. Біраз әйелдер ұраның бетіне себезілеп сабан төкті, ересек балалар иі қанған лайды шелекпен сыртқа тасыды, біраз адамдар оны ағаш қалыпқа салып жатыр. Жеңін сыбанбаған, балағын түрмеген жан жоқ. Жұмыла кірісті. Жұмыс қызу жүрді. «Іске сәт-ақ...» десіп, батасын беріп, шалдар да араласты.

Ұлы дүбірге делбесі қозып, балтырын түріп тастап Ұйтқыбек ақсақал да лайды қалыпқа құйып жүр. Қаршадайынан бейнетке төселген даңғыл шораяқ тез қимылдайды, тасушыларды састырады.

– Сейфуллажан, өзін тасымасаң мына көбең жастарың мені лайға жарытар емес. Қара күштің қырбаты, түйе балуан едің ғой, көрсетші күшінді, «түйенің үлкені өткелде таяқ жейді» бүгін кәрілерге бір сын, – деп жымия күліп, құрдасы Ахметке қарады. Ұйтқыбектің бұл сөзін Ахмет те ұқты, ол Сейфулланы көздеп сөйлегенде ойы басқа жақта, «үйреніскен жау» өз құрбысына тілін безеп тұр еді.

– Я сен, Ұйтқыбек, әзір тың күйінде бұлкетей бастырып дымын құртшы, есінен танып Жадыраның да кім екенін ұмытып кетсін, – деді Ахмет, – бүгін бізге сертті күн, аянба, кәрі тарланым.

– Құрдас-ау, сен ол біздің «Әлгіні» қойып, мына бізбен бәсекелессейші, қатындардан кейін қалып, тезек теріп жүрме, «қу жетім» мен «әлгі» араласқан соң, олардың шаңына да ілесе алмассың, – деп қытығына тие сөйлеген Жадыра еді. Сөзін бітіріп еңкейіп лайды қалыпқа салды да, екі қолымен ағаш қалыпты қос қолдап суырып алды. Жаңа ғана ұрада былжырап жатқан сиықсыз лай енді төрт бұрышты түрге түсіп, ықшамданып, айналасы жып-жылмағай, әп-әдемі қара қоңыр кірпіш бола қалды.

– Жадыра-ау, кәрі байынды мақтағанша мендей жастарға қолыңды артсайшы, бірақ мына сұмпайы кескініңнен құсқым

келіп жүрмесе, кірпішті құймай жатып бет-аузына мең қаптатыпсың, – деп қарқылдай күлді Ахмет.

– Қартайғанда кәрі боз жорға шығады, Жадыра жаңа әдемі болды. Ахмет, сен оған менің көзіммен қарашы, – деп қалжыңды қоздыра түсті Ұйтқыбек.

– Әу, келіндер, кимылдаңдар, бүгін кәрілер құтырайын деген екен, солардан қалып қойсақ өлім дағы, еркектің де қолы істейді ғой, әкеліндер, әкеліндер, – деп тақақтатты Жадыра. – Ана шапыраш құрдасымның сөзіне қарамандар, бетіңе лай тиді деп, ол маған жеңер ақынға айтып тұр, жайшылықта да бетін жаласа бес ит тойғандай өз қияпатын көрмейді, әлі лай жұкса, кешке жақын су тазалайды, әкеліндер, – деді де, Жадыра жеделдете жөнелді.

Үлкендердің дүрмегімен жиналған қараша үйлердің қара борбай балалары да той үстіндегідей мээ-мейрам. Жырым балақ дамбалдарын ышқырларына дейін түріп тастап, бірі лай айдап, бірі су тасып жүр. Анда-санда сықылықтап күлгендері де естіледі.

Сәскеде тыныстап, қымыз ішіп, сусындап алды да, шаңқай түсте табақ тартылып - ет жеді. Қымыз да, айран да ада болды. Кеш батты, қас қарая жұрт үйді-үйлеріне тарады.

Тәнертеңнен кешке дейін жүгірумен шаршаған Сейфулла іңірде күркесінде отырып, Жамалға қарап:

– Жамал, біз бүгін екеуміз де ерледік. Қымызың да, айраның да, етің де жеткілікті болды. Тайынша да көкке тойып қоңайып қалған екен, еті тәтті болды. Сегіз-тоғыз мыңдай кірпіш құйылды. Көпшілік ас ішкенде болмаса, еңбек істегенде жапырып жіберді. Жақсы-ақ қой, – деді.

Сол жақ қарында жатып мәмәсін сорған Сәкенді енді екі қолтығынан ұстап, басына асыра көтеріп, кіндігінен шопылдатып сүйді. Сонсоң құйрығын қоңыр шүберек жаялыққа орап, мейірі қанған Жамал жас нәрестені Сейфуллаға ұсынды. Сүтке тойған Сәкен ауызын жымырайтып, өзінің ернін еміп жүр. Маужыраған күйі, көзін ашып-жұмып әкесінің құшағына кірді. Ешнәрсеге түсінген жоқ ол, басын екі жаққа кезек бұрып аймалай береді. Мәмәсін іздейді, жыламайды.

– Құлыным, ақ ботам, Сәкенім, «кішт-кішт...» – деп өліп өшеді Жамал. – Бәрі осының қамы ғой, бәрі де осыныкі ғой, о, садағаң кетейін, кішкентай қуанышым...

– Жә, қысқарт әңгімені, сусап отырмын, шайыңды шығара құй, Сәкен сенікі емес, менікі, – деп Сейфулла да зілсіз қалжыңдап, Сәкенін емірене құшақтап, бауырына қысты.

- Сіздің сүйер балаңыз жалғыз Сәкен бе? – деді Жамал қабағын шытып. – «Қатын жолда, бала белде» ғой. Ана бәйгі атқа шабатын, жылқыны бірге күзетісіп, атыңызды ұстап беретін Бәтімеден туған балаңызды да сүйерсіз, – деді.

Жамалдың дауысы онша толқымаса да, сөздің сазы бар еді. Қызғаныштың көлеңкесі көрінгендей. Сейфулла ашуланса қарсы келмейтін Жамал, бүгін бір көңілі тынып, сусап шәй ішіп, терісі кеңіп, жадырап отырғанда қапысын тауып, ойындағысын ескертіп өтті.

Жадырап, рахаттанып отырған жан тұтқиыл ренжи алмады! Алайда, жабылған жала, жағылған күйе оңай тимеді.

– Әй, сенің айтып отырған Бәтимаң кім өзі?! – деп Сейфулла түйіле сұрады. Дыбысы күдіксіз таза шықты, кәрден аяқша сылдырады. Бұл нахақ жанның адал дыбысы еді.

Рас-ау, бәсе, осы Бәтима кім?

VI

Қара шілікке қыстау салғаннан бері бірталай уақыт өтті.

Бұрын жылқы бағып, жүйрік ат мініп, селтендеп аң аулап, домбыра шертіп, ән салып жүрген «жырынды жылқышы» Сейфулла үйленді де, басына нөқта киген құлындай жуасыды. Жатақта да қалды, үй де салды.

«Тарта жесең тай қалады...» – деп Жамал да ескертіп отырды. Әйелдің қанша тілін алмайын десе де өз пайдасын айтып: «Ұқыпты бол, тұтқыр бол!» – деген Жамалдың сөзі де құлағына кірмей қойған жоқ.

Сейфулла күзді күні екі түйемен Нілдіден Спасскийге тас тасыды, қысты күні Қараөткелге кіре салды, жазғытұрым жер жыртып, егін екті. Шаруасы құрала бастады. Тамыр-танысы көбейді. Қараөткелде Шәймерден досы, Нілдіде Сәдені бар. Біраздан бері егін-шөбін жиып үйіп алғаннан кейін, Сейфулла күзді күні аң аулайтынды шығарды. Бұл да жақсы көретін кәсібі еді.

Міне бүгін, түс ауған кезде Сейфулла Аба тауын аралап қоян ауламақ болды. «Кербалақ» дейтін қарагер тайына Сәкенін ашамайлап мінгізіп алды. Жеті-сегіз жасар күнінде-ақ қасынан тастамаушы еді.

Жуас «Кербалақ» иттен үркіп, құлағын тікейтіп кілт бұрылды. Қаршадай Сәкен елең қылған жоқ, тақымын қыса түседі, жымыып күліп жүр.

Есіктің алдында Сәкенге қызыға қарап тұрған Жамал шімірігіп қалды, қымсына қозғалып: «Құлыным-ау, жығылып қала жаздадың ғой, тізгініңді қысып ұсташы!» – деп асыға сөйлеп әбігерге түсті. «Аңның қызығына кіріп Сәкенімнен айырылып қалмаңыз! – деп, күйеуіне де ескертті.

Дәл осы кезде ұзын қыл шылбырды көк қасқа тазының қарғысынан іліп алып, екі ұшын оң қолымен уыстай ұстап, Сейфулла жетектеп шығып бара жатыр еді. Соңынан «Құтжол» да ере жүрді.

«Құтжол» – сары төбет. Алды биік, арты аласа, қылыш құйрық, мойыны жүндес, сауыры мен бөксесі тықыр – нағыз арыстан тәрізді. Ол жерді иіскеп, тышқаншылап тіміскілемейді, арсылдап үріп, не қыңсылап ұлуды білмейді, маңғаз ит. Қапырық кеште арсалаңдап тілін шығарып, сілекейін шұбыртып, жалқау жортып келеді. «Құтжол» қымсынуды білмейді.

Бір мезетте бұтаның түбінен секең етіп бір қоян тұра қашты. Қашан болса да қоян өрге қарай ұмтылады, өйткені оның алдыңғы аяқтары қысқа, артқы аяқтары ұзын ғой. Өрден ойға қашқан қоянды төбет те құтқармайды.

«Көк қоян қаша алмайды өрде болса,
Аксақал бас жейді екен төрде болса...»

Өрге қарай оқша зымырап, бауырын жазып көсіле тартқан қоянға «Көк қасқа» да жұлдыздай ағып, құсыра құйғытты. Қоянға көп қосылған әккі «Көк қасқа» тау жағын ала ұмтылды, қайырмақ болды. Жан беру оңай ма, құлақтарын жымитып, төрт аяғын көсілте жазып жіберген қоян, керген төстіктей бірдеме болды да қалды, бұлдырап көрінеді. Ең әуелі жерлей ұшып, деңгейлескенде ғана алатын жеміне қалақша тік көтерілетін қыран қаршығадай «Көк қасқа» да зулады, жан алқымға алды. Өкшелеп жеткен «Көк қасқадан» қаймығып, қоян жалтара қашты, қулық істеді. Жырынды «Көк қасқа» кілт бұрылып, ойға қарай бастырмалады, алдыңғы аяғымен шалды, сонда бұтаға сүрініп омақасты, қоян тағы өрге тартты, «Көк қасқа» қайта қуды, тағы шалды, әуреге түсті...

«Құтжол» да ең алғашында Сейфулланың алдына түсіп, азырақ шоқақтады, содан соң тазы мен қоян ұзап кеткенін біліп, аңырайа қарап шөкесінен отырып қалды. «Жеп еті, ішіп сорпасы жоқ, сол күзді күнгі көкше қоянға әуре болып

қайтесіз, сіз де бармай-ақ қойыңыз», – дегендей иесіне күйрығын бұландатты. «Құтжол» әлін білді. Бірақ көрінген аң көздің құрты емес пе, Сейфулла тоқтай алмай Боз шолақты борбайлай шауып, айғай салып Абаны жаңғырықтырды.

«Құтжол» ерген күні Сейфулла олжаға шаш-етегінен малынып қайтады. Пұшпақ бөркін алшысынан киіп, қанжығасына байлап, құлақтарын салақтатып, бауыздалған көкше қояндарды көп әкеледі.

Соңғы алған қоянын бөктеріп, Көк қасқаны жетектеп, Сейфулла екіндіде үйіне қайтпақ болды. Кербалақтың үстінде құмандай болып отырған Садуақасқа енді көзі түсті. «Құтжолды» соңына ертіп Абаның етегінде аяндап келеді екен.

Көлденеңнен баран атты біреу бұландатып келе жатыр. Садуақасқа қарай тура жүрді. Өрден төмен қарай кібіртіктеп аяндаған Боз шолақтан гөрі, көлденең келе жатқан баранның жүрісі өнімді. «Астында Құлақасқа аты бар екен, дәуде болса Бәтима шығар», деді Сейфулла ішінен.

– Бөрінің бөлтірігі амансың ба, кел бетіңнен сүйейін, тайың үркек емес пе? Әкеңе тартсаң құлап та қаларсың-ау... – деп таяна түсті.

Тілдігін екі басқан кәрі Құлақасқа қарасынға таянып келгенде, үнемі тұра қалатын, не аяғын ілбіп басатын. Бәтима тақымына басқалы сегіз-тоғыз жыл болып еді. Содан бері сан рет талай адаммен сағаттап амандасатын Бәтиманың мінезіне әбден дағдыланған «Құлақасқа» кілт тоқтай қалды.

Садуақас аузын томпитып, жатырқай қарағанда, көзі алара түсті.

– Жаным-ау, мына тентек қайтеді? Шешесі Жамалға тартпаған болар, сірә!... – деген Бәтиманың сыңғырлап шыққан даусын Сейфулла анық есітті.

– Енді, баланы әурелейін дедің бе? Әбден-ақ қартайған екенсің, Бәтима!

– Амандаспай жатып кәрісің деп кемітесің. Осы оңашада айтшы, жасың құрбы болса да, енді ағадай көрем, сонда ана атастырған жеріне бармады деп мінеп тұрсың ба? – деп, Бәтима шын жауап бере, тікелей сұрақ қойды.

Бәтиманың атастырған күйеуі Ақбураның Боздағы бұла болып өскен жігіт. Анау күні Ақбураның үйіне қымыз іше барып отырғанда Боздақ төсектен тұра салып: – «Апа-ау, апа!» деп елді бір елендеткен. Сонда біреулер: – «Боздаққа бәрі үйлеседі, шешесіне еркелегені ғой», – деп шәйіп-жуған. Екінші

біреулер: – «Құтырғаннан жын ұрған туады, Тоғышар жан отызға келсе де өспейді...» – деп күңкілдеген еді. Дуылдасып отырған жұрт біраз дағдарысып қалған-ды.

– Елдің баласы қаршадайынан пысық болады. Біздің Боздақ отызға келгенше әлі «құлын мінезін» қоймайды, – деді шешесі Дәрікүл бәйбіше.

– Оңбаған итті үйретпейсің бе, «құлын мінезі» деп мантықтайсың. Көңірсімей отыр, сенен туған бала қай оңушы еді!.. – деп кіжіне сөйледі Ақбура.

– Үйретсеңіз отырсыз ғой... – деп күңкілдеді Дәрікүл. Кимешегінің шықшытын қолымен кейін сырып, қабағын шытып, тамсанды да қымыз сапырды.

– Ештеңе етпес, әлі жас қой, – деп ақсақалдар өртті басты.

Осы әңгіме есіне түсті де, Сейфулла өзінің құрбысы Бәтиманы аяғандай болды, үндемей қалды. – Дәм айдап қиырдан кездестік қой, жүр, Бәтима, құрдасыңның түтін түтеткен жерін көре кет, салған үйіне байғазы берерсің, – деді Сейфулла қалжындай күліп. Сонсоң Садуақасқа бұрылып:

– Ал, балам, мына қонақ келіп қалды ғой, тез үйге жетейік.

Олар енді үшеу болып, ауылға қарай бет бұрды. Кейде үнсіз кездескен Бәтима мен Сейфулланың көздері бір кезде тең өскен шақтарын елестетіп, бірде...

Алтай Тоқа екі ру ел. Бәтима Алтайдан шықты. Өзінен бұрын атаусыз өлген, көмусіз қалған, құнсыз кеткен апаларының тағдырын Бәтима балдыр күнінде естіді. Қабырғасы қайысып, торыққан да мезгілі болды. Шер болып қатқан жүрегіндегі осы мұң ұлғая берді. Кегін сыртына шығармай ішінен тынды. Ешкімнің илеуіне көнбей, сүйгеніне барып, мұратына жету арманы еді.

Еркекше киініп, жылқы бақты, қойды да қайырды, көшіп жатқанда білегін сыбанып жүкті де артты, көш жөнекей ауған түйені аттың үстінен басты. Желі басында бұғалық тастап, шу асауды шыңғыртып ұстады, қашағанды да құтқармады, аттың құлағында ойнады. Бері келе топқа түсіп тайсалмай сөз сөйледі. Өткірлігімен ғана емес, ақылымен де ел аузына ілінді.

Бәтима дәуірлеп жұрттың көзіне түскенде жұрттың бәрі: – «Бәтима білсін, би қыз айтсын», – дейтін болды. Мұның екі себебі бар еді.

Біреуі: орта ауқатты, бұйығы Өмірбек – ерке қарындасы өр туған би қыз Бәтиманы бетке қақпады. Келген қонақты

көбінесе Бәтима қабылдады. Өмірбектің өзі де: «Бәтекем үйіне барыңдар.» – деп отыратын болды. Біздің Уәтай тәрізді, сөйлесе Өмірбектің басы ауырады. Осы шүлен қарындасы Бәтима маңдайына біткен бақыт құсы ма, жоқ әлде арылмайтын қырсық па, ол арасын Өмірбек ойламайтын. Айтқанына көніп, айдауына жүре беретін. Шын жақсы көру есепсіз болады. Оның үстіне әкем марқұмның айтып кеткен өсиеті бар: «Менің кейінгі ұрпағым қызды әлпештесін, қыз бала аты арықтап жатқан жолаушы ғой, оң жақтың қызығын көрсін. Заты, менің атым қыздарымда қалар» – деуші еді, – деп толғайтын Өмірбек.

Екінші себебі: сан рет дауға араласып, талай сайлауда шарға түсіп, шыныққан Бәтима ел ыңғайын жақсы білді. Аңдысқан кіная, алыстан орағытқан арамза сөздің де бас қондырысы оған беп-белгілі. Топқа кіргенде Бәтима шыға шабатын ұшқыр атша іле жөнелмей, әңгімеге арандап, төтесінен қилікпей, көбірек тындап, өткізіп жіберіп, қуа сөйлейтін, ұстайтын жерінде ғана араласып, ұтылап - із тастап отыратын.

Сонымен бірге өз үйіне келген қонағын күткенде мүлде өзгеріп кетуші еді. Ауылдың қарапайым қызынша сызылып, қырын қарап отырушы еді. Сонда Бәтима бұралқы әзілді бойына дарытпайды.

Өзі менсінбей жүрген күйеуін Бәтима оң жақта отырып биледі. «Биыл қыс қатты болады, жылқысын Шуға айдатсын. Жұтқа ұрынбасын, ерте қамдансын. Қараөткелге кірекеш жіберіп, астық алдырсын. Бәлендей малын сатсын, түгендей соғым сойсын» деп, сырттан ақыл айтатын болды. Сонда жұмсаған жігітіне: – “Томырықтау еді, тулатып алмашы, ақылдың дұшпандығы болмайды, осы сөзімді жоғалтпай жеткізші” – дейтін еді.

Осындай сегіз қырлы, бір сырлы Бәтиманы көп адам түсіне алмады. Еркек-сары да байқамай бір арандап еді. Еркек-сары бір кезде тері-терсек сатып, байыған кісі, бері келе өткені ұмыт болып, жеті атасынан уызы арылмаған шонжардың өзі тәрізді жүрді. Бір жылы көк мауытымен тыстаған бешпентше пұшпақ ішік, сыртынан желбегей салған көк барқыт шапаны бар, басына құндыз бөрікті баса киіп, Ерке-сары құла жорға атпен сылқылдап келіп Бәтиманың үйіне түседі, оған тоқты сойып, қонақасы береді. Түнде етті жеп болып ел тарар кезде, Еркек-сары қомданып бір қалжыңның шетін шығарады.

– Бәтішжан төсегіңді... – дей бергенде, Бәтима оның сөзін естімеген кісіше жаңа ғана тысқа шыққан немере інісі Нәбиді шақырады:

– Нәби-ай, сен ұмытпашы, мына Еркек ағам Қоянды жәрмеңкесіне бара жатқан шығар, ауылдың тері-терсегін, жүн-жұрқасын жинатып қойшы, ала кетсін, – дейді. Жұрт ду күледі. Үйдің ішін дыбыс кернеп кетеді. Еркек-сарының аузына сөз түспей қақалып, өліп қала жаздайды. Шеке тамыры шодырайып кетеді. Далаға шыққан бойымен атына қонып, түн қатып, тартып отырады.

Бәтиманың осы өткір әзілі ел арасына жайылып, Еркек-сарыны кес-кестеп жүргізбейді. Қатты ойнайтын құрдастары отырып: – «Қалжыңдаса білмесең, Бәтимадай пәлеге неге барып соқтығасың. Әй, бәрекелді-ай, «Бәтiшжан, төсегiндi...» дегенде, аузың қандай қомпиды екен?!» – деп, келемеждей күлетін болды.

– «Мына Еркек ағам ауылдың тері-терсегін ала кетсін», – деуі нағыз табылған сөз. Сенің кәсібің сол, қызда жұмысың болмасын дегені ғой», – деп қақпақылға салып, бірін-бірі қостап, әуре-шікірәсін шығарушы еді.

Сол Бәтима мен Сейфулла екеуі Аба тауының етегінде екіндіде кездесті. Құрдастар қатты ойнайды, сөздері балаусыз, кексіз келеді. Сөздің тура мағынасын бұзып, бұрмалай сөйлеу, бүйректен сирақ шығару күлуге жақсы, ең әуелі осылай әзілdestі. Бірақ шанышпа сөз, бейпіл әзіл Сейфулла мен Бәтимада болған емес.

Алайда, екеуінің арасында мұндастық ортақ сыр бардай сезілетін. Бірін-бірі кездестірген сайын қыз бен жігіт емес, аға мен қарындастың жылы лебі есетін. Көптен көкейлерін кернеген көңіл күйлерін ағытысып келсе де, әлденеге тартынатын да тәрізді. Бірақ, оның себебін екеуі де анық түсінбейтін. Сонда да, жолды қысқарту үшін екі құрдас өткенді ғана естеріне түсірумен болды. Жолшыбай Қарашілікті баса жүрді. Сейфулланың қыстауына келіп, оның тап-тұйнақтай жаңа үйін көргенде Бәтима да өз қуанышын ірке алмады.

– Ер жігіттің өзі кіретін есігі болуы қандай жақсы, сен сол есікті өмірдің төрінен шығарыпсың ғой. «Ата көрген оқ жонады» демекші, мына Сәкенің де ертең-ақ бақыттың зор сарайын салар-ау, әлі...

Бәтима осыдан кейін назарын оң жағында келе жатқан Сәкенге аударып:

– Ел мені ерке қыз, дейді, ол сыртқы елес қана, ал, өмірдің шын еркесі сен боларсың. Еркелік еркіндіктен туады ғой, мына әкең сені еркін өсіру үшін ағайын есігінен іргесін аударыпты... Ерке бұланым, бәрі сен үшін, ұмытпа осыны! – деді.

Бәтиманың тілімен емес, жанымен айтқан осы сөздерін жас Сәкен ұқпаса да, Сейфулла тебірене тыңдап, сүйсіне жымыып, достың тілегіне ризалығын білдіріп келеді.

Осы әңгіменің үстінде ақшам жамырай ауылға қалай жеткендерін де білмей қалды. Бұлардың ой өрісін алдынан абалап шыққан иттің даусы ғана бөліп жіберді. Үйінің іргесіне келгенде, Сейфулла атынан қарғып түсіп, досының шылбырынан ұстап, қолтығынан демеді. Сейфулла аттарды белдеуге байлап жатқанда, Бәтима кішкентай Сәкенді Кербалақтың үстінен көтеріп алып, бетінен сүйеді. Баланың кейпінде де алғашқы жатырқау жоқ екен, әке досының жылы лебін сезгендей үлкен қара көздерімен күлімдей қарайды.

Сырттағы ат дүбірін, адам дабырын естіген Жамал әдеттегісінше төрге бөстегін жайып қарсы алды. Есіктен бұрын кірген Сәкенін құшақтап, жерден көтеріп алып, шөпілдете сүйіп жатқан ана, алғашында осы келген қонағының кім екенін де байқамады. Тек жайласып отырғаннан кейін ғана:

– Бағанадан бері танымай отырсам, өзіміздің құрдас екен ғой. Аман-есен жүрмісің, Бәтима? Қайдан кезіктіңдер? – деді Жамал. Көңіліне келе қалған қызғанышын қонағына сездірмей, салмақпен елеусіз айтты, бірақ осы сазды лебіз Сейфулланың құлағына ысқаяқ тиді, оның астарлы ойын тілсіз жеткізді... Жамал сөзінің бұл кестесін Бәтима аңғармады.

– Абаның сыртында аң аулап жүріп кездестік, көптен көріспеген соң әдейі саған амандасқалы келдім. Неше жылдай таудан көшпей қойдыңдар, еңбектерің жаныпты, салған үйлерің жақсы екен, іші құтты болсын, – деді Бәтима. – Мынау кішкентайыңды жаңа көріп отырмын, бауы берік болсын, өзім шылдақанасын күзеткен Садуақас енді тайға мініп шауып жүр. Өмір шіркін өтіп барады ғой, – деген Бәтиманың сөзінен терең сырдың сүреңі сезілгендей еді.

– Жамал, әу Жамал, шықшы бері, – деген Сейфулланың дыбысы естілді. Үйден шығып бара жатқан Жамалға қарап:

– Жамал-ау, мен үшін әуреленбеңдер, – деді Бәтима. – Менің қонақасыма әлгі өзіміз әкелген қоянның еті де жарайды. Бар тілегім бүгін осы үйге ауыл арасының адамдары топырламаса екен. Мал сойған үйге олар әуес болады...

Бәтимаға бұл сөзді айтқызған Сейфулланың әйелін шақыруы ғана емес, оның белдеуден бозшолақты шешкен тықыры еді.

Бәтиманың сөзі Сейфуллаға түгел жетті, сонда да таңырқап:

– Мұнысы несі? Көптен келмеген құрбымызға бір тоқты сойып бере алмауымыз елден ұят қой. Мен Дүкеннің қасқа тоқтысын Бозшолақпен әкеле қояйын, болмас... – деп, Сейфулла атына мініп жатқанда, үйден Бәтима да шықты.

– Жамал-ау, мен мал іздегендеріңе ренжимін. Қонағым деп сыйласаңыз мал сойма, және бүгін күн сейсенбі – сіздің атаға жақпайтын күн. Менің балалығым ұстап қоян етін жегім келіп тұр, – деп, сөзінің аяғын еркелікке сүйеді.

Сейфулла Жамалдың қасына келіп екеуі күңкілдесті де:

– Болмас енді, Бәтима бала болып еркелейді ғой, жарайды біз де оны балаша күтейік. Жамал, сен қазаныңды көтер, қоянды мен қазір-ақ жәукемдеп берейін, – деп Сейфулла аттан түсті.

Сейфулла Құлақасқаны қаңтарып, шылбырын белдеуге мықтап байлады. Бозшолақтың ертоқымын алып, бусанған сауырын сипады, жып-жылы екен. «Суысын жануар, ақшам жамырағанша» – деп өзінен өзі сөйлеп жүр.

– Атың неге қиналған, Бәтима, өзің қай жақтан келе жатырсың? – деді Сейфулла оттың басында қоянның етін бұзып жатып.

– Құлақасқаның қиналғаны рас, оның себебін айтайын, қазанға етін салып, тезекті астына тоқсыра қалап Жамал да отырсын, – деп бастады Бәтима, – ана екі кішкенесін де ұйқатсын, айтпақшы, ол екеуінің аты кім?

– Бірінші баламыз өзің шілдеқанасында болған мына – Садуақас, өз қасында отыр, ал екіншісі мынау – Мәлікаждар, үшіншісі – Әбумүсілім ғой, бұл екеуі қазір ұйқтайды, ал Садуақасымның әңгімеге жаны әуес, ол қонақ келсе көзіне кергіш қояды, ұйқтамайды. Әңгімені айта бер, құлағым сенде, – деді Жамал қазан астына тезекті қалай отырып.

– Мен бүгін ауылдан жалғыз шықтым. Ителгімді қазға салып бір бой жазғым келді, – деп, үзілген ойын қайта жалғады Бәтима.

– Ителгің қайда? – деп асыға сұрап, Сейфулла оның сөзін бұзып жіберді. Әкесінің қонақ жағында тізесіне шынтақтай қисайып, аяғын көсіле отырған Садуақас ауызын ашып, бір ноқатқа тесіле қарап қалған екен, басы да қисайып кетіпті.

– Ой, жаным-ай, бағанадан бері мені бір еркек кісі деп отыр екен ғой, бұл жылтырақтың аты «қапсырма» болады, – деп жымия күліп, жібек камзолының омырауын ұстады Бәтима.

– Менің ағамның құрдасы қыз болмайды, қапсырманы қыз тақпай ма? – деді Садуақас. Үшеуі де даурыға күлісті, көлденең әңгімелер киіп кетті де, біраз қалжындасып алды.

Көйлегін шалбарланып, шашын түйіп тастап, басына жекей тымақ, аяғына биік өкше саптама етік киген, үстінде көк ала биқасап шапан, белін қынап тіккен қарала кавказ түймелі бешпенті бар Бәтима еркектен ауа ма? Осының бәрін шешіп, шапанын иығына жамылып, камзолшаң қалғанда барып Садуақас әлгі жылтырақ қапсырманы көрді. Баланың сұрағы содан туды.

– Я, әлгі әңгімемді айтайын, мынау сол Ителгімнің көзі, – деп, Бәтима қалтасынан ызған қызыл жіпті суырып алды. – Осы ызған жіп Ителгімнің аяқ бауы, көзіме оттай басылады, құста болса серігім, алданышым еді, – деп, азырақ мұңайып қалды.

– Бір төбеге жүгіртіп шыға келсем, үлкен Абаның сыртындағы дөңгелек қақтың жиегінде көп қаз жайылып жүр екен. Томағасын сыпырып алып, Ителгімнің шабытын байқап біраз тұрдым. Бір кезде, тіленіп ұшқысы келгенін сездім де, аяқ бауын шешіп алып қоя бердім. Арамыз екі-үш шақырымдай жер. Ителгім қолымнан ұшты да айдалаға лағып барып бір төмпешіктің үсіндегі суырдың ініне қонды. Мен төбенің басында сарылып күтіп тұрмын...

– Онысы несі, әй? – деп сұрады Жамал.

– Ол ителгінің ата кәдесі. Ителгі қазды алып болғанша, өзінді әуреке салып болады. Үйрек, қаз, дуадақ тәрізді мына адал құстарға салғанда шіркін лашынға не жетсін! Ол ұшып бара жатқан құстың біреуін құтқармайды ғой! Тек атың әлді болсын, ол теуіп түсіре береді, түсіре береді, сен бауыздап қанжығана байлап үлгерсең болғаны, шіркін! Лашын... – деп, Сейфулланың аузының суы құрыды.

– Құсты айтсаң Сәкеннің ағасында ес қалмайды, сөзді бөлмей сіз азырақ аялдаңызшы, Бәтима айтып бітірсін де, – деп Жамал тағы килікті.

– Сол төмпешіктің басында көп отырды, әбден зықым шықты, – деп сөзін сабақтады Бәтима. – Бір мезгілде далбақтап тағы ұшты. «Енді құдай берерсің» - деп қуандым. Жок, олай болмады, Ителгім тағы бір төмпешікке барып қонды. Жер мен көкті түгел қарғап, аттан түстім де құлақасқаның ауыздығын алып жұлдырып жүрмін. Көзім Ителгіде. Байқаймын! Қақта отырған қаздардың да ойында дәнене жоқ, қаннен-қаперсіз аспанды шарлап, қалықтап ұшып жүрген бір «Қыран қараны» көрдім. Бір кезде Ителгім тағы ұшты да тура қаздардың қасына барып қонды. Қаздар тұра ұмтылды, қанаттары далпылдап, сабалап жатыр. Көпене болып үйілді де қалды. Енді бір «гәп»

болған шығар деп ауыздығын салып, Құлақасқаға міне шаптым. Қарасам әлгі «қыран қара» аспаннан сорғалап келе жатыр екен. «Көпенеге» төніп қалыпты. Мен де айғайды бастым, қаздар ұша жөнелді. Ителгім көрінбейді, бір қаз далпылдап қанатын сабалап жанұшырып жүр. Шөккен түйедей болып «қыран қара» жөңкерілді. Менің айғайымнан шошынды ғой деймін, көтеріліп ұша жөнелді. Мен де таяп келіп қалдым. Өттең, не керек, аз кешігіппін. «Қыран қараның шеңгеліне іліккен қаз да, Ителгі де салақтап кете барды. Міне, бүгін мені осылай қара басты. Өзімнің жалғыздығым да, жыныстан жалкылығым да бүгін есіме түсті. Тәнертең ағам Өмірбек ренжітіп еді, сол ренішпен жалғыз шығып ем, ол реніш мынаның қасында әншейін екен ғой, – деп Бәтима қамыққандай болды.

Бәтиманың сөзін тыңдап отырып Жамал ойға батты. Оң жақта жүрген қыз күнінде Бәтиманың атын білді, ал енді келіншек болып түскеннен бері өзін де білді. Ел мақтаған қыз деп сүйсінді де. Бір кезде ұшырасып, сөйлесіп жүріп, ел сөзінің шындығына көзі жетті. Бәтиманы шынымен жақсы көрді, бірақ Жамалдың бұл сезімі – басқа бір сезіммен ұштаса берді. Бәтима еркек-шора қыз болып, атқа мінді, көкпар тартты, жылқы бақты. Жылқышылық кәсібі болған Сейфулламен елден аулақ мал өрісінде де кездесе берді, оны Жамал Сейфулланың өз аузынан да, шүйіркелескен әйелдердің күңкілдеген сөзінен де көп естіп жүрді де, көңілінде қызғаныш туды. Күйеуін Бәтимадан қызғанатын болды. Бірақ қызғаныш сезіміне ырық бермей іштей зерттеп, ежіктей жүріп ештеңе таба алмады. Қызғаныш сезімі біржола жойылып кетпесе де өрши алмады. Одан кейін Жамал ықыласын Бәтиманың өз басына түсіріп тағы да екі ұдай ойда болды. Біреуі енді еркек-шоралықтан шығып, өлген әкесінің шаңырағына, билігіне ие болған Бәтимаға қызыққан сияқтанушы еді, оң жақтың қызығын көрмей өзінің ерте ұзатылып кеткені кемшілік тәрізді, тағы бір жағынан әйел баланың міндеті бойжеткен соң ана болу деп біліп, Бәтиманың аналық міндетінен аулақтап бара жатқанын ұнатпаушы еді.

Бәтима жиырма алты жасқа толды. Оның құрбысы өзі үш бала сүйіп отырғанда, оның аналық есесінен қалып бара жатқаны сөкет тәрізді.

Осы соңғы ойын кезі келсе жөнін тауып, жанбызбалап айтпақшы болып жүрді. Жамал осындай ой үстінде отырғанда:

– Рас айтасың, Бәтима, – деп бастады Сейфулла, – жолдассыз аңға шығудан жаман нәрсе жоқ. Ал, Ителгі қашан болсын бірақ қаз алады. Ол ең бірінші өзіне таянған қаздың бауырына кіріп кетеді де, соның қанатының астында жабысып жатып, алқымын қия береді. Жандәрмен қаз да қанатымен жерді сабалайды, басқа қаздар далпылдап оны сабалайды, бірінің үстіне бірі мініп кетеді де үйме-жүйме болып қалады. Бұл айтқаның маған таныс нәрсе, бірақ аттың ауыздығын алып жұлдыруың қате! Құсбегі емес екенсің ғой, мен былтыр бір қос лашынды көрдім... дей бергенде:

– Сәкеннің ағасы, кішкене бөгеліңізші, менің бір сөзім бар, Бәтима-ау, түсіне алмай қалдым, ағаңа неге ренжідің? – деп сұрады Жамал.

– Ол бір терең сыр еді, Жамал. Енді әңгіменің төбесі көрінді ғой, сенен жасырмай-ақ айтайын, – деп бастады Бәтима:

– Тәңертең Өмірбек бір кісі жіберіпті. «Ақбураның адамдары келді, Боздақты есік көрсетуге жіберемін дейді, бұған не айтады екен? – деп, мені бүгін көргендей сұратқаны бар емес пе! Мен «барам» десем Ақбурасын да, Боздағын да көрмей жүрмін бе, білмей жүрмін бе? Осы сөз жүрегіме тікендей қадалды. Ел билеп, еркекше топта сөйлеп жүрсем, «жоқ, сен әйелсің, күйеуіңе бар», – деп туған ағам есіме салады. Бұл қалай, осылар адасып жүр ме, жоқ мен адасып жүрмін бе, шеше алмай дал болдым, жалғыз шығуымның себебі сол еді... Құрдасының үйінде шешіле сөйледі Бәтима.

– Есінде ме, Бәтима, сен Аққұдықтың басында, осы Сәкенімнің шылдақанасында отырып:

«...Мың сиырды бастаған кер құнажын,
Қасіретпен бетіме түсті-ау әжім... әлди-ай,
Мал бердім деп бір жаман ие болар,
Қүдіреттің ісіне бар ма лажым? әлди-ай...»

деп, ән шырқадың ғой, сол «Әлдилеуің» әлі құлағымда. Беріп отырған жеріңнің олқы екенін мен сонда түсінгем. Таңдаған теңін таба алмас десем ауыр тиер, табалағандай болармын. Мен алдын ала өлшеп пішпейінші, өзің біл, – деп Жамал күрсіне сөйледі. Бойын бір тежеп алды да, ойын соза түсті.

– Әрине, өмірде тұру-талпыну, бұл дұрыс. Мерей сонда! Өзіңе біткен жігер өрге сүйресе – ұмтылған жөн, бірақ алдыартынды ұмытпа, жалғыздық жаман ғой! Кешегі Ағыжан апаңның не болғанын, Қошқарбайдың келінінің қандай күйге

ұшырағанын білесің бе? Біреуі – аттың құйрығына тағылса, енді біреуі – қыстың үскірік соққан ақпан мен қаңтарында қаңғырып, қалың қардың астында қалды. Бұлар біздің жігерлі апаларымыз еді, бірақ көпке топырақ шаша алмады. ..Әрине, жүректің әуеніне ере берсең көктемнің хош иісті қызғалдағын ол қысты күні де аңсайды. Бұ да ойланатын жай. Рас, еркек әйел, әйел еркек болмайды, баланың бәрі де «іңгелеп» туады, мұны да ескеру керек, – деп, бірнеше ойдың басын қылтита толғады Жамал.

– Жамал-ау, жалғыздықтың жаман екенін Бәтима бүгін сенен естіп, біліп отыр дейсің бе? Оны білгелі бір мүшеліге таяған болар, – деп күлімсіреді де, Сейфулла Бәтимаға бұрылды: – Мен құрдас болған соң Жамал да құрдас қой, бірақ Жамал менен де, сенен де бір жас үлкен, апанның бұл сөзі саған ой салғаны, – деп әйеліне де риза болып, өзінің де бетін білдірді Сейфулла. – Ал, мен қойнымда жатқан мына Жамалдың, еркектің еншісіне таласып жүрген сенің құлағыңа кіретін сөзді айтқанына өте сүйсіндім. Мен, сірә, бұл сөзді саған айта алмас едім. Өйткені сендей пісіп тұрған қызға еркектің күйеуге ти дегені – өзіме ти дегендей көрінеді ғой, – деп, сөзінің аяғын әзілге айналдырды да, Сейфулла сылқ-сылқ күлді.

Ол кезде каленьдармен жыл санау жоқ, жылды он екі жануардың атымен қайырады. Жыл басы тышқан, сонсоң сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз, (ал, доңызды «қара-киік» - деп те атайды). Он екі жыл өтіп «тышқан» қайта келгенде бір мүшел толады. Сөйтіп, он үште бір мүшел, жиырма бесте екі мүшел болып жүре береді. Мына биыл сиыр жылы, ендеше, тышқан жылы туған Бәтиманың былтыр екі мүшелі толып өтті, биыл кәміл жиырма алтыда. Жиырмаға келген қыз ол заманда «лакса кәрі» атанады. Сейфулланың құрбылық әзілдің арасына кіргізіп, елеусіз ғана ескертіп отырғаны да сол еді.

– Аға-ау, әлгі лашынның әңгімесін айтшы! – деп, Садуақас өз әкесіне еркелей қарады.

– Әлгіде бір қос лашынды көрдім деп едіңіз, біздің әңгімеміз аралап кетті де, сол айтылмай қалды. Өзі тегі, естігенін ұмытпайтын болар, ұзын сонарға түсіп біздің есімізден шығып кетіпті. Бала қолқалаған соң айтпай болмас, айтыңызшы, біз де тыңдайық, – деді Бәтима.

– Айтсам айтайын, – деп қомданып екі тізесін кезек қозғалтты Сейфулла. Ұзақ әңгімеге кірісерде, әсіресе құ туралы сөйлерде – Сейфулла осылай дайындық жасаушы еді.

«Сен сөзімді бөлмеші, – дегендей Жамалға да бір қарап қойды: – ана Мәлікаждарды ұйқатсайшы, қалғып отыр, – деді.

Шағын шойынтаққа асылған қоян еті қайнап жатыр. Қолдан илеген ақ тоны бар қара бала отты шымшуырман қағыстырып отыр. Бұл Ұйтқыбектің Матайы, Сейфулланың үйіндегі бөгде қонақтың кім екенін білуге келген елеусіз елші.

Күзді күнгі қазанның қара дауылы басталған жоқ. Үркер көтеріліп төбеге келген, нағыз сорпаның ас болатын кезі. Түнде жерге шық түседі, кейде қырауытып та қалады. Сығырдан салқын, желсіз қытымыр суық. Сонда да Сейфулланың төрт қанат үйі ұядай жылы. Іргесі көмілген, екі ашпалы ағаш есіктің сыртынан кигіз есік қымтап тұр.

- Менің ұстамаған құсым жоқ: ителгіні де, қаршығаны да, бүркітті де ұстадым. Мен құсқа құмармын, бірақ жарыған жерім де шамалы, ана кезде Битабардың құсын баулушы едім, кейін өзімде де болды, мейірім қана алмай жүр, - деп кірбіндей сөйледі Сейфулла. - Шіркін, құстың кербезі лашын ғой, ал домбыраның құндағындай топшысы томпақ келсе қаршыға да ұшқыр-ау! Жас кезімде тұрымтай, жағалтай, қырғиды да салып көрдім. Бұлар өзінше қызық! Жағалтай лашынның кішірек түрі, тұрымтай ителгінің ұяласы, қырғи қаршығаның тұқымы, ал, бидайық, тұйғын, шәулі деген бөлек құстар емес. Мысалы, бидайық - лашының қыраны, тұйғын - қаршығаның өзі, бірақ ақ түрі; шәулі дейтініміз қаршығаның еркегі. Есімде болсын, Бәтима, адал құстың ұя басары - ұрғашысы кішірек болады да, еркегі үлкен болады, ал арам құстың еркегі кішкене, ұя басары үлкен болады... - деді Сейфулла.

- Құстардың шежіресіне түсіп кеттіңіз ғой, әлгі лашыныңызды баяндаңыз, Сәкеннің сұрағына жауап беріңізші, тамақ та пісіп қалды, - деп Жамал оттың басына келіп, ши жақтан бір тізелеп отырды. Кимешектің шажамайынан селдіреп көрінген шашын сұқ қолымен сырып қойды.

- Я, аға, сол лашын туралы айтыңызшы? – деп Сәкен ынтыға түсті.

- Осы мына «Қарашілікте» былтыр бір ұялас екі лашын болды. Қызығып жүрдім. Көбінесе олар Әулиетастың басын мекендейді. Жұбайласып екеуі үнемі бірге болады. Бір күні мына Матай екеуміз, – деп Сейфулла отты қағыстырып ақ тонды баланы куә қыла сөйледі, – атқа мініп келе жатыр ек, «Қыран қара» біздің «Қарашілікке» төніп келіп қалды, екі лашын да шошынып ұшты. Жоғары көтерілді. «Қыран қара» да тұра қуды. Лашындар шарықтап аспанға көтеріліп алды да,

«Қыран қараны» кезек-кезек тепкіледі. Денесі ауыр болса да «Қыран қара» шапшаң құс екен, лашын тепкелі келе жатқанда, шалқасынан төңкеріліп, жан ұшырып, тұяқтарын тосады, ұстап алмақ болады, лашын да оңай жау емес қой, дәу «Қыран қараны» теуіп өткенде көз ілеспейді, қайра түзеліп алып, «Қыран қара» көтерілгенше екіншісі келіп тебеді, бишараны ит әуреге салды, заты, лашындардың біреуі топшысынан теуіп өтті ғой деймін, бір мезгілде «Қыран қара» төмен құлдилады. Біз оның құлаған жеріне шауып келсек, топшысы үзіліп, қан құсып, қырылдап жатыр екен...

«Әлгіде ғана лашынның жас балапанына төнген құзғынның топшысы сынып, енді қансырап жатқанын көріп, азырақ рахаттанғандай да болдым. Жауын жеңген қос лашын аясы кең көк теңіз аспан құшағында шаттанып шарлап жүр. Олар жекпе-жек мына қарақұсты жеңе алмаған да болар еді-ау! Екеуінің аты екеу емес пе?.. Балапандарын қорғап жанын шүберекке түйген жұмыртқадай лашындар ажалша телмірген «Қыран қараны» қаусатты...»

Осы кезде ойына әлдене түскендей Сейфулла аз тыныстап, әңгімесін ұйып тыңдап отырған ұлын бауырына басып, маңдайынан сүйді. «Сен үшін, сенің келешегің үшін біз әлі талай құзғындармен алысармыз...» – Лашын туралы есімде қалған осы бір оқиғаны айтқым келді. Өзім баулыған, қолға үйренген лашын емес, аспан әлемін шарлаған еркін лашындай болып осы балапандарым да қарақұстың – қара күштің тырнағына ілінбей еркін өссе деймін...

Сейфулланың жәй әңгімеден бастап, өрбітіп апарып түйген сырын Бәтима да терең түсінді, көзін от жалынына қадап, қалың ой үстінде отырып қалды. Бұрын өзін еркін өскен қызбын деп есептейтін еді, осы бір сәтте «қыран қара» аңдыған лашынның жас балапанындай сезінді. «Сонда менің қорғаушым кім? Шынымен-ақ «Қыран қараның» тырнағында кеткенім бе?! Жар тауып, бала сүймей өткенім бе?!»

Бір мезетте Бәтимның көзі әкесінің тізесіне сүйеніп қобалжыған пішінде өзіне үңіле қарап отырған жас Сәкенге түсті. Ол да ой теңізіне шомғандай. Ол әлде әлгі лашын балапандарының тағдырын ойлап отыр ма екен, кім білсін!..

Дәл осы кеште Сейфулланың қара лашығынан жылтылдаған от көпке дейін сөнбеді. Ескі достар өмір туралы көп толғанысты. Кішкентай Сәкен де жуық арада ұйқтамады.

Кезенді жерде тебірене толғанысу жақсы. Біреу емес, екеу; екеу емес, үшеу – тіпті көп болып толғану да абзал...

Түнде қонағын күтіп кеш жатса да Сейфулла мен Жамал дағдысынша ерте тұрды. Таңасқан Құлақасқаны арқандап Сейфулла қайтып келе жатқанда Ұйтқыбек қарсы жолықты да, таяғына сүйене тұрып, кірбеңдей сөйледі:

– Сейфуллажан, мұның қалай, ауыл едік қой, осындай сирек кездесетін қонақты қоянның етімен аш жатқызуың бекер болған екен, – деді.

– Біз аянған жоқпыз, өзі болмады...

– Қолда бардың кәдірі жоқ, біз өз қарындасымызды елемейміз, бөгде жұрт қыз деп кемсітсе де, осы Бәтимадан именеді, ал шынына келсең Кәкен, Еркек-сарылардың онына айырбастамас едім, – деп Ұйтқыбек Бәтиманы көтере мақтады.

Дәл осы мезетте жер ошақтың басында қара шәугімге су құйып жатқан Жамалдың қасына жез самаурынын көтеріп Жадыра да келіп қап еді.

– Кел, Сейфулла, біраз отыра тұрайық, – деп Ұйтқыбек жымыып езуін тартты, өңдене түсті. Үлкен үй болып отауына көмегін көрсетіп, самаурынын өзі көтеріп әкеп тұрған Жадыраға қатты риза болды.

– «Абысын тату болса, ас көп», игілі іс ынтымақ қой, шырағым, – деп Ұйтқыбек алдындағы бір түп көдені таяғымен түрткілей бастады.

– Ұтқы-еке-ау, ана Ақайын оқытуға Кәкен молда ұстапты, соның тойында сіз бен мені мақтапты – «Талапты ерге нұр жауар», олар өлмейді, – депті...

Сейфулланың осы хабарын естігенде Ұйтқыбек көзін сығырайтып селкілдей күлді.

– Ендеше, Сейфуллажан, келіннің түйген тарысын даярлай бер, ағаң «ауыл үй қонса» – жақында астық сұратады, қойнын ашса қашалық, тегі жердің бетегесін сыпыра сипап жүрген олардан көрі, қолқасына қол салып, тамырын сұраған біз-ақ орармыз, әлі... – дей бергенде Сәкен келіп шайға шақырды.

Ұйтқыбек үйге сәлем беріп кіргенде Бәтима орнынан ұшып түрегелді.

– Шырағым отыра бер, өз үйім ғой, маған осы жер де болады, – деп малдасын құра беріп:

– Ауыл-аймақ аман ба, қарағым! Бөтен-бастақ әңгіме жоқ па? Кәкеннің молда ұстағанына қуанып жатырмыз, былтыр қаршадай Ақайды тілмәш Пантелеимон «шүлдіретіп орысша оқытып жатыр» – дегенде төбе шашымыз тік тұрып еді, – деді Ұйтқыбек.

Ақсақал ағасы амандасқанда бір тізелей төмен қарап отырып, ернін жыбырлата жауап қайырды да Бәтима қасындағы Сәкенмен сыбырласып сөйлесті. Арқасынан қағып өзіне қарай тартты. Алайда Ұйтқыбектің сөзін түгел естіп еді. Әлден уақтан кейін:

– Аға, сіздің сөзіңіз де дұрыс шығар, бірақ мен өнер орыста ғой деп ұғамын. Орысша оқыған Шоң қара қылды қақ жарған әділ бопты, – деп Бәтима ағасының алды-артын орап сөйледі.

– Оның рас, біздің Шоң отыз тоғыз жыл болыс болғанда пара алмапты, біреудің ала жібін аттамапты, – деп Сейфулланың делбесі қоза жөнелді. – Нашар ауылға түскенде «тышқан мұрнын» қанатпайды екен. Қасындағы билері ауылды қыдыра жүріп, үй басы мал сойғызады, сонда Шоңкең отырып: «Осы сендердің аталарыңды тоқты теуіп өлтірген жоқ па?» – деп келемеждейтін көрінеді, – деді.

– Әрине, оқығанның бәрі әділ болса, оған кімнің дауы бар?.. – деді Ұйтқыбек.

– Оныңыз рас, міне сол кісілердей орысша оқыған көбейсе, біздей сорлының көзі ашылар еді ғой, аруақтың орнын күзетіп отырудан құтылар едік... – деп Бәтима ішкі құпия сырының шетін тағы бір көрсетіп қалды.

– Өзіңізге белгілі осы жақында Айша ұзатылды. Әке-шешесі оны «үйі сынған» шалға отыз караға сатты. Аранның аузынан қашып, Нілді зауытына барып паналаған сорлыны сондағы орыс-қазақ жұмыскерлері бірігіп құзғыннан құтқарған жоқ па? Ынтымақтың игілі жұмыс емес пе, бұл? – деп сөзін түйді Бәтима.

– Я, я, біздің елде әділдік жоқ, Нілді жұмыскерлерінің осы Айшаға көрсеткен қылығы менің өзімді де орыстың әділдігіне сендіргендей болды. Мен де орыстың әділ екенін осы кейінгі кезде топшылай бастадым. Әлі Матайымды Нілдіге жіберем, көрсін, үйренсін... – деді де Ұйтқыбек, бір-екі шынаяқ шайын ішіп болып, «аллау-әкпарды» айтып, шығып кетті. Жастардың әңгімесіне кедергі болғысы келмеді.

Садуақас жатырқауын қойып, бірте-бірте Бәтимаға таяна берді. Аздан кейін қапсырмасын ұстады. Бәтима да бауырына тартып, алдына отырғызды. Бойы үйренген Садуақас Бәтиманың бетіне тесіле қарап отырып:

– Апа-ау, осы сіздің мендей балаңыз бар ма? – деп еркелей сұрады.

Жеті жасар Сәкен жақсы көрген апасынан өзімен ойнайтын кішкене баланы дәметті. Бұл тұтқиыл айтылған балалық талабы еді.

Сейфулла, Жамал екеуі де ұялып қалды, Бәтима ойға шомды.

Бәтима өзінің жасы ұлғайғанын жақсы біледі. Оның оң жақта отырып қалуына үш түрлі себеп бар еді: біреуі, айттырған күйеуіне көңілі толмайды, екіншісі, әкесінің орнын басып ауыл ұстамақ болды, үшіншісі, ел қаймығатын иықты адам болып өз мұратына жету еді. Бірақ Бәтиманың жасы ұлғайған сайын ойының толқуы да көбейді. Жеңгелерінің «Еркежан», «Шырайлым» – дегені оның есіне: «Сен қызсың, сен әйелсің» деген ойды сала берді. Жамал сияқты әйелдердің ана болып, бала сүйіп отырғанына да қызықпай қоя алмады. Жалғыз-ақ осы ойлары сыртына шықпай бір түпкірде, қалтарыста жата беруші еді.

Кеше аңға шыққанда бастапқы ойы тек көңілін сергіту болды, ал «Қыран қара» ителгісін көкпары етіп тауға қарай алып қашқанда, біраз қамықты, ақырында Аба тауында отырған Жамалмен сырласып қайтқысы келді. Сейфулланың үйіне келуінің басты себебі де сол жасы құрбы зерделі ана Жамал не айтар екен дегендей ой билеп еді.

Кішкентай Садуақастың тұтқиыл сұрауы қатты әсер етті. Көлденең сөзге кезек бере отырып Бәтима ұзақ ойланды да, ақырында ішінен ыстық леп шығарып:

– Жамал-ау, сен не айтар екен деп келіп едім. Әрине, ана болуың керек дерсің, ол ақылың мені ұйытады. Сонда, әкенің батасын бұзба, жастай қосқан қосағың еді, сол Боздақтан ат-тоныңды ала қашпа дейсің бе?.. Өзім де мақта біттелеп келдім, мүмкін, тіпті сол Боздақпен тілеуді бірігіп тілеу менің маңдайыма жазылған шығар, немесе... – деп, сөзін аяқтатпай мүдіре қалды. Жарқыратып ашық айтпай Жамалдың пікірін күтті.

– Я, Бәтима, ықтияр өзіңде болсын, ешкімнің де сені Боздаққа еріксіз телігісі келмейді.

«Жүгірер жүйрік арба күймесімен,
Назым қыз күй тартпайды сүймесімен...»

дегендей, ыңғайлысын өзің шешерсің, – деп, Жамал да кесіп айтпай, ишараттап аңғартты.

– Бәтима-ау, менің әлгі дуандағы досым Шәймерденнің биыл әйелі өлді, үйі бос тұр... Оқығанды жақсы көрсең өзіңді соған қоссам қайтеді? Ол өзі жақында осында келеді, – деді Сейфулла.

Бұл сөзін ол қалжың араластырып айтты, бірақ шындықтан да құр емес екенін түсінді Бәтима, сонда да құлай кетпей алыстан торамжылады:

– Ой, құрдас-ай келемежге кеттіңіз ғой, аспандағы лашынан қолдағы күйкентай артық емес пе? Өзі ояздың тілмәші, өзі оқыған болса, оның дәмесі тай жеген бөрідей шығар... Менің де күндікке барғым келмейді, – деді.

– Сәкеннің ағасы-ау, мұның қиығы жоқ, ел арасы егер болады ғой. Ақбура жесірін тегін жіберер ме? Болыс әткем мен би әткем де солармен жемтіктес.... – дей бергенде Жамалдың сөзін бөліп:

– Бұлар бізге ғана күжірейгені болмаса, ояздың тілмәші Шәймерденнің маңына да бара алмайды, – деді Сейфулла.

– Құрдасым, маған аяқ астынан күйеу тапты ғой, – деп Бәтима сылқ-сылқ күлді де: – кезінде көрерміз оны, – деді. Жүрегі лоблып, аттай тулады. Мұратына жеткендей ажарланып сала берді.

ҮШІНШІ ТАРАУ

ІЗДЕНУ

I

Міне дала,
Бір топ бала
Жүгіреді айнала.

Екі ауылдың арасындағы тақыршақта бір топ бала асық ойнап жүр, кенейлерін ортаға қаз-қатар тігіп қойып, жүрелей отыра қалып, сақаларын соғыстырды. Бәрі де бастарын тұғжытып, итіне қалыпты. Үйме-жүйме қақтығысып, бірін-бірі итермелеп, қозғала береді.

Ішіндегі ересек біреуі барлық сақаны уыстай ұстап, тақыршақтың үстіне сау еткізіп төге салды. Сақалар сытырлай соқтығысып, домалай шашылды. Бір тәйпек сары сақа алшысынан тұрып «күле» қалғанда, ақ көйлекті, топ тақиялы кең танау, тапал қара бала орнынан ұшып түрегелді. Кәзіргі ойынның мұрындығы осы «тапал қара» болды. Ол он

кадамдай оқшау шықты. Сол жерден кенейлерді көздеп атпак. «Шық етер» ойыны осылай басталды.

Бірінің соңынан бірі тізіліп тұр. Көйлектері өрім-өрім, денелері жылтылдап көрініп жүрген де бала бар. Іш киімінің ауы салбырап, ышқыры суси беретін мықынсыздар да жүр, оны елең қылған біреуі жоқ, бәрінің ойы ұтуда.

Оң қолымен сақасын шиыра бұлғақтатып, сол қолымен ышқырын бір көтеріп қойды да, әлгі «тапал қара» сол аяғын жүрелей басты. Оң аяғын кейін серпе тастап, еңкейіп ұмтыла тұрды. Сол көзін жұмып көздеп атқалы жатыр. Сертті минут туды. Сол кезде шиырып тұрған сақасы «тәйпек сары» қолынан сусып ұшып кетті. Сасқалақтап «мүлт өзім» деді «тапал қара», дер кезінде айтты, әрине, қайта атуға еркі бар. «Мүлт өзім» дей алмаса, кезегі салауат, еңбегі еш болар еді.

Енді «тапал қара» «тәйпек сарыны» сырғаната жіберді. Сақасы «шық» етіп кенейдің біреуіне барып тиді. «Тапал қараның» жолы болды, бәріне де «көйт» салды. Қалған балалар атпады, тақыршыққа қайта келіп, кенейлерді қатарлап, түзетіп тігіп қойды да, сақаларды жинап алып тағы соғыстырды.

Әлгі «көйт» салған «тапал қара» енді тигізсе ұтады. Бірақ олай болмады, бәсекеге түскен балалардан сақалар да қалыспады, олар да бәсекеге түсті. Осы жолы «май табан» қызыл сақа тәйкесінен тұрып, табанын жалтыратты. Имек мұрын, талдырмаш, сары бала мұрнын бір тартып, орнынан тұрды.

Екінші ойынның көсемі осы «имек мұрын». Бұл бала асығып атты да, сақасы ауыт кетті.

– Мүлт өзім, – деді «имек мұрын», әлден уақыттан кейін.

– Жоқ, кеш қалдың, – деді «тапал қара».

«Имек мұрын» Төребек байдың Салқамы, ерке өскен шалдуар, шыбық тимей шыңқ етердің өзі еді. Кәкен болыстың Ақайы – «тапал қара» да ерегіссе болмайтын безер, кимелеп келе жатыр. Құлағына дейін қызарып кеткен, Салқам Ақайдың шекесіне жұдырығын жұмсады. Ақай оң тізесімен өңменінен тепкенде Салқам шалқасынан түсті. Бір бала келіп Ақайды көк желкеден періп жіберді. Ақай барып Салқамның үстіне омақаса құлады. Тырнақ та, тіс те қатар қызмет істеді. Бірін-бірі кезек аударысып, тырбаңдасып жатыр. Осы кезде Сәкен келіп арашалады. Сақалары күліп, сайтаны өскен екеуіне де ызалы еді. Ойынды бұзғандығын сылтау етіп, кеуделеріне нұқып, екеуін де кейін шегіндірді. Салқамның мұрны қанап, Ақайдың құлағы сыдырылып майы шығып тұр.

– Енді қоймасандар екеуіңді де қанқаксатам, – деді Сәкен танауы делбендеп, көздері құйқылжып кетті.

– Салқам, сен сасқалақтап жүріп сақаннан айырылды. «Мүлт өзімді» кеш айттың, бұған кім айыпты? Өз айыбыңды мойныңа неге алмайсың? Ақайдың әкесінің аузын боқтап, төбелесті бастаған сен... – дей бергенде Сәкеннің сөзін қошеметтеп:

– Бәсе десейші, бәлем тоқтай тұр, көкеме айтып сені әкене көрістірем, – деді Ақай.

Болыстың баласы әкесін арқаланып, күшін білем деді.

– Ақай сен неге іштен тебесің? Солай ісемесең желкеңнен жұдырық тиіп, етбетіңнен құламас та едің ғой... – деп, Сәкен тістене қалды. Көк желкеден ұрған өзім едім демесе де аңартып өтті. Екі иығынан демін алып, кіжінісіп, айбат шеккен екі «жаралы» да ортасында тұрған түсі суық мына Сәкеннен сескеніп құйрығын ішіне тығып, жым болды. Қылт етіп көрінген қуаныш, лезде ренішпен бітті де, Салқам мұрнын жеңімен сүртіп теріс айналды. Оның соңынан атқан екінші баланың жұлдызы оңынан туды. Сөйтіп, бәрі кезек-кезек біріне-бірі «көйт» салып табан тіреске түсті, міне ойын енді қызды. Қызараңдасып, дуылдасып жатыр. Сақаларды соғыстыруға таласып, қидаласуда. Жалғыз-ақ «көк қошқары» күлмеген Сәкен ішінен тынып, булығып жүр.

Бытыр құрбан айтында Кәкен үйі бір шартық көк қошқарды құдайыға шалған еді. Шаригатты жатқа соғатын «Ағаш аяқ» молда жиылған жұртқа ұжмақтың жайын айтып, сырат көпірінен қалай өтудің әдісін үйрете келіп, айтқа шалған көк қошқардың көп көмегі тиетінін риуәятпен түсіндірді. Сонымен Кәкен болыс қыл көпірде көмегі тиетін шартық көк қошқарды құрбанға шалды.

Міне, сол көк қошқар өліп жатып болыс Кәкенге ақиретте қолының ұшын бермек, бірақ мынадай кішкентай Сәкенге қырсығын тигізді. Қанша соғыстырса да бір күлмеді, ылғи не «бүге», не «шіге» түсуден танбады.

Күн намаздыгерден еңкейіп батуға айналды. Балалар жүгірсе көлеңкесі ербеңдеп жарыса жөнеледі. Өздерінен көлеңкесі сұңғақ.

Бұлардың асығын ұтып алып, бір топ баланы соңына ертіп, Ақай өз ауылына қарай беттеді. Сәкен тұрған тақыршақтың басы құлазып бос қалды.

Екі беті албырап, қып-қызыл болып көздері ұшқын шашып, ерні кезеріп, танауы делбендеп кеткен Сәкен құлашын кере сермеп «көк қошқарды» айдалаға лақтырып жіберді.

II

Жаман көлдің жиегі. Ауыл жиі қонған. Екі қанат «итарқа», төрт қанат лашық – жапырайған жаппалы ауыл. Ақшам жамырап барады. Бозғыл аспан мөлдірей көгеріп, қарауыта берді. Сәлден кейін аспан жүзі шытырлап меруерт сепкендей болды. Біреуі жыпылықтап көзін қысады, біреуі жылт ете түсіп сумаңдап аға жөнеледі аспанды сызып жорғалаған оқ жыландай. Матаған қысырақтың үйіріндей болып алты жұлдыз топтана қалды. Жерден найза бойы-ақ көтерілген екен, бұл – Үркер ғой. Алдыңғы төртеуі текшеленіп, соңғы үшеуі созыла тізілген жеті жұлдыз үйірін жазбайды. Аспанда

– сонау қол жетпес алыста тұрған бұзау тұмсық ожау тәрізді. Бұл – Жеті қарақшы. Мандайшаға шақырайып шыққан жалғыз жарық бедірейе қарайды. Жүзіктің көзіне орнатқан асыл тастай жылтырап көрінеді... «Темір қазық» – адастырмайтын жолбасшы, орнынан қозғалмайтын тиянақты жұлдыз.

Ай туып келеді. Дөп-дөңгелек аспанның беті тағы бозара бастады. Жұлдыздар ыдырағандай, азайып сирегендей болды.

Екі ауылдың арасында арбасқан екі топ біріне бірі қарсы тұра қалды, ай сүттей жарық. Бір топтың басшысы Сәкен, екінші топтың басшысы Ақай. Екеуі де басшыларын ортаға алып, білектерін қапсыра ұстасып, шеп құрып, жұбын жазбай сіресті. Сәкен қанын ішіне тартты, қабағы суып кетті. Үні бшқына шықты.

– Елмісің, жаумысың? – деді.

– Жаумын, кезек менікі! – деген Ақайдың добал дыбысы қырылдай естілді.

– Кезегінді ал, – деді де, екі қанатына кезек-кезек бұрылып: – «мықты болыңдар, аянбай қимылдап қолға түсіру керек, әсіресе Ақайды босатпай «тұтқынға» алу керек!» – дегенді Сәкен сыбырлап айтты.

«Тем шығар» ойының үйреншікті тақпағын Ақай зулата жөнелді. Кезек соныкі еді.

Тем-тем-тем шығар,
Тебінгіден қан шығар,
Қарағайлы бас қайрылар,

Қалмақтан жылқы айырар,
Ақ шелек пен тоқ шелек,
Шықсын бері жекпе-жек,
Анау тұрған Сәкен иттің өзі-ақ керек! –

дей бергенде өз тобынан Сәкен суырыла жүгірді, Ақай шебінің осалдау жерінен килігуге бет алды, шеткі кішіректеу үш баланы үлкен топтан қақ жарып бөліп әкетті, өз екпінімен өте шықты да, қайта оралып топтан таңдап бір баланы алдына салып айдап келді. Сайыс тағы қыза түсті.

Алқынып келіп өз орнына тұра қалды да, талайы көтерілген Сәкеннің дыбысы қоңыраудай сылдырлады:

– Ақай, сен білмейді екенсің, «Тем шығар» олай емес, дұрысын үйреніп ал, мен айтайын:

Тем-тем-тем шығар,
Тебінгіден қан шығар,
Қараға ел басы қайрылар,
Қайғыдан жұрт айрылар,
Ай көйлек-ау, ай көйлек,
Айдың көзі дөңгелек,
Көнек, шелек не керек?
Шықшы бері жекпе-жек,
Жақындашы берірек,
Сорлы Ақай-ау, сен керек! –

деді. Бұрынғы «Тем шығар» тақпағын Сәкен мүлде өзгертіп айтты, өлең болып шықты. Далбаландап Ақай тура Сәкенге беттеді. Намысқа шапқан келелі сайыс енді басталды. Анадан туып, көзін тырнап ашқаннан бері өмір теперішін көп көрген, әбден қара қайыс болып қатып қалған күсті білектер бірінен-бірі ажырамады. Ақай ықтиярсыз қолға түсті. Қолбасы қамалға түскенде қалған нөкерлері қолдарын көтеріп сауға сұрады. Жеңілген топ айып төледі, кеше ұтылған асықтың қаруы қайтты. Балалардың арасы ашыла бастады. Күле білмейтін «Көк қошқар» Сәкеннің де есінен кетпеді.

Қырық күн шілде. Ауыл жайлауда отыр. Шілде жаздың ең ыстық мезгілі. Июньнің басынан июльдің онына дейін созылады. Сонсоң тамыз айы, ол кезде ел жайлаудан қайтады.

Күн аптап ыстық, тұтанып тұр. Батыстан аңызак жел білінеді. «Ағашты көлдің» басы. Жағалай қонып, иін тірескен ауылдар.

Малды ауылдың төңірегі жылан жалағандай тып-типыл, көгілдір көде, боз жусаннан мал аузына ілінер қылтанақ жоқ. Жоңқаланып сынған, кертіліп мұжылған қазықтар ақсиып-ақсиып көрінеді.

Бие байлаған желі басы тозып, топырағы аспанға шығып жатыр. Көл жиегіндегі көк майса шалғынға кірген саяқты бүгелік буады, паналай алмай ауылдың сыртындағы тақыршаққа барып үйездейді.

Ауылдан аулағырақ, ойдым-ойдым сортаңға, күл төккен жерге түйе әуес. Шөкесінен шөге қалып, жантая құлайды. Төрт аяғын талтита серіпкенде бозғыл қою түтін аспанға ұшады.

Қотанда қосақталып жебе сауылып жатқан саулықтар, қозылары өрісте жайылып жүр.

Ауылдың алдында жиегіне көк құрақ шыққан, ортасы жалтыр «ағашты көл». Көл бетін қанатымен сабалап далпылдап ұшқан ақ шағала. Жайқын көлдің дәл ортасында мойны сала құлаш екі аққу жүзіп жүр. Көлдің көркі осы екі жұбай біріне бірі таянып, көбік шашып ойнағандай болды.

«Күйі жырлы,
Сансыз сырлы,
Құбылады мың түрлі.
Торғын буы,
Күміс суы,
Суда сұлу аққуы».

Ауылдың төрінде байдың ақ ордасы теңкііп тұр. Оң жағында үлкен баласының отауы. Отыншы, сушы кірмелері әрі қарай орналасқан. Бұл Мұстапаның ауылы. Оң жағындағы ақ отау, қасында қара пәуескесі бар, жетегін сорайтып тік байлаған Кәкен үйі, сол жағындағы отау Мирасбектікі.

«Бай да, болыс та Кәкен, ол ауыл-аймақты бір шыбықпен айдайды. Лақтырған тасы өрге домалайды, жұлдызы оңынан туған Мұстапаның Кәкені не қылам десе оған рауа ғой, қаһарланса халықты бір тарының қауызына сыйғызады...» – деп қара лашықтың ішінде отырып кейбіреулер күңкілдейді. «Ойда орыс, қырда қазақты аузына қаратқан Кәкен оңай емес, құдай екі дүниесін бірдей берген адам», – деп оның шашбауын көтерегіңдер де бар. Бұл кешегі шонжар Мұстапаның Кәкені

еді, «құсамаса қасқа айғырдың баласы төбел туады», – десіп өлі аруақтың, қураған қу басын құшақтатқандай етіп Кәкенді жұрт болыс сайлады. Етек жеңі кең, қытықсыз аңқау елдің ішінде «Тас қозғалса қозғалмайтын маңғаз, сабырлы жампоз Кәкен, білгір Кәкен», – атанды.

«Осы сендер Кәкен үндемесе шіркін-ай бірдемені алыстан болжалап отыр дейсіндер-ау, ал менің ойымша, Кәкен сонда ештеменің байыбына бара алмай сорлап отырады», – деп Сейфулла сақ-сақ күлетін.

– Әй, бәтшағар-ай, сен де қайдағыны тауып айтасың-ау, – деп Ұйтқыбек кеңк-кеңк күліп, рахаттанып қалатын.

Қолында мөрі, қасында тілмашы, атарман-шабарманы бар, мылтығын шошайтып поштабай ерткен болыс бейбіт бұқараның апшысын қуырады, бүйідей тиіп, екі аяғын бір етікке тығады, бір үйге екі қазан астырады.

Болыстың жан алғыштай көрінетін жері – түндікке «рамат» салып, «қара шығын» жинағанда, ол кезде старшындар да құтырады. Тайынша, торпақ, тоқты-торымның дау-жанжалында «елу басылар» да бет қаратпайды. Даукес жеңгеніне мээ, жебірлер жегеніне мээ болатын кез еді.

Қорғалап, пана іздеп алдына келген адамдардың біреуіне бетін, біреуіне сыртын беріп, үнсіз айбат шегіп, Кәкен қабағының қимылымен қорқытады. Қараөткелдегі ояздың алдына барғанда, жөңкерілген жуан денесі жеңіл тартып, күпшектей ауыр, тегенедей мес қарын тартылып, ұры итше елеурей қарап, ұлықтың қабағын аңдып қыбын тапсам, – деп елбектеп, елгезек болып кетеді. Оязға да, тілмашқа да жалтақ-жалтақ қарап әлекке түседі. Ауылда ауырмай ыңқылдап, екі иығынан демін алып, етігін шешіндірген жігіт қолтығынан сүйемесе түрегеліп, төрге де өзі барып отыра алмайтын семіз Кәкен ояздың алдында қаңбақша дөңгеленеді. Жағыну да жеңіл емес! Ісің түскен ұлықтың былдырлаған сөзін естіп отырып, оның түпкі төркінін түсінбеу де ауыр ғой!

– «Жұтқан жұтамайды, тамақ тесік қой», – деп Пантелеймон өзінің білген қазақшасын түгел төге сөйлейді, ишараттап Кәкен болыстың жүрегін орнына түсіреді. Тілмашының бұл сөзінен үлкен қорқаудың өңешінен бірдененің өтіп кеткенін сезіп, «тояттаса болғаны» – деп жұбанушы еді Кәкен.

Міне, осы бір жәбірлену себеп болды ма, Кәкен болыс Ақайды орысша оқытуға белін бекем буды. Өзіне тілмаш қолғанат етпек болды. Орысша оқытты. Сонда Ақай

«Аззаглавной, апрастай, беззаглавной бепрастай...¹ – деп үйдің төбесіне қарап отырып зулатты. Түкке түсіне алмады. «Әліп», «бидан» мүлде шықпай қойды.

«Мұстапаның Кәкені баласын шоқындырды, тумай жатып орысша оқытты, мұсылманша «ақты, қараны» танытпай тұрып орысша шүлдіреткені несі?...» – деген өсек-аяң дуылдады. Елдің ауқымынан аса алмай, Ақайды оқыту үшін енді Бармұхамет деген молданы ұстады. Ол балдақпен жүретін, сондықтан «ағаш аяқ» атанды. «Ағаш аяқ» ағузыны тартқанда ауылды күңірентеді. Араптың төрт түрлі «з» әрпін төрт дыбыспен сағызша созып, «ызғы» дыбысына келгенде тілін өңешіне тартып, «затқа» таяна беріп тілін тісінің арасынан жылтыңдатып, екі езуін керіп, әуреге түседі. «Зе», «зол» «зат» «ызғы» әріптерін бөлек-бөлек үйретеді. Жұрт «Ағаш аяқты» ұйып тыңдайды.

«Ағаш аяқтың» алдына Сейфулла да Сәкенді жетектеп алып барды. Кигіз үйде дөңгелене отырған балалардың төменгі жағына тулақтың үстіне барып, ыңғайсызданып Сәкен жүгініп отырды. Шуылдап үйді басына көтерген балалар тына қалды, бәрі де көзінің астымен мына бөгде бала – Сәкенге қарап отыр.

– Сүйегі менікі, еті сенікі, – деп бастады Сейфулла. «Бейсембілік», «жұмалығын» халет қылмаспын. Жақсы оқыт, молда-еке...

– Фэрзантиңіздің жылы не? – деп сұрады «Ағаш аяқ». Бұл сұрағы «бейсембілік», «жұмалықтың» жылы әсерінен туды, ырзалықтың белгісі еді, ұрмақтың самалды лебізі тәрізді. Сейфулланы да еріте, елжірете тартты, енді ол ақтарыла сөйледі.

– Сағидуақасым, Сәкенім, бұл тұңғышым ғой, тағы үш жаман неместі бар... Бірақ, Сәкенімнің жолы бөлек... жылы жылан....

¹Пантелеймон оқытқанда – «Мынау заглавная – А, мынау простая – а, заглавная – Б, простая – б, деп оқытса керек. Соны жаттап алған Ақай. – «аззаглавной апрастай, беззаглавной, бепрастай, – дейді екен.

«Ағаш аяқ» аузындағы насыбайын сұқ қолымен астыңғы ернінен шұқылай суырып, оттың басына қарай шертіп жіберді де кейін бұрылып, сырмақтың астына түкіріп тастады. Астыңғы ернімен тістің арасына тілін жүгіртіп тазалады, тағы түкірмек болып тамағын кенегенде қақырып жіберді. Бәрін жиып сырмақ астына баса берді. Содан кейін Садуақасты алдына шақырып алып, жүгіндіріп отырғызды да «Ағаш аяқ» ағузы тартты. Осы кезде оның көздері жұмылыңқырап, жұтқыншағы бүлкілдеп, танауы делдиіп кетті. Күңіренген үніне төңірек түгел үн қосып ызындап тұрғандай болды. Түсініксіз араб сөзінің әрбіреуі құшағына симайтын жуан, зілдей ауыр, ғайыптан келген хабар тәрізді ысқаяқ. Сейфулла ұйып қалды. «Ағаш аяқ» та біраз жерге жаяу барып қайтқандай алқынды.

Молдадан Сәкен тұңғыш сабақ алып қайтты. Бастапқы орнына барып тағы жүгініп отырды да: «Әліпте жоқ, биде бір нүкте, тиде екі нүкте, сиде үш нүкте...» – деп Сәкен судырата берді.

Шулаған көп баланың ең төрінде «Ағаш аяқтың» оң жағында жастыққа сүйеніп, көлбей жанбастап болыстың баласы Ақай отыр. Аяғы ұйып қалса керек. Алдында қара қоңыр ағаш күрсі, оның үстінде киелі құранның беті ашық жатыр.

Молданы сәске түсте үлкен үйге қымыз ішуге шақырды. «Оқындар, балалар», – деп Ағаш аяқ ақсаңдай басып шыға жөнелді, артынан Ақай ере кетті. «Күлшелі бала сүйменді», – деген емес пе, болыстың баласын молда да іш тартады, зекімейді.

Шаңқай түс болып, күн қызған кезде молда балаларды таратып жіберді. Содан үлкен бесінге дейін балалар ойнап, дем алып, сергіп қалды. Күн ауған соң тағы жиналды. Сонан намаздігерге дейін ауылды басына көтеріп оқып жатыр.

Намаздігерде шәкірттер түрегеп тұрып салауат айтты. Ертеңгі күнін есіне салу үшін бір ересектеу шәкіртке арқалатып қойып, молда-екең біраз баланың жонына көк шыбықпен дүре соқты. Таяқ жейтін бала екі түрлі. Біреуі «жұмалық», «бейсенбілігін» дұрыс әкелмейтін «салақ» балалар, бұл кедейдің баласы – көк шыбықты осы бала көбірек жейді, екіншісі, орта ауқатты кірменің баласы, әкесі ақты-қараны танитын, шәр кітабынан да, қысалардан да хабары бар, еті

тірілер, реті келгенде шарифат айтып молданың өзін қусырып әкетеді, бірақ сөздері кәдеге аспайтын адамның баласы. Бұ да онша-мұнша арагідік таяқ жеп тұрады.

Баланың көбін арқалайтын ақ тонды Матай. Ол ересек бала. Өзінің де арқасы құр қалмайды.

IV

Арада екі-үш жыл өтті.

Жазғытұрым Сейфулла Ұйтқыбекпен селбесіп, оның қоңыр өгізіне өзінің Бозшолағын парлап жегіп, бір тілді соқамен он шақты күндей егін екті. Тары өнімді болады. Сейфулла ылғи тары егеді. Таңертең сұр шидем шекпенін киіп, оң жеңінен қолын жалаңаштап шығарып алады да, бұзаудың басжібімен белін мықтап буады. Оң жақ жеңі белбеудің астында салбырап жүреді. Етегіне тарыны салып алып, аңыздың үстіне құлаштап себе жөнеледі. Кібіртіктей аяндап, талтаңдай басып келе жатады.

Сәкен алдына түсіп, қалың қара торғайды үркітіп, тұлымшағы жалбырап жүгіріп жүр.

«Егіншінің баласы қара борбай,
Егініңді жеп кетер қара торғай...»

деп ырғала басып, ыңылдап Сейфулла әндетіп келе жатады. Бозшолақпен Сейфулланың соңынан еріп аңызды Матай малалай бастайды. Аңыздың кесек шымын, маланың тісі ұнтап уатып, тегістейді. Себілген дәннің бетін жабады. Сонымен жұмыс бітеді.

Кей жылы егін жақсы пісіп, Сейфулланың еңбегі жанып, Жамал қарық болады. Тарыны келіге түйіп қыстың азығы қапқап сөк жинайды. Кей жылы «еңбегі жанбай» екі аңыздың екеуіне де мысық құйрық, түйе қарын, ақ селеу, көгала жусан тәрізді арам шөптер қаптап кетіп, тарының түбі тырбиып-тырбиып өспей қалады. Бәрі де «тәңірінің бұйрығы ғой» десіп қояды.

Бар дәнін екі аңызға сіңіріп болып, Сейфулла да тасымалдай көшіп, жұрт қатарлы жайлауға шығатын болды...

Малды ауыл мен егінші ауылдың бір жыл ішінде жақындасатын екі мезгілі бар. «Біреуі жайлауда. Ол кезде егінші байға кірме, өйткені баласын молдада оқытады, қымыз ішеді, көлік мінеді». Екіншісі күзді күні егін піскенде – онда

егіншіні малды ауыл сағалайды, тәнертең торсық-торсық қымыз келе бастайды да түс қайта қырманның басынан малды ауылға қарап дорбалар аттанып жатады.

Матай «Ағаш аяқты» хатым¹ қылып, бір-екі жылдан бері Нілдіде жұмыс істейді. Тапқан-таянғанын жазғытұры әкешесіне әкеп беріп кетеді, сөйтіп Ұйтқыбекке де шыр біте бастады.

V

«Біздің ауыл жиналды,
Қой сойып, ет жеп тоюға».

Қойлы ауыл дөңгелене қонады. Ортасы үңірейіп бос тұрады, қой жусайтын қотан осы.

Кедей ауыл шоғырмақтанып қикы-жикы қона береді, қотан болмайды – қой жоқ. Төңірегі де тоза қоймайды. Байдың ауылында да өңкей жұмыртқадай әппақ үйлер бола бермейді. Қараша үйлері де жабысып қалмайды. Сондай-ақ кедей ауылдың да үйлері бірдей келе бермейді. Бір үйдің үзігі ақ, бір үйдің туырлығы, не түндігі ақ болады, тіпті болмаса кигіз есігі ақ кигізден істеледі, міне сол кигіз есігі ағараңдап алыстан көрінетін Сейфулланың үйі. Ақ кигіз байлықтың белгісі, дәулет үйіріле бастаған.

Ауыл арасы таяқ тастам жиі отырады. Бай ауылының жігіттері көнектерін қарына іліп биенің бас сауымына шыққанда, қараша үйлі ала бажақ ауылдың жаяу адамдары байдың ауылына қарай аяңдайды. Бұлар қымыз аңдығандар.

«Ағаш аяқ» молда Кәкеннің үйіне қарай қымыз ішуге жөнелгенде Ақай бүгін Сәкенді өзімен бірге ала жүрді. Ес білгелі Ақайдың туысқандық мейірі түскен күні еді.

– Шырағым, жоғары шық, өзің ержетіп қапсың ғой, әлгі жаман әкең қайда? Неге ол көнекті сырттан сұрап жүр? – деп, төрде отырған Битабар сағынған кісіше сұрады.

– Ағам үйде ау тоқып отыр, қолы бос емес, – деп жауап қайырды Сәкен. Баланың бұл жауабын жақтырмай қалды да, болыс шытынай сөйледі.

– Ау тоқыса баюға бет алған ғой, дұрыс, дұрыс, «өзі болған қыз төркінін танымай кетіп жүрмесе», әлі ауыл үй отырып,

¹Бітіріп.

үлкенге сәлем беруді де қояр сенің әкең», – деді Кәкен, ойын өзінше күлтелеп, шымшып өтті.

Болыстың кеміте айтқан кекесін сөзі Сәкеннің жер-жебіріне жеткендей, алайда ол ашуланса тұтығып сөйлей алмай қалушы еді. Екі көзі жалт-жұлт ұшқын шашты, іштегі уыттың ызғары сыртқа тепті.

Біреудің ызаланғанын сезгенде Кәкен болыстың айызы қанатын, оны әрі қарай келекелеп, әбден тұқыртып тастауға тырысатын.

– Әй Битабар, сенің есінде ме? Мына өзіміздің қоңсымыз Жомарт шал ана қыли Ахметті бір отырғызыпты ғой, – деді.

– Білем, Кәке, әлгі Көктің көлінен балық аулап, қысты күні қармақ салып отырғандағысын айтасыз ғой, заты, сол өтірік-ау деймін, өйткені қыли Ахмет қысты күні мұздың астынан балық ауламайды, ал тіпті аулаған күнде де Жомарт ол кісіге ондай сөзді айтпайды. Тілін кімге безейтінін Жомарт біледі, көптен өрістеспіз ғой, – деді Битабар, сөздің уытын қайтарып, әңгіменің бетін аударғысы келді.

– Жоқ, Битабар, сен білмейсің, ол қыли Ахметке айтса керек: «Аяқ аузындай жерден дәметкен құлқының құрысын» депті ғой, келістіріп айтқан, ә? – деп Кәкен Сейфулланы мүлде ұмытқандай мардамсыды. Қыңырттай езуін енді тартып, енді «Ағаш аяққа» бұрылды да:

– Молда-еке, бала қалай оқиды? – деп сұрады.

– Жақсы оқиды, Ақай өте жақсы оқиды, құранды «хатым» етуге таянды, жақында той жасаймыз, әлі өзіңіздің орныңызды басатын жігіт болады, – деді қауқалақтап.

– Мен Ақайды сұрап отырғам жоқ, мына Сейфулланың баласын айтам.

– Е, ол бала да... – деп барып болыстың бетіне қарады, қақала-шашала елбектеп: – ол бала аса жақсы оқымайды, оның үстіне мінезі кіді, көңгіш емес... – деді «Ағаш аяқ». Өзінің дер кезінде оналып, тығырықтан қолға түспей құтылғанына қуанды. Өзінің сөзіне өзі сенбейтін өтірікші тәрізді, көз жанарын дәйектете алмай жапақтай берді.

– Көнбейтіні көзінде тұр ғой, әкесі сотқардың баласы да сотқар болады. Әкесімен екеуі жабылып мені шауып алсын! Жақсылықты білмесе, айтқанға көнбесе қуып жібер, – деп зілдене сөйледі Кәкен.

Сәкен үйден шыға жөнелді. Битабардан басқа адам жас баланың қимылына аса мән бермеді. «Өз балам осындай болса, дүниеден армансыз өтер едім, шіркіннің тез түсіне

кетуін! Ызаны да ішіне сақтай білетін сабырлысын қарашы!»
– деп Битабар ішінен сұқтанды, Кәкен болыс басын шайқап:
– қаршадайынан мынау, бұл тұра бара оңдырмас! – деді.

Осыдан оншақты күн бұрын, жайлауға жаңа келіп қонған кезде мынадай бір оқиға болды, сол әңгіменің сарсығы әлі басылған жоқ еді.

Шаңқай түсте қымызға қанып алған бір топ адам қанаттас ауылдан атқа міне шықты. Байлар қарыс жерге жаяу жүрмейді.

Бұлар талма түсте қымызға әбден уланғандар, енді болыс үйіне сәлемге келе жатыр, сәлемнің арты саумал: піскен марқаны сойғызып, қыстан қалған сүр етін салдырып, сары ала сорпа ішіп, қымызын басып қайтпақ.

Түстенудің арты кейде керіске де айналады. Төбелеспен де тынады, бәрі қымыздан туады. Ру таласынан, әзіл-қалжыңнан басталады. Кәкен болыстың үйінде түстеніп отырып, Алтай Құтжанның Имамұсасы мен Еркек-сары қалжыңдаса кетті. Еркек-сары асығыс бастап оның алдын тосып буа сөйлейді. Имамұса тынысын кең алып артынан қуа сөйлейді. Сөзден сөз шығып Еркек-сары отырып: «Осы, Имамұса, сенің әкең Құтжан «ағузоны» да «әлхамды» да білмейтін адам деседі, сол рас па? – деді. Имамұса: «болса болар, мен әкемнен жас қалдым ғой», – деп жауап берді. Сол жағында Кәкен болыс, оң жағында Битабар, қымыз ішіп гулеп отырған, кеудесіне нан піскен Еркек-сары ықты-жарды тындамай сілтеді. «Ендеше, Имамұсажан, сен білмейсің, баланы Құтжекең кенжелеп көрді ғой, баяғыда жетпіс асқан кезінде, Әлмұса екеуің туғаннан кейін, жұрт Құтжекеңе «енді тәубә қыл, пірге қол тапсыр» – десе керек. Елге «бала мағзұм» келген екен деседі. Жұрттың тегеуірінімен әкеңіз пірге қол тапсырыпты, сонда «Ағузоны» да, «әлхамды» да жылы жауып қойып, Құтжекең мархұм: «баяғыдан бері боқ жеп едім, енді иманымды тілеймін», – дей беріпті ғой, осы рас па екен? – деді. Жұрт қыраң күлкі. Еркек-сарының сөзі Имамұсаға қатты тиді, бірақ сабырлы Имамұса үндемеді. Әбден иықтап алған бейпіл ауыз Еркек-сары бір сөздің кезегінде «Әкеңнің...» – деп бір-ақ құлатты. Халық иін тіресіп отыр, Имамұса тағы үндемеді. Жұрт аң-таң, тым-тырыс. Алтай кісілері де қомданысып, қозғалақтап, жүгінісіп қалды. Әлден уақыттан соң Имамұса отырып:

– Ер-еке, сіз ағасыз ғой, жолыңыз үлкен, айтқаныңыздың бәрі жөн, мені боқтасаңыз, әкесі бар Имамұсаны, өз ағаңыз Құтжанды боқтадыңыз. Ал мен бағанадан бері сіздің боқтарлық

екеңізді таба алмай қысылып отырмын, кімді боқтарымды білмей дағдардым, бірақ бұған Ер-еке, сіз айыпты емессіз «гәп» марқұм шешенізде болар, ал шешенізге тілімді тигізуге намысым жібермей арланамын, әйтпесе жетпіс жеті атаңыздан бері қарай түгел құлатар едім....» – депті.

Міне, осындай ойыннан от шығып, үлкен төбелес болды. Әлуетті Сейфулла сол төбелеске сыбанып кірмей, Сәкенін жетелеп, шеттеп кетіп қалды. Сүйекке таласып, қотанда қырқысқан төбеттерді талай көрген Сәкен мына сойылдасудың мәнісін байыптай алмады. Жалғыз-ақ Еркек-сарының басы жарылып, Кәкеннің бетіне таңба түскенде ғана «сірә, тегін емес-ау» – деп болжады Сәкен. Содан бері бай ағайындарының үйіне қымызға баруды Сейфулла пышақ кескендей доғарды. Міне, сол қырғын-жорықта маған болыспады деп Кәкеннің жүрегіне қан қатты. «Әкесі мен екеуі жабылып мені шауып алсын» – деп күшін білемдеген Кәкен, молдасына бұйыра сөйлеп: «Тілінді алмаса, жақсылықты білмесе, қуып жібер өзін!» – деп шіренді. Сол сөз жас Сәкеннің жүрегіне шаншудай қадалып, беріш болып қатты. Енді қайтып молдаға баруға беттемеді. Әкесі мен шешесіне де тіс ашпады.

Сейфулланың өз сыбағасы өзіне жеткілікті, бай туыскандарының не себепті дүрдіараз екенін ол түсінеді... Кеуделеріне нан пісіп, көрінгенге қоқақтап, әсіресе нашарға зорлық-зомбылық көрсетуін жақтырмады. Жандайшап, қолшоқпары болғысы келмеді, іргесін бөлек салды. Баласын да молдаға бар деп енді қыспады.

Күйеуінің де, баласының да ішкі ойын Жамал айтпай таныды, қудалап ешнәрсені сұрамады, өйткені «ұзын құлақ», «жаяу почта» ауыл арасындағы өсек-аянды бүркемеді, етегін кең жая берді...

VI

Сол жылы Нілдіде тас қазып, жұмыс істеп жүрген жас Матайды қасына ертіп Дүкеннің Сәдені келді. Сәден отызды қусырып жүр. Матай жиырмаға кеп қалған. Бұларды жұрт: «қалша Сәден, қикар Матай» деседі. Нілдіге барғаннан бері Матайдың киімдері ықшамданып қалған еді. Бұрынғы қорбыып тұратын ақ тонын тастаған, түлеп шығыпты, оның орнына қызыл ала лөңкемен тыстаған, мақта бидайлы, астары көк ала сантоп шолақ бешпентше киіпті.

Кешке таман Сейфулла домбыра шертті. Сәкен домбыраны жақсы көретін, үйреніп жүрген кезі.

Сегіз пернелі ақ домбыра безілдей жөнелді. Токаның «Саржайлауы»¹ тартылғанда ауыл жым-жырт болды. Күйікті күй сарнап кетті, сары даланы тебіrentті. Он саусақ домбыраның бетінде қырық құбылып құйқылжыды – асыр салып ойнап жүр: біреуі пернені басқанда, екінші саусақ шекті шертті, ышқына шыққан зарлы әуен жүректі шымшыды. Бұл күй жайлауда отырған ауылды елестетті. Қойын маңыратып, қозысын жамыратып жатыр; түйе боздап, сиыр мөңіреп, жылқы кісінеп – айнала әуенге бөленген мезгілді бейнеледі.

Ауыл жиналып қалды. Сәден мен Матай да осында келді. Сейфулла азырақ мүдірді де, Тәттімбеттің «Сылқылдағына» басты. Міне, енді қалың ел жайлау таласа көшті. Біресе сау аяндап, біресе бүлкілдете желіп, ауыл-ауылдың тіркескен көші, иін тіресіп бәсекеге түсті. Жүгі ауған түйені ат үстінен аударып басады, көш аялдамайды, асығыс, шөбі шүйгін, суаты жайлы жер бұрын жеткен ауылдікі... Тәттімбеттің «Сылқылдағы» осылай естіледі. Арқаның осы екі күйі еңсені бірде басып, бірде көтеріп отырады.

Басын салбыратып, ұйып қалған Ұйтқыбек: «Пау, шіркін-ай! – деп домбырашы Сейфуллаға ризалығын білдірді, мейірлене қарады.

– Енді күйді қойып, ән тартыңызшы, балалар қосылып өлең айтсын, – деді Жамал оң тізесінде екі жасар Халиманың кекілін сипай отырып. Жүректі ұйтқытып, жүйкені қытықтаған күй әсері ән салынса айығады, соны тіледі білем.

Домбыраның құлағын бұрап, дыңылдата шертіп, Сейфулла тындап отыр. Тиегін кейін сырып, бетіне бүрке түкірді де, әлгі тиекті қайта орнына апарып қойды. Күйден әнге аударды. «Балқадияша» сұңқылдай жөнелді.

– «Әу, өй – деп тамағын кенеп, даусын бір көтеріп алды да Матай домбыраға қосыла кетті.

«Деген соң бал Қадияша, бал Қадияша, бал Қадияша,

Өзенді өрлей біткен, шіркін-ай, тал Қадияша,

Бір түгіл екі жеңген келіп отыр,

Ұлықсат енді бізден, шіркін-ай бар, Қадияша!, а-а-а» –

деп аяғын созып келіп тоқтады да, сол әнге салып, даусын шарықтата тағы көтерді.

¹Сайдалы Тоқа деген кісінің шығарған күйі екен.

«Дүниеде ауыр екен үрген қуық,
Көтердім жалғыз өзім, шіркін-ай, аузын буып,
Шыбынға-қара шіркей арба салдым,
Көрмедім ондай мықты шіркін-ай, өзім туып... а-а-а» –

деді. Жұрт даурыға күлді, сергіп қалды. «Ой, пәле-ай» десті.

Сәкен де жымыып күліп отыр, әкесіне «осыны тарта беріңіз», – дегендей жайдары қарады. Сейфулла басын изеп қойып, шерте берді. Домбыра тартқанда Сейфулла ажарланып кетуші еді. Матай әлгі әнін енді екілене шырқады:

«Әділ хан маса деген пақыр екен,
Имансыз сона деген, шіркін-ай, кәпір екен.
Үйіне инеліктің кіріп барсам,
Ас беріп әкесіне, шіркін-ай, жатыр екен...а-а-а», –

деп бәсендетіп барып бітірді, жұрт өтірік өлеңді естіп, біраз серпілісіп қалды.

Ауыл үйдің кісілері бірте-бірте тарап кетті.

Сәден мен Матай сол күні түнде Сәкенмен дербес әңгімелесті. Үшеуі ауылдың сыртында отыр.

– Енді молдадан оқымайтын болсаң босқа жүресің бе? Жүр біз оқуға түсірейік. Нілдіде оқып жүрген балалар көп, – деді Сәден.

– Әкесі жібермес, шоқынып кетеді деп қорқады ғой, – деді Матай.

– Байдың баласы Ақай тілмаштан орысша оқиды, ол шоқынбайды, сонда Сәкен шоқынбақ па? Осындай балалар оқып жүр ғой, – деп Матайдың бетін қайырып тастады Сәден.

– Сәден, сен дұрыс айтасың, бірақ Сейфекеңнен қоркам, жібермейді ғой, әйтпесе орысша оқыған қазақтар Нілдіні билеп жүр. Өзің де көріп жүрген жоқсың ба? Болыстың өзін де тілмашы билейді. Әлі көрерсің, біраздан кейін орысша оқыған болыс болады, – деді Матай. Соңғы сөзін нығыз айтты.

Сәкен қобалжыды. «Өзім болыс болсам, мыналардың басына әңгір таяқ ойнатар едім, әділдікті орнатар едім», деген түйінге тірелді. «Тіпті тілмаш болсам да бар күшімді шындыққа жұмсар едім», – дегендей ойға түсті бала Сәкен. «Мыналар» дегенде көз алдына күбіршектей болып Кәкен келе қалды.

- Мен Нілдіге барам, - деп айтып салды.
- Егер жібермесе қайтесің? - деп қайрады Сәден.
- Жібермесе қашып кетем, бірақ жібереді, апам жібертеді, – деп Сәкен шешесін паналай сөйледі.

VII

Сәден мен Матай ырдуанға түйе жегіп жүргелі жатыр. Сәкен бірге кетпек, қастарынан шықпайды.

– Сәкенімнің бетін қайырмаңызшы, барсын, ағайынның қорлығын біз-ақ көрейік, – деді Жамал. Қамығып айтты, бірақ босап отырған жоқ, ындыны қатаң, дыбысы ширақ шықты.

– Молдадан болса да оқымады, бекер-ақ болды-ау, – деп толғанды Сейфулла.

Мұсылманша молдадан оқымай Сәкен Нілдіге орысша оқуға кетсе «баласын шоқындырды Сейфулла» – демес пе жұрт? Осы ой қинап отыр.

Рас, пәленің басы сол мұсылманша оқудан басталды. Жаман нәрсе жақсыны аңсатты. Үш жыл оқып, білімге аса жарымаса да, бірденені үйренуге жаттықты. Беттің ашылуына соқырқай себеп болды. Бұл жәйтті Сейфулла саралап түсінген жоқ, сонда да әлденеге қобалжығандай ойда отыр.

– Жамал, сенің сөзің дұрыс қой, бірақ арты қалай болады? – деп қауіптен сөйледі Сейфулла.

– Жұрттан қорқып отырсыз ба? Не десе о десін, Сәкеніңіз ақты-қараны таныды, зердесінде бар болса бұзылмас, бетін қайырмаңыз, – деп ойын бір түйіп тастады да: – бірақ енді түйеге мінгестіріп жаяу жібересіз бе? – деп Сейфулланың көңілін басқа жаққа қарай аударар сөйледі Жамал. Жіберу мәселесі біткен тәрізді, енді мініп баратын көліктің ғана қамын ойла дегендей төндіре айтты.

– Кім ат берер дейсің! – деп дағдарды Сейфулла.

– Ділмар қайнағаға барсаңыз қайтеді, алды-артын ойлайтын адам еді, беріп қалар, – деп емексіте сөйледі.

Әйелінің сөзіне ұйығандай болды:

– Ендеше, айта ғой Сәденге, тұра тұрсын. Мен Битабарға барып келейін, – деді де, Сейфулла жүгіре басып үйден шығып кетті.

Әлден уақытта ұнжырғасы түсіп қайтып келді де:

– Тәңірінің жазғаны осы шығар, тірі жүрсем осының қарымжысын қайтарармын, әлі... қолдың қысқалығы қыр соңымнан қалмады-ау!.. – Осылай назаланған Сейфулла

Сәкенді қасына шақырып алды. Ыза қысып көзінен жас та шығып кетті. Жамал теріс айналды. Босағанын білдірмеді. – Сәден, Матай, екеуіне тапсырдым, өзім де жақында барып қалармын, жолдарың болсын, – деді Сейфулла.

– Бөтен елде біреуден таяқ жеп қалмасын, балапаным, бас-көз болыңдар, – деп Сәкенді тамағынан аймалап, искелеп сүйді де, көзіне Жамал жас алмады.

Ырдуанға жеккен түйелі көлікке мінгесіп, – ұшқасып үшеуі жүріп кетті.

VIII

Нілді мыс өндірісі. Айналасы қоршалған биік қабырға. Ұзыны ат шаптырымдай. Аузында темір қақпа. Ішіне бөтен адам кірмейді. Бұл аттың төбеліндей ағылшындардың ұясы. Ұлан-байтақ өлкенің қанын сорып жатқан қорқаудың апаны тәрізді. Төңірегінде қан-сөлі кетіп, қаңқасы ғана қалған қайғының мекені жұлым-жұлым қара күркелер – қазақ жұмысшыларының үйлері еді. Әлгі күнге шағылысып күреңіткен қызыл қорғанға үңірейе қарап, итініп тұр.

Жердің, кеннің иесі – осы көп жұмысшы тиін-тебен алғанына мәз. Өз байлығын бөгде бақалшыға тегін беріп жатыр.

Мысты осы жерде өндіріп, Спасс зауытына тасиды. Спасса қорытылып Лондонға жіберіледі. Қазақтар Спассан Ақмолаға кіре салды, көлігі бар, күші жететіндер Қызылжарға дейін үдере тартады. Спасс кіресін Ақмолаға тартып «қара сарт» байыды, Ақмоладан Қызылжарға тартып Жанбағыс, Бәйкелдер дүрілдеді. Әзірге бұл кіреден шыр бітпей, береке таппай жүрген жалғыз-ақ Сейфулла, көлігі тапшы.

Нілдіде жұмысшы Сәденнің үйінде жатып, Сәкен орыс-қазақ мектебінде оқып жүр. Оқытушысы Роман Николаевич Скеянкин еді.

Оқудың басталғанына екі-үш ай өтті. Сәкеннің тілі әлі сынған жоқ. Орыстың көп сөзін дөрекі айтады. «Я, ты, он, папа, мама,» тәрізді дара буынды, қос буынды сөздерді біліп қалды. Бәленің бәрі «жыныс»¹ (пен «жалғауда»²) болып жүр. «Моя мама, моя папа, моя лошадь, моя конь», – деп саулата

¹Род.

²Падеж.

береді. Миша деген бір жолдасы бар, сонымен көп сөйлеседі. Сәкен он үште, Миша сегіз жаста. Көбінесе сол Миша Сәкеннің орысша сөзінен қате тауып, қайталап айтып отырады. Оның сөзін Сәкен арланбай тыңдайды, өзіне қазақша үйретеді. «Мой хлеб»ті Миша да «менікі нан» деп аударады. Қазақша теріс айтқанды түсінсе де Сәкен орысша сөйлемнің мәнісін аңдап қалады.

Бір күні тәнертең ересек бала Гриша Сәкеннің көршісі Мишаның сия сауытын ала қашты. Жасы кіші тапал Миша тұра қуғанда іштен теуіп жіберіп жылатты, сол арада Сәкен болысып сия сауытқа жармасқанда «ты, что орда киргиз?»¹ деді Гриша.

«Орданың» мәнісін түсінбесе де әйтеуір Гришаның арам пейілін қызара бөріткен кескінінен танып, Сәкен жағасынан ала түсті. Апыр-топыр айқаса кеткенде, қазақша қырқа шалып, Сәкен алып ұрды.

Үстіне шидем күпі, басында сеңсең тымақ, қорбиған Сәкен Гришаның кеудесіне мініп отыр. Қып-қызыл болып булыққан, екі қолымен алқымынан қысып, қылқындырып жатыр.

Роман Николаевич осы жанжалдың үстінен шықты. Қамалып тұрған балалар да ыдырай қашты, орын-орнына барып отырды. Кластың іші жым-жырт бола қалды. Роман Николаевич қабағын түйіп, түнере түсті. «Бұл қандай бейбастақтық, енді кластың ішінде төбелесуді шығардыңдар ма? Мұны кім бастап жүр?» – деп сұрақты үсті-үстіне жаудырды.

Гриша мен Сәкен екі айыпты бала түрегеліп тұр, Миша көзінің жасын сүртіп отыр. Көлденең балалардан да сұрастырып, уақиғаның егжей-тегжейін әбден біліп алды да:

– Гриша сен, өзіңнен кіші балаға зорлық жасағансың, оған болысқан Сәкенді «орда киргиз» деп келеке қылғансың, бұл тәртіпсіздік қана емес... Ал, Сәкен, сенің айыбың төбелесуде тұр, оның үстіне класта төбелесу теріс. Жалпы мектепте бірге оқып жүрген бала төбелеспеу керек. Мектеп досы – табылмайтын дос, – деп Роман Николаевич ақылын айтты. Жуып-шайып жарастырды.

Осыдан кейін класс ішінде бұзақылық болған жоқ. Күшті Гриша «көкесіне» кездесіп, беті қайтты да татуласып кетті. Бұлар шекісіп бекісті. Сәкен Мишаға жанын үзді де Гришамен

¹Жабайы қырғыз (қазақ) сенің не жұмысың бар?

енді қайтып етене жақындаса алмады. Сәкен әділдікті сүйетін, қорлыққа шыдамайтын, зорлыққа қаны қас – өр мінезді бала еді.

Сәкен Нілдіде оқығалы үш жылға толды. Жұрт: «Сейфулланың баласы «оң, солын» танып қалды. Нан алып жерлігі бар, әкесінің тиянағы болуға жарады...» деседі.

– Ең алғаш мектепке кірген күні бұрынғы әдеті бойынша ішінен оқи алмай ыңқылдай беруші еді.

– Сейфуллин, сен ішіңнен оқы, басқаларға «мешайт» етесің, – деді Роман Николаевич. Осыдан былай Сәкен де мектеп тәртібіне жаттықты.

– Орыстың «мешает», «помощь» деген сөздерін Нілдідегі шала-пұла орысша білетін жұмысшылар өздерінше «мешайт», «момыш» деп бұзып айтатын. Роман Николаевич солардан үйреніп еді.

«Бараншик, маржа, махан» дарды айтқанда Сәден орысша сөйледім деп ұғушы еді, ал Роман Николаевич «Баланы» қазақтар «бараншик» қатынды – маржа, етті – «махан дейді екен-ау», – деп топшылайтын. Заты, бұл сөздердің қайдан шыққанын екеуі де түсінбейтін.

Апақ-сапақта Сәден үйінің сыртына келіп біреу түйесін шөгерді. Бұл Аба тауынан баласының үйіне кеп түскен қонақ Дүкен ақсақал еді.

Дүкеннің Нілдіге келуіне екі желеуі бар. Біріншісі - қызмет істеп, табыс тауып жүрген баласынан сәлем-сауқат алып қайтпақ. Екіншісі – қырдағы ауылға таңсық қаланың соны хабарларын естірмек. Соңыра, елге барғанда: «Сәденім олай деді, Сәденім бұлай деді», – деп өзінше бір мақтанбақ.

Дүкен өз баласының үйіне кіргеннен кейін, көрші отырған жұмысшылар да жинала бастады. Сәлем беріп жатыр.

Бұлар ауылдың хабарынан ділгер.

– Сәден аға-ау, бүгін екеуімізді Шалтабай нарядчик «ақ ауыз» етіпті, – деді Матай үйге ентіге кіріп.

«Ақ ауыз» етсе уақасы жоқ, біз ол қоқайға үйрендік, етіміз өліп кетіпті, елең де қылмаймыз», – деді бір қара жігіт.

«Ақ ауыз» деген не пәле? Мен түсінбей отырмын, – деді Дүкен.

– Әке-ау, ақ ауыз-құрамай қаптыру, біздің бір күнгі жұмысымыз елу тиын күміс, ал мына Матай екеуімізді өзіміздің жиен Шалтабай «түк істемеді», – деп жазып кетіпті, – деді Сәден. – Мен білсем ағылшын ақымақ емес, оларда қарар жоқ, сұрқия жауыз... достығы да олардың ақшаға

айналған, қалтасына сенетін сәудегерлер ғой, осы шығып жатқан кеннің пайда-зиянын олар біледі. Біздің Шалтабай мен Шодыр нарядчиктер болса, елден шыққан алаяқтар «Алғанын ақтайды». «Кей біреуіміздің жұмыс істемейтініміз де рас, бірақ бізде көбінесе жұмыс істегендер «ақ ауыз» болады, – деп қорытты Сәден.

Е, е, әділдік кентті¹ жерде ғой десек, бар пәле осында екен. Біздің Кәкен мен Еркек-сары болыстыққа таласып Қараөткелде қағаздасып жатыр. Өтірік пен өсекті жүндей сабайды. Оған өзіміз үйреніп кетіппіз, жесір дауы, жер дауы үзілмейтін жанжал. Бірақ, сайып келгенде, сол лаңның тақсіретін тартатындар әлсіздер-нашарлар болады, «айран ішкен құтылып, шелек жалағандар тұтылатындардың кері», – деді Дүкен.

– Біз түсінбейтін әңгіме көп қой, жүрегі таза, мына оқыған жастар – Сәкендер шығып теңдікке жетпесек су түбіне кетеміз дағы... – деп қынжылды Сәден.

Ертеден бірге өскен ағалары Сәден мен Матайдың «ақ ауыз» болғанын, Шалтабайдың қисынсыз істеген зорлығын естіген Сәкен ойланып қалды. Кірпіктерін жиі қағып, көздері жылтылдап, екі иығынан демін алды. Денесі қозғалып кетті де, Сәденге бір, Матайға бір қарады.

– Бүгін Роман Николаевич бізге: «ертең келіп мектепті бітірген қағаздарыңды аласыңдар, сонан кейін не істемексіңдер?» – деген сұрақ қойды. Сонда Шодырдың Гришасы түргеліп: «мен нарядчик боламын», – деді. Әркім өз ойын айтып жатты, мен үндемедім. Бәрінің сөзін де «мақұлдап» қысқа жауап берді де маған қарап. – Мен білемін. Мына Сәкен Сейфуллаевич нарядчик болмайды, әлі оқиды, нарядчик Шалтабайдікі жұмыс! – деді. Сен ана Сәден ағаңмен ақылдас, мен сен туралы оған айтқам, – деді. Енді мен қазір ойлап-ойлап нарядчик болуға ұйғарып отырмын, Шалтабай да көптен бері нарядчик бол, нағашы, өзім баулимын деуші еді. Сіздер қалай қарайсыздар? – деп жас Сәкен шын ойын айтып өтті. Ашуы айығып тарқағандай болды.

– Қолыңнан келсе, жұрт қатары болғаның дұрыс қой, – деді Дүкен.

– Әкей-ау, нарядчикті дәреже көресіз бе? Ол бір құлқынын қуалаған қолшоқпар ғой. Роман Николаевич ана қарт жұмыскер «дядя Колянің» баласы. Ол Петрамбардан қуғынға

¹Қалалы, шәһәрлі.

ұшырап, осында жер ауып келсе керек. Әкесінің Лазарев деген бір досы болыпты. Сом пікірлі, ұлы ойлы, көп оқыған адам еді. Сол ұстазым абақтыға түсті. Біз жер аудық. Дариға-ай, сол кісі қайда жүр екен?! – «Теңдік, әділдік ғылымда деуші еді-ау!» – деп Романның аузының суы құриды...» – деген Сәденнің сөзін бөліп жіберді Матай:

– Тегі, солар жер көктеген адамдар, бірдемені біледі «білегі жуан бірді жығады, білімі жуан мыңды жығады», – дейді ғой, сол рас, оқысын Сәкен, жалғыз Сәкенмен жыртығымыз бүтінделмес, әліміз келген көмегімізді аямайық, – деді.

Бала Сәкен енді Лазаревті көруге ынтықты. «Дядя Колянің» тұңғыық терең көзі, тотыққан суық жүзі, еңгезердей денесі, жапанда жалғыз аяндаған жампоз атандай сом тұлғалы Лазаревті көз алдына алып келді. Әділ туған, оқыған адам арманындай елестеді. Соны бір көруге асыққан Сәкен «шіркін, қайда жүр екен?!» – деді ішінен.

IX

Ұстазы Роман Николаевич Склянкин мектепті жақсы бітіргендігі үшін мақтау қағазын ұсына отырып:

– Садвокас Сейфуллаевич, сен жақсы оқисың зерексің, оқуды тастама, сенің елің надан, мына қағазды ал да, Ақмолаға бар, оқы, – деп білген ақылын айтып, арқасынан қақты.

Үш жылдай үйреніп қалған ұстазымен қоштасу он алты жасар Сәкенге оңай тимеді. Сәкеннің бала күнінен әдеті – бауырын басып, жолдас болған адамнан жуық арада айырыла алмайтын еді. Толқыған ой үстінде бет ажары құбылып тұр.

Сәденнің әкесі Дүкен астындағы түйесін терезенің алдына әкеп шөгерді де, өзі түспестен:

– Әу, Сәкен, жүрмейсің бе? - дегенде, ұйқыдан оянғандай селк ете түсті.

– Қош болыңыз, Роман Николаевич, – деп Сәкен көңілінің қобалжығанын сездіргісі келмей теріс айналды, жүгіре басып шығып кетті.

Үш жылдың бойында Сәкеннің талай мінезін білген Роман Николаевич, тап мына қылығын бүгін көргенде өте риза болды. Оқытушысы осы шәкіртін томырық, қатыгез адам деп ұғушы еді. Өйткені әкесі Сейфулла келгенде де Сәкен өліп-өшіп тұрмайды. Көп сөйлемейді, қолы боста домбыра тартып, дырду әңгімеден шет отырады. Шешенсіп сөйлеу әдетінде жоқ, шындықты төтесінен тура айтып салатын, өр мінезді

бала. Бұлтара баса алмайтын. Шындықтың құлы, ашуланса бетің бар, жүзің бар демейді, өкпелесе қайтып жібімейтін бір тоға еді.

Оқуға келген жылы, қысты күні, Сәкеннің Гришамен төбелескенін Роман Николаевич әлі ұмытқан жоқ.

Сол оқиға есіне түсіп, Роман Николаевич Сәкеннің артынан қызыға қарап отырып қалды. «Қоқырсыған қорданың ішінен жылтырап көрінетін алтындай талай тамаша ұлдар бар-ау, мына надан елдің арасында көзі ашылмай топырақ қауып жатыр ғой...» деген ой біраз тербеп өтті.

Дүкеннің түйесіне мінген Сәкен еліне қайтты.

Түйенің мұрындығынан жетелеп ауылдан алып шықты да: – Оқымаған біздей сорлының итшілеген өмірін көзіңмен көрдің ғой, Сәкен, ауылға барып, елдегі әуейілердің қылығына еріп, оқуды ұмытып кетіп жүрме! Осындағы білмей бытырап бірін-бірі «ақ ауыз» ететін топастарды да сен таныдың, осы сөзімді ұмытпа, оқы, орысша оқы, сапарың оң болсын, – деді Сәден. Орнын тауып айтқан шын сөз ұтымды болды, баланың жүрегіне ұялай қалды. Ол өз арманын айтып, тебірене сөйледі, жас Сәкенге жұмысшы Сәденнің осы адал сөзі көп ой салды.

– Қош болыңыз, Сәден аға, ұмытпаспын, – деді Сәкен. Жүрегі лоблып, даусы дірілдеп шықты. «Қолы қысқа болса да осы жұмысшылар нар келеді, адалдыққа бір табан жақын тұрады...» деді ішінен.

X

Күн құрыстап түнере бастады. Солтүстіктен суық жел тұрды. Әлгінде ғана дүниеге нұрын төгіп, көзді ұялтып тұрған алтын арай – ажарлы күн, енді көгілдір қарынға жабысқан сап-сары талақ тәрізді. Анда-санда қылт етіп бір көрінеді де, жылжи береді, сүңгіп кетеді, жасырынбақ ойнағандай, батысқа қарай сырғанайды. Аспанды тұмшалап төмендей жорғалаған ұшпа бұлт күннің көзін көлегейлеп көрсетпейді, шығысқа беттеп, жөңкіле көшуде.

Тоқты терісінен істеген бешпентше тон, сыртында омырауы ашық көнетоз шекпен, басында қоңыр елтірі бар Дүкен ақсақалдың бетінен боздағы шығып келеді. Бұрын тайыз көрінетін әжімдері енді тереңдеп кеткен. «Тоғыз қабат торқадан тоқтышағым терісі артық,» – дейтін Дүкен қарт енді ол райдан қайтқандай. Кеңірдегі сорайып, бет-аузы қатпарлана

түсіпті. Қарсы алдынан соққан суық желдің өтінде отыр. «Шіркін бөз көйлек денеге қамсау екен ғой! Көйлексіз киім қоңылтақ, шарбысыз қарын сияқты-ау», – деп түйді Дүкен ішінен. Еріндері тобарсып келеді.

Жолдың езуіндегі жусанды анда-санда, бір қауып, жұлып алады да, мойны ырғайдай, жүнделген қара қайыс, көсеу құйрық қара атан изендей аяндайды. Дүкен мен Сәкен ілгерілі, кейінді ырғақтап келеді.

Ылғалды қоңыр бұлт төніп, ызғарлы жел қорғасындай қадалып қалтырап тоңған Дүкен: «Құралайдың қара дауылы өтіп еді, киіктің лағын өргізген амал да әнеу күні Нілдіге келе жатқанымда бұрқыратып бір соғып кетіп еді, енді бұл, сірә, текенің бұрқылдағы болар-ау! Япыра-ай, боран соқпай тараса жарар еді...» деп толғанды ішінен. Екеуінде де үн жоқ. Нілдіден кеше шыққан, әлі жүріп келеді. Нілді мен Аба тауының арасына түйелі жолаушы ара қонып жетеді. Өктеп жүрсе мықты атқа бір-ақ күндік, елу-алпыс шақырымдай жер. Кіші бесінде Дүкен ақсақал «Қыз емшек» атанатын қос төбенің арасына әкеп түйесін шөгерді. Екеуі де жерге түсіп, түйені отқа қойды. Жабуын да, жазысын да алмады, бұйдасын мойнына түріп қоя берді.

Күн шайдай ашық. Аспанда шөкімдей бұл жоқ. Құрысқан дене жазылғандай, кірбең көңіл жадырағандай.

Дүкен жасынан қой бағып өмірін өткізді, намаз сабағын ата-сақалы аузына біткенде үйреніп еді. Онда да жұрттың айтуымен әрең көнді. Осы намаздың кім үшін керек екенін, не үшін оқылатынын білмеді. Әйтеуір істейтін ісі жоқ, қолы бос байлардың әуестенуі шығар деп ойлады. Кейде өрісте тас қорық жасап, сүт пісіріп қойшылар жинала қалғанда Дүкен «бесін оқып алайыншы» деп қоржандайды. Аузын жыбырлатып, етегін қағып, білегін сыбана жуып, сусыз дәрет алып әуреге түседі. Сонда қойшылар тұрып: «Дүке-ау, әлі мезгілі жеткен жоқ, шаңқай түсте күн тас төбеде тұрғанда оқыған бесін қабыл емес», – деседі. «Дүке, сіз намаздігер, намазшамды да алдын ала оқып алыңыз, әуреленіп жүресіз бе, әйтеуір бүгін оқылатын намаз ғой», деп те кеу-кеулесіп күліседі. «Шырақтарым-ай, мен қай жетіскендіктен оқып жүр дейсіңдер, ел көзі ғой, жас болса келіп қалды... Әйтпесе намаз менің не теңім, «бай кісі құдайшыл да, құраншыл да болады», деп Сейфулла айтпақшы... «О да бір бейнамаздың өзі» деді. Дүкен Сейфулламен құрдас еді, не сөйлесе соған Сейфулланы қоспаса көңілі көншімейді.

Дүкен бес уақыт намазды мезгілінде оқи алмайды, ұмытып кетеді. Міне бүгін де бесіннің төрт бас парызын оқуға дембі дәретін алып «қазасын» өтеді.

Сәкенді қасына отырғызып Дүкен ұзын сонар сөзге кірісті.

Ауылдан аттанарда Сейфулла қатты тапсырды.

– Дүке, қайтарыңызда Сәкенімді мінгестіріп ала келіңіз, ал Әбеннің өлгенін ауылға таянбай естіртпеңіз, тете інісін өте жақсы көруші еді, жылап-сықтап әлек салар, – деп еді.

– Күн жаманы кетеді, адам жаманы кетпейді дейді ғой, балам, осы рас сөз, – деп бастады қарт.

– Оныңыз рас, Дүке, бағана мен де күн ашылмастай көріп едім. Сірі етіктің қамсауы шамалы екен, оның үстіне жұлығы сөгіліп, тарамысы ырсыып тұр, ішіндегі кигіз байпағым да қырық жамау, ұлтараксыз табанымды қариды, суық шекемнен өтті, – деді Сәкен. Дүкен ақсақалдың ойын да шешті, өзінің мұңын да шаққандай, болды. – Ауылға таянған сайын апамды қатты сағынам, осының себебі не? – деп тықыршып Сәкен орнынан тұруға ыңғайланды.

– Асықпа, шырағым, түйе де біраз шалсын, өзіміз де теңселе-теңселе діңкеледік кой, дем алайық, енді мына қырдың астында ауыл бар, – деді Дүкен жантая беріп. – Мен бір әңгіме айтайын, бері таяна отыр, тыңда, – деп сөзін жалғастырды. Аунап тұрған жылқыдай сергіп қалды Дүкен. – Баяғыда Ұлықман Хакімнен бір кісі: – ініңіздің халі не болды? – деп сұрапты, шырағым, сонда Ұлықман Хакім: – інім өлді, деп жауап берген екен, – деді де Дүкен басын көтеріп, малдасын құрып отырды. Әлгі кісі Ұлықманның тұтқиыл жауабына таңырқап:

– Ініңіздің өлуінің себебі не? – деп тағы сұрапты, сол арада жұлып алғандай. – Өмірге келуі себеп болды ғой, – десе керек.

– Шіркін-ай, қандай жақсы айтылған сөз! Сол Ұлықман Хакім өзі кім екен, аға? – деп Сәкен рахаттана тыңдап, таяна түсті.

– Кім екенін қайдан білейін, шырағым, жұрт аузынан естігенім ғой, – деп Дүкен иілген басын жоғары көтерді. – Сәкенжан, сен әке-шешеннің тұла бойы тұңғышысың, ержетіп қалдың, олардың ендігі тиянағы да сенсің, – деп төмен қарап, күмілжіді, – олар қуанса сенің де қуануың керек, олар ренжісе ақыл айтып басуың керек... Я, шырағым, мықты бол сен, ажал келсе кім өлмейді, бәріміз де өлеміз ғой, інің Әбумүслім дүние салды, құдай рахмет кылсын, – деп бетін сипады Дүкен.

– Не дейсіз, шын айтасыз ба, қашан өлді, неге бұрын айтпадыңыз?.. – деген сұраулар Сәкеннің аузынан шұбырып шығып жатыр. Не дерін білмеді Дүкен. Екі көзі шатынап, бір кезде жылт етіп жас көрінді, кірпіктерін қақпай қалған Сәкен мөлдіреп шыққан жас тамшылай сорғалағанда, еңіреп жылап жіберді. «Әбенжаным-ай, бауырым-ай», – деген Сәкеннің үздігіп шыққан даусы Дүкенге оңай тимеді. Талай қайғыны басынан кешіріп, әбден шыныққан, сірідей қатқан сіңір дене де шіміркенді. Жас баланың ұяласын іздеп аңсауы қиын екен! Құлазыған кең дала мұңына мұң қосып, ауыр күрсінгендей, әлдеқайдан бір сарын естілгендей болды. Қайғыны қайғы қозғады, өзінің бір көне дерті есіне түсті, бойы босап Дүкен де боздап қоя берді. Кәрі көздің жасы әжімденген бетін жуды. Қайғысы ортақ қарт пен бала егілген көңілдерін әрең басып қайтып жолға түсті...

XI

Август айы, Есен өзенінің бойы. Жайдақ өткелдің жағасында, қалың талға таяна қонған ауыл. Кешке жақын алты қанат үйдің ішінде екі адам әңгімелесіп отыр. От жағылмаған үйдің іші қара көлеңке. Үрпе-шүрпе балалар жылтындап кіріп-шығып жүр. Ауыл орынға отырмаған кез.

Маған не қыл дейсің, осы екеуің-ақ басымды қатырып болдындар ғой, бермесе қайтейін тартып алайын ба?

– Неге сонша тарылдыңыз, Әбенжанымның өлгені болмаса әлі де біреуден ілгері, біреуден кейінбіз, шүкірлік қылығыз... Бермесе өз малы, «сабыр түбі сары алтын» деген.

– Тартшы әрмен тапсынбай, құдай маған бергенін өзі алсын! Соның менен аяғаны жоқ! Еккен егін де шықпай қалыпты... Екі аңыздың екеуі де қурап тұр, құдайдың жаңбыры жаздай бір тамбаса керек! Осылар тұғалы дамыл көргем жоқ, егін де ектім, кіре де тарттым, бірі құтаймайды. Оның үстіне оқу, оқу, деп қақсайсыңдар, осы оқымаған ел де күнелтіп жатыр ғой...

Әңгімелесіп отырған Сейфулла мен Жамал екеуі еді. Бүгін Жамал Ақмолаға баратын ат сұратып Сейфулланы Кәкен ағасының үйіне жіберген.

Жер шалғай, оқудың ашылатын мезгіліне он-ақ күн қалды. Сағынған әке, шешесін көріп, әбден мауқын басқан Сәкен енді Ақмолаға оқуға барам деп қыңқылдаған соң шешесі баласын қимады. «Осы жолы бір барып келіңізші», деп Сейфуллаға қолқа салды. Біраз беттемей отырып, әйелі мен баласының

көңілін қимай, Сейфулла үйінен әрең шықты. Бұдан үш жыл бұрын Нилдіге оқуға жіберерде көлік сұрап Сейфулла Битабарға барып торығып, түңіліп қайтып еді. Сол есіне түсіп, беттей алмай селсоқ болса да, үйден бір шығып қалған соң кейін қайту қиын болды. «Азар болса атын бермес, менің шапанымды алып қалмас...» – деп қатулана түсті.

Барса сегіз қанат ақ орда лық толған кісі, қымыз ішіп, қызып алған екен. Есік жақтан отырып бір тостаған қымызды жұта салып, Сейфулла өзінің келген бұйымтайын айтты, асығыс еді: «Бір аттың майын емес, терін сұрап келдім, Қараөткелге Сәкенімді оқуға апарып тастап қайтайын, деп едім. Қарыс жер ғой, келісімен үйіріне қосайын», – деді. Қолы қысқа адам қорқақ, біреуге ісі түскенде өте жалтақ болады. Қолы ұзын кісінің қас-қабағына қарағыш келеді. Ағайын-туысқан, – деп сеніп барғанда тілегін орындаудың орнына болыс Кәкен қибыжықтап отырған інісі Сейфулланы тәлкек қылды. Екі иығынан демін алып, шекесі торсықтай, майға әбден піскен болыс оң жағында отырған Еркек-сарыға қарап:

– Бәріміз бірдей тойшы болсақ не оңамыз? Көрпені осы бойға шақтап жамылған жақсы ғой деймін... – деп келемеждей сөйлеп, бір тежеп өтті де, енді Сейфуллаға қырындай бұрылып, – бар болса аямас та едім-ау, кеше Петрамборға Ақай жүрді... Пәуескеге алмалап жекпесе сонау Қызылжарға дейін, отарбаға мінгенше үш ат апара ала ма? Алты атпен кетті, көздерің көрді ғой, мені сынайсыңдар ма? – деп жайын айтқан кісіше мақта білтелеп, Кәкен інісін шығарып салуға тырысты.

– Кәке, сіз жайын айтып отырсыз, шынында өзіңіз кең адам екенсіз, ал осыдан үш жыл бұрын екеуміз бірдей Имамұсадан тал түсте таяқ жегенде бұл шіркіннің туысқандығы қайда қалып еді? Топқа түскен түйе балуан, ат үстінде он кісіге алдырмайтын Сейфулла ғой, мен бір ауыз сөзді артық айтсам осыны арқа тұтып едім, «сенген қойым сен болсаң, күйсегенің құрсын...» деген екен, тап соның кері болды, бұл аузын бұған өгідей үндеместен, сытылып жүре берді, безер баласы Сәкен де сонда қасында болатын. Сондағы көрген қорлығым қияметке дейін есімнен кетер емес, менің басым жарылғанда сіздің де бетіңізге дақ түсіп еді ғой, соны қалай ұмыттыңыз? Бүгін туысқан бола қапты, мен бар болса да бермес едім... – деп Еркек-сары шаптыға сөйледі.

– Ер-еке, сіз аса қатыгез болмасаңызшы, қателесу әркімде де болады, іні тас, аға бор, – деген қайда? – деп Сейфулланы жақтай сөйлеген Мирасбек еді.

Бұл Мирасбек мына болыс Кәкеннің туған інісі, бірақ Сейфулланың нар мінезін, Сәкеннің өр қылығын тәуір көруші еді.

Кеше арыстай ұлы Әбен өліп, Сейфулла мен Жамал күйзеліп, қан жұтып отырғанда бұларға көңіл айтқан, тоқтау салған жан болмады. Сейфулланың үйіне шешек шықандай-ақ ағайынның бірде-бірі төбесін көрсетпеді. Сонда туысқан тұтып, бұлардың басына келген ауыртпалықты бірге көріскен де осы Мирасбек пен Ұйытқыбек болды. Әбеннің сүйегіне түсіп, ақ жуып, арулап, қабырға апарып көмісіп қайтқан да Мирасбек еді.

Бұдан кейін Дүкеннің түйесіне мінгесіп Сәкен Нілдіден келген күні Мирасбек елден бұрын өзі барып амандасты. Әйелі Жұпар да Мирасбектің соңынан ілесе келіп: «Мынау Молдажанға сақтаған бүйрегім еді», – деп Жамалдың алдына бір түйіншекті тастай салып, қайнысы Сәкеннің бетінен сүйген. «Ағаш аяқ» молдадан оқып жүргенде түскен Жұпар Сәкенді «Молдажан» деуші еді.

Үйіне қайтар кезде Мирасбек Сәкеннің бетіне қарады да: – Жаным, сен мына әке, шешеңе тиянақ бол, сен тірі болсаң бәрі түгел, ал Жұпар екеуіміз саған күрең дөненді арнап едік, сол сенің көшке мінетін шығыт атың болсын, – деді.

Сол Мирасбек әлі өзгермеген, адал ниетін білдірді. Кезеңді жерде арашалап алып шыққандай болды.

– Мирасбек, осы сен не оттап отырсың, біреуге басалқы айтқанша, өзің неге бермейсің, – деп Кәкен үлкендігін сатып, төне сұрау қойғанда, Мирасбек ұяласынан қорықпады.

– Кәке-ау, бермедім бе мен? Күрең төбел бесті жаздай Сәкеннің астында жүр ғой, мен оны басымен бердім, бірақ балаң жылқы анау Ақмолаға жеткізе алмай отыр... – дей бергенде:

– Шырағым Мирасбекжан, сен дұрыс айтасың, – деп сөзді әрі шиеленістірмей киіп кетті Битабар, – Кәке, сіз дұрыс айттыңыз, елдің бәрі Кәкен болмайды, Ақайды кеше Петрамборға жібергеніңізді бәріміз де көрдік. Аттарыңыз да азайып қалды, жайын айттыңыз... Бұған кімнің дауы бар? Ал, Еркек-сары, сенікі де жөн, «көңіл кірі айтса кетеді...» – деп тақпақтай жөнелді, өкпе-қалдық туысқан ортасында ғана жарасады... Ал мына Сейфулланыкі де теріс емес, жаяу отырғаны рас, мен білсем мұның баласы орысша оқымай қоймайды. Жамал келін ол баласын оқуға жібермей тоқтамайды, сондықтан екі оттың ортасына түскен Сейфуллажан, қысылып келді,

туысқансырап көмек дәмәтті, мұның не айып-шамы бар? Егер басы артық тұрса берген-ақ жақсы, бірақ жокқа жүйрік жете ме? Біздің малдың да реті болмай отыр, ылғи тұнып тұрған ат-айғырды қазір ұстап мініп, «қызылмай» қылудың да қисыны жоқ-ақ, – деп бәрін бірдей мақұлдап, риза қылып, суын таба сөйлеген Битабар, өзінің де ешнәрсе бере алмайтынын жеткізе аңғартты.

Көп ауыз бірікті де, бір ауызға құм құйылды. Сейфулла булығып қап-қара болып кетті. Сол үйден қалай шығарын біле алмады. Орнынан әрең тұрды.

Ілгері басқан аяғы кейін кетіп, үйіне азар жетті, үндеместен қисайып жатып қалды да, Сейфулла күн бата оянды. Күндізгі көрген қорлығы есінен кетер емес. Жамал екеуінің арасындағы әлгіде болған қыңыр әңгіме сол сергелдеңнің аяғы еді.

Сейфулла болыс Кәкеннің ауылынан өрт сөндіргендей болып келгенде, істің мән-жайын Жамал да, Сәкен де айтпай-ақ түсінді. Енді емекситін ешнәрсе жоқ тәрізді. Шешінген судан тайынбайды...

Кәкен ауылының сыртында «Жезмойын» арқандаулы тұр. Есік пен төрдей шабдар ат шиыршық атады. Кәкен болыс оны жылқыға жібермей жаратып жүр. Қар түссе қасқыр кумақ! Екі көзі баданадай, жалы керегедей, сымпыс құйрық, арты талтақ, алды шалқақ, омыраулы шабдар, нағыз бота тірсек, бөкен қабақтың өзі! Қой мойынды, қоян жақ, шаужайын қақтырмай сырғитын, әлекедей жаланып, бүктетіліп ататын жел жетпес сайдақ қой! Шіркін-ай, осындай сәйгүлік тақымына тисе ертегіде айтылатын «Көкбикеш» пен «Бозойнақты» Сәкен шүйіншісіне де алмас еді-ау!

Үш аяғы шідерлі, жал, құйрығы төгілген Әзімханның жарау, текше мескүреңі сылти басып, Жезмойынның жанына барды. Байлауда зерігіп тұрған күйлі шабдар басын көтеріп, құлағын селтитіп, Мескүреңге одырая қарады, оқыранып, айқаса кетті. Аздан соң құйрықтарын қасынысып, құшақтаса бастады. Саяқтың ішінде көптен бірге жүрген үйірсек аттар бірін бірі жатырқамады. Байдың Жезмойыны да, кедейдің Мескүреңі де семіз, сергек еді.

Сәкеннің ауылда ойнап жүретін құрдасы Әзімхан келіп, екеуі үйдің іргесінде аттарға қызыға қарап, сыбырласып тұр.

– Әзімхан-ау, Сәден мен Матай саған сәлем айтты, ал ауылда сенерім апам мен екеуің...

– Ойыңды түсіндім, Сәкен, мен қолымнан келгенін аямаймын, өзіндей көр...

Екі баланың осы әңгімесін Жамал естіп қалды. «Сенімін» артқан сертті сөз, әлденеге беттеудің белгісін бергендей.

Қожатайдың Әзімханы өз үйіне қарай жөнеле бергенде, Сәкен естірте сөйледі. «Әй, Әзімхан, бүгін «алтыбақан» тебеміз ғой, артынан «ақ сүйек» те ойнармыз, солай ма?...» деді. «Алтыбақанның» да, «ақ сүйектің» де жай емес екенін түсінді Жамал. Мәлік пен Мәжитті ауыл үйден бақан жинауға жұмсады да Сәкенін қасына шақырып алып, Жамал желкесінен искеді.

– Құлыным-ай, сонша неге илікпейсің, осы мінезіңнен қорқам. Әкең мен екеуімізге не істесең де көнерміз, әйтеуір басқа біреулермен арандасып қалма, жаным, ұстамды, тартымды бол... – деп Жамал алыстан орағыта сөйледі. Өз ойын шешесінің біліп тұрғанын сезді де, Сәкен ширай түсті. Анасына сенуші еді.

Дәл осы мезгілде ауылдың сыртында «алтыбақан» құрылып та қалды. Театр, киносы, серуендейтін бау-бақшасы жоқ, сахара жастарының ермегі осы «алтыбақан». Ауылдардың бас қосып, маужырасып қалатын қызу сауық кештерінің желеуі...

«Алтыбақан» тебуді Сәкен мен Жәзира бастады. Нағашылы жиенді қос балапан қатар ұшуға талпынғандай. Жас талдай майысып, мөлдірей қарасып, екеуі екі жағынан қарсыласа келіп, қоспақ арқанға қарама-қарсы шалқалай асылды да, төменірек тартылған арқанға аяқтарын айқастыра тіреп, домбыраның шегіндей созылып, шайқала жөнелді. Шірене теңселіп, екпіндей көтерілгенде екеуі қанат бітіп көкке өрлегендей сезінді. Міне осы кезде жүрегі өректіген жас Сәкен ән шырқады.

Ей, қалқа, жақындығың жандай еді-ау,
Құрбының өзім көрген маңдайы еді-ау... –

деп «Ахау Семейді» тамылжытқанда Жәзира да қосыла көтерді.

Даланы жаңғыртып, еңсені көтерген дыбыс ырғағын үзбей соза берді.

Мен неге ұмытайын сәулем, сені,
Сүймеймін алыстауға бір-екі елі,
Су құйса сөнбейтұғын от жанғанда,
Жүрекке жанның іздеп тапқан емі... –

деп ынтыққан екі жас үмітті ойларын өлеңмен жеткізді. Кешкі самалдың лебімен шайқалып, сыбдыраған жапырақ, сылдырап аққан су, сұңқылдаған ән, сылқылдап күліскен әзіл-қалжың – бәрі ұласып, кең даланы көңіл күшінің ырғағымен теңселте тербетіп тұрғандай.

Алыс ауылдың бозбалалары да, еті тірі жылқышылары да жиналды. «Алтыбақанға» келудің сөкеттігі жоқ. Ауылдың бір бейғам кезі. Қотанға қасқыр шаппайды. Үлкендер қаннен-қаперсіз ұйқыға кетеді. Ауылды «алтыбақан» күзетеді.

Қыз-келіншек, сылқылдаған бозбалалар алтыбақанда әуреге түсті. Жас балаларға кезек тимей, «ақ сүйек» ойнап жүр.

Басында «Алтыбақан» құрып, ойынға мұрындық болған Сәкен мен Жәзира қалың топтан ығысып кетті. Шеттен келген бозбалаларға орнын берсе керек, қонақ қой...

Тоғай сылдыр ете қалды, шошынған лақтай Жәзира жалт карағанда Сәкен де құшағын жазып жіберді. Жезмойынды жетектеп, Мескүреңін ентелей аяңдатып Әзімхан жетіп келді.

– Ал, Сәкен, апаң мені өзі шығарып салды, «Жорытқанда жолы болсын... аялдамасын...» – деді, жүр кетелік, – деп асықтыра бастады.

Көптен құмартып, арман еткен Жезмойынның үстіне қарғып мінген Сәкеннің төбесі көкке жеткендей болды.

– Қош болыңыз, аға!.. – деп Жәзира дірілдеп шыққан дыбысы жүрегін лоблытып, Сәкеннің әлгі қуанышы серпіле түсті. Тәжірибесіз жастардың айрылысар сәттегі жан құбылысы беттеріне шықты, ай сәулесі ашық көрсетіп ұялтқандай да болды. Жәзира төмен қарағанда Жезмойын бұрыла тартты...

Өткелден өтіп, ұзап бара жатқан екі жолаушының артынан телміре қарап тұрды да: «Жолың болсын, жолың болсын,!..»

– деп күбірледі Жәзира.

ХІІ

Ақай тақымына басқан жүйрік шабдар үшті-күйлі жоқ. Қасқыр жегені, ұры алғаны белгісіз Сахарада шашырап, жайылып жүрген саяқтың арасын да сүзіп шықты, тоғай ішін де тінтті. Жезмойын шабдар қолды болса керек.

«Жезмойын» сұраусыз кетпеді. Кәкен болыс ертеңіне-ақ іздетті. Ауылды ақтарып сұрастыра келе, ақыры індетті.

Ана бір түні жұрт «алтыбақаның» қызығына түскенде, Қожатайдың Әзімханы мен Сейфулланың Сәкені сытылып

«ақ сүйек» ойнауға кетті. Сол кеткеннен мол кетті, қайтып көрінбеді. Издеген жан болмады. Олардың жөнін Жамал мен Жәзирадан басқа ешкім білмеді.

«Жезмойынға» алыстан ұры келген жоқ, қасқыр жеген жоқ оны ұрлаған белгілі баукеспе Ұйтқыбек, ал шығарып берген Сейфулла, оның қаны қарайып жүр...» десті.

Кәкен болыс дереу «піртокол» жасап, оязға кісі шаптырар еді, тілмашы бар болғыр Петроградта. Ол қазір Ақайдың күтушісі, бұрын үйден шықпаған байдың баласына шет жерде басшы болмақ. Пәлеге не кезікпейді десеңші!..

Болыстың басына қара күн туды, толғана бастады. «Не істеу керек? Ұйтқыбек пен Сейфулланы жер аудару керек. Қырсықтың басы осы екеуі. Екеуінің де малын шауып алып, торсығын жетім босағаға ілу керек. Матай мен Сәденді де құр тастауға болмайды! Зақұншіктері солар! Ол екеуі аман қалса тек жатпайды! Арамға жеріген өңкей кезепке тыйым салмаса, тамырын қиып тастамаса, олар тұра бара не оңдырады? Жаланы соларға көбірек жауып, құйрықтарына шала байлап, зобалаң тудыру керек! Жанын қоярға жер таппасын! Әйтпесе атбекеттік жасап, іріткі тудырады. Мына Сейфулланың безер баласы тумай жатып бір жесірлік «Жезмойынды» ұрықсатсыз ұстап мініп кетіп отыр, басынғандық емес пе? Шағына жеткенде, көсегені көгертер ме ол? Жоқ, тез қимылдау керек», – деп бойын бір тежеп қойды Кәкен, – «Ақмоладағы ояздың тілмашы Шәймерденге кісі жіберсе қайтер ед»? Болмайды, ол Сейфулламен ауыз жаласқан дос. Оның үстіне ана жылы келгенде оған бір аттың терін аяп бермей қалған. Ақымақ болды. Ісі түсетін адам – ояздың тілмашы ғой! Бермегені былай тұрсын, қара басып, Бөрші Төтенбай ақынның сөзін тақпақтай айтып, өзін әбден келемеждесе керек. Оны ұмытар ма Шәймерден?

Былтыр ояздың алдында өзін мына Төребекке жеңіп берді. «Ояздың бұйрығы осылай, мына Төребек мырзаның малын беріңіз, Кәке, сіз ренжімеңіз», – деп ұры итше жылмандады-ау! Артынан өзіңіз айтпақшы:

Орнында былғарының сірі қалды,
Таусылып уақ ақша, ірі қалды,
Егіздің «ал», бер» – деген екі ағайын,
«Алы» өліп, «бер» – дегені тірі қалды. –

ғой, беріңіз Төрекеңе», – деп сұрланған-ды. Өзінің айтқан сөзін ұмытып кеткен екен, сонда ғана есіне түсті. Ояздың беті де

сүйкыл көрінді. Болмайды, Шәймерден жібімес! Енді не лаж бар? – деп неше алуан ойға шомып, сасқалақтады Кәкен. «Ояз оңай емес, оның тілмашы Шәймерден де оңай ма? Ендеше, сол Шәймердендей досы, Сәкендей оқып жүрген баласы бар, осы Сейфулла да оп-оңай көне қояр ма?» – деп толғатты. «Қиын, қиын іс!» – дей берді.

Алғашқыда төңіректі сүзіп үш-төрт күн өтті, артынан әлгі толғақпен бес-алты күн өтті. Сөйтіп «Жезмойын» жоғалғалы он шақты күн болып қалды. Сайып келгенде, билердің кесігіне тоқырады. Билерді шақыртты.

«Жезмойынның» лаңы сахараға тарады. «Ел құлағы елу» – тоғыз болыс Тоқа былай тұрсын, он екі болыс Алтайға жайылды. Алтай Құлжанның Имамұсасы естігенде «шоқ-шоқ, бола түссін», – деді ішінен.

Ұйтқыбек Сейфулланың сәлемін айтқанда, Имамұса жылы ұшырай жымиды. Жоғалған «Жезмойын» табылды ғой, мен Кәкеннен сүйінші сұрайын, Әзімхан екеуіңіз кейін келерсіздер», – деді де асығыс атқа қонды. Жақын отырған Еркек-сары мен Битабар, Төребектер де келіп қалған екен. Көлденең қонақ Имамұса да дер кезінде жетті.

Тобыр көбейе бастады. Сегіз қанат ақ орда иіндеген сабадай аузы-мұрнынан шықты. Біреудің біреу аңысын андып отыр. Көсемдік істеп алға ешкім бұрын түскісі келмеді. Уақиғаны бәрі де анық біледі. «Жезмойын» шабдар қолды болған. Қожатай қарттың жалғыз аты – мескүреңді ешкім іздеген жоқ. Болыстың аты ізделіп жатыр. Тек бүгін таңертең Сейфуллаға келіп Қожатай азырақ қыңқылдаған-ды. «Қысты күні аяғымды артатын жалғыз атым еді, Әзімхан балалық қылып, Сәкенге еріп Қараөткел кетіп қалса не болады?.. – деп далбастап отырды да: «Егер Жезмойын мен Мескүреңді олар сатып жіберсе не істейміз?..» деді.

– Не қыларымды білмей өзім сандалып отырғанда, басымды қатырмаңызшы, – деді де Сейфулла жауатын бұлтша түнерді. «Енді ұры атанғаным ба?» – деп қынжылды. Жүрегі күпті, көңлі ұйқы-тұйқы. Ығы-жығын білдірмейтін, қанын ішіне тартқан қара сұр Битабардың кешегі сөзі анау! Болыс Кәкен болса да аямайды. Ертегіде келетін «тоғыз тоңқылдақтан» да ақымақ Еркек-сары «ұзын сойыл ұрда-жық». Өз көмейін ғана біледі. Менің көзім жоғалса жері кеңиді. Төребек Кәкенді жек көреді, алайда тайғанақ адам. «Ақылдың дұшпандығы жоқ» деуші еді-ау, тегі, сол Бәтиманың сөзі рас та болар. Ендеше осы жолы қолының ұшын берсе, Имамұса берер. «Ерден иман

құтылмайды... ер еді ол...» деген ұйғарымға келді де Сейфулла астыртын Ұйтқыбекті Имамұсаға жіберді.

Міне, бұл жиынға Құтжанның Имамұсасы осылай келіп кездесті.

Сөзді тағы Еркек-сары бастады:

«Пәленше пәлен деген екен, түгенше түген деген екен», – деп мәтелдеп, жаттанды сөздерін үйіп-төгіп айтып келді де, «тоқ етерін» шорт кесті: «Болыстың атын ұрлағаны үшін Сейфулла бір бұзаулы сиыр айып тартсын. Өз ағасының атын ұрлағаны үшін күрең бестіні әкеп белдеуге өз қолымен байласын да, Кәкеннің аяғына жығылсын!» – деп шұбырта жөнелгенде Мирасбек мырс етіп күліп жіберді. Бұл күлкі емес, астарлы кекесіннің ысқаяқ лебі еді.

– Бір тойда екі жар жоқ деуші еді, бұл қалай Ер-еке, сіз неше айып салып отырсыз? – деп сұрақ қойды.

– Құттан қу шықса оңбайды, заты Мұстапаның орны не болып барады осы? Сен кімнің намысын жыртып отырсың? Ағаң Кәкеннің бе, жоқ елден шыққан Сейфулланың ба? – деп деміге сөйледі. Сөзін төрелеткендей, бет-аузын жыбырлатып, басқаларға жалтақ-жалтақ қарады.

– Менің сөзім қате болса Битекем айтар, туысқан арасындағы әңгімені аса арандата бермелікші..., – деп Мирасбек төмен карап түнере қалды.

Битабар Кәкенге бір, Төребекке бір зер сала қарады да, қалтасынан шақшасын алды. Көгілдір мүйіз шақша екен, етігінің ұлтанына тықылдата қағып, алақанын толтырып, ерні мен тісінің арасына апарып құя салды. Шырт түкіріп жіберді де, бөгде қонақ Имамұсаға бұрылды:

– Имамұсажан, сенен жасыратын еш нәрсе жоқ, үнемі ауыл аралас, қой қоралас отырамыз, өзінде естіп жатқан шығарсың, мына Кәкеннің Жезмойыны жоғалып отыр, бала балалық қылып әлгі Сейфулланың Сәкені Қараөткелге сұраусыз мініп кетіпті. Соның әңгімесі еді. «Қырықтың бірі қыдыр» ғой, көлденең көк аттысың, осының билігін сен айтсаң қайтеді?

– деді.

Кәкен жақтырмады, Төребек бетін білдірмеді. Жұрт жым-жырт. Осындай ауыр жағдайда жымиған Имамұсаның өңінде әрнәрсенің ізі бар еді.

– Жезмойынның шүйіншісін алғалы келдім, – деп бастады Имамұса, – Кәке, атыңыз аман, мініп кеткен балаңыз Қараөткелдегі ояздың тілмашы Шәймерденге барып түсіпті де, Әзімханнан қайырып жіберіпті. Кеше жолшыбай

«Жезмойынды» жетектеп Әзімхан біздікіне келді. Жарау Жезмойын шекесінен қарайды. Түгі де кеткен жоқ, – деді.

Кәкеннің қабағы азырақ ашылып, жадырап сала берді.

«Жесірлік ат қой, жануар ондайды елемес те еді, бірақ тұнып тұрған күйінде бала міне шауып, аяғын кетіргесе болғаны», деп ойлады ішінен.

– Аттың көзі келген соң әңгіме бітті ғой, – деді Мирасбек.

Екі адамның арасына от салмаса көңілі көншімейтін Төребек әңгіменің «қой босынға» айналғанын сезіп қарая түсті. Сөніп бара жатқан қоламтаны қалай қоздатудың ретін таба алмай отыр. Туысқан арасы бүтінделуге айналып барады. Мирасбек дәнекер болды, тізгінді жастардың-ақ алып кеткені ме, бұл қалай? – деген ойлар қамап, Төребекті буып отыр.

– Әңгіме Жезмойында ма екен? Біз Жезмойынның құнын төлеткелі келгіміз жоқ. Оның құнын төлеуге Сейфулла мен Ұйтқыбектің шашы да шақ келмес, – деп Еркек-сары өзеурей жөнелді.

– Айтқаным айтқан, Сейфулла басынғандығы үшін айыбын төлесін. Кешегі Мұстапаның орнын ешкімге де басындырғым келмейді, мұндайда мақта білтелеудің керегі жоқ, Имамұса! Ара ағайын болсаң дұрысын айт!

Ертең сенің әкеңнің де орнын бірау көкпарға салса қайтер едің? – деп Еркек-сары әріден қозғады.

– Еркек-сарының сөзі бүтіндіктің бітуанасы ғой, – деді Төребек Битабарға қарап, бағанадан бері жарықшақ қай жерден шығар екен деп күтіп отыр еді. Соның жалыны лып етіп көрінгенде, үріп жібергендей болды.

– Жезмойынның көзі келер, келмес, бірақ маған мына Сейфулланың басынғаны батып отыр. Сейфулла басынған соң оған елігіп мені кірме Ұйтқыбек те басынуға айналды. Ел бүйте берсе ертең біреуі төбеме ойнақтар, – деді Кәкен, түсін суытып. – Мұның баласы Нілдіде орысша оқып, шаш қойып шоқынуға айналған. Шүкір, менің Ақайым Петрамборда оқып жүр, сонда да орыс болып, шоқына қоймас, – деп мақтана сөйледі болыс Кәкен.

Имамұса сөздің төркінін түсінді, алайда бұлардың түгел болуын көздемеді. Өзінің бір есебі бар еді, соны күтіп үндемей қалды. Оңайлықпен Сейфулланың айып төлемейтінін сездірді де, атанып жүріп кетті. Ол шоқ тастады. Ағайын арасы ащы болса, ертең екі жағы да өзіне төрелетбек, соны қарауылдады.

Билер Сейфулла мен Ұйтқыбекті айыптады. Сыртынан Сәден мен Матайдың да сазайын берді. Алтыбақан алауыздық

женді. Әңгіме бір арнаға құйылмады. Ағайын арасы ажырауға бет алды. Лаң «Жезмойыннан» басталды.

XIII

Жезмойын жарау, әлекедей жаланып, ауыздығымен алысады. Төрт аяғын билей басады. Арты желіп, алды аяндап, екілене ырғып келеді, тайпалған жорғаға бергісіз нағыз былқыл жүріс осы. Алыстан сағым көтеріп Ақмола бұлдырап көрінгенде Сәкеннің делебесі қозды, тез жеткісі келді де тізгінін қыта ұстап, үзеңгіге аяғын тіреп, сәл көтерілгендей болды. Сергек Жезмойын сезе қалды, құлағын қайшылап, ауыздығын қаршылдата шайнап ала жөнелді. Сар желіске салды. Ала бикасап шапанының делегейленген етігін Сәкен тақымына қысты. Әзімханның мес күреңі шоқытып келеді. Жезмойынның бөкен желісі жердің апшысын қуырды. Еті қыза-қыза барып, құйғыта жөнелді. Тақымын бір жазып алғысы келген Сәкенге сәйгүлік шабдардың бұл қылығы қатты ұнады. Сатырлатып төгіле жөнелгенде қара жолдың шаңы шүйкелене көтеріліп, аспанға шықты. «Шу» дегенде Мескүрең де қалыспады. Екі ат бәсекеге түсіп, желе жөнелді. Мескүрең ұшқыр еді. Бусанып бойын жазған шабдар көсіліп тартты да Сәкен енді ұзап кетті. Барып-барып көлденендеп атой берді, тоқтап Әзімханды тосып алды. Бұлар ауылдан шыққалы араға екі қонған, бүгін үшінші қоналқасы, өктеп келеді.

Жұрттың «Қараөткелге кетіпті, Дуаннан келіпті», – деп күпілдеп, аузын толтыра сөйлейтін «Қараөткелі» – осы Ақмола. Бұрын Сәкен бұл сөзді естігенде «шамасы жердің түбі-ау», – деп топшылайтын еді. Өзінің талай арман еткен қаласы – бұрын құлағы естігенді, енді көзі көрді. Әзімхан Сейфуллаға еріп былтыр да келіп қайтқан, бұрыннан таныс болатын.

Айналасы қоқырсыған күркешік, төрт қанат жұлым-жұлым лашықтар қаптай қонған Нілді сияқты емес. Аспанмен тілдескен ақ күмбезді шіркеулері күмістей жарқырап күнге шағылысады, сүйір мұнаралы айшық орнатқан көк мешіттері де мойындарын созып тұр. Даңғырай қағылып жатқан қоңыраулар, айғайлап азан шақырған мәзіндер, қым-қуыт, даңғаз жаңа дүниенің белгісін берді. Анадайдан көрінген жел диірмен – шыр көбелек айналып, қанатын қағудан талмайды, қолын бұлғап шақырып тұрғандай.

Есіл өзенінің жиігіне салынған шағын қала – мына Ақмола жаңа келе жатқан Сәкеннің көзіне осылай көрінді. Ол жатырқай да, таңырқай да қарап келеді.

XIV

– Бәтен-ау, мынаны қара! Қандай үлкен жігіт болған! Нілдінің оқуын мақтау қағазбен бітіріп, Ақмолаға оқуға келіпті. О, қаптесерім-ау! Балаңның аяқ алысы нәш, әлгі болыс Кәкеннің Жезмойын атын рұқсатсыз ұстап мініп, қашып келіпті. Дұрыс істеген, ағайындыкі ұрлық болмайды. Берсе қолынан, бермесе жолынан, – деп өз үйіне даурыға сөйлеп келген тілмаш Шәймерден еді.

– Ойпырым-ау, мынау ана жылы қарғадай болып, Сейфулла екеуіміздің ортамызда отыратын Сәдуақас ғой, дардай жігіт болғанын қара! – деп Сәкеннің маңдайынан сүйді Бәтен.

Баяғы құлақасқа атты Бәтима осы Бәтен.

Атастырған күйеуі Боздақты менсінбей, оң жақта көп отырып орнын тапқан қыз. Шәймерден екеуі сүйісіп қосылды. Қалтқысыз жақсы көретін Шәймерден «Бәтенім» – дейді.

Алғаш Бәтима Шәймерденмен қашып кеткенде, елде үлкен дырду туды. Ақыры, ояздың тілмашынан қаймығып Ақбура жым болды. Берген қалыңмалдың сілекейін ғана алып жіңішкелеп бітісті.

– Шәке-ау, қыз күнімде осы Сәдуақас мендей балаңыз бар ма? – деп сұраған-ды. Сонда жаман қысылдым. Саған тиуімді тездеткен балаңыз осы болады, бұған алғыс айтуыңыз керек! Әйтпесе, бәлем сені біраз зарықтыратын едім ғой! – деп Бәтен сылқ-сылқ күлді.

– Я, зарықтыратын едің! Сейфулла екеуіміз түнде ауылыңның сыртына барғанда үйден жүгіріп шыққан сен емей кім еді? Ертең кетейік дегенде болмастан бүгін жүрелік деп асықтырған кім еді? Сол тап сен болатынсың! Қара, енді мұның мақтануын? – деп шабытты қалжыңмен қытықтай сөйледі. – Бәтен-ау бұл енді Сәдуақас емес, мұның аты Сәкен. Біз оқытамыз, ержетіп кісі болғанда, екеуіміздің аузымыз аққа тиеді әлі, – деп шын қуанып төгіле сөйледі Шәймерден.

Шәймерден мен Бәтен қосылғалы сегіз-тоғыз жылдай болып қалса да, балалары жоқ еді, достарының баласы – Сәкен келгенде, олар өздерінің баласы келгендей қауқалақтап қуанып қалды.

Шәймерденнің жұқа еріндері жыбырлап, кемиегі жиі қозғалып, үлкен ала көздері ойнақтап, қара сұр өңіне қан

жүгіртіп, әдеттегісінше жеделдете сөйлеп жүр. Осы кезде оның дудыраған қара шашы көңіл күйінің әуеніне еріп билеп тұрғандай.

– Жаным Бәтен, – деп оған жалт қарағанда өз әйелі өзіне бұрынғыдан да нұрлы көрінді. Сүйкімді, тығыншықтай, шаршы денесінен аздап діріл білінеді. Бүйрек бетті, қыр мұрынды, жіңішке қара қасты өңінен әдеттегі салмақтылық лебі соғады, қан жүгіріп қызыл шырайлы қалыпқа келгендей, мөлдіреген қара көздерімен Сәкенге мейірлене қарап қалыпты.

– Осы Бәтенге ақыл, сабыр, көрік, үшеуін бірдей беріп, бір «шикі өкпеден» қысуы құдайдың білмегендігі ғой, – деуші еді Рақымжан адвокат.

– Сіз келініңізге ғашықсыз ғой, сірә, – деп әйелі Зылиха бұртаңдайтын. Үйдегі аяқ-табаққа жан бітіп, салдыр-күлдір ете қалатын.

Ақмолаға бір қонып, Әзімхан екі атпен елге суыт қайтты. Асықтырған Сәкен еді. «Жезмойынды сатып жіберейік, Кәкен білгенін қылсын», – деп Шәймерден оязға арқасын сүйеп, өзінің беделін де аңғартты. Ол сөзге Сәкеннің көңісі келмеді. «Әкейдің мазасы кетеді, туысқан ортасы бүлінеді ғой», – деді. Сәкеннің бұл сөзін Бәтима қуаттады, ауыл арасында қандай жанжалдың болып жатқанын көріп отырғандай суреттеді, Шәймерден де екеуінен аса алмады.

1910 жылы 1 сентябрь күні Ақмоладағы қалалық мектепке Сәкенді Шәймерден өзі ертіп апарды. Сәкен 1894 жылы 10 сентябрьде туған екен. Жасы он алтыда. Жылы жылан. Кедей Сейфулланың баласы. Бәле осы арадан басталды. Кедей баласын мектепке алуға заң жоқ, үстірт қимыл, жеңіл мінезден Шәймерден де жапа шекті. Екі-үш күндей сергелденге түсіп, тамыр-танысын пайдалануға кірісті. Ақырында Сәкен орта ауқатты кісінің баласы, Кәкен болыстың туған інісі болып шықты. Оқығандығы үшін мектепке төлейтін ақшаны ояздың тілмаші өз міндетіне алды, сөйтіп өліп-талып әйтеуір 8 сентябрьде Сәкен барып кейінгі партадан орын алды.

Есейгенде оқыған Сәкен орысша жатық сөйлей алмай жүр. Қою қара мұртының төңірегін темекі түтіні шалған, қасы түксіп тұратын, күрең көз Токарев Иван Федорович орыс тілінен сабақ береді. Зерек Сәкенді ол жақсы көреді. Өттең не керек? Екі әріп Сәкеннің зықысын шығарып жүр: «ь» (мягкий знак), «ъ» (твердый знак) міне осы екеуі. Орыс кітабын оқығанда т-әрпін жұмсартып айту Сәкеннің ырқына көнбеді. «Ыспать» пен «Спят» деген сөздерді айыра алмай дағдарды. Сәкеннің тілін «сындыру» үшін Токарев амал қолданды: «үйіңе

барғанда ылғи даусынды шығарып оқы, сонда жаттығасың, тіл үйренесін», – деді.

Сәкен таңырқап жүрді. «Ағаш аяқ» молдадан үш жыл оқыды, ылғи айғайлаумен болды, түк береке таппады. Хатты зорға таныды. Нілдіде үш жыл дыбысын шығармады. «Жақсы оқыды» деген мақтау қағаз алды. Енді Ақмолада дауыстап оқы дейді, бұл қалай? Бірақ кластың ішінде сабақ үстінде айғайлау мұнда да жоқ. Тілдің жаттығуы үшін дауыстап оқу керек екенін Сәкен бірте-бірте түсінді. Тығыршықтай қара сұр бала өзімен бірге оқиды. Бұтында жұқа тігін шалбар, үстінде қоңыр пенжек, аяғында бұзаубас саптама етік, басында қара топ-тақиясы бар Бәкен Серікпаев еді. Екеуі қатар отырады. Орысшаға Сәкеннен ол жегіктеу, Ақмолаға бұрынырақ келген екен.

Балалардың алдында ат жақты, қой көз, безеу бет, басын тұқыртып, кісіге кегіжие қарайтын тарғыл бала отыр. Бұл Елубай Жолаев. Орысшаға судай, жастайынан оқыған болса керек.

Көшеде жүріп, Кубрин дүкенінің алдында «Алтыбармақпен» танысты. Бұл «Алтыбармақтың» әкесі Мүсәпір Асылбеков – Кубрин байдың піркәншігі. «Алтыбармақ» – Абдолла Асылбеков еді. Қалада көптен бері жүрген бала, приходская школының төрт класын бітірді, әрі қарай оқуға шамасы келмеді, қаражаты жоқ, көше таптап жүр.

Осы жаңа кездескендердің ішінен Сәкеннің өзіне таңдап алғаны Бәкен Серікпаев пен Абдолла Асылбеков болды. Бұл үшеуі ылғи бірге жүреді. Сөздері де, ойлары да үйлесе кетті. «Шықсақ төбеміз, түссек шұқырымыз бір болсын» десті.

Елубай Жолаев бұлардың киімін келемеждеді, қағытып мазақтай берді. Оның әкесі бай, тұқымы шонжар, жүрісі кердең – марқасқа текедей еді. Келісе алмады. Арасы ел көшкендей алыс.

Бір күні сабақ үстінде Сәкен тұтығып қалды, Елубай оны «тұтықпа» деп мазақтады. «Мир божийді» оқығанда Сәкен тілі келмегендей, «Боже, царя храни!¹» деген сөзді қасақана бұзып айтты. «Боже сарэ хорони!» деді. Балалар ду күлді, учитель Токарев қабағын түйді, түзетіп айтқызбақ болды. Сәкен бетінен танбады, бедірейіп тұрып қалды. «Ержетіп оқыған елдің балалары жаңа үйреткен асаудай бұлқынады ғой», – деп түйді Токарев.

¹Құдай-ау, патшаны сақтай көр” – деудің орнына, – “Құдай-ау, патшаны көрге көмсейші!” дей берді.

Сенбі күні бір жұмыспен Рахымжан «Майбалыққа» бармақ болды. Қараөткелден өтіп, Есілді жоғары өрлей жүрді. Кіршінің кара суының жағасына бір ақ үй, бір қараша үй тігіліп қапты. Сыртында матаулы ер-тоқымды аттар. Рахымжан Дүйсембаев біле кету үшін әдейі бұрылды.

Ақ үйдің іші иін тірескен адам, ел кісілері. Топтың оң жақ шетінде отырған Сейфулла жылы амандасып, Рахымжанға өз қасынан орын берді. Басқа жұрт та иек көтерісіп, амандық білісті. Үндеспей азырақ аңырды.

– Ақыл жастан, асыл тастан шығады ғой, – деп сөзді Бижан бастады, бұл кісі төтенше съездің төрағасы. Өзінің оң жағында отырған Әлсен мен Жомартқа қарап: – Мына Сейфуллажан кеше маған бір ой салды. «Биже-еке, осы сіз не ойлап жүрсіз?

– деді. – Сәтукеден кейін Қараөткелде шерушнай¹ съяз болады, бұған Ақмола оязына қарайтын қырық сегіз болыс ел жиналады, жат-жаладан кісі келеді, осы съездің бастығы сіз ғой, ендеше өзіміз Алтай, Тоқа болып ынтымақпен бас қосып барғанымыз дұрыс емес пе? Мына Алтайдың Имамұсасы мен біздің Төребек арасында жесір дауы бар, Кәкен мен Еркек-сары болыстыққа таласып жүр, сіз ана ойдағы Тоқаның сүбесі Әлсен ақсақалды ала отырып, осыларды татуластырып жіберсеңіз қайтер еді? – деді. – «Аталы сөзге арсыз таласады», мен жеңілдім, міне бәріміздің бүгін бас қосып отырғанымыз осы еді – деп Бижан ақсақал сөзін аяқтады.

«Шіркін-ай, ақылдыны тапқан-ақ екенсің! Оқыған баласы бар, өзі ояздың тілмашымен дос, «Сейфулланы мақтауың үйлесіп-ақ тұр! Сірә, бір бұқпантайың бар-ау!» – деп ойлады Төребек. Тамағын кеней жөтеліп, ұмтыла түкіріп жіберді.

Сейфулланың оң жағында оқыған баласы Сәкен, сол жағында мына соттың адвокаты Рахымжан отыр. Бұл үшеуі қатар түзегенде қала мен ауыл ынтымаққа келіп, осы топта табысқандай сұсты көрінді.

Сонда Әлсен қолындағы қымызын сіміре бір жұтып, сырлы аяқты алдына қойды да:

– Олай болса, бетің дұрыс екен, Бижан. Сейфулла қарағым, Көсегең көгеріп, көрпең ұлғайсың. Рас айтады, ырыстың тетігі ынтымақта, тегі, татулық жақсы. Менің айтарым... – дегенде, тамағына бірдеме тұрып қалған кісіше қақалып жөткіріп

¹Төтенше - чрезвычайный.

жіберді, шоқша сақалы шошаң ете түсті. Әлсен сөзге доғал, келте қайыратын, отқа тірі балапан үйіткендей ететін алқым ашуы бар адам, бірақ аз сөйлеп, тауып айтатын, елге сөзі қадірлі, бетті кісі еді. – Я, менің айтарым сол, жер өмірден бастап, кінәләсіп жатудың керегі жоқ. «Токсан сөздің түйіні бір ...» дегендей жасы кіші кісі үлкеннің барып қолын ұстасын, сонымен араздық бітсін – деп сөзін бір-ақ тұжырды.

Әлсен сөзін бітіргенде, Имамұса орнынан ұшып тұрды да, барып Төребектің қолын ұстады.

Сонда Төребек жылан шағып алғандай шімірігіп:

– Әй, Әлсе-еке-ай, менің дымымды құрттыңыз ғой, айтатын сөзімді айттырмадыңыз-ау, «өзім асыраған лағым өзіме текешік шығып ...» кеше ашамайға мінгізіп, қалындығын өзім айттырып әперген жетім Имамұса бүгін мені бас салды ғой... – деп өртене булықты долы Төребек. Сөзін аяқтай алмай алқынды. Имамұса естімеген кісіше елең қылмады.

Ендігі кезек Еркек-сарыда, Кәкеннің жасы үлкен. Жұрт көзін Еркек-сарыға тікті, ол міз бақпады. Шекесі торсықтай, шикандай, шикіл, жөңкерілген мес Еркек-сары іркіт құйған сабадай еді.

Сонда Битабар түре келіп Еркек-сарының қолтығынан көтермеледі. – Қой, Еркек-сары, тұр, көпшілік күтіп отыр, жын қақты ма сені? Барып Кәкен ағаңның қолын ал! – деп орнынан үш тұрып, үш отырды. Тоң мойын томырық Еркек-сары тебіренбеді. Жалғыз-ақ айтқаны: – Күнде ұсталып жүрген қол ғой, онда не тұр? Мен енді араз болмайын, Кәкеннің үстінен оязға беріп қойған арызым бар еді, соны ертең барып қайырып алайын, сөйтіп араздық «тәммәти тәмам¹» болсын, – деді де, қымызын бір жұтып жіберіп, азырақ тамсанды. «Сөйтіп, араздық бітсін», – деп тойтарып айтуға өзіне өзі сене алмады білем, сондықтан ұзын арқан, кең тұсауға салып, «Ағаш аяқ» молдадан үйренген араптың бұлдыр сөзін айтып « тәммәти тәмам» дей салды.

Дәл осы кезде Сейфулланың даусы шықты. Екі иығы қозғалып, бет-аузы өрт сөндіргендей қап-қара, баяғы жылқышы кейпіне келе қалған екен. Ашынған адам – сөзден, шешінген – судан тайына ма? Шарта жүгініп алып: «Әй Битеке-ай, кешегі әкеміз Мақажанның әруағын қорладыңыз ғой, өлгенше жалбақтап осы арада орныңыздан үш отырып, үш тұрдыңыз, сонша сізге не болды? – деп Битабарды бір бүріп тастады да төңірегіне жалтақтай қарады. Жұрттың бәрі де айызы

¹Бітсін

қанғандай риза, әсіресе сөздің төркінін түсінген Битабар да аса суық емес. Сол жағында отырған сүйеніші он тоғыз жасар Сәкен әкесін жаңа көргендей таңдана қарады. Оң жағындағы Токаның ақсақалдары Бижан мен Әлсен де «сөйлеші» дегендей кескін көрсетті. Енді өжет қимылдау керек, баяғыдан бері бүркеліп келген жалынды осы ұтымды жерде ішінен шығарып, бетін ашқаны жөн сияқты. Осылай түйді де Сейфулла енді Еркек-сарыға төнді.

– Аға тұтып сыйлағанға өлгенше одыраңдай бермеңіз, Кәкеннің қолын ұстамаңызшы, бізде көріп тұрайық, бұл жер Есеннің бойы, аққудықтың басы емес, Ақмоланың қасы. Бөгде ағайындар да бар. Тентектің кеңірдегін суырып алып, қолына беретін де кісі табылады... – деп Сейфулла кіжіне сөйлегенде, Еркек-сары орнынан түрегеліп барып Кәкеннің қолын ұстады. Жұрт жым-жырт бола қалды. Көптен сөзге араласпай, Сәкенмен ғана ишараттап сөйлесіп, жымия күліп отырған Рахымжан Битабарға: «Бәсе, Битеке, сіздің ағалық беделіңізден көрі, Ерекеннің кеңірдегіне мына Сефекеңнің қоқан-лоқысы күштірек тиді ғой, – деді. Жұрт ду күлді.

– Оның рас, Рахымжан, «інісі бардың тынысы бар», мына біздік Еркек-сары ежелден осы інісін сыйлаушы еді, – деп Битабар әңгімені шиеленістірмей жайып-шуа сөйледі. Бұл сөздің ішкі зәрін елдің бәрі түсінді... Ол қаңқуды әрі қарай өршіткісі келмеді ме, кім білсін, енді Кәкен бөліп жіберді.

Еркек-сары келіп өзінің қолын алғанда, Кәкен Әлсенге бетін аударып: «Ай, Әлсеке-ай, «ашамайға мінгізген, қалыңдық ала барғанда күйеу жолдасы болған тәрізді», – емес еді ғой, сөзіміздің кестесі бар еді-ау, кестесі бар еді, ең болмаса соны да айттырмадыңыз...» – деп Кәкен бір толғап өтті. Жаңағы Рахымжан мен Битабар сөзінің уытын қайтарып, Төребекке ұпай сала сөйледі.

Дәл осы арада Кәкеннің сөзіне жауап берместен Әлсен тұрып:

– Еркек-сары шырағым мына Жөкеңнің де қолын ұстай кет, Жөкеңнің қолын ал! – деп Кәкеннің бер жағында отырған сексеннен асқан аппақ шалды мегзеді.

Осы топтағы адамның біреуі қызарып, біреуі сазарып, біреуі шамданып, біреуі дағдарып қалды. Таңырқап та, жабырқап та отырған бар, құбылмаған жан қадау-шабыр. Жалғыз-ақ кескіні өзгермеген, көпті көрген көне, ежелгі шораяқ Жомарт шал. Екі ұрты қушық, ерні жымырылып, ішіне кірген, бет-аузы шалбар-шалбар, кірпігі селдір, қасы қою, сақал-мұрты аппақ Жомарт денесін қимылдатып әбігерленбеді, жансыз бір аруақ тәрізді еді.

– Әлсенжан, – деп бастады сөзін Жомарт, әлден уақыттан кейін. Жұрт жұмған аузын ашпады, үйдің ішіне адамды елегізетін жым-жырттық орнады. – Дұрыс айтасың, Әлсенжан, бірақ Еркексарының да сөзінің қиығы бар, күнде ұсталып жүрген қол ғой, рас-ау, бәсе, онда не тұр? – деп сәл кідірді де: – Осы арада бір әңгіме есіме түсіп кетті, соны айтайыншы, – дегенде Жомарт азырақ жылы ұшырағандай болды. – Баяғыда бала күнім, аттың жалын жаңа тартып мініп жүрген мезгіл, осы Ақмола қаласының алғашқы орнаған кезі-ау, сірә. Біздің ата онда өспеген еді, екі-үш-ақ ауыл болатынбыз. Сол сүттей ұйып отырған ынтымақты аз ру бір жылы алтыбақан ала ауыз болдық та кеттік. Аға айтса іні көнбеді, іні айтса аға көнбеді... осындай бір дырду-данғаза туды да, ағайын арасы быт-шыт болды. Қит етсе Ақмолаға шабамыз, бірімізді біріміз көрсетіп оязға арыз беріп, қағаздастық да жаттық. Оязға бет-бетімізбен пара береміз, оның бет-аузын өзіміз көрмейміз, жеңгеміз тілмаш, биіміз атбекет, солардың аузына қараймыз. Кімнің жеп, кімнің қойып жатқанын білгендей емеспіз. Міне, Әлсенжан, осындай бір заман болды, – деп тебірене сөйледі Жомарт. – Сөйтіп, біздің атаға қараған жастар Ақмолада қағаздасып жатқанда, ауылдағы үлкендер жиналыпты. «Берекелі сүттей ұйып отырған ел едік, осы қандай әрекет аралап тұр? Қойшының таяғынан, келіннің аяғынан елді қырсық шалады» деуші еді ғой, тасаттық шалып, сұрастырып көрелікші» – десіпті. Сонымен не керек, ақсақал, қарасақалы бір төбенің басына жиналып, жерошақ қазып, құдайға бозқасқасын айтып сойыпты да, бірінен бірі сұрастырып қараса, тәңрі тағаланың рәдасымен сол жылы жат жерден келіп біздің елге түскен келіншек те, бейсеубет орныққан қойшы-қолаңшы да болмапты, міне тап сол жылы осы Еркек-сары туған екен... Дүние тұрғанша тұрсын бұл Еркем, шыр етіп жерге түскенде қан уыстап туған Еркежан ғой... Шырағым, Әлсен, бұл Еркек-сары тірі тұрғанда біздің ел тату болады деп ойлама, дүние тұрғанша тұрсын, бұл Еркежан, – деп үнін баяулатып барып, сөзін бітірді де Жомарт тамағын бір кенеп алдындағы қымызын көтерді. Басқалар да ілесе сіміріп жатыр. Бет-аузы тершіп түтіккен күй жер шұқып Еркек-сары отыр...

Етке қарамастан Рахымжан қош айтысып шығып кетті. Ол кісінің артынан Сәкен де ере жөнелді.

Кеш болып кеткен соң, Рахымжан Майбалыққа бармай, қаладағы үйіне беттеді. Жолда келе жатып Жомарттың кім екенін сұрағанда:

Құдайы беру - Діннің ережесі.

– Біздің елде Ұйтқыбек деген бір шал бар, ол бұдан да өткен шешен. Өздері біріне бірі ағайын, заты, шеттен келген – кірме-ау деймін, кейде орынды сөздері де өтпейді. Оның үстіне қолдары да қысқа, кедейлік жаман ғой, – деп мұңайды Сәкен. Біраз үндемей келе жатты да: – Аға, қалай, мына біздің Жомарттың сөзі сізге ұнады ма? – деді.

– Шіркін-ай, адамның бұлбұлы екен, жасы ұлғайып қалған ғой, – деді Рахымжан.

Ақмолаға жеткенше екеуі етене сөйлесті. Тіс қаққан Рахымжан бала Сәкенді көбірек сөйлетті. Сәкен өзінің білгенін түгел айтып шықты. Кәкен, Битабар, Сейфулла үшеуінің шөбере туыс екенін айта келіп, бұлардың бір біріне қаталдығын, қараспайтынын түсіндірді. Болыстыққа таласудың байлықтан, бақастықтан шыққанын айтты. Төребектің туыстығы алыстау, бірақ о да алты атадан қосылады екен. Имамұсаның түбі Алтай, алыс ағайын, бірақ өте ақылды, әділ, ретті жерінде нар адам деп суреттеп өтті. Кәкен мен Имамұса арасында да кикілжің бар, ол Жезмойын туралы, бірақ бүгін ол әңгімелердің бәрі сөйленбеді, ана Әлсен ақсақал қырағылық жасады. Көлденең сөзге қия бастырмады ғой, – дегенді айтты. Төребек пен Имамұса жесір дауында. Бұдан бірнеше жыл бұрын Төребек ауылынан Алтайға Айша ұзатылған-ды. Ұзатылып бара жатып қыз жолшыбай ағасына еріп Нілдіге қашып кеткен. Сонда исі Алтай болып артынан қуып барғанда, Нілдінің жұмыскерлері түгел бірігіп, Айшаны бермей қалған. Қыздың ағасы да Нілдінің жұмыскері екен. Мұны Сәкен Нілдіде оқып жүргенде естіген еді. Содан бері бұлардың арасы қырғи қабақ. Әлсен мен Бижан олар да Тоқа, бірақ қонысы шалғай, қалаға жақын.

Осы әңгімені түгел естіп болып, қалаға кіре бергенде Рахымжан:

– Теңдік тумай күн көру жоқ, надандық құрымай қазақ оңбайды, – деді. – Шырағым, оқу оқы, оқыған жақсы! Әлгі әкелерің бізді де жақсы көрмейді, бірақ олар айыпты емес, біз айыптымыз, өйткені солардың надандығын пайдаланып, көп құзғынға қосылып, оларды бізде талап отырмыз. Сол құлқын құмарлығымызды жер көктеген сұңғыла Жомарт терең түсінген – ол талайды басынан кешірген ку ғой. Керсендей доғал Еркек-сары әлі байыбына бармаған, – деп кіжіне сөйледі Рахымжан. – Сен біздей болмассың, жаным, біздің оқуымыз шағын ғой, осы есінде болсын. «Оқыған жарық, оқымаған көн-шарық» деп күрсінді, өзінің арманын аңғартты.

Үйіне келіп атынан түсті де:

– Ертең жексенбі ғой, ана әке-шешенді ертіп біздің үйге қонаққа кел. Бұдан бұлай жатырқама, шырағым, өз үйіңдей көр – деді Рахымжан.

XVI

Күн жексенбі. Күзгі сәтукенің кезі. Сауда қызу жүріп жатыр. Қырдың қазақтары малдарын айдап келіп Сәтукеде кенеліп жүр. Сатқан да пайдалы, алғанда пайдалы, сауда сақал сипағанша, жұрттың бәрі де қалың «олжаға» батқан мезгіл.

Қала адамы қырдың адамындай кең болмайды. Базарға қараған жан есеп біледі. Өткен жексенбіде Шәймерден үйінде болған Рахымжан Дүйсембаев осы жексенбіде оны өз үйіне шақырды.

Орысша шаш қойып, тебіндеп келе жатқан қара мұртты, мөлдір көз, ақсұр жігіт Сәкен Сейфуллин. Қисық жағалы көк сәтен көйлек, қара барқыт топ-тақия киген, айналасынан шашы жалбырап тұратын Сәкеннің қасында өзімен бірге жатып, бірге оқитын, сұңғақ мойын қара жігіт Бәкен бар.

Рахымжан сида бойлы, еңкіштеу, ақсары кісі. Иегін қырып тастаған, мұртының ұшы үйітіліп, тұқылданған тәрізді. Ұзын құла шашы шалқасынан қайырылған – бұзау жалағандай.

Қонақтары келіп үй иесі алдынан шығып, сәлемдесіп, шүйіркелесіп жатыр. Бәрі де сыптай болып орысша, ноғайша аралас киінген екен.

Рахымжан қонақтарын алдандырып әңгімеге кіргенде, әйелі Зылиха да Бәтиманы ертіп асүйге кетті. Олар да шүңкілдесіп өз әңгімелерін айтысып жатыр.

– Менің мына көйлегім өзіме ұнамайды, – деді Бәтима қабағын шытып.

– Ана қайнағаңыз әдемі-ақ деп мақтайды, мені жорта алдайды ғой деймін, – деді. Құлпыра сөйлеп, ойнақшып отыр.

– Жоқ, ол кісі неге алдасын, әдемі-ақ, мына бір кеуде желбіршегі әнтек жалпақтау ма, қалай? Қайныңыз істегіп берген менің көк ала жібек көйлегімнің де түсі маған ұнамайды, әсіресе оның бақай желбіршегі – деді Зылиха. Осы жерде Зылиха өзінің әбдіреде жатқан киімдерінің түсі-түгін түгел санап шықты.

Зылиханың ындынын Бәтима жақсы біледі, сондықтан әңгімені осылай бастады. Көйлектерінің түстері ұнамайтынын

сөз қылғанда Зылиха да босқа лаға бермеді. Өзінің байлығын білдіріп жатыр. Күйеуін билейтіні де, соның ішіне кіріп, араласып, жымдасып қалды.

Есіктен екі адам кіріп келді. Әйелдердің әңгімесі үзіліп кетті. Рахымжан орнынан ұшып тұрып сәлем берді. Қолында кішірек гармоны бар көк тұқыл шал кірді, артында кеспелтек шегір көз сары жігіт келе жатыр, оның екі иығына асылған жалпақ былғары – мұнысы «екі рядті» үлкен гармонның тамақ бауы тәрізді. Орындыққа отыра беріп, шағын гармонын шыңғырта созып, көк тұқыл шал қосыла жөнелді.

Атандым Ғазиз ақын бала жастан,
Әнші жоқ Қараөткелде менен асқан-ау!.. Әй,
Жүйрікті жорға мініп жетеледім,
Көңілім қалған емес, шіркін-ай,
Қиғаш қастан, Әй, әй -әй-әй... –

деп созып, жамыратып апарып тоқтады. Қос гармонь қосылып әлі сарнап тұр.

Біраздан кейін сары бала ноғайша әнге ауысты. «Қара орман», «Зәңгәрша», «Қазан сүлгісі» тартылды. Енді бір мезетте татардың «Тәфтиляуі» сарнап кетті. Әлгі шалдың делебесі тағы козды. Гармонға қосылып әндете жөнелді:

Неча иллар бу бинада,
Ялғыз отыра бу бачым,
Бір ічим су, бір тілім екмәк,
Мәнің дүр ачим...¹

– Ноғай күйі күйікті ғой, деді Рахымжан. Тебіріне тындап, гармонға үңіле қарап, шалдың аузына телміріп қалған жас Сәкен де дүниені ұмытып кетіпті. Жағын таянып ыңылдап отыр. «Шіркін-ай домбыраға түсірерме еді?» дейді ішінен. Жолдасының сырын білетін Бәкен ілулі тұрған сырлы домбыраны Сәкенге алып берді. «Енді сен тартып жіберші, әлгі әнді...» дегенде:

– Домбыраны тарта білсең, шырағым, қымсынба, бұл үлкен өнер ғой. Қазақтың қобызы мен домбырасы өзінің төл өнері. Осы екеуін жақсы тартатын қазір адам азайды, әлгі қобызшы Бқылас пен әнші Шақыш болмаса, – деп мұңая сөйледі Рахымжан.

¹Неше жылдай абақтыда жалғыз отыр бұл басым. Бір ұрттам су, бір тілім нан, қорек етер бір басым. (А. Тоқай)

– Қазір жанның бәрі саудаға кірісіп кетті, әуейіленіп ән салу, дүрілдетіп домбыра тарту қалды ғой, – деді Шәймерден. Бағанадан бері зерігіп, әрең шыдап отырған тілмаш өз ойын осылай білдірді.

– Шәй-еке, сіз «ал», «бер» ден басқа дүниеде еш нәрсе бар деп ұқпайсыз-ау, – деп шытынай жымыды Рахымжан, Сәкенге адвокаттың бұл сөзі өте ұнады. Екі үш жыл үйінде жатып, домбыраны жасырын тартып, қысылып жүрген Сәкен: «Қала адамы, сірә, домбыраны түсінбейтін шығар, бұл мәдениетсіз сахарадағы елдің ғана әуесі болар-ау» – деп ойлаушы еді. Міне бүгін қаланың адамы – аузынан жалын шыққан соттың адвокаты Рахымжанның да домбыраны түсініп, оған мән беруі Сәкенді қатты таңырқатты. Өкіл әкесі Шәймерден тілмаш пен Рахымжан адвокатқа кезек қарап, безбендей өлшеп отыр. Домбыраны кесе-көлденең ұстап, шерте түсті де, ноғай балаға:

– Тағы тартыңызшы, – деді Сәкен. Ноғай бала: «Бисәкәйді» безектетті. Бұл күлкілі ән екен, әлгі шал оны қазақшаға бейімдеп, ноғайша араластырып қосылды:

Әптер-тәптер, Бисәкәй,
Әптер-тәптер Бисәкәй,
Сиыр сауып отырғанда,
Сиыр сауып отырғанда,
Нығырақ отыр, Бисәкәй, –

деп декбірі қалмай декектетті.

Тыңдаушы жұрт сергіп қалды. Әсіресе Шәймерденге қатты ұнады. «Сиыр сауып отырғандағысы қызық екен», – деп көзінен жас аққанша күлді.

Мынау шағын гармонь ұстап отырған көк тұқыл шал Ақмоладан асқан әнші – ақын Ғазіз еді. Көптен танысы, іштей жақсы көретін інісі Рахымжанның үйіне ол жиі келетін. Бүгін қымызшы әйел Ақ-Жайқаудың үйінде жатқан Еркек-сары мен Төребек шақыртыпты, соған кетіп бара жатып кірген екен. Осы мән-жәйін айтып, екі тостаған қымыз ішіп, Ғазіз сары баланы ертіп шығып кетті.

– Қазақ байларының оңар қылығы жоқ, тағы арыздасып жатыр ма екен? – деді Рахымжан қобалжып.

– Баяғы сүр дау, бәле болып жабысқан жесір дауы, Жезмойын ат...

– Оның дауы біткен, «Жезмойын» ат үшін Сейфулла мен Ұйтқыбекті айыптағаны рас, бірақ артынан Кәкен болыс уезден қорқып, менен де қаймығып, билердің кескен айыбын ала алмапты, – деді Шәймерден. – Қазіргі жүріп жатқан жесір дауы, жер дауы, болыстыққа таласу...

– Шәй-еке, сіз ескі әңгімені қоздатып отырсыз, ал мен олардың кеше табысқанын көріп едім. Сол жиында осы Сәкенің де болды, – деді Рахымжан. – Татуласқан ойымен еліне қайтып кетпей, Еркек-сары мен Төребектің қалада жатуы тегін емес қой, сірә, – деп күдіктеді.

«Пысық кім деп сұрасаң,
Қалаға шапса дем алмай,
Өтірік арыз көп берсе,
Көргендерден ұялмай..»

деуі шіркін Абайдың осы азғандарды жетік білгендігі-ау, – деді тағы Рахымжан. Өте күйініп тебірене сөйледі. Бет ажары өзгеріп кетті. Сәкен мен Бәкеннің көзі адвокатта. Үстелдің үстінде жатқан Абайдың кітабын Сәкен ақтара бастады. Орнынан тұрып барып Бәкен де үңілді. Екеуіне қарап отырды да Рахымжан жылы шыраймен:

– Шырақтарым, кітапқа көңілдерің шапса ала қойыңдар! Біздің үйде Ыбырай Алтынсариннің «хрестоматиясы» да, орысша жазған Шоқанның кітабы да бар, мына «Айқап» журналы да қызық, бұл мәдениеттен «кенже қалып, «қап» бәлем сені ме?» – деп кижініп жүрген елдің тәубесін есіне түсіріп, көктемнің таяу екенін білдіретін бірінші қарлығаш. Бәрін де оқындар, жыртып тастамаңдар, жоғалтпаңдар, – деді Рахымжан.

Балалар енді Абайдың кітабымен болып кетті де, үлкендер қымыз іше отырып, әңгімелерін жалғады.

Кеше татуласқан «дәулер» бүгін қайта қағаздасты. Еркек-сары мен Кәкен болыстыққа таласып, азғантай елді екі бөліп әкетпек. Бұған қосымша болыс Кәкен Имамұсадан Жезмойын аттың құнын даулайды. Өйткені ана жылы Ақмолаға Сәкенді әкеп тастаған Әзімхан елге қайтқанда, жолшыбай Имамұсаның үйіне түсті. Сонда суыт жүрістен Жезмойынның аяғы кетті. Имамұсаның айыбы үйіне түсіргендігі. Кәкеннің негізгі ойы басқа жақта. Сейфулламен өзі дүрдіараз, ал Имамұса Сейфулланы жақтайды. Осындай бір шытырман уақиға тағы асқына жөнелді. Аяғы насырға шауып оязға да, сотқа да арыз түсті. Осы үргін-сүргінді ояздың тілмашы мен соттың адвокаты да біліп отыр.

– Сенің қалай ойлайтыныңды білмеймін, ал мен болсам осы дау-жанжалды жақсы көрем. Олардың татулығынан маған не пайда? – деді Шәймерден қарқылдай күліп, – Әйтеуір, мына досым Сейфуллаға кесірі тимесе болғаны, – деп көз құйрығын Сәкенге аударды.

Шытқылдана, шымши қараған Сәкеннің назары ту сыртынан өтіп кете жаздады, Шәймерден күлкісін тия қалды. Осы бір нәзік құбылысты сезген Рахымжан енді көсіле сөйледі.

– Я, Шәй-еке, біз өз басымызды ғана ойлаймыз, соны қара қазақтар да біледі екен, олар бізді жек көреді, мен соны кеше естідім, – деді Рахымжан.

– Өз басыңыздың қамы үшін дау-жанжалды тілейтін болсаңыз, онда тілеуіңіз қабыл болмады, дау бітті, – деді Рахымжан жымия күліп. Аузының айналасы күлгендей болды, көзі суық тартты. Айтып отырған сөзіне өзі сенбейтін сияқты.

– Я, не болды? – деп Шәймерден таңырқай сұраған кезде, Зылиха келіп дәмнің даяр болғанын хабарлады. Балбырап піскен қойдың етін жеп сорпа ішті де, Сәкен мен Бәкен қолдарын жуды. Қош айтысып, Абайдың кітабын алып шығып кетті.

– «Бұл балаң маған ұнап жүр, екеуіміз кеше бір жиында бірге болдық, содан бірге қайтып, жақын таныстық, өзі оқуын да жақсы бітіріпті, енді Омбыға жібересің бе, әлде «ақ школға» түсіресің бе? – деді Рахымжан.

– Осы жолы Сейфулла қалтасын қағатын шығар, мен де аянбаспын. Кеше Кіршінің қара суында жатқан әкесіне барып, сөйлесіп те қайтты, бірдемені шешкен болар. Бұл Сәкен өзі өлең жазады, мұғалім болғысы келеді, заты, Омбыдағы семинарияға жіберерміз, – деп Шәймерден ойын асығыс тойтарды да :

– Әлгіде бір сөз айттың ғой, соны түсіндірші, елдің дау-жанжалы аяқ астынан қалай біте қалды? – деп елендеп ежіктей сұрады. Рахымжан қарқылдап күлді де:

– Ойнап айтам, Шәй-еке, Еркек-сарылар тірі тұрғанда дау бітпес, оған қобалжымай-ақ қойыңыз, – деді.

Дау-жанжалдың бітуі тілмаштың соры ғой, Шәймерден ішінен тынып түнере түсті.

Рахымжан ойнаса да ойындағысын айтқан еді. Өйткені ауыл арасындағы аласапыранды жете түсінетін де, алдағы күндерге үңіле қарайтын, шын мағынасындағы адамдарды іздейтін...

XVII

1913 жылдың күзі. Сәкен Омбыға келіп, оқытушылар әзірлейтін семинарияға түскен. Мұқан Әйтбенов деген танысының үйінде тұрады.

Әйтбеновтың үйіне басқа оқушылар да көп келетін, өйткені әйелі Бәгіш өте кішіпейіл, ашық адам еді. Дастарқаны кең, қабағын шытпайды.

Оқып жүрген жігіттердің арасынан Сәкеннің іш тартып, үйір болғаны қара бұжыр Әбіл. Оны Сәкенге өзімен бірге оқитын Жұмабай Нүркеұлы таныстырды.

Бір күні Сәкен Жұмабайды ертіп Әбіл Ертістің жағасындағы орманның ішіне барды. Талма түстің кезі еді. Омбыда оқып жүрген жастар түгел жиналды. Бұл «Бірлік ұйымының» тұңғыш бас қосуы. Жиналысты Әлжанов ашып:

– Ұйымдасу көптен көкей тесті арманымыз еді, сол орындалды. «Бірлік ұйымы» ашылды. Құтты болсын, – деді, азырақ кідірді де: «Қараңғы жатқан қалың бұқараның көзін ашу керек, езілген елді, жауыз патшаға қарсы көтерейік, сөзімізді баспаға басып таратайық, ол үшін баспа машина сатып алайық, – деп Әлжанов ұсыныс енгізді. Бұл Әлжанов бір кезде сүргінге ұшырап Омбыдан қашып кеткен, содан Петроградтағы жұмысшылар арасында болып, жақында ғана қайтып келген жігіт. Шымши қарайтын шүңірек көзі, езуін шытынай жымиғанда бір сәтке көріне қалып, тарап кететін кермек кескіні оның ысылғандығын тілсіз білдіріп тұрғандай.

– Жеті басты жалмауыз тақтан құлап, революция бола қалса, ал оның болуы даусыз ғой, сонда біздің де қарап жатпауымыз керек, қару алып қан майданға шығып, қазақ елінің езілген жарлы-жақыбайларына теңдікті күрес үстінде әпереміз. Бейтарап қалуға ер-азаматтың ұжданы шыдамайды... – дегенде жиналған жұрттың біразы Әлжановқа қарсы өре түргелді. Соның ішінен Жәмелей ақын суырыла сөйледі: – Әлжановтың бұл сорақы пікіріне біз мүлде қарсымыз, орыстың патшасы да, басқасы да бізге керек емес, өзіміз бөлек ел боламыз. Қазақта бай, кедей деген жоқ, сүттей ұйыған ынтымақты елміз. Кенесарының әруағын тірілтпей оңбаймыз... – деді. Алқына сөйлеп, аузынан көбік шашып, зікір салған бақсыдай булығып, өрт сөндіргендей қарая түсті.

– Әу, Жәмелей Жорғабеков, сен саудың асын ішіп, аурудың сөзін қалай сөйлеп тұрсың? – деп шұқшия сұрақ қойған Әбіл Досмағамбетов еді. Жұрт аңыра қалған-ды. – Өзің ойлашы орыстың ақ патшасы мен мына жер ауып жүрген мұжықтар бірдей ме? Қазақтың шонжарлары мен қойшы-қолаңшылары бірдей ме? Кеше Кенесары хан болғанда кімнің көсегесі көгерді? – Әрине, байлардың. Ол кімді өкпеге тепкіледі? – Әрине, кедей сорлыларды. Қазақтың кедейі мен байы баяғыдан

кескілесіп келеді. Оқыған азаматтың мұны көрмеуі сорақылық емес пе? «Көрмес түйені көрместің» кері ғой бұл!...

Біз қазақты екі бөліп қараймыз. Сондай-ақ орыс халқы да екіге бөлініп отыр. Ендеше дұрысына келейік, кім қай жақ? Мен өзім революция жасайтын қалың еңбекші – жұмыскер табымен біргемін. Қазақ елін құлдықтан шығарса сол шығарады! Қазақтың өз байларының да көзі солармен бірге жойылсын! Патшаның зорлығынан қашып елді ханның қорлығына салу көзі ашық азаматтың ұжданы бармайтын опасыздық, ол теңдік орнату емес, еңбекші елді сату! – деді. Дырду керіс басталды. Біреу іреп, біреу сойып, бүйректен сирақ шығарды. Әйтбенев Мұқан да келіп Әлжановтың тобына қосылды. Бет алған жағынан Әлжанов қайтпаушы еді, қасарып тұрып қалды. Осы кескінін көрген Жәметей бері келе: «Әлжанов туғаннан революционер...» – деп кекетті. Сәкенді «сұлу Сәкен, кербез-кекең...» деп атады, Әбілдің атын өзгертіп «қоймалжың қара» деп келемеждеді. Осы төртеуі жұбын жазбай қалды. Сәкеннің алғаш бой көрсеткен жері осы еді, көп әсер алып қайтты. Әлжановтың да Әбілдің де сөзі ұнады. Нілдіде көрген жұмысшылардың жұлым-жұлым қара лашықтары. Кәкен болыстың сегіз қанат ақ ордасы көзінің алдынан кетпеді. Олардың іргесі енді алыстай түсті. Өзінің өкіл әкесі болған тілмаш Шәймерден мен мына революционер Әлжанов екеуінің арасы да ел көшкендей. Не істеу керек? Сәкен қалың ойда.

Толғағы піспеді. Ішкі зарын өлеңмен шығарды.

Көз жасын көріп сорлының,
Көкірегі жылап еңіреген,
Екпінді қызу өлеңді,
Айтпауға ерік бермеген... –

деп толғанды. Елдегі надандықты шенеді, қалың бұқараға тұзу жөн сілтейтін көсемді көкседі. Абайдың әруағын көтеріп «Ақынға» арнап өлең жазды. Бұған да аса тиянақтамады, албырт жас әлі ұйтқуда еді.

XVIII

Ақпанның аязды күндерінің бірі. Тымырсықтанып бетгі қариды. Кешке қарай ұйытқып жел көтеріліп, екі-үш күн бұрын жауған ұлпа қарды жаяу борасын сырғыта бастады.

«Қаңтар» өтіп кеткен, аласұрған «ақпан» айы,
«... Бойлы қызда бұтақ қалды,
Боз тоқтыда құйрық қалды,
Қырлан, ақпан, қырлан!» –

деген қаңтардың тапсырмасын ақпан орындамақ-ау, сірә!

Омбыдағы учительская семинарияда оқығалы екі жыл болды. Сәкен бұл кезде буыны бекіп, бұғанасы қатқан жігіт. Жасы жиырмадан жаңа асып барады. Бұл жолы қыс ішінде Сәкеннің елге суыт келуінің себебі бар. Петроградта бірнеше жыл жүріп, мардымды оқу таба алмай Ақай биыл қыс ортасында Омбы келді. Ауыл арасында өкпе-қалдық теріп қыңыр жүрсе де, сонау шет жерде – Омбыда кездесіп, Ақай мен Сәкен шұрқыраса кетті. Онда «Жезмойын» да, ауыл ішіндегі өсек-аяқ да ұмытылды. Сәкен тіпті Ақай болып экзамен беруге де ыңғайланды. Тіс қаққан Пантелеймон Сәкенді ол жолға бастырмады.

Сөйтіп, қысқы демалыс кезінде болыстың баласы Ақай елге шабарман қайтпақ. Байдың баласы ақшалы, оған жер алыс па? Бірақ әкесіне не дерін білмеді. Ойлап-ойлап Ақай Сәкенге жабысты.

Сәкеннің көптен бері қыс ішінде елге келгені осы.

Сәкеннің бірге келуі Ақайдың оқып жүргеніне үлкен айғақ, оны жұрт айтпай біледі.

Оқыған баласы бар Сейфулланың төбесі көкке жеткендей. Алдыңғы күні Битабар өзі келіп қонаққа шақырды:

«Алты жасар бала алыстан келсе, алпыстағы кәрі алдынан шықсын» деген ғой, мен әдейі келдім. Сәкенжан шешесінің сақтап жүрген бүйрегін жеп кетсін, Жамал келінді де тастамай ала кел, бала-шағаны да қалдырмасың, әсіресе ана кішкентай Сәлиманы да... – деп өліп-өшті.

Аттанар алдында киініп жатқан Сәкеннің қасына келіп Жамал өз баласын жаңа ғана көргендей сұқтана қарады. Оңашада құшақтап мауқын басқысы келген ана таяна келіп бетінен кезек-кезек сүйді. «Өмірлі бол, құлыным, «басына боз торғайдың қонса бақыт, самұрық етер қызмет саясында...» – деген осы, қалқам. Байқап жүр, тасыма жаным, ағайын арасындағы өкпе-қалдықта жұмысың болмасын үлкендердің бетіне келме! – деп ақыл үйретті. Жамалдың сөзіне Сәкен қарсы келмеуші еді. Анасының айтқан ақылын қалай орындауды да қазір Сәкен топшылай алмады.

Ақай мен Пантелеймонды жіберіп кеше Көктің көліне Кәкен ағасы шақырып әкетті. Қолдан түсіруді қойды. Сәкен әлі өз үйіне бір-ақ түнеді. Қасында Матай бар, ел ішінде қонақтап жүр.

Ояздың тілмәшінен талай таяқ жеген Кәкен, Омбыны тауысып келіп отырған Сәкенді өз қолына қондырмақ. «Жандаралдың жанынан келіп отыр, бұл баланың түбі бір қажетке жарауы мүмкін», – деп ойланды.

XIX

– Жамал-ай, терезенді жапшы, күн тағы бұзылды ғой, – деді Сейфулла.

Терезенің астыңғы бір көзі сынып, оған қойдың кепкен қарнын жапсырған екен, бедері пышақпен сыдырылған қарын шыны орнына жүріп, сәуле беріп тұр. Жұқарып, тозған екен, тесіліп қапты. Сарнап соққан желдің ызыңы әлденеге елегізткендей. Құрым кигізді умаждап-ұмаждап апарып, Жамал тесікті бітеді.

Азын-аулақ малын жайғап, жұрт орынға отырған кез еді. Қазандық пен қонақ бөлмені ұзын пеш бөліп тұр. Сейфулланың төсегі осы жалпештің түбі. Бүргесі болмаса жылы орын.

– Кешікті ғой, адасып кетпесе игі еді.

– Неге адассын, қасында Матай бар, ол жершіл, талай боранда да ауылды тауып келетін.

– Құдай қырсығына жазбаса, – деп Жамал иіріп отырған ұршықтың сабын санының үстіне сипай жүгіртті. Түбіт иіріп отыр, Сәкенге биязы бөкебай тоқымақ. Сәкен жуырда Омбыға қайта жүреді.

Сейфулла мен Жамал осылай елегізіп отырғанда, есік сықырлап ашылды, үйге бір діні суық кірді. Жылы үйге аяз табалдырықтан сумаңдай кіріп, бозғыл бу жорғалап барып, жоғары көтерілді, үйдің іші бұлыңғыр тартты.

– Ассалаумағаликүм, – деген таныс дыбыс естілді.

– Жайша ма, Ұйтқыбек, еш қайдан кісі қара көрінбей ме? Аспан ашық па, жоқ, тағы түнеріп тұр ма? – деп әлденеге қобалжығандай Сейфулла.

– Өздерің қоңылтақсып отырсындар ғой, Сәкен титтей жоқ болса, басқа балаларың көздеріңе көрінбейді-ау, лезде өгейси қаласындар, – деп жөтеле күлді Ұйтқыбек.

– Рас, сағынып қалыппыз, келгелі үйге бір-ақ түнеді, әлі мауқымыз басылған жоқ, осы бір оқу деген таусылмайды

екен?! Нилдіде оқығаны, тіпті Ақмолада оқығаны да жырдың күйі болды ғой. Сонау, ит арқасы қиянға, Омбыға кеткеннен бері келіп отырғаны осы, онда да болыс қайнағаның баласымен ілесіп келіпті, – деді де Жамал ұршығына таянып түрегелді.

– Ендеше, келін, қуана бер, егінді аянбай ас, із өкшесі «Көктің көлі» жақтан бір шаналылар келе жатыр, суыт жүріп келеді, қонақтан қайтқан солар-ақ шығар! Біздің Матай атты әкесі өлгендей айдайды, бәтшағар, – деп Ұйтқыбек басындағы сеңсең тымағын енді алды. Ұйтқыбектің Матайы да Нилдіден таяуда келген-ді.

Ауыздарын жиып алғанша сау етіп көп адам кіріп келді. Сәлемдескен Матайдың даусы естілді. Ең соңғы бір дәу адамның «аман» – деген келте үні, не сұрақ, не жауап емес еді.

– Мынау Пантлимон ғой, жоғары шық, – деді Сейфулла.

– Көрмей отырсыз ба, ойбай-ау, мына алдыңызда қалтиып тұрған Ақайжан емес пе? Қол беріп тұр сізге, қолын алсаңызшы, – деді Жамал Сейфуллаға қарап,өзі шекпенінің жеңін тартып, Сәкенді шешіндіріп жатыр еді.

– Білте шамы құрғыр, жарық бермейді, майы таусылды білем, Жамал-ау, тоң майды көбірек салып білтесін шығарыңқырашы, – деді Сейфулла, қос қолын беріп амандасты да оң тізесінен Ақайға орын көрсетті.

Ақайды атқосшысы Пантелеймон шешіндірді. Сыртқы киімін сыпырып алғанда қазан қара пенжек, шалбар, қара жібек ноғай топы, қатырма ақ жаға, омырауында салбыраған сағаттың ақ күміс бауы жарқырап көрінді. Бет аузы шикандай қып-қызыл Ақай орман түлкісіндей сылаңдайды. Шаршаған болу керек, аяғын Ұйтқыбекке қарай жіберіп, шынтағына сүйеніп көлбей жатты.

– Жамал-ай, жастық әперші, мына бала шаршап келген екен, жантайсын, – деді Сейфулла. Жүк аяққа жиналған төсек-орынның үстінен бір мойын жастықты жұлып алып, қонағына Сәкен өзі әкеп берді. Жамал да, Сейфулла да Ақайды әкесіне сыңдырмады. Бүгін бұлар Кәкеннің баласын күтіп жатқан жоқ. Сәкеннің жолдасын күтіп жатыр.

Пантелеймон жымыып күлді. Бұл күлкіні Ұйтқыбек те Сейфулла да түсінген жоқ. Көптен бері бірге жүріп әбден сыралғы жолдасы Ақайды Пантелеймон біледі. Өйткені болыс Кәкен Петроградқа оқуға жібергенде күтуші есебінде барып, Пантелеймон бірнеше жыл бірге болды. Бұрын да өзі оқытқан шәкірті ғой.

Жантайып, не шалқасынан түсіп, екі қолын төбесін қойып жатқан кісіні көрсе Пантелеймон: «хұдды біздің Ақай формалас» дейтін. Басқа ешнәрсе айтпайтын, сылқ-сылқ күлетін. Пантелеймон сөзінің кестесін Сәкен ғана аңғарды. – Шырақтарым, жай отырғанша әңгіме айта отырыңдар. Мына орыс орманнан не хабар естідіңдер? Түріктің Әнуәрбегі Керманға қосылыпты, сонда олар жеңе ме, жоқ біздің ақпатша жеңер ме екен? – деп бөктерлей сөйледі Ұйтқыбек. Сәкенге бір, Ақайға бір қарап өтті.

– Заты, ақ патшаңыз тақтан омақаса құласа сізге қиын болар-ау, сірә, – деп Сәкен езу тартты. Жанарлы ала көзі ұшқын шашты. Езуіндегі мысқыл күлкіні қою қара мұрты жасырып көрсетпеді. Пантелеймон мақұлдап басын изегендей болды.

– Патша құласа жылар ма едіңіз, Ұйтқыбек? – деп күле сұрақ қойды Пантелеймон.

– Патша тақтан құлады деп жылайтын жыным бар ма? Маған олар не көрсетті? Жыласа тұз-дәмін татқан, қызығын көрген мына Кәкен мен Еркек-сары жыласын, – деп сақалын тарамдай сипап, тамағын кенеп қойды Ұйтқыбек.

Ұйтқыбектің танауы таңқылау біткен, сырттан қарағанда сопақша қос тілік тәрізді. Шошынғанда, не ыза болғанда азырақ едірейіп, дөңгелене қалады. Басын кейін кегжиткен кезде суырдың ініндей саңыраяды. Ұйтқыбек миңгірлеп мұрнынан сөйлейтін кісі. «Жас кезімде мұрныма жел түссе керек» деуші еді. Мұртын ұстарамен басқанда аузының айналасы күзді күнгі тобарсыған тақыршақ тәрізді жарылып-жарылып тұрады. Аузының жағалауы көгілдір тартып, сақал-мұрты селдіреп қалған екен, ортасындағы мәйегін шауып алған көлдің қамысындай ербиіп көрінеді. Есінегенде көзінен жас парлайды, осы мезетте Ұйтқыбектің кескіні аңғал-саңғал болып үңірейе қалады.

Тұрмыстың теперіші қажытып, өңі тайған Ұйтқыбектің сыртынан іші көрікті еді.

– Сәкенжан, осы Омбыда оқып жүрген балалар көп пе? Жоқ жалғызсың ба? – деп сұрады Сейфулла. Бұл сұраққа Жамал да, Ұйтқыбек те елеңдей қалды. Сәкеннің жолдастары кім екен деп білгісі келген жоқ, әншейін жалғыздықтан өмірі өксіп жүр ме, соны білмек. Шынына келгенде Жамал Ақмоланы да, Омбыны да түсінбейді, әйтеуір мына Сәкеннің сағаттап емес, күндеп емес, жылдап жоғалып кететін жері деп ұғады. Баяғы ертегіде айтылатын ұшқан құстың қанаты, жүгірген аңның тұяғы күйетін жері-ау! – деп топшылайды.

– Омбыда оқып жүрген қазақ балалары Ақмоладан көрі азырақ, бірақ әйтеуір құралақан емес. Өзіммен бірге Жұмабай Нүрке баласы оқиды. Түбі Керей, өзі кедейдің баласы. Әр жақтан келіп оқып жүрген байдың балалары да бар, олармен таныстығым шамалы, – деді Сәкен.

– Ә, әйтеуір жолдасыңның бары жақсы екен, алыс жерде ауырып-сырқасаң да... – деді Жамал, көңілі жаңа жай тапқандай, ас үйге шығып кетті.

XX

Сәкеннің Омбыдан келгеніне төрт-бес күн болды. Ел хабарына әбден қанды. Бұрынғы бір болыс ел енді екі болыс болып бөлінген екен: «Ерке-сай» болысы Еркек-сары, «Нілді» болысы Кәкен. Бұл тартыс бірнеше жылға созылып Кәкен мен Еркек-сары қатты шығынданса керек. Ақырында Еркек-сары малының көптігімен ояз бастығының, тілмаш, атбекеттердің аузын алып, елді екіге бөлдірген. Кәкен де параны тығып баққан көрінеді, бірақ ояз бастығы елді екіге бөлгенде аса қынжылмапты. Біріншіден Еркек-сарыдан құтылса, екіншіден Кәкенге керегі ел бүтіндігі емес, одан өзінің бір күнгі болыстығы артық сияқты.

Төребек пен Имамұса арасындағы жесір дауы әлі біткен жоқ, енді барымтаға айналыпты. Былтыр күзді күні Аққұдыққа таласып, жасақ жинап төбелескен. Сол қанды жорықтың арты кісі өлімімен тынып, енді кәзір кісі өлген ел құн даулап жатыр. Мұндай келелі істе түбі бірге екі болыс ел қайта бірігіп кетіп, баяғы бір жесірлік, Жезмойын аттың сұр дауын жаңғыртқан. Ондағысы қарсы дау, сайып келгенде, Айшаның қалың малын Жезмойын атқа жатқызбақ. Имамұса да оңай көнетін қу емес, бұл әдісті айтпай біліп отыр. Сонымен ел арасы бүлініп барады. Түптеп келгенде олар Имамұсаны түттіріп қоймайды. Ал егер Алтай түгел бірігіп кетсе ол бой бермейді ғой. Өйткені олар он екі болыс ел, ойдағы қырдағысын жинағанда Тоқа тоғыз-ақ болыс! Осы әңгіменің бәрін Сейфулла Ұйтқыбекке айтып отырған тәрізді, Ұйтқыбек те бұрын естімеген кісіше басын изей түседі, бірақ екеуінің ойы да орысша оқыған, заңды жетік білген Сәкен не айтар екен деп соның сөзін күтуде.

Сәкен біраз тындап отырды да:

– Өз малын шашып, шығындап, итше еркелеп ұлыққа пара беріп, болыс болады, сонсоң қараңғы халықтың ішіне келіп қоқақтап «рамат», «қара шығын» жинап, ұлыққа берген

малының орнын толтырады. Қызын малға сатады, ол теңіне кетсе, жесір дауы деген үргін-сүргін туады. Қазақ елінің оңбайтынын осы, мұндай қылық өнегелі елде жоқ, – деп бітірді сөзін Сәкен.

– Шырағым, сөзің дұрыс, тілің балдай, бірақ сен осы қылықтардың жаман екенін айттың, оны біз де білеміз, ал содан құтылудың амалы қандай болады, соны үйретші бізге, – деді Ұйтқыбек.

– Амал бас біріктіруде, бір сөзді болуда. Нілдіге қашып барған Айшаны қалың жұмысшы бірігіп қорғап еді, кім тартып ала алды? Соның дауы сіздерде әлі жүріп жатыр. Ол қыз баяғыда теңін тауып кетіп те қалды. Болыс қой, бір-ақ үй, ал болысқа қарайтын алты жүз үй, қайсысы көп? Бәрі бірігіп, қасарысып тұрып алса жеңбей қоймайды! – деді Сәкен, бұл жолы жігерлене сөйледі.

– Осы біздің Тоқадан оқып жүргендер нешеу? – деп сұрады Ұйтқыбек.

– Менің ойымша үшеу ғой деймін, Асылбектің Абдолласы, Омардың Әшімі... – дей бергенде Ұйтқыбек көлденең килігіп:

– Я, сонсоң – сен, ал оған Ақайды қоссақ сонда да бар болғаны төртеу-ақ екен-ау! – деді. Назыркана айтты, өкініп өкпелегендей болды.

– Тағы да оқып жүргендер бар, Сәкен оларды танымайды, – деді Ақай түргеле беріп.

– Қырқын мінсе қыр аспайтындарды Сәкен есептемей отыр-ау, сірә, – деп Пантелеймон есікке қарады...

Осы кезде Жамал келіп: «жастар екінші бөлмеге барсын!» – деді.

– Рас, біз сол үйге барайық, – деп Матай түрегелді. Сәкен мен Пантелеймон ере шықты. Асығып үйренбеген Ақай ең соңынан аяңдады.

Бағанадан бері қазандық үйдегі Жамалдың қасына жиналған кемпірлер енді үлкен үйге ойысты.

– Ойбай-ау, енді қайтейін, мен аямалап, бетінен сүйейін деп жүрсем, маған бір қолын ғана ұсынды ғой, – деп даурыға сөйлеп, үйге күле кірген Жадыра – Сәкеннің кіндік шешесі болатын.

– Олар орысша амандасады ғой.

– Мен орысша-морысшасын білем бе, бас салып бетінен сүйдім. Жаным-ау, өзі дардай болыпты. Мен оны көргенде жөргектегі Сәкен есіме түседі.

– Қиюы қашып, сілекейі шұбырған аузыңнан жиіркенген де шығар Сәкен, – деп қалжындай күлді Ұйтқыбек.

– Өз шешесінен несіне жиіркенсін, – деп Сейфулла баласын ақтады.

– Қу жетім-ау, сен енді той жаса! Баяғы Есеннің бойында айтқан сөзің бар еді ғой, ұмыттың ба? – деп Жадыра Сейфуллаға шұқшиды.

– Неге ұмытайын, тойды жаз шыға жасаймын, – деп көңілдене сөйлегенде, Сейфулланың бетіне қан жүгірді. Қара елтірі бөріктің артқы етегін көтеріп, алдын кейінірек сырды.

– Өтіп бара жатқан өмір ғой, сол Есеннің жағасына кеше ғана көшіп қонғандай боламын да тұрамын. Онда Сәкеннің тілінің жаңа шығып келе жатқан кезі еді, әлі есімде, бес саусағымды санап есеп үйретуші едім. «Бас бармақ, балалы үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек» – әр саусақтың атын атап, әрқайсысын ұстап көрсетуші ем, – деп жадырай түсті Жамал.

– Я, я, сонда Сәкенжан былдырап өзінің бүлдіршіндей саусақтарын санай бастаушы еді. Сақау еді ғой өзі, әсіресе «бас баймақ, байайы үйек, ойтан тейек, шиди шүмек, кішкене бүбек», – деп былдырлағанда, қыран күлкі болатынбыз, соның өзіне биыл он бес – он алты жыл өткен екен-ау! – деді Жадыра.

– Онда Жамал екеуміздің Сәкеннің ержетуін арман қылып жүретін кезіміз еді, осыдан Сәкенім ержетсе, бір үлкен той жасармын-ау деген едім, сол арманға да жеттік, адам қызыққа тоя ма? Балам көнсе Жазираға құда түспекпін. Өзіміздің жиен, қазір бой жетіп отыр, – деді Сейфулла.

– Қай жылы екені есімде жоқ, бір күні кешке жақын осы Сәкен келіп «маған жұмбақ айт, жаңылтпаш айт», – деп қысқаны бар емес пе? Қасында Матай бар. Екеуі екі жағымнан отырып алған. Жазған құлда шаршау бар ма? «Ер-Төстікті» айттым. «Шалқұйрықты» айтқан кезде, тіземе жантайып жатқан балам, осы Сәкенжан түргеліп, шарта жүгініп алды, комданып отыр, – «Я, сонсоң, әлгі Шалқұйрық атты тағы айтыңызшы», – деп ежіктей сұрағанын ұмытпаймын. Сонда-ақ мен, тірі жүрсең боласың ғой, – деуші ем ішімнен, тілім тимесін деп теріс қарап түкіріп тастаушы ем... – деді Ұйтқыбек.

– Жұмбақ пен жаңылтпашты өзің менен үйренуші ең, қатты қысылған шығарсың, ә? – деп бір қағытып өтті кәрі күйеуін Жадыра.

– Неге білмейін, өй бәтшағар-ай, әркімнің бір аңдыған жауы бар, сен мені тақымдай бересің-ау, – деп кемпіріне қалжыңдай жауап берді де, Ұйтқыбек сөзін сабақтады. – Бір күні мен «Отыз омыртқа, қырық қабыртқа, бәрін ұстап тұрған

ауыз омыртқа», – деген жұмбақты айттым, сонда Сәкенжан тұнжырап көп отырды. Қыбыжықтап Матайға қарай береді.

– Бұл жұмбағыңыз балаға өте ауыр ғой, жаным-ай, жаным-ай тұлымшағы жалбырап, қадала қарап, көп ойланып отырған шығар-ау! Өмірін өксітпей-ақ шешіп берсеңіз болмай ма? – деп тап бүгін болып жатқандай Сәкенін қатты аяды Жамал. Қаруын қайтармай, құр шешіп бере салса, баланың ойында қала ма? – деп Сейфулла Ұйтқыбекті жақтады. – «Отыз уық, қырық сағанак, бәрін ұстап тұрған бір шаңырақ», – дедуді осы қайнағаңыз білмеді дейсің бе?

– Әрине білдім, үйренсін деп жүрмін ғой, өзі де зерек еді, бір айтқанда-ақ қағып алатын. Тағы сол күні он саусағын санатып үйреткім келді де «бір дегенім білеу, екі дегенім егеу, үш дегенім үскі» – дей бергенімде «төрт дегенім төсек, бес дегенім бесік, алты дегенім асық, жеті дегенім желке, сегіз дегенім серке, тоғыз дегенім торқа, он дегенім оймақ, он бір кара жұмбақ» – деп өзі саулата жөнелгені бар емес пе! Мұны кім үйретті саған? – деп сұрағанымда, апам айтқан, – деді.

– Соны ұмытпай жүргенін қарасаңызшы. Тегі қаражаяу емес қой, – деп көтеріп қойды Жадыра.

– Жанымды қоймаған соң мен де бір жаңылтпаш айтқаным бар, соны бері келгенде де өзі айтып қоймайтын, ара-арасында жаңылып, кібіртіктей қалып, шек-сілесі қататын. «Қара бүркіт томағасын түсірді, оны мен томағаламай кім томағалайды, оны мен томағаламай кім томағалайды», – деген жаңылтпаш еді.

– Қалай, қалай, өзі ауыр жаңылтпаш екен! Сен де бір қайдағыны табасың-ау! – деп Ұйтқыбек әйелінің шашбауын көтере сөйледі.

Жым-жырт бола қалды. Әңгіме үзіліп кетті. Домбыраға қосылған ән естілді. Ұйтқып көтерілген Матайдың ырғақты әні.

– Ойбай-ау, «әңгіме бұзау емізіп, бұзау таяқ жегізіп жүрер», мен отырып қалыппын, ана жақта тамақ не болып жатыр екен? – деп Жамал екі қолымен жер тіреп, тізерлей түрегелді, «аяғы ауырлап» жүр еді.

– Әй, мына екі есікті ашыңқырап қойшы, біз де тамағың піскенше ән тыңдайық, – деді Сейфулла.

XXI

– Осы үйді сен алғаш салғанда екі-ақ бөлме болатын. Бір үлкен бөлме, бір кіші бөлме. Кіші бөлмені Жамал «Сәкенімнің

отауы» дейтін. Сырттан кіргенде «Сәкен отауы» оң жақта. Енді үлкен бөлме ортасынан жалпешпен бөлінген, сонда бір олжа бөлме пайда болған, қазандық үй осы.

Былтыр баспаға шыққан Сәкен өлеңінің біразын Матай жаттап алған еді. «Ақынға» деген өлеңді Сәкеннің Абайға арнағанын ол білмейтін. «Майда қоңырға» салып соны айтты:

«... Саналы көзі ашыққа сөзің алтын,
Құр жел сөз санасызға соққан салқын»... –

деп созып барып тоқтағанда, Сәкен мысқылдай жымыды. Өз өлеңіне өзі ырза емес тәрізді. Домбыраны тарта берді.

– Сәкен, сен «терме» әнін тартшы, мен енді «Кім басшы аға – халыққа?» деген бір өлеңді айтайын, – деді Матай.

«...Аға дейміз бізді жөнге бастаса,
«Алтыбақан» кер тартысты тастаса...» –

деп түгел айтып шықты. Сәкен езуін жиып, басын шұлғыды, домбыраның ырғағын бұзбады. Әнінен көрі сөзіне ырза сияқты. «Пау шіркін-ай!» деп көтерген Ұйтқыбектің даусы да саңқ ете қалды.

– Сәкен, сен өзің айтшы, – деп Пантелеймон қолқа қылған соң, домбыраның құлағын бұрап отырды да, осы жақында шығарған бір өлеңін баяу әнмен сызылта тартып, өзі қосылды:

Шарықтап көкке ұшқандай,
Хордың қызын құшқандай...
Жазғы түннің оңаша,
Рахатына батқандай...

Қырандай ілген қоңыр қаз,
Тілекке жетіп, болып маз,
Өзеннің бойын жағалап,
Ауылға келе жатқанда...

Бозарып және сарғайып
Біртіндеп көкке нұр жайып,
Қайтушы ек талай асығып,
Атқанда таң, атқанда!.. –

деп «Жазғы түнде» деген өлеңінің әр жерінен алып айтып өтті.

– Әй мынауың жазды күні Есен өзені жағасында Жәзира құдаша келгендегі түннен аумайды ғой, – деді Матай. – Құдай біледі, сол түн, Әзімханнан естігем. Шіркін, Жәзира да өжет қыз еді-ау! – деп екілене сөйледі.

Бағанағы Жадыра мен Сейфулланың арасында болған тойдың әңгімесі де түптеп келгенде осы Жәзираға тіреледі. Бұл Қаракесек Мәндібайдың қызы, өзі жиеннен туған – жиеншар.

Былтыр ауыл Есенде отырғанда шешесімен бірге Жәзира келді. Он алты жасар талдырмаш қыз, жүзіктің көзінен өткендей. Қиылған қара қасты, мөлдір қара көз, мінсіз пісте мұрын, шешек жарған қызыл гүлдей еріндерін ашқанда ұсақ тістері меруерттей тізіле қалады. Оң езуінен жоғарырақ түскен ноқаттай қара меңі бар. Сол мең кескініне көрік беріп тұр. Қос желбіршек салған, ақ торғын көйлек, қынама бел көк барқыт қамзол, басында құндыз бөрік, тырнаның қара қауырсынын араластырып таққан қос шоқ үкі.

Осы киімімен, осы кескінімен түнгі «алтыбақанда», айдың жарығында кездескен Жәзира Сәкеннің көзіне хордың қызындай елестеді. Нұраның жас талындай майысқан Жәзира, ән салғанда, даусы қоңыраудай сылдырады.

Содан бері бір жыл өтті. Сәкен оқуға кетті. Омбыда жүргенде қара сұрдың әдемісі, көздері жыланша арбайтын, жаудырай қарап, минут сайын тоқсан құбылып, ойнақшып тұратын көрікті Гуляны көрді. «Дүниедегі әдемінің бәрі де таза махаббаттан жаралады»... – дейтін Сәкен.

Ақмоладан елге қарай шыққанда сахараның сұлуы қайта есіне түсті. Күбірлеп келе жатқанда:

«Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп...» –

деген аузына Абай өлеңі келді де. «Жазғы түнде» болып өзгеріп барып, қағазға түсті.

– Матай, сен енді бір күлдіргі өлең айтшы, мен соны тәуір көрем, – деді Пантелеймон. – «Қара таудың басынан көш келеді...» әдемі-ақ емес пе? Ақыл үйретіп басымды қатырмайды, «өнегелі» сөздімен Петроградтың полициясынан да талай естідім, – деп қабағын шытты Пантелеймон.

Сәкен елең ете түсті. Көзінің құйрығымен қарады. Домбырасын шерте берді. Басқа ешкім бұған мән бере қойған жоқ. Жұрт домбыраға, әнге құмартуда.

XXII

– Балалар, қолдарыңды жуындар, ет пісті. Қарындарың да ашқан шығар. Ана Ақайжанды оятсандаршы, жол қажытып, шаршап қалған ғой, әке-шешесінің аясынан шықпаған бала еді, обал-ай! – деп мүсіркеді Жамал.

– Шешей-ау, қажытып бұған біреу жүк артты ғой дейсіз бе, өзі ең әуелден осындай, – деп Пантелеймон орнынан қарғып түргелді де, Ақайды түрткілеп оятты.

– Біздің Ақай байдың бақытты балғыны, құдайдың да еркесі ғой, – деп Пантелеймон өзінен өзі қарқ-қарқ күлді.

– Я, дұрыс айтасың, бай-манаптың өз қойнында өскен ғой, – деді Сәкен.

– Сәкен, сен «Христостың қойнында өскен» дейтін орыс мәтелін өз тіліңе аударып алыпсың-ау! Маған осы ұнап тұр, өйткені біздің «Христос» түп-тұғиянымен жоқ нәрсе, выдумка¹, бұл мәтелді бұдан былай осы сенікі тәрізді айту керек шығар, – деді Пантелеймон.

Өзін мақтағандай сезініп Ақай жымия күлді.

Әзілдесіп, әңгімелесіп, дуылдасып отырып, жастар ет жеуге кірісті. Сәкеннің екі інісі, үш қарындасы да табақты төңіректей отырды. «Әкелеріңнің қасына жүріңдер, қонакпен бірге қонақ болмандар», – деп Жамал бірнеше рет айтса да

¹Ойдан туған.

олар көнбеді. «Апа, тимеңіз, балалар отыра берсін, ет жетеді ғой», – деп Сәкен айтқаннан кейін, Жамал кетіп қалды.

Бағанадан бері қымсынып, шетірек отырған кішкентай Сәлима енді бойы үйреніп, табакқа тізерлей жорғалап жақындады, «Өй, мынау табакқа түсе ме өзі?» – деп тетелес апасы шолтаң еткізіп қолымен қағып жіберді, екеуінен де үлкенісіп, Рахима көзін алайта қарады, бірақ кішкентай Сәлима өзінің «үйреншікті жауларын» елемеді. Бүлдіршіндей саусақтарын табакқа барбита тығып, іліккенін асап жатыр. Халима да қалыспады. Ет турап отырған Матай үлгере алмады. Анда-санда майлы жерінен добалдай ғып кесіп алып, өзі де асап қояды. Аузы сылп еткенде, өңеші де қылқ ете түседі. «Матай, өз аузыңды да ұмытып кетіп жүрме!» – дейді Пантелеймон.

Бұлар әнеугіден бері Кәкен үйінде де, Битабар үйінде де бірге болды. Сонда да ылғи Матай ет турады. Табақ ортаймай қалады, шып-шырғасы шықпайды. Есік жақта отырғандарға да Матай екі алақанымен етті көсіп-көсіп алып асатады. Талай «сен же, мен же» болған. Тіпті көп ет көнбеген кезде, өзара біріне-бірі асататын еді.

Бүгін тоңып келгендіктен бе, әлде көп отырып ашыққандықтан ба, әйтеуір табактағы ет жылдам таусылды. Екі-үш жапырақ ет қалғанда, Сәкен «ал, Ақай, алып жібер!» – деп өзінің алдынан әрірек сырғытып қойды. «Мен әбден тойдым», деп Ақай бір жапырағын аузына көміп жіберіп, ұртын толтыра шайнап, – «Пантелеймон ендігісін сен алып қой!» – деп қолына жұққан майды жалай бастады. Ұзын омыртқаны мұжып отырып Матай: «Нағыз сен же, мен женің еті – осы ет қой» – деді. – Көп етті «сен же, мен же» деудің қанша қажеті бар? Ол жетіп жатыр ғой, кім жесе де, «сен же, мен жені» осындай етке, мына ертең біздің үйде асылатын етке айту керек екен, – деді Матай. Оның дыбысында кекесін де, адал қалжың да, мойындаған шындық та бар еді.

Ет жеп болып, қолдарын жуып, сулық орамалға сүртісіп, қонақ кәдесін жасап – олар далаға шықты.

Күн алағаншықтап ашылған екен, желтең, жаяу бұрқасын. Ай тас төбеге шыққан, жорғақтап жүріп барады, беті бұлыңғыр

тартқан, шаңытып тұр. Жұлдыздар қадау – шабыр, әр жерден бір жылт етіп көрінеді. Шытқыл аяз денесіне темірдей тиіп, көйлекшең шыққан Пантелеймон бүрсеңдеп, иығын көтеріп, дірілдегендей болды, үйге тез кіруге асықты.

– Пантелеймон, сен көженің буымен жолға аттанған екенсің ғой, тонсаң жүр, үйге барайық, – деді Сейфулла, кең шекпенін қаусырынып, қолына жез шәйнегін ұстап тұрып.

Үйдің алдында тұрған қарақұстың ұясындай бір шошақ шөпті айналып, шолып өтті де: «егер қыс аяғы қатты болса, аз ғана малынан айрылады ғой», – деп топшылады Сәкен.

Білте шам жанып тұр. Ақай мол ұйқыға кіріскен, қорылдап жатыр. Қызыл ала пимасын қазандықтың ернеуіне тікесінен тік тұрғызып жайып қойды да, жалаң аяқ сидандап Пантелеймон үйге кірді. Төсегінің үстінде түрегеп отырған Сәкенді көріп:

– Неге жатпай отырсың, мен тоңып кеттім ғой, – деп Пантелеймон қатар салған төсекке келіп, малдасын құрып отыра қалды да, көрпемен аяғын орады. Қазақша отыра алатынына мақтанғандай жымия қарады.

– Менің ұйқым келмей отыр, неге екенін білмеймін, – деді Сәкен, жастықты қолтығына қыса жантая беріп.

Пантелеймон жан-жағына қарады. Жұрттың бәрі шырт ұйқыда. Көңілі жай тапқандай жадырады.

– Сіз ғой Петроградта болдыңыз, ал сонда Пантелеймон Федорович, қандай жаңалығың бар? – деп сұрады Сәкен, әлденеге күрсінгендей, дыбысы сүлесөк шықты.

– Я, мен биыл Питерде болдым, осы жолы көңілім толып қайтты, – деді Пантелеймон. – Бұрын маған өте күңгірт көрінетін еді. Сәкен Сейфуллаевич, біз екеуіміз, әлі де сол қалада сайран салармыз, – деп бір толғап өтті де, Сәкенге көзін тігіп, қулана қарады.

Бет ажарын суытқысы келмей Сәкен де жылы шырай берді, бірақ түсіне қоймады. Алайда бір сыр бар екенін байқап басын көтерді.

Үйдің іші қара көлеңке, білте шамның майы таусылуға айналған, исі қоңырсып шығады.

– Менің көзім ешнәрсеге жетпейді, Омбыдағы қазақ жастарының талай мәжілістерінде болдым, бір ауыздылық

жоқ, бөріше шулайды. Елге келсең болыстыққа таласып, жесір дауын, жер дауын қоздырып, бірімен бірі барымталасып, қырылысып жатқанын көресің. Үш жыл Нілді зауытында оқыдым, жұмысшылардың қайнаған ортасында болдым, онда да, көңіл тоярлық ешнәрсе таппадым. Ішсе асқа, кесе киімге жарымай, тепкінің астында жүрген сорлы кедейлер. Екі-үш жыл Ақмолада оқыдым. Тілмаш Шаймерденнің үйінде жаттым, о да бір сорлы, ұры итше жылмаңдап, оязға жалпаңдап күн көріп жүргені... Ана Рахымжан Дүйсембаев өзекті адам, бірақ бишара жалғыз ғой. Сонда біздің қазақ елі теңдікке қалай жетпек? Не істеу керек?

– Сәкен, сен осы сөзді маған – мына Кәкен болыстың тілмашы – Пантелеймон Федорович Дудкинге айтып отырсың ғо, міне мен осыған ырзамын. Мен білмеуші едім, сен шындықты сүйеді екенсің, бірақ байқа, ұрт кетпе, бұдан таяқ та жеуің мүмкін. Сен шыныңды айтсаң мен де қарыздар болмайын. Бірақ аузыңа берік бол! Маған сен бағана бір ұнадың, мен Петроградтың полициясын бір «мақтап» өттім ғой, сонда сен елең ете түстің. Мен байқамай айтып қалдым, менің бағыма ешкім түсінген жоқ, сен де үндемедің. Осы есінде ме? – деп сұрады Пантелеймон.

– Я, есімде, мен де полицияны жеккөрем, сондықтан ойымыздың үйлескенін ғана байқадым, – деді Сәкен.

– Дұрыс, енді сенің қозғаған әңгімеңе басынан бастап жауап берейін, – деді Пантелеймон. – Бірінші, оқыған қазақ жастары ынтымақсыз алауыз дейсің, екінші, елге келсең болыстыққа таласып, жауласып жүр, өзара қырқысады, үшінші, жұмыскерлер тобы ұйымдаспаған, әлсіз бытыраңқы, төртінші, тілмаш, чиновниктер жебір, жарамсақ, – дейсің, сонда тапқаның жалғыз Дүйсембаев қой... – дей бергенде Сәкен мысқылдай жымыып:

– Бір кісінің аты аталуы ол мысал үшін емес пе, ел болған соң жалғыз Дүйсембаев тұтқа бола ала ма? – деді Пантелеймонның сөзін бөліп.

– Міне дұрыс ой, мұны айтқаның сенің де ел көріп, жер танып, ержеткендігің, алайда бір жәйтті менен бүгіп отырсың ғой деймін, өйткені қазақ оқығандарының талайымен

сөйлестім, олар көбінесе «қазақтың қонысы тарылды, жерді келімсектер алды», – дегенді айтушы еді, – деді Пантелеймон. Осы жолы ол Сәкеннің қимылын да, бет ажарын да безбендей бағып, үңіле түсті.

– Оныңыз рас, Омбыға барғанша мен де осы ойда болдым. Орыс халқының да екі жар екенін білмеуші едім. Поселкенің орнығуы бізге жер қадірін білдірді, сай-сала, төбе-төбенің түгін шалудан көрі, қойнын ашып, қыртысын кеміруді үйретті, – деді Сәкен.

– Міне, Сәкен, мен саған енді риза болдым, – деп Пантелеймон шешіле сөйледі. – Қате менде екен. Мен сені әлі «сары орыстың бәрі орыс» дейтін ескі пікірде шығар деуші едім, тауып айттың! Орыс екіге бөлінеді. Бір тобы – патша бастаған аттың төбеліндей аз ғана байлар, екінші тобы – қалың қара бұқара, еңбекші ел. Мына келіп отырған орыстар – айдалған, жер ауған сорлылар, сендердің жерлерінді алуға жетіскендіктен келіп отырғандар емес. Бұлар қазақта да бар. Ана Нілдіде жүрген Сәден, Матайлар кім? Мына елдегі Ұйтқыбек, Дүкендер кім? Білесің бе? Міне, олар да сондай сорлылар. Ал, егер ертең патша құлап, бостандық, теңдік туа қалса қол ұстасып, өзіңмен бірге майданға шығатын солар болады. Бұған иманым кәміл, қысқарта айтайын, қазақ кедейлерін оқытып, көзін ашу керек! Надандықты жою керек! Осы туралы жазылған көп кітаптар бар. Сен оқуың керек! Мен Петроградтағы заводтың жұмысшысымын. Патшадан жасырынып жүріп, еңбекшілердің арасында үгіт-насихат таратып, қажымай еңбек істеп жүрген талай сұңқарларды білем, мен солардан үйрендім. Ұлы ұстазым Владимир Ильч Ульянов. Бұлар талай қуғынды көріп, әбден ысылған азаматтар. Мен де айдауда жүрген кісімін, – деп Пантелеймон дыбысын бәсеңсіте сөйледі. – Мен Пантелеймон Федорович Дудкин емеспін. Иван Николаевич Лазаревпін. Айдалып келіп Сібірдің түрмесінен қашқанда, аты-жөнімді өзгертіп алдым, маған көмек бергендер де осы жер ауған сорлылар. Солардың көмегімен қазақ ішіне сіңіп кеттім. Мына Ақайдың атқосшысы, осы «жаман тілмаштың» атын ертең мақтанып айтатын да күнің болар, Сәкен бала, – деп езуін тартты.

Лазерев өткенін есіне алғанда бір қызарып, бір бозарып отырды. Иван Николаевичтің осы хабарын алғаш естіген Сәкен, қобалжып тыңдады. Кейде көтеріліп, кейде мұңайып отырды. Тар жол тайғақ кешуді өтпей теңдікке жету, езілген еңбекшінің есесін әперу оңай емес екенін түсінді.

«Екі орыстың» барын бір кезде Әлжанов та айтқанды. Омбыда жүргенде бір жиылыста шойын қара жігіт Әбіл «Орыс халқы екеу: қалың еңбекші кедейлер, мына алпауыт байлар, екеуіне екі түрлі қарауымыз керек», – деген-ді. Сәкен сол кезде де осы пікірді жақтаған-ды. Енді бүгін Әлжанов пен Әбілдің сол сөздерін «тілмаш» келіп пысықтады, осы бағыт жүрегіне имандай ұялап, Сәкен белін бекем буды. Әкесінің баяғы малай болып жылқы баққаны, бірнеше қайтара байлардың тепкісіне түсіп Ұйтқыбек, Дүкен, Сәден, Матайлардың сорлағаны, өз әкесі Сейфулланың да малдың тапшылығынан көрген жапасы көз алдынан елестеп өтті. Орыс кітаптарынан оқыған сөздері де есіне түсті. «Ауыл әлі поселкедей емес, топтанып жүр-ау! Жігін ашып, шиеленіссе ғой... кімнің кім екенін көрер едік!», – деп кіжінгендей болды. Бұл үшін оқыту, үйрету керек! Ендігі міндет осы! –» деп тұжырды ойын Сәкен.

Шам сөніп үйдің ішін қараңғылық басты. Екеуі де екі ұдай қалың ойға шомып, осылай үнсіз біраз жатты да ұйқыға кетті.

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

ІЛГЕРІ АСУ

I

Қаладан аулағырақ, Ертістің жағасына итіне тігілген қара лашық, қорқау тескен моладай үңірейіп тұр. Бұл Омбының сиырын бағатын табыншы Бөрібектің баспанасы. Бөрібектің көзі қарығып, қысы-жазы қызарып жүреді. Қушық маңдай, бетін түк басқан, қызыл шұбар шал.

Осыдан екі-үш күн бұрын Сәкен айуандар көрмесіне барды. Жыртқыштардың патшасы – арыстанды, қолбандаған аюды, қорсылдаған қабанды, иіріліп жатқан жеңді білектей айдаһарды көрді. Таяна келе шыны жәшіктің ішіндегі шұбар айдаһар жойдасыз жуан дөңбектей болды. Мұндай жыланды ертегіде естігені болмаса, Сәкен бұрын көрген емес-ті. Сол айдаһардың алдына бір адам үй қоянын алып келді. Құлағы селтиген қара қоян жыланды көргенде көзінен жас парлап, жылап жіберді. Түршіге қалтырап, шошынып, бүрсең қағады. Бір мезгілде күректей басын көтеріп, айдаһар аузын арандай ашып, «әуіп» деп ысқырып, демін ішіне тартты, сонда әлгі мүгедек сорлы қоян жыланның аузына өзі жүгіріп барып кіріп кетті...

Осыны көргенде Сәкеннің денесі шіміркеніп, жүрегі қозғалып, жаны түршігіп еді.

Бүгін мына лашыққа таянғанда Сәкен артына қарады. Патшалы Россияның Сібірдегі тиянағы болған Омбының алтын шеркеуі айдаһарша ысқырып, мойнын соза төніп тұрғандай көрінді. Ертістің жағасындағы қара лашық кешегі айдаһардың алдында құлағы қалқия бүрсеңдеген қара қояндай бола қалды.

«Жоқ, – деді Сәкен, кіжіне сөйлеп: – Бұл өзгеру керек! Дүниенің озбыры залым патша құрыса, лашық жаңғырады. Жалпы теңдік орнаса, өңешін үңірейткен озбырлық та жойылады», – деді ішінен.

Бөрібек малын өріске айдап кетіпті.

Көрінгенге күдіктене қарайтын түртіншек ұры көздерден аулақ, қаға берісте тұрған осы лашықта жастар бас қоспақ екен. Бәрінің де із өкшесі Омбы қаласынан шығып, жалғыз аяқтап, осылай қарай ағытылды. «Бірлік» ұйымының ережесіне бұрын кірген бір даулы тармақты қабылдамақ.

Семинарияның жылтырақ жез түймелерін таққан Сәкен, ала қозыдай құлпырады. Қиылған қара мұрт, шашы ортасынан екіге бөлінген, көк картузының шетінен сусып шығып дудырап көрінеді. Жанарлы қара ала көзін төңкере

қарап жымиғанда қолтығында келе жатқан Гуля ықтиярсыз еркелеп, көзін тіге қалады да, аударып әкетеді. Белін кынап тастаған сыптай Гуля қырық құбылып бұлаң қағады. Кейде кібіртіктей басып, сүрініп кеткендей болады. Сәкенге тығыла түседі.

Бұлардың артынан томаға көз қара жігіт Ғазизамен келді. Бұл Жәметей ақын. Бүгін бетіне пудра жаққан әппак манардай еді. Шойын қара, шот маңдай Әбіл, дембелше бұйра шаш Тоқтар екеуі де осында.

Омбыда оқып жүрген қазақ жастарының төрт көзі түгел еді. Сәске түсте бәрі жиналып, алпыс үш кісі болды.

«Бірліктің» мүшелері көптен бері тартыста жүр. Қазақ еліндегі әр таптан, әр топтан шыққан жастардың да келешектен күтетін үміті, тілейтін арманы әралуан. Жәметей, Тоқтарлар бастаған топ:

– Бірлік баяғы ата-бабамыз көксеген ескі қағида. Қазы қалпында, хан тағында, төре төбеде болсын, шыр-шу шықпасын, қаймақ бұзылмасын... дегенді ұсынды.

Революционер Әлжанов, Әбіл, Сәкендер бастаған топ:

– Көні қураған ескі «Бірлік» темір торлы абақты еді ғой, адыра қалған ежелгі «қағида» құлдықтың қорғаны болды, өскелең өмірге үйлеспеді. Қазы, хан билеген, төре төбеде ойнаған дәуір еңбекші елдің еңсесін көтертпеді. Мәдениетті елдер мұндай тылтиған тар «шапанды» баяғыда шешіп тастап, өзіне шақ, бойына ылайық киім киді, біздің де сол бетке түсуіміз керек. Бұзылмаған қаймақтың қажеті не, жеп қызығын көрмеген соң? – дегенді айтты.

Күлтеленіп, ишаратпен айтылып келген ескі жанжалдың бүгін беті ашылды.

«Бірліктің» ережесі қаралды, осыдан үш жыл бұрын Әлжанов енгізген тармаққа тірелді. Сонда: «Үш жүз жылдай Россияны сорған борсық Романовтарды тақтан құлатып, іштен әскер келетін күн туса, біз де қару-жарак асынып майданға шығуымыз керек» делінген екен. Сәкен осыны қолдады:

– «Қару жисаң – мылтық жи, жаяу жүрсен таяғың, қарның ашса тамағың» – деп Қара Керей соқыр абыз тегін айтқан жоқ. Мылтық алып майданға шықпай теңдік жоқ. Россия патшасын құлатса, біз де олардың жемтіктесі: хандарды, би мен бекті «борсылдатып ит келмеске айдауымыз керек», – деді.

Жәметей жылан шағып алғандай түршігіп, орнынан атып тұрды: «Салпаң құлақ есектер мен қалқан құлақ қабандар өздерін жарылқасын, бізге бұл қол емес, есерсоқтар еліре береді», – деп шірене сөйледі, қарысып тұрып қалды.

Шаңытқан бет, шалқиған кеуде өлі аруақты елестеткендей болды.

Зілді кекесін, улы тіл енді тежелмеді. Сәкен ұтылауды қойып, бойын көрсеткен жауына тура салды:

– Сенің айтып тұрған «есегің» – қазақ еңбекшілері, «қабаның» – орыс жұмыскерлері ғой. Осы екеуі әлі саған табанын жалатады. «Күймей жүрген шығарсың – күйерсің, піспей жүрген шығарсың – пісерсің» – тарихтың дөңгелегі енді кейін дөңгелемейді... – деді. Сәкеннің сөзін жұрт дуылдай көтермеледі. Лашықтың іші дыбысқа толды. Жанжалды Әбіл Досмағанбетов өршітпеді. Сәкен ұсынған тармақтың дұрыс екенін дәлелдеді. Көпшілік қуаттады да қару-жарақ алып майданға шығуды мақұлдасты.

Бірігіп ақша шығарып, қой сойған еді. Бас салынған бас табақты Әбіл келіп Гуля мен Сәкенге тартқанда Жәметей тағы сөз шығарды:

– Шамдал сатып байыған сәудегердің қызы Гуляға табак тартудың қиығы жоқ-ақ – деді. Гуля қызарандап үндей алмай қалды. Жолдасын қорғап, Сәкен сөзге амалсыз араласты.

– Шамдал сатқан сәудегер еңбек істеген адам ғой, жеті атасынан бері қарай аузынан уызы арылмағандар, жатып-ішерлер емес пе? Бұл басты тіпті ұрының балаларына тартса кейбіреулердің жанына жағар еді-ау! – деді Сәкен. Шынында, Әбіл басты Сәкенге тартып еді, Жәметей де соған қырсығып отыр.

Екі ақын бәсеке сөзге кірісті. Жаманнан жақсы туатыны да, жақсыдан жаман туатыны да айтылады. Екеуін де жақтайтындар табылды. Жұрт екі жар болды. Ойыннан от шыға жаздады. Жәметей қарауыта түсті. Шалқиыңқырап басын көтерді де Сәкенге қарап:

– «Дүниедегі ең әдемі әйел де өз бойында жоқты бере алмаса керек», бұл француздың мәтелі, – деді. Алыстан орағытып Сәкенді тоса сөйледі, көп білетінін де көрсетіп өтті. Әдемілікті нысанаға алуы – Гуляны алуы, Гуляны да, Сәкенді де түйреудің түрі. Жұрт аңырап қалды.

– Оқыған итке жол бос қой, – деуші еді біздің елде Имамұса, – деп Сәкен жирене жымыды. – Бірақ әйелден жоқты дәмететін француздың бейбастақтары болар, біз ондайды естімедік, – деді.

Жұрт араға түсіп, екі ақынның шекісуін өршітпеді.

Топтың басшысы Әбіл Досмағанбетов: «Енді азырақ көңіл көтерейік, ақындар өлеңдерін айтсын, Жәметей, сен басташы», – деді.

Бет-аузы шаңытқан әппақ манардай Жәметей қасын керіп, шалқиыңқырап отырды да:

«Жігіті Кенесары өңшең бөрі,

Келгенде олардікі үйдің төрі...»

дей бергенде:

«Әу – әй, мына шіркін не дейді?

Жәметей, сонда сөйлейді,

Сөйлегенде бүй дейді...»

деп Сәкен күле көтермеледі, жұрт дуылдап кернеп кетті. Сәкеннің көтермелеуі кекесін тәрізді, Жәметей түсінді де соңын айтпай, ала көзімен қарады.

– Ал, Сәкен ақын, сен айтшы, – деді де, – әттең, домбыра жоқ-ау, Сәкен домбырашы еді, – деп Әбіл отырған жұртқа Сәкенді таныстыра сөйледі, өзінің бетін білдірді.

– Домбырасыз-ақ айтсын, – деді дембелше бұйра шаш
Тоқтар. – Кеу-кеулеп жұрт болмаған соң:

Ұқпас сөзді ақпа надан,
Су тоқтай ма елекке?
Ұғар сөзді байымды адам,
Тұрмай ма су шелекте? –

деп Сәкен Жәметей ақынға түйіле қарады. Әнсіз тақпақтап
айтқан өлең түсінікті болды, ел тағы сұрады:

...Жел, құйын, ағын, бәйгі көк,
Ұшқыр құс, құмай, атқан оқ,
Бәрі де жүйрік өзінше,
Көңілден бір-ақ жүйрік жоқ, –

дегенде, Әбіл орнынан ұшып тұрып:

– Міне, өлең осы, қандай рас, тебірене жазылған екен.
Енді, Сәкен сен, «Арқа сұлуына» шығарғаныңды айтшы, – деді.

Керіліп маужыраған ақ маралдай,
Сымбатың шашақ жарған өрім талдай.
Көмірдей оты жанған екі көзің
Бұраң бел, қырлы мұрын, жазық маңдай.
Меруерттей тістерінді жарқыратып,
Күлгенің нұрын шашып атқан таңдай.
Мамық төс, үлбір тамақ, қызыл жүзің
Алмадай албыраған кіршік шалмай.
Сұлуы Сарыарқаның ерке сәулем,
Беліңнен тал шыбықтай қыссам талмай... –

деп Сәкен көзінің құйрығын Гуляға қадады. Гуля бұл
өлеңді өзіне арнағандай көрді. Сарыарқаның кербез сұлуы

Жәзіраны білмеуші еді, қабағын наздана көтеріп, Гуля енді Жәметейге ұрлана көзін тікті. Бұрын өзі қызығып жүретін, еңселі ақын Жәметей осы минутта кішірейіп қалғандай, кере қарыс кең маңдайы қушықтау тәрізді. Ертеде есіне түспеген кемшіліктердің бәрі де қазір сайрап тұр. Жалқау да, әйенкес те, табансыз да, әулекі есуас та осы Жәметей ғой, сірә...

«Мықыр мойын,
Қысқа бойын,
Көріп тұрмын қанденнің...» –

деп кеше Жәметей Ғазизаны келемеждеп еді, бүгін көрсе қызар көбелек, жігерсіз делқұлының, иіліп-бүгіліп, сол Ғазизаға табынып отырғанын қарашы. Осы ойлар жанын кеміріп Гуля біраз толқыды, енді Сәкенге бұрылғанда көздері ұшқын шашты, таңдағанын тапқандай еді...

Дырду басыла қалды, ақылдасып тағы да топтанбай, жіңішкелеп тарасты. «Бірлік» ұйымындағы екі жік белгілі болды. Суысып жөнелді. «Бірлік» ұйымының ережесі осылай қабылданып, дырдуға түсіп, жыртылып айрылды.

II

Гуля мен Сәкен қалаға кірді. Қызды пәтеріне қолтықтап алып барғанда үйдің алды қаптаған қара тобыр кісі еді.

Ол кезде Омбыда үш түрлі қазақ бар. Бірі – оқушылар, екіншісі – кемеге жүк тиейтін жұмысшылар – екі иығына екі кісі мінгендей кеспелтек қаралар, үшіншісі – шолақ сәудегер-арбакештер.

Гуля әйелдер гимназиясында оқиды, Сәкен семинарияны жақында бітіріп шықты.

Жиналған топ лықсып қораға беттеді. Солармен қабаттасып Сәкен мен Гуля да кірді. Бұл – Гуляның жездесі капитан Танақаевтың үйі.

Кісілерді қарсы алып, иіліп сәлем беріп тұрған «алтын иық» тықыр қарасұр кісі. Жасы қырықтар шамасында.

Есіктен төрге дейін жайылған, қабырғаны айнала құрған қып-қызыл масаты кілем. Төңірегіне торқа көрпе, жібек көрпе төсеген дөңгелек қызыл-ала үстел, бетіне шашақты торғын дастарқан жапқан. Терезелеріне шілтерлі ақ жібек, айналасын шашақты қызыл жібекпен көмкеріп қойған екен. Осының бәрі ескі байлықтың тозығы жеткен сіріге мөлдіретері тәрізді. Қатарға жаңа кіріп келе жатқан орта ауқатты үйдің шағын торсығындағы жіліктің майындай тәтті қымыз сияқты емес, парықсыз байдың үйіндегі көгерген көнетоз сабада жиналып, іркітше ашыған бетіне «отау тігіп» шаңбарақ атып тұрған татымал қымызды еске түсіреді. Әбдіреде көп жатып, нафталин иісі сіңген ескі заттар бүгін ғана жарық көргендей күлімсі иісі аңқып, мұрынды жарады.

Осылай жиналған бес бөлмелі үйге әлгі қара тобыр жұмыскерлер, кәсіпшілер лық толды. Теңізге тамған тамшыдай болып екі оқушы бұлардың арасына сінді де кетті.

Сақалын қырып, ұзын мұрт қойған әскери адам топтың ортасында тұр. Жарқылдаған түймелері шамның жарығына шағылысқанда көз ұялады. Күтушілер осының әмірімен, көзінің қиығымен ілесе қимылдайды. Оның нұсқағанын екі етсе жаза басатындай жауаңдайды. Осы бір тікесінен тік сақиып тұрған тықыр қара сұр кісі бағанағы «алтын иық» екен. Бұл Жанұзақ Танақаев бұрын Омбыда кадетский корпусы тауысып, әскери академияны Петроградта бітірген зиялы - ханның ұрпағы.

Жиылған жұрт аң-таң. «Дастарқанын осынша кең жайып, мынау жайылған дүниенің үстіне бізді ойнақтатуы жай емес қой! Бұрын көшеде мойнын бұрмай сіресетін «алтын иық» бүгін кішіпейіл, моп-момақан, «қой аузынан шөп алмайтын» жуас бола қапты! Бұған не көрініп тұр? Әлде заман өзгерер бола ма? Жоқ, ондай атты күн қайда?!

Бұл өзі шетте көп жүріп, өз елін, өз тілін сағынған шығар...
Затына тартып, үйірін тапқан болар...»

«Егер шен-шекпен, сый-сияпаттан тояттап, торыққан болса, бұлай істемес еді! Байлығын көрсетіп, шенін, жылтыратпай-ақ, бәріне де елеусіз қарап, қымсынбай қасымызда отырар еді ғой! Жалтақтап, ұрлана төніп, қарақшыдай телміруін қарасайшы?! Мұнда бір сыр бар...» десті жұрт. Жас, кәрісі аралас шұбар топ түрлі-түрлі дағдарыста.

– Қасқырды қанша мәпелеп асырасаң да, ол тауға қарап ұлиды» – деген мәтел бар. Мен патша өкіметінен алтын шен, қамқа шекпен алсам да қазақпен біргемін, сол ниетімді көрсету үшін шақырдым, құрметті қонақтарым, енді сөге жамандамандар, – деп Жанұзақ сөзін бітірді. Біраз адам алғыс айтып, батасын да беріп жатыр.

– Оныңыз рас, ашықса жемтік іздеп, жалтақтап, тауға қарап ұлиды, ал бейбіт жатқан малды жеп тойған қасқыр төбенің басында шоқиып та отырады, – деп Сәкен зорлана жымыып, езуін тартты.

Ертісте кемеге жүк тиейтін тығыз денелі мосқал адам Сәкенді түртіп қалды да:

– Балалар, сөздерің дұрыс, қасқыр да түрлі-түрлі, адам да әралуан болады, бәрі өз орнында әдемі ғой, әйтеуір арты хайырлы болсын, – енді ұрықсат болса таралық, – деп орнынан түргеледі. Топ дуылдасып қош айтысып жатыр. «Алтын иық» Сәкенді жаңа көргендей тұнжырай қарады. Ұпайы кеткендей өкінді. Көздерін ойнақшыта құбылтып, арбай жымыып, құлпырып тұрған Гуля есік алдында Сәкенге қолын наздана созды. Азырақ аялдатып, әңгімелескісі келді. Сәкен кідіре алмай жөнөп берді, уақыт кеш еді.

Соңынан қуып жетіп, тақтай төселген тар көшеде Сәкен қатарласа бергенде:

– Шырағым, асықпай жүрші, – деді әлгі мосқал адам. – «Түсі игіден түңілме» – деуші еді, жап-жақсы бала екенсің, кімнің баласысын, бүгін мұнда қайдан келдің?

Сәкен өзін қысқаша таныстырды. Тап бүгін қайдан келгенін айтпаса да, кімге еріп келгенін мосқал адам сезіп тұрған тәрізді.

– «Қымызды кім ішпейді...» жаным, жассың ғой, ойнап-күлу жаман емес, бірақ қызарғанға шабатын, көрсе қызар болма! – деп біраз мүдіріп қалды әлгі кісі.

– Мен сізді түсінбей келем, – деді Сәкен, дыбысы қоңылтақтау шықты, – сіз «түсі игіден түңілме», – деп бастап – «қызарғанға қызықпа!» – деп бітірдіңіз, бұл қалай?

– Екеуі де дұрыс, шырағым, бірақ екі мағнада. Жаңағы үй жайнап тұр, Жанұзақ та әп-әдемі. Сен не түсіндің, балам? – деп шұқшия сұрады шал.

– Мен өз ойымды айтпай тұрып, сіздің ойыңызды шешейін, ақсақал, – деді Сәкен. – Сіз қазақ оқығандарының бәрі нашарды жақтайды деген ойда боларсыз. Әрине, мұныңыз да дұрыс, бірақ көптің ішінде... деп ол сөзін бітірмеді.

– Я, көптің ішінде арам шөп те болады, мен мына «Қаржас» аулында өскен адаммын. Омбыда тұрғалы жиырма шақты жыл болды, осы Жанұзақ Танақаев бұрын көшеде қазаққа үрке қараушы еді. Енді бүгін бізді өзі барып шақырды, осыны түсіне алмай келем, – деді Жұман шал.

– Сарыны теріс емес қой, күдігіңізді тағы шешейін, – деді Сәкен, – Әрине, мұнда бір сыр бар. Бұл Жанұзақ жақында Германия соғысынан келді. Бір «тықырдың» таянғанын ол біліп отыр. Шынында «қасқырды қанша мәпелеп асырасаң да ол тауға қарап ұлиды» – деген сөзі тура соның өзіне келіп тұр, – деп сылқ-сылқ күлді Сәкен.

– Шырағым, енді ырза болдым, әлгі «төбенің басында шокиып отырған қасқырдың» тап өзі екен ғой, топшылап едім, сөзді шиеленістірмей асығуым да сол еді. Ісің игілі болсын, балам, сен де көпке сүйен, «көп қорқытады, терең батырады, – дұрыс айтылған. Жанұзақ та сол көпшіліктен қорқып сыйлап отыр, бірақ оныкі еміркене жақсы көру емес, басын сағаттау сияқты, ал Гуля сол Жанұзақтың туған балдызы. Байқа, шырағым, арандама! – деді Жұман.

Жұманның сөзі Сәкенге көп ой салды. «Сұңғыла шал біліп тұр-ау, өмір жолы ұзақ жол ғой, келешекті күресте көрерміз, ал Гуля қалың бетегенің ішінде арагідік ұшырайтын ақ селеу шығар, көзге түскені болмаса, жолаушының игілі сапарына бөгет жасай да алмас, бірақ...» деп ойын тұжыра алмады жас Сәкен.

III

– Көлденең кеселге ұшырамай, аман келгеніңе қуандым. Қатты қорқып едім, – деді Бәтима, мөлдіреген көзіне жас іркіп, өзі осы аз күннің ішінде қартайып, шөгіп қалғандай.

– Апа-ау, әкей қайда? Ол кісі не қылып жүр, – деп сұрады Сәкен. Бәтима екі көзін шәлісінің шетімен сүртіп, басын көтеріп, баласына қарады да:

– Әкең байыды. Ел күйзелді де жемтік көбейді. Имамұса мен Әлсен абақтыда, Алтай Тоқаның малы Шәкеңнің қолында, ояздың тілмашы еді, енді атбекет болды, – деп күйіне сөйледі Бәтима.

– Рақымжан ағай не істеп жүр? – деп сұрағанда:

– Ол шын адам екен, ұл болып туғандығын – екіталай кезеңде көрсетті ғой, «бүлінген елден бүлдіргі алмаймын, мен енді атбекет емеспін» – депті. Қазір үйінде отыр. Жақында көтерілген көшпелі елді басу үшін «шолақ ояз» бес жүз солдат аттандырды, соған басшы болып сенің әкең де жүруге қамданды. Осы жағдайдың үстінде айрылысуға дейін барыстық. Бұрын «теңін» тапқан қыз атанып ем, енді сыртым бүтін, ішім түтін, шырағым, заты мен ой түзетпей, бой түзеткенді тапқан екем, тоқымай тіл біліп, шүлдірлеген сөзіне алданып, зерделі болып тумаса, үйреніп ақылды болу қиын шығар, сірә... – деп сөзін бітіре алмай булықты Бәтима.

1916 жылы оқуын бітіріп Сәкен Ақмола келді. Өзінің ескі ұясы Бәтиманың үйіне түсті. Бұғылы болысында мектеп ашылмақ екен, соған мұғалім болып белгіленді.

Күзгі сабақ басталғанша өкімет орыны оқыған Сәкенді халықтың санағын алуға жұмсады.

Осы қызметпен ол Ереймен болысына шықты. Болыстың үйінде өзінің бұрынғы мектеп жолдасы Елубай Жолаевты көрді. Ағасы бұралқы болыс, өзі тілмаш екен. Сол күні патшаның «июнь жарлығы» келді. Тілмаш Елубай оқып естіртті. Көшпелі қазақтан бұрын солдат алмайтын «батыр патшаң» жан алқымға келгенде, енді 19 жас пен 31-дің арасындағы қазақтың жастарын жинап қара жұмысқа салмақ.

Қара халық сендей соғылысты. Июнь жарлығы қара пәледей басты. Қараңғы халық бұқараның халі мүшкілдікке айналды. Түршіге қорыққан ел жанын қоярға жер таппады, үрке қашты, бүліншілік туды. Болыс пен тілмаш өкіметтің қолғанаты, халықтың қас жауы болды. Оқыған азаматына да халық сене алмады. Осы дүрбелеңге ұшыраған Сәкен, халық санағын ала алмай, босқа қайтты. «Патша өкіметінің жіберген тыңшысы, солдатқа алу үшін жастардың есебін апарып тапсырмақ екен», – деген әуезе тарады да, бұларға жұрт ат-көлік те бермеді. Сөйтіп Сәкен Ақмолаға жаяулап-жалпылап әрең жетті. Халықтың басына түскен ауыртпалық Сәкеннің еңсесін көтертпеді. «Енді не істеу керек» – деген толғақ шеңгелін батыра түсті. Осы ой жүрегін кеміріп, басын ара талағандай етті. Өсітіп қажып келген Сәкенге Бәтиманың әлгі сөзі «жығылған үстіне жұдырық» болды.

– Апа, мен елге жүрем, елдің басына іс түскенде бұғып қалуымның реті келмес, неде болса бірге көрейін, – деді де Сәкеннің өңі бір түрлі бұзылып сала берді. Тал шыбықтай бұралған жас Сәкеннің осынша тебіренгенін көріп, өзіне серік іздеген Бәтима үстіндегі ауыр жүкті бөліп бергендей сергіді.

– Жүрсен жүр, балам, жолың болсын. «Ұл туса елдің ырысы», деген емес пе! Сыбағама тиген Шәкенді өзім-ақ дөңгелете берейін, сен сөйлеспей-ақ қой, алыстан сыйласу, көрісуге жақсы, – деді Бәтима. Сәкен тез жүрудің қамын істеп, қоштасып үйден шыға бергенде:

– Сәкенжан-ау, тұра тұршы, ұмытып барады екем ғой, мына бір қағазды кеше, көшеде Пантелеймон берді, өзі болыспен бірге суыт қайтып бара жатыр екен, осыны құпия тапсырыңыз, тірі жанға білдірменіз», – деп үш қайтара айтып еді, – деді де Бәтима омырау қалтасынан төрт бүктелген бір кірлеу қағазды ұсынды. Қағазды қолына ұстап Сәкен атқа қонды.

Кеше қолында өскен қаршадай Сәкен бүгін томағасын алған қырандай түлеп ұшты. Кілегей қара бұлтша төніп сахараға бет алды. Баласының соңынан қарасы үзіліп кеткенше қарап тұрды да Бәтима: «Жортқанда жолың болсын, жаным!» – деп көзіне жас ірікті.

IV

Түн ортасы ауған шақ. Нілдідегі шетіректеу тігілген қара күркеден от жылтылдайды. Үйдің іші қара көлеңке. Үш адам күбірлесіп сөйлесіп отыр. Сыртта екеу қараңдайды. Бұлар аттарды отқа қойып, баяу күйбеңдейді. Жан-жағына сығалай қарап, күркені айнала береді. Сәден мен Матай екеуі еді. «Дядя Коляні ортаға алып үйде отырған Сәкен мен Иван Николаевич Лазарев болатын.

– Менің хатымды Бәтимадан алған екенсің ғой, осы жерде кездескеніміз жақсы болды. Халық ортасы тулаған теңіз толқынындай, қай жағаға соғарын білмейді. Өмірдің үлкен дауылы алдымызда, ойласатын мәселелер де көп. Арқа тірейтін күшіміз – жұмысшылар. Олар түсінеді... Коляны да осы жерде кездестірдім. Енді біз... дей бергенде Лазаревтің сөзін бөліп:

– Жұмысшылар арасы жақсы, Роман Николаевичты биыл Спасқа жібердім. Үгіт үдере жүруде. Россия бір шаң берсе, өре түргелуге дайын отыр. Ал, сендерде қандай жаңалық бар? – деп сұрады «Дядя Коля», бұл Роман Николаевичтің әкесі – Николай Васильевич Склянкин еді.

– Ереймен көтерілісіне астыртын қатынастым, халықтың рухын көтеріп, дем бердім, Ақмоладан Қорғалжынға жастарды жібердім, ереуілге шыққан елді қарусыз арандатпай, астыртын ұйымдастыр деп тапсырдым. Ақмоладан шыққан соң, жолшыбай Захар поселкесінде Омарға жолықтым. Ол өзінің тамыры Феоктистің шиті мылтығын сұрап отыр екен. Мені көргенде қуанып кетті де: «шырағым, әкеңе сәлем айт! Сарыадырға халық жиналып жатыр, қазақтыққа шабамыз, қару аз, құр айбалта, екі мың адамда бар болғаны төрт шиті мылтық, он екі «қосауыз», екі сапы бар... бұл аз ғой, сенің әкеңнің мендей бажасына көмегін беретін жері енді келді, – деді.

– Ом-еке, қажымаңыз, қару жеңбейді, жігер жеңеді, Қорғалжын кісілері де сіздерге келіп қосылады. Біздің жақ та осылай ойысу керек. Бір ауызды болыңыздар. Нілдіден қару-жарақ жібертейін, – деп Сәкен Омарға қуат бергенін де ескертті.

– Сәкен, сенің Омарға берген уәдең орындалды. Николай Васильевич Нілдіден алпыс винтовка, он екі «алты атар», жиырма бір қылыш жіберді, сол қару-жарақ кеше төңертең Сарыадырға жөнелді. Біздің ел де солай көшті. Көктің көлінде Кәкен үйі шошайып жалғыз қалды. Мен сытылып осылай кеттім. Кәкен болыстың үйін халықтың қаһарынан «қорғайтын» әскер апармақпын, – деп қарқылдай күлді Лазарев.

– Мен Бұғылы болысына мұғалім болып белгілендім. Ол Ақмоладан алпыс-ақ шақырым жер. Енді соған барғым келмей тұр. Басшысы жоқ осы қазақ елі жасанған жауға қарсы шыққанда босқа қырылады ғой, соның ішінде болып, көмегімді беріп, неде болса бірге көргім келеді, – деді Сәкен.

– Жоқ, бала, бұл болмайды! «Батыр бір оқтық». – Сенің керек жерің бұл емес, алыстан көмектесуің де жетеді. Біз 1905 жылғы Петроград көтерілісінің де немен тынғанын білеміз. Сен жастарыңды оқыт, бұл жақта тәжірибелі адамдар бар, солар басқарады, – деді Лазарев. Осы жолы қабағын шыта сөйледі.

– Иван Николаевичтің сөзіне мен де қосылам, елім надан еді, босқа қырылады, – деп күйзеліп отырсың-ау, Сәкен, оның заңды, бірақ қуғын-сүргінді көп көріп ашынған бізге орыс, қазақтың айырмасы жоқ, ендігі міндетіміз күллі поселкені ауылға жәрдемге шақыру. Ынтымақсыз игілі іс бітпейді, «Ұшқыннан жалын тұтанса» мақсат орындалмақ, – деп түйе сөйледі Николай Васильевич.

– Таң атып қалды, ат жегіліп даяр тұр, – деді Матай. Лашықтың сыртынан күзетіп жүрген Сәден мен Матай үйге кірді. Сәкен түргелді. «Сәкен, сен өзіңе өзің берік бол, жастарды оқыт!» – деді Лазарев салмақпен.

Сәкен үйден шыққанда түн көрпесі түріліп, жазғы таңның арайлап келе жатқан кезі еді. Достарымен өткізген түнгі әңгімеден кейін көптен бері көңіліне ұялаған қара бұлт та аздап ыдырағандай болды. Осы таң сәулесінде селт еткен көңіл қуанышы, Сәкеннің ақша мандайын жадыратып, жегулі ләшенкеге жеңіл мінді. Қарсы алдында тұрған достарының Сәкенге үміттеніп қараған көз жанарларынан да көп сыр ұққандай еді. Осы кезде Лазарев оған қолын қайта ұсынып:

– Жолың болсын! Енді сен мына жаңа күш – жастардың ұстазы екенінді ұмытпа! – деді.

– Мен сіздерді де ұмытпаспын, – деп Сәкен басын кері бұрғанда Матай божыны қағып келіп қалды. Ләшенке сырғанап жөнелді. Алдында мұнартқан кең дала жатыр. Сол даланың құшағында өзінің туған елі дүрлігіп жүр. Алдарында талай тар жол, тайғақ кешулер бар...

V

Бұрын әскерге кісі бермеген көшпелі қазақ елі, патшаның июнь жарлығын естігенде тулаған толқындағы сендей соғысты.

Балаларын Герман соғысына ылажсыз аттандырып, күн сайын күңіренген поселкелер де осы толқын үстінде ауылмен қол ұстасты. Қайғыны қайғы қиырдан түсінді.

Халықтың басына келген осы ауыртпалықты құлағымен естіп, көзімен көрген, ішінде болған Сәкен әр алуан ойда келе жатыр.

«...Көңілім ауыр жүктен бір құтылар,
Кек арылып, көкіректен ұмтылар...» –

деп қайраттанды Сәкен.

«... Ерекше естен кетпес қызық қайда?
Жолығатын қыз қайда, терең сайда?
Сұлулығын қояйын, мінезі артық,
Ақылды, асыл жүрек, сөзі майда...»

деп ыңылдағанда Матай елең ете түсті.

– Сәкен-ау, әне қарсы алдынан шықты, жолың болды
– деді.

Сарыадырға қарай беттеген қалың көш өтіп барады екен. Көштің соңында қалып жарысып келе жатқан қыз, бозбалалар тобы. Елегізіген ел ұшырасқан «қараны» құр жібермейді.

Үстіне үр жаңа барқыт шапан, басында үкілі камшат бөрік, күрең бестіге мінген Жәзира атының басын ләшенкеге қарай бұрды. Тізгінін тежегенде жарау күрең бесті ауыздығын шайнап, алдыңғы екі аяғын кезек көтеріп, билей бастады. Қызғалдақтай құлпырған. Арқаның сұлуы Жәзираны көргенде Сәкеннің жүрегі аузына тығылды.

– Көш көлікті болсын, Жәзира, – деді Сәкен.

– Рас, Сәкен аға, «болмашыға сүйініп, күлкі бағып, жақсы киім киініп, үкі тағып, тайға мініп, тойға шауып» келе жатқан біздей даңғазаларға «Көш көлікті болсын», – деуіңіз орынды. Бірақ күлкінің бәрі қуаныш емес, көтерілген үннің бәрі ән емес қой. Мүмкін, бұл «бой жасау» шығар. Сарыадырда жұрт жиналып жатыр, қазақтыққа шабуға түндіктен біреу шықпақ. Әкемнің ұлы да, қызы да мен... – дегенде Жәзираның дыбысы дірілдеп шықты.

Аржағын айтпай түсінді де, Сәкен өз қатесін мойына алғандай болды.

– Сапарларың оң болсын, Жәзира, сені бүгін тойға жіберіп, бастаңғысын мен істесем, ертең ұлы дүбірге мені аттандырып, тоқым қағарын сен жасарсың, – деді де Сәкеннің көзі сығырайып, кішірейіп кетті, езуіне мысқыл күлкі жинала қалды «Қош болыңыз?» – деп жалт бұрылған Жәзираның соңынан қуалай қарады, соңғы рет артына жаутаңдай қараған Жәзираның жасты көзі Сәкеннің жанын қытықтағандай еді.

– Арқаның сұлуы Жәзирадай қыздан көш-жөнекей айрылып, құлазып келесің бе Сәкен? Тірі болсаң әлі талайына кездесерсің, ұмытып та кетерсің, – деп қалжыңдады Матай.

– Шіркін өзі, шешен де, әдемі де, ер де екен-ау!? – деп таңырқай тебіренді Сәкен.

Жарқ етпес, қара көңілім не қылса да,
Аспанда ай менен күн шағылса да,
Дүниеде, Жәзирадай маған жар жоқ,
Оған жар менен артық табылса да...
Күшік ит бөрі ала ма жабылса да?
Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да,
Оған да үкі, тұмар тағылса да... –

деп баяу әндетіп келе жатқанын естіді де Матай тағы іліп ала жөнелді.

– Күйзеліп келесің-ау, балақай, өлеңің жақсы екен, тағы айтшы, – деді.

– Абайдың сөзі ғой, – деп Сәкен бір күрсінді де ойға шомды.

«Қыз екеш қыз – Жәзира жауға шабады, мен басымды сағаттаймын, бұл қалай? – деп бір толқыды. «Өмірді көрген, ысылған революционерлер: Иван Николаевич пен Николай

Васильевич Склянкиннің сөзі анау, ұлы дүбір ілгері, Россия қозғалғанша күту керек», дейді, – я оған дейін халқым қырылып қалса мен кімге тұлға болам? Германияның азуы батып, ашуланған жалмауыз ақ патша азғантай елді үйітіп жіберсе не болды? Жоқ, бұл әшиін қоқан-лоқы шығар, негізгі әскер соғыста жүр, бұл некен-саяққа ауыл-поселке бірігіп қарсы тұрса, шығын көп бола қоймас, Лазаревтердің де ойы осы болар... деп бекітті. Ілгері тарта берді.

VI

Захар поселкесінің приставы, ұры көз, шиқандай күрен Ботников қуақы залым адам. Мұны жұрт «сеспе көз, әшәдды пристав», – дейді. Сол пристав Сәкенді сағынғандай қуанып қарсы алды, осы өңірдегі қалың елдің ішінен шыққан үш оқығанның бірін өзіне кісі етіп алмақ. Ботниковтың ыржақтай күліп, мәз бола қалуы да осыдан еді.

Тамақ ішіп, тыныққаннан кейін кешке таман Сәкен осында тұратын дүкенші ноғай Муксинов Кәрімнің үйіне барды.

Жесір кемпір, бір жас бала екеуі отыр. Сол кемпірдің екі үлкен баласы солдатқа кеткен екен. Сәкен келген соң жаңағы жас бала гармонь тартты.

«Қалың бұқара, езілген елге қорқыныш кірді, сонда көзі ашық азаматы Сәкен сол сорлылардың қасында бола алмады. Көкірек күйеді! Күресуге дәрмен жоқ! Күш қайда?...» Осы ойлар жегідей жеп, турасын тауысқан ақын Сәкен, баласынан айрылып қамыққан жесір кемпір екеуі отырып сарнаған күйді тыңдады. Жылаған күйге үн қосып, елжіреген жүрек лоблыды. Сезгіш тамырлар еңірей бастады. Жан қорғасындай балқып, көз-жасы селдей саулады. Күйінді жүрек, ашынды жан! Еңіреген күймен елігіп шерлі кемпір боздады. Сәкеннің көзіне де ыстық жас іркілді, шыдап бағып еді, кернеген қасірет қоймады, ерітіп әкетті. Көздің жасы сорғалай жөнелді... Аздан соң сорлы кемпірге қарай алмай, Сәкен шығып кетті...

«Бастым бақыр ақшаға,
Жүгіріп түстім бақшаға,
Жиырмаға келген шақта,
Керек болдым патшаға...» –

деген әскерге кетер алдында айтқан ағасының өлеңін бала гармонға қосты. Осы өлең Сәкеннің құлағында қалды.

Шер пернесін шерлі ғана ұғады.

БЕСІНШІ ТАРАУ

РЕВОЛЮЦИЯНЫ ҚАРСЫ АЛУ

I

Дүрбелең әлі басылған жоқ. Халықтың басына түскен ауыртпалық Сәкеннің еңсесін көтертпеді. Осы аласапыранда өзінің туған елі қойдай маңырап, қозыдай шулады. Ақ патшаға қарсы көтеріліс ашып, кебенек киіп, айбалта алып құрылған зеңбірекке құр қол аттанды. Қазаттыққа шауып, қан майданда оққа ұшты. Көтеріліске мұрындық болған ел басшылары – Ақмолада абақтыда жатып дүреден өлді. Дене жараланды да, жан ашуы күшейді. От алған рух сөнбеді. «Қап» бәлем, сені ме!» – десіп кіжінгендей, жараксыз жәбірленген халық кімнің жау, кімнің дос екенін анық білді. Бұл – 1916 жылдың күзі еді.

Осы қазақ елінің басына келген сын сағатында жапанға біткен шынардай – оқыған азамат жалғыздығын сезді. Жасанған жаудан бой тасалап жүр. Нәзік жүрек, сезгіш тамыр шертіп қалса үзілгелі тұр, азырақ леп берсе сарнап жылауға да даяр еді. Қалың тұманның құрсауында адасқан қозыдай Сәкен не көтерілген көптің ішінде емес, не оған қарсы шыққан болыс пен старшин, приставтар бас қосқан төбел таздай топтың ішінде де жоқ. Күллі дүниеден жырылып бір бітеу аралда жалғыз қалған жан сияқты.

Жаппай қазақ елінің он тоғыз бен отыз бір жастағы балалары тізімге ілінгенде болыс, старшин, аксүйек төрелер тізімге ілінбеді, қара халықтың басына әңгір таяқ ойнататын әкімдерге ақ патшаның өзі қамқорлық істеді.

Сәкеннің осы тізімге ілінбеуінің екі себебі болды: біреуі Сәкен елден қарасын үзіп кеткелі он шақты жыл өтті. Түндік санына кірмей қалды. Екінші себебі Пантелеймон Федорович Дудкиннің жәрдемі тиді.

Бір күні болыс Кәкен тізімді тілмашына оқытып өзі тыңдады. Кім бар, кім жоғын білгісі келіп еді. «Сейфулланың әлгі безер баласы неге жоқ?» – дегенде «өзіңіз естімей қалдыңыз, мен оқып өттім» – деп Пантелеймон іркілмей жауап берді. Тілмаштың бетінде өтіріктің белгісі көрінбеді. Сонымен мөр басылып, осы тізім Ақмола кетті. Ол тізімге Сәкен кірмей қалып еді.

Сәкен Ақмоладан алпыс шақырым жерде бала оқытты.

Қылқан кескендей жастарды көгендеп алып жатқанда соларға басшы болып Сәкеннің кеткісі де келді. Жібермеген тағы Пантелеймонның сөзі еді. «Қиындық көрмеген, ысылмаған ел – жаман ел. Көрсін олар, түсінеді сонда. Жауды біледі. Сен әлі керек боласың, таң атады...» – деді.

Сонда да Сәкен тек жатпады. Сол 1916 жылы күздігүнгі Ақмола оязының бастығына сергелдеңге түсіп үркіп жүрген, бүлінген елдің ішінде болып жатқан жәбіршілікті айтып астыртын хат жазды. Хатының соңында: «кім біледі, әлі әділдік те келер, жауыздардың да жазаларын тартатын уақыты жетер...» – Манап-Шәмил¹ алыстан айбат шекті. Азулы аюды камшының сабымен нұқып қорқытқандай болды.

Сәкен күндіз бала оқытады, әнші Шақыштың үйінде жатады. Шақыш өзі кедей, сері, домбырашы, әнші адам. Орынбордан «Қазақ», Тәшкенттен «Алаш» келе бастады. Осы газеттердің бәрін де сіміре оқиды. Тыжырынып та отырады, лебін сыртына шығармайды. Тәуір көретін, сүйсініп оқитын журналы «Айқаптың» соңғы номері келіп, жабылатынын естігенде, Сәкен «Әй-қап» деді, қатты қынжылды.

¹Манап-Шәмил - Сәкеннің бүркеншік аты.

Қыстың іші, март айы, 1917 жылға қарай өрмектің жүзі ауды. Нұраның жағасындағы кемердің бетіне орнаған әнші Шақыштың кірпіш үйі. Шақыш домбыра тартып, ән салып отыр. Қою қара мұртты, қиық қас, тұңғыық қарала көз Сәкен төңкеріле қарайды.

Жүгіріп үйден шықтым қыр басына,
Өнерім жеткілікті бір басыма,
Дос болып қас болғаннан сақта құдай,
Қасқыр да қас қылмайды жолдасына-ау,
Халыяяку лиляляй, лиляляку лиляляй, лиляляй... –

деп Шақыш әнін аяқтай бергенде, ағаш есік шиылдап ашылды да, қырауытқан қонақтар кіріп келді. Сейфулла мен Ұйтқыбек еді. Амандасып, жайласып отырғаннан кейін әңгімеге кірісті.

Бұлар дуанға шақыртумен келе жатыр. Кім шақырғанын, не үшін шақырғанын өздері де білмейді. Ауылдан шығарда Қарашілікке Пантелеймон келіп, Сейфулланы жеке шығарып алыпты: «Ешкімге айтпаңыз, заты, «Жезмойын» туралы жұмбақ сыр болар, жолда Сәкенге түсе кетіңіз, ол ақыл айтар» – деген екен. – «Жақында өзім де барам, қорықпа!» – депті.

Сәкен алғашқыда азырақ түршіксе де, үрейленіп отырған екі ауыл қазағының зәресін алмау үшін жадырай сөйледі. «Ешнәрсе ете қоймас...» деді. «Е, бәсе...» дегендей Сейфулла мен Ұйтқыбек біріне бірі мақұлдата қарасты. Оқыған Сәкенді асқаралы тауындай көруші еді. Жүректері тиянақтап, әр жағына «ел қонып» тояттағандай болды. Кіселерін шешісіп, жайғаса отырды.

– Қандай хабарларыңыз бар, қазір ел іші не болып жатыр? – деді Сәкен.

– Өй, Сәкенжан-ай несін сұрайсың, ел әлі күнренуде. Мойыны қашық біздің қыр елінен көрі мына ойдағы ел қатты күйзелуде, – деп шықшытын қимылдатты Сейфулла. Шақыш пен Сәкен құлағын тіге қалды. Бір тосын уақиғаны күтісті. 1916 жылғы дүрбелеңде соны сөз көп болды – күнде жаңалық еді. Алып қашқан өтірік те, ұзынқұлақ неғайбіл хабар да сағат сайын дүңкілдеді, сол тар кезеңнің әлі зардабы арылған жоқ еді.

– Біз түсінбейтін жағдай көп қой, Сәкенжан, – деп Ұйтқыбек толғай жөнелді. – Өткен күзде біздің Тоқа көтерілді. Сарыадырда екі мың қол жиналды, айбалтасын алып, кигіз кебенек киіп, қыл шылбырмен денесін шандып алып, осы ереуілге біздің бершіл Омар да шықты. Үш баласын ертіп қазаттыққа шапты. Винтовкалы бес жүз солдатты қамады. Ақырында төрт кісі окқа ұшты да, қалған ел тым-тырақай қашып құтылды, ел басшыларын көк арбаға байлап әкетті. Солардың ішінде әлгі Әлсен де бар. Соңынан бес жүз солдат тағы шығып елдің басына әңгір таяқ ойнатты.

Кеше сол Әлсеннің сүйегіне кез болдық. Елге алып бара жатқан «бершіл» Омардың өзі екен. Әлсен абақтыда дүреден өліпті... дегенде Ұйтқыбектің сөзін бөліп жіберді Сейфулла:

– Өлер Әлсен өлді ғой, құдай рахмет қылсын, өлмей қалғандардың да құр сүлдері отыр, – деді.

Сейфулла қамығып біраз үнсіз отырды. Кеше өзі көрген бажасы бершіл Омар есіне түсті. Көзінен сорғалаған моншақтай мөлдір жасы Омардың бұжыр бетін айғыздай аралап, сақалына сіңіп тарамданып ақты, сөйлеуге аузы илікпей еңіреген, сол қара шұбар шал Сейфулланың көз

алдына келіп тұра қалды. Әңгіме былай екен: Былтыр күздігүні осы Омардың «қара тізімге» төрт баласы ілігеді. Басына ауыр күн туған Омар балаларын жаудан алып қашып, күздей үркеді. Содан мына «Жалаңбұт» деген жерде бес жүз солдаттың қолына түсіп, барар жері, басар тауы қалмай, мекеніне қайтады. Қыстауына кіріп, өлімге мойын сұнып отырып Омар әлемет бір ойға келеді. «Төрт баламды бірдей солдатқа бергенше, оларды өз қолымнан ақжуып, арулап көмгенім мақұл», – деп шешеді. Сөйтіп үлкен үшеуінің білегін тіліп, алмас салады. Оқыған кіші баласы Әшім Ақмолаға қашып кетсе керек. Алмастың уы жайылып, балалары ісіп-кеуіп дөңбекшігенде Омардың жаны түршігеді. Шыдай алмай ауылдың сүтін жинатып, «ауру» балаларын ыстық сүтке салады. Сүт қап-қара болып ұйып қалады. Удың зәрін сүт қайырады, балалары бері қарайды. Осындай ауру-сырқау кезігіп, сандалып жүргенде не старшын, не болыс, не пристав бірде-бірі келмейді. Омардың балалары сауыға бастаған кезде ауылға шүйделі старшин тізімін бөктеріп жетіп келеді. Кеше қол жинап патшаға қарсы тұрып, қазаттыққа шапқан, қаны қарайған Омардан старшин сескенеді де, үйге жылмандай кіріп, «сізді пристав шақырып жатыр», – дейді. Пристав Батниковтан қорыққаны сонша, жуып аязға жайып қойған көйлегін Омар отқа қарсаламастан, қаудырап қатып тұрған мұздай күйінде жалаңаш етіне киеді. Қысылшанда кісі ауырмайды ғой. Батниковқа барған жерде «тамыр», – деп елбелектеп қолын ұстайды, астындағы атын «сыйға» тартады. Старшин өзінің ағайыны екен, соның шанасына отырып кетеді. Приставтан «аман» құтылып, енді старшынға жем болады.

Сол күні, старшынға туыстығын түсіндіре келіп, үстіндегі шекпенін шешіп береді, әйелі ұл тапқан екен, әлгі шекпен соның «көрімдігі» есебінде кәдеге асады. Сөйтіп, әйтеуір үлкен екі баласын болыстың «кірекеші» етіп жаздырады да, солдаттан құтқарып алады. Омардың сергелдеңі мұнымен бітпейді, енді үшінші баласы тізімдегі көппен бірге Қараөткелге кетеді. Қараөткелге жиырма бес шақырым калғанда Тайтөбеде әлгі баласына бір стакан темекінің езген суын аш қарынға ішкізеді. Сонсоң жиырма бес шақырым жерге жаяу айдап апарып, сол күні приемға салады. Бусанып ісініп барған баласын дәрігер «жарамды» деп алады да қояды...

Сейфулланың бұл әңгімесін бәрі де түршіге тыңдады. Әсіресе Сәкен ауыр толғанды. «Осындай отты күндерде халық қайғысына ортақтаспай, оқшау шетте жатқаным мынау. Ең болмағанда елдің «оқыған азаматымыз» – деген сенімін ақтамадым», – деп күйзелді.

– Надандық құрымай, теңдік жоқ, мен жастарды оқытып, елдің көзін ашуға кірістім. Жалғыз едім, серік іздедім, – дегенге тиянақтады Сәкен.

– Жоқ, өтірік айтасың, сен қашқынсың, ал қашқын опасыз болады, опасыздықты жалғыз еліне ғана жасамайды ол, сөзіне де, ойына да, туған ата-анасына да опасыз болады. Басынан құлдайын: кеше сен тартысқа түстің, Жәметейден айырылып, Әлжановпен бірге қалдың. Оның бәрі сөз еді ғой. Өз заманындағы адамдардың талайын көрдің. Сорлы жұмысшы Сәденнен бастап, «алтын иық» Жанұзаққа дейін араладың, бәрінің пиғылын байқадың. Тура іске кезіккенде бітіргенің осы ма? – деп ұзданы шүкшия сұрағандай болды.

– «Айтқаның рас, катем бар шығар, бірақ жасанған жауға қарусыз аттансам надан, делкұлы дер едің ғой,

көп жерде сезім билеп менің толқығанымды да көрдің, сонда «қой-қойлаған» да өзің емес пе едің? Ұмыттың ба? – деді Сәкен: – «Долы дауыл күңірене көтерген көлдің де толқыны басылатын күн туар! Зілзілә соғып дүңкіп жарылған жердің де теңселуі тиылар-ау! Басына қара бұлт төніп, күйзелген елдің де толқуы басылып, жадырайтын күн болар! Ел-жұртынан алыстап құлазыған ердің де таңы ататын мезгіл туар! Кернеген шерлі көкірек күңіренуден де айығар әлі. Сонда да сенің ыстық жүрегінді тербеткен қасірет толқыны оңай басыла қоймас-ау! Асықпашы, албырттық жасамашы, «сен әлі керексің, күнің туғанда, ұрымтал жерде қимылда!» – деп едің ғой, мен сенің айтқаныңды орындадым, айыбым қай жерде? – деп Сәкен сұрлана түсті.

Сәкен осы кезде домбыраны қолына алып, шертіп-шертіп жіберді. Бәрі де қалың тұманнан арылғандай жадырады. Еңсені жанышқан жабырқау айығып кетті.

Қонақтың үстіне қонақ, Сәкеннің мектептес досы Бәкен Серікпаев келді. Сәкен орнынан ұшып тұрып, құшақтаса кетті. Сағынысқан достар көпке дейін мауқын баса алмады.

– Сәкен, шүйінші сұрағалы келдім, – деді Бәкен шешініп жатып, – мені жіберген Абдолла мен Жұмабай! Ал Иван Николаевич Лазаревке жаңа жолшыбай Аксеңгірдің асуында жолықтым, әйтпесе соны іздеп Нілді болысына бармақ едім, – дегенде тықыршып отырған Сәкен шыдай алмай:

– Не болды, қандай жақсылық бар? – деді ынтыға.

– Патша тақтан құлады, одан артық қандай жақсылық болады? Өзі қашып кетіпті, – деді Бәкен.

Сәкен әсерленіп, ажарлана түсті. Қуанғаннан сөйлеуге еріндері ілікпеді. Биіктігі бұлтпен тірескен, аспанға

тіл қатқан заңғар шыңның басына шыққандай болды. Жүрек қалтырап соғуда, лүпілдеп дірдек қағады. Таң жарқырап атып келе жатқандай, құшағын күнге жайып шаттана ұмтылмақ, нағандықтың шеңгеліне түсіп, қаннен-қаперсіз ыңырана ұйықтап жатқан қалың елді қуантып ұран салмақ! Салынды тасыған өзенге бөгет бола алмас! Үш жүз жыл тепкіге түсіп, әбден ашынған еңбекші ел басын қосып, жеті басты жалмауыз құзғынды бәйтеректен домалатты. Зор қуаныш күні туды.

Бостандықты қарсы алуға асығыс аттанбақ. Сәкен домбыраны өзі шертті, жүрегі өрекіп, көңілі тасығанда, шабыттанған ақынның аузынан өлең өзені тасқындады:

Кел жігіттер,
Болыңдар ер,
Жүйткіт,
Орғыт тұлпарды!
Жаз қанатты,
Сілте қатты,
Ұйтқыт,
Өрлет сұңқарды!
Екпіні үнді,
Қызыл сымды,
Домбыраны алайық!
Кезіп қырды,
Қосып жырды,
Күңіретіп ән салайық!... -

деп толғап кеп қайырған Сәкеннің үні осы жолы бұрынғыдан ерекше шықты, күңірену емес, қуанышты көңіл күйінің сарыны шалқиды. Оның ән ырғағымен бірге жадыраған өң шырайында да келер көктемнің

сыры жатқандай. Айналасындағы тыңдаушылар да тына қалыпты. Барлығы Сәкеннің осы «Кел жігіттер» – деген әнін ұғып алайықшы» – дегендей құмарта тыңдайды. Жаңа ән, жаңа ырғақ, сол күннен бастап сұлық жатқан кең далаға қуаныш хабаршысындай тарай бастады...

II

Қыстай қымтаған қалың көрпесін сыпырып алғанда жердің беті булыға қарауытып, бусана тершігендей. Ойдым-ойдым саздау жер қабыршақтана тобарсып, ырсиып-ырсиып көрінеді. Күншуақтағы құмайт дегдіп те қалған еді.

Таң сәріде қара малдың мекіренгені, ыңырсып ішін тартқаны елегіте естіледі. Түн бойы толғана көтерілген әуеннің ырғағы, дыңылдай шертілген домбыра күйі маужырай қалғыған сахарадағы ауылды, тынысын ішіне тартып, құлазыған ен даланы әлі де әлдилеп, ырғап тербегендей. Осы күйге делебесі қозған Сәкен әндете қосылып, Қараөткелді бетіне алып, ілгері тартты. Бұл 1917 жылғы күліп туған көктем еді.

Сәкен келіп Мұқымбайдың жесір кемпіріне пәтерге түсті. Ақмола желсіз ұйтқуда. Сәкеннің өз өмірінде бірінші рет кезіккен бірқилы соны дүние тәрізді. Демін ішіне тартып түнерген қала қалың ұйқыдан оянғандай, жанданып, жадырай түскен. Көше бойы көңілді халықтың кескінінде шаттық лебі білінеді. «Патша тақтан құлады, ақ түйенің қарыны жарылды...» деседі. Жұрттың еңсесі көтеріңкі. Күнде жиылыс, шешендер күнде сөз сөйлейді. Осындай ұлы кезеңде қамаудағы ой ағытылып, күрмеулі тіл еркіндік алғандай. Еркін, айқын дауыстар естіледі.

Ақмолаға Омбыдан уақытша өкіметтің уәкілі комиссар Петров келді. Билікке таласып, «бұрынғы Ақмоланың қожайыны «шолақ оязбен» айқасып жүр. Қазақ-орыс станицасын билейтін атаман Кучковский қайысар қу емес. Земствоның бастығы эсер Чернов мына Елубай Жолаевпен бас қосып, бұлар да дүрлігуде. «Қалалық думаның» бастығы Ярушин де өзінше әрекеттенуде. «Мұсылман бюросын ашам», – деп әңгүдік Шәріп Ялымов та еңтігуде. Осындай қарбаласта «Қазақ комитеті», «орыс комитеті», – болып ұйымдасты да, бұлар да тартысқа түсті. Орасан ұйтқудың кезі еді.

Алыстан аңсап жаңа дүниеге құмарта келіп киліккен Сәкен бірте-бірте барлық жағдаймен танысты. Пікірлес достарын жинады. «Қазақ комитетінің», жанынан «Жас қазақ» ұйымын құрды. Жаңа түлеген жас сұңқарлар басын қосып, жиналыс ашты. «Жас қазақтың» председателі: Сәкен Сейфуллин, мүшелері: Абдолла Асылбеков, Бәкен Серікпаев, Жұмабай Нұркін, Біркей Айбасов еді. Сәкен кеудесін кернеген қуанышын, алдағы міндеттерді осы жиында ақтара айтты. «Жолдастар! Шықсақ төбеміз, түссек шұқырымыз бір – ұзақ сапарға аттандық, жолымыз игілі, ісіміз адал, сөзіміз шын болсын! Талай сұрқиялық алдау-арбауды басынан кешіріп, әбден аузы күйген, езіліп келген еңбекші еліміз бар, шындықтан басқаның бәрін олар естіген, таксіретін тартқан! Алғашқы кезде олар бізге де сенбес, күдіктенуге жаттыққан жан – қалыбына тартар, арамзалардың ауқымына көніп, өтірік арыз берушілер де табылар, осындай жәйттер кезіккенде де ізін тауып індете білейік!.. – деп неше алуан ойын жинақтай айтты. Жаңа жағдайды халыққа жете түсіндіру жөнінде өзара келісіп, уәделесіп тарасты.

Орыс жастарын ұйымдастырған Катченко, Ананченко, Монин, Павлов, Петрокеев, Лазарев, Бочоктар еді. Татар жастарын басқарған Нұралин, Бекмұхаметов, Бахтиозиндер болды.

Ауызға қақпақ, мұрынға сірге, қолға кісен, аяққа тұсау салып тұмалдырықтаған ескі дүние түбінен қопарылып, астан-кестен болды да барлық жараның аузы осылай ашылды.

Жастар тобы сол күндерден бастап іске кірісті. Алыстағы ауыл, селоларға бостандық, теңдік ұраны асығыс аттанып, жайыла тарап жатты.

III

Кәрім байдың үйіне пәтерге түскен Кәкен болыс қонақасы бермек. Ауылдағы сорпаның бетіне шығары: Еркек сары, Төребектер келді.

Қараөткелдің қазіргі бетке ұстары, комитет мүшелері: Рахымжан Дүйсембаев, Сәкен Сейфуллин, Абдола Асылбеков, Бәкен Серікбаев, Жұмабай Нуркиндер шақырылды.

– Сәкенжан, былай шық, балам, мына жерге отыр! – деп Кәкен болыс орнынан ұшып тұрып, елбектей қарсы алды. Жаңа келген қонақтар биік үстелдің төңірегіндегі орындықтарға отырды да, ауыл ақсақалдары еденге төселген көрпелердің үстіне малдасын құра жайғасты.

Қызыл кәрден кесеге қымыз құйылып, бір-екі оралғаннан кейін, ет тартылды.

– Шырақтарым, сендер де жатырқамандар, Сәкенжан өзіміздің бала ғой, бүгін бір жолдастарын ерте келіп, әкесінің үйінен дәм татып, көңілін көтерсін деген ниетім болды да, әдейі шақырттым, – деді Кәкен. Ақ көйлегінің

омырауындағы бауы шешіліп, салбырап тұр. Иегін көтере сөйлегенде жұтқыншағы бүлк-бүлк етеді.

– Я, Кәке, рас айтасыз, Сәкенжан өзіміздің бала ғой, қанша өкпелесек те, «Ат айналып қазығын табады...» деген емес пе! – деп Төрбек алыстан сермеді.

– Түбі бірге түтпейді, ер айналып елін табады, – дей бергенде, Еркек-сарыға Сәкен үңіле қарап:

– Ол рас, ер елін табады, бірақ екіленген есуастарын емес... – деді.

Сәкеннің сөзі Төрбектің жүрегіне шық ете қалды. «Тегі, мына сұмырайдың есуастары біз ғой» – деп топшылады Кәкен. Еркек-сары байыбына бара алған жоқ, ол өзгенің сөзінен көрі, өз сөзін көбірек тыңдаушы еді.

– Сөздеріңіз дұрыс-ау, қариялар, түбі бірге түтпейтіні де рас. Бірақ, мына орыс халқының патшасын тақтан құлатқаны туралы не дейсіздер? – деп Рахымжан қарқ-қарқ күліп, айналасындағы жолдастарына күле қарады.

«Илеуіме көнетін жастарым жақсы еді, осы бір Сырдан сыңар аяқ өткен» сұрқия төбетті неге шақырдым екен?

– деп Кәкен іштей қынжылып, Рахымжанға қабағын түйе бір қарап қойды.

– Айтпайын-ақ деп едім, мейманасы асып барады,

– деді де, Кәкен біраз мүдіріңкіреп, – Нілдінің ұрылары мазаны кетіріп тұр, Сәкенжан, «жастар ұйымы» деген шығыпты, Сәден мен Матайлар күнде қоқақтап, күн көрсетуді қойды, – деді.

– Сәкенжан, осы Кәкен адалын айтып отыр, егер сол Сәден, Матайлардың көзі жоғалмаса, ертең осы әкелерінің сүйегін де таба алмассың әлі, – деп өзін мүсіркете мүсәпірси сөйледі Еркек-сары.

Алыстан арбаған туысқандарының арам ойын Сәкен енді түсінді. Өзі ұйымға тартып, әлеумет ісіне өзі

баулыған Нілдідегі екі досын бұлардың «ұры» деуі шымбайына батып кетті. Әйткенмен де сабырмен:

Кәке-ау, адал мен арамды, ақ пен қараны ажырататын уақыт жетті ғой деймін, – деп келте қайырды да Сәкен орнынан баяу көтеріліп, сыртқа шығып кетті. Сәкен сөзінің тігісін басқысы келіп, «Ол, мынау ғой!» – деп Абдолла сөз бастай бергенде Жұмабай мен Бәкен: «Тұр, Абдолла! Жүрелік!» – деді.

Талай уақыттан бері арбасқан жаулары жастардың алдында мүләйімси қалғанын көріп, Рахымжан да орнынан бой жаза көтеріліп, аяғын нық басып кетіп бара жатты. Кәкендер жерге қарап, ауыр ой үстінде, түнеріп отырып қалды.

Осы кезде сырттан жастардың көңілді әні естілді.

Бұл ән, басқа әннен өзгерек...

IV

Июль айының жуан ортасы. Мал базарында халық сапырылысып жүр.

«Сөзі шәкәр, көзі от кібік, Сәкен Сейфуллин бек матур малай, бегірәк шәп, ақыллы қазақ экән...» – деп бетіне қан жүгіріп, көздерін ойнақшытып, Биділда ханым ентіге сөйлегенде, оның жүзіне түксие қарап делқұлы Шәріп Ялымов «ханум, сен бегірәк көп шаярма енді, ол кәфир, ол байларға қарсы вит, аның көзін иоғалту керек...» – деп кіжінуші еді.

«Ұл туса осындай боп тусын, шіркін-ай, құрыш қой өзі! Осы Сәкеннің әкесі мен шешесі қандай екен?...» – деп Балсары жеңгей тамсанатын, сонда ақ таяқты сәудегер шал тұра қалып: «Қойшы, Балсары, сен де жоқты айтады екенсің, нағыз дінсіз шайпау туған

шүршіт емес пе ол? Өзінің әкесінен үлкен елінің бас көтерер адамы Кәкен мен Төребекті кеше үйінен қуып шығыпты, «сендер елді сорған жуандар» – деп соғады – дейді. Бір күнде он сегіз келіншектің ақ некесін бұзып, күйеуінен ажыратыпты, «бостандық, теңдік сендердікі – сүйгендеріне барыңдар!..» дейтінді шығарған... Сәкен егіз-екі оңбайтын жігіт, оның көзі жоғалмай қазаққа жақсылық жоқ!..» – деп таяғын шошандатушы еді. Бұл қыстыға, қынжыла сөйлеп, Балсарыға тойтара жауап беріп тұрған сәудегер-делдал Нұржан болатын.

Осындай әңгіме аузы-мұрнынан шығып, Ақмола шаңбарақ атады. Сәкен тулаған ой теңізінің үстінде ол ақырып ашыған саумалдай көпіршіп ширай берді.

«Қазақ комитетінің» қасындағы «Жас қазақ» ұйымы жиылыс ашты. Күн тәртібіндегі мәселе біреу-ақ: газет шығару керек. Газеттің аты «Тіршілік», редакторы Рахымжан Дүйсембаев болды. Бұл жеңіл шешілді. Тұңғыш істің үмек-шүмегі көп. Баспа машина керек, қағаз керек, бұлардың бәріне қаражат керек. Осы жағы оңайға түспеді. Жылу жинамақ болды: үй басы бес сомнан.

Бұдан да мардымды ешнәрсе шықпай дағдарып отырғанда бір күні Абдолланың қалыңдығы Бану «Жас қазақ» ұйымына қуанышты хабар әкелді. Өзінің құрбысы Кәрімнің жас тоқалы Шәрипа осыдан екі күн бұрын айтса керек: «Біздің шалдан Абдолла келіп мен отырғанда ақша сұрасын, бірақ өздеріне керек ақшаның мөлшерінен екі есе асырып сұрасын, мен сонда делдал болып, саудегер шалдың «бөркін айналдырып кигізермін» депті. Бану осыны айтқанда Сәкен сеніңкіремеді.. «Байлар бізге жібімес, бұл не қылған батпан құйрық» – деп күдіктенгенді, сонда Абдолла «менің нем кетеді,

барайын, бермесе тоным су болмас, мүмкін, беріп те қалар...» деп ұйғарды.

* * *

Абдолла сәлем беріп, қора-қопсы, бала-шағаның жайын сұрастырып отыр, бір сөздің ретінде «бір игілі іс бастайық деп ек, қолдың қысқалығынан, оңға баспай отыр, Кәке, сізге сеніп келдім...» – деп жаба сіркелеп, шыжымдай сөйледі. Басқа байлардың қарау екенін, көп нәрсеге түсінбейтінін топас екенін айта келіп, керекті соманың шетін қылтитты. Кәрім шошынғандай ажырая қарады.

Осы минутта Шәрипа сылаң етіп кіріп келді де күйеуінің бетіне көзін тікті. «Омырауыңыз ашылып кетіпті ғой», – деп сыбырлай сөйлеп, биязы келіншек ептеп барып оның ағытылған жағасын қымтады. Қарсы алдында омырауын аймалаған нәзік саусақ пен әсерлі леп билей жөнелді, Кәрім жадырап сала берді. Шәрипа қазір дүние-мүлкін өртеп жіберсе, Кәрім елең қылмас еді!

– Бануыңызды неге ала келмедіңіз, Кәкеңнен ұяласыздар ма?.. Бұл кісі жастықты жақсы біледі, – деп Шәрипа Абдоллаға қарап көзін қысып қойды. Сүйікті тоқалдың мұндай ерке қимылы әредік кездесуші еді. Кәрім мұртынан күліп, көңілдене бастады. Осыны сезіп үзіліп кеткен әңгімені Абдолла қайта қозғап, келген бұйымтайын тағы пысықтай түсті.

– Сұраған сомаңыз көптеу екен, бірақ дәл айтқаныңыз болмаса да, басқа қарау байларша Кәкең сізді нейбет шығара алмас, мұндайда ағаңыз аянбаушы еді ғой, – деді Шәрипа.

Кәрім өз өмірінде болмаған мырзалықты көрсетіп, сарқыла төгілді.

Дуылдаған оттай жастықтың қызуы, күші қайтып, сөніп бара жатқан қарттың денесін балқытты. Бірін-бірі сөзсіз түсіністі. «Игілі іс қой, жолдарың болсын», – деп Кәрім де бурыл сакалын тарамдай сипады. Уытты жас, қайтқан кәріні майдай ерітті, көңілдендіріп, сараң алақанын аштырды. «Тіршілік» шыға бастады. Жазушылары: Сәкен Сейфуллин, Абдолла Асылбеков, Рахымжан Дүйсембаев болды. «Тіршілік» газеті өзінің алғашқы санынан бастап, «Қазақ», «Сарыарқа», газеттеріне қасқая қарсы шықты.

Осы мезгілде «Алаштын» туы үш жерде тігілді. Жымпитыда, Торғайда, Семейде болды.

1917 жылы 20-шы июнде Орынборда болатын Торғай съезінің делегаттарын «Қазақ» газетінің ділмәрлары алдын ала әдемілеп жариялады. Молда, қажы, бай, бектерден құралған екен, шып-шырғысы шықпапты. «Жас қазақ» ұйымы Торғай съезіне телеграмма соқты: «Біз федеративтік республикаға ғана дауыс береміз», – деді. Телеграмманы Біркей Айбасов жазды. Осы телеграмманы жазып болып, қолы-аяғы бір уыс, тапал Біркей ернін шошайтып председателге қулана қарады. Біркейдің бір күлдіргі, қияс сөз айтуға даярланғанын сезіп, Сәкен көзін сығырайта тігіп, рахаттана жымиды: «Мына телеграмманы алғанда Антұрсынов пен есер Әли есінен адаспаса не қылсын», – деді Біркей. «Жас қазақ» ұйымының мүшелері күлісіп алды. Қажыры қайтпаған, табанды, ер жүрек жастардың өрістері кеңейіп, қатарлары күн сайын көбейе бастады. Бұлардың игілі істері ел арасына тамырын жая берді.

Үш қара ат жеккен пәуеске Ақмолаға түнделетіп келе жатыр. Жүрісі суыт, беті суық еді. Түнеріп қабағын жапқан қараңғы түн. Прешкеге жегілген екі қара ат мойындарын сыртқа қайырып, бастарын тұғжита жортады. Көздері қоламтаның арасынан жарық етіп көрінген шоқтай жылтырайды. Ортадағы қара төбел аттың омырауы аяқ-қаптай, жалы алабұғаның сауыр қанатындай жазылып, дудырай көтерілген-керген төстіктей көрінді. Жердің танабын тартқан екпінді желіс Ақмолаға кіре бергенде, көшенің шаңын дуылдата көтерді. Жемге байлаған жаруау аттар жеңіл пәуескені деңгелек ойнатты.

Қалаға Петропавл көшесімен кірді де, бастыққа қарай жалт бұрылды, Больничная көшесімен Есілді бетіне алып заулап келеді. Көлденең тартылған Степная көшесінен өте бергенде, сол жақ мүйісте шағын ағаш үй тұр, бұл Кәрімнің үйі, «Жас казак» ұйымының мүшелері сонда қонақта отыр еді. Бейуақыттағы мына долы жүріс, шойын жолдан қиыс жатқан, маужырай қалғыған Ақмоланы елеңдетті. Терезеден үңіле қарасты, «бұл тегін қонақ емес шығар» десті. «Алаш-орданың облыстық комитетінен уәкіл жібереміз деген хабары бар еді, дәу де болса сол «батырдың» өзі-ақ шығар», – деді Сәкен қабағын шытып.

– Олай болса байқайықшы, қайда түсер екен? – деді Абдолла.

– Соның керегі не? Бай-байға құяды, егер Ақылбек Сәрсенбаев болса, ол байдың босағасында өледі, – деп Сәкен басып тастады. Осы сәтте Шәрипа қымсынып Сәкенге жалт қарады, бірақ Кәрім ауыз үйде жүр, бұл сөзді естіген жоқ еді.

Сыздық байдың көк үйіне түскен Ақылбек Сәрсенбаев еңгезердей, көк көз, сары жігіт. Дәрігерлік институтын бітіріп шыққан зор зиялының бірі. Бұл оның Орынборда болған Торғай съезінен келе жатқан беті. Ақмолада қалалық съез өткізбек, келешекте болатын жалпы қазақ съезіне-учредительное собраниеге өкілдер сайлатпақ. Жұмысы тығыз еді.

Сәрсенбаев ертеңіне комиссар Петровтың кеңсесіне келді, ұяласын іздеді, істің бетін түзеп алмақ. Патшашыл Петров бұл кезде қой бастаған серкедей кердендейтін. Қазақ-орыс станциясы да, гарнизонның коменданты да осының аузына қарайтын.

Омбыдан Алаш-орданың облыстық комитетінен келген уәкіл Ақылбек Сәрсенбаев ауыз үйге кіргенде, ұры итше жылмандаған бір жас жігіт: «Мәжіліс болып жатыр, күте тұрыңыз», – деді. Басынан аяғына дейін өлшеп алғандай, оған үңіле қарады да, күйбеңдеп қайта түрегелді. «Заты, үлкен жерден келген ұлық болар», – деп ойлады, үстіндегі киіміне қарап. Кабинетке кіріп кетті. Кешікпей есікті ашты да: «Жоғары шығыңыз», – деді әлгі жас жігіт.

Үйде отырған екі кісі – комиссар Петров пен атаман Кучковский екен. «Оңбаған киргиз бұған да өкімет керек-ау!..» дегендей оған жирене қарады атаман. Петров ұмтыла қолын ұсынды да, орнынан тұра алмай қалды. Оң жағындағы орындықты нұсқады.

Сәрсенбаев өз жөнін айта келіп, Алаш-орданың басшысы Александр Николаевич, Букейхановтың кадет екенін басып өтті. Сол кісінің тапсыруы бойынша Ақмолада уездік комитет құрмақ, жалпы қазақ съезіне делегаттар сайламақ. Осының бәрін айтып өтті де, өзінің осы кісілермен алдын ала ақылдасу үшін келгенін баяндады.

«Дәрігердің жақсысы ауру адамды емдей алмаса да, ауруына ауру қоспайды», – деген ғой. «Біз де істі оңғармасақ асқындырмаспыз...» – деді Ақылбек, оның сөзін тыңдап отырған екі ұлық елең ете түсті. Келген қонақтың сөз өрісі жеңіл емес тәрізді. Тұра табан тіресе ұтып алмаса да, «көйт» саларлығы бар. Атаман Кучковский қыңырттай көз тастады, Петров алдындағы қағаздарын жиыстырып қойды да, енді Сәрсенбаевқа еңсеріле бұрылды.

– Келгеніңізге қуаныштымыз, Сәрсенбаев мырза, ал Александр Николаевичті мен бұрыннан білем... – деп Петров мекерлене жымиды. – Осында комитеттен көп неме жоқ, солардың бәрі сіздердікі ме? Бұлардың ойы не өзі, біз түсінбедік... – деп бір торуылдап өтті. Осы кезде атаман да Сәрсенбаевқа тесіле қарады.

– Рас, айтасыз, комиссар мырза, мұнда қазақ комитеті барын білуші едік, сол қазақ комитетінің Орынбордағы Торғай съезіне жіберген телеграммасын алып Александр Николаевич қатты ашуланды, қазір бұл «комитетті» біз де түсінуді қойдық. Тегі, осы жолы «есеп айыратын шығармыз...» – деп Сәрсенбаев түпкі ойының шетін шығарды. Алайда, ақылдасу керек қой... – деп сүйей салды.

Бұл сөзді естігенде Атаман да жылы ұшырай бастады, комиссар енді ашыла сөйледі:

– Осындағы комитеттеріңіз күн санап бұзылуда. Ішінде Сейфуллин деген бір безер, кара шашты, бар оқымыстысы да сол, ешбір өкіметті танымайды. Өзі көп үндемейді, басқаларын айдап салады да отырады... – деді.

– Ана бір, кесіп алса қан шықпайтын ұзын мойын қара да барып тұрған пәле, – деп Бәкен Серікпаевқа шұқшиды атаман Кучковский.

– Оныңыз рас, атаман мырза, арасында бір оңғаны болсашы, бұлардың көзін жоғалтпай күн жоқ, – деді комиссар.

– Осыдан біраз күн бұрын шаршы топтың алдында Сәкен Сейфуллин комиссарды масқаралапты. «Сен провокаторсың» – депті. Содан осы әңгіме үш күнге созылып, үлкен оқиға болып, аяғы Омбыға телеграмма арқылы жетсе керек. Нағыз шиеленісіп тұрған кезі екен. Комиссар көп сөйлей келіп, ақыр аяғында: Сәрсенбаев мырза, біз де түсінеміз, мұнда жақсы қазақтар бар: ана Земствода отырған Елубай Жолаев, мына Мәnten молда, тағы басқалары. Осылар есіңізде болсын... – деп ойын түйді.

– Айтқан ақылдарыңызға рахмет, ертең қалалық мәжіліс шақырып, комитетті құру мәселесіне кіріспекпін. Сіздер көмек көрсетеді деп сенемін... Сонсоң мына бір списокті де сіздермен келісуім керек шығар, – деп Сәрсенбаев төс қалтасынан бір парақ қағазды суырып алды. Учредительное собраниеге баратын делегаттардың тізімі екен.

Комиссар үңіле қарап, сүзіп өтті де Сәрсенбаевтың бетіне төне түсті. «Сейфуллин мұнда неге жүр? Мұны өшіріңіз?» – деді.

– Мұны өшіру керек болмас, ондай адамды алдап ұстамаса, арты қиынға соғар. Мұны көре тұрса да, Александр Николаевич өзі кіргізді. Бұл үлкен әдіс. Ол оңай жау емес, өйткені жалғыз емес, елге әсерін тигізетін ондай оқығандар бізде аз ғой... – деді Сәрсенбаев. Комиссар да, атаман да Сейфуллиннің кім екенін жаңа түсінгендей болды. Сілейіп отыр. Екеуінің де көз алдына Сәкен елестеді. Уытты, өткір, жас, қою қара мұрты түксііп, жанарлы қырағы көзі өңмендеріне

қадалып, Сәкен кірпігін қақпай қалыпты. Сұсты кескін сұрланғандай төніп тұр. Иненің жуандығындай қылға ілігіп, тылсымның ұшымен үзілмей тұрған Домоклдың¹ зілдей ауыр қылышы тәрізді. «Сәкен оңай жау емес, өйткені жалғыз емес!» – деген сөз құлақтарына ызыңдап естілді, жігерін құм қылып, жасытқандай болды.

Майысқақ талдың басын қосып, ілдабайлап жасаған көнетоз мосының үш бұтындай шалжиып үшеуі отыр, бұлар комиссар Петров, атаман Кучковский, алаштың уәкілі Сәрсенбаев еді, енді шарасыз біріккендей. Әлді білектің тегеурінді күші – жіппен күрмеп бекітсе керек. Сол жіп сетінеп үзілсе, асылған шойынтақ ортасына түспек, мосының үш бұты быт-шыт болмақ, оттың басы ойран-топырға ұшырамақ-ау!..

Осы үш қошқардың басы бүгін бір табакқа сиды, бұларды біріне бірін паналатып, қорғалатқан сонау тұтасқан топ, сол топтың алдында Сәкен Сейфуллин қасқиып тұрғандай көрінеді.

Комиссар да, атаман да, уәкіл де олардан сескенеді. Сондықтан енді бұлар шабуылға шықпақ. «Жас қазақты» қыршынынан қимақ «Тіршіліктің» тұқымын құрытпақ... Үшеуі де осы пікірге келісіп тарады...

VI

Августың аяқ кезі. Ақмолада съезд болды. Бұл съезді шақырған Омбыдан келген уәкіл Сәрсенбаев, комиссар Петров, атаман Кучковский, земствоның басшылары

¹Ескі грек елінің патшасы Домоклдың заманында жіңішке сымға ілінген ауыр қылыштың астына апарып жазалыларды отырғызады екен. Қыл үзілсе астында тұрған кісіні екі бөледі. Міне, осыны - «Домоколдың қылышы», – деп атаған. (Автор).

Чернов, Жолаевтар. Съезді ашар алдында Сәрсенбаев Сәкенге кездесіп, келешекте болатын «жалпы қазақ съезіне» қатынасатын делегаттардың тізімін көрсетті. Оқып шыққанда Сәкеннің көзінен келемеж күлкінің ізі білінді. Екеуі арбаса қарап, аз тұрды да, Сәкен: «Мені тізімнен өшіріңіз», – деді. – Илтифаттарыңызға рахмет, менің орным бұл емес, – деді де Сәкен азырақ сергігендей болды.

Сәрсенбаев қулана күлімдеп: – Сәкен-ау мұның қалай? – деп, басқаларға назар аударып, – көріп отырсыздар ғой, бұл осындай қыңыр: белгілі «тарпаң», бізге таныс Сәкен ғой, – деп төрелете сөйлегендей, келекелей түйреудің бір түрі еді. Жолаев мырс ете түсті, Петров пен Чернов, Кучковскийлер Жолаевқа бұрылып сұғанақтана көз тастады, әлгі күлкінің мәнісін түсінбек...

Сырты сыпайы, іштей арбасқан екі топ шиыршық атып, кейін шегіністі. Жұдырық жең ішінде түйілді. Бетпе-бет сілкілесу осы жиылыста болды.

Кешегі комиссар Петровтың үстелінде жатқан қағаздар – «домалақ арыздар» еді. Сол арыздардың иелері бүгін «сорпаның бетіне шықты» да «Жас қазақ» ұйымының төрағасы Сәкен Сейфуллинге күйе жағуға кірісті. Сәдегер Тәшти, делқұлы Шәріп, Мәнтен молда, тілмаш Елубай сөз сөйледі. Жабылмаған жала, айтылмаған пәле қалмады. «Бейбіт елді бұзып, теріс үгіт жүргізіп, газет шығарды, құдайды танымайтын бұзақылар, ауыздарына келгенін сандырақтайды», – десті.

– «Осы газетті шығару үшін, елге заңсыз салық салып, ақша жинады, Кәрім байдың ақшасын қорқытып тартып алды, оның тоқалын азғырып жасырын ұйымға кіргізді, әлгі газетті шығаратын қағаз таба алмай, Қосшығұлов мырзаның кәмпит фабрикасынан қағазды ұрлап алды...» – деп те көңірсіді.

Бұларға Рахымжан, Бәкен, Жұмабай, Катченколар тойтарыс берді. Қыза-қыза барып Сәкен Сейфуллин комиссарға тіл қанжарын сермеп-сермеп алды, ашық күрес басталды.

– Әй, Ақылбек, сені байлардың саптаяғы деген мен емеспін, өзіңнің ауыз жаласқан досың Жәметей еді ғой, сол, тегі біліп айтқан екен. Қаншама қарабет болсаң да ұрлық қылдың, біреудің ақшасын тартып алдың, – деп айыптау есуастық емес пе!? Сендер жала жапқанмен мен алған бетімнен қайрылмаспын! – Қанжығада көрісерміз, – деп кіжіне айтты да Сәкен тағы да бір жымыып, отырған жұртты көзімен бір шолып өтті, көпшілігі сең соққан балықтай екен. Піріндей көріп табынған еңгезердей шегір сары жігіт Ақылбек те, кемиектеніп кекжие қарайтын безеу бет Елубай да, сүлікше қадалатын ұры көз комиссар да уытын ішіне тартып бүрісе қалыпты. Сылдырмақтай судыраған шешен сөз емес, бір сұсты сес жаншып бара жатқандай еді... – Я, енді есіме түсті, біздің елде бір түйеге мінген адаммен бір жаяу жолдас болыпты. Түйелі төбенің басында, жаяу етегінде келе жатады. Әлден уақытта алыстан жау көрінеді. Сонда төбенің басында тұрған түйелі адам етегінде жүрген жаяуға: «бұқ, бұқ!» деп айғайлаған екен. Төбенің басында түйеге мініп одырайып тұрған өзін көрмей, жау мына төбенің етегінде ойда жүрген жаяуды бұрын көрер деп ұққан ғой, байғұс. Сөйлеушілердің бірі мына Елубай мырзаның мені «елді бұзды» – деуі сол түйелінің әңгімесіне ұқсайды, – деді Сәкен. Отырған жұрт біраз дуылдасып, көтергендей болды. Төраға түрегеліп, «ол ескі әңгіме, оны біз де білеміз», – деп сызданды. Кеу-кеулеген жұрт басыла қалды...

Сайлау жүрді, бұрынғы «Қазақ комитеті» қайта сұрыпталды. Ескі мүшелер түгел қуылды. «Жас қазақ» ұйымы тарасын, «Тіршілік» жабылсын, – десті.

Жаңа құрылған «Қазақ комитетінің» бастығы Құсайын Қожамберлин, мүшелері: Мәтен молда, Ерденбаев, Шүленбаев, Қосаевтар болды. Бәрі де ескі тілмаштар, атбекеттер, молда, болыстар еді.

Үкімет ісінен қағажу қалған «жас қазақтықтар» мойымады, жасырын жүріп іске кірісті. Екі кластық школ ашып, Сәкен өзі сабақ берді.

«Жас қазақтың» біраз мүшелері Омбы кетті. Сәкен, Бәкен, Абдолла, Жұмабай әлі жұбын жазған жоқ. Тілегі бір, ойы үйлескен – орыс, қазақ, татар жастары басын құрмақ. Күш бірікпей күн жоқ, қарусыз қақтығу күйреуге апарады.

Шетке тебіліп, қағу көрсе де ақын Сәкеннің алданышы бар. Әлі газет шығарады, жауларын өлеңмен түйрейді, ататын таңды күтеді, бала оқытады...

Ақмоланың солтүстік жағында көшесіз кірпіш үйлер көп. Бұл қалың жатақ. Жазғытұрым «приемнан» қайтқан, соғыстан келген, патша өкіметінің тепкісін көрген ызалы жастар сонда тұрады. Сәкен енді осылармен бас қосты. Күн санап күшейе берді. Монин, Кривогуз, Грязновтарды тапты. Осылардың біразын гарнизон солдаттарының арасына астыртын жіберді. Үгіт жүріп жатыр. Жұмыс көп, қажу жоқ, бәрі де қауырт...

VII

Михнатты, былғанышты түсіп жерге,
Кіршіксіз әппақ таза болдың перде,
Ақша қар, уайымсыз жалғыз-ақ сен,
Мәңгілік шаттығыңды жанға берме!

1917 жылы ноябрь айының іші. Қар жапалақтап жауып тұр. Желсіз тымық. Жер де әппақ, көк те әппақ. Сарғайып сәні кеткен ағаштар күміс шашақты сәукеле бүркеніпті. Жер бетін жапқан мамық қар үлпілдеген ақ торғын перде

тәрізді. Айнала андыздаған із. Қырда болса «қарашаның кан сонары», – дер еді.

Ақмоладағы Абдолла Асылбековтың пәтерінде «жасырын жиналыс» ашылды. Төрағасы Сәкен, хатшысы Бәкен. Күн тәртібі – қазақ комитетін тарату, әскери революциялық комитет құру.

Бұл жиналысқа «Жас қазақ» комитетінің мүшелері, орыс комитетінің мүшелері, татар жастары, приемнан, соғыстан қайтқан жастар түгел қатынасты. Гарнизоннан да уәкілдер келді.

«Күллі әкімдік советке көшсін», – деген қаулы алынды, «Әскери революциялық комитеттің» председателі Бочок болды, бұл «Екібастұздың» жұмыскері екен. Орынбасары: Катченко, Серікпаев, президиум мүшесі, оқу комиссары Сәкен Сейфуллин. Ақмолаға қарайтын қырық сегіз болыстың бас қосқан съезі 1918 жылғы февральда шақырылмақ. Совдеп сонда сайланады. Осы жиналыста «қырық комиссар» белгіленеді. Барлық үкіметті өз колдарына алмақ.

Сол түні Қалалық думаның қарасы өшті, шолақ ояз зымзия жоқ. Комиссар Петров жылмаң қақты. «Алаш-Орда» үкіметіне «солдат аламыз, салық саламыз» – деп халықтың мойнына салуатын артып, дүрілдетіп жүрген Александр Николаевич те табанын жалтыратты. Құсайын, Мәnten молда бастаған қуыршақ «Комитет» өзінен өзі ыдырады. Атаман Кучковский, патшашыл Сербов уыттарын ішіне тығып, станцияға қарай бүрсендей жөнелді. Ойлары қайта күш жинап Сәкен бастаған жаңа топтан кек алу.

Ендігі үкімет иесі – Совдеп, «Жұмысшы, шаруалар, қызыләскер, қырғыз депутаттарының Советі» (орысша – «Совет рабочих, крестьянских, красноармейских, киргизских-депутатов) – деп атады. Міне, Совдептің іргесі осылай қаланды. Ұядан ұшқан қызыл сұңқарлар қалықтап

қанат қақты, көптен күткен арманы орындалды. Сәкеннің айы онынан, жұлдызы солынан туды. Қуанышы есіктен төрге дейін.

Гарнизон да революциялық комитетке қарайды. Қалың қазақ бұқарасы да осыларға ауды. Алашорда өкіметінің «солдат аламыз, салық саламыз» – деп даурыққан сөзі өздеріне пәле боп жабысты. Халықты Революциялық комитет ертіп әкетті. Алғашқы «Жас қазақ» ұйымы енді бірлескен бүкіл халықтық күшке айнала бастады. Жау жасырын күреске шықты. Барлығы халық үшін, жарқын келешек үшін! – деген ұраны кең далаға жайыла бастады...

VIII

Күлімдеп гүл шашақтар басын иді,
Құшақтап майда ескен жел беттен сүйді.

Май айы. 1918 жыл. Петрконың күйген кірпіштен салған екі қабат «тас болат» үйі. Үстінде Совдеп, астында «Жас қазақ» ұйымы. Өткен 2 февральде съезд болып Совдеп құрылғанда, бастығы Бочок болды. Екібастұздың жұмысшысы деп сеніп сайлаған Бочоктан «шикілік» шығып, оны өткен жиылыста түсірді де, ендігі бастық Катченко еді, орынбасары Серікбаев Бәкен мен Лазарев Иван Николаевич. Мүшелері: Сәкен, тағы басқалар. Совдеп жанындағы партия ұйымының кезекті мәжілісі жүріп жатыр. Бүгінгі жиналыс коммунист партиясына кірем деушілердің арызын қарау үшін ашылды. «Көптен бері өзіміз бірге істесіп жүрген сенімді жолдастар Сәкен Сейфуллин, Абдолла Асылбеков, Бәкен Серікпаев, Жұмабай Нуркин, Нұрғайын Бекмұхамметов. Бұлар қағаз жүзінде өтпегені болмаса, сыннан өткен шын коммунистер,

ал мен 1905 жылдан РКП (б) нің мүшесімін, сондықтан өзім осыларға кепілдеме бердім», – деді Лазарев. Оның бұл пікірін басқалар да мақұлдады.

Совдеп күн санап күшеюде. Петрконың үйінің алды ертоқымды аттан арылмайды. Қою қара сақалды, елтірі тымақты семіз қаралар, пұшпақ бөрікті көсе, шикіл сарылар Совдепке қутыңдап кіргенде, түлкі тымақты, буырыл сақалды егде кісілер марғаулай аяндап артынан ереді. Алдыңғы жылпостар – атбекеттер, көк сақалдардың әмеңгерлік правосын қорғайды, жаңғырған жылы төсегін суытқысы келмей көк сақалдар да жан ұшыруда. Бұлардың соңынан қос етек желбіршек салып, көйлекті шұбалта киген, қынама бел барқұт бешпент, шоқ-шоқ үкі таққан камшат бөрік, не бөрітпе шәлі бүркенген қыз, келіншектер де шұбатыла жүреді. Бұлар теңдікті, бостандықты, бас еркін көксейді. Іздеген мақсатына жете алмай зарыққан жас әйелдер көгеннен ағытылған қозыдай сергиді.

Совдептің мүшелері сала-салаға бөлінгенде, ауылда болатын жесір дауы мен әмеңгерлік мәселесі, әдет-ғұрыптағы түрлі оғаштықтар Сәкенге жүктелген еді.

Сәкен түнде өлең жазады, таңертеңнен түске дейін бала оқытады, кешке дейін дау-жанжалды тексереді, жұмыс ұласа берді.

«Теңдіктің тиянақты ұлы, Сәкенжан тірі болсын, шіркін-ай, әділдіктен, шындықтан бір таймайды. Нашар, кем-кетік, азапта жүрген сорлыларды бұғаудан босату үшін туған ғой, жағы түспей жамандық көрмесін, бірақ дұшпаны да көбейіп барады, ұрт қимылдайды...» деп жатақтағы кірпіш үйдегілер өзара шүңкілдеседі.

«Осындай безер – әшадды шоқыншық қай күні туды екен, бұл біздің басымызға келген бір зауал ғой. Сейфулланың Сәкені құрымай жарық сәуле жоқ, – бір күнде он сегіз әйелдің некесін бұзды, сұмдық-ай!...» – деп көк үйдегілер көкіді. Ақмоланың іші қаптаған қауесет.

Кешке жақын ақшам жамырап барады. Сәкен пәтеріне келе жатыр. Алдынан көмірдей қара атқа мінген біреу өте шықты. Белгілі казак-орыс Сербов екен Сәкенді көріп тізгінін тежей қалды. Артынан бұрылып ыржия қарады. Күлді ме, кіжінді ме, ол арасын Сәкен байқамады. Бірақ ол жау болса да «күрес әлі біткен жоқ, Сәкен, сақ бол!» деп катал ескертіп өткендей болды.

Я, күрестің бітпеген, шиеленіскен кезі еді.

IX

«Сонау жас шақта, балдыр жүрекке ең алғаш ілгешек салған сенің көзіңнің оты еді-ау, Жәзира! Жаудырай қарағанда көп нәрсені түйдірдің, сол түйіншек шешілмей қалды. «Алтыбақанда» мың құбылтып «Әуілдек» әнін әлі сарнап тұрғандайсың.

«Қар басар Әуілдектің қамыстарын,
Айтады әркім көрген қасірет-зарын.» –

Неге мұнша қайғырдың? Қайғымен қандай сенің жақындығың бар еді? Әлде менің аузымнан шыққанның бәрі саған әсерлі ме? Дәл айрылысар минутта көзіңнің жанары жылт ете түсті де мәңгіге сөнгендей болды, төмен қарап кеттің...»

«Екінші рет көш-жөнекей кезіктім. Күрең аттың үстінде майысып тұрдың-ау, Жәзира! Көзіңе көзім түскенде – көп толғаттым. Бұл бір кезенді жыл еді. Махаббат пен туған анам безбенге түсті. Ардақты анам – туған елім ықтиярсыз безбенді басты да, махаббаттың уытын қайырды білем... Сол арада тілім байланып, аузыма сөз түспеді. Сен қазаттыққа шауып жөнелгенде, артыңнан сүйсіне қарадым.

«Я, енді шолып қарасам, осы өмірге келгелі мен не көрдім? Үш жолдасым болды: қуаныш, бақыт, қайғы. Өмір

табалдырығын аттағанда менімен бірге осы үшеуі де ілесе шықты. Жарқылдап жайдарлы қарсы алған «Қуаныш» жалт бұрылды да, өз бетімен кетті. «Бақыт» та алыс сапарға жарамайтын байлардың қара етті мәстегіндей, жабы екен. Тез барлығып тұрып қалды. Түптен келгенде «тесік өкпе, күл төкпе» табанды қайсар досым «қайғы» болды. Сол айнымай әлі еріп келеді. Сірә, менің сенен ажырауыма да осы «досымның» көмегі көп тиді білем...»

«Әлде олай емес шығар. Екеуіміздің айрылуымызға менің ынжықтығым себеп болды ма? Немесе сенің әке, шешең бе? «Асын беріп, қасын керіп, жүрегі қарайып, көзі талып, осы қарағымды бір бай кісіге берсем-ау» – деп, саған жаны ашып, сол әке, шешең малға сатқан шығар... Я, солай-ақ болсын, қалай болса да, қайда жүрсең де, айдынның ақ аруы мен сені ұмытпаспын! Арқаның мінсіз сұлуы есімде қалдың... Теңдіктің таны жаңа атты, ынтыға ұмтылып едік, жете алмай кеттік-ау!...»

Жесір кемпірдің төргі бөлмесінде, июннің үші күні 1918 жылы, Сәкен төсекте жатып осы ойларға шомды. «Жәзира ұзатылды» деген суық хабар кеше жеткен. Түні бойы қобалжып ұйықтай алмай шықты. Түс көрді ме, бастығырлықты ма, әйтеуір мазасы кетті.

Көп отырып, кеш жатқан Сәкен, күн көтеріле тұрды. Мең-зең. Күн де жабырқау. Солтүстіктен қара бұлт шығып, тарамданып көрінді. Алыста тәрізді, жарқ-жүрқ еткен сәулесі бетін айғыздап, жортып жүр. Күркірегені көмескі естіледі, көкжиектен әлі көтерілген жоқ, күннің көзі қызара түскендей.

Сәкен шай ішіп болып, енді киініп шыққалы жатқанда, тапал бойлы кеспелтек сары бала жүгіріп келді. Бұл Сәкеннің өзінен оқып жүрген шәкірті еді. Станцияға казак-орыстар жиналып жатыр, бәрі де қылыш, мылтық асынған. Бір тобы Совдеп кетті. «Совдепті ұстаймыз, Омбыда, Қызылжарда, Атбасарда Совдеп құлады», – деседі.

Сәкен сұрланып:

– Не дейді? – бар!.. біліп кел! – деді. Сөйткенше болмай «Жас казак» ұйымының мүшесі Шәрипа кірді де:

– Совдепті барып қамады, Бочок, Монин, Лазарев, Склянкиндерді ұстап әкетті, – деді. – Абдоллаға да хабарлау керек... Бану қайда екен? – деп сасқалақтады Шәрипа. Ілешала Рахымжан келіп:

– Қарағым, енді тез бой тасалайық, алдымен сені іздейді ғой. Шәріп Ялымов ат үстінде: «Сәкен мен Абдолланы ұстап әкелу керек», – деп жатыр. Әне, Бәкенді бес кісі айдап барады – деді.

– Жолдастарым тұтқынға алынған болса, енді мен не бетіммен қашармын, – деп Сәкен қанын ішіне тартып, мылтығын суырып алды...

Әні-міне дегенше Сербов пен Шәріп Ялымов бастаған атты казактар Мұқымбайдың қорасына лық толды. Көпке топырақ шаша алмай Сәкен мылтығын өз қолымен берді. Қамалды бұзып алған ер тәрізденіп Сербов, Ялымовтар Сәкенді шашынан сүйреп көшеге алып шықты. Делебесі қозып көтерілген тобыр ықты-жарды тыңдар емес. Сербовтың кеудесіне нан піседі. Жаяу Сәкенді аттың алқымына алып келе жатқан Шәріп Ялымов еді. Сәудегер-делдал Нұржан көшені басына көтеріп, Сәкенді балағаттап жатыр. Ақ жаулық киген Нұржанның жирен тоқалы шалының қасына келіп: – Сізге не болды? «Құлан құдыққа құласа, құрбақа құлағында ойнайдының» кері ме? Қазактың қаршадай баласы тап сізге жазған жазығы жоқ, онда не жұмысыңыз бар? Сербов пен нақұрыс Ялымов сен тағып, шекпен кигізер деп ойлайсыз ба? Сәкенді осы Ақмола түгел жақсы көреді, қорыққаннан ішінен тынып, бұғып тұр, айғайды қойып, үйге кіріңіз, – деп жас тоқал Нұржанның бетін бір қайырып тастады.

«Шәріп азби, сіз оқыған адамсыз ғой, мені ұрғызбай апарыңыз, көшеде қолмен ұру адамшылыққа жатпайды»,

– деді Сәкен. Қанша таяқ жесе де, дыбысын шығармай, тістеніп келе жатқан Сәкеннің бет-ауызы адам танығысыз. Осындай тар кезеңде екі көзінен от шашып, мойымастан сазарып қалған Сәкеннің жаралы арыстандай айбат шегуі Сербов пен Ялымовты жегідей жеп келеді.

«Қызыл сұңқарлар тұтқынға алынды», – деген хабар халық ортасына өттей тарады, ел жүрегiнiң кегiн тұтандырды, бұрынғыдан да күшті қозғалыс басталды. Олар бүгін Совдепті тұтқынға алғанмен, халықтың тегеуірінді күшін қамауға ала алмас, қаулай түсер...

X

Түн түнере түсті. Сумандаған қара жыландай суық хабар күнде естіледі, елегізiте береді. «Совдептің мүшелері түгел атылады екен, ішіндегі басшылары: Лазарев, Катченко, Сәкен, Абдолла, Бәкен, Жұмабай осы алтауы атылмақ», – деседі. Совдептің алғашқы председателі азғын Бочок тергеушіге арыз жазыпты, мен коммунист емеспін, босатындар, бұлардың ішіндегі ең қылмысты Лазарев, Сейфуллин, Асылбеков, Серікпаев, солар атылу керек деп тізіп көрсетіпті...»

Осы тәрізді «түпкі маңызы шойындай зілді сөздер «ату», «асу», «айдау» – деген әуезе бір камерадан екінші камераға сүйрендей кіріп, өңделіп, өзгеріп шығып, тарап жатты.

Сыралғы достар қараңғы камерада бірін бірі кісеннің сылдырынан да таниды. Камераның ішінде екі-екіден, үш-үштен топтанып, сыбыр-күбір сөйлескен адамдар. Дыбысты қатты шығаруға ұрықсат жоқ. Есіктегі танадай тесік тырс етіп ашылса, жыланның көзі жылт етіп көрінеді де, «сөйлемендер», – деген әмірлі дауыс сақ ете қалады. Бұлар темір торға түскен долы арыстанға шабаланып үрген күшік тәрізді, кісендеулі тас сандақта отырған тұтқындардың мүгедек қожайындары.

Тап сол күні, Есіл бойындағы Амантай поселкесінде Колчак елге құтырған қасқырдай тиді. Төңкеріс ерлерін ұстап тігерге тұяқ қоймай қырды. Амантайды (орысша Мартыновканы) отқа өртеді. «Жазалаушы отрядтың, (карательный отряд) басшылары Катанаев, Волков, Шайтанов тәрізді атамандар, осы «сабаздарға» өзі тіленіп еріп барған тілмаш Шәймерден өртенген Амантайдан екі көк арба олжа алып шығыпты. Екі езуі екі құлағында.

Тап сол күні Атбасардағы Совдептің мүшесі Әділбек Майкөтовты «Алаш орда» ұстады. Піріндей табынып қол тапсырған батагөйі Колчактан бұлар да асып түсті.

Екі қолын артына байлап, алып бара жатқанда Әділбек шырылдап жылаған балаларының даусын естіді. Жендеттер мылтығын кезеп балаларды атқалы жатыр. Осыны көріп күйзелген әке – Әділбек, жанын шүберекке түйіп, бөбектерін қорғауға ұмтылды. Шұнақ баланың шошына шыңғырған дауысы әке жүрегін қарыс айырды, арыстандай қайрат бітіп, бұғауды быт-шыт қылып, жан ұшырып келіп, бөбектерін құшақтап бауырына баса бергенде, қарарсыз сұмдар жұрттың көзінше жазықсыз ғазіз жандарды жусатып салды. Арқасынан оқ тиіп, баласын құшақтаған күйі Әділбек Майкөтов құлап бара жатты да, жұдырығын түйіп, жоғары көтерді. Кейінгі ұрпаққа тастаған қанды кектің тілсіз айтылған ишараты осы болды.

Бұл оқиғаны тар қапаста отырған Сәкен сезген жоқ еді. Дүниедегі қараңғылықтың бәрі өз басына төнгендей. Қалың қайғы тұмандай басқанда, торыққан үміт тұжырымға келгендей болды. Бала күніндегі ауылдағы өмірі есіне түсті. Нілді заводында, Ақмолада оқыған күндер, Омбыда семинарияны бітірген мезгілдер, «Бірлік» ұйымын ашқан кездер. Өмірден күткен жемістер, тіршілікте имандай тұтқан мақсаттар. Ең алғаш учитель болып, 1916 жылы Бұғылы елінде, Нұра бойында өткізген бір жыл. Бостандықты қарсы алып, асығыс аттанғандағы

тілек, «Тіршілік» газеті, комитет, «Жас қазақ» ұйымы, митинг, Совдеп. Әке, шеше, туған, туысқан, жан қиысар достар. Жаны сүйген Арқаның сұлуы – Жәзира, бәрі де лезде бұлдырап, көшкен елдей шұбатылып, тізбектеліп өтіп жатты. Алдағы үміт сағымдай елестеді. Жүрек күйіп, қорғасындай ереді. Соның бәрі бір мезетте жоқ болып, сөне қалмақ! Қойдың құмалағындай қорғасын оқ үзіп жібермек. Олай болса өмір ойыншық, өлудің де, тірі жүрудің де айырмасы аз... «Өлім келсе келсінші! Тез келсін!» – деген ойға тірелді...

Көрші камерадан қосылып салған ән естілді. Тұтқын әйелдердің қалтырай көтерілген әдемі үні-еңіреп жылағандай. Ботасынан айрылған інгендей боздаған, сызылта сарнап, өксіп-өксіп үзіле зарлаған Кондратьева мен Петракеева еді. Бостандықты сағынған қасірет-зар қамыққан жүректі елжірете босатты. Кеш ұзақ, сарнаған зар да ащы шекше шұбатылды!.. Түнерген ызғарлы, қараңғы кеш еңіреген үнді есітер ме? Темір құрсаулы тас сандық, меңіреу түрме, тұтқынның зарын сезінер ме? Талпынған жас жан меңіреу дүлейге зарын бекер шағады! Налудың керегі жоқ, көздің жасы қайғыға ара тұра алмайды! Бейнетсіз бақытқа жеткен жан жоқ. Арзан бақыт әлсіздің жұбанышы ғой...

Сәкен талып ұйықтады.

XI

Бұл күнде жау жағадан алғаны рас,
Көп дұшпан аяқтан кеп шалғаны рас,
Шала өлген қара жылан аңдаусызда
Өкпеден көк найзасын салғаны рас.

Тергеу жүріп жатыр. Абақты тәртібі күннен күнге шиыршық атып, қатая түсті. Таяуда сот болмақ. Тілсіз мылқау темір торда кісендеулі отырған тұтқындар меңзең. Әркім әрқилы толғайды.

– Сәкен-ау, үнемі қаран суалып, сілейіп жата бермей, бері басыңды көтерші, – деді Абдолла Асылбеков. Ұялас өскен ағасына тар жерде де сүйенгісі келді. – Осы ертең сот алдында қалай жауап бермекпіз? – деді.

– Я, қалай жауап бермексің? Мен болған шындықты айтам. Сен өз басыңды сағаттарың... – деп Сәкен сұлық жауап қайырды. Осы бір оқыс шыққан Сәкеннің шайырғалдау дыбысын естіп, Иван Николаевич пен Бәкен Серікбаев жалт қарады. Сәкен де басын көтерді. Төртеуі дөңгелене отырды. Камерадағы басқа тұтқындар да екі-екіден, үш-үштен бас қосып, ақылдасып жатыр. Негізгі нысана – осы қапастан қалай құтылу еді.

– Абдолланың адал сұрағына, Сәкен, сенің берген жауабың қиястық та, және мүлде теріс қой! – деді Иван Николаевич Лазарев. – Шындықтың бәрі әділдік пе? – деп төтелей сұрақ қойды.

– Жоқ, мен шындықтың бәрін әділдік деп ұқпаймын, – деді Сәкен. – Осы Абдолланың алдында анау кешегі өзімізді ұстатқан Мәнтен молда келіп «сотқа қалай жауап береміз?» деп қылқылдады. Молданың монтаны сұрауына қырсығып берген жауабымды, ашу үстінде қайталаған екем... – деді.

– Әй, Абдолла-ай, өзінде де бар ғой, Сәкеннің жадыраған кезін күтпей, қытығына тигенсің, – деп Бәкен Серікбаев күле сөйледі. Бәрі де біраз сергіп қалды.

– «Дозақтағылар да үйренгеннен кейін отпен ойнайды» – деседі, біздікі де соның кері ғой, – деп қынжылды Абдолла. – Ал, Иван Николаевич, сіз айтыңызшы, көпті көрдіңіз, тәжірибеңіз бар, ертең сотта не демекпіз?

– Мен шындықтың құлымын, бірақ полицияға шынымды айтқан емеспін. Олар болып тұрған нәрсені «шын» деп ұғады, ал біз әділ шындықты өзіміз жасаймыз,

соны шын деп ұғамыз, – деді Лазарев. – Дүние жүзінде теңдік орнату, қанаушы табын жою, міне, біздің бұл негізгі мақсат, ал осыған жетудің жолы қазір даңғыл емес, ендеше түрлі-түрлі тәсіл керек. Қалайда қапаста отырып, «батырсынып», ажалға қарсы шабудан көрі, әдіс-айла жасап, құтылып алып белсене күресу игілі жеміс береді. Сендер жассыңдар, бірінші көрген теперіш қиын да тиер, бірақ ұлы майдан әлі ілгері. Мені ұстағанда таңырқағам жоқ, ертең атса да қабағымды шытпаспын, өйткені әлім келсе оларға мен де соны істер едім ғой. «Жауды аяған жаралы қалады...» – деп бір түйді де, Иван Николаевич Сәкенге сүйсіне қарады. – Мен Сәкеннің Мәтен молдаға берген жауабына өте ырза болдым. Ол – бізді «күзетуге» келген сүмелек – тыңшы. Соны дер кезінде сезген Сәкен... – деді.

Езілген елден шыққан жас коммунистерге көпті басынан кешірген, ысылған, егде коммунистің осы сөзі үлкен медеу болды, көп ой салды.

Тап сол күні комиссар Петров екі телеграмма алды. Біреуі Омбыдан, Колчак өкіметінен, екіншісі Семейден «Алаш-Орда» өкіметінен. Әрқайсысы өзінше жұлде алмақ – тұтқында жатқан Ақмола коммунистерін өздері қолдарынан атып, айызын қандырмақ.

Телеграммалар келгенде комиссар Петров қатты абыржыды. Ақылдасуға өзінің ниеттестерін шақыртты. Атаман Кучковский, Земствоның басшылары: Чернов, Жолаевтар келді.

Телеграммаларды оқыды да, комиссар суынып сала берді, құлдарына қожайынның айбат шеккені тәрізді. Осылай апшысын бір қуырып алды да:

– Ал, мырзалар, «аналардың» тергеу ісі бітті ме? – деп комиссар келте сұрады. «Аналардың», дегенде бір нәжіс нәрсе аузына түсіп кеткендей, жиіркене езуін қисайтты.

– Тергеу жүріп жатыр, әлі үлкендері сұраққа алынған жоқ, өйткені Нілдіден, Ерейменнен, Сары Адырдан шақырылған куәлер келіп үлгермеді, ал мұндағы жұмыстар, газетте, митингтерде айтылған сөздері дайын. .. – деді Елубай Жолаев. Иесіне еркелеген сақ күшіктей бұлаңдады. Істің бәрін өзі тындырғандай болды.

– Лазарев, Склянкиндер – бұлар біздің ескі «достар», оларды өзіміз жайғастырамыз, ал Жолаев мырза, сіздің адал еңбегіңізді көрсететін жеріңіз келді: Сейфуллин, Асылбеков, Серікпаев, Нуркин – баса қимылдаңыз. Олардың басшысы Сейфуллин ғой, соның көзін... – дей бергенде:

– Таксыр комиссар, жаңа ғана абақтыдан бір кісі қашып кетті, – деді бір ақсары жігіт асыға кіріп.

Сасқалақтап бәрі де орындарынан ұшып-ұшып тұрды. «Лазарев пен Сейфуллин болмаса игі еді?! Ол екеуі құтылып кетсе, бізді құртпай қоймайды. Омбыға, Семейге не бетімізді айтамыз!» деп назаланды комиссар. Өйткені, әлгі екі телеграмманың екеуінде де солардың аттары қадағаланып айтылған екен. Енді екі сағаттан кейін «абақтыдан қашқан Мәтен молда екен?» деп Жолаев хабарлағанда, комиссардың жаны жай тапты. Өз ұяласын таныды да «жаңа хабарлар» естіп кенелетіндей құлағын түре түсті.

Төтенше тергеу комиссиясы мәжілісте отыр. Бастығы Кучковский, мүшелері: казак-орыс Сербов, Ерубай Жолаев және бір сақалды, жуан мұжық.

Екі қолы кісендеулі, сақал-мұрты өсіп, көзі шүңірейіп, екі ұрты солып, өңі жүдеу тартқан, үстінде кір-кір қоңыр кенеп шалбар, пешпенгі бар біреу кірді.

Кучковский жауап ала бастады.

– Сәкен Сейфуллин сіз боласыз ба?

– Я, мен. «Қысылғанда әкесінің де атын ұмытып қалады» деуші еді-ау, Имамұса, рас екен!» деді Сәкен ішінен.

– Совдепке қалай кірдіңіз?

– Халық сайлады.

– Нені қорғамақ болдыңыз?

– Өзімді сайлаған халықтың мүддесін қорғамақ болдым.

– Қандай қызмет басқардыңыз?

– Оқу істерін.

– Митингтерде сөйледіңіз бе?

– Сөйлесем керек.

– Не айттыңыз?

– Есімде жоқ.

– Большевик партиясына кірдіңіз бе?

– Кірдім.

– Дінге қалай қарайсыз?

– Мен діншіл адам емеспін.

– Мешітті боқтапсыз ғой?

– Босқа тұрған жансыз нәрсені боқтау мүмкін де емес шығар.

Осындай ресми сұрақтарды беріп болды да, Кучковский Елубайға иек қақты.

Өзін қабылдағанда үнемі қожайынсынып, қабағын түйіп, бүре қарайтын комиссарға еліктегендей болып, Ерубай да Сәкенге айбат шекті:

– «Тіршілік» газетіне не жаздыңыз?

– Өлең...

– Өлеңді неге жаздыңыз?

– Ойымды кернеген соң жаздым.

Ерубайдың сұрағын әбес көрді ме, жоқ, тұтқын Сәкеннің жауабын өрескел тапты ма, кім білсін, қатар

отырған сақалды мұжық езуін жиғандай болды да, қырын қарады.

– Сіз «Бақыт жолы» деген пьесаңызды осында бірінші май күні қойдырдыңыз, сонда большевиктерді мақтадыңыз, бұған не айтасыз?

– Я, жазғаным рас, онда 1916 жылғы болыстарды, тілмаштарды, байларды, молдаларды көрсеттім, бөтен сөз жоқ...

Осы арада Ерубай «рас-ау, бөтен сөз жоқ екені!..» деп бір кекетіп өтті де:

– Ал, атаман Дутовты жамандап «Шәміл» деп қол қойған кім?

– Менің атым Сәкен.

– Ендеше, бұл Шәміл кім?

– Білмеймін.

– Алшорданы сөгіп, Сібірдің аймақтық Совдепіне қатынас жазған да сіз емес пе?

– Мүмкін.

– Ақмоланың уездік кедейлер съезінің атынан Ленинге жіберілген телеграммада «автономияны Алашорда» пайдаланбасын, деген сөз де сіздікі емес пе? «Түп, етегінен ұстадым-ау!» деген кісіше Ерубай кегжиіңкіреп барып, басын көтерді де, Кучковскийге «Төрелете» қарады.

– Көппен, бірге болғаным рас, – деп жауап берді Сәкен.

– Тағы кім бар еді?

– Білмеймін, халық көп еді, өзіңіз де бар едіңіз ғой. Ашынған Сәкен әдейі өзіне жармасты. Ерубай шошып кетті.

Уақиғаның сырын түсінгісі келген Кучковский:

– Сіз Алашордаға неге қарсысыз? – деп түйіле сұрады.

– Алашордашылар патша құлағаннан кейін қазақты орыстан бөліп алып, өздері хандық құрмақ, Күллі орысты қазақ жерінен қырып-жойып кумақ, менің ойымша ол әңгіме насырға шабады. Патшаны құлатып, қазаққа теңдік әперген орыс халқы. Сол тиянақты күштен айырылып қалу әділдік емес, сондықтан қарсымын, – деп Сәкен негізгі ойын айтып салды. Кучковский Ерубайға сазара қарады. Екі «дәудің» арасына от түскендей...

Енді куәлер сұралды. Түлкі тымақты, пұшпақ жағалы кара күпі киген, күміс кісе буынған, бет-аузы шикандай Бұралқы болыс, Ерейменнен келген куә. Ұзыны мен көлденеңі бірдей кеспелтек Еркек-сары, Сары Адыр көтерілісінің куәсі, басын ішіне тығып, бұға қарайтын, сүйір тұмсық, салпы ерін, Шалтанбай нарядчик Нілдіден келіп отыр. Бұлар бүгін тұтқын Сәкеннің сазайын бермек. Ереймен мен Сары Адыр әңгімесі сонау патша тұсында болған, атам замандағы бір сұрлеу сөз сықылды. Кучковскийге Нілді куәсі Шалтанбайдың сөзі ұнағандай. Ұлықтың нысайын андап қалып, Шалтанбай да көсіле жөнелді.

– Мен Сәкенді бала күнінен білем, бұл менің туған нағашым... Нілдінің оқуын бітірген жылы өзім баулымақ болдым, бауырыма тарттым, көнбеді, енді өз обалы өзіне... – деп бір демін алды да, сөзін сабақтай жөнелді Шалтанбай. – Көнбегенін былай қойшы, Сәден, Матай, Николай Склянкин деген бұзықтарға мені сабатты. Ал, 1916 жылы күздігүні осы Сәкен әлгі Сәден бұзықтың лашығында Николай Склянкин, тілмәш Пантелеймон Дудкин үшеуі жасырын әңгімелесті, – дегенде Кучковский елең ете қалды. Шалтанбай айтар сөзінен жаңылып, әбігерге түсті.

– Айта беріңіз, айта беріңіз, әншейін әлгі «Пантелеймон Дудкин» дегеніңіз рас, бірақ ол белгілі қарақшы Иван

Николаевич Лазарев қой, соны ендігі куәлігіңізде ылғи «Лазарев», деп отырғаныңыз жөн, – деді атаман Кучковский.

– Я, Лазарев, – деді сасқалақтап. Бұл «Лазарев» деуден Сәкеннің қылмысы азая ма, көбейе ме, ол арасын түсіне қоймады Шалтанбай, – Қазір жұрт өкімет адамын тындаудан қол үзді. Сәкеннің көзі жойылмай жарық сәуле жоқ, – деп тойтарды.

Қолымен істегенді, мойнымен көтеруге бекінген Сәкеннің бет-ажары бұзылмады. Жалғыз-ақ «парақор мен жалақорды куәлікке тарту дәрменсіздік қой», деді де, орнынан тұрды. Шығып бара жатқан тұтқын Сәкеннің ту сыртынан қарап отырып, Бұралқы мен Еркек-сары: «Тегі, Сәкен оңай жігіт емес екен-ау!» десті. Өйткені, олар Сәкеннің өң-шырайынан да, сыртқы қимылынан да үрейленуді сезбеді. Қайта бұрынғыдан да шыныға түскендей көрінді.

1919 жылы 5 январь еді. Ақмола түрмесінің 4-камерасындағылар абыр-сабыр жиналып жатыр. Темір есік шалқасынан ашылды. Ашық терезеге тұрған сүңгі мұз тамшылап сырт-сырт құйылып тұр. Адамның демі буланып сыртқа қарай лықсыды. Бұрышта ыңырысып бір ауру жатыр. Бұл Нұрғайын Бекмұхамметов, жүруге жарамайды.

Қапаста жеті ай отырып, жендеттерден талай-талай дүре жеп, кісенде зарыққан жандар. Аштықтың да, бейбастақ жәбірдің де тақсіретін талай тартқан арық-тұрақ, ауру-сырқау адамдар тәлтіректеп аяқтарын зорға басады. Даладан таза ауа кіргенде өздерінің күлімсі ісін енді сезгендей болады.

Екі-екіден сапқа тұрғызып, санап шығарды, ауыз үйде қайта тінтті. «Бұл иттер бізді түрмеден пулемет алып

шықты деп ойлайтын болар-ау!...» деді Сәкен кекете күңкілдеп. Жұмабай жымыып езу тартты.

Түрменің бастығы Сербов келіп, фамилияларын оқып шақырды, түсі-түгі түгел жазылған бөлек-бөлек тілдей қағазды қасындағы офицерге тапсырып тұр. Алыстан айдалып, қызыл табан болып, жүдеп-жадап келген қойларды сұрыптап алатын сәудегерше әр біреуіне тесіле карап, офицер үніле түсті.

Бұл қасына ерткен он бес солдаты бар атаман Анненков жіберген офицер. «Шаш ал десе, бас алатын» елгезектің нағыз өзі! Қуға қу намазшамда кез болып, бұларға Ақмоладан жиырма-отыз казак-орыс қосылды. Бас-аяғы 40-50 жендет бұларды Ақмоладан Омбыға айдамақ. Жол, Қызылжар арқылы, ал Колчактың ордасы Омбы, алашордашылардың орталығы Семейде.

Сәкен, Абдолла, Бәкен, Жұмабай төртеуі бір шанаға отырды. Жел қарсы алдарынан, шұнандаған сары аяз. Жалғыз атты жайдақ шаналар сықырлай шұбырды. Төртеуін бірдей ат тарта алмайды, екі-екіден мінеді. Бәкен сырқат, Жұмабайдың жасы үлкен, бұл екеуі шанаға отырғанда Сәкен мен Абдолла жаяу аяндайды. Алды-артын атты солдат қоршаған осы әлжуаз керуен «Көкбелге» қарай қозғалады. Жолдың екі езуінде анталап тұрған ел. Ең болмаса соңғы рет бір көріп, амандасып қалу үшін телміріп тұрған туысқандар, тілеулестер, әке, шеше, қарындастар. Қайыспайтын қалың топ, көздерінде жас жоқ. Сейфулла мен Мүсәпір қатар тұр. Тымақтарының бауын шешіп жіберіп, құлақтарын түре киіпті. Мойындарына бұғалық түсіп, еріксіз айдалып бара жатқан екі тұлпарды, аялап өсірген екі қозысы Сәкен мен Абдолланың айтқан сөздерін соңғы рет түгел естіп, мәңгі есіне сақтау үшін елегізген екі әке – Сейфулла мен

Мүсәпір жолға таяна берді. Әкесін көріп Абдолла да аяғын ширақ басты.

– Құлыным, кош! – деген Сейфулланың даусы Сәкеннің жүрегін дір еткізді.

– Жыламаңыздар, бізді ойламаңыздар, әлі көрісерміз, апама сәлем айт, мықты болсын... – деді Сәкен. Әрі қарай сөзге келтірмеді, араға атты солдат түсіп, дыбыстарын шығартпай, әке мен баланы екі айырды. Осы минутта олар бірінің бетін бірі көруге тырыспады. Жауларына көздерінің жасын көрсеткісі келмеді. «Құрыш қайнаған сайын шынығады, ер жігіт қиналған сайын шынығады». Сәкен осы ойдың үстінде, алысқа, алға көз тастап, кеудесін көтере, аяғын нық басып кетіп бара жатты. Оның бұл тұлғасына әкесі ғана емес, соңынан қараған көздердің барлығы да «әлі-ақ оралар», деген үмітпен үңілді...

Қас қарая дем алуға Мәтен бекетіне тоқтаған жендеттер, тұтқындарды бір тас сарайға әкеліп қамағанды. Құлан иекте бір тықыр естілді, сергек Сәкен басын көтеріп, жан-жағына жалтақтай қарады. Босағада тұрған қазақты көрді. Төңірегі бұлдырап кетті, көзін уқалады, өзіне өзі сенбеді. Туған жиені Шалтанбай екен.

Текенің шытасына салған насыбайын қонышынан алып, ерніне құйып, шырт түкіріп, Колчактың босағасында тұрған Шалтанбай Сәкенге сүзіле қарады. Осы көзқарас жүрегіне тік шанышқан найзадай тиді. Сәкен өз өмірінде бұдан ауыр ешнәрсе көрмеген сияқты. Нілдіде жұмысшылардың сөлін сорған нарядчик Шалтанбай, кеше тергеу үстінде жала жауып, куәлік айтып, қылмысын мойнына салған Шалтанбай, мынадан көш ілгері сияқты. «Албастының қасында сайтан жылмақтай емес пе?.. Пасық зұлым, сұғанақ сорлы-ай!» деді де, Сәкен жиенінен жиренді, қайта қарағысы келмеді.

«Құлқыны үшін құлдыққа сатылған опасыз мүгедек, ашық майдандасқан жаудан көш төмен екен-ау...» деді Сәкен шықшытын қимылдатып.

Сырын бүркей алмайтын өр нағашысының мінезін жиені де түсіне кетті. Өзінің күшін пайдаланып, сағын сындырып, бетін қайырмақ болды. «Сенің жиеншарың менің бөлем, біздің үйдегі жеңгең Жәзира саған сәлем айтты», – деп Шалтанбай мырс ете түсті.

Сұрша мергеннің оғы жанды жеріне тиіп, қансыраған жас жолбарыстай Сәкеннің дыбысы ыңырана шықты.

– Жәзира?... Жәзира? – деп сыбырлады.

– Я, Жәзира өзіңмен бірге «Алтыбақан» тепкен, күрең бестіге мініп Сары Адыр көтерілісіне шауып бара жатқанда, көш-жөнекей кездескен Меңдібайдың жалғыз қызы Жәзира, ал сен неге таңырқайсың? Мен оны ұзатылған жерінен алып қаштым... – дегенде, Шалтанбайдың даусы өктем шықты.

Сәкен бұлқынып, орнынан ұшып тұрды. Әңгіменің сарынын түсінген Абдолла Сәкенді құшақтай алды.

– Құтырып кеттің бе? Мақсат сол ма екен? Жиендікі дұрыс, «қымызды кім ішпейді...» Жиен – жиендік істеген шығар... – деп қалжыңдай жымыып, енді Шалтанбайға бұрылып:

– Жиен аға, сіз де ашуыңызды маған беріңіз, мылтық жауға кезегенде ғана жақсы, ал сол сұмырай үңірейіп өзіңе қараса, одан үрейлі, одан жауыз нәрсе болмас... – деп Абдолла жылыұшырап, жақындай түсті. Шалтанбайдың қолындағы мылтығын алып, қабырғаға сүйеді, інісіндей еркелеп, омырауындағы жез түймелерін сипалады, ағасының ашуын басты.

Осылай жадырасып отырған минутта, есіктен оқ жыландай сумаң етіп, офицер кіріп келді. Басын жаңа

ғана «жазып», мұрнының ұшы күреңіте тершіген кезі екен.

– Бұл не отырыс, Шалтай-Балтай Қоңбасаров? – деп қожасы ал бастыдай төнгенде, құлы атып тұрып, апалақтай міңгірледі.

– Бұл біздің Сейфуллиннің туысы еді, мырза, – деп қалды Абдолла, байқамай айтқансып теріс айналды. Қызу офицер одан әрі ешнәрсені естімеді, тепсініп есікті нұсқады да, «азғын, төбет, марш!», деді. Есік тарыс жабылғанда, мылтық даусы гүрс ете қалды.

– Әлгі сорлыны жазықсыз атты-ау! – деді Жұмабай.

– Опасыздық, жалақордың бәрі жазықты, алды-арты осымен бітсін! – деді Сәкен. Тістеніп, есік жаққа үңіле қарады.

Лазарев, Склянкин, Серікпаев, Нуркиндер Сәкен мен Абдоллаға кезек-кезек көз тастады. Тілсіз түсінетін достар аңтарыла қалған. «Шалтанбайды құрытқан Сәкеннің ызалы ашуы емес, Абдолланың «майысуы» ғой, заты, жаудан кек алудың әдісі әр қилы-ау!» деді Бәкен ішінен. «Бұжыр бет, жуан мойын, қолбандаған солақай алты бармақтың, мына «қайырған» қаршығадай жарау, артық кемі жоқ тығыршықтай тұтас біткен Сәкенге қай жері ұнады екен?! – деп ойлаушы еді. Бүгін олардың бірін бірі толықтыра түскенін көргенде, Бәкен ғана емес, барлығы да іштей сүйсінді.

Осы бір кездейсоқ оқиғаның үстінде, шаршағандықтарын ұмытып, селт етіп қалған тұтқындардың көңіліндегі үміт оты бұрынғыдан да маздай түсті. Күңгірт, суық тас сарайдың ішін бір жылылық лебі желпіп өткендей болды. Бірін бірі «мені түсінесің

бе?» дегендей, үнсіз сыр тарта қарайды. Жалт еткен көз жанарларынан – үлкен өмірге құштарлықтарын сезеді. Өздері қапаста отырғанмен, тәтті ойлары қанаттанып өткен жолдарын ғана емес, ертеңдерін де шарлап жүргендей.

– Мен білемін, біз өлмейміз, – деп, өзімен өзі күбірлеген Сәкеннің қоңыр үнмен шыққан салмақты сөздеріне жолдастарының барлығы құлағын түрді. – Өйткені біз көппіз. Бұрынғы тобыр емеспіз. Қарулы халықпыз. Басшымыз – партия бар. Ленин бар. Бізде бәрі бар!

Осы кезде орнынан тұрып, ақырын басып Сәкеннің қасына келген Лазарев, оның иығынан қағып, сүйсіне қарап:

– Ия, бізде бәрі бар! – деді.

Бұлардың ойын шалқая ашылған есік, шаңқ еткен дауыс бөліп жіберді.

Біраздан кейін тұтқындар, бір кезде өздері ойнақтап өскен кербез даланың кер жолының үстінде келе жатты. Олардың қолдары байлаулы, мойындары бұғауда болғанмен, өз жерлерінің үстінде нық басады, айналасына құмарта қарайды.

Я, құмарлық!

Бірінші кітаптың соңы

МАЗМҰНЫ

С. Талжанов тәлімі.....	3
-------------------------	---

ҰЛДАЙ КЕГІ

Жалғыз жаяу.....	18
Тоғысу.....	121
Ас.....	123
Жауыр торғасқа.....	139
Есен толғаулары.....	147
Қайып толғаулары.....	220

СЕЙФУЛЛАНЫҢ СӘКЕНІ

БІРІНШІ ТАРАУ

Табысу.....	232
-------------	-----

ЕКІНШІ ТАРАУ

Толғанысу.....	236
----------------	-----

ҮШІНШІ ТАРАУ

Іздену.269

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

Ілгері асу.335

БЕСІНШІ ТАРАУ

Революцияны қарсы алу.353

Сәйділ ТАЛЖАНОВ

ҰЛДАЙ КЕГІ

Редакторы *Төлеген Жәкітайұлы*
Техникалық редакторы *Ерлібай Қадырбай*
Корректоры *Марал Шәріпбекқызы*

ИБ № 105

Теруге берілген күні 02.11.2007 ж. Басуға қол қойылған күні 25.01.2008 ж. Пішімі 84x108 7₃₂ Офсеттік қағаз.

Қаріп түрі “Тітез Котап”. Офсеттік басылыс.

Есептік баспа табағы 25. Таралымы 2000 дана.

Тапсырыс № 1275

“Ер-Дәулет” ақпарат агенттігі” ЖШС.

Астана қ., 9-мамыр көшесі, 24/36. тел: факс - 38-43-43.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
“Атамұра корпорациясы” ЖШС-нің Полиграфкомбинатында басылды.
050002, Алматы қ., Мақатаев к., 41.

